



International Taraz
Innovative Institute
named after Sherkhan Murtaza



BAŞKENT
ÜNİVERSİTESİ



**«ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ
ЦИФРАНДЫРУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ІТ - ЛИНГВИСТИКАНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ»
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМУ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ
24-25 мамыр, 2024 ж.**

МАТЕРИАЛЫ

**Международной научно-практической конференции
«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ И ИССЛЕДОВАНИЕ ИТ – ЛИНГВИСТИКИ
В ПЕРИОД ЦИФРОВИЗАЦИИ»
24-25 мая, 2024 г.**

**MATERIALS OF INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL
CONFERENCE NAMED
«CURRENT PROBLEMS AND RESEARCH OF IT – LINGUISTICS
IN THE PERIOD OF DIGITIZATION»
24-25 may, 2024y.**

I - ТОМ



Тараз - 2024

«Қазақ филологиясының өзекті мәселелері және цифрландыру кезеңіндегі IT-лингвистиканың зерттелуі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. – Тараз, 24-25 мамыр, 2024. – 256б.

«Актуальные проблемы и исследование IT – лингвистики в период цифровизации» – сборник материалов Международной научно-практической конференции. – Тараз, 24-25 мая, 2024. – с.256.

ISBN 978-79-4625-00-7

Жинаққа қазақ тіл білімінің лингвистикалық статистика саласының білікті маманы, филология ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің академиялық профессоры, доцент Белботаев Алмасбек Батанұлының мерейтойына орай Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының ұйымдастыруымен 2024 жылдың 24-25-ші мамыр аралығында өткізілген «Қазақ филологиясының өзекті мәселелері және цифрландыру кезеңіндегі IT-лингвистиканың зерттелуі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда тыңдалған баяндама материалдары енгізілді.

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақсаты – Белботаев Алмасбек Батанұлының қазақ тіл білімінің лингвистикалық статистикасына қатысты ғылыми зерттеулері мен филология ғылымының өзекті мәселелері бойынша пайымды тұжырымдарды негізге ала отырып, «IT лингвистикасының бастау көздері», «Лингвостатистика және жиілік сөздіктер жасау технологиясы», «Білім беру жүйесіндегі жанаша бағыттардың теориялық негіздері», «Филология ғылымының даму аспектілері», «Педагогикалық ғылымдардың қазіргі жағдайы мен дамуы», «Гуманитарлық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары» бойынша тың баяндамалар жинақтау.

Конференция жинағына ҚР және шетел ғалымдарының, еліміздегі бірқатар жоғары оқу орындарының ғалымдары мен жас ғалымдардың, сондай-ақ, университет ғалымдары мен профессор-оқытушылар құрамы, магистранттар мен студенттердің ғылыми жұмыстары енгізілді.

Редакция алқасы:

Редакционная коллегия:

Саурықов Е.Б. – ф.ғ.д., профессор – төраға; Баяндин М.А.– э.ғ.д. Мүшелері: Пертаева Э.Қ. – ф.ғ.к., доцент м.а., Беркенова Р.А. – ф.ғ.к., доцент м.а., Сиразитдинов З.А. – ф.ғ.к., Наз Пенах – PhD доктор, Жұбай О.С. – ф.ғ.д., профессор, Жаңабекова А.Ә. – ф.ғ.д., Белботаев А.Б. – ф.ғ.к., профессор, Кәрібаева А.Ө. – ф.ғ.к., доцент, Әбілов М.. – ф.ғ.к., доцент м.а., Кужаева М.Т. – ф.ғ.к., доцент м.а., Шормақова С. М. – ф.ғ.к., доцент, Ислам Д.А. – ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Байтелиева Ж.Д. – ф.ғ.к., ассистент профессор, Қазжанов Ғ.Т. – п.ғ.м., Архабаева Г.Е. – аға оқытушы, Игиликова Э.С. – аға оқытушы, Сарсенбаева М.Б. – аға оқытушы, Саржаев О.Т.– аға оқытушы, Стамкулова Б.Ш. – п.ғ.м., Тлепова Б.П.– аға оқытушы, Семембаева Г.Ә. – оқытушы, Құрманбекова А.Т. – оқытушы, Байлыбеков Ғ.

ISBN 978-79-4625-00-7

ҚҰРМЕТТІ АЛМАСБЕК БАТАНҰЛЫ!

Сізді Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының ұжымы 75 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды.

Сіз еңбек жолыңызды мектеп мұғалімі болудан бастап, 1971-1993 жылдар аралығында үзіліссіз 22 жыл бойы Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институтында аға лаборант, кіші ғылыми қызметкер, ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, кафедра меңгерушісі, факультет деканы секілді аса жауапты қызметтер атқарумен қатар, бәсекеге қабілетті кәсіби мамандар даярлауда бар күш-жігерін аямаған ардагер ғалым, білікті ұстазсыз. Ана сүтімен бойыңызға дарыған ұлтқа деген қалтқысыз сүйіспеншілігіңіз бен адамгершілік қасиеттеріңіз өмір жолыңыздың әрбір қадамынан, ғылыми-зерттеу жұмыстарыңыздың әрбір бағытынан шынайы танылып отырды.

Құрметті Алмасбек Батанұлы! Сіз ғылыми ізденіс бағытында жалпы тіл білімі және қазақ тіл білімі мәселелері: фонетика, лексикология мен фразеология, грамматика, тіл теориясы; қолданбалы тіл білімі, ливгостатистика, қазақ тіліндегі лингвистикалық статистика, оның терминологиясы салаларын тұрақты зерттеумен қатар, лингвистикалық статистика саласына және жастарға білім беру мен мемлекеттік тілді оқытып үйретуге, оны қорғау мен насихаттауға бар өміріңізді арнап келесіз. Бұған қоса, біз Сізді уәдесіне берік, достықты қадір тұтатын, жауапкершілігі мол, парасатты жан ретінде мақтан тұтып, қадірлейміз. Азаматтық болмысыңыз бен еңбекқорлығыңыз Сізді бұдан да үлкен биіктерге жетелейді деп сенеміз. Қазіргі кезде де жоғары білім беру ісіне және ұлттық ғылымды дамытуға қосып жатқан сүбелі үлесіңіз отандық ғылым мен институтымыздың ересен дамуына өз үлесін қосатыны сөзсіз.

Аса қадірлі Алмасбек Батанұлы! Сіз тек ардагер ұстаз, жастар жанашыры, көрнекті ғалым ғана емес, ұлтжанды азамат, арда туған ел ағасысыз. Қарапайымдылықтың тамаша үлгісіндей болған нар тұлғаңызға, талант пен еңбекті егіз еткен ерең еңбегіңізге бас ие отырып, отандық ғылым мен болашақ ұрпақтың рухани қуаттануына қосатын сүбелі үлесіңіз әлі алда деп есептейміз.

Бүгінгі тамаша, аса мазмұнды, қуанышты 75 жылдық мерейлі тойыңызбен сізді шын жүректен құттықтай отырып, өмірдегі бар жақсылықты тілейміз. Ғұмырыңыз ұзақ, денсаулығыңыз мықты болсын. Жеке өміріңізге, отбасыңызға тек жақсылық, ұлан-ғайыр қуаныш пен мол табыстар тілейміз.

БАЯНДИН МАРАТ АСЫЛБЕКҰЛЫ

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының ректоры, экономика ғылымдарының кандидаты, профессор

ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ АЛМАСБЕК БАТАНҰЛЫ БЕЛБОТАЕВҚА
ПОЭТИКАЛЫҚ АРНАУЛАР

ҰСТАЗҒА

Ұстаз. Ғалым. Жанашыры тілімнің,
Иесі де – теңіз-терең білімнің.
Тіл білімі зеңгірінде – көкжиек,
Жарқыратқан жақұт – білім жұлдызын.

Тіл білімі ғылымын етіп кәсіп,
Еңбегімен тапқан ол жанға нәсіп.
Қазақ тілін ту етіп, аспандатып,
Тау қопарған білігімен, асқар асып,

Тілім! – деп, заманында дабыл қаққан.
Күн туар – деп қазақтың таңы атқан.
Тірнектеп жинап асыл сөз мәйегін,
Ғылымға қосып үлес, ой да баққан.

Белботаев Алмасбек Батанұлы,
Жана берсін жарқыраған жұлдызы.
Берері мол – бергенінен, деп білем,
Өнегенді–үлгі етеді қазағымның ұл-қызы!

Үкібай Нұржамал

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 3 курс студенті

АСҚАР ТАУ

Асқар тау, ардагерлік бағаны алған,
Ғалымдық іргелі ойы сараланған.
Мүшел той иесінің бүгінгі күн
Өзіндік жолы жатыр дараланған.

Жылытқан көңілінің шуағымен,
Қашаннан ұстаз сырын ұға білгем.
Жетпіс бес жас – емендей боп тамыр жаю,
Көркейіп туған жердің құнарымен.

Қырандай биіктерге самғайтұғын,
Ізденді ол ғалым, ұстаз алмай тыным.
Денсаулық әрқашан да мықты болсын,
Ұдайы тілек осы арнайтұғын.

Мұратов Д.Д.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 3 курс студенті

ЖАҚСЫ АҒАЙҒА ЖАҚСЫ СӨЗ

Бәлкім басқа қонғаны үлкен бақ шығар,
Адалдығы қиын сәттен ап шығар...
Таразымда профессор ағам бар,
Белботаев Алмасбектей жақсы адам.

Ғалым жолын дұрыс таңдап, дәл ұтып,
Шәкірттерге шексіз білім дарытып,
Алмас аға ана тілді көп қолдап,
Тіл ғылымын келе жатыр дамытып.

Шәкірт үшін ол көктегі күндей-ді,
Білім жолда көшеттері гүлдейді.
Алматыда тілім үшін күрескен,
Бұл ағайдың ісі бізге үлгі, игі.

Алматыдан қазақ мектеп ашқанын,
Біреу білсе, енді біреу білмейді.
Ғалым адам, білім кемел, ой жетік,
Әрбір сөзін жеткізеді майлы етіп.

Осал болса Алмасбектей ағайға,
Шәкірт болмас Бекарыс ақын Шойбеков.
Үміт еткен әр шәкірттен, әр ұлдан,
Білім құнын тартып терең тамырдан.
Шәкірттері Рахат, Талғат, Мұхтар бар,
Ел білетін Ноябрь, Досбол, Сабыржан.
Басыңызда бақ бар, ағай ырыс бар.
Жолыңызды қадірлемей кім ұстар...

Жетпістен асып, ХТИИ да жүре беріңіз,
Сіз атқарар әлі талай жұмыс бар.
Сәркен апа үйіңізде асыл жан,
Ағай Сіздің мәртебеңізді асырған....
Құтты болсын беу, Ұстазым Мерейтой
Көп жасаңыз, жасыңыз асын ғасырдан.

*Есет Досалы
Айтыскер ақын*

ҰСТАЗЫМА

Бір жанды үлгі қылып кетем бүгін,
Бар жанға жүректегі жетер жырым.
Үнемі санамызға себетұғын,
Тәрбиенің бір байлық екендігін.

Білім берген, әр сөзі аққан бұлақ,
Әр шәкіртін даралап мақтан қылмақ.
Құттықтаймын Алмасбек ағайымды,

Бақытыңды жүремін хақтан сұрап.

Тер төгіп, тәлім берген шыдай жүріп,
Қиындыққа мойымай, ұдайы күліп.
Ағайым – бар қазақтың ағасысың,
Жүрегі кең, көңілі судай тұнық.

Артады 75 жаста бағаң бүгін,
Дәл осындай-ақ болсын жаман күнің.
Жиналған туған бауыр, жақындарың,
Тілесін ата-әженің амандығын.

Сыйлы болған қоғамға дара тұлғам,
Бар шәкіртті іліммен адам қылған.
Ұстазсыз ұлық көрер жаны ізгі,
Жүрегі мейірімнен жаратылған.

Сізсіз ғой байлығымыз, бағымыз да,
Тілеймін шапағатты таңыңызға.
Қартаймай, 100-ге келіп, сыйлы болып,
Ақылшы боп отырыңыз жанымызда.

Балтабай Бифариза

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру
бағдарламасының 3 курс студенті*

АЛМАСБЕК БАТАНҰЛЫНА!

Болғаннан соң мұғалімнің құны нық,
Әр жүзінен төгіледі жылылық.
Ұстаздыда кейде ұстаз деу қиын,
Өн бойынан көрінбесе ұлылық.

Талқысында сынып кетпей тағдырдың,
Қадіріне жете білген әр күнің.
Туған күніңіз құтты болсын ұстазым,
Жасын берсін сізге ұлы Жамбылдың.

Мұғалімнің тоздырмаған партасын,
Көп көрдіңіз кейде өмір ортасын.
Сізде бүгін қадірлі ата болдыңыз,
Әр баланың қағып жүріп арқасын.

Қылышбек Аружан

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру
бағдарламасының 4 курс студенті*

ҰСТАЗҒА АРНАУ

Төгілсін бүгін таңдайдан,
Балдан да тәтті ән-жырым.
Еңбегі сіңген еліме,
Азаматтарым бар бүгін.
Жетпіске толды ағамыз,
Ашайын өлең сандығын.
Алмасбек аға өмірде,
Арқалаған жансыз нар жүгін.
Оңтүстікте келіп дүниеге,
Еңбекпен аға өтуде,
Өтпелі мына әр күнің.
Тойыңызбен келдім құттықтап,
Айымдай ақын қызыңның
Жүректен шыққан тілегін
Ал аға қабыл ал бүгін.

Жырымнан шашу шашайын,
Күрмелмес енді тіл жағым.
Құрметті жанның бірісіз,
Еңбекте жанды шын бағың.
Жетпіс беске аға келдіңіз,
Еңбекпен өтті жылдарың.
Сіздей ұстаздан үлгі алған,
Менің де басым бір бағым.
Ал бүгін елім ардақтап,
Алмасбектей бір туар
Құрметтеп жатыр ұлдарын.

Өнердің туын ұстатып,
Қол создым менде арманға.
Алмасбектей ұстазды
Қосайын бүгін арнауға.
Өнеге беріп шәкіртке,
Көрсеттің бағыт балаларға.
Білім қуған жастарды,
Салатын тура ақ жолға.
Үлгі алсын сізден талай жас,
Қол созған биік заңғарға.

Аңсар Нұржанұлы

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2 курс
студенті*

УДК 81'33

**ПРОБЛЕМЫ ЛИНГВОСТАТИСТИКИ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА
В ТРУДАХ ПРОФЕССОРА АЛМАСБЕКА БАТАНОВИЧА БЕЛБОТАЕВА**

СИРАЗИТДИНОВ З.А.

в.н.с., к.ф.н. ИИЯЛ УФИЦ РАН РФ, Башкортостан, г.Уфа

Түйіндеме. Мақала ғалымның еңбектерінде қазақ тілінің терминологиясы мәселелері, қазақ тілі стилистикасының проблемалары, жаңа жағдайда қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқыту әдістемесінің мәселелері, ана тілі этнолингвистикасы мен топонимикасы, лингвостатистика мәселелеріне арналған.

Summary. The article is devoted to issues of terminology of the Kazakh language, problems of stylistics of the Kazakh language, methods of teaching the Kazakh language as the state language in the new conditions, ethnolinguistics and toponymy of the native language, linguostatistics.

Научная судьба свела меня с Алмасбеком Батановичем Белботаевым в 1983 г., когда я приехал на стажировку в Институт языкознания Академии наук Казахстана с целью освоения математических и компьютерных (тогда еще электронно-вычислительных) методов в лингвистических исследованиях в группе автоматизации лексикографии. Группу возглавлял Аскар Кудайбергенович Жубанов – одаренный ученик одного из основоположников лингвостатистического направления отечественной лингвистики в СССР Калдыбая Бектаевича Бектаева. В группе работали молодые талантливые исследователи Алмасбек Батанович, Аманкеш Рахимжановна Зекенова, Сара Алдабергенова. В этой группе я прошел двухгодичную стажировку и трехгодичную аспирантуру. Именно здесь под руководством Аскара Кудайбергеновича я сформировался как специалист в области обработки текстов на электронных вычислительных машинах, освоил методы математической обработки языковых материалов. Значительное влияние на мое научное формирование оказал и Алмасбек Батанович, с которым я общался не только в стенах группы, но и часто бывал у него дома, где мы в непринужденной обстановке обсуждали актуальные проблемы лингвостатистики в тюркологии и в казахском языкознании, перспективы применения математических методов в башкирской филологии, структуру моей будущей кандидатской диссертации. Именно Алмасбек Батанович научил меня работе на устройстве подготовке данных УПДМЛ ЕС-9002, с ним мы разработали первую цифровую кодировку специфичных башкирских символов.

За те пять лет, которые я провел в группе автоматизации лексикографии, Алмасбек Батанович стал для меня очень близким человеком: братом и наставником.

В 1989 г. я защитил кандидатскую диссертацию и уехал в Институт истории, языка и литературы Башкирского филиала Академии наук СССР. Но я по сей день слежу за научными работами и достижениями Алмасбека Батановича.

Алмасбек Батанович пришел в науку (группу автоматизации лексикографии Института языкознания) в 1971 году, после окончания Чимкентского педагогического института. Выбор научного направления был определен еще в студенческие годы, где ему выпала удача посещения на старших курсах лекций самого Калдыбая Бектаевича Бектаева, стоявшего у истоков становления математической лингвистики в Казахстане и Средней Азии. В старших курсах в соавторстве с аспирантами К.Б.Бектаева вышла его первая научная статья “Статистика порядка слов в предложении казахского языка”, которая до сих пор является актуальной и высоко ценится специалистами в области квантитативной лингвистики [1]. В студенческие же годы он часто печатался и в областных газетах по разным проблемам казахского языка [2-3].

Количество публикаций Алмасбека Батановича, начиная со студенческих лет и по сегодняшнее время, превышает 300 единиц. Научные работы ученого восхищают многогранностью. На протяжении более 40 лет неутомимый исследователь ведет изыскательскую деятельность по родному языку. Одним из объектов его научного поиска является морфология казахского языка. Ученый исследовал словообразовательные возможности отдельных корневых слов [4-5], функционально-грамматические роли словообразовательных и формообразовательных

аффиксов [6-7]. Научные исследования автора систематизированы и изданы в виде монографической работы “Морфология современного казахского языка” [8].

Значительное число работ ученого посвящено проблемам стилистики казахского языка. Так ученым исследованы как отдельные литературные произведения казахских писателей (Т.Ахтанова), так и циклы произведений Абая Кунанбая, Ж.Жабаева, Б. Момушулы, М.Жусипкужаулы, Ш.Муртазы, которые дают представление о языке писателей в целом [9-13]. Большим вкладом в изучение функциональных стилей казахского языка являются работы автора по официально-деловому и военному стилям языка [14-15], которые внесли существенный вклад в само становление этих стилей национального языка.

В трудах ученого рассматриваются и вопросы терминологии казахского языка. Алмасбек Батанович, как представитель математической и компьютерной лингвистики, стремится к обогащению лингвистической терминологии терминами из этих инновационных областей научного направления [16-18]. Он сам занимается терминотворчеством, знакомит филологическое сообщество республики через свои научные статьи.

С обретением Казахстаном независимости перед республикой стала задача укрепления позиций национального языка. Алмасбек Батанович активно включился в процесс поиска механизмов расширения функций казахского языка: ими были предложены конкретные меры по дальнейшему расширению функций казахского языка как государственного. Так ученый считает, что для полноценной реализации казахского языка как государственного нужен закон регламентирующий функционирование языка в государственных учреждениях. По мнению Алмасбека Батановича, в этом случае область использования государственного языка в общественных местах и учреждениях найдет свое решение сама собой. [19, с. 96].

Не обошел ученый и вопросы методики преподавания казахского языка как государственного в новых условиях. Им отмечается необходимость активного внедрения в процесс обучения родного языка лингвостатистических данных, данных частотных словарей, которые отвечают требованиям современной методики преподавания языков. Методология, основанная на этих данных, может эффективно использоваться как в обучении казахскому языку в национальных школах, так и при обучении казахскому языку как государственному представителей других национальностей [20-22].

Ученый также посвятил ряд работ проблеме обучения казахскому языку иностранных студентов [23].

Не остаются в стороне у исследователя и проблемы этнолингвистики родного языка и топонимики родного края [24-27]. Но основополагающие фундаментальные труды ученого посвящены проблемам лингвостатистики.

Одними из базовых составляющих лингвостатистики являются частотные словари, которые предоставляют первичный материал для дальнейшего статистического анализа. Именно в этой области началась научная деятельность ученого. Первым частотным словарем, составленным автором явился алфавитно-частотный словарь по учебникам алгебры 9-10 классов на казахском языке [27]. В дальнейшем ученый участвовал в составлении частотных словарей отдельных произведений писателей [28-34], в разработке куманско-казахского частотного словаря [35]. Среди его частотных словарей своим объемом выделяется частотный словарь по 20 томному собранию сочинений М.Ауэзова. Этот словарь стал самым крупным частотным словарем, созданным на постсоветском пространстве того времени, его составление заняло более 15 лет работы коллектива группы автоматизации лексикографии.

Эти частотные словари и словари других казахских исследователей явились материалом для цикла исследований по выявлению количественных характеристик частей речи казахского языка, которые завершились диссертационной работой ученого [36]. Исследование автора показало, что в количественном отношении словоформы имен существительных и глаголов казахского языка покрывают от 74,53% до 84,90% словарей. Это является яркой иллюстрацией того, что в любом языке ядром системы являются именно эти части речи, остальные части речи образуют периферию. Данные автора, как и многочисленные исследования по другим неродственным языкам подтверждают факт того, что отношения существительных и глаголов стабильны и не зависят ни от длины текстов, ни от типа текстов [37, с. 208]. Их соотношения определяют типы текстов, разделяя их на именные и глагольные. Для подтверждения приведем таблицу 1 из работы автора [38, с. 144-145].

Статистика частей речи в словоформах

N	Части речи	ПА %	К %	О %	М %	Б %
1	S	46,55	38,02	52,81	44,77	42,78
2	V	38,35	40,12	26,84	29,76	38,41
3	Adj	9,37	9,06	12,11	12,18	10,73
4	Adv	2,12	3,87	2,62	-	2,44
5	Pn	1,53	4,66	2,64	5,00	2,66
6	N	0,60	1,11	0,95	1,91	0,87

Здесь ПА – роман “Путь Абая”, К – пьеса “Қаракөз”, О – очерки, М – тексты по математике, Б – рассказы. Все тексты кроме математического относятся М.Ауэзову. S – существительные, V – глаголы, Adj – прилагательные, Adv – наречия, Pn – местоимения, N – числительные. Ученым в работе была доказана статистическая существенность расхождения в частотах частей речи по рассматриваемым текстам.

Превалирование в тексте пьесы глаголов над существительными объясняется именно жанровыми особенностями: пьесы – динамические произведения, где упор делается на действие, а не на описание [36, с. С.13.]

Ценные результаты были получены автором по аффиксальному словообразованию прилагательных казахского языка, так ученый выяснил, что на долю аффиксов –лык/-лік, -дык/-дік, -дай/-дей, -тык/-тік, -ды/-ді, -ты/-ті, -лы/-лі, -сыз/-сіз, -ғы/-гі приходится 83,5% всех словообразований прилагательных в математических текстах [39]. Ученый также изучил последовательность присоединения этих словообразовательных аффиксов и выяснил, что они могут следовать не только за основой (33,5%), но и после падежных и притяжательных аффиксов (66,5%) [39, с. 228]. Разработанная Белботаевым схема следования аффиксов была использована при разработке блоков автоматического морфоанализатора казахского языка.

Следует отметить ценность статистических данных Алмасбека Батановича по существующим моделям парных слов казахского языка и сам реестр парных слов, полученных ученым на основе анализа романа Т.Аханова “Грозные дни” [40]. Исследователь выделяет три группы парных слов: 1) оба компонента обладают самостоятельным лексическим значением; 2) самостоятельное лексическое значение присуще лишь первому компоненту, второй является своеобразным фонетическим вариантом первого; 3) ни один из компонентов конструкции не обладает самостоятельным лексическим значением. Всего исследователем выделено 294 парных слов, дано количественное распределение по вышеприведенным группам. Как отмечают тюркологи, в тюркских языках нет полной лексикографической регистрации таких слов [41, с. 47]. Поэтому стремление к максимальному описанию парных слов следует только приветствовать, поскольку чем полнее описана словарная база языка, тем эффективнее осуществляется работа автоматической поисковой системы.

Большой интерес представляют работы ученого по выяснению статистического различия в употреблении синтаксических структур в математических и художественных текстах. Данные исследования показали, что в научных текстах по сравнению с художественными наблюдается большее употребление полных безличных предложений, в то время как в последних преобладают полные личные [1]. Автором также получены интересные стиледифференцирующие статистические данные по порядкам слов в простых предложениях по жанрам текстов казахского языка. Они являются ценным материалом для систем автоматической обработки текстов национального языка.

А.Б.Белботаев как непосредственный представитель школы К.Б. Бектаева стоит у истоков количественного исследования и автоматизации лексикографических работ в казахской лингвистике. Отметим, что на базе этой школы А.Х.Жубанов в дальнейшем создал отдел прикладной лингвистики при Институте языкознания МОНК РК, сотрудники которого сегодня под руководством доктора филологических наук Айман Абдильдакызы Жанобековой успешно

продолжают традиции учителей, плодотворно работают над национальным корпусом казахского языка.

О научной деятельности А.Б.Белботаева можно писать очень долго и много, но уже перечисленное показывает масштабность его творческой деятельности. Мой коллега, мой друг и наставник, Алмасбек Батановича, полон творческой энергии, и я желаю ему здоровья и семейного благополучия для реализации его научных планов во благо казахского языкознания.

Список использованной литературы:

1. Белботаев А.Б. А.Ахабаев, К.Молдабеков, Н.Осижигитова Статистика порядка слов в предложении казахского языка// Статистическое и информационное изучение тюркских языков. Тезисы докладов и сообщения. Алма-Ата: Наука, 1969. С. 44-47.
2. Белботаев А.Б. Мақтаныш етеміз// Газет: «Оңтүстік Қазақстан». Май, 1965.
3. Белботаев А.Б. Туған жер// Газет: «Коммунизм таңы». Август, 1966
4. Белботаев А.Б. Қазақ тіліндегі «Қара» сөзінің сөзжасамдық сипаты // «Мәңгілік Қазақстан» – жастардың саналы тәрбиесі мен сапалы білімінде» атты XXIII республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. 12-13 желтоқсан, 2014 ж. 76-78 бб.
5. Белботаев А.Б. Қазақ тіліндегі «Бас» сөзінің сөзжасамдық сипаты // «Мәңгілік Қазақстан» – жастардың саналы тәрбиесі мен сапалы білімінде» атты XXIII республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. 12-13 желтоқсан, 2014. б.
6. Белботаев А.Б. Қазақ тіліндегі –дай (-дей, -тай, -тей) тұлғалы грамматикалық тұлғаның қызметі мен тілдегі қолданысы // «Ұлы жібек жолы және қазақ мемлекеттілігі» атты студенттердің VIII республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. Тараз, 2015. 16-17 қараша. 44-45 бб.
7. Белботаев А.Б. Кейбір қосымша морфемалар және олардың қызметтері жайында // «Жас ғалым – 2005» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясының еңбектері. 27-28 сәуір. 2005. Тараз, 2005. 93-95 бб.
8. Белботаев А.Б. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. Жоғарғы оқу орындары сырттай оқу бөлімі филология факультеттерінің студенттеріне арналған көмекші оқу құралы. Алматы, 2004. 110 б.
9. Белботаев А.Б. Т.Ахтановтың «Қаһарлы күндер» романындағы қос сөздердің қолданысы туралы // «Ізденуші» Ғылыми журнал, Шымкент, 2006, №1. 3-7 бб.
10. Белботаев А.Б. Жамбыл Жабаев шығармаларының тілін лингвистикалық тұрғыдан зерттеу мәселелері туралы // «Заманауи педагогика және білім: проблемалар, мүмкіндіктер және даму болашағы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Тараз, Қазақстан. 13-14 мамыр, 2016 жыл. II том. 416-418 бб.
11. Белботаев А.Б. Мәделіқожа Жүсіпқожаұлы шығармаларының тіл тұрғысынан зерттелінуі // «Шерхан Мұртаза шығармашылығы және тәуелсіз ел руханияты» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 16-қазан, 2017-жыл. Тараз, 2017. 153–157 бб.
12. Белботаев А.Б. Шерхан Мұртаза – қазақ тілінің жанашыры // «Ғылым мен инновация – жастар болашағы» атты студенттердің 12-ші республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. Тараз, Қазақстан. 4-5 желтоқсан, 2019. 112-115 б.
13. Белботаев А.Б. Б.Момышұлы шығармаларын тіл тұрғысынан зерттеу мәселелері туралы // «Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанның рухани мәдениеті: қалыптасуы, зерттелуі, жариялануы мен болашақ бағыттары». Проф. М.Мырзахметұлының 80 жылдық мерейтойына арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Шымкент, 2011. 214-218бб..
14. Белботаев А.Б. Ресми іскерлік қазақ тілі // Көмекші оқу құралы. Тараз: А.Ясауи атындағы ХҚТУ баспаханасы. Тараз, 2009. 60 б.
15. Белботаев А.Б. Қазақ әскери лексикасының қолданылуы // «ТИГУ ЖАРШЫСЫ», № 3-4, шілде-тамыз, қыркүйек-қазан. Тараз.2011. 133-136 бб.
16. Белботаев А.Б. Қазақ тіл біліміндегі лингвистикалық статистика және оның терминологиясы жайында // Журнал: Сөзтаным. 2. Алматы, 2002. № 2, 16-17 бб.
17. Белботаев А.Б. Терминология: компьютерлік техника терминдерін ресми іс қағаздарын жүргізуде қалыптастыру // «Қазіргі білім және жеке пәндерді оқыту әдістемесі» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. 16-17 ақпан, 2007. 74-78 бб.
18. Белботаев А.Б. Грамматикалық терминдер сөздігі // ХҚТУ. Түркістан-1999. Терминдер сөздіктерін дайындау және аударма орталығы басылымы. 23 б.

- 19.Белботаев А.Б. Мемлекеттік тілге жаңа заң керек // «ТИГУ Жаршысы» Республикалық ғылыми-көпшілік журналы. № 3 (42), 2020, 95-97 бб.
- 20.Белботаев А.Б. Руководство по изучению государственного языка. Учебник. Издательство «Глобус». Алматы, 2006. 216 с.
- 21.Белботаев А.Б. Өзге ұлт өкілдерінің ересектер тобына қазақ тілін оқытып үйрету тәжірибемізден // «Жоғарғы оқу орындарында қазақ және орыс тілдерін өзге ұлттар арасында оқыту мәселесі» (тезистер жинағы) Алматы, 1992, 11-13 бб.
22. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі – Қазақстан халықтары достығының алтын көпірі // «Тіл – қарым-қатынастың алтын көпірі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция. «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Жамбыл облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты. Тараз, 2022. – 72-74 бб.
- 23.Белботаев А.Б. Шетел студенттеріне қазақ тілін оқытып үйрету - өмірлік қажеттілік // Журнал: Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Хабаршысы. Қоғамдық ғылымдар сериясы. № 1. Түркістан-2002. 13-15 бб.
- 24.Белботаев А.Б. Қазақ тіліндегі зат есім сөздерді анықтайтын сын есім сөздердің этнолингвистикалық сипаты // «Жастар белсенділігі – Қазақстанның өркениетке бастау қадамы» атты студенттер мен магистранттардың Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. Тараз, 2009. 62-66 бб.
- 25.Белботаев А.Б. Тіл туралы фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты туралы. «Жоғарғы оқу орындарының ҚР әлеуметтік жүйесін және экономиксын жаңғыртудағы ролі». Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Тараз, 2-3 маусым, 2006 ж, Алматы, 71-75 бб.
- 26.Белботаев А.Б. Қазақстан жер-су атауларындағы өсімдіктер мен жануарлар атауларын айқындайтын тілдік дереккөздер // «Жоғарғы оқу орындарының ҚР әлеуметтік жүйесін және экономиксын жаңғыртудағы ролі».- Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Тараз, 2-3 маусым, 2006 ж, Алматы, 90-97 бб.
- 27.Белботаев А.Б. Ономастика – тілімізді байытудағы дереккөздердің бірі // «Білім, ғылым, инновация – жас зерттеуші-лердің үлесі» атты студенттердің ХІ-ші Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. 4-5 желтоқсан, 2018 ж. Тараз – 2018. 129-130 бб.
28. Белботаев А.Б. Математика тексінің алфавитті-жиілік сөздігі // В сб. “Статистика казахского текста”. Изд. “Наука” АН Каз ССР. Алма-Ата, 1973. С. 543-552.
- 29.Белботаев А.Б., Бектаев Қ.Б., Молдабеков Қ. Ф. Алфавитно-частотный словарь языка повестисМусрепова “Кездеспей кеткен бір бейне” // Статистика казахского текста. Алма-Ата: Наука, 1973. С. 519-542.
- 30.Белботаев А.Б. Бектаев Қ. Б., Жұбанов А.Қ., Мырзабеков С. М.Әуезовтің “Абай жолы” романының жиілік сөздігі. Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы. Алматы, 1978. 336 б.
- 31.Белботаев А.Б., Бектаев Қ.Б. “Өскен өркен” романының алфавитті-жиілік сөздігі. Шымкент, 1988. 78 б.
- 32.Белботаев А.Б., Бектаев Қ.Б. М.Әуезовтің «Қараш-Қараш» оқиғасы повесінің алфавитті-жиілік сөздігі. Шымкент, 1989. 48 б.
- 33.Белботаев А.Б. М.О.Әуезовтің «Индия очерктеріндегі» кісі есімдерінің жиілік сөздігі // Статистика казахского текста. Алма-Ата, 1990. 200-201 с.
- 34.Белботаев А.Б., Қ.Б.Бектаев, А.Қ.Жұбанов, С.Мырзабеков М.Әуезовтің 20 томдық шығармалар текстерінің жиілік сөздіктері. Алматы-Түркістан, 1995. 348 б.
- 35.Белботаев А.Б. Құрышжанов А.Қ., Жұбанов А.Қ. Куманша — қазақша жиілік сөздік. Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы. Алматы, 1978. 277 б.
- 36.Белботаев А.Б. Лингвостатистическые характеристики частей речи казахского текста. Автореф. канд. дисс. филол. наук. Алма-Ата, 1992. 32 с.
- 37.Якубайтис Т.А. Части речи и типы текстов. Рига: Зинатне, 1981. 208 с.
- 38.Белботаев А.Б. Статистическая характеристика частей речи в словоформах (на основе материалов частотных словарей казахских текстов) // Статистика казахского текста. Алма-Ата, 1990. С.139-148.
- 39.Белботаев А.Б. Об употреблении аффиксов прилагательных в научно-техническом стиле//Статистика казахского текста. Алма-Ата, 1973. С. 225-231
40. Белботаев А.Б., Жұмаханова С. Т.Ахтановтың «Қаһарлы күндер» романындағы қос сөздердің қолданысы туралы//«Ізденуші» Ғылыми журнал, Шымкент, 2006, №1. 3-7 бб.

ӘОЖ 82.091

ХӘКІМ АБАЙ ЖӘНЕ АБДУЛХАҚ ХАМИТ ТАРХАН ӨЛЕНДЕРІНДЕГІ ЭЛЕГИЯЛЫҚ САРЫН

НАЗ ПЕНАХ

PhD доктор, Бартын университеті, Түркия Республикасы, Бартын қ.

САРЖАЕВ О.Т.

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының аға оқытушысы, магистр,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Аннотация. Бұл ғылыми мақалада қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы мен түрік халқының ұлы шайыры Абдулхақ Хамит Тархан поэзиясындағы элегиялық сарынның көрінісі және оның қайнар көзі қарастырылған. Екі ақынның жырларындағы мұңды сарынға себеп болған сол дәуірдегі қараңғылық пен надандықтың, өлім мен өмірдің уәждемесі зерттеледі. Онымен қатар, Шығыс шайырларының дүниетанымына тән элегияның ерекшеліктері зерделенеді.

Тірек сөздер. Поэтика, өлім, элегия, қайғы.

Аннотация . В этой научной статье рассматривается отражение элегического мотива и его источники возникновения в поэзии великого казахского поэта Абая Кунанбаева и великого поэта турецкого народа Абдулхака Хамита Тархана. В стихах двух поэтов исследуются мотивы моральной тьмы и невежества, смерти и жизни той эпохи. Параллельно изучаются особенности элегии, присущие мировоззрению восточных поэтов.

Ключевые слова. Поэтика, смерть, элегия, горе.

Abstract. This scientific article examines the vision of elegiac desire in the poetry of the Great Kazakh poet Abay Kunanbayuly and the Great Turkish poet Abdulkhak Hamit Tarhan. The verses of the two poets examine the darkness and ignorance of the period that caused sorrow, death and life. In addition, the characteristics of Elegy unique to the worldview of the eastern pitches have also been taken into account.

Key words. Poetry, death, elegy, anxiety.

Элегия (грек, εβελεία - мұңды ән, жыр) – лирикалық поэзияның жанры. [1,502]Элегия туралы белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы Қажым Жұмалиев төмендегідей қорытынды жасайды: «элегиялық өлеңдердің негізі өз кезіндегі әлеуметтік өмірге ақынның риза болмауынан, оның көп жақтары ақынды қанағаттандырмай, қарсы күресуге әлсіздіктен, жалғыздықтан келіп туады. Сол себептен онда қайғыру, мұңаюшылық сарыны басым келеді. Әрине бұл жайттарды да кезеңімен, жағдайымен байланысты алып қарау керек. Элегия жазушы ақындардың барлығы бірдей емес, кейбір ақындар жалғыздыққа ұшырап, өзінің әлсіздігін өзі мойындайды да, сүйенер тірегінің түбі босап, тамыры шіри бастағанына көзі жетіп, сенері жоқ болғандықтан, пессимизмге бой ұрады. Олардың лирикалары өмірден түңілу немесе қоғамдық мәні бар тақырыптардан аулақтап, жалаң махаббат немесе ішімдікті жырлауды машық етеді. Одан гөрі құлдиласа, бұл дүниеден мүлде безіп, о дүниені жырлауға беріледі» [2].Бұл пікірмен толықтай келіссіз. Шынында, алып-қосары жоқ.

Поэзиядағы элегиялық сарын ақынның жеке өміріндегі қиыншылықтарынан бастап, тарихи-қоғамдық оқиғалармен ұштасып, өмір мен өлімге деген пәлсапалық дүниетанымының көрінісі болып табылады. Мәселен, жарының, ұлының қазасы, қоғамдағы надандық пен рухани қараңғылыққа деген протест, адам рухының мәңгі қалауы болған мәңгілік өмір мен өлімнің тайталасы ақын әлемінде екі түрлі элегиялық сарын тудырады. Біріншісі, үмітсіздік пен іштей жеңілістің көрінісі болған пессимистік идеяларды жырлаудан құралса, екіншісі, «ананың қамқорлығындай» ақынның мұң-қайғысының өзінде іштей жасырынған махаббаттың сезілуі, наразылығының өзінде болашаққа деген үміттің өмір сүруі. Біз салыстырғалы отырған, қазақ халқының ұлы ақыны Абай мен түрік халқының ұлы шайыры Абдулхақ Хамит Тархан жырларындағы элегиялық сарын – осы екінші түріне жатады. Яғни, екі ақынның да

жырларындағы қоғамдағы кемшілік пен адам бойындағы пендешіліктің сыналуы – кемсітуден емес, керісінше ұлтқа деген үлкен махаббаттан туған қамқорлық болса, өлімнен қорқу мен оған бағыну тақырыбы – бұл екі ақынның да Ислам дінімен сусындаған Шығыс шайырларының дүниетанымына сай «өлімнен кейінгі мәңгі әлемге деген сағыныштан туады».

Ұлы ақын Абайдың шығармашылығында элегия өте үлкен орын алады. Ақын шығармаларындағы алғаш элегиялық сарын 1886 жылы жазылған «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңінен бастап көрініс табады.

Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек,
Ашуың – ашыған у, ойың кермек.
Мұңайғанда кісі жоқ сыр ұғарлық,
Кім көңілді көтеріп, болады ермек? [3, 46]

Жоғарыда келтірілген өлеңнің соңғы екі жолында көзі ашық адамның жоқтығын айта отырып, өлеңнің жалпы мазмұнында халықтың қараңғылығын күйінішпен сипаттап өтеді. Бұл көзқарасы ақынның бірінші қара сөзінде де сөзге тиек етіледі: «Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгенінді кімге үйретерсің, білмегенінді кімнен сұрарсың? Елсіз-күнсізде кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның не пайдасы бар? Мұңдасып шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі - бір тез қартайтатұғын күйік» [4, 232].

Абай өлеңдеріндегі элегия өз замандастарының шығармаларындағыдай толық орыс отаршылдығына негізделмеген. Дегенмен, Абай өлеңдері де орыс феодалдарының отаршылдығынсынамай өтпейді. Ол әкесі Құнанбайдың тапсырмасымен басқа ауылдарға жиі аттанып жүріп, отыршыл Ресейдің озбыр саясатын тереңірек тани түсті.

Өзімдікі дей алмай өз малыңды,
Күндіз күлкің бұзылды, түнде – ұйқың.
Көрсеқызар келеді байлауы жоқ,
Бір күн тыртың етеді, бір күн – бұлтың [3, 51].

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» атты өлеңнен алынған мына бір үзіндіде ақын отаршыл феодалдардың қыспағынан ел өз мүлігін өзімдікі деп меншіктей алмағаны мен әміршіл биліктің озбыр әрекеттерін сөз ете келе, өлеңнің жалпы мазмұнында тағы да ел ішіндегі пендешілік пен надантықты, ғылым-білімнен мақрұм қарын қамын ойлайтын қараңғы сананы ащы сынға алады.

Абай өлеңдеріндегі элегияның мазмұны бұл тақырыптармен тоқталып қалмайды. Абай элегиясы әрі қарай ғашықтық тақырыбымен толығы түседі. «Жарқ етпес қара көңім не қылса да», «Ем таба алмай», «Сүйсіне алмадым, сүймедім» өлеңдерінде Абай элегиясы махаббат лирикасымен ұштасады.

Абай өлеңдерінде мұнның артып, элегиялық сарынның шыңына жететін кезі – өмірінің соңғы жылдары. 1895 жылы Абайдың ұлы Әбдірахман өмірден өтті. Одан соң 1904 жылы Мағауия дүниеден озды. Бауыр еті баласынана айрылу кімге болсын жеңіл тимесі анық, ал әр оқиғаға мән беретін ақынның сезімтал көңіліне бұл әлдеқайда ауыр соққы болғанын аңдау қиын емес. Әбдірахман науқастанып жатқан сәттерінде ақын өзінің жайсыз күйін былай сипаттайды:

«Жүрегім суылдап,
Сүйегім шымырлап,
...
Не жазам, япырмау,
Қол шорқақ, тіл мылқау.
...
Бір суып, бір ысып,
Барады іш пысып.
...
Бір үміт, бір хауәп (қауіп – Н.К.),
Көңілге жол тауып,
Кіршен соң сөз қиын,
Әр неге ой ауып»

Осы өлеңнің өзінен біршама ауыр мұң сезіліп тұрады. Бұдан соңғы өлеңдерінде, яғни, Әбіш өлгеннен кейінгі өлеңдерде бұл мұнның зілі ауырлай түседі. «Әбдірахман өліміне», «Әбдірахман өлгенде», «Әбдірахманның жарына жұбату», «Өзіме жұбату», Әбдірахманның жарына шығарып

берген жоқтауларында Абай мұны айқын көрініс береді. «Әбдірахман өлгенде» өлеңінде Әбдірахман болмысын суреттей келіп:

«Замана неткен тар едің,
Сол қалқамды қоймаған?!»

деп өкініші мен қайғысын айта өтеді.

1904 жылы Абай өмірден тағы бір соққы алады. Тағы бір ұлы Мағауия тірлікті тәркі етіп кете барады. Абайға бұл соққы Әбдірахман өлімінен кем түспейді. Бұл соққының соңы ақынның қазасына әкеледі.

Жалпы алғанда, Абай шығармашылығындағы элегияның қайнар көзі өте терең мағыналарды қамтиды. Мұнды сарынға арқау болған мәселелерге нахар салсақ, жеке бас қайғысы емес, қазақ халқының жоғын жоқтау миссиясынан бастау алып, адамзаттық гуманизм, ғаламдық ізгілік, Иләһи ғашықтық сияқты ұлы категорияларға барып тіреледі.

Түрік елінің ұлы ақыны Абдулхак Хамид Тархан – 1852 жылы Бебек қаласында дүниеге келген Анадолы жерінің ұлы ақыны, жазушы, мемлекет қайраткері. Түрік әдебиетінде романтикалық кезенді толықтыруға аса зор үлес қосқан шайыр. Жоғары ақындық шеберлігінің арқасында түрік әдебиетінде Шайыр Ағзам (Şair-i Azam) және Ұлы ойшыл (Dahi-i Azam) деген аттарға ие. 1863 жылы Францияда білім алып, артынша еліне келіп қосымша оқуға түседі. Елшілікпен түрлі мемлекеттерге бара жүріп түрлі тарихи оқиғалармен және әдебиеттермен танысады. Әкесі Хайруллах Эфенди Осман империясының Тегерандағы елшісі қызметін атқаруы ұлының парсы және араб тілдерін меңгеруіне себеп болады. Бұл ақын шығармашылығына үлкен әсер етіп, артынша «Андалусияны жаулау», «Индуc қызы» пьесаларын жазады. 1867 жылы әкесі өмірден озып, сол кезден бастап әкесінің ізімен дипломаттық қызметпен елшілікке жұмысқа тұрады. 1871 жылы Фатмаға үйленеді. Дәл осы жайт ақынның алдағы өміріндегі, шығармашылығындағы элегияның пайда болуына тікелей әсер етеді.

Абдулхак Хамид Тархан да Абай сияқты елінің қараңғылығына, әміршіл билікке қарсы күресті. Осы әрекеті үшін Осман Империясының падишаһы сұлтан Абдулхамит II елдегі ескі жүйені сақтап қалу ниетімен заманауи білім алған, еркін ойлы ақынды елден шеткері аймақтарға жіберіп отырған. 1881 жылы Хамид Тархан Грузияда, 1882 жылы Грецияда, 1883 жылдан бастап Үндістанда елшілікте жүрді. 1885 жылы жары Фатма науқастанып, ешқандай рұқсатсыз Анадолыға қайтады. Бірақ Фатма Стамбулға жетпей Бейрутте бақилық болады. Ақын өміріндегі осы бір мұнды бояудан кейін «Мекбер» (Мазар) өлеңі өмірге келеді. Өмірлік жарынан айрылған ақынның өз жарына бұл шығармасы толық дерлік мұңға толып, қайғыға шомып тұрады.

«Eyvah! Ne yer, ne yar kaldı,
G önl üm dolu ah-u zar kaldı »
(Ейвах(әттең)! Елім де жоқ, жарым да,
Көңіл толы зар-мұңға – Ауд.: Н.К.)

Осылай басталатын өлеңнің алғашқы жолдарынан-ақ ауыр элегиялық сарын есіп тұрады. Жарының қазасынан кейін ақын шығармашылығы толықтай дерлік осы тектес ауыр мұңға негізделген өлеңдермен өрнектеледі. Өлеңдерінде жиі-жиі мазар жайында айтып отырады. Осылайша Абдулхак Хамид Тархан түрік әдебиетіне метафизикалық суықты кіргізеді. Бұл жайлы ғалым Эрол Екбер былай дейді: «Өмірдің, өлімнің және өлімнің арғы жағындағы сұрақтарды жайлы тақырыпты қозғаған «Макбер», тек қана жоқтау емес, онымен қатар философиялық көзқарастың қайнар бұлағы» [5,86].

Онымен қатар ақынның «Elveda diyemedik»(Қош бол деп үлгермедік), «Sevgi»(Махаббат) өлеңдерінде де жарына деген махаббаты мен өзінде қалған қайғы жайында айтылады.

«Göşmen kuşları gibi
gelip göştin bu şehirden
Belkide hayatımdan... »

«Elveda diyemedik» өлеңіндегі мына жолдарда жарының бұл өмірден ерте кеткенін көркем теңеуарқылы аса ауыр күйінішпен жеткізеді. «Sahra» (Сахара) өлеңінде де негізге философияны ала отырып, өлең жолдарын тағы да жарының өліміне деген ауыр қайғысымен қорытындылайды. Одан кейінгі «Ol» (Бол), «Divaneliklerim» (Диуаналығым) өлеңдері де осы тақырыпта жазылған.

Yinegece, yineh üz ün
Veyinei ğmdesen
Veyinebiliyormusun?
İçimdesenoluncahüzün de güzel...

«Nihal'e»(Нихалға) деп аталатын осы бір шағын өлеңінде батыс поэзиясына тән ерекшелікпен қатар шығыс диуан әдебиетіне тән сопылық жырдың лебі сезіледі. Батыстық деп топшылағанымыз – мұнның (h üz ün) ләззатты болуы, сопылыққа тән дегеніміз – Оған, яғни «Аллаға қатысты не бар болса, бәрі де әдемі» деген дүниетанымның көрінісі.

Қорыта айтсақ, Абай мен Хамит Тархан поэзиясындағы элегиялық сарын бір-бірімен үндесіп жатқандығы айқын көрінеді. Жырларындағы мұнды сарынға себеп болған мәселелерді шартты түрде төмендегідей бөліп қарастыруға болады:

- Жақынының қазасы (Абайдың ұлдары, Хамит Тарханның жары);
- Өлім жайлы толғаныстар;
- Озбыр билікке қарсылық;
- Халықты ағарту уайымы мен надандыққа деген қарсылық;
- Құдайдың жамалына, жұмаққа, мәңгілікке деген сағыныш.

Шағын ғана мақаламызда бұларға толықтай тоқтала алмағанымыз рас. Бірақ алдағы уақытта көлемді ғылыми зерттеу жұмыстарына арқау болып, қазақ-түрік әдеби байланыстарын нығайтуға үлес қосады деп сенеміз

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қазақ әдебиеті (энциклопедиялық анықтамалық) - Алматы: Аруна LTD, 2005.
- 2.Абай. Энциклопедия. – Алматы «Қазақ энциклопедиясы». «Атамұра» баспасы.
- 3.Мұхтар Әуезов энциклопедиясы – Алматы, 2007.
- 4.Абай. Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ: Өлеңдер. Поэмалар. Аудармалар. Қара сөздер. – Алматы, «Білім», 2010. – 304 бет.
- 5.Erol Kemal, Abdülhak Hâmid'in Eserlerinde Ölüm Tefekkürü ve Mezar Tasavvuru, Milli Eğitim, Üç Aylık Eğitim ve Sosyal Bilimler Dergisi, sayı 168. Güz 2005.

ӘОЖ 81'1:81'32

ПРОФЕССОР АЛМАСБЕК БЕЛБОТАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЛИНГВОСТАТИСТИКАСЫ

ЖАҢАБЕКОВА АЙМАН ӘБДІЛДАҚЫЗЫ

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Қолданбалы лингвистика бөлімінің меңгерушісі, ф.ғ.д.
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Резюме. В статье описан научный и творческий жизненный путь профессора Алмасбека Бельботаева и его вклад в казахской лингвистической статистики. При этом рассматриваются вопросы развития и формирования казахской лингвистической статистики. Анализируются виды частотных словарей, составляемых на казахском языке.

Summary. The article describes the scientific and creative life path of Professor Almasbek Belbotaev and his contribution to Kazakh linguistic statistics. At the same time, issues of development and formation of Kazakh linguistic statistics are considered. The types of frequency dictionaries compiled in the Kazakh language are analyzed.

Қазақ тіл білімінде ғылыми зерттеулерде статистикалық әдіс жиі қолданылғанмен, лингвостатистика мәселесімен арнайы айналысқан ғалымдар саны көп емес. Тіл білімі саласының сан ұғымымен тығыз байланысты болып, математика саласымен астасып жатқандықтан, бұл мәселеге математик ғалымдар алдымен қызығушылық танытты. Қазақ статистикасының негізін қалаған белгілі қазақ математигі Қалдыбай Бектаев ХХ ғасырдың 70-жылдары А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында Компьютерлік лингвистика бөлімін ашып, әртүрлі жиілік сөздіктер жасау мәселесін көтерді. Қазақ тіл білімінде кезінде 70-жылдары компьютерлік технология дами қоймаса да, қазақ тіл білімінде алғашқы жиілік сөздікті құрастырушылар сөздердің әртүрлі мәтіндердегі кездесу жиілігін ЭЕМ көмегімен анықтады.

Түркі тілдері бойынша алғаш боп жиілік сөздіктер алуды бастаған қазақ тілші ғалымдары әртүрлі стильдер мен белгілі бір автор шығармалары бойынша жиілік сөздіктер алуды сәтті

орындап шықты. Түркі тілдері бойынша статистикалық зерттеулер жүргізіліп, жиілік сөздіктердің 70-жылдары алғаш қазақ тілінде жарық көруі сол кезеңдегі үлкен жаңалық еді. Бұл еңбектер күні бүгінге дейін маңызын жоғалтқан емес. Қазақ тілінің статистика саласында еңбек еткен азғантай топтың шығарған жиілік сөздіктері, статистикалық зерттеулері – құнды зерттеулердің өміршеңдігінің дәлелі.

Қазақ тілінде статистикалық талдаулар 70-жылдары басталғаннан бастап, сөз таптарын, оның ішінде кейбір сөз таптарының статистикалық тұрғыдан зерттеле бастады. Ә.Ахабаев пен Қ.Бектаев зат есімдердің, Ә.Ахабаев есімдіктердің морфологиялық құрылымына талдау жасаса, С.Мырзабеков туынды түбір туынды етістіктердің, Қ.Бектаев пен С.Мырзабеков етістіктің форма өзгергіш аффикстеріне, А.Белботаев ғылыми-техникалық стильдегі сын есім аффикстеріне, А.Жұбанов пен Е.Жұбанов «Абай жолы» романындағы сын есімдердің лексика-морфологиялық формаларына статистикалық талдаулар жасады.

Ә.Ахабаев, Қ.Бектаев «Зат есім сөздердің статистика-морфологиялық сипаты» атты мақаласында газет мәтіндерінен сөз таптарының қайсысы жиі қолданылатынын анықтайды. Ғалымдардың көрсетуінше, ең жиі қолданылатын сөз табы – зат есім, екінші – етістік, үшінші орында – сын есімдер. Төртінші орында – шылау сөздер. Ал ең сирек кездесетіні – еліктеу сөздер мен одағайлар [1, 50]. Бұл мақалада зат есімдергедің жалғаулары мен күрделене қосылатын, яғни бірінен кейін бірі жалғанатын формалары туралы статистикалық мәліметтер берілген. Олар газет мәндері мен «Абай жолы» романы мәтіндері бойынша жасалған. Сәйкесінше екі стильдегі жалғаулардың қолданысындағы айырмашылықтар айқындалады.

Ғалымдардың көрсетуінше, бір құрамды зат есім жалғауларынан тәуелдік, көптік, септік (ілік, барыс, жатыс) жалғаулары жиі, одан кейінгі жиілікте екі құрамды жалғаулар, сосын барып үш құрамды жалғаулар болып келеді [1, 68].

Ә.Ахабаев «Есімдіктердің морфологиялық құрылымына статистикалық талдау» деп аталатын мақаласында есімдіктердің кездесу жиілігін жоғарыда аталған «Абай жолы» мен газет тілі бойынша салыстыра талдайды [2, 90 б.]. Сонымен қатар мақалада есімдіктерге жалғанған қосымшалардың да тізімдері мен жиіліктері көрсетіліп, оларға статистикалық талдаулар жасалған.

С.Мырзабеков «Туынды түбір етістіктердің құрылымына статистикалық талдау» атты мақаласында М.Әуезовтің «Абай жолы» романында қолданылған туынды түбір етістіктердің құрылымына сандық талдау жасалған. Ғалым «Абай жолы» романында негізгі түбір етістіктерден гөрі туынды түбір етістіктердің (80 пайызға жуығы) көп қолданылғанын анықтайды. Ал сөз тудыратын қосымшалардың ішінде жиі кездесетіні – ла – 1978, да – 1243, та – 1622. С.Мырзабеков бұл қосымшаның жиілігі туралы былай деп жазады: «Зат есімнен етістік тудыратын аффикстерді - ла/ле және олардың варианттарынсыз ойлау тіпті де мүмкін емес. Сонымен қатар, автордың көрсетуінше, қазақ тіліндегі туынды түбір етістіктердің дені етіс жұрнақтары (әсіресе өзгелік етіс) арқылы жасалған», – дей келіп, мұндай актив қолданыс етіс жұрнақтарын сөз тудырушы жұрнақтарға қойылатын критерийлерге сәйкес келмейтінін атап көрсетеді. С.Мырзабеков бұл мақалада сөз тудырушы жұрнақтардың жиілігіне тоқталған [3, 131 б.].

Қ.Бектаев, С.Мырзабеков «Етістіктің форма өзгергіш аффикстерінің статистикалық талдауы» атты мақалада болымсыздық аффикстерінің қолданыс жиілігіне талдау жасап, етістіктердің негізінен болымды формада өте жиі қолданылатынын, ал болымсыз формада өте сирек қолданылатынын анықтайды. Сонымен қатар, көсемше, жақ, есімше, жедел өткен шақ, рай формаларының және олардың варинаттарының жиілігін анықтап, статистикалық талдаулар жасайды [3, 117 б.]. Ғалымның көрсетуінше, бір зат есім сөзден (әже) 196 форма пайда болады. Есім сөздердің ішінен түрленуге бейімі зат есімдерден кейін – есімдіктер дейді. «Абай жолы» романдағы ең жиі кездесетін етістік сөздер: бол – 209, отыр – 95, тұр – 89, жат – 69 түрлену формасымен кездесетінін айтады.

А.Белботаев «Ғылыми-техникалық стильдегі сын есім аффикстерінің қолданылуы туралы» деген мақалада осы стильде кездескен сөз таптарының, сонымен қатар сын есім тудырушы жұрнақтардың жиілігі туралы мәлімет беріледі. Басқа да ғалымдар көрсеткендей, кездесу жиілігі бойынша реті: зат есім, етістік, сын есім, шылау, есімдік, үстеу, сан есім, одағай, еліктеу. Ғалым бұл мақалада сын есім тудырушы жұрнақтарға статистикалық талдау жасай отырып, сын есімнің кейбір жұрнақтарының статистикалық ақпараты бойынша олардың сөзжасам мен форма жасамға қатысына қарай тың пікірлер айтады [4, 230 б.].

А.Жұбанов «Статистика лексико-морфологических форм прилагательных в романе М.Ауезова «Абай жолы» («Путь Абая) деп аталатын мақалада «Абай жолы» романындағы сын

есімдердің жасалу жолдарына қарай статистикалық талдау жасайды. Ғалымдардың көрсетуінше, сын есімдердің қосымша жалғану арқылы жасалуы өте жиі, одан кейінгі орында түбір тұлғада жиілігі жоғары, ал қос сөз бен біріккен сөз түрінде сирек, ал кірме аффикстер (-наз) ең төменгі жиілікте [5, 232 б.]. Сонымен қатар шырай тұлғаларының жиілігі де беріледі. Публицистика мәтінін де қоса қарастырғанда, авторлар сын есімнің -ғы/гі, -сыз/сіз, -лы/лі, -дай/дей қосымшаларының өте жиі кездесетінін, әсіресе, -ғы/гі жұрнағының жоғары жиілікте қолданылатынын анықтайды.

А.Жұбанов сөзформалар тудыруға арналған түрленім қосымшаларының тізімін сөздің соңғы дыбыстарына жалғануына қарай бөліп, топтастырып, зат есім мен етістіктің түрленім формаларының кестесін жасады [6, 195-221 бб.].

Көріп отырғанымыздай, қазақ тіл білімінде алғаш статистикалық зерттеулер жүргізіліп басталған кезеңде қазақ тіліндегі қосымшалар тізімі мен олардың мәтіндердегі қолданыс жиілігі туралы мәселеле басқа тілдік бірліктермен қатар зерттеу нысанына ілікті. Сөз таптары, сөз тудырушы жұрнақтар, сол сияқты түрленім қосымшалары тұрғысынан зерттеліп, біраз жайттардың басы ашылған болатын. Алайда көп жылдардан бері мұндай статистикалық зерттеулер сирек жүргізіліп, олардың нәтижелері лингвистикалық зерттеулерде басшылыққа алынбай кетті. Қазіргі жазу, әліпби мәселесінде ғылыми зерттеулер жүргізу үшін, жоғарыдағыдай тілдік бірліктер туралы статистикалық мәліметтерді білу қажеттік тудырады.

Ана тіліміздің немесе басқа да туыстас (не туыстас емес) тілдердің әр стильдік мәтіндеріне қатысты жасалған жиілік сөздіктер сол тілдің лексикалық құрылымын терең зерттеуде, лексиканың жалпы функционалдық стильге ортақ бөлігін ажыратуда септігі мол. Сондай-ақ, жалпы халықтық лексиканың, кірме сөздер мен терминдердің, неологизмдердің және басқа лексикалық топтардың тілдің жалпы лексика жүйесінен алатын орны жөнінде де жиілік сөздік бойынша көптеген сандық және сапалық мәліметтер алуға болады. Сөздердің саны мен тұлғалары арқылы тілдің лексикалық байлығы мен стильдік ерекшеліктері анықталады. Мұндай сөздіктерден зерттеуші жаңа сөзжасам жүйесіне қатысты да бағалы деректер ала алады. Сонымен бірге, жиілік сөздік мәліметтері қазақ тілін туыстас түркі тілдері және туыс емес тілдермен салыстыратын типологиялық зерттеулер үшін де аса қажет.

Жиілік сөздіктердің статистикалық деректері қазақ тілінің лексикалық құрамын жан-жақты зерттеуде салыстырмалы талдауды жүзеге асыруға, сөз табына қатысты нақты фактологиялық мәліметтер беруге, тұтастай алғанда, қазақ тілінің көптеген теориялық мәселелерін шешуге мүмкіндік туғызады.

Жиілік сөздік бүгінгі таңда аса өзекті болып отырған мемлекеттік тіл саясаты бойынша атқарылатын іс-шараларды жүзеге асыруға, атап айтқанда: *мемлекеттік тілді оқытуда, әсіресе, оқулықтарды, оқу құралдарын, оқу сөздіктерін, тілдік (лексикалық, грамматикалық) минимумдарды жасауда* бірден-бір қажетті құрал болып табылады.

70-жылдары Қ.Бектаевтың басшылығымен және жетекшілігімен А.Қ.Жұбанов, С.Мырзабеков, А. Белботаев, Ә.Ахабаев т.б. зерттеушілер жиілік сөздіктер құрастыру ісімен айналыса бастады. Абай тілі сөздігінің жиілік сөздігі, М.Әуезовтің 20 томдық шығармалар тексінің жиілік сөздіктері, сонымен қатар, ертегі тілінің, публицистика тілінің, математика терминдерінің жиілік сөздіктері жарық көрді.

Осы жиілік сөздіктерден кейін қазақ тілінде жиілік сөздіктер құрастыру ісі тоқтап қалды. 2012-2014 жылдары А.Байтұрсынұлы атындағы ТБИ Қолданбалы лингвистика бөлімі аз көлемдегі қаржымен «Қазақ тілінің квантитативтік құрылымы (Қазақ тілінің жиілік сөздігі) деген гранттық тақырып аясында бұрын жарық көрген сөздіктердің басын біріктіру арқылы әртүрлі стильдерді қамтитын біртұтас жиілік сөздікті құрастырып, баспаға ұсынды [7].

2016 жылы Білім және ғылым министрі Сағадиевтің тапсыруымен мемлекеттік тілді оқытудың тиімді әдістемесін жасау мақсатында лексика-грамматикалық минимумдар үшін қажетті қазақ тілінің жиілік сөздігін құрастыру ісі А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтына тапсырылған болатын. Осы тапсырма бойынша институт қысқа мерзімнің ішінде «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі» жарық көрді [8].

Қазақ тілінде жиілік сөздіктер тәжірибесінде сөздердің түрленім формаларының (словоизменительные формы) жиілік сөздіктері жасалғанмен, мәтіндегі сөздердің сөзтүрленім формаларының жиілік сөздігі жасалмаған деуге болады. Мұндай сөздік «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігінің» бір түрі ретінде жарық көрген болатын. Оның көлемі 246328 сөзтізбеден тұрады. Сөздік үш түрлі құрылымда жасалған.1) Сөзформалардың әліпбилі-жиілік

сөздігі. 2) Сөзформалардың жиілікті-әліпбилі сөздігі. 3) Сөзформалардың кері әліпбилі-жиілік сөздігі.

Статистикалық деректерді өңдеуде компьютерлік технологияны пайдалану, тілдік мәселелердің шешімін тез арада табу, математикалық статистика әдістерін басқа ғылымдар тәсілдерімен (ақпараттық теория, математикалық логика және т.б.) ұштастыру қазіргі кездегі отандық және шетелдік тіл білімінің даму бағытына сай келеді.

Түркі мәтіндерін статистикалық тәсілдермен зерттеу, ғалымдардың пайымдауынша, бұл тілдердің ішкі табиғатына, яғни олардың жалғамалық (агглютинативтік) құрылымына негізделеді.

Тіл зерттеу тәжірибесінде сандық зерттеулердің қажеттігін математикалық лингвистика мамандарымен қатар дәстүрлі тіл білімінің аса көрнекті өкілдері де мойындап келеді. Олардың пікірінше, жазба әдебиет пен сөйлеу тіліндегі түрлі сөздердің әр ыңғайдағы қолданылу жиілігін анықтау тәсілі тілдің құрылымды-грамматикалық, кейде стильді-семантикалық айырымдарын ажыратумен қатар стильдерге тән қасиеттерді де анықтауға көмектеседі.

Кейбір тілдік құбылыстар өте әлсіз көрініс тауып, жасырын сипатта тұрып, көп жағдайда зерттеушінің тікелей бақылауынан тыс қалады. Міне, осындай тілдік құбылыстарды анықтайтын математикалық құралды статистикалық зерттеулер арқылы табуға болады.

Жалпы, бұл сала соңғы жылдары тоқырап қалғандай еді. Сол себепті де А.Б.Белботаевтың бұл саладағы өзінің және әріптестерімен бірігіп түзген алфавитті-жиілік, кері алфавитті-жиілік, жиілік сөздіктері мен бұл саланы одан әрі қарай дамытуға арнап жазған соңғы жылдардағы ғылыми-зерттеу мақалаларының маңызы зор. Соңғы жылдары ол қазақ тіл біліміндегі «Лингвистикалық статистика» бағытында орындалған зерттеулер нәтижелерін тілдерді оқыту, үйрету үдерісінде пайдалану, қолдану мәселелері төңірегінде көп жазып жүр.

Өзінің ғылымдағы ізденістерін жастарға білім беру ісімен ұштастыра білді. Мәселен, жоғары оқу орнындағы көп жылғы тәжірибесі негізінде ол жоғарыда аталған тіл білімінің жаңа бағыттарының бірінен саналатын лингвистикалық статистика зерттеу еңбегін баспаға әзірлеп және білімгерлеріне арналған осы аттас оқу құралын баспаға дайындауда.

Ұстаз-ғалымның бұл дайындап жатқан оқу құралы болашақ тіл білімінің мамандары үшін де айрықша маңызды.

Жоғары оқу орнында қызмет еткен жылдарында ол «Қазіргі қазақ тілі» курсының барлық саласынан, «Қазақ әдеби тілінің тарихы», «Түркітануға кіріспе», «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы», «Тіл біліміне кіріспе», «Лингвистикалық статистика», «Психолінгвистика», «Тіл білімінің зерттеу әдістері», «Лингвомәдениеттаным», «Түркі филологиясы тарихының негіздері» пәндерінен лекциялық дәріс оқып, практикалық сабақтар жүргізді.

А.Б.Белботаев – «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы» (Түркістан, 2001); «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» (1,2-бөлімдер, Түркістан, 2001); «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» (1,2-бөлімдер, Түркістан, 2003); «Тіл біліміне кіріспе» (Тараз, 2003); «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы» (Алматы, 2004) атты көмекші оқу құралдарының авторы. Олар бүгінге дейін оқыту үдерісінде кеңінен пайдаланылуда. Ұстаздар мен шәкірттердің қолынан түспейтін оқу құралдары.

Ұстаз-ғалымның ғылыми-шығармашылық педагогикалық бағытында айтпай кетуге болмайтын тағы бір сала еңбектері – ол мемлекеттік тіл – қазақ тілін оқытып, үйрету бағытында атқарып жатқан педагогикалық ізденіс еңбектері дер едік. Бұл бағытта ғалымның өз әріптестерімен бірлесіп әр жылдары баспадан шығарған бірнеше еңбектері бар. Олар:

1. Ересектер үшін қазақ тілін үйрену курсына арналған көмекші құрал (Алматы, 1990);
2. Казахский язык для начинающих (1-я книга: начальный курс. Алматы: Казахстан, 1993);
3. Казахский язык для начинающих (2-я книга: основы грамматики и развития речи. Алматы: Казахстан, 1993);
4. Казахский язык для начинающих (3-я книга: Алматы: Казахстан, 1994);

Бұлардың бәрінің қорытындысы іспетті ж9мыс – 2006 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Тіл комитеті ұйғарымымен Алматы: «Глобус» баспасынан шыққан, көлемі 14 б/т болатын «Руководство по изучению государственного языка» деп аталынатын, Ж.Бұланбаевамен бірлесіп дайындаған оқулық болды.

Бұл аталынған оқулықтар мемлекеттік тіл - қазақ тілін оқып үйренушілер мен одан дәріс берушілер үшін көп жылдардан бері қолдарынан түспейтін оқу құралдар болып келеді. Сондай-ақ, ұстаз ғалым бір топ (оннан аса) әдеби-шығармашылық еңбектердің де авторы. Мәселен, оның бір жылдары 50 мың дана таралыммен басылған «Кітап туралы кітап» (Алматы, 1985) атты балаларға

арналған суретті кітапшасы және әр жылдардағы әртүрлі жинақтарда жарияланған әңгіме-очерктері, «Қазақ тілі», «Қазақ ССР» энциклопедиялары мен «Қазақ күнтізбесінде» жариялаған шағын дүниетанымдық бір топ мақалалары да соның айғағы.

Қысқасы, А.Б.Белботаев қазақ тіл білімінде және жоғары оқу орындарында ұстаздық ету жолында жемісті еңбек етіп келеді. Оның ғылым мен білім жолындағы еңбектері, педагогикалық ізденістері көңіл қуантарлық. Ол өз білгендері мен көңілге түйгендерін болашақ мамандар – өзі оқытып, дәріс беріп жүрген шәкірттеріне ерінбей, жалықпай үйретеді және іс-тәжірибелерін келешек жастар үшін оқулыққа жазып түсіреді.

Ғалымның қаламынан ірілі-уақыты 300-ден аса еңбегі шыққан екен. Талдап қарасақ, оның түрлері де, тақырыптары да сан-салалы, әрі әр түрлі. Онда – тіл білімі, әдебиеттану ғылымы және шығармашылық туындылары, танымдық және ғылыми-көпшілік мазмұнда жазылған еңбектерімен қатар жастарға тәрбие мен білім беру бағытында жазған оқулық, оқу-құралдары да бар. Олар жалпы тіл білімі мен қазақ тіл білімі, қазақ грамматикасы мен лингвостатистикасы, оқыту әдістемесі мен мемлекеттік тіл – қазақ тілін насихаттау және жарнамалау мәселелерінің төңірегіне топтастырылған.

Нақтылап айтқанда, тақырыптары – қазақ тілі, оның грамматикасы; лингвистикалық статистика, бұл саланың қазақ тіл білімінде туып қалыптасуы, қарастыратын мәселелері; жиілік сөздіктер, оларды оқыту үрдісінде пайдалану мәселелері; мемлекеттік тіл, ресми-іскерлік қазақ тілі, оларды ересектер топтарында оқыту мәселелері т.т. Қысқаша айтқанда, ұстаз-ғалымның негізгі еңбегі – Қазақ Елінің мемлекеттік тілі болып табылатын ана тілі – қазақ тілін насихаттау, қорғау; өзі қалап, қызыққан ғылым саласы – лингвистикалық статистиканы дамыта зерттеу және оны тіл үйрету, оқыту үдерістерінде қолдануды насихаттау және өзге тілді аудиторияға мемлекеттік тілді оқытып-үйрету мәселесі – бағыттарында болған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахабаев Ә., Бектаев Қ. Зат есім сөздердің морфологиялық құрылымына статистикалық талдау // Статистика казахского текста. – Алматы, 1973. – С.49-87.
2. Ахабаев Ә. «Есімдіктердің морфологиялық құрылымына статистикалық талдау» // Статистика казахского текста. – Алматы, 1973. – С.88-116.
3. Мырзабеков С. Туынды түбір етістіктердің құрылымына статистикалық талдау // Статистика казахского текста. – Алматы, 1973. – С.117-135.
4. Белботаев А. Ғылыми-техникалық стильдегі сын есім аффикстерінің қолданылуы туралы // Статистика казахского текста. – Алматы, 1973. – С.225-230.
5. Джубанов А.Х., Жубанов Е.Х. «Статистика лексико-морфологических форм прилагательных в романе М.Ауезова «Абай жолы» («Путь Абая») // Статистика казахского текста. – Алматы, 1973. – С.231-248.
6. Жұбанов А.Қ. Основные принципы формализации содержания казахского текста. – Алматы, 2002.
7. Жұбанов А., Жаңабекова А., Карбозова Б., Қожахметова А. Қазақ тілінің жиілік сөздігі. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2016. – 665 б.
8. Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі. – Алматы, 2016. – 1472 б.

ӘОЖ 81'1:81'32

КӨПТІЛДІ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ АУЫЗША ТІЛІ

БАЙТЕЛИЕВА ЖАНАР ДӘРІБЕКҚЫЗЫ

Назарбаев Университетінің ассистент профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы, Астана қ.

Аңдатпа. Баяндама қазіргі көп тілді білетін қазақ жастарының өз ана тілі – қазақ тілін қаншалықты қолданатынын анықтау мақсатында ұйымдастырылған сауалнама нәтижелерін талдау арқылы қазақ жастарының қазақ ауызша сөйлеу тіліне деген көзқарастарын анықтауды мақсат етеді. Осы мақсатқа жету үшін еліміздегі оқу тілі ағылшын тілінде жүргізілетін Назарбаев университеті мен Сулейман Демирель атындағы университет студенттерінен сауалнама алынды. Осы сауалнама барысы мен нәтижесіне сипаттама беріліп, зерттеу қорытындысы түйінделеді.

Кілт сөздер: сауалнама, қазақ тілі, ауызша тіл, студент, шешендік сөз.

Абстракт. Целью статьи является определение отношения молодежи Казахстана к казахскому языку путем анализа результатов опроса, проведенного для определения степени использования современной многоязычной казахской молодежью своего родного языка – казахского. Для достижения этой цели были опрошены студенты Назарбаев Университета и Университета Сулеймана Демиреля, где языком обучения является английский. В этой статье описывается процесс и результаты этого опроса, а также обобщаются результаты исследования.

Ключевые слова: опрос, казахский язык, устная речь, студент, ораторское искусство.

Abstract. The purpose of the article is to determine the attitude of the youth of Kazakhstan towards the Kazakh language by analyzing the results of a survey conducted to determine the extent to which modern multilingual Kazakh youth use their native language - Kazakh. To achieve this goal, students from Nazarbayev University and Suleyman Demirel University, where the language of instruction is English, were surveyed. This article describes the process and results of this survey and summarizes the results of the study.

Keywords: questionnaire, Kazakh language, oral speech, student, oratory.

Елімізде бірнеше тілді жетік білетін көптілді [1] жастарымыздың қатары көбейіп келеді. Бұл үдерістің жағымды да, жағымсыз әсері бар. Көп тіл қолданыла бастаған ортада әр тілдің мәртебесін, міндетін, қолданысын қадағалау да қиындай түседі. Сондықтан оны бақылайтын, бағыт көрсететін нақты мемлекеттік деңгейдегі бағдарлама, жобалар жұмыс істеуі керектігі анық. Елімізде тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын [3] жүзеге асыру үшін оқу тілі – қазақ, орыс тілдерімен бірге ағылшын тілі болатын және ағылшын тілі негізгі оқу тілі болатын бірнеше мекемелер бар.

Қазіргі таңда қазақ мектептері мен жоғары оқу орындарында оқитын жастар саны көп болғанымен жастардың, әсіресе қала жастарының сөйлеу тілі негізінен орысша, өзара орыс тілінде сөйлеседі немесе орыс тілін қосып, шұбарлап сөйлейді. Ал ауылда тұратын жастар көбіне орыс тілінде сөйлей алмайды. Қате жазады. Қазақ тілін біршама жақсы біледі. Бірақ жастардың көбі ауылдан қалаға оқуға не жұмыс іздеп келіп, тұрақтап қалады. Сөйтіп, олар да қала жастарының шұбарланған тілін үйрене бастайды. Сонымен, біз болашағынан үлкен үміт күтетін, елдің ертеңін сеніп тапсыратын, ел басқаратын жастардың мемлекеттік тілді қаншалықты құрметтейтіні және орфоэпиясында нендей үдерістер жүріп жатқанын байқау үшін мақсатты түрде Назарбаев университеті мен Сулейман Демирель атындағы университетте оқитын студенттерді зерттеу нысанымызға алдық.

Зерттеу жұмысы онлайн сауалнамаға негізделді. Сауалнама онлайн форматта Qualtrics платформасында алынды. Сауалнамаға НУ және СДУ университеттерінің бакалавриат студенттері тартылды. Себебі бұл университеттерде оқу тілі – ағылшын тілі болып есептеледі, сондықтан студенттер арасында түрлі тілдік контактінің көрінісін байқауға болады. Және осы университеттерді студенттердің қазақша сөйлеу тілінде байқалатын оң және теріс үдерістердің тілдік, тілдік емес себептерін анықтауға айқын мысалдарды табуға болатын алаң деп санаймыз. Сауалнамаға қатысқан студенттердің жалпы саны: 144. Жас ерекшелігі 18-25 жас аралығын қамтиды.

Сауалнама 18 сұрақтан тұрды. Студенттер сұрақтарға барынша шынайы жауап берді деп ойлаймыз. Өйткені сауалнама анонимді болды. Алдымен, қайда оқитыны сұралды. Бұл екі оқу орнын өзара салыстыру үшін қажет еді. Мәселеге ер бала мен қыз баланың жауап беруі мен көзқарасы маңызды болғандықтан, сауалнамада жынысы да сұралды. Жастардың қала не ауылда туып, өсуі олардың қай тілді көп тұтынатындықтарын анықтауда маңызды фактор болғандықтан, бұл – сауалнамада сұралған келесі сұрақ болды. Жастардың еркін сөйлейтін тілі сұралды, оны білу мақсатында “қазақ, орыс, ағылшын және басқа” деген жауаптар ұсынылды. Сонымен қатар қазіргі таңда, оның үстіне пандемия уақытында әлеуметтік желілер барлық адамдардың көп уақыт өткізетін алаңына айналғандықтан жастардан әлеуметтік желілердегі жазатын, сөйлетін тілдері де сұралды.

Жазу мен сөйлеу өнімді сөйлеу әрекеттері болса, оқу мен тыңдау өнімсіз сөйлеу әрекеттеріне жатады [6]. Сондықтан жастардың қай тілдерде ақпаратты оқитыны және тыңдайтыны да сұралды.

Жастардың қазақ тілінің қазіргі жағдайына көзқарасын, қазақ тілінде сөйлейтін тұлғалардың сөзін қалай тыңдайтыны, олардың ішінде еліктейтін тұлғалары да сұралды. Жастардың ауызша қазақ

тілін зерттеуде олардың қазақ тілін жақсартуға деген ниеті мен ұсыныстарын білу өте маңызды. Осыған орай, сауалнамада осындай мәліметтер де сұралды.

Қазіргі таңда қазақ жастарының тілі, ауызша тілдің құрылымдық жүйесіне қатысты зерттеулер әр аспектіден тұрақты түрде жүргізілуде. Атап айтар болсақ, З.Бейсенбаеваның «Тіл мәдениеті» [7], З.Бейсенбайқызының «Сөз мәдениетінің негіздері» [8] еңбектерінде қазіргі қазақ ауызша тіліндегі қолданыстар және тенденциялар туралы бірқатар тың ақпараттар беріліп өтеді. Ал Ә.Әлметова[9], Д.Әлкебаева [10], З.Абдулжанова [11], Қ.Айтмұхаметова [12] секілді ғалымдардың зерттеулері ауызша сөз мәдениетін теориялық тұрғыдан толықтырып отырған еңбектердің ішінен табылып отыр. Сонымен қатар ауызша сөз мәдениетін шешендіктану саласымен байланыстыра зерттеген ғалымдар да аз емес. Мысалы: Ж.Дәулетбекова [13], А.Қыдыршаев [14], А.Жапбаров [15], М.Құдайбергенова [16], М.Әжіғалиев [17], Ж.Абилхаирова [18], А.Игінісова [19], Г.Чукенаева [20] т.б. сияқты ғалымдардың зерттеулерін атауға болады. Әсіресе, Г.Чукенаеваның диссертациялық жұмысында студенттердің сөйлеу тіліне (ауызша, жазбаша) жан-жақты талдау жүргізілген. Сонымен қатар, зерттеу тақырыбымызға тікелей қатысы бар еңбек Ж.Дүйсебекованың «Ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі» [21] диссертациялық жұмысы мен «Сөз мәдениеті және педагогикалық дискурс» [22] атты монографиясы болып табылады. Онда қазақ жастар тілінің ауызша тілі теориялық негізі жан-жақты қаралып, әдістемелік тұрғыдан қуатталған. Алайда жастардың қазақ ауызша тілін тұтыну мөлшерін, ниетін және ұсыныстарын білу, еліктейтін қазақтілді тұлғаларын анықтау, студенттердің шаршысөз тілін дамытудағы назар аударатын, басымдық беретін тұстарын болжау мақсатында жүргізілген осы зерттеу бізге осы уақытқа дейін ғылыми тұрғыда қарастырылмаған деректерді көрсетті. Сауалнамаға қатысушылардың дені қыздар болды. Бұл ұлдарға қарағанда қыздардың қазіргі таңда шаршысөз алдында сөйлеуге деген қызығушылығы мен белсенділігінің жоғары екенін көрсетеді.

НУ-ға түсетін студенттердің ағылшын тілі жақсы, себебі мұнда оқу тілі – ағылшын тілі. Сондықтан да университетте доминант тіл қызметіндегі ағылшын тілі олардың еркін сөйлейтін тіліне айналғанын көрсетеді. Ал СДУ-де оқу тілі ағылшын тілі болғанымен, кей педагогикалық мамандықтардың оқу тілі – қазақ тілі. Сонымен қатар біз сауалнаманы осы факультеттен алғандықтан еркін білетін тілі ретінде көбі қазақ және орыс тілін көрсетіп отыр деуге болады. Егер басқа мамандықтар да сауалнамаға қатысса, бұл жерден басқаша картинаны көруіміз мүмкін.

Зерттеу қорытындысы қазіргі жастардың әлеуметтік желілердегі өмірінде орыс тілінің коммуникативтік қызметінің жоғары екенін көрсетті. Ал қазақ тілін СДУ студенттері орыс тілімен қатар қолданса, НУ студенттері өте сирек қолданатыны байқалды. Яғни, НУ студенттерінің әлеуметтік ортада қазақ тілін қолдануы өте төмен. Ағылшын тілі туралы статистикаға қарасақ, НУ студенттері ағылшын тілін еркін білсе де, оны коммуникацияда қолдануы аз екені байқалды, яғни, ағылшын тілін әзірге академиялық білім алу мақсатында ғана қолдануда деуге болады.

Сондай-ақ сауалнама нәтижесі ақпарат алуда НУ студенттерінің көбі ағылшын не орыс тілін таңдайтынын анықтады. НУ халықаралық университет болғандықтан мұндағы студенттер түрлі әлемдік деңгейде ақпарат таратушы орталықтарды біледі және солардың ақпаратын сенімді деп қабылдайды. Және қазақ тіліндегі ақпараттарды өте аз студенттің тыңдап не оқитынын білдік. Мүмкін, студенттер қазақ тілді ақпараттарға сенімсіздікпен қарайды. Мұндай тұжырымға осы студенттердің сыни (критическое) ойлауының жоғары екендігі әкелді. Себебі НУ-ға оқуға қабылданар кезде бұл басты талаптың біріне кіреді. Ал СДУ студенттерінің көп бөлігі қазақ және орыс тілінде ақпарат алады екен. Одан кейінгі орында ағылшын, орыс тіліндегі ақпарат көздерін оқып, тыңдайтыны анықталды. Келесі көп пайызды орыс тілінде ақпарат алушылар алса, төртінші орында қазақ тілінде ғана ақпарат алушылар саны алды. НУ студенттерінен ақпаратты алуда ең төмен көрсеткішті қазақ тілі алса, СДУ-да ағылшын тілі болып тұр. Бұл жерде мамандықтары басты фактор болып отыр.

Респонденттердің жауабына қарап, қазіргі қазақ тілінің жағдайы жастарды ойландыратыны анық байқалды. Себебі екі университеттің студенттерінің көбі қазақ тілінің беделін көтеру мен оны қалай көтерудің жолын қарастыруды таңдаған.

Респонденттердің жауабы қазіргі жастардың қазақ тілінде сөйлейтіндерге деген қызығушылықтарының жоғары екенін көрсетті. Сонымен қатар қызықпайтындардың, мән бермейтіндердің саны бір-біріне жақын болды. “Жақсы сөйлейтіндер жоқ сияқты” деген жауапты екі университеттен де ешкімнің таңдамауы, қазақша жақсы сөйлейтіндердің бар екенін және оған олардың қызығатындарын анық көрсетіп тұр.

Екі университет студенттерінің де қазақ тілін жақсартуға деген ниеті басым шыққаны сауалнаманың ең басты және жағымды нәтижесі деп бағалаймыз. Яғни, қазақ тілінде жақсы сөйлейтіндер мен тілін одан ары жақсартқысы келетіндер, соның жолын іздеген жастардың көп екені үмітімізді оятып, сенімімізді арттырды.

Сонымен бірге екі университетте де қазақ тілінде сөйлейтін тұлғаларды ұйып тыңдайтындар саны көп екені анықталды. “Тыңдағым келеді, бірақ көбін түсінбеймін” деген сұраққа НУ студенттерінің пайызы СДУ-мен салыстырғанда біршама жоғары көрінді.

Жастардың қазіргі қазақ тілінде сөйлейтіндердің тілінен нені ұнатпайтындықтары да өте ұқсас шықты. Көбі қазақша сөйлейтіндердің «шұбалаңқы» және «қате сөйлейтінін» көрсетеді. Ең аз көрсеткіш – «логикасыз сөйлейді» деген ой.

Екі университет студенттерінің өздеріне ұнайтын тұлғалардың сөзінен не ұнайтыны сұралғанда, көп таңдаған жауабы “Анық, нақты сөйлейді” деген жауап болды. Яғни, студенттер үшін бұл маңызды, оларға ақпараттың неғұрлым анық, нақты берілгені дұрыс. Келесі көп респонденттің жауабы екі университет бойынша да “Таза қазақ тілінде сөйлейді” болды. Бұл жерде жастарға басқа тілдің сөздерін қосып сөйлеудің ұнамайтыны анық көрінеді.

Екі университет студенттері үшін адамдармен ауызша қарым-қатынаста ең қиыны «ойын толық, дұрыс жеткізе алмайтындықтары» екен. Бірақ өздерінің қазақша ауызша сөйлеу тілін бағалағанда “еркін сөйлеймін” деген жауапты таңдағандар көп пайызды алды. Сонда еркін сөйлей алғанымен ойын толық, дұрыс жеткізу олар үшін қиындық тудыратыны ерекше назар аударатын факт деп бағалап отырмыз. Сонымен қатар НУ студенттерінің ішінде тағы бір көп жауапты “сенімсіз сөйлеймін” деушілер алды. Бұның себебі осы университетте доминант тіл ағылшын болуынан деп ойлаймыз, ал СДУ студенттерінің арасында бұл жауапты таңдағандар пайызы мұндай көп емес, оның орнына “Қысқа қайырамын” дегендер көптеу болды.

Алдағы зерттеу жоспарында студенттердің ауызша сөйлеу тіліндегі ерекшеліктерді айқындау мақсаты бар. Негізгі түйіндерді сол зерттеуді біріктіре отырып жасаймыз. Ал әзірге мыналарды көрсете аламыз: 1) орыс не ағылшын тілді қазақ жастарының дені қазақ тілінің мәртебесін көтеруге ынталы; 2) жастардың қазақ тіліндегі шаршысөздерін жетілдіру жолдары мен әдістері шұғыл түрде қолға алынып, мемлекеттік деңгейде қарастырылуы қажет; 3) жастардың қазақ тілі тек қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде қадағалануы аздық етеді; 4) жастардың қазақ тілі орта білім мен ЖОО-нда оқытылатын барлық басқа пәндерде де басты назарға алынып отыруы қажет; 5) қазақ жастарының еліктейтін тұлғалары негізінен өзімен құрдас, не замандас әншілер, актерлер, вайнерлер, блогерлер болғандықтан осы қатардың қазақша сөйлеу тілін рецензиялауды ұйымдастыру қажет.

Қазақ халқы сөзді, сөйлеуді өнер деп таныған, жай әңгіменің өзін майын тамызып айтқан, әзіл, дөп тигізіп айту, шебер де шешен сөйлеу, өткір де тауып сөйлеу, жатық та, еркін сөйлеу, қарапайым сөйлеудің өзін ритмге құрып айту, ойын ашық және нақты айту, әуезді де әсем тілмен сөйлеген халық болған. Тәуелсіздік алғанымызға биыл 30 жыл болса да, қазақ тілі ҚР-ның мемлекеттік тілі болса да, тек міндетті орындарда сөйленетін, көп жағдайда орыс тіліне орын беретін тілге айналып отыр. Бұны көріп, сезініп отырған жас ұрпақ қазақ тілінің болашағына күдікпен де қарай бастады. Өз тілдері жасанды, орыс не ағылшын тілінен калькалап сөйлейтін болғандықтан, теледидар мен ғаламтордан естігендері де аударма қазақ тілі, ұлттық тілдің құрылымы мен стилі бұзылған тіл болғандықтан орыс не ағылшын тілінде сөйлеп, ақпарат алуға, білім алуға көндіккен, басқа жол іздемей, мойындаған.

Бірақ соған қарамастан, жүргізілген сауалнама қуанышты жағдайды көрсетті: қазақ жастары қазақ тілінің тағдырына алаңдаулы екен, бейтарап емес, студенттердің көбі қазақ тілінің беделін көтеру мен оны қалай көтерудің жолын қарастырғысы келеді. Қазақ жастарының тіліне көмек керек екені белгілі болды. Бұл зерттеушілер үшін күтпеген нәтиже еді. Жастардың шаршысөз тілін қалпына келтіру, дамыту, жетілдіру – бұл тілдің болашақтағы тағдырын айқындайды. Сондықтан зерттеуіміздің келесі сатыларында осы мақсатта жұмыс істейтініміз айқындалып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С.Исақова, Б.Мизамхан және т.б. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.

2 Назарбаев Н.Ә. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Сілтеме: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30929724#pos=4;-106

3 Қазақстан Республикасында тілдерді даму мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Сілтеме:<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1000001128>

4ҚР Білім және ғылым министрлігінің сайты. Сілтеме:
<https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/activities/272?lang=kk>

5 Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. Сілтеме: <https://stat.gov.kz/>

6 Norbert Pachler, Teaching modern foreign languages at advanced level. Routledge, 1 ноябрь. 2002. – 376 p.

7 БейсенбаеваЗ. Тілмәдениеті. – Алматы, 2005. – 136 б.

8 БейсенбайқызыЗ. Сөзмәдениетінің негіздері. – Алматы, 2007. – 160 б.

9 ӘлметоваӘ. Сұхбаттасу мәдениеті. – Алматы: Толағай, 2007. – 316 б.

10 ӘлкебаеваД. Сөзмәдениеті: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 214 б.

11 АбдулжановаЗ. Ауызшатиіндегі тілдік бірліктердің қатысымыдық сипаты: филос. докторы (PhD) ғыл. ... дис. 15.00.03. – Алматы, 2014. – 150 б.

12 Айтмұхаметова Қ. Институционалды коммуникация: дәрігер-науқас (сөз мәдениеті аспектісі): филол. ғыл. канд. ғыл. ... дис. – Алматы, 2003. – 135 б.

13 Дәулетбекова Ж. Сөз мәдениетін оқыту: ғылым мен білім тоғысында: монография. – Алматы: «РАДиАЛ» баспасы, 2007. – 216 б.

14 Қыдыршаев А. Шешендік тануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (жоғары оқу орындарының гуманитарлық бөлімдері бойынша): пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2001. – 293 б.

15 Жапбаров А. Қазақ тілін оқыту арқылы тіл дамытудың әдіснамалық және әдістемелік негіздері (V-IX сыныптар): пед. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2004. – 332 б.

16 Құдайбергенова М. 10-сынып оқушыларының сөйлеу мәдениетін қалыптастыра оқытудың әдістемесі (қоғамдық-гуманитарлық бағыты): пед. ғыл. канд. ... автореф. – Көкшетау, 2010. – 23 б.

17 Әжіғалиев М. Жоғары оқу орындарында «Педагогикалық шешендік тану» курсының оқытудың әдістемелік жүйесі: пед. ғыл. канд. ... автореф. – Көкшетау, 2010. – 24 б.

18 Абилхайрова Ж. Филолог-студенттердің тіл мәдениетін жетілдіру әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... дис.: 13.00.02. – Алматы, 2010. – 132 б.

19 Игісінова А. Мектеп оқушыларының сөз мәдениеті. – Алматы, 2001. – 160 б.

20 Чукунаева Г. Лингвоэкологияны жоғары оқу орындарында оқыту әдістемесі: филос. док. (PhD) ... дис. – Талдықорған, 2018. – 197

ӘОЖ 82. 341.078

ҒАЛЫМ, АЗАМАТ А. БЕЛБОТАЕВ ҰСТАЗДЫҒЫНЫҢ ТҮРКІСТАНДАҒЫ КЕЗЕҢІ

ИСЛАМ ДОСБОЛ АМАНГЕЛДІҰЛЫ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.

Ол кезде Түркістан аудан орталығы ғана еді. Біз студент едік. Студент болғанда да анау-мынау емес, бүкіл Түркі дүниесі үміт артып отырған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің студентіміз. ХҚТУ-де оқу қандай мәртебе екенін жастық көңілімізбен одан әрі биіктететін шағымыз. Түркістан ауданы зиялыларының президентімізге хат жазып, Түркістанның қала статусын алған кезеңі де осы шақтың еншісіндегі сәттер. Біздер кімдерден дәріс алмадық деп отыратын беделді ЖОО-ын мақтанышпен айтатын басқалармен де сөз таласқа түсуімізде ХҚТУ арқасында. Шынына бақсақ, олай мақтануымызға жағдай жасаған аяулы ұстаздарымыз екен. Қыдырәлі Саттаров, Темірғали Есембеков, Сейітқали Мадуанов, Жұмабай Әбілов, Сейсенбай Құдасов, Мақсат Әліпхан, Жабал Шойынбет секілді тұрақты ұстаздар қатарына Мекемтас Мырзахметов, Рахманқұл Бердібай секілді абыздар келіп қосылды. Қосылғаны сол бізге тиянақты дәріс берді. Осы арада ұстазымыз Құлбек Ерғөбек келіп, апталап сабақ өтетінді шығарды. Құлбек Ерғөбекпен бірге апталап Рымғали Нұрғали, Зәки Ахметов лекция оқитын. Тәлімгеріміз Мұрат Мырзахметовтің ол кезде не бәрі 30 жастың о жақ бұ жағындағы кезі екен ғой. Сол кезде өте жас көрінетін ұстаздар қатарында Алмасбек Белботаев, Мырзахмет Балаубеков,

Гүлімжан Жылқыбай, Сапарбек Ергөбек, Нағима Қошановалар бүгінде зейнет жасына жетіп біздерді де үлкейтіп жіберіпті-ау.

Осында аты аталған әрбір ұстаз жайында әңгіме тиегі болашақта ағытыла бермек. Ұстазымыз Алмасбек Белботаев бізге тілден сабақ берді. Қалай бергені еміс-еміс есімде. Сірә, Алмасбек ағайымыз бізді көп еркелеткен болуы керек. Сабағына толық қатысып та жарытпадық-ау.

Бірақ, оның өзіндік үш себебі бар болатын. Біріншісі, алғырлығымыздан болар сабаққа екі-үш апталап бір соққанымызда бір тапсырмасын жаттап айтып, мәз ғып кетеміз ғой баяғы. Екінші себебі, ұстаздың ақ көңілдігінен, жанашырлығынан туатын жақсылық болса керек. Екінші себептің бәлкім табиғи жалғасы үшінші себеп, Алмасбек Батанұлының кіші інісі Ардақ Белботаның бізбен бір топта оқуынан шығар. Ақсақал Батан атамыздың кіші ұлы Ардақ бізбен оқыса, қарияның баласы деп Алмасбек ұстазымыз елбектесе, бізді де бірдей еркелетпеуіне ұстаздың шарасы да қалмаған болуы керек. Алмасбек ұстазымыздың үйіндегі апайымызды «жеңше» - деп атайтын Ардақ тұрғанда бізде не қам болуы керек. Қазір ойлап отырсақ, бұл да бір қазақтың өз болмысынан туындайтын үлкендік дүниетаным арнасының жемісі екендігіне көз жетеді. Шалдың баласы болу көкірегіңе мейірім ұясын орнату. Ардақ секілді біз де бір әулет қариясының баласы едік. Сондықтан болар ұстазымыз Алмасбек Батанұлы шәкірттеріне үлкен аға-көкесіндей жақын болды. Ұстазымыз бірде жаңа үйге көшкенде кітап тасығанымыз, сарғыш-сарғыш архив құжаттарындай бумалар көргеніміз еске түседі. Ұстаз үйінен көрген газел толарлық кітаптар мен сарғыш қағаздар ағайдың ғылым жолындағы бейнетінің куәсі екен ғой деп ойлаймын.

Ұстазымыз ағамыздай болып кеткесін бе, бізге кейінде кітаптарын қолтаңбамен бере қоймады. Біз де сұрап алмадық. Сондықтан ұстаз, тілші ғалым Алмасбек Батанұлының ғылымдағы жолын тілші ғалымдар тереңдеп талдай жатар. Мен тек осында келер болған соң, ұстаздың Түркістан кезеңі мен өмірдегі тәлімін еске түсіріп мықтылығына баға беріп ойымды өлең сөзбен жеткізгім келді. Айтпақшы, бізбен бірге оқыған шалдың баласы қазір Түркістандағы Өзбек мектебінің дүрдей мұғалімі. Ұстаз, Аға келіні де ағасы шәкірттерінің бірі. Ардақтың өзі де келін алып немере сүйіп отыр. Қазақы жолмен азамат, ғалым ағамыз Алмасбек Батанұлына шөбере-шөпшегіңіз көбейе берсінді тіледім.

Алмасбек Батанұлы!
Бүгінде қатары ірі.
Өмірі қазақ тілі
Ғылымда атағы ірі.
Жетпіс бес төріне кеп,
Бергенде батаң тірі.
Әлі ақ жүзге жетіп,
Ақ таңың атар ұлы,
Алмасбек Батанұлы!

Қазақтың Алмасбегі!
Жақсының жалғас тегі
Зейнетте ақ еңбектен,
Арманда қалмас кегі.
Кітабың тілді зерттеп,
Бармғаған қалмас төрі.
Зерттеулер танымына
Жас ұрпақ жармас бері
Өзімдей қандас бөрі,
Қазақтың Алмасбегі!

Шөбіндей зер – жотаның,
Жайылсын өрде отарың
Отарың еңбегің ғой
Еңбектің берме тағын.
Таразда менде оқыдым
Менің де ел-Отаным,
Отанға сенде табын.

Тағы да жина жұртты,
Таразда жүзге жетіп,
Жақсының бер атағын,
Ұрпағы Белботаның!

ӘОЖ 81'1:81'32

ТІЛТАНУШЫ – А.Б.БЕЛБОТАЕВ

ШОРМАҚОВА СӘУЛЕТ МЕДЕУБЕКҚЫЗЫ

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доцент м.а., ф.ғ.к.
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассмотрен грани языкознания профессора международного Таразского инновационного института им. Ш. Муртазы, кандидата филологических наук, доцента Алмасбека Белботаева.

Summary. The article examines the facets of linguistics by Professor of the International Taraz Innovation Institute named after Sh. Murtaza, Candidate of Philological Sciences, associate professor Almasbek Belbotayev.

Ш.Мұртаза атындағы халықаралық Тараз инновациялық институтының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Алмасбек Батанұлы Белботаев – тілтанушы ғалым. Ғалым табиғатын өзі меңгерген ғылымның табиғатымен өзінің талантын бірлікте қарастыру қажеттігін ескерсек, тілдің табиғатын танып, зерттеудің де өзіндік қиындығы бар. Оны зерттеу үшін оның әлеміне, шынайы табиғатына ену қажет. Тілдің табиғи қалпын сақтап, қалыптастырып, дәстүрлі түрде жалғастыру үшін өмір бойы ізденіс қажет болса, оны зерттеу қазақи танымы терең, рухты болмысы қалыптасқан жанның қолынан келеді. Осы тұрғыдан келгенде, ғалым А.Белботаевтың лингвистика мәселелеріне арналған еңбектері ұлттық сананы оятатын рухани құндылықтарды терең ашып көрсететін дүниелер екендігін атап көрсетуге болады.

Қазақ тіл білімінде Кеңес Одағы кезінде-ақ компьютерлік лингвистика саласының қалыптасуы Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институтында 1969 ж. өткен «Түркі тілдерін статистикалық және ақпараттық зерттеу» атты Бүкілодақтық ғылыми жиыннан бастау алады. Қазақ тілінің жаңа ғылыми-инновациялық қолданбалы саласы ретінде қалыптастыру мақсатында 1970 ж. математикалық статистика саласының маманы, белгілі математик, ғалым – Қалдыбай Бектаевтың жетекшілік етуімен институтта «Тіл статистикасы және автоматтандыру» атты ғылыми топ құрылды.

Осы топтың ішінде ғалым А.Белботаев та өз еңбегін сіңірді. Сол кезеңнен бастап, қазақ тілін статистикалық тұрғыдан зерттеу ісі жүйелі түрде қолға алынып, өз нәтижелерін бере бастады.

Отандық түркітану ғылымы үшін ортағасырлық жазба ескерткіш «Кодекс Куманикус» мәтіні тұңғыш рет ЭЕМ жадына енгізіліп, ол бойынша ЭЕМ көмегімен алынған «Куманша-қазақша жиілік сөздігі» қазақ тіл білімі үшін аса бағалы зерттеу жұмысы болды. Ал 1979 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген М.О.Әуезовтің «Абай жолы» романының жиілік сөздігі» атты ұжымдық лексикографиялық еңбек те ғылыми топ қызметкерлерінің (А.Жұбанов, А.Зекенова, А.Белботаев, К.Алдабергенова) статистикалық лингвистика саласына қосқан елеулі еңбегінің нәтижесі екендігі даусыз.

Сондай-ақ, К.Бектаев, А.Жұбанов, С. Мырзабеков, А. Белботаевтың «М. Әуезовтің 20 томдық шығармалар текстерінің сөздігі»; К.Бектаев, А.Белботаев, К.Молдабековтің «Ғ.Мүсіреповтің «Кездеспей кеткен бір бейне» повесінің негізінде құрастырылған әліпбилі жиілік сөздігі»; А.Белботаевтың «Математика тексінің алфавитті-жиілік сөздігі», «Құманша-қазақша жиілік сөздігі», Әуезовтің «Өскен өркен» романының жиілік сөздігі», «Қараш-қараш оқиғасы» повесінің алфавиттік-жиілік сөздігі» құрастырылды.

А.Белботаевтың тіл жанашыры ретінде еңбектерін атап өтуге болады. «Қазақ тілін үйренушілерге» арналған кітап құрастыруға қатысты. Мұның барлығы ғалым тұлғасына тән еңбекқорлығын көрсетеді.

Тағы бір қыры, 1978-1984 жылдар аралығында қазақ әліпбиімен (төте жазумен) жарық көрген «Біздің Отан» газетінде мақалалары жарық көрген. Атап айтсақ: 1978 жылы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері болып тұрған кезінде «Біздің Отан» газетінің № 21 (47) санында «Кодекс Куманикус туралы» атты мақаласы, 1983 жылы №2 (148) санында Қазақ ССР ғылым академиясы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері Ғ.Әнесовпен бірге: «Жай түркіліктер бай құты», №№11 (157) санында «Бір бала бақшада», №12 (158) санында «Байзақов көшесіндегі бір бақшада» атты мақалалары, 1984 жылы №16 (186) санында Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері Ғ.Әнесовпен бірге «Сөздік морфологиялық құрылымы», №20 (190) «Жаңа мектеп» атты мақалалары. Бұл тұста ғалымның А.Байтұрсынұлының жолын жалғастырып келе жатқан патриоттығын, қоғамға деген жанашырлығын байқаймыз.

Жалпы ғалымның тілтану саласында жас ұрпаққа берер дүниесі салмақты, ойы жүйелі, танымы терең, айтары айқын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қ. Жұбанов, А. Белботаев, Қ.Б.Бектаев, С.Мырзабеков М.О.Әуезовтің 20 томдық шығармалар текстерінің жиілік сөздіктері. – Алматы: Түркістан, 1995. – 346б.

2 Қ. Жұбанов, А. Белботаев, З.А.Сиразитдинов О лингвистических исследованиях с применением вероятностно-статистических методов в тюркских языках // Статистика казахского текста. Выпуск II. – Алматы: Ғылым, 1990. – С. 21-31.

3 А. Белботаев Жиілік сөздіктері. «Мәдениет» журналы. Маусым №6 (178)

ӘОЖ 82.09

ТІЛДІК ТҮЛҒАНЫҢ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ МӘТІНДЕРІНДЕГІ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ

КЕМБАЕВА АЙНУР ТУРАРОВНА

PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Аннотация. Общеизвестен факт, что в связи с преобразованиями в обществе и новыми требованиями современности развивается не только характер устного взаимодействия между людьми, но и форма письменного общения. В этом отношении традиция написания писем является одним из средств общения. Это жанр, имеющий огромное историческое и культурное значение, одна из древнейших форм письменной речи. Изучение данного жанра является одной из проблем современной лингвистики.

Данная статья посвящена текстам, написанным в эпистолярном жанре, народным писателем Казахстана, общественным деятелем Ш. Муртазой. Целью статьи является анализ и обоснование того факта, что одним из отличительных языковых признаков эпистолярных текстов Ш. Муртазы является уровень его прагматических и философских рассуждений.

Анализируя, уточняя и выявляя общие особенности, определены пути создания таблиц слов с целью достижения прагматической цели письма и создания функционально-прагматической модели открытого письма.

Исследование проводилось с использованием художественных средств и описательного метода.

Abstract. Due to the changes of time and society, it is known that the communication among the human beings is developing not only orally, but also in a written form. From this point of view, the tradition of writing a letter is one of the means of communication. This is a genre of great historical and cultural significance, which is one of the ancient forms of written language. The study of this genre is one of the new issues in modern Kazakh linguistics.

This article is devoted to the epistolary texts of Sh.Murtaza, who is a folk writer and public figure of Kazakhstan. The aim of the article is to analyze the genre and prove that the pragmatic level and philosophical views of Sh. Murtaza in his epistolary texts are another characteristic of his linguistic personality.

The application of the comparative and analytical methods for finding a coherent framework of how the writer creates and prepares tables of the text word in accordance with the pragmatic goal set by him while writing letters, allows to create a functional-pragmatic model of open writing and analyze the features of the texts of letters.

Research work was carried out using descriptive methods and descriptive tools.

Тіліміздегі эпистолярлық стиль ресми стильмен қатар жүргені белгілі. Біз зерттеу нысанына алып отырған эпистолярлық стиль хат мәтінінің тілдік ерекшелігін қарастырады. Зерттеуші ғалымдардың пікіріне сүйенсек, Р.Сыздық: эпистолярлық стиль – жеке адамдардың бір-біріне жазысқан хаттарының тілін танытатын сөз мәнері [1, 282 б.] - деп анықтама береді.

Көптеген ғалымдар хатты эпистолярлық стиль, эпистолярлық әдебиет, эпистолярлық жанр деп атап жүр. Эпистолярлық сөзі гректің *epistole*, яғни хат деген мағынадан шыққан ұғымды білдіреді. Эпистолярлық - хатқа тән; хат түрінде жазылған; хаттан тұратын деген ұғымдарды береді [2, 624 б.].

Қазақ Совет энциклопедиясында: эпистолярлық әдебиет, эпистолиграфия (грекше жолдау, үндеу) – сан алуан хат түрінде жазылған шығарма. Эпистолярлық әдебиетке жеке адамдардың бір-біріне жазған, мәдени маңызы бар, әдеби мұраға айналған хаттары да жатады деген түсінік беріледі [3, 453 б.].

Олай болса, хат деп белгілі субъектінің екінші біреуге, бірлестікке, қоғамға, мекемеге арнап жазған жеке туындысын айтамыз. Хат жазу барысында нақты тұрақталған үлгісі болмаса да, белгілі бір жазу мәнері бар. Сонымен қатар, бірінші жақтан баяндалып, нақтылы мекенжайға жіберіледі.

Жұмысымыздың зерттеу нысаны болып отырған Шерхан Мұртазаның эпистолярлық жанрдағы прагматикасының өзіндік ерекшелігін анықтау үшін, төмендегідей мақсат-міндеттерді орындау қажет:

1) Ш. Мұртаза - публицистика мен эпистолярлық жанрда елеулі еңбек еткен талантты сөз зергері. Мақалада жазушының хаттарын арқау етіп, мазмұндық тұрғыдан жүйелеп, хаттары арқылы, яғни эпистолярлық жанрды байыту арқылы биіктей түсетін қайраткерлік тұлғасын тілдік тұрғыдан талдау.

2) Ш. Мұртазаның хаттарын тілдік тұрғыдан зерттей отырып, жазушының ойлау және сөйлеу кезіндегі жай-күйін зерделеп, коммуникацияны ұйымдастыратын алғышарттардың бірі – прагматикасын талдау.

Ш. Мұртаза публицистика мен эпистолярлық жанрда елеулі еңбек еткен талантты сөз зергері. Жеке басының қамын ойламай, бүтін бір халықтың рухын көтеруге қызмет еткен ардагер жазушы қандай жоғары дәрежедегі қызметтерді атқарса да өз ұстанымынан танбай, үнемі халық қамын, ұлт мүддесін жоқтап, шындықты жалтармай, тура айтқан. Осыған байланысты жазушының хаттарын мазмұндық тұрғыдан жүйелеп, хаттары арқылы, яғни эпистолярлық жанрды байыту арқылы биіктей түсетін қайраткерлік тұлғасын тілдік тұрғыдан ашуды мақсат еттік.

Заман мен қоғам өзгерістеріне орай адамзат баласының қарым-қатынасы тек ауызша сипатта ғана емес, жазбаша сипатта да дамып жатқаны белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, хат жазу дәстүрі – қарым-қатынас құралының бірі. Бұл – тарихи және мәдени мән-мағынасы зор жанр, жазба тілдің ежелгі формаларының бірі. Қазіргі қазақ лингвистикасында бұл жанрды зерттеу – тың мәселелердің қатарында.

Әсіресе, ұлт ұстындары, біртуар азаматтардың тарих қойнауында жатқан эпистолярлық жанрға жататын туындыларын тілдік тұрғыдан қарастыру, сипаттау, лексика-семантикалық талдау жасай отырып, когнитивті-концептуалды талдау тәсілдерін қолдана отырып зерттеу – негізгі мақсатымыз.

Коммуникативті-прагматикалық тіл білімі сөйлеу актісі, сөйлеу жағдаяты, сөйлеу актісіне қатысатын просодикалық элементтер мен бейвербалды тілдік бірліктердің коммуникативтік-прагматикалық қызметін қарастырады. Прагматика – коммуникация кезінде міндетті түрде болатын, коммуникацияны ұйымдастыратын алғышарттардың бірі. Қандай да бір тіл бірліктерінің қолданысы, ойдың жеткізілуі прагматикалық сипатта өтеді. Осымен байланысты сөйлеу жүйесінде тіл бірліктерінің коммуникативтік-прагматикалық қызметі деген терминдер бірге қарастырылады.

Тілші ғалымдардың көзқарастарында прагматиканың (прагмалингвистика, лингвистикалық прагматика, прагматикалық лингвистика) лингвистикалық мәні әр түрлі сипатталуын А.А.Мацлер бұл пікірлердің бәрі де тілді «өз ішінде өзі үшін» емес, қарым-қатынас құралы ретінде

қарастырылатындығын, және тілдік қатынастың прагматикасын тілдік таңбалардың қарым-қатынасынан емес, қатысымға қатысушы адамдардың қарым-қатынас аясынан іздеу керектігін түсіндіреді[4,103 б.].

Қарым-қатынас пен сөйлеу әрекеті – прагматиканың бір-бірінен ажырамас бөлігі. Прагматикалық сөйлеу әрекетінің негізінде адамдардың бір-біріне тіл арқылы ықпал ету, әрекетке итеру ұғымдары жатады. Бұл ұғымдар қарым-қатынасқа қатысушы коммуниканттардың мақсатынан туындайды. Демек, сөйлеу әрекетін тудыратын – сөйлеушінің мақсаты. Жалпы қайсыбір сөйлесімнің прагматикасы болмасын, нақты жағдайдағы адамдардың қандай мақсатпен сөйлеп тұрғанын анықтауды мақсат тұтады [5, 57 б.].

Олай болса, Ш.Мұртазаның эпистолярлық жанрдағы прагматикасының хаттарында берілуінің өзіндік ерекшеліктерін талдау басты мақсат.

Қайраткер шығармашылығының үнемі даму мен жаңару жолында болған қазақ қоғамында, терең ойлы кеңістікте, бүтіндей түркілік қоғамда, әлеуметтік ортадағы орны өзінше бір төбе десек болады. Өйткені, суреткердің өз заманында қалам тартқан тақырыптары мен өзекті мәселелері - сол заманның негізгі басымдықтары. Қоғам дамуында болып жатқан кері құбылыстармен күресу барысында нысанаға дәл тиетін көркем әрі өткір тілі, ойын орамды бере алатын публицистік шеберлігі қазіргі буын үшін үлгі аларлық шеберлік мектебі.

Әр стильдің лингвистикалық тұрғыдан алғанда, сондай-ақ экстралингвистикалық тұрғыдан алғанда да, өзіне ғана тән белгілері болатындығы анық [6, 39 б.]. Сондықтан, эпистолярлық стиль де өзіндік ерекшеліктері арқылы дараланып тұрады.

Профессор Б. Шалабай: тілде функционалды стильдік және стилішілік жіктеліс өте күрделі, сан тармақты болып келеді, - дейді [7, 74 б.].

Эпистолярлық публицистиканың жанры - хаттың тарихы өте ерте замандардан бастау алады. Алғашқы адамдар дүниеге келіп, бір-бірімен хабар, ақпарат алмасу мақсатында алдымен белгі, сурет, бейнелер арқылы байланысса, кейіннен хаттардың көмегімен елдік мәселелерді де шешіп отырған.

Осыдан келіп, зерттеуге лайық өз алдына бір жанр (эпистолярлық) ретінде Ш.Мұртаза хаттарын алуды ұйғардық. Өйткені Ш.Мұртазаның жазған немесе жазушыға біреулердің жазған хаттарынан, ол бойынша жүргізген зерттеулерінің нәтижелерінен қайраткердің ішкі жандүниесін, болмыс-бітімін, оның нақты тұлғасын тереңірек білуге зор мүмкіндік туады. Соңғы жылдары эпистолярлық мәтіндерді зерттеуге ерекше мән беріліп келеді. Бұл бағытта А.А.Акишина, Н.И.Белунова, Н.Ю.Бусоргина, Н.В.Глухих, Н.А.Ковалева, Л.В.Нижникова, Е.В.Полякова, Н.В.Силаевалардың зерттеу еңбектерін негізге алуға болады.

Қазақ тіл білімінде эпистолярлық жазбаларды зерттеген Р.Сыздықова, Б.Әбілқасымов, Қ.Ергөбек, М.Балақаев, Е.Жанпейісов, Л.Дүйсембекова, Г.Әбікеновалардың еңбектерін атап өтуге болады.

Эпистолярлық мәтін – концептуалды, ақпаратқа толы және прагматикалық мәні зор жазбаша шығарма. Оның негізгі категориялық белгілері: әр түрлі тақырып, стандартты жүйесі және адресатқа бағытталуы.

Оның шебер публицист ретінде танытатын туындылары - ұлттық әдебиетіміздің публицистика жанрына қосылған тағылымды дүниелер.

Тілдік тұлғаның эпистолярлық стильде жазылған сүбелі дүниелерінің қатарында – еліміздің іргелі баспасөзі «Егемен Қазақстанда» жарияланып отырған Камал Смайыловпен жер мен елдің тағдырын тереңінен қозғап, қазақ оқырманына үлкен ой салған эпистолярлық жанрдағы хаттары.

«Эпистолярлық жанр – еркін жанр. Мұнда нақтылық та, еркіндік те кездеседі. Бір ерекшелігі хатта сезім, көңіл-күй бар. Эпистолярлық жанр - публицистиканың негізгі жанрларының бірі. Ертеден бері хат біреудің біреуге деген жолдауы деген мағынаға ие. Алайда, хаттың авторы мен адресат атақты адам болған жағдайда және мәтін әлеуметтік мәселеге байланысты болса, хаттар қоғамдық маңызы бар мәнге ие бола отырып, саяси талдаудың құралына айналады. (Отандық тарихтан – Шоқан Уәлихановтың орыс достарына жолдаған хаттары, қазіргі хат жанрының үлгісіне К.Смайылов пен Ш.Мұртазаның бір-біріне жазған хаттары). Осындай хаттар мерзімді баспасөз пайда болғанға дейін де болғаны белгілі» [8].

Жазушының эпистолярлық сөйлеу мәнері өте ерекше, бұл көркем мәтіндерімен салыстырғанда оның хаттарының өзіндік ерекшелігі туралы айтуға мүмкіндік береді. Онда көркем шығармаларда жоқ көптеген көркем және публицистикалық қоспалар, көбірек ауысулар мен реңктер бар. Идиолексиконның ерекшеліктерін атап өтіп, Ш. Мұртазаның эпистоляриясында ең

көп сұранысқа ие лексемаларға тоқталсақ. Мәселен, жиі қолданатын лексемалардың қатарында *отансүйер* сөзі бар. «*Не керек? Бінта керек. Отансүйер маздаған жүрек керек. Жүрегімізде Отансүйер маздаған от жоқ. Бықсыған түтін ғана бар*» [9, 26 б.].

Отансүйгіштік, Отанды сүю тәрізді тіркестер мен лексемалардың тілімізде көптеп қолданылып жүргені белгілі. Жазушы мұнда «Отансүйгіш маздаған жүрек керек» деп қолданса да болар еді, Дегенмен, тілдік тұлғаның өзіндік сөз қолданысының ерекшелігін осы тұста да аңғара аламыз. Жалпы, отансүйгіштік қасиет – адамның еліне қатысты сезінетін терең, жасырын, кей кезде бейсаналы сезімі.

Ш.Мұртазаның философиялық пайымдаулары – оның тілдік тұлғалық қасиетін ерекшелейтін тағы бір белгісі. Қазақ халқының рухани болмыс-бітімі мен оның ойлау жүйесін жетілдіру – Шерхан Мұртазаның тілдік тұлғасының ерекше қырларын аша түседі. Прагматикалық деңгей – ұлттық сипаттан анық байқалатын тілдік тұлға деңгейі. Сондықтан да, ұлттық мәдениет өлшемдері тілдік тұлғаның халқына қарата айтқан, ой сана жеткізген прагматикаға толы үндеулерінен анық байқалады. Демек, Ш.Мұртаза тілдік тұлғасының прагматикалық деңгейі оның халқын сүю, ұлтын ұлықтау, оларға насихат айтууәж, мақсаттарынан тұрады.

Бұл пікірдің қалтқысыз айтылғанына Ш.Мұртазаның әрбір мақаласы мен хаттары - толық дәлел.

Қорыта айтқанда, қазақ эпистолярлық стилі бар, ол ресми стиль ішінен орын алатын, ауызекі стиль элементтері жиі ұшырасатын, өзіндік жазу мәнері бар шағын стиль болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. –Алматы, 2004. -282 б.
- 2.Словарь иностранных слов. –М., 1988. – 624 с.
- 3.Қазақ совет энциклопедиясы. Том 12, –Алматы, 1978. -598 б.
- 4.Мацлер А.А. Прагматика коммуникативных единиц. –Кишинев, 1990 -1036
- 5.Тяжина Е.Б. Прагматический аспект междометий. (на материале казахского и французского языков): дис. ... канд. Филол. Наук. –Алматы, 2006. –150с
- 6.Серғалиев М. Стилистика негіздері. -Астана, 2006. -271 б.
- 7.Шалабай Б. Қазақ стилистикасы ғылымының алдында тұрған міндеттер Қазақ филология ғылымы: тарихы, бүгінгі және болашағы.- Алматы, 2003.- 73-75 б.
- 8.kazak-baspasozindegi.pdf (enu.kz)
- 9.Мұртаза Ш., Смайылов К. Елім, саған айтам, ел басы сен де тыңда! – Алматы: Қазақстан, 1998. – 176 б.

ӘОЖ 82.725.09

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ МАЗМҰНЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ ЛИНГВОСТАТИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

МАМЫТКЕРИМОВА ЭЛЬМИРА ТЫНЫШБЕКОВНА

Тұрар Рысқұлов атындағы №20 білім беретін орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

ДЕМЕСИНОВА САҒЫНЫШ ДЕМЕСИНҚЫЗЫ

Тұрар Рысқұлов атындағы №20 білім беретін орта мектебінің директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. Статья посвящена лингвостатистическому исследованию языковых особенностей быта и традиций казахского фольклора. Фольклорные тексты играют важную роль в выявлении менталитета казахского народа и определении основы народной культуры, так как они фактически являются "памятью" народа, высокой культурой народа. По этой причине лингвистика имеет важное значение в антропогенной лингвистике. Фольклор - это источник информации об истории народа, этнографии, верованиях, традициях, национальной психологии, национальных ценностях, то есть о содержании культуры и скрытом менталитете этноса. Изучая лингвистические особенности традиции, рассматриваемых в качестве предмета исследования, можно выявить менталитет, когнитивную и национальную идентичность простого народа в эпоху этих сказок. От

лингвостатистического анализа к тексту, видно, что язык и его совокупная и когнитивная функции очевидны. Таким образом, мы видим, что фольклор может быть средством демонстрации менталитета народа.

Summary. The article is devoted to the lingostatistical study of the linguistic peculiarities of life and traditions of the Kazakh folklore. Folklore texts are important in identifying the mentality of the Kazakh people and defining the basis of folk culture as they are actually the "memory" of the people, the high culture of the people. For that reason, linguo-linguistics is important in anthropogenic linguistics. Folklore is a source of information about the history of the people, ethnography, beliefs, traditions, national psychology, national values, that is, the content of the culture and the hidden mentality of ethnicity. By studying the lexical layer and linguistic peculiarities of the traditions considered as the subject of the research, it is possible to recognize the mentality, cognition and national identity of the common people during the era of these fairy tales. From the lingostatistical analysis to the text, it is clear that the language and the cumulative and cognitive function are obvious. Thus, we can see that folklore can be a means of demonstrating the mentality of the people.

Ертегілер халқымыздың тарихын, дүниетанымын, тұрмысы мен салтын, әдет-ғұрпын, наным мен сенімін білдіреді. Қазақ ертегілері тақырыптары, көтерген мәселелері, мазмұнына байланысты қиял-ғажайып ертегілер, тұрмыс-салт ертегілер, жан-жануарлар немесе хайуанаттар туралы ертегілер, шыншыл ертегілер және әдеби ертегілер болып бөлінетінін білеміз.

Лингвистикалық статистика:

1) кең мағынада тіл ғылымының статистикалық әдістерді қолданатын саласы;

2) тар мағынада тілге байланысты математиканың кейбір мәселелерін, атап айтқанда, мәтіндегі тілдік бірліктердің статистикалық жіктелуін зерттейді. Лингвостатистиканың алғашқы материалы мәтін және оның грамматикалық бірліктері (әріп, дыбыс, жалғау, жұрнақ, сөз, сөз тұлға, сөз тіркестері, сөйлем).

Лингвостатистикада олардың тілдік тұлғасына сандық сипаттамалар жасалады, яғни мәтіндегі қолданысы, кездесу жиілігі, үлестірімдік заңдылықтары, жалпы табиғи сипаты зерттеледі. Лингвостатистикада ең көп тараған әдіс Ципф заңына (АҚШ) негізделген талдау әдісі болып табылады. Ол бойынша $F \times i = \text{const}$ теңдестігі анықталады, мыс., F - жиілік сөздігіндегі сөздің жиілігі, i - сөздің рангісін, яғни жиілігі төмендеуіне қарай реттелетін тізімдегі нөмірін білдіреді. Лингвостатистикада зерттелетін тіл бірліктерінің сипатына қарай: фонологиялық, лексикалық, грамматикалық, стилистикалық, типологиялық, хронологиялық статистика деп аталатын салаларға бөлінеді. Қазақ тілі біліміндегі лингвостатистиканың міндеті – қазақ мәтіндерінің материялына сүйене отырып, статистикалық талдау арқылы ертегілердің лексикалық ерекшеліктері мен тілдік ерекшеліктерін статистикалық құрылымдарының заңдылықтарын анықтау. Қазақ лингвостатистиканың негізін салған Қ.Б. Бектаев.

XIX ғасырдың өзінде В.фон Гумбольдт этникалық бірегейліктің бастауы ретінде «халық рухы» идеясын ұсынған. Фольклор тілі – халықтың тарихы, этнографиясы, сенімі, салты, ұлттық психологиясы, ұлттық құндылықтары, яғни мәдениет мазмұнын құрайтын және жасырын түрде этникалық ментальдылық туралы ақпарат беретін қайнар көзі. Зерттеу нысаны ретінде қарастырып отырған ертегілердің лексикалық қабаты мен тілдік ерекшеліктерін зерттеу арқылы осы ертегілер пайда болған кезеңдегі қарапайым халықтың ой-санасын, таным-түсінігін, ұлттық болмысын тануға болады. Ертегілер жанрлық, әрі сюжеттік құрамы жағынан әр алуан. Ол іштей бірнеше жанрға бөлінеді: С.А.Қасқабасовтың «Ой өріс» еңбегінде қиял-ғажайып ертегілер, батырлық ертегілер, хикаялық (новеллалық) ертегілер, тұрмыс-салт, хайуанаттар туралы ертегілер, сатиралық ертегілер деп жіктелген [1,157-202бб.]. Бабалар сөзі жүз томдығының 73-77-томында (2011 ж.) хайуанаттар туралы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілер, батырлық ертегілер, хикаялық (новеллалық) ертегілер, сатиралық ертегілер көрсетілген [2, 62-76б.].

Ғалым Ә.Қоңыратбаев: «Қазақ ертегілерінің қай түрі болса да замана елегінен өтіп, халық санасына сіңіп кеткен сюжеттер. Онда бірқатар елдерге ортақ әрі төл сюжеттер болып жүрген мотив-образдар аз емес», – деп айта келіп, қазақ ертегілерін тақырыбына қарай: «мифтік ертегілер, хайуанаттар туралы ертегілер, тұрмыс-салт ертегілері», – деп бөліп қарастырады. Қазақ ертегілері мен әлем, түркі тіліндегі сюжеттік ұқсастықтар, кейіпкерлерінің ортақтығы, олардың әр ұлттың таным-түсінігіне қарай құбылу жайы арнайы қарастыруды қажет ететіні сөзсіз. [3, 28б.]. Ғалым М.Ғабдуллин: Қазақ ертегілер мазмұнына, әр алуан ерекшеліктеріне қарай бірнеше түрге бөледі.

Солардың ішінде бастылар: хайуанаттар жайындағы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілер, тұрмыс-салт ертегілер және аңыздар деп бөліп қарастырады [4, 37б.].

М.Әуезов жазған ертегілер мен эпостарға, айтысқа қатысты тараулар ең бір шоқтықты парақтары еді. Монографияның кіріспесін де М.Әуезов жазып, ондай еңбектің алға қойған мақсаты мен мағынасын талдап көрсетеді. Осы монографияда жарияланған «Ертегілер» зерттеуінде қазақ қауымы сөз асылы өлеңді жоғары бағалайтындақтан эпикалық поэзияға мән беріп, ел ауызынан ертегі жинау жұмысы да кешірек қолға алынғаннан бұл саланы зерттеу біршама кешеуілдегенін, ертегінің толық жинағы әлі де шықпағандығын айтады. «Қара сөзбен халықтың өз аузында айтылып жүрген қалпынша аумай жазылып, дәл басылған ертегі жинақтары өте сирек болып келді» деп шын мәнісінде ертегі тілін нағыз халық тілі екендігіне мән беру керек екенін ұқтырып, жинаушылар ертектің өзіндік өрнегіне назар аударып, өзгертпей жазып алу керектігін, ендігіде ертектің тұлғасына аса мән беру оң нәтижеге жеткізетіндігін ескертеді. Ертегінің мәтіндерінде халық тілінің нәрі, мінез-құлқы, дүние танымы сәулеленетінін талдайды.

Қазақ ертегісі туысқан елдер мен сонымен бірге әлем халықтарының рухани мәдениетімен ұштасып, тамырласып жатқанын сипаттап, «Онда сонау арғы Үйсін, Қаңлы руларының кезінен санап ғұндар дәуірінен, қыпшақ елдігінен, мұғылдар жорығының тұсынан, Алтын Орда дәуірінен айтылып келген көне әңгімелер көп. Қазақ атты ел құралмастан бұрын түрік-мұңғыл руларына түгел ортақ болған ертегілер бар» деп пікірін тарқата түседі. Ертегіні аңыз-әңгіме секілді прозалық текпен қоса тексеруді ұсынады, оны қиял-ғажайып, хайуанаттар жайында, шыншыл ертегі (1. Салт ертегі; 2. Күлдіргі ертегі; 3. Аңыз-ертегі; 4. Күй аңызы) деп жіктеуі ұсынады. Әрине, қазіргі ғылымда хайуанаттар жайындағы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілер, батырлық ертегілер, новеллалық ертегілер, сатиралық ертегілер деп жіктеу орныққан. Аңыз прозалық жеке үлгіге еніп, күй аңызы да дара жанр ретінде зерттелді. Бұдан аңғаратынымыз М.Әуезов жіктеуіндегі қиял-ғажайып ертегілер тобынан батырлық ертегі жеке ажыратылып, салт ертегі үлгілері қазір новеллалық түріне енген.

М.Әуезов қиял-ғажайып ертегілеріндегі көне кейіпкерлер жүйесіне аңшы-мерген типін жатқызады, сонымен бірге «Мергендер жайындағы ертегілермен ілес қаралас ер батырлар жайындағы ертегілер жүреді. Осы мерген мен ертегі ерлерінің жайындағы қиял ертегілері бір қазақ емес, жалпы түрік-моңғол ертегілерінің де ескісі болуға тиіс... Әрине, ертегідегі ер батырларды осы елдердің эпостарындағы геройлық, дастан, жырлардың батырларынан басқа деп ұғыну керек. Өсіресе, қазақта солай. Өйткені, қазақтағы батыр жырларында кездесетін ер батырлардың бәрі де бертінірек туады. Бері де болған қыпшақ мұңғыл, ноғайлы қыпшақ замандарынан пайда болады. Ал қиял ертегілерінен атап отырған мерген, ер, батырларымыз тарихтан бұрынғы алыс заман тумалары» деп ертегі сюжетінің көне қабатын ақтарып көрсеткен. Кейінгі кәсіби фольклортанушылар М.Әуезовтің осы құнды пікіріне иек сүйеп, «ер, батырлар туралы ертегіні», яғни қазіргі ғылым тілімен айтқанда, батырлық ертегіні жеке жанрлық жікке топтағаны автордың ойының өміршеңдігін танытады. Сонымен бірге болашақта қазақ ертегілерін толық жинаған соң халықаралық сюжеттік көрсеткіші жүйесінде типологиялық тұрғыдан тексеру өнімді нәтиже әкелетініне назар аударады. М.Әуезов айтқан бұл құнды пікір ертегі туралы іргелі монографиялық еңбектерде жемісті қолданылып, институттан «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жарық көрген «Бабалар сөзі» сериясының ертегіге арналған томдарында сюжеттік типтердің көрсеткіші ұсынылды.

М.Әуезов «Фольклор туралы зерттеулер» атты еңбегінде хайуанаттар туралы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілер, шыншыл ертегілер деп бөледі. Аталған тақырып төңірегіне топтастырылған 71 тұрмыс-салт ертегісін бөліп алып, сөздердің қолданылу жиілігін анықтау барысында бірқатар фольклор тіліне тән ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік туды. Аталған ертегілеріне «Аяз би, Атымтай Жомарт, Төрт дәруеш, Қыпша, Қарға Шаһизат, Минуар мен Бибібатима, Сапаһи, Самархан хан, Мұңлық-Зарлық, Шәкрат пен Шәкір, Жетім Қапшас, Сүлеймен мен диханшы, Жағыпар ку, Ғылманның өнері» секілді кісі есімдерімен байланысты ертегілер, «Өнердің күші, Ақылды етікші, Басқа пәле тілден, Кедей қызы мен хан баласы, Есер мен есті, Ұры мен ғаяр, Білгір адам, Үш ауыз сөз, Ақылды әйел, Мұңсыз хан, Жақсылыққа жақсылық» сияқты өсиетке толы ертегілері бар.

Көркем шығармаға лингвостатистикалық талдау нәтижесінде аталған топтағы ертегілерде жалпы саны 115 950 сөз қолданыс бар екені анықталды. Мәтіндерді тізімге айналдыра отырып, әліпби тәртібіне келтіруге болады (1-сурет). Бұл тізімнен әр сөздің түрлі сөз формаларын анықтай аламыз. Ал 2-суретте мәтіндегі сөздердің қолданылу жиілігі көбінен азына қарай көрсетілген. 1-

сурет. Әліпбилік сөзтізбе 2-сурет. Сөздердің жиілігі Мәселен, адам сөзі ертегілерде 665 рет қолданылған. Оның сөз формалары мен қолданылу жиілігі төмендегідей: түбір немесе атау тұлғада – 315 рет, адамға -49 рет, адамда -69, адамдай -4, адамдар -18, адамдарға -4, адамдарды -20, адамдары – 11, адамдарымызды -1 рет, адамдарың -1, адамды -54, адаммен -3, адаммын -6, адамнан -12, 40 адамның -61, адамсың -11, адамша -2, адамы -10, адамысың -1, адамын -9, адамына -3, адамымды -1 рет. Сондай-ақ, адам сөзінен туындаған адамзат сөзі 23 рет қолданылған. Оның сөзформаларының жиілігі төмендегідей: түбір немесе атау септік тұлғасында – 9, адамзатты -1, адамзатқа -3, адамзаттан -1, адамзаттың -9 рет. Белгілі бір шығармадағы сөздердің қолданылу жиілігін анықтаудағы мақсат не? Ол үшін зерттеу нысанына алып отырған ертегілердегі көп қолданылатын сөздерді анықтап көрейік. 2-суреттен байқалатындай, кейбір сөздердің қолданылу жиілігі жоғары екені байқалады: алдыңғы қатарда деп, еді, дейді, екен секілді көмекші етістіктер мен да, де, соң секілді шылаулардың көп кездесуі олардың сөйлемдегі сөздерді байланыстырушы қызметімен байланысты. Олар мәнсіз сөздер болғандықтан, арнайы тоқталуды қажет етпейді. Мәтінде көп кездесетін мәнді, толық мағыналы сөздер қатарына мынадай сөздер кірген: Сөз саны хан 1546 ел 344 бала 1476 жаман 302 қыз 1323 кемпір 278 патша 1040 шаһар 199 адам 665 жақсы 137 уәзір 572 Құдай 108 жігіт 500 жұрт 108 әйел 458 ұл 121 әке 430 ата 120 алтын 372 аға 107 1-кесте. Жиілігі жоғары сөздер Хан, патша, уәзір сөздерінің көптеп кездесуі сол кезеңдегі қоғамдық құрылыстың, ел билеу жүйесінің көрінісі.

Аталған сөздермен қатар, қоғамдық-әлеуметтік жағдайды бейнелейтін хандық (16 рет), патшалық (15), орда (46), әскер (33), жендет (45), зындан (46), нөкер (42), би (78), малай (13), күң (17), құл (85), құлшылық (2), тақсыр (125), тақ (66), дар (72), дат (4), бай (87), байлық (3), кедей (58), кедейлік (1), кедейлену (5), сарай (131), шаһар (199), қала (73), ауыл (64), керуен (30), керуенші (16), қақпа (53), қызметші (11) секілді сөздердің көп қолданылуы сол кезеңдегі әлеуметтік теңсіздікті, таптық айырмашылықты, ел билеу жүйесінің сипатын, адамдардың кәсібін, сол арқылы халықтың тұрмыс-тіршілігін байқатады. Адамдар арасындағы туыстық қатынасты білдіретін сөздер қатарын бала (1476), қыз (1323), адам (665), жігіт (500), әйел (458), әке (430), кемпір (278), ұл (121), ата (120), аға (107), келін (74), ақсақал (41), әке-шеше (39), келіншек (26), жеңге (23), ата-ана (16), кемпір-шал (16), нағашы (14), туыс (6), туысқан (5) сөздері құрайды. Аталған сөздердің кейбірі түркі тілдеріне ортақ сөздер (ата, аға, әке, ұл, жігіт), болса, бірсыпырасы қазақтың байырғы төл сөздері (қыз, әйел, кемпір, келін, жеңге).

Ертегілердің пайда болған кезеңіндегі халықтың айналысқан кәсібі мен шаруашылығының қандай болғанын төмендегі лексикалық қабаттан біле аламыз: саудагер (73 рет), сауда істеу, сауда қылу, сауда жасау (23), ділда (7), пұл (8), ақша (45), наубай (3), наубайшы (7), жалшы (15), малшы (4), қарауыл (31), аспазшы (12). Бұл лексикалық қабат қазақ арасында сауда ісінің бұрыннан дамығанын, сонымен қатар ақша айналымының болғанын көрсетеді. Бай-патшалардың байлығының көрінісін гауһар (93 рет), алтын (272), күміс (38), жиһаз (2), мал-мүлік (5), мүлік (31) сөздерінің қолданысынан-ақ байқауға болады. Мысалы, «Ақылды әйел» ертегісінде: Күндердің күнінде Бүркіт мырзаны Сақып қонаққа шақырады. Бұған дейін мың сандық гауһар, алтыны бар, мың сандық асыл жібек малы бар бай атанған Сақыпқа жақындай алмай жүрген Бүркіт шақырғанда-ақ жетіп келіпті. «Жағыпар қу» ертегісінде: Жағыпардың ұлы мұны әкесіне айтады. Жағыпар ханға кеп, бір алтын қайық істетіп, алтын, күміс, гауһар, ділдаға толтырып ап аттанады. Немесе: Жағыпар мен Әлімжан сол шаһарда тұратын бір жесір кемпірдің қонақ үйіне орналасып, «Біз ай болса ай, жыл болса жыл жатамыз» деп алтын, гауһардан беріп қойған болатынды. «Төрт дәруіш» ертегісінде сарайлардың алтынмен апталғаны былайша суреттеледі: Соның жүзін көрейін деп, шаһарға таман аяндап келдім. Сұрастырып білсем, батыр жиен бір бөлек алтын сарай салдырып, соған қызды бөлек күттіріпті. Жөнін сұрап, бір мезгілде шаһарды тауып алып, күн кешкірген уақыт, шаһарды аралап келе жатыр едік, шаһардың орта тұсында бір үлкен алтын сарай тұр екен. Бұлар қаланың ішіне түсіп, гауһар тастарын алтынға айырбастап, үлкен-үлкен дүкендер аштырып, күн өткен сайын, байи бастайды. Өз әкесінің шаһарының күн шығыс жағына апарып, алтын сарай салдырта бастайды.

Ертегілерден гауһар, алтын, күмістің халық үшін таңсық еместігі көрінеді. Бұлар, бір жағынан байлық болса, екінші жағынан, әсемдікке, әдемілікке құштарлықтың белгісі болса керек. Халықтың ертегілер заманындағы діни көзқарасын танытатын тілдік бірліктер баршылық: Сөз саны Сөз саны Молда 123, періште 9, Құдай 108, исмиағзам 4, Алла 31, Дұғалық 5, Намаз 16, Мұсылман 3 дұға, 15 жайнамаз, 2 Иман, 10 дін, 1 әулие, 10 ағмалы, 1 шарифат, 9 тәубе 1 2-кесте. Діни лексиканың жиілігі діни лексика ертегілерде өте аз қолданылған. Барлығы 333 сөз. 115 950

бірліктен тұратын жалпы сөз қолданыстың 0,28 пайызын ғана құрайды. Бұл қазақ халқының аса діншіл болмағанын көрсетеді. Оған «Жағыпар қу» ертегісі дәлел: Жігіт шапқан бойымен жаңағы айтқан қақпасына барып: -Шеше, шеше! Еккен егініңе шегіртке түсіп кетіпті. Тез келмесең, отап тауысатын болды, - дейді де қайта шапқылап, бұрынғы орнына кеп тұра қалады. Намаз оқып жатқан Жағыпар жайнамазын жия салып, далаға атып шығып: -Ойбай, әлгі не деп кетті? - деп сұрайды да, кемпірдің киім-кешегін киіп, шылауышын тартып, қолына жаман қисық таяқты ұстап, бір қолына ағаш шелекке сұт құйып алып, ақсақтай басып, мәушарбаққа келеді. Ішке кірейін десе, жанағы әскерлер енгізбей зар қақсатады. Бұл көрініс қазақтың намазды «сақалға салынатын салық қой» деп, жеңіл қабылдауының айғағы.

Лингвостатистикалық талдаулар белгілі бір кезеңдегі тілдік деректер негізінде оны қолданған халықтың таным-түсінігін, өмір-тіршілігін, өмірлік құндылықтарын танып-білуге болатынын көрсетеді. Сонымен, халықтың фольклорлық-тілдік бейнесін зерттеуде фольклорлық мәтіндерге лингвостатистикалық талдау жасау арқылы тарихи-этнографиялық аядағы, байырғы халық түсінігіндегі, наным-сеніміндегі, салт-дәстүріндегі терең мәдени ақпараттарды біліп, мазмұнын ашуға, ондағы жасырын ақпараттарды анықтауға мүмкіндік береді. Жоғарыдағы талдаулар фольклор тілінің халықтың ментальдық болмысын таныту құралы бола алатынын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қасқабасов С. Таңдамалы. Бесінші том. Ғылым және ғалым. Нұр - Сұлтан қ, 2020ж.
- 2.Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. «Сөздік – Словарь». – Алматы, 2005ж.
- 3.Қасқабасов С. Ой өріс. – Алматы: “Жібек Жолы”, 2009. – 28 - 68 б.
- 4.Бабалар сөзі: Жүз томдық . – Астана: Фолиант, 2011. 9 - 16 б.
- 5.Әуезов М. «Фольклор туралы зерттеулер». –Алматы, 2012. 62 - 76 б.
- 6.Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 28 б.
- 7.Ғабдуллин М.«Қазақ халқының ауыз әдебиеті». – Алматы: Мектеп, 1991ж. –37 б.

ӘОЖ 81:004.4

ҚАЗІРГІ ЛИНГВИСТИКАНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

БАЙМАКАШЕВА НҮРСҮЛУ САЙЛАУБЕКҚЫЗЫ

Ә.Бөкейханов атындағы №1 гимназия директорының ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

МҰСАБЕКОВА МӘДИНА ДАНИЯРБЕКҚЫЗЫ

Ә.Бөкейханов атындағы №1 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

САПАР АМИНА МАЛИКҚЫЗЫ

Ә.Бөкейханов атындағы №1 гимназияның 9 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Общая цель данной научной статьи внимательно рассмотреть различные аспекты использования новых информационных технологий в лингвистических исследованиях и показать их значение для развития науки о языке.

Summary. The general purpose of this scientific article is to closely consider various aspects of the use of new information technologies in linguistic research and to show their importance for the development of language science.

Қазіргі ақпараттық технологиялар лингвистикалық зерттеулер үшін ерекше маңызға ие және соңғы жылдары бұл салада танымал бола бастады. Компьютерлер мен есептеу қуатының дамуымен лингвистикалық зерттеулерде қолданылатын мәліметтердің көлемі де, оны талдау мүмкіндігі де айтарлықтай өсті.

Жаһанданудың кеңеюі және әлемде болып жатқан әртүрлі ішкі және сыртқы процестер жағдайында адамның әлемдегі құндылық бағдарына және ұлттық-мәдени сәйкестендіруді сақтау қабілетіне байланысты гуманитарлық ғылымдарды дамыту мәселелері ерекше маңызды болып табылады.

Лингвистикалық зерттеулер – тілді, оның құрылымын, қызметі мен дамуын зерттеудің ғылыми әдістерінің жиынтығы. Бұл зерттеу саласы адамдар қабылдайтын және шығаратын тілдерді зерттейді және тіл жүйелерін және олардың әртүрлі контексттердегі қызметін зерттейді. Лингвистикалық зерттеулер еліміздің көптеген ғылыми орталықтарында: А.Байтұрсынов атындағы атындағы Тіл білімі институтында, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да, Абай атындағы ҚазҰПУ, Абылай хан атындағы ҚазМУМЯ-да қарқынды дамып келеді. Ата-бабадан келе жатқан мәдениеттің құрамдас бөлігі болып саналатын тіл арқылы берілетін мәдени құндылықтарды (материалдық және рухани) зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Мәдениетті концептуалды түсіну тіл арқылы ғана мүмкін болғандықтан, тіл – мәдениетті сініретін негізгі құрал. Фонология, интонология, эксперименттік фонетика, терминология, ономастика, лексикология, этнолингвистика, медиалингвистика, сөйлеу мәдениеті, диалектология, орфография, лексикография, функционалдық грамматика, ахметология, тіл тарихы, жалпы түркология салаларында зерттеулер жүргізілуде [1, 175б.].

Қазақ жазуын жаңғыртудың инновациялық базасы сияқты іт-лингвистикалық әзірлемелер жасалды. Латын графикасы негізінде ұлттық пернетақта жасалды. Алфавиттік тәртіп, әріптер жиілігі және әріптер тіркесімі қағидаты бойынша әлемдік тілдерде пернетақтада әріптерді орналастыру тәжірибесі зерттелді. Қазақ мәтіндерін кириллицалық графикадан жаңа әліпбиге көшіру үшін компьютерлік қосымшалар әзірленді. Латын графикасы негізінде «әлемнің саяси картасы» құрылды.

Қазіргі ақпараттық технологиялар лингвистика мен табиғи тілді өңдеуге айтарлықтай әсер етеді. Кең тараған және маңызды технологиялардың бірі – арнайы компьютерлік бағдарламалардың көмегімен мәтіндерді бір тілден екінші тілге тез және тиімді аударуға мүмкіндік беретін машиналық аударма. Бұл технологиялардың көмегімен көптеген лингвистикалық талдау бағдарламалары бар. Олар тілдің әртүрлі аспектілерін, соның ішінде сөздік, грамматика, синтаксис, семантика және дискурсты өңдейді.

Жаңа ақпараттық технологиялардың лингвистиканың міндеттеріне лингвистикалық модельдеу, алгоритмдеу, мәтіндерді қалыптастыру жүйелерін, тілді оқытудың компьютерлік жүйелерін құру, машиналық аударма, машиналық (автоматтандырылған) сөздіктерді, интернет арқылы ақпарат беру жүйелерін және адамдардың қарым-қатынасының жалпы қабылданған бірлігі ретінде қазақ мәтінінің мазмұнын ресімдеудің негізгі қағидаттарын, қазақ мәтінінің семантикалық маңызды бірліктерін және компьютерге түсінікті ережелерді әзірлеу кіреді.

Біздің мемлекетіміз ғылым мен білім берудің барлық салаларына цифрлық технологияларды енгізуге кірісті. Бұл ретте қазақ тілінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі ретіндегі мәртебесін арттыру, оның қоғамдық функцияларын күшейту және қолдану аясын кеңейту үшін оны әлемдік ақпараттық-технологиялық кеңістікке енгізу қажет.

Лингвистикалық статистиканың маңызды міндеті-тілдік құбылыстарды болжау үшін статистикалық мәліметтерді қолданатын компьютерлік модельдерді құру және бағалау. Бұл, мысалы, аудармадағы ықтимал қателерді анықтау үшін немесе жаңалықтар, әлеуметтік медиа және т.б. сияқты үлкен көлемдегі мазмұнды автоматты түрде өңдеу үшін пайдалы болуы мүмкін.

Осылайша, лексикография мен лингвистикалық статистикада жаңа ақпараттық технологияларды қолдану лингвистерге тілдік деректерді тиімдірек және нақты талдауға және толық және нақты тілдік модельдерді жасауға мүмкіндік береді. Бұл зерттеушілерге, аудармашыларға, табиғи тілді өңдеуге және тілді қолданатын басқа салаларға айтарлықтай пайда әкеледі.

Тілдік процестерді компьютерлік модельдеу тіл аралық байланыстарды зерттеу үшін де қолданылады - әртүрлі тілдердің грамматикалық, фонетикалық және лексикалық ерекшеліктерін талдау және салыстыруда қолданылады. Мұндай зерттеулер тілдің жалпы заңдылықтарын, сондай-ақ тіл аралық қарым-қатынастың айырмашылықтары мен аспектілерін жақсы түсінуге көмектеседі.

Жалпы, тілдік процестерді модельдеуде ақпараттық технологияларды қолдану тілді түсінуге және оны қолдануға байланысты процестер туралы жаңа білім алуға мүмкіндік береді, бұл тілдік коммуникация, тілді оқыту және тілдік ойлауды дамыту процесі туралы түсінігімізді айтарлықтай жақсарты алады.

Лексикография мен лингвистикалық статистикада ақпараттық технологияларды қолдану лингвистикалық зерттеулердегі маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

Лексикографияда, жаңа ақпараттық технологиялар әр түрлі көріністерде заманауи тілді қамтитын электронды сөздіктер мен лексикондар жасау үшін қолданылады. Сөздіктерді түрлі деректермен толтыруға болады және жаңа сөздерді автоматты түрде қосуға болады. Бұл тілдің өзгергіштігін дәлірек көрсететін сөздіктер жасауға мүмкіндік береді және технологиялардамыған сайын жаңартылуы мүмкін[2, 976.].

Лингвистикалық статистикада ақпараттық технологияларды қолдану зерттеушілерге тілдік деректерді сандық түрде талдауға мүмкіндік береді. Бағдарламалық құралдар мен алгоритмдердің көмегімен лингвистер деректердің үлкен массивтерін талдай алады және тілді қолданудағы маңызды корреляцияларды, трендтер мен заңдылықтарды бөліп көрсете алады.

Мысалы, компьютерлік бағдарламаларды белгілі бір сөзді қолдану уақыт өте келе қалай өзгертетінін немесе мәтіннің белгілі бір бөлігі қанша пайыз алатынын көрсететін графиктер мен диаграммалар жасау үшін пайдалануға болады. Мұндай талдау лингвистерге тілдің құрылымын, оның дамуы мен нақты өмірде қолданылуын жақсы түсінуге көмектеседі.

Лингвистикалық зерттеулерде ақпараттық технологияларды қолданудың көптеген артықшылықтары бар.

Біріншіден, Лингвистикада ақпараттық технологияларды қолдану дәлірек және жылдам нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Компьютерлік бағдарламалар грамматикалық және лексикалық сипаттамаларға мәтіндерді талдай алады, деректердің үлкен көлемін өңдей алады және қолмен байқауға қиын мәтін қасиеттерін бөлектей алады. Бұл талдау процесін жылдамдатуға және дәлірек және ауқымды нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, ақпараттық технологиялар деректердің үлкен көлемін талдауды автоматтандыруға мүмкіндік береді. Көптеген мәтіндерді қамтитын мәтіндік корпустарды Ақпараттық технологиялар арқылы тез және тиімді өңдеуге болады.

Мысалы, мәтіндердегі белгілі бір заңдылықтарды автоматты түрде шығаратын машиналық оқыту алгоритмдерін немесе мәтіннің эмоционалды түсін анықтауға көмектесетін функцияларды қолдануға болады.

Үшіншіден, деректерді талдау үшін компьютерлік технологияны қолдану арқылы лингвистикалық зерттеулердің сапасы мен дәлдігін жақсарту, бұл қателіктердің ықтималдығын азайтуға, гипотезаларды тексеру процесін жеңілдетуге және дәлірек нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Психолингвистикадағы, сөйлеу әрекетінің теориясындағы, нейролингвистикадағы, сондай-ақ компьютерлік лингвистикадағы соңғы эзирлемелер жасанды интеллектті құрумен байланысты. Бір батырманы басу арқылы дыбыстық дауыс мәтінге және керісінше түрлендірілетін бағдарламалар бар [3].

Жаһандану дәуірінде цифрлық технологиялар ғылымның барлық салаларына тың серпілісін беруде, атап айтқанда тіл білімінде яғни лингвистикада кеңінен қолданылады. Автоматты аудармашылар, сөздерді машиналық талдау және синтездеу, мәтіндік редакторлар, электронды тілдік материалдар және басқа да көптеген техникалық жетістіктер лингвистикалық технологияның серпінді дамып келе жатқанын отандық тіл білімінің перспективалы саласы екенін көрсетеді.

Қазіргі лингвистиканың дамуында ақпараттық технологияларды қолдану маңызды рөл атқарады. Ол зерттеушілерге тілдік құбылыстарды зерттеу және талдау үшін көптеген құралдар мен мүмкіндіктер береді. Ақпараттық технологияларды қолданудың арқасында зерттеушілер дәлірек және жылдамырақ зерттеу нәтижелерін ала алады, сонымен қатар деректердің үлкен көлемімен жұмыс істей алады.

Болашақта лингвистикада ақпараттық технологияларды пайдалану, оның ішінде табиғи тілді өңдеу, машиналық оқыту және жасанды интеллект сияқты жаңа бағыттар бойынша дамитын болады. Олай болса, ақпараттық технологиялар тілдік құбылыстарды зерттеуде маңызды рөл атқарып, тіл ғылымының дамуына өз үлесін қоса бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Есеналиева Ж.Ж. Лингвистикалық типология негіздері (Жоғары оқу орындарының студенттеріне және магистранттарға арналған оқулық). –Алматы, 2009. –233б.

2. Рысалды Қ.Т. Тілдерді салғастыра зерттеудің бір бағыты – функционалды контенсивті типология. // Қазақстан Республикасы ғаламдық мәдениет және тіл аралық қауымдастықта (қазақ және әлем тілдері). – Алматы, 2006. – 216б.

3. «Инновациялық технология – білім сапасын арттыру кепілі». <https://infourok.ru/innovaciyalu-tehnologiya>

УДК 16.21.65

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ МЕН СӨЗДІК ТҮЗУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ

АБДРАХЫНОВА Н.Б.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

МӘДИЕВА ГҮЛМИРА БАЯНЖАНҚЫЗЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Аннотация. В статье представлена краткая история исследования географических названий Казахстана и проблеме создания топонимических словарей. В частности, рассматриваются труды ученых, внесших значимый вклад в развитие лексикографии в казахстанском языкознании, особо выделяются работы исследователей, работавших в области топонимической лексикографии. Развитие казахстанской лингвистики напрямую связано с развитием мировой лингвистики, что, несомненно, выводит отечественное языкознание на новый уровень, который означает необходимость новых исследовательских работ, способствующих развитию казахстанской топонимики и лексикографии. Для этого рекомендуется составить семантическую карту на основе анализа происхождения географических названий.

Ключевые слова: топонимы, словари, лексикография

Annotation. The article presents a brief history of the study of geographical names of Kazakhstan and the problem of creating toponymic dictionaries. In particular, the works of scientists who have made a significant contribution to the development of lexicography in Kazakh linguistics are considered, and the works of researchers working in the field of toponymic lexicography are especially highlighted. The development of Kazakh linguistics is directly related to the development of world linguistics, which undoubtedly takes domestic linguistics to a new level, which means the need for new research work that will contribute to the development of Kazakh toponymy and lexicography. To do this, it is recommended to draw up a semantic map based on an analysis of the origin of geographical names.

Key words: toponyms, dictionaries, lexicography

Еліміздегі жер-су атауларын жинақтау, біріздендіру, сонымен қатар олардың шығу төркінін анықтауда қазақ және өзге тілдермен байланысты салыстырмалы географиялық атаулар сөздіктері маңызды рөл атқарады. Қазақ жерінде ертеде қоныстанған елдер мен көршілес халықтардың тілдік байланысын зерттеп, зерделеу де маңызсыз емес. Еліміздің топонимика саласының дамуы ХХ ғасырдың 40-ыншы жылдарының аяғында белең ала бастады. Топонимдерді зерттеу, жинақтау ғалым Ғ.Қоңқашпаевтан бастау алды десек қателеспейміз. Ғ.Қоңқашпаев 1963 жылы жарық көрген жалпы бас-аяғы 2000-нан астам жер-су атауларын құрайтын «Словарь казахских географических названий» еңбегінде атаулардың орысша баламасын бере отырып, семантикасына талдау жасай кетеді. Бұл еңбек қазақ топонимикасының сала ретінде зерттеле бастауына салынған даңғыл жол болды. Алғаш рет түзілген бұл топонимикалық сөздік терминология саласының дамуына да үлкен үлес қосты. Эдуард Макарович және Валентина Григорьевна Мурзаевтардың «Словарь местных географических терминов» (Москва, 1989) сөздігінде де Ғ.Қоңқашпаев салған із айқын көрініс тапқан. Онда Қазақстан жеріндегі көп қолданылатын және кең тараған атаулар қамтылған. Сөздік туралы Э.Мурзаевтың берген пікірі бағалы болып саналады [1].

Негізінде алғашқы аударма сөздік үлгілері өткен ғасырдың II жартысынан бастап жарық көре бастады (Алекторов А.Е., Краткий казахско-русский словарь, Приложение к книге "К мудрости ступенька", М., 1891; Бокин Г., Русско-киргизский словарь, Верный, 1913; Катаринский В.В. Краткий русско-киргизский словарь, Оренбург, 1897; Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий, 4-изд., СПб., 1888-1905). Осы ғасырдың 20-ж. бастап орысша-қазақша сөздіктер жасауға

айырықша мән берілді. 1925-26 ж. бірнеше Аударма сөздіктер (Казахско-русский словарь, Қызылорда, 1925; Орысша-қазақша әскерлік атаулары, Қызылорда, 1926), ал 1936 ж. Латын әліпбиі негізінде «Қазақша-орысша сөздіктер» үздіксіз баспадан жарық көрді. Бірақ бұл сөздіктерде біршама атаулар жаппай, топтастырылмай енгізілген, жеке жер-су атаулар сөздігі болған жоқ еді.

Көздеген мақсаты мен ғылым мазмұны жағынан маңызды, әрі елеулі сөздіктердің бірі 1954 ж. шыққан 50000 сөзді қамтитын "Орысша-қазақша сөздік" (жалпы редакцияны басқарған– Н. Сауранбаев). Аударма сөздіктердің тағы бір түрі – әр түрлі ғылым салаларына пайда болатын, қолданыста жүрген аталымдар тізілімінен тұратын екітілді, көптілді не қостілді салалық терминдер сөздіктер. Алғашқы терминдік сөздік ХХ ғасырдың 30-жылдарында жарық көрді («Атаулар сөздігі», Қызылорда, 1931). Сол ғасырдың 50-ші жылдардан бастап сала бойынша терминдік сөздіктер қол жетімді шығарыла бастады. Шет тілден қазақ тіліне тәржімалануы негізінде жасалған екітілді аударма сөздіктердің тәжіребелік құндылығы өте зор. Қазақ лексикографиясында Н. Оңдасынова авторлығымен «Арабша-қазақша түсіндерме сөздік» (Алматы, 1989), «Парсыша-қазақша сөздік» (Алматы, 1974), С. Ахметова авторлығымен «Ағылшын-қазақ сөздігі» (Москва-Алматы, 1960), Ж. Қалиев пен Ә. Есентемірова авторлығымен «Қазақша-ағылшынша сөйлесу» (Алматы, 1966), М. Тәттімбаеваның «Немісше-қазақша сөздік» (Алматы, 1977), т.б. сөздіктер жарық көре бастады. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуына орай 1989-1990 жж. арасында екітілдік/көптілдік терминдік, екітілді фразеологиялық, түсіндірме лексикографиялық еңбектер көптеп шыға бастады. Бәрімізге мәлім, аударма сөздіктердің теориялық және қолданбалы маңызы өте зор. Яғни, ғалымдар, әдіскерлер танымдары бойынша танымдық шеңберін кеңейту мақсатында, ана тілін, сонымен бірге екінші тілді үйренуге, тілдерді оқыту тәжірибінде, үйрету үрдісінің тиімді жолға қойылуына, сондай-ақ тәржіманың ғылыми-практикалық жұмыстарының жоғары деңгейде қалыптасуына игілікті ықпал етеді [2].

Сөздік түзу мәселесін алғашқылардың бірі болып қолға алған, халқымыздың терминология саласына үлкен еңбек қосқан ғалым Н. Қаратышқановтың «Пән сөздері» (1927) сөздігінде 50-ден астам географиялық және әлеуметтік-экономикалық терминдерге қазақша баламалар берілсе, 1931 жылы алаштықтар шығарған «Атаулар сөздігінде» 400-ден астам географиялық терминдерге қазақша баламалар берілген.

Қазақ жеріндегі географиялық атаулар 1863-1885 жылдары жарық көрген П.П.Семеновтың «Россия империясының географиялық-статистикалық сөздігіне» де жинақталған. Бұл еңбектің ерекшелігі – топоним құрамындағы географиялық терминдер сызықша арқылы бөлініп жазылған. Мұны өзі қазақ тіліндегі жазылу нормасына сәйкес келмегенімен, орыс тілінде оқитындар үшін қазақ терминдерінің айрықшалаудың бір жолы болғанға ұқсайды. Сөздікке терминнің қазақшадан аударғанда мағынасы жақша ішінде берілген. Бұл сөздіктің қазіргі география, топонимика ғылымдары үшін маңызы атаулардың тізімін, мағынасын берумен ғана емес, объектінің географиялық ерекшеліктерін қысқаша сипаттаумен де құнды мұның өзі көптеген қазақ топонимдерінің мәнін түсінуге мағынасы жан-жақты талдауға мүмкіндік береді.

Осы еңбектен кейін атауларға балама беру арқылы өңдеу жұмыстары көптеп жүргізіле бастады. Мысалы, 1959 жылы авторлар тобының 1500-ге жуық әмбебап терминдерге қазақша баламалары бар «Физикалық география терминдерінің қысқаша орысша-қазақша сөздігі» жарық көрді. Аталмыш сөздікте орыс тіліндегі терминдердің мағынасын дәл, нақты беретін сәтті шыққан баламалар болды. Әрине, оларда түзетуді қажет ететін таласты да сәттер болды. Қазақстанда 1966 жылы тұңғыш рет Ж.Әубәкіров, С.Әбдірахманов және Қ.Базарбаевтардың 2500 терминді қамтыған «Орысша-қазақша география түсіндірме сөздігі» жарияланды. Онда интернационалдық және орысша терминдерге олардың ғылыми мәнін дұрыс ашатын баламалары алынып, әрбір терминге қазақша толық түсіндірме берілді. Көптеген халықаралық терминдердің бұрын қате қолданылып жүрген қазақша баламалары түзетілді.

Қазақ топонимдерінің кең түрде зерттелуі және сөздіктердің анағұрлым тиімді әдістермен түзіле бастауы, атаулардың этимологиялық жақтарына көңіл бөлінуі еліміздің тәуелсіздік алған жылдарынан кейін қарқынды түрде жүргізіле бастады. Көптеген екі тілді сөздіктер жарық көрді. Сөздіктердің түзілуі «ҚР-ның Тіл саясатының тұжырымдамасына» негізделуі қажет болды. Өйткені, тіл тазалығының сақталуы өте маңызды болып саналды. Яғни, жүйеленген, жалпыға ортақ стандартталған екі тілді сөздіктер, онда да өзге тілдердің әсерінен өзгеріске түскен атаулардың этимологиясына мән беру арқылы құрылған еді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 14 тамыздағы «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңының 4-бабына сәйкес «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейту туралы» №729 қаулысына, ҚР ҰҒА-ның География институты терминология бойынша «Мемлекеттік тілде географиялық ғылыми терминдерді жетілдіру мен үйлестіру» (1997-1999 жж.), «Мемлекеттік тілде түсіндірме сөздік жасау жолымен географиялық терминдерді жетілдіру мен үйлестіру» (2000-2002 жж.) және «Қазақстанның табиғи-шаруашылық және әлеуметтік-экономикалық жүйелерін бейнелейтін жергілікті халықтың географиялық терминдерінің қазақша-орысша түсіндірме сөздігін» (2003-2005 жж.) жасауға арналған ғылыми жұмыстары орындалды.

Сөздіктерді онтайлы құрастыруда өзге шет елдік ғалым лексикографтардың әдістері қолданылды. Біртілді, екі тілді сөздіктерді түзудің тиімді жақтары, ең бастысы, атаудың түпкілікті мағынасының жоғалып кетпеуіне аса көңіл бөлінді. Оған ғалым Ш. Құрманбайұлының «Қазақ тілінің терминологиялық қорының қалыптасуына негіз болған басты көз ұлт тілінің өз байлығы екендігі сөзсіз. Оның бастауларын әріден, түркі тілдерінен, төл тіліміздің тармақталып дербес даму тарихымен қараған жөн» деген пікірі дәлел бола алады.

Қазіргі топонимдер сөздіктерінің құрастырылуына еңбек сіңірген кейінгі буын ғалымдар ретінде Т.Жанұзақов (Жер-су атауларының анықтамалығы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009.-568 бет. – Алматы: «Арыс» баспасы), С.Ә. Әбдірахманов, С.Б. Қуанышбаев, Ж.М. Шарапханова (Қазақстанның тарихи географиялық атауларының каталогы. – Алматы, 2016. – 552 б. «Парасат» ҰҒТХ» АҚ), т.б ғалымдардың еңбектерін атай аламыз.

2000 жылдан бастап ҚР БҒМ География институты «Ұлттық картографиялық-геодезиялық қор» РМҚК бірігіп, жаңа «ҚР географиялық атауларын орысшадан қазақшаға аудару және қазақшадан орысшаға аудару бойынша нұсқаулыққа» жетекшілік ете отырып, Қазақстан Республикасының барлық аумағын қамтитын, 1:100 000 масштабтағы мемлекеттік топографиялық карталардың 2300 парағы негізінде құрастырылған, География институтының географиялық атаулар каталогының базасында 14 томдық «Қазақстан Республикасы географиялық атауларының мемлекеттік каталогтары» (2004-2013) жарыққа шықты.

Алайда, әртүрлі топтарға арналған топонимикалық сөздіктер жоқтың қасы деуге болады. Жергілікті жерлердің өздерінің ғана аздаған сөздіктері бар, бірақ жалпы халықтық Қазақстанның топонимикалық сөздігі, электрондық сөздігі жоқ. Болашақта сондай бір еліміздің бүкіл аумағын қамтитын сөздік түзу және басқа тілдерге аударма жасауды қажет етпейтін екі тілді сөздіктер түзу кезек күттірмес мәселенің бірі деп ойлаймыз. Сонымен қатар, ойконимдер, оронимдер мен топонимдер бөлек қарастырылса деген ұсынысымыз бар.

Қазақстанның жаңа арнаға бет бұруы, болашақ ғылым жолында топонимика саласының өзіндік орынын белгілеп беретін тың зерттеу жұмыстарының қажет екендігін білдіреді. Ол үшін географиялық атаулардың шығу төркініне этимологиялық талдау жасау арқылы семантикалық картасын құрастыру керектігі де ұсынылып жатыр. Сондықтан да топонимика ғылым саласы ретінде әлі де толық зерттеліп болмағандығын айқындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Конкашбаев Г.К. Словарь казахских географических названий. – Алма-Ата: Изд-во «Наука», 1963. – 185 с.
2. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 жыл. – 509 бет.
3. Мурзаев Э.М. Местные географические термины и их роль в топонимике. // В. кн. Местные географические термины. Тезисы докладов и совещаний. – М., 1996. – С. 3-6.
4. Әбдірахманов С.Ә., Базарбаев Қ.Б., Медеу А.Р. Орысша-қазақша географиялық терминдердің сөздігі. – Алматы, 2011. – 358б.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ВАРИАНТТЫЛЫҚТЫҢ КӨРІНІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ ШАРТТАРЫ

ҚОЖАЕВА М.Т.

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается один из актуальных вопросов сравнительного изучения казахского языка с другими тюркскими языками – вариативность корней. В данном исследовании проводится сравнительный анализ способов образования корневых вариантов слов в казахском языке. В качестве основных причин вариативности особое внимание уделяется фонологическим и морфологическим изменениям.

Summary. The article deals with one of the topical issues of comparative study of the Kazakh language with other Turkic languages – the variability of roots. In this study, a comparative analysis of the ways of forming root variants of words in the Kazakh language is carried out. As the main causes of variability, special attention is paid to phonological and morphological changes.

Этимолог тілшілердің назарын өзіне аударған варианттылық мәселесі теориялық та, практикалық та зерттеліп, анықталып болған жоқ. Қазіргі ғылымда дәлелденгендей, варианттылық – тіл дамуының объективті салдары, дәуірі, тірі әдеби тілдің міндетті атрибуты.

Варианттылықтың алғы шартының негізі әдеби тілдің ішкі жүйесімен қатар, тілдің өмір сүруінің нақтылы әлеуметтік тарихи формаларында салынған.

Сөз варианттылығының шығу себептері де көп, сондай-ақ олар әр түрлі сипатты болып келеді. Варианттылықтың күшті бөлігі қазіргі тілде ішкі жүйелік себептермен жасалады. Территориялық диалектілер мен басқа да әдеби тілге қатысты сыртқы себептердің әсері тек сол әдеби тілдің ішкі мақсаттарына сай келіп, көпшілік қолдауын тапқан жағдайда ғана нәтижелі болмақ [1, 27].

Варианттылық мәселесін көп зерттеп жүрген тілшілер қатары көптеп саналады, олар: Н.А.Баскаков, В.В.Виноградов, А.Н.Кононов, Ф.П.Филин, К.С.Горбачевич т.б.

Түбірлерді құрайтын дыбыстардың үнемі өзгерісте, фонологиялық жағынан тұрақсыз болатындығын ескі, орта ғасыр және қазіргі түркі тілдері деректері көрсетіп отыр. Қазақ тіліне де басқа тілдермен қатар берілетін кейбір «тұрақты», «ашық» сияқты анықтамалар дәл емес.

Әсіресе, бір буынды түбірлерді тарихи даму тұрғысынан алып қарағанда, әр түрлі құрылымдық өзгерістерге тез ұшырайтындығы көрініп отыр. Бұл айтқанды дәлелдеуге жетерліктей мысалдар түркі тілдерінде көп-ақ.

Қазіргі көптеген түркі тілдері үшін ортақ және гомогенді болып келе жатқан түбірлердің көбі аталған тілдерде әр түрлі фонемологиялық варианттар ретінде қызмет етеді.

Түркі тіліндегі түбірлердің вариативті дамуының себептері әрі фонологиялық, әрі морфологиялық болып келеді. Бұл себептер жалпы түркі тілінің заңдылықтары негізінде де, жеке бір түркі тілі ерекшелігі негізінде де іске аса береді. Бұл себептердің сыртқы әсердің және эволюциялық дамудың бүкіл кезеңінде түркі тілдерінің басқа тілдермен тарихи қарым-қатынасының нәтижесін өздерінің өн бойына жинағандығын көрсететіні анық.

Осының нәтижесінде белгілі бір гомогенді лексикалық бірліктің бірнеше тілде немесе бір тіл ішінде көптеген варианттары жасалып шығады. Дыбысталуы мен сыртқы тұлғасы әр түрлі фонемологиялық варианттар қатары түркі тілдерінде кейде осы тілдер санынан да асып түседі. «Үй, пәтер, жай» деген мағына білдіретін жалпытүркілік түбірдің жеке тұрып та, сөз құрамында да айтылатын жиырмадан астам варианты бар (ау-әу-еу-оу-өу// аб-әб-өб-үб//ап-әп-еп-өп-ып-ип//әг-әк-ек-үк-ай т.б.) [2, 70].

Дегенмен түркі тілдеріндегі түбір морфемалардың бұл ерекшелігі әрқашан және барлық жағдайларда міндетті емес, өздерінің формаларының біркелкілігімен немесе түрленулерінің қатыстылығымен ажыратылатын түбірлер де бар.

Варианттардың бірі – әдеби, екіншісі – диалект болып келіп, әр түрлі дыбысталу нәтижесінде жасалатын гомогенді түбірлердің семантикалық дифференциациясы жағдайына мысал қарастырайық: бәс// пәс// пес.

Жоғарыдағы сөз қазақ тіліне парсы тілінен енген де, «төмен» деген мағына береді. Әдеби тілімізде бұл сөз екі вариантта қолданылады: пәс//бәс, мысалы, пәс баға, пәс жұмыс, пәстеу /пәстеу/ немесе туынды түбір құрамында: бәсең, бәсеңдеу, бәсеңдік; ауыспалы мағынасы «әлсіздік». Осы варианттармен қатар қазақ тілінің говорларында «тойымсыз», «қу» мағынасында «пес» варианты да қолданылады [3, 142].

Қазақ тіліндегі жак//жай//сай//сад//сақ сөздерінің варианттары, көбіне, туынды сөздер не сөз тіркесі құрамында кездеседі: сад-садақ, сайдақ (орыс тіліндегі «сайдачник» осыдан шығады); жай – бұқар жай (шыққан жері); сақ – сағы сыну, жеңілу – сағың сынғанша, жағың сынсын; сай – сай кез оқ. Барлық түркі тілдерін қамтығанда, бұл түбірдің жиырмаға жуық вариантын ұшыратуға болады.

Ескеретін жай: түркі тілдерінде түбірдің әр түрлі варианттарының жасалуы фонологиялық факторларға, яғни, түбір құрамының өзгеруі мен қайта жасалуына байланысты, бұларға жататындар: дыбыс сәйкестігі және дыбыс алмасуы, редукция, кірігу мен ықшамдалу, протеза, метатеза, эпентеза, дауыссыздар сәйкестігінің түрлері – ротацизм және ламбдаизм, дауыстының өзгеруі және фузия мен флексия құбылыстары.

Түркі тілінде ежелден келе жатқан бұл фонологиялық заңдылықтар, бір жағынан, оларды белгілі бір тілдік бірлікке жұмылдырса, екінші жағынан, оларды іштей бөлінуге алып келеді.

Түбірлердің тіларалық варианттарының өзі – түркі тілдеріндегі тек сыртқы белгілерімен ғана ажыратылатынын, шығу тегі жағынан гомогенді лексикалық бірліктер. Сонда бір тілдің өз ішіндегі варианттары – тіларалық варианттылықтың көрінісі. Бірақ тіларалық варианттылық түркі тілдерінде тіл ішіндегі варианттылықтан өзінің формасының және құрамының түрлілігімен, сонымен бірге сандық басымдығымен ажыратылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Горбачевич К.С. Вариативность слова и языковая норма. – Ленинград, 1978.
2. Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата: Издательство «Наука». 1986.- 328б.
3. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. Алматы: «Ғылым» баспасы.1996.-2-том, 236б.

ӨОЖ 811.245.09

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ОТ КОНЦЕПТІСІ

КАЙНАЗАРОВА Ж.Е.

№206 мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, магистрант,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Резюме. В статье перечислены пояснительные значения понятия огонь в казахском языке. Уделяется внимание значению понятия огонь сегодня. Объясняется история происхождения термина, его значения в турецком языке, его значение при сочетании с различными словами в современном казахском языке или при его появлении отдельно.

Summary. The article lists the explanatory meanings of the concept of fire in the Kazakh language. Attention is paid to the meaning of the concept of fire today. The history of the origin of the term, its meaning in Turkish, its meaning when combined with various words in the modern Kazakh language or when it appears separately is explained.

Әлемнің саналы тіршілік иесі саналатын адамның жаратылысқа, ақиқат өмірге қатысы тілімен танылып, соның негізінде ақпарат жүйесі қалыптасады. Ғалам туралы ой, оның бейнесін бейнелеу халық түсінігінде ғасырлар бойы дамып жетіледі.

Бүгінгі таңда қандай да бір халық туралы мәдени ақпараттарды жеткізуші – тіл, ұлттық материалдық және рухани мәдениеті мен адамзат арасындағы байланысын, қарым-қатынасын тіл білімінің лингвомәдениеттану саласы қарастырады. Лингвомәдениеттанудың ғылымдағы маңызы жөнінде зерттеуші ғалым Ж.А.Манкеева: «Бүгінгі тіл біліміндегі ұлттың рухани-мәдени байлығы болып саналатын тілімізді зерттеудің өрісі кеңейюде. Басты себебі: әр тіл - ұлттың тарихын, танымы мен түсінігін, мінезі мен санасын, салт-дәстүрін, көрегенділігі мен даналығын тұтас сақтаған таңбалық жүйе. Осыған орайбүгінгі қазақ тіл білімінде тіл мен мәдениет сабақтастығын, тілдегі ұлттық сипатты, ұлт рухын тануға бағытталған когнитивтіклингвистика, ішінара лингвомәдениеттану және этнолингвистика т.б. салалары дамып отыр» [1, 156.] деп көрсетеді. Бұған байланысты ғаламның тілдегі көрінісін түсінуге, зерделеуге көмектесетін, оның бір бөлшегі танылатын концепт ұғымы тілдің танымдық мазмұнын, күйін, қалпын анықтайтын ғылыми лингвистикалық категория ретінде қалыптасып отыр. Бойынкұл Қалиұлы – «Дүниенің тілдік бейнесі ұлттың ортақ ұжымдық бірлескен тәжірибесі негізінде жасалған білім» – деп [2, 406.] түсінік береді. Ғаламның тілдік бейнесінің бөлігі болатын концептілердің адам танымында орны маңызды. Бастысы осы күнге дейін *концептілер* ретінде адамзат өмірінде үлкен рөл атқаратын ұғымдар алынған. Белгілі бір мәдениет үшін маңызды әрі көкейтесті мағынасы бар мәдени атаулар ғана *концепт* болып есептеледі. Тіл арқылы көрініс беретін концептілер осы тілдесөйлейтін халықтың дүниетаным көрсеткіші.

Концепт – тілге өзек, негіз, тірек болатын дүниенің заттық ұғымынан бөлек бейнелік мағынасы.

Тіл білімінде концепт теориясын зерттеу жазған шетелдік ғалымдардың В.И. Поставалова, Е.С.Кубрякова, А.Брутян, Н. К. Рябцева, В.А.Маслова, А.Я.Гуревич, А. А. Залевская, А.Вежбицкая т. б. секілді ғалымдар жан-жақты зерттеген. Қазақ тіл білімінде концепт термині А.Қайдар, Р.Сыздық, Ж.Манкеева, Н.Уәлиев, Б.Қалиев, Қ.Жаманбаева, Г.Смағұлова, Б.Ақбердиев, Г.Снасапова, М.Күштаева, С. Жапақов, Қ. Қайырбаева, А. Сыбанбаева, А. Ислам, Ш.Елемесова, Н.Аитова, А.Әмірбекова, Ж.Саткенова, Ж.Жампейісова, С.Жиренов, Б.Нұрдәулетова, Г. Мұратова, Ж. Қошанова, Ғ. Айдаров т. б. зерттеушілердің еңбектерінде әр қырынан зерттелген.

Зерттеу жұмысында қазақ ұғымындағы от концептісінің түркі тілінен бастау алған түпкі мағынасы мен тілдегі осы сөздің концептілік ұғымы мен білдіретін ауыспалы мағынасы назарға алынды.

Табиғаттың негізі болып саналатын төрт элементтің бірі әрі дүниенің жаратылысына арқау болған төрт тұлғаға жататын от ежелден адам эволюциясында маңызды саналып, өркениетке жету үшін ең қажетті орны бар.

Бұрынғы дәуірдегі қазақ жұртының арғы тегі түркілік танымда жер жүзіндегі күллі тіршіліктің түпкі тегі төрт заттан: топырақ, су, от және ауадан пайда болған. Бүткілжаратылыстың тіршілік тегігі: күн мен түннен тұрады деп білген. Олардың пайымынша: жарық – тіршіліктің, жылудың, күннің, өмірдің, жақсылықтың, үміттің белгісі; алқараңғылық – суықтың, түннің, өлімнің, жамандықтың белгісі. Бұларды бір-біріне қарама-қарсы күштер деп есептеген.

Тасты балқытып, метал алуда, шикі тамақ жеуді доғарып, отты пайдалану арқылы түрлі аурулардан тиылып, суықтан қорғанып, бір жерге жиылып отбасы болуға негіз болған оттың орны адам үшін өте маңызды. Отбасы сөзінің шығуына себеп болған да осы үй ортасындағы жанған оттың қасиеті. От басы, ошақ қасы – үй-іші, әйел, бала-шаға ортасы [3, 421б.].

Отты қадір тұту қазақтың байырғы заманнан жалғасып келе жатқан наным-түсініктерінің бірі. Отты халқымыз өте жоғары бағалап, қасиетті әулие деп ұққан. Алғаш күн күркіреп, найзағай ойнағанда, «сүт көп, көмір аз» деп үйді айнала жүгіріп ожаумен ұру ырымы да оттың құдіретті күшіне жалбарынудан шыққан. Ш.Уәлихановтың «Тәңірі» жазбасында: «Түркі халықтарында, әсіресе казактарда отқа әулиеше табыну бар» деген тұжырымы дәлелдей түседі. От – әулие, киелі болып есептеледі. Ошақтағы отқа түкіруге немесе оны басуға болмайды [4, 76б.]. От сөзінің өте жоғары қастерленіп, құдай сөзімен тең қолданылғанын тіліміздегі «От ана» тіркесінен байқауға болады

Түбі бір арнадан бастау алатын түркі тілінің алғашқы анықтамалық сөздігі М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінде «от» сөзі түркі тілдерінде бай мағыналық шеңберде қолданылған. «От tutun tutetti: От түтін түтетті, яғни от түтін шығарды» [5, 332б.], бұл жерде түркі сөзіндегі от мағынасы ең бастапқы мағынасында – жалын, алау, от ұғымын беріп тұр. «От butti: от бүтті – шөп бітті; шөпшықты», «Ат отлады – ат оттады» [5, 389б.] қазіргі қазақ тіліндегі мағына жерде өсіп тұрған көк шөпті білдіріп тұр. Осы мысалдарға қарап «от» ұғымы көне түркі тілінде зат

есім қызметінде омоним болғанын көреміз. Бұдан басқа от сөзінің түркі тілі сөздігінде «От:у, зəхар, «Отіштім: от іштім дәрі іштім»– қазіргі қолданыстағы «дәрі әрі у» деген мағынада қолданылғанын көріп тұрмыз. Қазіргі тіліміздегі мағынасы көнеленіп бара жатқан тәуіп сөзінің түбірі осы от сөзінен шыққан дейді. Сөздікте көрсетілген оташы сөзі бүгінде ота жасайтын дәрігер атауын алған, негізгі сөздің түп төркіні түркі тілінен алынады екен [5, 696].

Дүние бейнесінің адам санасында жаңғыруы бөлінбеген және біртұтас құрылым, әдетте шындықтың логикалық моделі түрінде беріледі. Бірақ дүние бейнесін концептуалды (логикалық) және лингвистикалық модельдер түрінде көрсету де бірдей заңды. Тіл санадағы танымды жүзеге асыру құралы ретінде қарастырылады, оның көмегімен сыртқы және ішкі дүние туралы біліміміз жазылып, басқалардың меншігіне айналады дейді тілтанушы ғалым А.Г.Брутян. Ғалым түсінігі бойынша күллі дүние бейнесін халық тіліндегі ішкі және сыртқы дүние туралы ақпараттар жиынтығы құрайды дейді [6, 3256].

От – жылу, күн, өмір, тіршілік, жарық яғни аспандағы күн қасиетіне теңестіріле айтылады. Адам бойындағы қан да от ұғымымен байланыстырылды. Қызыл және сары түстер отқа және күнге баланып, киелі түс саналды. Сондықтан, көшпелілерді жоғары әлем иелеріне – Құдайға, Жаратқанға арнап құрбандыққа шалатын өңі де құла, жирен сияқты түстерден тандалды. Оған Берел, Пазырық қорғандарынан табылған құрбандық жылқыларының түстері дәлел [7, 1846].

Қазіргі қазақ халқының тілінде от сөзі бірнеше ұғымда жұмсалады. Бұл от концептісінің уақыт өте мағынасы ұлғайып, кең көлемде қолданылуын көрсетеді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «от» сөзіне көп мағыналылықты тән етіп көрсетеді:

I.Жалын –заттық ұғымда. Жоғары температурада жанып тұрған газ, жалын. Үй ортасында маздап жанған түтінсіз от бар (Әуезов). От адам баласын суықтан, жыртқыш аңдардан сақтады (Қазақ ССР тарихы). Алғаш оттыүй жылытып, ас пісіруге, қараңғы жерді жарық етіп, әрі қараңғыдан қорыққан кезде отты пайдаланған. «Жаурап қалсаң – от жақ, қорықсаң – от жақ, қарның ашса– от жақ» деген ұғым осы келіп шыққан.

II.Жарық – заттық ұғымда. Қараңғыны жарықтандыратын сәуле. Ботакөз сазы шылпылдаған жаққа қараса, лампасының оты жылтылдап біреу рас келеді екен (Мұқанов) [8, 1846].

III.От, қуат –тура мағынада. От алды –тұтанды, атылғыш зат не басқа бір зат жанды. Алты қырлы ақ мылтық. Ата алмасаң маған серт. Мен атқанда ұсынып. От алмасаң саған серт (Ер Тарғын). От – көктен, су –таудан түсті [8, 1846].

IV.Қуш-қуат, қайрат, энергия –ауыспалы, бейнелі мағынада. От бар-ау қара көзде жанып тұрған. Жігері бар, энергиясы тасып тұр [8, 1846]. «Жастықтың оты, қайдасың,Жүректі түртіп қозғамай?» – деген дана Абай өлеңінде «жастықтың оты» тіркесі – жастың энергиясы, күші мағынасында жұмсалып тұр. Жеңістер жатса шындалып, От беріп өлеңдеріме (Бекхожин).

V.От басы – үй іші, семья –ауыспалы, тіркес сөз. От басы ала болса, кереге басы сайын пәле болар (мақал). Отан – от басынан басталады [9, 1846].

VI.Жала, пәле –ауыспалы, бейнелі мағынада. От салды (от тастады) – екі елдің не екі кісінің арасын араздастырды, өшіктірді, жауластырды. Ойын деп аңдамастан от тастадық, Мазағы жетпеп пе еді жат басқаның (Әуезов). Улы тісін қайрайды жау. Аузы жетсе тістемекке От салмақшы Отаныма, Бай бақытты өртемекке (Ақын жырларынан) [8, 1846].

VII.Азап, қиыншылық –ауыспалы, бейнелі мағынада. Отқа салды – азап, бейнет көрсетті. Өтірік деген дұшпан бар, Отқа сүйреп салады (мақал).

VIII.Ыстық –ауыспалы, бейнелі мағынада. Оттай басылды – ыстық көрінді. Көзіне оттай басылып, Көрінді сол кез екі атты (Меуленов).

IX.Азық – бұл мал азығы – от, шөп болса, адамның азығы да от деген ауыспалы мағынада қолданылып тұр. Отқа қарады – ішіп жемге ешнәрсе болмай, азық-түліксіз қалды, жоқшылыққа ұшырады. Отырушы ек отқа қарап, болмай бидай көже де (Сейфуллин) [8, 184 б]. Қазір тілімізде бұл мағынасы көнерген.

X.Қызыл –бейнелі мағынада. Сырты қап-қара,Іші қып-қызыл жара.Әлсін кіріп шығады,Бір жалаңбас бала.(*Пеш, от, кесеу*). Қара сиырым қарап тұр, қызыл сиырым жалап тұр (*Қазан мен от*) (Халық жұмбағы). Бұл жерде оттың түсіне қарап алмастырып айтқан.

XI.Сәуле жарық – бейнелі мағынада. Қара бием қалт етті,Қабырғасы жалт етті (*Жалын,қазан*) [10].

XII.Ұрпақ – бейнелі мағынада. Жарық, шырақ сөздері бала, ұрпақ мағынасын берді, от сөзі отбасы (жанұя) мағынасын білдіретін ұғымға айналды. Үлкен кісілер қайтыс болғанда қыркына дейін өлік шыққан үйдің оң жағында бала-шағасы шырақ жағатын болған. Ол артында түтінін


түтетіп, отынды өшірмейтін ұрпағың бар дегенді білдірген. «Шырағың сөнбесін, отың өшпесін» деген тіркестер осыдан келіп шыққан. «Таңатар ата өз баласы Дарханғаошағының отын сөндірмеуді тапсырса, енді Дархан шал бұл аманатты немересі Жалғасқа тапсырып кетпекші [11, 496.].

XIII. Жау – бейнелі мағынада. От, өрт – тілсіз жау. От концептісі көп жағдайда жағымды сипатта мағына берумен қатар, ол адам үшін жауы да болады. Өйткені ол жолындағының бәрін жайпап күл ететін, мейірімсіз мылқау, кейде бұғалыққа көнбейтін – тілсіз жау.

XIV. Қасиет, кие – бейнелі мағынада. От ежелгі түркілік танымда – үйдің иесі, отбасының сақтаушысы шамшырағы, қамқоршысы, отбасы жылулығының белгісі болған. Отты сөндірмей сақтаған. Оған табынған. Киесіне сенген. От бәле – жаладан сақтаушы, күнәдан тазартушы қасиетке ие деп есептеген. Бағзыда басқа жерге көшкен ел қалар жұрттың орнына от жағып, адамды да, малды да екі оттың арасынан өткізіп тазартқан. Бұл әдет, яғни ырымда оттың тазарту қасиетіне сеніп, аластаған. Аластаған кезде: «Алас, алас, әр пәледен халас, от, от тазарт бізді әр пәледен» – деп айтқан. Отпен науқастың жатын орнын, сәбидің бесігін, киім-кешегін аластайды.

Осылайша халық түсінігіндегі «от» концептісінің беретін ұғымдарын санамалап шықтық [1-сызба]. Тіліміздегі «малды отқа қойды, оттады» тіркестерінің шығу төркіні түркі тіліндегі шөп мағынасынан бастау алғанын білдік.

Бүгінгі технологияның дамыған заманында халық танымында желі арқылы сөйлескенде ойды сөзбен бергеннен көрі смайлик (эмоцияны білдіретін эмодзи яғни кішірейтілген суреттер) арқылы көрсете салу оңай болып келеді, бұл уақыт үнемдеу мақсатында болуы керек. Ватсап, телеграм, инстаграм т.б. қосымша әлеуметтік желілер арқылы әдемі киім алса, қымбат көлік алса, жалпы ортасынан бір нәрсесі арқылы ерекшеленіп, мақтау айтуға тұрарлық жағдайда «от» белгісін жібереді. «От» суретін жіберу салдарынан ауызекі тілде көптеп қолданылатын «от болды, отсың, от» сөздерінің мағынасы түп төркінінен алшақтап, оттың жарық, жарқырау қасиетінен метафоралық сипат алғанын байқаймыз.



1–сызба. От концептісінің беретін ұғымдары.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Манкеева Ж. М. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы, 2008. 356 б.
2. Байынқол Қалиұлы. Қазақ терминтанымның өзекті мәселелері. – Алматы, 2008. – 160 б.
3. І. Кеңесбаев қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 714б.
4. Уәлиханов Ш. Алтышаһарға сапар. – Алматы: Атамұра – 2006. – 303 б.
5. Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі, 3 том. – Алматы, 2017. – 600 б.

6. XV Дүниежүзілік философия конгресінің материалдары. Г.А Брутян. Язык и картина мира, – Москва, 1974. – 325 б.

7. Жұматаев Р.С. «Қазақстанды ежелгі дәуірлер мен орта ғасырларда мекендеген жұрттардың әдет-ғұрыптарындағы жылқы» диссертациялық жұмыс, қолжазба. ҚазҰУ

8. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. II том. – Алматы, 1961. – 537 б.

9. Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы, 2004. – 562 б.

10. <https://www.zharar.com/kz/zhumbak/32234-ot-pen-zharyq.html>

11. Бөкей О. Өз отынды өшірме. – Алматы: Ел шежіре. 2013. – 392 б.

ӨОЖ 811.311.42

ОРТА ҒАСЫР ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ КӨМЕКШІ ЕТІСТІКТЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

ҚҰДАЙБЕРГЕН А.

№40 гимназияның 6 сынып оқушысы, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ИСМАМБЕТОВА Л.М.

№40 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается формирование вспомогательных глаголов в тюркских языках

Summary. The article discusses the formation of auxiliary verbs in Turkic languages

Қазақ халқы тілінің қалыптасу процесі аса күрделі, қайнары мол, қалың тарих. Бүгінде түпкі тамырынан тартатындай тілдік материалдар жеткіліксіз болғанымен, архив деректеме, этногенез тұрғысынан қалыптасу қайнар көзі қола дәуірі, одан кейінгі кезеңдегі сақ, үйсін, қаңлы, ғұн тайпаларынан бастау алып, қазақ атауын енші еткен халық болып қалыптасқан. XIV-XV ғасырлар кезеңінде қазақ тілі де дербес тіл ретінде даму жолын жалғастырып отыр. Яғни, тілдің тарихын, дамуын зерттеуде Орхон-Енисей жазба ескерткіштер тілі ең алғашқы ымұралар есебінде түркі тілдеріне ортақ болса, орта түркі дәуірінде қазіргі түркі тілдерінің жекелеген өзіндік негіздері қалана бастаған еді. Түркітану ғылымында Орта түркі дәуірін кезеңдерге бөлу және жазба мұралар тілін түркі тілінің топтарына бөліп қарастыру негіздері бар.

Алайда, біздің мақаламызда жеке бір топтың тілдерін ғана зерттеу мақсат етілмеген. Негізінен көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тілінде қолданылған көмекші етістіктердің орта ғасыр жазба мұраларындағы тұлғалық көрінісі мен қызметін, аналитикалық форманттары мен қимылдың өту сипатындағы мағыналарын салыстыра отырып, ұқсас-ерекшеліктерін анықтау басты мақсат болып табылады. Жалпы тілдің қалыптасуында кез келген сөз бір-бірімен үздіксіз байланысады да тарихи тұтастықтың көрсеткіші ретінде танылады дейміз. Ендеше көмекші етістіктің тілдік табиғатындағы тұтастықты анықтауда кешенді зерттеудің маңызы ерекше.

Көне түркі дәуіріне қарағанда, орта ғасырдағы көмекші етістіктер құрамы біршама дамыған. Бұл кезеңде жазба мұралар тілі экстралингвистикалық, интралингвистикалық және қоғамдық даму құбылыстарының әсерінен кейде оғыз, кейде қыпшақ, кейде қарлұқ элементтері болып ерекшеленеді. Осылардың ішінде, әсіресе, қыпшақ элементтерінің басымырақ келетінін тарихи жазба деректер айғақтайды. Алайда, олар әртүрлі диалектілік нышандарда көрінгенмен, «бір тұтас түркі тілі» деген концепцияға саяды. Біздіңше, бұл – тұтас бір тілдің әртүрлі көріністері ғана. Қалай дегенмен де, көне түркі, орта ғасыр, қазіргі түркі тілдеріндегі сөздер бір-бірімен сабақтасып, астасып жатады.

Бүгінде көне түркі тіліндегі көмекші етістіктердің орта ғасыр дәуірінде толық қолданылуы, өзара өзіндік ұқсас-ерекшеліктеріне байланысты жазба мұралардың топтастырылуы, Батыс және Шығыс ғұн тілдеріне ортақ белгілер бойынша сарапталып, көне мен жаңа формалардың сабақтастығы анықталынды. Олардың сөздік құрамы, жалғанған қосымшалары, тіркесті сыңарлары (көбінесе қай сөз табынан болатындығы) мен аналитикалық форманттары да белгілі болып отыр. Сонымен қатар әр дәуірде көмекші сөздердің сөздік құрамы мен тіркесті түрлері біресе кеміп, біресе ұлғайып отырылады. Зерттеу материалдары негізінде бір тілдегі көмекші

сөздердің екінші бір тілде қолданылмауы немесе бірнеше түркі тілдерінде қолданылып, енді бірінде қолданылмауы сияқты ерекшеліктер кездеседі. Осыған орай қазақ тілімен қай дәуірде болмасын мағынасы мен тұлғасы жағынан сәйкес келетін және мағынасы сәйкес келгенімен тұлғасы жағынан фонетикалық өзгеріске ұшыраған және мағынасы да, тұлғасы да өзгеріске түскен көмекші етістіктер статистикасы жасалынды. Сол сияқты көне және орта ғасыр тілдерінде қолданылған, бірақ қазақ тілінде мүлде кездеспейтіндері де назардан тыс қалған жоқ.

Түркітануда орта түркі дәуірі болып саналатын X-XV ғасырларда түркі халқының жазба әдеби мұралары негізінен көне ұйғыр, араб жазуларымен жазылғаны белгілі. XI ғасырдан бастап араб жазуының Орта Азия, Жетісу, Шығыс Түркістан аймақтарында кеңінен таралып өріс алғанына және оның руникалық көне түркі әліпбиін ығыстырғанына тарих куә. Бұл жағынан көмекші сөздер құрамы да тыс қалмаған. Жалпы XI-XII ғасырларда араб жазуы көне ұйғыр жазуымен қатар жүрген және көне ұйғыр жазуы Орта Азия мен Хорезмде ХҮІ ғасырдың аяғына дейін қолданылса, сары ұйғырлар оны, тіпті XIX ғасырдың бас кездеріне дейін пайдаланғаны жайлы дерек те бар [1, 123 б.]. Ал көне түркі тілінде араб-парсы тіліне қатысты көмекші сөздер жоқ. Сондықтан бұл көне тілдің орта ғасырдың басты айырмашылықтарының бірі болып саналады. Жалпы орта түркі дәуірінде түркі тектес халықтар жеке-жеке одақ болып бөлініп, ортақ тілден енді өз алдына дербес тілдер болып қалыптаса бастағаны мәлім. Осыған орай ғылымда түркі тілдерін әртүрлі топтарға бөліп қарастыру орын алған.

Мәселен, М.Сабыр орта түркі дәуіріндегі түркі халықтары тілінің даму ерекшелігін ескеріп, қарахандықтар дәуірі (X-XII ғ.) және монғолдар дәуірі (XIII-XV ғғ.) деп екіге бөледі. Сонымен бірге Н.А.Басқаковтың X-XV ғасырлардағы ескерткіштердің жазылу ортасы мен тілдік ерекшелігіне байланысты (Қарахандықтар, Алтын Орда, Орта Азияда жазылған ескерткіштер және Мәмлүк қыпшақтарының ескерткіштері) төрт топқа бөлу себебін де түсіндіреді [2, 337б.]. Шындығына, осы кезеңдегі түркі тіліне экстралингвистикалық, экономикалық, дін, территория, сауда-саттық, ішкі-сыртқы саяси іс-әрекеттер т.б. ықпал еткендіктен, «көне, ескі және орта түркі жазба ескерткіштерінің тілі аралас тіл болды» және қыпшақ тіліне қатысты Э.Н. Наджип (1970), Қ. Мұсаев (1984), М.Томанов (1971), Ә.Құрышжанов (1972), М.Аджи (2000), Б.Кенжебаев (2004), С.Акинжанов (1989), С.Агаджанов (1980), С.Кляшторный (1986) т.б. еңбектерінде көңілге қонымды пікірлер беріледі. Сонымен орта ғасыр жазба ескерткіштерінің тілі «аралас тіл» және қай ғасырда болмасын (көне, ескі, орта) жазылған жазба ескерткіштерде қазақ тілінің элементтері басым болып, сабақтасып, араласып, ортақтасып жататындығына тарихи деректер айғақ бола алады. Мысалы, Т.Қордабаев пен М.Томанов бірлесіп жазған еңбекте ХІҮ ғасырдағы қыпшақ ескерткіштері тіліндегі «болмақ, қылмақ, етмек, үзмек, ұзатмақ, келмек, елтпек, тұтпақ, атмақ, бағламақ, таймақ, түшмек, тикмек, салмақ етістіктері де көмекші қызметте жиі ұшырасады» делінген [3, 143 б.].

Р.Сыздықованың Яссауи Хикметтерінің мәтінінде аналитикалық форманттағы тіркестерге қарағанда, «есім мен етістіктен жасалған құранды қимыл атаулары өте актив қолданылған» дегені – құптарлық негіздеме. Сонымен бірге «қыл, бол, ет, әйлә, е/ер» көмекші етістіктерді бір топқа, «сал, көр, тұт, қой, йұр, құр» көмекші етістіктерді екінші топқа жатқызып, толымды көмекшілердің ішінде «ұр, құр, де, сал, хат, сұн» етістіктері (құлақ сал, сөз қат, мойын сұн, көңіл қой) тұрақты тіркестер жасайтығын және есім компоненттері араб-парсы сөздері болып параллельдер түзейтінін де тап басып айтады. Мысалы: Рахм әйлә – рахм ет – рақым қыл; қабул ет – қабул қыл – қабыл бол т.б. [4, 145-149 бб.].

М.Оразов орта түркі дәуіріндегі көмекші етістіктердің тіркесті сыңарлары біршама тұрақталып, белгілі бір формаларда қолданылатын дәрежеге жеткендігін сөз етеді. Яғни, көмекші етістіктердің ішінде турур (дурур, дур, тур, дир, тир), бол, эмас (эрмас, эрді), етти сияқты санаулылары ғана есім сөздерге де, кез келген формалы етістіктерге де тіркесе берсе, қалғандары есімше, көсемше формалы етістіктерге, аз мөлшері рай қосымшаларына тіркесетіндігін мысалдармен дәйектейді [5, 91б.]. Сонымен ары қарай басқа да ерекшеліктерін талдап көрсетпес бұрын, ең бірінші жүйелі түрде көмекші етістіктердің әрбір ескерткіштеріндегі қолданысына байланысты құрамын, тіркесімді түрлерін анықтап алған дұрыс. Мәселен, «Қорқыт ата кітабы» VII-IX ғасырларда ауызша таралғанмен XIV-XVI ғасырларда проза түрінде хатқа түскен. Аудармасы Анкара басылымы бойынша жасалған. Б.Сағындықұлының пайымдауынша: «XI-XVI ғасырлар аралығында халық арасында тараған жазба әдебиеттің кез-келген үлгісін Көне түркі әдеби тілінде жазылған деп есептесек, қателеспейміз», – дейді [6, 4 б.]. Қалай дегенмен де, орта түркі тілдерінің жазба ескерткіштері көне түркі тілінің заңды жалғасы және қазіргі түркі тілдерінің

тарихи дереккөздері болып саналады. Ал ортағасырлық зерттеу жұмысымыздың негізгі материалдары – Қорқыт ата кітабы, Оғызнама, Құтты білік, Ақиқат сыйы, Рабғузи қиссалары, Хұсрау-Шырын, Махаббатнама, Шипагерлік баян т.б. тәрізді жазба әдеби мұралары.

Қорыта айтқанда, бүгінгі бай әдеби тіліміздің негіздері осыдан он алты ғасыр бұрын жазылған көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тілінен бастау алатыны анық. Бұл негізге қазіргі түркі тілдерінің дербестігін қалыптастырған орта түркі тілінің де өзіндік қатысы бар. Оған көмекші сөздердің тарихын, тілдік болмысын, жалпы табиғатын тарихи-лингвистикалық тұрғыдан зерттеген кезде тағы бір мәрте көз жеткізіліп отыр. Яғни, қазіргі қазақ тіліндегі көмекші етістіктердің негізі көне түркі, орта түркі болып келгенімен, олар – бір тілдің әр кезеңдегі бейнесі. Дегенмен де, олардың әр дәуірде немесе өзара жекелеген түркі тілдерінде өзіндік ерекшеліктері болады. Жалпы тарихи-генесеологиялық тұрғыдан алып қарағанда, оларды көптеген ғасырлар бойғы тілдік процестерді басынан кешірген тарихи туынды категория дейміз. Қазіргі кезде түркітанушылар назар аударып отырған мәселе – әрбір тарихи ескерткіштің тілдік ерекшеліктерін оның жазылған дәуіріндегі, одан бұрынғы және кейінгі дәуірлердегі ескерткіштермен тәптіштеп салыстыру арқылы тілдің сөздік құрамын барынша дәл айқындау. Яғни, орта түркі дәуірінде көне түркілік, ортағасырлық көмекші етістіктердің тұлғаларын, лексика-грамматикалық мағыналарын және аналитикалық формаларын қазақ тілімен тікелей салыстырып зерттеу арқылы ұқсас-ерекшеліктерін анықтау басты мақсат болып табылады.

Сонымен Орхон-Енисей жазба ескерткіштер тілінде ал, бар, бер, бол, ет, елт, йор/йүр, кел, көр, қал, қыл, олур, те\ті, түс, тур, ыт және ер (ерті, ерміш, ерінч т.б.) тәрізді көмекші етістіктер бары анықталды. Мұның ішінде «бол, ет, қыл» лексемалары аналитикалық формат ретінде көріне алмай, құранды етістік жасаушы ретінде танылды. Енді осы көмекші етістіктердің орта ғасыр жазбаларындағы қолданысы мен лексика-грамматикалық және қимылдың өту сипатындағы мағыналарын салыстыра отырып, ұқсас-ерекшеліктерін көрсетелік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1986. – 178 б.
2. Сабыр М.Б. Көне түркі және орта түркі тілдері арасындағы сабақтастық // Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер (ҚР тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары, Астана, 2001ж. 18-19 мамыр).– Алматы, 2001. – 584 б.
3. Қордабаев Т., Томанов М. Тарихи грамматика мәселелері. Алматы: Мектеп, 1995. – 176 б.
4. Сыздықова Р. Яссауи «хикметтерінің» тілі. Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 552 б.
5. Оразов М. Көмекші сөздер. I кітап. Ташкент: Наурыз, 1997. – 175 б.
6. Сағындықұлы Б. «Ғибат-ул хақайиқ» – XII ғасыр ескерткіші. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 184 б.

ӘОЖ 80. 244.21

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ СӨЙЛЕУ ҮЛГІЛЕРІНІҢ АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: МОҢҒОЛИЯ, ТӘЖІКСТАН, ҚАРАҚАЛПАҚСТАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТІЛІ ТУРАЛЫ

НҰСТАЕВА А.Б.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
«Қазақ филологиясы» мамандығының 2 курс магистранты,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Резюме. Изучение традиционных казахских речевых моделей и их региональных, местных особенностей имеет большое значение и сегодня среди ученых-лингвистов. Данная работа будет посвящена выявлению и анализу региональных и местных особенностей традиционных казахских речевых моделей, раскрытию их значения, отражению влияния на наш родной язык. В частности, были затронуты такие понятия, как «региональное слово», «диалект», «речь», а также выделены региональные и местные языковые особенности посредством специальных аудиозаписей.

Изучая региональные и местные особенности традиционных казахских речевых моделей, мы можем определить уровень распространения, изменения казахского языка. Что такое традиционные казахские речевые модели в рамках этих актуальных поисков? Каковы его региональные и местные особенности? Как казахи мигрировали в Монголию и Турцию? Какова ситуация с казахским языком после смешения религии, традиций и языка? Делается попытка найти ответы на эти вопросы.

Ключевые слова: традиционные казахские речевые модели, языковая специфика, казахская диаспора.

Summary. The study of traditional Kazakh speech models and their regional and local features is of great importance today among linguists. This work will be devoted to the identification and analysis of regional and local features of traditional Kazakh speech models, revealing their meaning, reflecting the influence on our native language. In particular, concepts such as "regional word", "dialect", "speech" were touched upon, as well as regional and local linguistic features were highlighted through special audio recordings.

By studying the regional and local features of traditional Kazakh speech models, we can determine the level of dissemination and change of the Kazakh language. What are the traditional Kazakh speech models within the framework of these current searches? What are its regional and local features? How did Kazakhs migrate to Mongolia and Turkey? What is the situation with the Kazakh language after mixing religion, traditions and language? An attempt is being made to find answers to these questions.

Keywords: traditional Kazakh speech models, linguistic specificity, Kazakh diaspora.

Қазіргі қазақ тілі, сөзі, шаршы топ алдында сөйленген ауызша сөзде болсын, жазба сөзде болсын, грамматикалық, стильдік, этикалық нормасынан қол үзіп бара жатқан, жасанды қазақ тілі, аударма қазақ тіліне айналып бара жатыр. Қазақ тіліндегі білім, ғылым, БАҚ мәтіндері орыс тілінің грамматикалық жүйесі мен сөйлеу стилі араласқан аударма тілмен жазылып жатыр. Қазақ тілінің лексикалық бірліктері орыс не ағылшын ойлауымен құрылған сөйлемдерге салынып, қазақ тілі «қиын тілдер» қатарына қосылып отыр. Сол себепті бүгінгі жастар, тіпті орта жастағылар да қазақ әдеби тілінің нормаларын тап басып, тани алмайтынды шығарды. Осы орайда, қазақтың дәстүрлі сөйлеу үлгілерін, оның аймақтық ерекшеліктерін зерделей түсу – маңызды іс.

Қазақ халқының ұлттық дағды-дәстүрімен біте қайнасқан, елдің тарих, шаруашылық, мәдени, әдеби құндылықтарын жарқырата көрсететін ол – дәстүрлі сөйлеу тілі. Әдеби тіл дегеніміз – көркем шығарманың ғана тілі емес, ол жалпы ғылымның, білімнің, іс-қағаздың, ақпараттың, баспасөздің, құжаттаманың ортақ ережелерге бағынған тілі. Ғылыми бірізділік, бұлжымас заңдылық болмаған жерде тілдің дамуы, өсуі, заманға сай бейімделуі өте қиынға соғады. Сондықтан Р.Сыздық «қазақ тілінің әлеуметтік қызметін кеңейтуде тек кеңсе тілін дамыту, ғылымды қазақша сөйлету, қазақ тілінде кітап жазып, лекция оқу жеткіліксіз. Ең кенже қалып, көңіл аударылмай келе жатқан сала – ауызша сөйлеу тіліне баса назар аударылу қажет. Күрестің бір майданы осы ауызша сөйлеу майданы болсын» [1, 59], – деді. Демек, қазақтың дәстүрлі сөйлеу үлгілерін одан әрмен зерттей түсу қажет. Осыған орай, Моңғолия, Тәжікстан, Қарақалпақстан қазақтарының сөйлеу үлгілеріне, тілдік ерекшеліктеріне тоқталамыз.

Қазақ әдеби тілі мен жергілікті халық тілінің дыбыстық жүйесі, морфологиялық құрылысы, диахрондық тұрғыдан есептегенде, көне моңғол тілімен, негізінде, сәйкеседі. Бұл сәйкестік – көне моңғол тілі мен керей тайпасының тілі ортақ болғандығын дәлелдейді. Бұдан керей тайпасы моңғол тайпасы болды деген қорытынды шықпайды.

Ең алғаш Моңғолдың батыс жағындағы шалғай өлкелерінде болып, сондағы халықтардың тарихына байланысты деректер қалдырған орыстың саяхатшылары мен ғалымдары болатын. Моңғолдардың өзін зерттеуде А.М.Позднеев, Б.Я.Владимирцов, И.И.Майский, К.Я.Златтский сынды ғалымдардың еңбектері белгілі болса, Г.Я.Потанин, Г.Е.Грумм-Гржимайло, В.В.Сапожниковтардың еңбектерінде осы өлкелерде мекен ететін қазақтар жөнінде біраз мәліметтер берілген. Бұған қоса Бай-өлгей қазағының тарихына тікелей қатысы бар деп Ә.Мініс, А.Сарай, И.Хабышұлы, З.Қиянайтұлы, С.Қаржаубай, Т.Алданыш, С.Қабышай, М.Құрметханның еңбектерін және кейінгі кезде жарияланған еңбектерді айтуға болады.

Қазақ тілінің сөйленістерінде кездесетін фонетикалық құбылыстар – дыбыстардың алмасуы, түсірілуі немесе сақталуы, орын алмастыруы (метатеза), буындардың түсірілуі мен сақталуы, ерін үндестігі сияқтылар – Байөлгей сөйленісінде де байқалады. Әсіресе тұрғын халықтың сөйлеу

тілінде бірден көңіл аударарлық ерекшелік – жүйелі түрде сөз басында, сондай-ақ сөз ішінде аффрикат ч, дж дыбыстарының қолданылуы болса, сөз ортасында д, т/л дауыссыздарының алмасатындығы.

Б.Бәмішұлы «Моңғолия қазағының тілі» авторефератында былай делінген: «Моңғолия қазақтарының тілі ХІХ ғасырдың орта шенінен бастап этникалық ортасынан оқшауланып, дара қалыптасып, дами бастады. Бірақ біртұтас қазақ тіліне ұқсамайтын мүлдем басқа түрде емес, соның бір саласы ретінде жергілікті ерекшеліктерімен дамыды. Соңғы жүз жылда моңғол тілімен қатар өмір сүріп әрі таза сақталған тіл» [2, 18].

Моңғолия қазақтарының тілі қазақ дипломатиясында, билер сотында, шаруашылық саласында, дін тармағында, астрономиясында, табиғат болжауда, өнерде, ауыз әдебиетінде, тұрмыс, отбасы тағы басқаларда еркін қолданылады.

Моңғолия қазақтары тілінің ішкі құрылысындағы ерекшеліктерді салыстырып көрсек:

Ерекшелігі	Мысалдар
«е» дыбысы ғана сөздің барлық шенінде «э» түрінде айтылады	ен – эр, езу – эзу, ермек – эрмэк, екі – әкі, ебелек – эбэлэк, кемелек – кемелэк
қазақ тілінде «кірме сөздердің құрамында кездесетін в, х, ф, ц, щ дауыссыздары Баян-Өлгийде қазақтарының ауызекі сөйлеу тілінде, мәселен, «в»-ның «у» не «б»-ға, «х»-ның «қ»-ға, «ф»-ның «п»-ға, «ц»-ның «с»-ға, «щ»-ның «ч»-ға бейімделіп айтылуы байқалады	фабрика – пабырика, фонетика - понетика, физика - пізика, фирма - перма, футбол - путбол, циркуль - сиіркул, цемент - сементі, цирк - сиіркi, вагон - бағон, вакуум - бакум, вальс - бәліс, завод - зауыт, хабар - қабар, хат - қат, халық - қалық, щетка - чөткі, щи - чи, ащы - ашты

«Баян-Өлгий сөйленісінде қазақ әдеби тілінің жұрнақтары мен жалғауларында өзгешеліктер кездеспейді. Жалпы Баян-Өлгий сөйленісінде байырғы сөйлеуге тән ерін үндестігі варианттары әсіресе егде адамдардың тілінде өткен ғасырдың 70-жылдарына дейін жақсы сақталған» [3, 92]. Бірақ бұл көріністің әліде сақталып отырғаны байқалады: ұзұнұрақ – ұзынырақ, күйгөлөк – күйгелек, құттұ – құтты жер. Қазақ тілінің ерін үндестік варианттарын Қазақстанға кейінгі кезде қоныс аударған қандастардың тілінен де байқауға болады.

Ары қарай Қазақстан аумағынан тыс мекендерде өмір сүріп жатқан қазақтардың, мәселен, Тәжікстандағы қазақтардың ана тілдерін қолданудағы кейбір ерекшеліктер жөнінде айтсақ дейміз. Қазақ тілінің даму тарихында араб-парсы тілдерінің әсері кезінде белсенді рөл атқарғандығы белгілі. Осындай сөздер әсіресе иран, тәжік тілдерінен ауысқан, сол тілдердегі етістіктің осы шағы негізінде пайда болған аффикстердің қазақ тілінде көбірек қолданылуында байқалады.

Тәжікстандағы қазақтардың тілінде фонетикалық жағынан өзгерістерді көруге болады. Мысалы, бап – боб, пимай – пай, кемкуат – кәмкуат, ширбоз – сырбаз және т.б.

Тәжік қазақтары тіліндегі лексикалық ерекшеліктердің бірі – сәйкесті диалектизмдер (Ш.Сарыбаев термині). Бұлар тұлғалық жағынан өзгеше болып келгенімен мағыналық жағынан бір ұғымды не зат, нәрсе атауын білдіретін, басқа говорда баламасы өзге сөздер. Мысалы: бакаш – қыштан жасалған ыдыс, Оңтүстікте орта кесені, Өзбекстан, Тәжікстан қазақтарында табақты білдіреді; шіпірткі – сыпыртқы, Оңтүстікте сыпырғыш болады.

Ж.Досқараев Тәжікстандағы қазақтар тілінің ерекшеліктерін арнайы зерттеген еңбегінде сол аймақта қолданылатын тұрақты тіркестерге тоқтала келіп, олардың құрамындағы сөздердің мағынасын екі топқа бөле отырып анықтайды:

- құрамындағы сөздерінің мағынасы түсініксіз сөздер. Мысалы, емешесі құру – еңсесі құру, мажыра болу – жайбарақат, мігіріш ету – келісу, таупиықты болу – табысты, бақытты болу;
- мағынасы түсінікті, бірақ қолданылу реті әдеби тілден ерекшелеу сөздер. Мысалы, азабы сіңу – еңбегі сіңу, азап жасау – азап ету, ақтан қаптап жіберу – ит терісін басына қаптау, ас салу – тамақ асу, қазан көтеру, ет асу, ас қайыру – бата қылу, ауа жайлы болу – жүкті болу т.б.

Тәжікстан және Өзбекстан төңірегіндегі қазақтар тілінде тәжікше етістік тұлғалы сөз тудырушы тәсілдер араб-иран тілдерінен ауысқан сөздердің құрамында да, түркі сөздер құрамында да әдеби тілімізден молырақ кездеседі. Мұның себебі академик І.Кенесбаев атап

көрсеткендей, араб-иран сөздерінің қазақ тіліне ауысуында дәнекер тілдердің бірі болған өзбек тілінде сөйлесетін ортадағы тұрғындарының өзбектермен араласып, қарым-қатынас жасауында деуге болады. Сөйтіп, тәжік тілінде кейбір біріккен сөздердің сыңары түркі тілдерінде жұрнақ дербес қолданылмағандықтан, жұрнақ қызметін атқарады. Ондай етістік тұлғалы қосымшалардың біразы тәжік қазақтары тілінде де кездеседі. Солардың кейбіреуін атап өтейік:

- -баз (-паз), -боз, -баз, -базидақ деген ойнау мағынасындағы етістіктің осы шағы. Бұл тұлға өзінен бұрынғы сөздерде білдірілген затпен айналысуды әдет еткен, не сол затпен шұғылдануға құмар адамды білдіреді. Қазақ, қарақалпақ тілдерінде көбіне -паз түрінде айтылады. Мәселен, кептерпаз – кептарпоз, сырбаз – ширбоз;
- Дар – тар. (өзб. дор. иелену мағынасындағы тәжікше доштан етістігінің осы шағы өзбек тілінде, қазақ, қарақалпақ тілдеріне қарағанда жиі кездеседі. Ал қазақ тілінде біраз сөздердің құрамында қолданылады. Мысалы, діндар – диндар, жақтаушы (тарап) – тәрәптар.

Байқағанымыздай, сөз болып отырған өңірдегі қазақтар тілінде айтылып жүрген ерекшеліктер өзбек тілі мен Өзбекстанның басқа да аумақтарында тұратын қазақтар тіліне ұқсас. Өзбекстан мен Тәжікстанда тұратын қазақтар тіліндегі морфологиялық ерекшеліктерінің көпшілігі өзбек және тәжік тілдерінің әсерінен туғандығы ерекше байқалады.

Қарақалпақстандағы қазақтар тілі өзінің ұлттық белгілерін сақтаған, жергілікті түркі тілдес халықтар мәдениетінің ықпалына азды-көпті ұшыраған, сондай-ақ өзіне тән сипатын айқындаған бай мұра. Қарақалпақстан Республикасында жасап жатырған қазақтардың тілдік лексикасына назар салсақ, кейбір лексемалардың түп негізі қарақалпақ, өзбек тілдеріне байланысты екендігін көреміз.

«Ұлттың бір белгісі – тілі десек, ал рухани дүниесінің бай қазынасы – этнографизмдер. Аймақта жасайтын түрік халықтардың этнофрагизмдерінің айырымдары бір-бірінен фонетикалық ерекшеліктерімен ерекшеленеді» [5, 2]. Мысалы, сеп – қыздың жасауы. Бұл сөз өзбек, қарақалпақ, түрікмен тілдеріне актив қолданыста болса, қазақ тілінде архаизмге айналып кеткен. Гөз айдын // көз айдын – көзайым. Чиллө – шілде туылған баланы 40 күнге үйін күту. Қозлады // көз жарды – әйелдің босануы. Геңаш той – кеңес той. Гуручдамлау – күріш дем-деу. Шымкентте палау басу кең айтылады. Ғашыр доғрашпа // кешір тураспа – тойға асатын палаудың сәбізін турау. Пәтек келді – тойға шақыру қағазы келді. Сыпыра қақты – тойға қызмет істегендерге көрсетілетін сый – сыяпат. Рапида күйлі – қаде. Пәпкі той – тіл ашар тойы. Қолын адалдады – сүндетке отырғызу, кепкір күйді – қаденің түрі т.б. Бұлардан басқа да лексиканың барлық саласында ортақ қолданыстар ұшырасады.

Ә.Құрышжановтың зерттеу еңбегінде қарақалпақ қазақтарының қоныстануы және олардың отырған жерлері, Қазақстанның қай өңірінен келгендері және оның себептері кеңінен баяндалады. Автор бұл мақаласында кең көлемде сөз етілген тарау – фонетикалық ерекшеліктер. Қарақалпақ қазақтарының тіліндегі фонетикалық ерекшеліктерді көрсете келіп және ондай ерекшеліктердің осы аймақты мекендеуші басқа халықтардың тілінде де бар екені көрсетіледі. Автордың бұл тараудағы пікірлері осы ерекшеліктер туралы түркологиядағы бұрын-соңды шыққан еңбектерімен салыстыруы. Мысалы к/г, к/ғ дыбыстарын салыстыру арқылы түркі тілдерін топтастырылатыны және осы құбылыстар арқылы түркі тілдердің жаңа тіл және ескі тіл болып бөлінетіндігі айтылады. Автордың мақаласында қ, х дыбыстары туралы да құнды пікірлер бар. «Х дыбысын араб тілінен келген деп түсіндіреді. Бұлармен қатар автор б дыбысының орнына п дыбысының келуін қарақалпақ қазақтарының тіліне характерлі» [6, 44] екенін көрсетеді. Сондай-ақ, л-мен айтылған варианттан гөрі д-мен айтылған түрі көнелеу болып шығады да, ол қазақ тілінің л-мен сөйлейтін говорының негізінде пайда болған деп есептелінеді.

Бұл зерттеу жұмысынан аталған аймақтардағы қазақтардың көрші халықтармен тығыз байланыса отырып, байырғы қазақ халқына тән ғасырлар бойы сақталып, атадан-балаға мұра болып келе жатырған дәстүрлі сөйлеу тілін ұмытпай, жалғастырып келе жатқандығын көреміз. Сонымен қатар қазақтың қанына сіңген кей қасиеттер де сөздерінен көрінеді. Мысалы, «сіз» деп тіл қату барлық аймақтағы қазақтарға тән, себебі үлкенінің жолын кеспеген, сөзін бөлмеген халықпыз. Сол секілді туыстық атаулар да фонетикалық жағынан аз-кем өзгеріп, барлық аймақтағы қазақтардың тілінде сақталған.

Сонымен, сөз сөйлеу мәдениеті деп біз сөздерді сөйлеудің дұрыстығын, қатынастық лайықтылығын, дәлдігін, ойға қонымдылығын анықтаған, түсініктілігін, тазалығын, мәнерлілігін, әртүрлілігін, естуге жағымдылығы мен орындылығын айтамыз. Осы орайда, түрлі тарихи

себептерге қатысты туған жерден қол үзген қандастарымыз дәстүрлі сөйлеу үлгісін сақтап қалып, одан әрі тілімізді дамытуға белгілі бір деңгейде өз үлестерін қосуда. Қазақтың дәстүрлі сөйлеу үлгілерінің аймақтық ерекшеліктерін зерттеу күн тәртібіндегі өзекті мәселе болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Сыздық Р. Сөздер сөйлейді (Сөздердің қолданылу тарихынан). Толықтырылған 3-басылымы. – Алматы: Арыс, 2004. – 232 б;
- 2.Бәмішұлы Б. Моңғолия қазағының тілі. – Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар пед.институты, 2006. – 28 б;
- 3.Базылхан Б. Қазақ және моңғол тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы (фонетика): көмекші оқу құралы / Б. Базылхан. – Алматы : РБК, 1999. – 165 б;
4. Досқараев Ж, Мұсабаев Ғ. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. – Алматы, 1951, – 136 б;
5. Әбішева Р. Қазақ диаспорасының тіл ахуалы // «Түркістан» газеті, №3, 2017. – 8 б;
- 6.Құрышжанов Ә. Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. – Алматы, 1960. – 73 б.

ӘОЖ 811.232.89

КӨМЕКШІ СӨЗДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

АБИТБЕК Д.

№40 гимназияның 7 сынып оқушысы, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ЖУРКАБАЕВА С.Б.

№40 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается история изучения вспомогательных слов
Summary. The article examines the history of the study of auxiliary words

Көне түркілер өркениетінің V-IX-шы ғасырлардағы руникалық жазба мұралары жайлы алғашқы деректер XIII-ші ғасырдың екінші жартысында хатқа түскенімен, оның құпиясы ғылым әлемінде XIX-шы ғасырдың аяғына қарай жарияланғаны мәлім. Бұл жазба ескерткіштер – өзіне дейінгі және өзінен кейінгі түркі халықтарының мәдениеті мен тарихын, тілі мен әдебиетін, тұрмыс-тіршілігі мен өмірін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін баян ететін асыл қазына және қазіргі түркі тілдеріне ортақ тілдік материал ретінде ең құнды дереккөз болып саналады. Яғни, бүгінгі бай әдеби тіліміздің негіздері осыдан ХҮІ ғасыр бұрын руника әрпімен жазылған жәдігерліктер тілінде қалыптасқаны анық. Сөз орайында М.Ескееваның: «Жалпы түркілік тектілден (протоязык) өрбіп, өзара тоғысу, қайта ыдырау тәрізді тілдік үдерістерді бірнеше мәрте басынан өткізген, өзіндік ерекшеліктерімен, бітім-болмысымен сараланатын, сан ғасырлық дербес даму жолынан өтсе де жалпы түркілік табиғатын сақтап келе жатқан қазіргі түркі тілдерінің қалыптасу ерекшеліктерін, өзара туыстық деңгейін анықтауға арқау болып отырған құнды тілдік дерек – VII-IX ғасырлардан жеткен көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» деп айтқан пікірі бағалы болмақ [1, 3 б.].

Рунолог ғалым А.С.Аманжоловтың көне түркі руника жазуының алғаш қолданылуын жоғарыда берілгеннен «мың жыл бұрын» артқа шегергені [2, 20 б.], М.Жолдасбековтың Ертіс жағалауы мен Бұлғын аймағы және Есік қорғаннан табылған ескерткіштердегі руника әрпімен жазылған сөздердің «б.э.д. VIII – б.э.д. IV ғасырларында-ақ болғандығын дәлелдейді» дегені тіліміздің тамыры тереңде жатқандығын аңғартады [3, 8 б.]. Ал, егер көне түркі әліппесінің, әріптерінің, таңбаларының шығу тегі жайын ескерсек, онда тіліміздің тамыры одан да бетер тереңге тартатыны сөзсіз.

Қазақ тілінің қалыптасу тарихы, дамуы аса күрделі де қайнары мол, қалың тарих екендігі лингвист ғалымдарға белгілі. Оның әрбір тарихи кезеңіндегі күйін білдіретін жазба материалдар тіл тарихының шежіресі және негізгісі болып қала береді. Мәселен, қазіргі қазақ тіліндегі біршама көмекші сөздердің архетиптері Орхон-Енисей жазба ескерткіштер тілінде кездеседі. Бұндағы айғақ – қазақтың ана тілі өзімен бірге туып, бірге өсіп, дамып келеді деген сөз. Жалпы зерттеу

барысында қазіргі қазақ тіліндегі қолданылып жүрген кейбір көмекші сөздердің тарихи таным өрісі кеңейген сайын бағзы бір күрделі немесе көмескі мәселелердің басы ашылып, толығып, өзіндік тілдік жүйеге еніп, меңгеріліп отырылады. Көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі өз алдына бөлек категория болып қалыптаса бастаған көмекші сөздердің лексика-грамматикалық сипатын қазіргі қазақ тіл білімі даму дәрежесіндегі теориялық негіздермен таразылаған уақытта, оның принциптік маңызы мен кумулятивтік қасиеті арта түсетіні сөзсіз. Мәселен, екі кезеңдегі көмекші сөздердің құрамынан-ақ өзгешеліктері барын байқауымызға болады. Қазіргі қазақ тілінде жиі қолданыста болатын 30-дан астам көмекші етістік пен 50-ге жуық есімдерді, 100-ге жуық (вариантты тұлғаларын есепке алмағанда) шылауларды, 40-тан астам (тіркесті түрлерін есепке алмағанда) модаль сөздерді, әрқайсысы отыз-отызға жуық күшейткіш үстеулер мен нумеративті және әртүрлі көмекші сөздерді айтып жүрміз. Ал көне түркі тілінде он жеті (17) көмекші етістік, 10-нан астам көмекші есім мен модаль сөздер және 20-дан астам шылаулар бар.

Көмекші сөздердің ішінде шылау сөздер ғана тарихи тұрғыдан біршама қарастырылған. Нақты айтқанда, көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі шылаулардың қалыптасуы мен даму факторлары, тарихи құрамы мен лексика-грамматикалық мағыналары, ғылыми этимологиясы, сонымен бірге өзге сөз таптарының шылаулануы мен синтаксистік қасиеттері қазақ тілімен тікелей салыстырылып, лингвистикалық тұрғыдан бағаланған болатын [4]. Енді олардың орта ғасыр тіліндегі қолданыстары мен тілдік ерекшеліктері назарға алынбақ.

Яғни, белгілі болған көне түркі тіліндегі шылаулардың орта түркі тіліндегі тіркесімді түрлерін, синонимдік қатарларын, қазақ тілімен ұқсас-ерекшеліктерін қарастыратын боламыз. Мұнда негізінен көне түркі тілінде қолданылған көмекші сөздердің бүгінгі тілімізге дейін жүріп өткен жолын жан-жақты талдап, анықтау мақсат етіледі. Сонымен бірге кейбір көмекші сөздер Алтай дәуірінен туыстасатын (тұңғыс, манчұр, моңғол т.б.) тілдермен де байланысады және басқа типтік тілдердегі (араб, парсы, славян, т.б.) көмекші сөздерге қатысты айтылған ғылыми негіздермен де салғастырылады. Жалпы кешенді түрдегі зерттеу барысында әдістердің ішінен, әсіресе, диахронды, синхронды, салыстырмалы, сатылай зерттеген тиімді. Себебі, қай дәуірдің болмасын жазба ескерткіштер мәтінімен жұмыс жасалынады. Мұнда әдістің салыстырмалы мен сатылай түрі басты рөл атқарады. «Жеке тілдердің пайда болу және қалыптасу тарихын тек қана көнеден жаңа дәуірге қарай зерттеу емес, керісінше қазіргі тілдік фактілерге сүйене отырып, қазіргіден көне заманға қарай, жаңадан ескіге, ескіден көнеге, көнеден ежелгі заманға қарай сатылай отырып зерттеген дұрыс» деген тұжырымы ретроспективтік әдістің ұтымдылығын байқатады [5, 66 б.].

Шындығында, «ғылыми негіздер салыстырудан туындайды» деген қағида бойынша көмекші сөздердің көне тілден бастап қазіргі тілімізге дейінгі аралықта, олардың ғылымда қалыптасқан теориялық негіздерін, семантикасын, сөздік құрамы мен морфологиялық құрылымын, синтаксистік қызметі мен әр кезеңдегі (көне түркі және орта ғасыр) тұлғалық қолданылуын және лексика-грамматикалық мағыналарын салыстыру арқылы ғана өзіндік ұқсас-ерекшеліктерін анықтай аламыз. Яғни, Орхон-Енисей руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі көмекші сөздерді орта ғасыр және қазіргі түркі-қазақ тіліндегісімен салыстыру нәтижесінде, олардың бір тілдің әр кезеңдегі бейнесі ретінде танылатындығына көз жеткіземіз де, тіларалық сәйкестіктерден бір тілдің екі дәуірдегі тарихи-генесеологиялық көрінісін байқаймыз. Жалпы көне түркі жазба ескерткіштерінің тілін қазіргі қазақ тілімен салыстырған сайын, айырмашылықтарынан гөрі ұқсастық пен ортақ белгілері басым болып келеді. Қорыта айтқанда, көне түркі дәуіріндегі көмекші сөздер тобын бүгінгі тіліміздегі көмекші сөздердің бастау көзі немесе негізі деп айта аламыз.

Негізінен тіл білімінде көмекші етістіктер морфологиялық тұрғыдан көбірек қарастырылған. Десек те, ғалымдардың пікір-көзқарастары бір арнада емес. Сонымен бірге зерттеу қырлары да бір негізде алынбаған. Алайда кейінгі кездері қоғамдық ғылымдардың қай саласында болмасын, бүгінгі мәселелер мен ежелгі дәстүрлердің арасынан сабақтастық іздеп, тарихтың тереңіне үңілу үрдісі заңдылыққа айналып отырғаны – құптарлық іс. Ғалым Р. Сыздықова Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің тілі түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының ауызша және жазбаша әдеби тілінің бір арнасы деп есептейді де: «Орхон-Енисей жазбалары әдеби тілдік дүниеліктер, өйткені бұлардың тілінде белгілі бір нормалар, дәстүрлі үрдістер бары даусыз» деп түйіндеген болатын [6, 42 б.].

Жалпы қазақ тіл білімінде көне түркі тіліндегі көмекші сөздер алғаш рет кешенді түрде

зерттеу нысаны болғандықтан, осыған дейінгі зерттелген мәселелері ескеріліп, қазақ тіліндегі соңғы теориялық негіздерге сәйкес заңдастырылып отырылады. Сонымен бүгінгі таңда жалпы тіл ғылымында басты-басты деген екі мәселе бой көрсеткені анық. Оның бірі ежелгі қытай, грек, үнді тілдері қатарынан түркі тілі де орын алып отыр. Екіншісі, «аналитикалық тілдерде ғана аналитизм болады» деген түсінік өзгеріп, оның үндіевропа тілдері сияқты синтетикалық тілдерге де қатыстылығы дәлелденген еді.

Нақты айтқанда, «Аналитизм – күрделі туынды аталым жасалудың ұстанымы емес, ұғымды бірнеше сөздердің тіркесі арқылы таңбалау, күрделі құрылымдық жүйенің дара бірлік ретінде қалыптасуы, әртүрлі мағынаны білдіретін тіркестер, бір номинативті мағына беретін тұлға ретінде жаңа қызметте жұмсалуды, сөйтіп біртұтас тұрақты мағынаға ие болып, лексема ретінде қалыптасуы» деп беріледі [7, 33 б.]. Біз осы негізге сүйене отырып, көмекші етістіктердің аналитикалық мәселесіне қатысын жеке алып қарастырамыз. Қазіргі түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде етістіктің аналитикалық мәселесі жақсы зерттелінген. Сол сияқты үстеу, есім сөздермен тіркесі де құранды етістік ретінде алынады. Әрине, олардың да ғылымда аталуы, негіздері әртүрлі көзқараста болатындығы кездеседі. Мәселен, А.Аманжолов түркі тілдеріндегі барлық туынды етістіктерді тарихи етістіктер деп, көне түркі тілінде біршама құранды етістіктер барын және ғалымдардың әртүрлі көзқарастарын түсіндіре отырып, шартты түрде «глаголы внутреннего объекта аналитическими глаголами» деп атап, негізгі үш топқа бөліп қарастырады [8, 80-96 бб.]. Жалпы бұдан басқа етістіктің аналитикалық формасына қатысты А.А.Юлдашев, Н.Оралбаева, К.Қарымбаева, Ж.Масалиева т.б. сынды ғалымдарымыздың еңбектеріне сүйене отырып, көне түркі және орта ғасыр жазбаларындағы көмекші етістіктердің аналитикалық форманттары мен қимылды білдірудегі сипатын, жалпы тұлғалық нұсқаларын, дыбыстық сипаттамасы мен құрамдық көрсеткіштерін тағы басқа тілдік қасиеттерін салыстырмалы түрде беретін боламыз.

Көне түркі тіліндегі көмекші етістіктер, көмекші есімдер мен модаль сөздердің және шылаулардың қолданыстағы тұлғалық сәйкестіктері мен ерекшеліктерін салыстырмалы түрде беріледі. Жалпы көнеден орта ғасырға, одан қазіргі тілімізге дейін өзгеріссіз қолданылатын көмекші сөздер де жоқ емес. Олардың барлығын ортақастырып тұрған тектес, төркіндес, туыстас екенін айғақтайтын басты дәлел – «түркі» деп аталатын тілдердің сөздік қоры, бұл тілдер туыстығының басты белгісі болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ескеева М. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негіздері. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 360 б.
2. Аманжолов А.С. Көне жазуларымызға көз тіксек. Қазақ тарихы. – Алматы, 1993, №1. – 20 б.
3. Нүсіпова О.Н. Көне түркі жазба мұралар тарихы. – Алматы, 2004. – 176 б.
4. Молгаждаров Қ.К. Шылау сөз табының қалыптасу тарихы. – Көкшетау: Келешек, 2002. – 135 б.
5. Өмірәлиев Қ., Ибатов Ә., Жұбанов Е. Тіл тарихы – тілдің өз қойнауында // Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы, 1991. №3. 64-70 бб.
6. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар). – Алматы: Ана тілі, 1993. – 319 б.
7. Қасым Б.Қ. Қазақ тіліндегі күрделі сөздердің уәжемесі мен аталымы. – Алматы, 2001. – 183 б.
8. Аманжолов А.С. Глагольное управление в языке древнетюркских памятников. – М.: Наука, 1969. – 104 с.

ӘОЖ. 82.238.47

КҮРДЕЛЕНГЕН ЖАЙ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

ОЗЬЕР МУХАММЕД

№6 орта мектебінің оқушысы, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ОШАНОВА А.К.

№6 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается изучение сложных простых предложений
Summary. The article discusses the study of complex simple sentences

Қазақ тіл білімінде күрделенген сөйлемдер, ерекше құрылымды тип ретінде соңғы уақытқа дейін зерттелмеді. Аталған жұмыстың кейбір жақтары Х.Қ.Жұбанов, С.Жиенбаев, Н.Т.Сауранбаев, А.С.Аманжолов, М.Б.Балақаев, Т.Р.Қордабаев және т.б. еңбектерінде баяндалды. Алайда жоғарыда аталған кейбір авторлар күрделенген конструкцияны күрделі сөйлемнің құрылымды элементі деп түсіндіре береді.

Назар аударарлық көзқарастар да бар, мысалы, С.К.Кеңесбаев сөйлемді есімшемен бірге қарастырады, М.Б.Балақаев - жай және күрделі сөйлемнің аралығындағы түйін бірыңғай баяндауыш. Сонымен қатар А.С.Аманжолов оралым жасайтын (оның термині бойынша «шумақталу») кейбір есімшелі құрылымдар түріне баса мән береді.

Қазақ тілі білімі салаларының ішінде синтаксисті бір адамдай зерттеген тілші ғалым М.Б.Балақаевтың өзіндік түйген пікір-ойы жоқ емес. Мәселен, автор қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисін зерттеу барысында оның құрамында синтаксистік комплекстердің, яғни күрделенген синтаксистік оралымдардың да кездесетінін тілге тиек еткен болатын. Зерттеу барысында ғалым М.Балақаевтың «синтаксистік шумақ» деп отырғаны, ол - мына тәріздес ерекшелетіп курсивпен терілген конструкцияларды көрсетеді: Таудан төмен қарай түскен шаңғышылар колхоз клубының алдына тоқтады [1, 56]. Зерттеуші қазақ ғалымдарының ішінде С.Жиенбаев мұндай өзгешеліктерді өзінше қарастырған еді. Мәселен, тілші ғалым «күрделенген сөйлемдер» деп саналатын синтаксистік категориялардың қайсыбір түрлерін «үйірлі мүшелі сөйлемдер» деп зерттегенін білеміз.

Жалпы қазақ тілші ғалымдарымыздың арасынан біршама уақыттардан бері сабақтас құрмалас сөйлем мәселелерін зерттеу үстінде жүріп, қазақ тіл білімінде күрделенген сөйлемдерді жекеше топтастырып, оны арнайы қарастырудың қажеттігіне синтаксист М.Қ.Есеновтің әбден көзі жетіп, бүгінгі тіл білімінде іске асырылып отыр. Себебі, контекстік қолданыстарда көп жағдайда сабақтас сөйлем мен күрделенген сөйлемдердің ара-қатынасы жақындасып, бір-бірімен астарласып жататындығын айыру қиынға соғатындығы бар. Сөйлем көлеміне қарап, синтаксистік-семантикалық тұтастығына қарамай күрделенген сөйлемді көбіне құрмалас сөйлемнің түрлерімен шатастырып жүргеніміз жасырын емес. Мысалы: Мен хабарды ести салысымен үйден асығып жүгіре шыққан бойы сүрініп-қабынып, құлап бара жатқан жерден құламай, жерге басым тимей, аяқ-қолым сау болып көршінің үйіне жеттім-ау әйтеуір.

Осы сияқты синтаксистік оралымдарды қазір тіптен көркем әдебиет болсын, баспа беттеріндегі жарияланған жазбалардан болсын көптеп кездестіреміз. Сондықтан әрбір берілген сөйлемдердің мағынасы мен құрылымына қарай сөйлемнің қандай түріне жататындығын анықтауымыз керек. Жалпы тілдік құбылыстардың мұндай ерекшеліктері жете ескермелгендіктен де болу керек, соңғы кездерге дейін сабақтас сөйлем мәселесі даулы мәселелерден арыла алмай келетіндігі бар-тын. Әрине, мұның басты себебінің бірі осындай күрделенген сөйлемдердің табиғаты мен грамматикалық сипатын өз алдына талдап, топшылап алмағандықтан болып отыр деп есептейміз. Әсіресе есімше, көсемше т.б. синтаксистік оралымдармен келген конструкцияларды кейде сабақтас құрмалас сөйлемдерден ажырата білуде қиындық туындайтындығын жоғарыда айта кеттік. Синтаксистік оралымды сөйлемдер мен сабақтас құрмалас сөйлемдер тепе-тең емес, екеуі екі басқа синтаксистік категория екенін білгеніміз жөн. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтар болсақ, мәселенің осындай жағы саралана ескерілмегендіктен де, синтаксистік оралымдар мен сабақтас сөйлемдер бірдей түсініліп, алғашқысы көп жағдайда құрмаластың қатарында танылып келеді дейміз.

Бұның бәрі қазақ тіліндегі күрделенген сөйлемді мұқият зерттеуді қажет етеді. Осы мақсатпен Қ.М.Есенов аталған сөйлем түрін жете зерттеп, монография жазды. Ол: «Күрделенген сөйлем жай және құрмалас сөйлемдер сияқты өзінің зерттеу нысаны бар. Күрделенген сөйлем негізгі сөйлемнен және сол негізгі сөйлемнің коммуникативті ұғымын толықтырып тұратын немесе негізгі сөйлемдегі бір сөзді, сөз тіркесін айқындап тұратын қосымша элемент- көмекші сөйлемнен тұрады. Бірақ бұл сөйлем ретінде танылмайды, сол негізгі сөйлемнің көмекші элементі ретінде қаралады. Міне күрделенген сөйлемнің бар маңыздылығы осында» - дейді [2, 197].

Осыған орай сөйлемдердің осы түрлерін бір-бірінен ажыратып отырудың қажеттігін, синтаксистік оралымдардың құрмалас сөйлем емес, күрделенген жай сөйлем болып табылатындығын кезінде мақала ретінде жазып едік [2, 15].

Біраз ғалымдардың пікірлерін ортаға салдық, біршамасын дерек ретінде жұмысымыздың негізі ретінде көрсеттік. Осы орайда, күрделенген сөйлемдерді өз алдына жекеше топтасақ деген шешімге келдік. Себебі, олар әдеттегідей жай сөйлемдер емес қой, оны біраз дәлелдеп көрсеттік. Нақты айтқанда күрделенген конструкцияларды құрмаласпен екі аралықтағы өзіндік ерекше синтаксистік категория деп айта аламыз. Мұндай күрделенген сөйлемдердің ерекшелігі олардың өздеріне тән болып келетін құрылыстық өзгешелігімен байланысты болып келеді дейміз. Қорыта айтқанда, мына тәріздес сөйлемдерді бір грамматикалық категорияның шеңберінде алып қарастыра алмаймыз:

1. Абай әкесінің сөз желісін, түп мәнісін түсіне алмай, кейбір мақалдарын ғана таңдана шешіп отыр (М.Әуезов). 2. Баласының қолынан етікті жұлып алып, есікке қарай лақтырып жіберді (Ә.Нұрпейісов).

Алғашқы сөйлемде оқиға желісі бір предикаттық қатынасқа негізделген болса (Ақан таңған жоқ), екіншісінде мұндай қатынастың көрінісі басқашарақ болып тұр. Мұнда да ой желісі бір грамматикалық бастауыштың (ол) төңірегіне қызықталғанмен, қимыл-әрекеттің орындалу барысы бірден болмай, сатылай арқылы орындалып тұрғаны байқалады. Демек, осындай соңғы сөйлемдерде хабарланған оқиға барысының ең алдымен сипаттама түсінігі айтылып алады да, содан кейін негізгі ой желісі баяндалатын болады. Сипаттама түсінік негізгі ойды айқындай, толықтыра түседі. Осыдан да болу керек, кейбір ғалымдар (проф. Ғ.А.Абдурахманов) күрделенген сөйлемдер екі предикаттық орталықтың негізінде құралады дегенді айтады [2, 17].

Жоғарыда айтылған ойларды, пікірлерді түйіндей келе, күрделенген сөйлемдерді өне бойында жартылай предикатты айқындауыштық конструкцияларға ие болу қасиетіне қарай жай сөйлемнен ажырата аламыз. Сондықтан небір сөйлемдерде кездесетін өзіндік өзгешеліктеріне қарамастан күрделенген сөйлемнің бойынан әрі жай, әрі құрмалас сөйлемдерге тән кейбір заңдылықтар мен құбылыстарды да кездестіруге болады. Нақты айтар болсақ, күрделенген контексте де, жай сөйлем сияқты бір субъект-предикаттық қатынастың негізінде құрылады. Сонымен қатар бұл конструкцияның тәуелді бөлшегінің байланысу жолдары сабақтас құрмаластың модальдерімен де астарласып жататындығы бар. Тіл ғылымында осындай ұқсастықты тек сырттайғы жай ғана ұқсастық дейміз.

Профессор Қ.М.Есенов күрделенген сөйлемдерді зерттеуінің басты себебін атап өтеді. Ол: «Біз айтып отырған күрделенген сөйлемдер мен сабақтас құрмаластың араларындағы жақындық пен айырым белгілер тіл білімінде де аталып көрсетіліп отырады.

Күрделенген сөйлемдер қазақ тілінде, жоғарыда ескерткеніміздей, осындай атаумен бір жерге жинақталмағанмен де, әр түрлі грамматикалық категориялардың аясында аз да болса сөз бола кетуші еді. Зерттеу барысында «күрделенген контекстер немесе сөйлемдер» деген аталымдар, бұл жерде құрылыстары жағынан құрмаласқа, әсіресе оның сабақтас сөйлем түріне жақындау келген конструкцияларды қарастырамыз. Сондықтан да зерттеу жұмысымыздың «күрделенген сөйлемдерді» арнайы сөз етуіміздің бір себебі де осында жатыр десек болады.

Күні бүгінге дейін қазақ тіл білімінде синтаксис саласының зерттейтін объектісіне қарай жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдерді жатқызатынымыз белгілі. Ендігі кезекте бұлардың қатарына күрделенген сөйлемдерді де жатқыза аламыз. Екінші сөзбен айтқанда ана тіліміздің синтаксистік жүйесі енді 3 (үш) үлкен саланы қамтиды дейміз. Атап айтар болсақ: жай сөйлем, күрделенген сөйлем және құрмалас сөйлем. Не болмаса, жай сөйлем ішінде күрделенген жай сөйлем деп қарастырсақ та болады. Тілші ғалым Қ.Есенов өз зерттеуінде синтаксисті зерттейтін объектісіне байланысты осылайша топтастырушылық соңғы жылдары басқа да тілдер заңдылығынан да орын ала бастағандығын сөз етеді [2, 16].

Синтаксис саласының маманы профессор М.Б.Балақаев бірыңғай мүшелі сөйлемдерді күрделенген сөйлем деп атайды да, оның әсіресе бірыңғай баяндауышты түрін жай сөйлем мен құрмаластың екі аралығында тұратын синтаксистік конструкция деп ұғынады. Тілімізде қай сөйлем болмасын, олардың ішінде бірыңғай мүшелердің күрделеніп келе беруі кездеседі. Бұл, әрине сөйлемнің аумағын да кеңейтеді, мазмұндық желісінде күрделендіре түсіреді, алайда мұндай құбылыс оның екінші бір синтаксистік категорияға, яғни құрмалас сөйлемге айналып кете бермейді емес пе. Былай алып қарайтын болсақ, қайсысының болмасын өзіндік грамматикалық заңдылықтары болады. Мысалы: бірыңғай мүшелер негізгі бір сөздің және бір сұрақтың

төңірегінде жинақталса, құрмаластың әрбір компоненті өзара жеке сөйлемдік ыңғайда жұмсалатындығы белгілі. Ендеше қандай жағдайда болмасын осындай заңдылықтар сөйлем тани білу принципінде ескеріліп отырылғаны жөн деп білеміз. Себебі, осындай ұстанымдардың өзі кейбір жағдайда синтаксистік категориялардың ара-қатынасын дұрыс ажыратып отыруға мүмкіндік туғызатындығын айтпасқа болмайды.

Жалпы қорыта айтқанда, жоғарыда сөз болып келген «обороттық ілім» айтылым барысында үшінші топтағы адамдар сөйлемдерді өзара саралайды және баяндауыштың берілу концептісін басшылыққа алса болады. Сонымен қатар зерттеу барысында осы мәселеге қатысты берілген көзқарастар мен тұжырымдар да кейде ішінара үйлесіп жатпайтындығы бар. Айта кетер болсақ, біршама тілші мамандар оралымды сөйлемнің жасалуындағы -ған формантты есімшенің атау түрін басты амал деп таныса, енді бірі бұл формантты сабақтас құрмалас сөйлемнің бір көрсеткіші деп қарастырады. Әрине, тілші ғалымдарымыздың осы мәселе бойынша жасаған теориялық тұжырым-пікірлері негізінде біршама жетістікке қол жеткізіп отырмыз. Мұның бәріне арнайы тоқталып, өзіндік талдаулар жасалынып, салыстырылып мысалдармен дәйектеліп отырылды. Мәселен, оралымды сөйлемдердегі есімше сөздерінің ілік, табыс септік жалғауларымен келуіне де біршама ғалымдарымыз қолдағанмен, барыс септігімен келген түріне әртүрлі көзқарастың, пікірдің болғандығын да айта кеткен жөн. Мәселен, белгілі синтаксис саласының ғалымдары: М.Балақаев барыс септікте келген түрін жай сөйлем деп қараса, С.Аманжолов мұндайды құрмалас сөйлем түрі деп қарастырады [2, 89]. Әрине, ғылым болғаннан кейін әртүрлі пікір, көзқарастар болатындығы белгілі. Ғылымның өзі әртүрлі тұжырымдар мен пайымдаулардан тұрады. Сондықтан тақырыпты зерттеу барысында тақырыбымызға оңтайлы шешім беретін негіздерді ғана алып қалыптастыратын боламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Балақаев М.Б. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. Алматы, 2002 ж.
2. Есенов Қ.М. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделенген сөйлемдер. Алматы, 1974ж.

ӘОЖ 81'1:81'32

ҚАЗАҚ АУЫЗША СӨЗІ: ОРФОЭПИЯСЫ, СТИЛИСТИКАСЫ, СӨЗ САПТАМЫ

КЕМЕЛХАН Ұ.А.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Қазақ филологиясы» мамандығының 2курс магистранты,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Резюме. Статья посвящена описанию орфоэпии, стилистики, словообразования казахского устного слова. Изучение устной речи важно, потому что в настоящее время устные инструменты служат людям больше, чем письменные. Общество в целом смотрит больше газет и журналов, больше телевидения, чем книг, и даже материалы на Youtube принадлежат устному языку. А устный язык отражает развитие общего языка. Фонетическая система, интонация, просодика слов, которые мы слышим в современном телерадиовещании, нарушены. Своеобразие устного словосочетания изменилось. В этой словесной речи происходит много недоразумений. Казахская устная речь 60-80-х годов XX века – это правильно нормированное, естественное, близкое к казахской национальной речи слово, а слова писателей-классиков – это даже правильное слово. Поэтому эту тему мы сделали актуальной.

Summary. The article is devoted to the description of orthoepy, stylistics, word formation of the Kazakh oral word. The study of oral speech is important because nowadays oral tools serve people more than written ones. Society as a whole watches more newspapers and magazines, more television than books, and even Youtube content belongs to the spoken language. And the spoken language reflects the development of a common language. The phonetic system, intonation, and prosody of words that we hear in modern broadcasting are broken. The peculiarity of the oral phrase has changed. There are many misunderstandings in this verbal speech. Kazakh oral speech of the 60-80s of the twentieth century is a correctly normalized, natural word close to the Kazakh national speech, and the words of classical writers are even the right word. Therefore, we have made this topic relevant.

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасында аталған бағдарламаның басты мақсаттары ретінде мына мәселелерді атап көрсеткен: «1) мемлекеттік тіл – ұлт бірлігінің басты факторы; 2) мемлекеттік тілді көпшіліктің кеңінен қолдануына қол жеткізу; 3) дамыған тіл мәдениеті – зиялы ұлттың әлеуеті; 4) қазақстандықтардың лингвистикалық капиталын дамыту» [1]. Тіл – ата-бабамыздың ұрпаққа қалдырған аманаты, бүгінгі күннің абыройы, ертеңгі күннің кепілі. Қазақ тілінде сөйлеу сол адамның абыройын көтереді. Сондықтан да өз ана тіліміздің қадірін біліп, дұрыс сөйлеу – әр қазақ баласының міндеті.

Ауызша тіл – адамның жанына жақын тіл, ал жазба тіл – бөгде, алшақтау тіл, себебі адам тілінің өзгеленуі жазба тілде орын алады. Сондықтан қазіргі қазақ қоғамында, қазақ тіл білімінде зерттеу нысанынан тыс қалып отырған ауызша тілді зерттеу, зерделеу қажеттілігі туындайды.

Ауызша тілді зерттеу өте маңызды, өйткені қазір жазба құралдарға қарағанда ауызша құралдар адамдарға көп қызмет атқарып келеді. Жалпы қоғам газет-журнал, кітаптарға қарағанда әлеуметтік желілерде көп отырады, көп желілер ауызша формада қызмет етеді.

Ауызша тіл жалпы тілдің дамуын көрсетеді. Қазіргі телерадиодан естіп жатқан сөздердің фонетикалық жүйесі, интонациясы, просодикасы бұзылған. Ауызша сөз саптаудың өзіндік ерекшелігі өзгеріп жатыр. Көп түсініспеушілік ауызша сөз құрылымында орын алып жатыр. Ауызша сөздің қателіктері туралы, жаңа үдерістер туралы жиі айтылғанмен, бүгінгі білім беру саласы мен қоғамдық-әлеуметтік ортада үлгі ретінде көрсететін ауызша сөз үлгілері талданбайды, ауызша сөз үлгілерінің өлшемдері анықталмайды. Сол себепті қазір жаппай өзгерістер мен үрдістер үстінде сөйленіп келе жатқан ауызша сөздерден гөрі, қазақ тілінің ұлттық нормалары сақталған, табиғи қазақ тілінде, дәстүрлі сөйлеу мәдениетіндегі ауызша сөздерді танып, талдап, зерттеудің қажеттілігі жоғары. Қазақ тіл білімі мен сөз мәдениеті үшін пайдасы зор деп ойлаймыз.

Осыған орай ХХ ғасырдың 60-80 жылдарындағы техникалық құралдарға, яғни бейнекамераларға, радио толқындарына жазылған қазақ ауызша сөздерін зерттеу нысаны етіп алып, бұл сөздердің стенограммасын жасап, лингвостилистикалық талдау жасауды мақсат еткен бұл тақырыптың зерттеу өзектілігі жоғары. Өйткені бұл жылдардағы классик жазушылардың сөздері қазақтың ұлттық сөйлеуіне ең жақын, сөзсаптамы дұрыс, үлгі болатын сөздер деп ойлаймыз.

ХХ ғасырдың 60-80 жылдарындағы қазақ тілі – қазақтың ауызша сөйлеу нормасынан әлі алшақтай қоймаған, жазса да, сол ауызша тілдің сөйлеу нормасын көбірек сақтап жазған кезең болып табылады. Сол замандағы ауызша жасалған баяндамалар, мінбеде сөйленген сөздер, негізінен, қазақтың ауызша сөйлеу дәстүрі негізінде жарыққа шыққан. Қазіргі ауызша тілге үлгі болатын сөзсаптауды қайдан аламыз десек, оның үлгісі қандай болып еді десек, біз оны қазіргі сөйленіп жатқан сөзден гөрі, сонау 60-80 жылдардағы сөз ұстаған тұлғалардан, ақын-жазушылардан, қоғам қайраткерлерінің сөздерінен тындап, соны қағазға түсіріп алған дұрыс болып табылады. Сол себептен біз зерттеу тақырыбымыздың зерттеу нысаны ретінде қазақ тілінің элитарлық топ өкілдері болып табылатын белгілі қайраткер, ақын-жазушылардың көпшілік алдында сөйлеген сөздерін зерттеуге алдық. Тақырып осы мақсатымен өзекті болып табылады.

Ауызша сөйлеуде айтары бар ойды баяндаудың, сөзін жүйелі жеткізе білудің, яғни сөзсаптамның маңызы зор. Академик Рабиға Сыздық ауызша дамыған әдеби тіл, әдеби тілдің ұлттық нормасы деп атаған ұғымдар осы сөзсаптамның, дәстүрлі сөзсаптамның өзі болатын. Ғалым дәстүрлі сөзсаптам нормасын былай сипаттаған: «Ұзақ сөздің (сөйлеудің) белгілі бір ырғаққа бөлінуінің рөлі айрықша: ритмикалық бөліктер тұтас ойдың (мазмұнның) микроүзіктерін құрайды, ол үзіктер не шағын сөйлем болып, не алды-артындағы параллельдермен ұқсас келіп, жеңіл қабылдауға көмектеседі. Ырғақпен айтылатын сөздің тындаушы үшін эстетикалық әсері күштірек болады: ол сөзге әуезділік сипат береді» [2, 194б.].

Дей тұрғанмен, ғалым «қазақ әдеби тілінің ұлттық белгілеріне алдымен, ауыз әдебиеті мен ауызша тараған прозалық үлгілерден алған ұзақ дәстүрлі тіл болғандығын және аса бейнелі тіл» [2, 198б.] екендігін жатқызады.

Қазіргі таңда қазақ тілінің орфоэпиясы кенже қалыпотыр. Себебі, оқу орындарында орфоэпия мәселесі ескерілмей, дұрыс оқытылмай жүр. Осы мәселеге байланысты Н.Уәли орфоэпияны орфографиялық ережелермен қатар оқытпағандықтан, әдеби тілдің дыбыстау нормасынан уәжсіз ауытқулардың болатынын айтып өткен [3, 75б.]. Ал С.Мырзабеков аталған кемшіліктер негізінен тілдің ауызша және жазбаша формаларының арақатынасын білмеуден болып отыр дейді [4, 156б.]. Ал ауызшасөз бен жазба сөздің өзіне тән жүйесі бар. Жазылған

мәтінді оқыған кезде ауызша сөздің нормасына салуымыз қажет. Сөздердің бірізді айтылуы тілдік қатынасты жеңілдетеді, дыбысталған сөздің өзіндік үйлесімі, ырғағы, әуені, әуезі сақталған жағдайда тыңдаушыға жағымды, әрі түсінікті болады.

Ал жазушылардың әдеби тіл нормасын сақтауы – ел алдындағы адамның тілге деген жанашырлығын, әдеби норманы сақтаудың үлгісінің көрсеткіші. Яғни әдеби тілдің кодификациялану үрдісін нақты білетінін дәлелдейтін, тілді көркем әдебиет және шаршысөз стилдері арқылы дамытудың үлгісін жариялауы деп түсінген жөн [5].

Осы тұста біздің жазушыларымыздың стилдеріне тоқталып өтейік:

уөткен гасыр / жиырма жылдар / сол гезде біз дүнүйеге келдік /→ уөмүр сүрдүк / ИншаАлла / жаңа гасырға / жиырма бір гасырға айақ бастық //аман йесен ///→ ал йенді йегжей тегжейін айтұу керек болатын болса уол ұзақ әңгіме\/// ↑А / міне / Мұқағали гений уөз күнүн де /→ білдіңіз ба↑///

жай домбұрамен ганамес // йтәліянша айтатында // қырғышша айтатында деп жаңагы // көп нәрсе сосүн мен күрөстөн мастер спорта болғам зой мына / еркін күрөстөн /// күрөс жағынан // сосүн сүүрөт салам /// сонұң бәрін гәбеңменен кейінгі омб°ес жылда мен өзү жахсы жолдас секілді боп кеттім ///

Ш.Мұртаза мен С.Жүнісов тыңдарман қауымға өз ойын баяндауда шаршысөз стилін көбірек қолданатынын байқаймыз. Олар қоғам, ел, ұлт тақырыбында сөз қозғап отырғандықтан, шаршысөз стилі бұл тұста дәл келеді. Ал Қ.Ысқақ өз өмірбаянын баяндап, туған жері туралы айтып отқандықтан, көбіне сөйлеу тілі мен көркемсөз стилін қатар қолданып отырады. Бұл өз кезегінде ойын көркем жеткізіп, тыңдарман қауымды елітіп, туған жерін өз көзімен көріп отырғандай етіп суреттеу мақсатында маңызды рөл атқарады.

Жоғарыда көрсетілген ауызша сөздердің синтаксисінде де бірқатар ерекшеліктер бар. Солардың ішінде:

- эллипсистік құрылымның кең таралуы;
- әдеби тілдегі синтаксистік ережелердің сақталмауы (сөз тіркесінде бағыныңқы сыңардың міндетті түрде басыңқы сыңардың алдында тұруы, баяндауыштың тек сөйлем соңында келуі);
- бөлшектенген (парцелляцияланған) сөйлемдердің көп қолданылуы секілді айырмашылықтарын көрсетуге болады.

Стилистикасына келер болсақ, лексикалық қайталаулар көп қолданылады:

↑Қазақ әдабиетінің ұлұ атасы меніміше Абай → // сомен бірге →/ қазақ совет әдабиетінің әкелері → // үлкөн-үлкөн раман жазған → // паэмалар жазған → // драматургия жазған → // әдабиат деген мәселесінің қай саласына болсада → // түгел қатынасып → // толұқ қатынасып уосұ үлкен топ → // біздің бір дәуірдің → // бүкүл адым → / бүкүл бет алысын → // біржола мықтап белгілеп кеткен сияқты болады ↓ ///

*↑Күні бүгүнге дейін → / біздің сол үлкен топтың → // алыптар тобының → // жазған романдарынан әрі асып кеткеніміз шамалы → // сол үлкөн топтың жазған поэмаларынан аттап уөтүп кетіп уодан жоғары көтерілгеніміз шамалы → // әлі жеталмай келе жатырмыз ↓ ///**↑уОл биіктерге жету үшін әлі де бірәз уөрмелеу герек сияқты → // менім бірінші ұғұнғаным уосұ ↓ ///*

Мұндағы «жазған», «бүкіл», «шамалы» сияқты сөздерінің бірнеше рет қайталанғанын көре аламыз. Жазушы бұл сөзді қайталау арқылы тыңдарманының назарын өзіне аудара білген. Яғни бір сөзге назарын салу немесе бір нысанды дәлдеу мақсатында қолданғанын аңғарамыз.

Классик жазушылар ойын алдымен анонстан бастап, айтар ойдың проблемасын айтып әрі оның шешімін де қатар ұсынады. Оқиганы себеп-салдар сипатпен баяндайды.

Олар екі проблеманы параллель алып қарастырады. Бірі – қоғам, ел, ұлт тарапынан, екіншісі – туған жер, өмірбаянынан баяндап отырған жазушылар. Алдымен бірінші мәселенің етегін шығарып, оған шешім ұсынады. Сосын барып екінші мәселеге көшеді. Соңында оның да шешімін ұсынады. Тыңдармандарға да сұрақ қойып отырады. Бұл да автордың қарсылас топты тұқыртудың, олардың пікіріне үндемей қалмай, тіл қатудың әрі мәселені шешудің конструктивті жолын ұсына білгенін байқатады.

Ауызша тілдің машықсыз болуына байланысты сөздің логикалылығын сақтау өте қиын. Алайда бейтарап және әдеби ауызша сөйлеуде сөздің логикалылығын сақтай отырып сөйлеу аса маңызды десек болады.

Қарап отырсақ, тілдік қабат нормалары, әсіресе синтаксистік норма сақталған деуге келмейді. Бірақ «сөз» дәл сол сәтте түсінікті болды, әрі өз адресаттарына әсерлі болды. Бұл – ауызша әдеби тілдің үлгісі болатын. Ал ауызекі және бейтарап сөйлеу тілі үлгілерінің қағазға

түскен түрі мүлдем түсініксіз болып келеді. Демек, ауызша әдеби тілге келгенде біз нормаға жақындаймыз да, ал ауызекі, бейтарап сөйлеу тілінде әрбір сөзімізді нормаға сай түзетіп тұра алмайды екенбіз. Бірақ ауызша тіл бей-берекетсіз сөйлене береді деген сөз емес. Сөйлеуде өз дітімізге жету үшін біз белгілі бір жүйеге, ережеге, құрылымға бағынамыз. Яғни ауызша тіл нормалық тұрғыдан қатаң түрде тек орфоэпиялық нормаға ғана бағынып, қалған нормаларда «еркіндік» болады.

Қарап отырсақ, жазушылардың сөзінде көп әдеби сөздер де жоқ, дегенмен ол тыңдаушысына өте әсерлі болды. Себебі сөздің басы бар, негізгі айтар ойы бар, соңы бар. Экспрессия жөнімен қолданылған.

С.Жүнісовтің ауызша сөздерінде эллипсис тәсілімен құрылған сөйлемдер кездеседі: *Сол гезде мынжағында отұрұп шерхан айтты /// біз / байағыдан гана атап жүрмүз // сері деп.*

Сөз қысқартулардың, сол қысқартулар нәтижесінде сөз трансформациясы болатындығы көрініс табады. Кейбір сөйлемдерде сөздердің түсіп қалғаны байқалады: *Сосұн кім / бір мәқәлә жазғанда кім / кекілбайыптың мәқәласында былай деді /// сәкеннен бастап сәкенге дейін /// кейін бірөудуң мәқәласында ахансеріден бастап сәкенсеріге дейін деп ///*

Негізгі етістіктердің, тағы басқа сөздердің орнына паразит сөздердің қолданылуы: *аға ганамес // ағалынілінің ішінде жолдас секілді көб° нәрсе /// сон жаңағы осұ сәкенсері деп атасақ қалай болад деп сүйтөт //*

Барлық адам көркем сөйлеуге міндетті емес. Оның жазушы, қайраткер болуы да міндет емес. Бірақ кезк елген көпшілік ортада сөйлегенде, әсіресе баяндама жасағанда, дипломдық жұмыс, диссертация қорғағанда, ақпарат беруде үлгі болатын ауызша сөзді білуі керек.

Қорыта айтқанда, ХХ ғ. 60-80 жылдарындағы классик жазушылардың көпшілік алдында сөйлеген шаршы сөздерінен төмендегі ауызша сөзге тән белгілерді байқаймыз:

- *Ерін үндестігінің сақталуы.* Ерін үндестігі 3-4-буынға дейін сақталған. Оның себебі Қалихан Ысқақ Қазақстанның шығысы Қатонқарағай өңірінен, ал бұл өлке Қырғызстанмен шектесіп жатқандықтан бірыңғай ерін үндестігі сақталады;

- *Кідірісті орынды қолдануы.* Кідірістер жиі пайдаланылады, бұл өз кезегінде тыңдаушыға оң әсер етіп, ойын жинақтап алуына көмектеседі. Сондықтан да бір сарынды баяндау болмайды;

- *Дауыссыз дыбыстар үйлесімі.* Табиғи үйлесімін бұзбай, сақтап айтады. Ықпалдар бір-бірімен жымдасып, құлаққа біртұтас болып жетеді;

- *Ауызша сөз саптауы.* Ұзақ сөздің (сөйлеудің) белгілі бір ырғаққа бөлінуінің рөлі айрықша: ритмикалық бөліктер тұтас ойдың (мазмұнның) микроүзіктерін құрайды, ол үзіктер не шағын сөйлем болып, не алды-артындағы параллельдермен ұқсас келіп, жеңіл қабылдауға көмектеседі;

- *Сатылы, тізбекті әңгімелеу.* Ырғақпен айтылатын сөздің тыңдаушы үшін эстетикалық әсері күштірек болады: ол сөзге әуезділік сипат береді, ойды бөлмей, бір сарынды тыңдауға мүмкіндік береді;

- *Айтары бар ойды баяндау.*

Сөйлемдер көбіне жалаң сөйлеммен басталады. Бұл амал тыңдаушыны әңгімеге тартып, әрі қарай айтушы сөзін тыңдауға шақырады. Жеңілден күрделіге, қарапайымнан қиынға қарай сөйлеу қазақ ауызша сөзіне тән әдіс болып табылады. Қазіргі жастарды сөз тыңдауға шақыратындай оң нәтижелер берері анық.

Осындай ерекшеліктерге, қазақтың дәстүрлі сөзіне негізделген сөз тыңдалады, тыңдаушысын жалықтырмайды да түсінікті болады. Сондықтан да қазіргі жастардың ауызша сөзін, айтар ойын дәл, анық жеткізе білуі үшін классик жазушылардың сөздерін үлгі етіп алып отырмыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасындағы 1997 жылғы 11 шілдедегі №151-І тіл туралы Заңы (ҚР 2014 жылғы 29 желтоқсанындағы №269-V Заңымен енгізілген өзгертулермен). Қазақстан республикасындағы тілдер туралы негізгі заң актілері. – Алматы: ЮРИСТ, 2015. – 32 б.

2. Сыздық Р. Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2014. – 242 б.

3. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1984. – 75 б.

4. Күдерінова Қ. Ауызекі сөйлеу тілін зерттеудің маңызы // С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті Хабаршысы. Филология сериясы. – Павлодар, 2018. – №4. – 140-146 б.

5. Момынова Б. Сөзпортрет немесе шаршы топта сөз сөйлеу. [Электронды ресурс]. URL: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/62915> (қаралған күні: 10.04.2024)

ӘОЖ 821.512.122

**ТІЛЕГЕНҰЛЫ СҮЙІНДІК АҚЫН
(1827-1892)**

ӨМІРЗАҚОВ С.Д., НАСИРДИНОВ Б.П.

ф.ғ.к., доцент, М.О.Әуезов ат. ОҚУ «Абайтану» ҒО басшысы,
Шымкент қ. Қазақстан. sattar.kazgurt@mail.ru
PID 1 курс докторанты, М.О.Әуезов ат. ОҚУ «Абайтану» ҒО аға оқытушысы,
Шымкент қ. Қазақстан. NBP_D@mail.ru

Резюме. Сууындық Тилегенулы – один из поэтов XIX века, джадидшыл просветитель, «mulda akin» творческое наследие которого превратилось в «aktandyk» и было забыто. Была дана краткая информация о поэтической и просветительской деятельности Молда Шаир.

Summary. Suuyndyk Tlegenuly is one of the poets of the XIX century, jadidshyl enlightener, "mulda akin" whose creative heritage turned into "aktandyk" and was forgotten. Brief information about the poetic and educational activities of Molda Shair was given.

Қазақ әдебиетінде бұрынғы Түркістан өлкесіне қараған Қазығұрт-Қаратау алқабы ақындарының мұраларын зерттеу мәселесі бір ізге түспей келеді. Мұның тарихи себептері тереңде. Сүйіндік әрі ақын, ұрпақты жәдидше оқытқан ғұлама ұстаз, XIX ғасырдағы қалыптасқан дәстүр бойынша шығармаларын жазып шығарған, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет өкілі, білімі терең шайыр. Сүйіндіктің өмірбаяны мен шығармашылық мұрасын талдағанда мына екі мәселеге айрықша назар аударамыз. Бірінші, XIX ғасырда бүкіл қазақ даласының патшалы Ресей тарапынан отарлануына қарсылықтан туған «ішкі бұлқыныс, рухани қарсылық» (ата дәстүрін ұмыттыру, салт-дәстүрге байланысты жасалып жатқан ашық іс-әрекеттер т.б.) болса, екіншіден, «жабық күрес» статусын қолдағандардың бірі де осы Сүйіндік деп айта аламыз. Ол – ақынның жазған салт-дәстүр жырлары мен эпикалық шығармалары арқылы көрініс бергендігі дәлелденді. Ол «Қоқан хандығы дәуіріндегі қазақ әдебиеті» монографиямызда көрсетілді [1].

Сүйіндік ақынның шығармалары жиналып бір том көлемінде ұрпақтарына жол тартты [4].

Сүйіндік ақынның өмірбаяны мен әдеби мұраларын Қ.Амантаев 1957 жылы ақынның бел баласы Үсіпбек ақынның өз аузынан жазып алған. Қ.Амантаев кездескенде Үсіпбек 83 жаста екен. «Қартайған соң ақындықты қойған, бұрынғыдай ел араламайды екен. Бірақ өлеңнің бәрін жатқа білетін ақыл есі жетік, анатомиялық құрылысы да мықты адам екен» – деп жазады Қ.Амантаев. – Ол көп білетін еді. Әсіресе, одан «Нарқызарын», «Шәкір-Шәкірат» дастандарын жазып ала алмағаным өкінемін. Бұл екеуі де Сүйіндік ақынның шығарған дастаны еді. Тілеп Жүсіпбековтың айтуына қарағанда халыққа мәлім «Нарқызарын», «Шәкір-Шәкірат» дастандарының әуелгі шығарушысы – Сүйіндік ақын. Мүмкін бұныкі бір варианты шығар. Менің өзімде «Нарқызарын» дастаны бар. Бірақ Сүйіндіктің атына байланысты «Шәкір-Шәкірат» дастанының табылуы екіталай. Сүйіндік ақынның «Нарқызарын», «Шәкір-Шәкірат», «Әміре» сияқты идеялық жағынан ұстамды, көркемдік жағынан тамаша дастандары болуымен бірге, «Шәмшар патша – Қарын дәу» сияқты әлсіз дастаны да бар...Сүйіндік ақынның өлеңдерін баласы Үсіпбек көп білетін еді», – деп жазады Қ.Амантаев [5,2]. Міне осы қолдағы бар қолжазба деректердегі мәліметтерге сүйене отырып, ақынның өмірбаянын, қоғамдық қызметін, жалпы өмірдерек жүйесін жасап шықтық.

Сүйіндік ақын 1827 жылы, қазіргі Жамбыл облысы, Жуалы ауданында, Қошқар ата деген жерінде туылып өскен, сол жерде қайтыс болған. Руы – Қаңлы.Сүйіндіктің әкесі Тілеген де, аталары Жиёмбай, Қарабай, Кеңбаба, Ырысбай – бәрі де замандарында молда болған, сауатты һәм ағарту жолында қызмет еткен шарғи білімді, оқымысты, инабатты адамдар болған. Бұл мәселені күнгей қазақтарының XIX ғасыр мен XX ғасыр басында қатты өрістеген «қадімше», «жәдидше» оқыту әдіснамасына байланысты өрістеген талас-айтыстардан көп көреміз. «Қадімше» оқыту тек «Құран Кәрімді» ғана оқытумен шектеліп, «басқа салды біз көндік» танымымен шектелсе,

Құдайдан мархамат тілеп отыра беру қазақты құтқаратын жол болмайтындығын қазақ зиялылары терең түсінген. Түсінді де қатты өршіп тұрған «орыс отарлауынан» құтылу жолы ағартушылық идеологиясы екендігін барша қазақтың санасына құйып бақты[6,8]. Міне осы дәстүр-тәрбиені бойына мықтап сіңірген Сүйіндік те арабша (жәдидше) ауыл балаларын оқытумен бірге, ел арасындағы ақындарға да көп құлақ қойып жүреді. Кейбір ақындарды айлап, апталап үйінде де ұстайтын әке дәстүрін кейіннен өзі де жалғастырған.

Сүйіндіктің ағайын тумалары да зиятты, момын, шаруаға мығым, сауатты жандар болған. Тоғатты би болмаған адамдар. Ақынның балалық шағы да сол кездегі көпшілікке тән дәстүрмен өткен. Асық атып, суға шомылу, жамбы ату, кешкісін ағылып келіп жататын жыршы-жырау, ақындардың насихат термелерін, толғау-жөқтауларын, қисса-дастандарын атасының етегінде отырып, көп тыңдаған. Ауыл арасында жиі өтетін бәдік, қыз-жігіт айтыстарына да қатысып жүреді. Сүйіндіктің өнер жолына түсуіне нағашысының қатты ықпалы тиген. «Жігіттің адам болмағы нағашыдан» әдемі үлгісіндей. Ақынның нағашысы Боралдай өзені жағасындағы Тесіктам деген жердегі Бөгежілі еліндегі Балақаз деген датқа екен. Балақаздың өзі Сүйіндікті үш жасында қолына алып келіпті. Сүйіндікті жеті жасында, 1844 жылы Байыс елінен шыққан Жорабай деген молдаға оқуға береді. Сүйіндік Жорабайдың қолынан «Әптиек», «Құран», «Шар кітап», «Сопы Аллаяр» кітаптарына қоса, Қожа Хафыз, Науаи, Физули, Фирдоуси, Фаузи Ажатбеки, Фікір Айдани сияқты кітаптарды оқып бітіреді. Хафыз, Науаи, Сопы Аллаяр т.б. жеке кітап ретінде оқытылуы XVIII-XIX ғасырлардағы оқытылу жүйесінің әлі де терең зерттелуге тиіс екендігін көрсетсе керек. Болашақ ақын таңдау пәні секілді бұл кітаптардан соң қырық сегіз кітаптан құралған «Мұқтасар» деген кітаптың алғашқы төртеуін – «Кітаби тарат», «Кітаби салат», «Кітаби закат», «Кітаби никаны» осы Жорабай молдадан оқып бітіреді. Бұдан соң нағашысы Сүйіндікті Ташкент қаласына апарып, «Тақтакул» деген жердегі орталау медресеге оқуға береді. Онда бір жыл оқып, елге қайтіп келеді. Ташкенттегі бір жыл оқуда болған мерзімде «Мұқтасар» кітабын тәмамдапты. Мұнан соң Сүйіндік молда өз елінде біраз күн демалып, Бұқара қаласына оқу іздеп кетеді. «Ол жақта жатып, елге келместен үш жыл оқып, сол кездегі «жиырма бес жылдық оқуды» бітіріп шығады» [6.10]. Әсірелеу ретінде айтылғанымен дәл осы мәселеде біраз шындықтың жөні бар. Қазақ балаларының Орта Азиялық шәкірттерден алғыр болғаны туралы дерек, дәлелдер көп. Ақын да «рухани мәдениет пен материалдық мәдениет жетістіктері адамзат өркениетінің бүкіл болмысына тән даму тұтастығын құрайтындығын» терең білген, түйсінген [7,76.]. Оған кейінгі атқарған қызметтері мен артында қалған мұралары дәлел.

«Ол дәуірдегі қазақ адамдары көбінше Орта Азияның көне мәдениет, білім ошақтары – Бұқара, Самарқан, Хиуаға барып оқитын еді. Қазақтың қаншама ғалымдары, шайырлары, шежіреші, тарихшылары міне осы және басқа шаһарларда оқып, шығыстың көне ілімінен сусындағаны анық.

Қазақстанның Оңтүстік өлкесінің Орта Азиямен байланысы айрықша күшті болатын. Мұның да көптеген тарихи себептері бар. Оңтүстік Қазақстан көп замандар бойына Хиуа, Бұқара, Қоқан хандықтарының қарауында болып келді. Сонымен қатар Қазақстанның Оңтүстік өлкесі өзінің даму сатысы жағынан ежелден-ақ Орта Азиямен қатарлас, қарайлас жүрген. Бұл өлкенің Сунақ, Отырар, Түркістан, Исфиджаб (Сайрам), Тараз тәрізді шаһарлары ежелден әйгілі. Бұл қалаларда сақталған керемет архитектуралық ескерткіштер осының бір айғағы. Осындай тарихи, мәдени дәстүрлерге байланысты Оңтүстік ақындары шығыс әдебиетімен молырақ таныс болған. Ерте заманда өмір сүрген кейбір ғалымдар мен ақындар (Дулати т.б.) өз шығармаларын парсы тілінде жазған. Кейіннен «таза» қазақ тілінде жазу дәстүрі күшейе түскен кезде де көп ақындар туындыларынан шығыстың бейнелі сөздері жиірек кездесе беретін», – деп жазады академик Р.Бердібаев [8, 90-91бб.].

Сүйіндіктің оқыған кітаптарының ішінен өзінің айтуымен баласы арқылы жеткен дерекке қарағанда бастыларын атауға болады. Олар: «Мүшкілат Кәпия», «Ақайд», «Шаруа Қая» сияқты кітаптар. Міне осыдан кейін ақын «Сүйіндік молда» атанып, нақу өлеңдерін алып шығатын дәрежеге жетеді. Ясауиа тариқатын (Хал ілімі) терең біліп қана қоймай, сопылықтың кәусарынан сусындап, сопылықтағы *бенденің кәмалаттығын* (Абайдағы толық адам) өрнектей алуы қайран қалдырады.

Жаралдым топырақтан, асылым адам,
Дінім- ислам, Қожа Ахмет Ясауидан.
Рухыым Мұхаммед, дінім – ислам,
Мәзхабым – Сәбитұғлы Имам Ағзам.

Жаратты топырақтан денемізді,
Жаратты дін атасын, екі көзді.
Жиырма төрт, бір тамшы су сәбілден сүйек қылды,
Қып қойды, тілді бүйрек, сөйлер сөзді...
Талпынысып, байғұсталап мал табады,
Жұмсайды талапты ақыл оймен жатып.
Ақылсыз түк болмайды құры қайрат,
Ақылға бір айналып келер қайтіп. [4,27].

Мұны профессор М.Мырзахметұлының «Абайдың» «толық адам ілімі» монографиясын парақтаған сайын көз жеткізе түсеміз [9,4-8]. Абайдағы «толық адам» ілімінің (ақыл, қайрат, жүрек) үш негізін, оның қалыптасу, даму тарихы б.з.д., дәуірлерде қалыптасып, дамып отырғаны, Афрасиаб патша заманында яки Тұран империясы тұсында қатты көтерілгендігі, әл-Фарабидің «парасат ілімін», Ж.Баласағұнның «жауанмәртлік», А.Ясауидің «хәл» ілімін, Абайдың «толық адам» ілімдерінің қайнарынан сусындағанын көрсететін дерек.

Сүйіндік молда оқуын тәмамдап, ұстаздарынан, оқытқан молдаларынан бата алып елге келеді. Сол жақта туыстары оны үйлендіреді. Боралдай өзені бойындағы Шоқай деген елден Сапақ дегеннің Бике деген қызымен некелеседі. Сапақ та, балалары да көзі ашық, көкірегі ояу адам болғанға ұқсайды. Ақын Бике бәйбішеден – Нарбек, Нарбай, Нартбай деген үш ұл, Алма, Күлсін, Зейнеп деген үш қыз, тоқалынан – Тоқберген, Үсіпбек, Нұрша, Бике – барлығы он перзент көрген. Бұлар да шаруаларына бір қос мығым, өздеріне лайық дәулеті бар адамдар болған. Артық байлық жимаған, зиялы, оқыған, өрелі екен. Өнерді биік тұтқан, мансапқұмар болмаған.

Сүйіндіктің ақындық жолға түсуіне өте жас кезінен бастап оқыған «Сал-сал», «Зарқұм», «Мың бір түн», «Тотынама» сияқты кітаптар қатты әсер еткендігін балаларына айтып отырады екен. Қазақтың фольклорлық мұраларын терең меңгерген, ел аузындағы ертегілерді, жұмбақ, мақал-мәтелдерді, терме-толғау, жоқтау, бәдік тағы сол сияқты өлеңдерін көп білуі, түсінуі, игеруі ақындығына алғышарт болған. Ақынға әкесі Тілегеннің де «ақын», «молда» деген атқа ие болуы да аз әсер етпеген сынайлы. Тілегеннің қандай өлең, терме, дастан шығарғандарын бүгінде белгісіз. «Тілеген ақын, молда» деген ел арасында деректер әлі де кездесуі бек мүмкін. Сүйіндіктің жеті-сегіз жас шамасында қартайып қалған Балта ақынды өз көзімен көруі, жыр-дастандарын тыңдауы болашақ ақынға күшті қозғау салғаны аңғарылып тұрады. Бұл айтылғандардан Сүйіндік ақынның да қазақ шешендік өнерінің асыл жауһарларын жастайынан қаныға ішкендігіне көз жеткізе түсеміз [10,70б.].

Сүйіндік ақын жазып та шығаратын ақын болған. Жазып шығарған дастандарын, термелерін өзі жатқа айтумен қабат, елге де таратып отырған. «Сүйіндік молда Балта ақыннан кейін өз замандастары Мұғалтай, Мәделі, Майлықожа, Майкөт, Құлыншақ, Құлмамбет, Қылышбай, Бегәлі, Бектұрсын, Балқыбек, Қарқабат тағы осылардай ірі ақындармен талай жиында бас қосқан, сұхбаттасып жүрген. Сүйіндік молда басқа ақындар сияқты, ақындықты кәсіп деп түсінбесе керек. Өлеңдерін той – жиында, тамашаға жиылған жұртқа айтып беретін болған екен. Бірақ, ешкімнен ат мінбеген, шапан кимеген. Жұрт берсе де, өзі алмайтын болған» – деген Қ.Амантаев дерегінен ақынның ақындық ортасы мен болмыс тәлімі көрініп тұрады [5,7б.].

«Сүйіндік молда жиырма жасында «Қошқар ата» деген жерінде мешітке имам болып тұрады. Өз елінде ол бес жылдай тұрған соң, «Жыланды» деген жердегі «Құр айдын» еліне барып, сол елде төрт жыл бала оқытады. Имам болады. Бұдан соң Арыс бойындағы Сырлы деген елге барып, онда төрт жыл имам болып, мешіт ұстайды, бала оқытады. Онан соң Аса өзені бойындағы Қараманас, Қаспан елдеріне барып, алты жыл мешіт ұстады. Имам болды, бала оқытты. Бұдан соң Шақшам деген елде Бесшоқы деген жерде болды. Онан соң Алакүшік елінде бес жыл болды. Сүйіндік молданың бұдан соңғы өмірі өз елінде өтті. 1892 жылы 65 жасында қайтыс болды» [5,12]-деген деректегі мәліметтерді жүйелеп қарастырсақ, онда ақынның өмір дерегі мынадай тізбекті құрар еді:

1. Сүйіндік ақын 1837 жылы емес, 1827 жылы туылған болады;
2. 1833 жылы молданың алдын көреді;
3. 1847-1852 жылдар аралығында Қошқар атада мешітте имам болады;
4. 1852-1856 жылдары Құр айдын елінде бала оқытқан;
5. 1856-1860 жылдары Арыс бойындағы Сырлыда бала оқытқан;
6. 1880-1886 жылдары Аса өзені бойындағы Қараманас, Қаспан елінде имам болған;
7. 1886-1887 жылдары Бесшоқыдағы Шақшам елінде; (мектеп ашуға әрекет еткен секілді)

8. 1887-1892 жылдары Алақұштік елінде (қазіргі Жамбыл облысы, Жуалы ауданы) бес жыл бала оқытқан;

9. 1892 жылы өз ауылы Қошқар атаға қайтып келіп, сонда қайтыс болған.

Сүйіндіктің әдеби мұралары көпке дейін ел ақындарының аузынан түспей жүргенімен кейін келе ұмытылған. Біздің қолымызда ақынның бірталай дастандары, термелері, мысал өлеңдері бар. Сүйіндік ең әуелде «Нарқызарын» деген дастан шығарған. Мұнан соң «Шәмшар патша-Қарын дәу», «Әміре-Ұрлықа» деген дастандарын шығарыпты. Сүйіндік молда «Шәкір-Шәкіраттың» алғашқы авторы деген мәселеге де ойлана қарауымыз қажет [11,8]. Ақынның мысал өлеңдері де көп болғаны аңғарылады. Өйткені қолдағы бар «Әңгі ешек», «Қарға», «Көгершін» сияқты мысал өлеңдерінен ХІХ ғасырдағы қоғам кемшілігін сынау, оған қарсы имандылық тақырыбын көтерген. Барлық шығармаларында инсан тақырыбы – идеялық ортақ сарынға айналған. Ар тазалығы, имандылық, қанағат пен ар-ұят секілді күрделі, ХІХ ғасырда Оңтүстік ақындық-аймақтық мектебіне тән дәстүрді Сүйіндік те айналып өте алмаған. Қазірге біздің қолымыздағы екі дастаны, бірнеше толғаулары мен мысал өлеңдері таза дидактикалық бағыт ұстанып, ахлақ мәселелеріне қатты ден қойғаны, жан саулығына аса жоғары мән бергені анық байқалады. Біз бұдан қалыптасқан ақынның суреткерлік тұлғасын да тани аламыз.

Құдайым он сегіз мың адам қылған,

Бұл сөзден ғибрат ал, ей, мұсылман.

Хауа ана–Адам ата жұптасқан соң,

Келеді өсіп-өніп осынша жан...

...Мұнымен осы сөзімтамамболды.

Бұлуақиғаөткелікөпзаманболды.

Осындайбірнасиятсөзшығардым,

Ұғып ал, жалпысөзімсағанболды.

Тілеген–әкематы, мен–Сүйіндік,

Мұнымен осы сөзім тамам болды, – деп жырланатын мысалы да, термелері де, дастандары да таза ағартушылық-дидактикалық сарында өрілген.

Ойда – Қоқан, қырда – Орыс,

Ақсақалда билік жоқ.

Бозбалада бірлік жоқ,

Ынтымақ қылғын ағайын,

Бір өлген соң тірлік жоқ, – деп жырлаған ақын мұрасы сарапталып, жарыққа шығып, ұрпақтарына жол тартты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Өмірзақов С. Қоқан басқыншылығы дәуіріндегі қазақ әдебиеті. Монография. – Шымкент: «Әлем», 2019, 320 бет;

2. «Қазақтану» ғылыми журналы, – Шымкент, ОҚУ, «Әлем», 2023, № 4, 328 б;

3. «Қазыналы Оңтүстік» көптомдығы. 311 том. – Алматы: «Нұрлы әлем», 2010-2016 жылдар;

4. Сүйіндік Тілегенұлы. Шығармалары. – Алматы: «Нұрлы әлем», 2012 жыл, 320 б;

5. «Қазығұрт» ҒЗО қолжазбалар қоры. «Қ.Амантаев» қоры. № 1 папка, 1 дәптер, 2,5,7,12бб;

6. «Қазығұрт» ҒЗО қолжазбалар қоры. «С.Тілегенұлы» қоры. № 1 папка, 2 дәптер, 8, 10 бб;

7. Шәкәрім әлемі: таным мен тағлым: //Ш.Құдайбердіұлының 150 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Кіріспе. – Алматы: «КИЕ» орталығы, 30.05.2008 2021, 335 б;

8. Бердібаев Р. (Т.Ізтілеуұлы. Естеліктер, мақалалар, хаттар, мұрағаттық құжаттар. 4 том). – Алматы: «Жазушы», 2007, 336б;

9. М.Мырзахметұлы. Абайдың «толық адам ілімі», монография, – Алматы: «Қазығұрт» 2020 жыл, 258 б;

10. Өмірзақов С. Насирдинов Б. Күңгей өлкесінің би-шешендері. Оқу құралы. – Шымкент: «Әлем», 2023, 245 б;

11. «Қазығұрт» ҒЗО қолжазбалар қоры. «С.Тілегенұлы» қоры. № 2 папка, 2 дәптер, 8 б.

НҰРАЛЫ НЫСАНБАЙҰЛЫНЫҢ АҚЫНДЫҚ ЖОЛЫ

НАСИРДИНОВ Б.П., ӨМІРЗАҚОВ С.Д.

PID 1 курс докторанты, М.О.Әуезов ат.ОҚУ «Абайтану» ҒО аға оқытушысы,

Шымкент қ. Қазақстан. NBP_D@mail.ru

ф.ғ.к., доцент, М.О.Әуезов ат. ОҚУ «Абайтану» ҒО басшысы,

Шымкент қ. Қазақстан. sattar.kazgurt@mail.ru

Резюме. В статье особое внимание было уделено становлению поэтического пути известного представителя «Казыгуртско-Каратауской региональной школы литературы» Южного края, поэта-учителя, сформировавшего свою литературную школу, с большим эпическим наследием, а так же жизни и литературном, творческом наследии Нуралы Нысанбайұлы.

Summary. In the article special attention was paid to the formation of poetic path of the famous representative of "Kazygurt-Karatau regional school of literature" of the Southern region, poet-teacher, who formed his own literary school, with a great epic heritage, as well as the life and literary, creative heritage of NuralyNysanbayuly.

Ғылыми зерттеулер мен қолжазба деректерден анықталғанындай: Нұралы ақын 1857 жылы қазіргі Түркістан облысы Бәйдібек ауданына қарасты Боралдай ауылында (кеңес дәуірі тұсындағы «Социалистік қоғам» колхозында) туылған. Руы – Дулаттың Шымыр аталығынан, оның ішінде – Жиен Шоқай. Ақынға тән үлкен бір ерекшелік – терме, өлеңдері мен дастандарында өзі туралы қысқаша мәлімет келтіріп отыратындығы. Мәселен, мына бір жаңадан табылған термесінде:

-Жиен Шоқай ішінде,

Нұралы молда – дер еді.

Бабасы Құдас болғанда,

Ұлы атасы – ер Қиық,

Нысанбайдың көдегі, –деп, ата-бабаларын атап-атап көрсететіні бар [1,8б.]. Бабасы Құдас сөз ұстаған зерделі жан болса, арғы атасы Қиық «ер» атанған батыр адам болған. Нұралының әкесі өте кедей, әр байға жалданып күн көрген қарпайым кісі болған. Еріндерін жегі жеген екен, сол үшін ол «Нысанбай жырық» деп аталып кеткен. Нысанбай ешқандай молданың алдын көрмеген.

Нұралының бірінші ұстазы болған Өмірзақ деген молда балаларға өте қатал, зәрі күшті адам болған екен. Әкесі Нұралыны Өмірзақ молдаға: «Баламның сүйегі менікі, еті Сіздікі, әйтеуір хат танытып берсеңіз болғаны»,–деп тапсырады. Нұралының алғашында оқуға ықыласы болмаған, зейін қоймаған, өте кешше болыпты. Басқа балалар «әптиекті» жаттап, шулап жатса, Нұралы өзімен-өзі отыратын момын, босаң, аңғырт болады. Қадімшені қанша оқыса да, миына қонбайды. Оның үстіне, Өмірзақ молда да, өз атын өзі әрең жазатын, дүмшелеу болса керек. Соған қарамастан Нұралыны сабақ білмейсің деп, басқа балаларға арқалатып қойып, солқылдақ шыбықпен талай рет сабаған екен. Арқасы білеудей боп іскенше таяқ жеген Нұралы жылап-еңіреп үйіне келсе, «сен молда болмадың» деп бұл жақтан әкесі төмпештейді. Екі жақты таяқтың қыспағына ұшыраған Нұралы ертемен «оқуға кеттім» деп шығып, сабаққа бармай, Боралдай өзені бойындағы жарды жағалап, ойнап, шомылып, кештетіп үйіне қайтып жүріпті. Нұралының бұл қылығын білген молдаға қосылған әкесі баланы талай рет талға байлап та, суға тұншықтырып та, асау өгізбен сүйретіп те сабаған. Осындай қорлықпен Нұралы Өмірзақ молданың қолында бақандай төрт жыл оқиды. Алғашқы сауат ашып оқығаны – «Әптиек», «Құран», «Шар кітап», «Сопы Алаяр» секілді кітаптар болады.

1874 жылы Арыс өзенінің жағасындағы Ишанбазарда Сикым руының Аққойлысынан шыққан Әбдікерім деген ахун жаңа мешіт соғып, медресе ашады. Дақпыртқа ерген әкесі енді Нұралыны сол Әбдікерім ахунның мешітіне апарып, үжірасында жатып оқитын етіп келіседі. Мұнда Әбдікерім, Әді деген молдалардың оқытқандары: «Мұқтасар», «Пікайдан» секілді кітаптар. Мұнымен де қанағат қылмаған Нұралы сол молдалардың көмегімен «Ақайд», «Мүшкілат» деген кітаптармен танысады. Шығыс халқының ертегілеріне қызыға елітіп, классик ақындар: Фирдауси, Низами, Науаи, Физули, Әбу Ғали ибн Сина, Ахмет Ясауилардың еңбектерімен танысады. Шығармалардан үзінділерді жаттауды осында үйренеді. Ахунның мешітін үш жылда бітіріп, еліне келеді. Осы 1877 жылы жазда жоңышқа орып жүргенде, кедейліктің салдары бар, тамағы нашар

Нұралы өзегі талып, басы айналып құлап қалады. Осы аурудан Нұралы үш айдай ес-түсін білмей сандырақтап жатып, әрең дегенде жазылады. Әбдікерім ахунның медіресесінен соң, ақын оқи алмай қалған. Әкесі аурушыл болып, алдынан шығармайды. 1879 жылы әкесі дүниеден қайтып, үйдің бар ауыртпалығы енді Нұралының мойнына түседі.

Ахунның медресесінен соң-ақ даңқы шығып, «молда Нұралы» атағына ие болғанымен, ақынның болыс-билермен, бай-манап, қожа-молдалармен жаранасы келіспейді. Елден қақпайланған Нұралы я көрерге сәулет жоқ, я істерге әрекет жоқ болған соң, ауру-сырқауларды емдейтін тәуіп, пал ашатын сәуегей болумен айналысып, бұл «кәсіппен» де біраз жылдар әуреленеді. Ел арасындағы жиын-тойларда қыздармен өлең айтысып, ауылдағы бәдік ауру «иесін» көшіретін өлеңге де қатысып жүреді.

Нұралының жақсы қасиеттерінің бірі – қанша азап көріп, тауқымет шексе де, өз бетінше оқуын, ізденуін тоқтатпағандығы. Ахунның мешітінен келгенде, ол бір қап кітабын арқалап ала келген екен. 1900 жылы Омарбек баласы Панса деген кісі Нұралыға екі қоржын бас тола кітап әкеп береді [2, 96.]. Бала кезінен басталған осы бір жақсы әдет ақынның есейген кезінде де жалғасып, кітап жинаумен, оны сарылып оқуға әуестенген адам болғандығы анық аңғарылады.

Ақын талантының эволюциялық өсу заңдылығы, дастаншылдық-эпикалық шыңға сатылып шығу жолдары, соқтықпалы кезеңдері бар. Соның негізгісі – XIX ғасырда дәстүрі қалыптасып үлгірген Қазығұрт-Қаратау аймақтық ақындар мектебінің белді өкілдерінің шығармашылығынан сусындап, тәлім алуы дейміз.

Біздің қолымыздағы қолжазба деректерден мәлім болғанындай, ақынның алғашқы кезде сүйіп тыңдаған адамы – Жалайыр Мұғалтай ақын [3,116.]. Мұғалтай атақты Балта ақынға (1758-1845) ілесіп жүріп, ақынның білер барлық дастандарын жаттап алған, соның өнегесін алған ақын, ол атақты Италмас ақын Тұнқатарұлының да алғашқы өнерге баулыған ұстазы болған. «Нұралының Мұғалтай ақыннан есіткендері: «Көрұғлы сұлтан», «Рүстем дастан», «Мың бір түн» (мұның кейбір оқиғалары, эпизодтары) «Сейіт Баттал қазы», «Қорқыт» сияқты дастандар. Бұл дастандар Балта ақынның артына қалдырған мұралары» [3,12]. Балта ақындыкі бір нұсқасы болуы дамүмкін. Осы Мұғалтайдың туысқаны, шәкірті, ақындықты өте жас кезінде, тым ертерек кезінде бастаған Италмас ақын мен Нұралының танысуы бала кезінде-ақ басталады. Қолдағы бар деректерден Нұралыға жол көрсеткен аға буын өкілдерінің бірі деп Италмас ақынды айта аламыз. «Нұралы халыққа он үш жасынан-ақ ақындық лақабы жайылған Италмасың «Шора батыр», «Шеризат-Күлшат», «Шылым», «Мекер айым», «Қамбар батыр» дастандарын өз аузынан есіткен» [3,136.]. Италмас Нұралының эпикалық қарымын дәл танып:

-Бетегелі барқыттай,

Палдан қалған сарқыттай.

Шоқайдан шықты Нұралы,

Шәкірттерге сөз берген,

Ақынның болды ұраны, –деп жоғары көтере бағалағаны да оқырманға енді ғана мәлім болып отыр [3,56.].

Өзі қайтыс болған соң да, Нұралының өлеңдерін жаттап алып таратушылар өте көп болғандығын, ақынның өзі арнайы мақсат қоймаса да, өзіне тән жыршылық-дастаншылдық әдеби мектебінің қалыптасқандығын анық пайымдауға болады. Нұралының термелерін, дастандарын жаттап алып, оны жиын-тойларда айтып, халыққа насихаттап жүрген ақын-жыршылар қызметі әлі күнге жүйеленіп, бір ізге түспегендігін де ескерте кетеміз.

Нұралының термелерінің көлемі – қанша жол екені әлі анықталған жоқ. Біздің қолымыздағы ақынның көлемді термелерінің өзі (көпшілігі дін тақырыбында) отыз екі. Нұралының айтыс өлеңдерінің саны біздің анықтауымызда – бесеу. Нұралының 49 дастанын жарыққа шығардық. Әлі анықталмаған дастандары – отыз-қырықтың арасында.

Ақындыққа бет қойған алғашқы кезеңінде ақындықты ерте бастаған, «молда» атанған Байшопанұлы Жылқыбай ақынға ұшырасады. Жылқыбай – ақындарға ұстаз болған, шәкірт баулыған, өзі жазып шығарған термелерін, дастандарын шәкірттеріне жаттатып жүретін дағдысы болған, әдебиет тарихында тиісті зерттеліп, бағасын ала алмай келе жатқан ақындарымыздың бірі. «Жылқыбайдың мұндай жақсы қасиеттерінен әсер алып үйренген Нұралы оның өз қолжазбаларынан «Орақ-Тағай», «Заман хан», «Арша хан», «Жәнібек-Мақпал», «Асқарбай-Сарыбек», «Ораз молда», «Салиқа қатын» сияқты дастандарын үйренген» [4,146.]. Бұл мәліметтен Нұралы ақынның алғашқы ұстаздарының бірі – Жылқыбай ақын деп топшылауға негіз бар.

Нұралы 1890 жылы Жаным руының Құлбәйімбет деген елінен Текебай дегеннің он жетідегі Зылиха деген қызын алып қашады. Бұған қалың мал табу үшін мұсылмандардың қасиетті мерекесі болған Ораза айында, жарамазан айтып, табыс тауып жүреді. Осы сапарында Өзбекстан мен Қазақстанның шекарасы іспетті Қышкөпір деген жерде Нұралы Майлықожаға кездеседі. Майлықожа Нұралының жарамазанын тыңдап алып, «Өленің шарифат сөздерінен алынған мәнді сөздер екен. Бірақ өленіңнің «жастығы» байқалмайды. Сонда да ақындығың ұшқындап тұр екен» деп, жоғары бағалайды [5,12б.]. Көреген Майлықожа Нұралыны жібермей, сол күні қонақ қылып күтеді. Нұралының өз аузынан «Құйыршық», «Нәзгүлім», «Ханым сыры» дастандарын есіткен Майлықожа Нұралыға ақындық өнер жолынан көптеген өсиет айтады. –Бойындағы ақындық өнерді желге ұшырып сарп етпе, өленді кітап сөздерінен алып шығар, бісмілласыз бастама. Бісмілла - өлеңнің «жастығы» болады, – деген кеңес береді. Мұның анық көрінісі – Нұралының «Бісмілла» туралы терең ойлы, діни-танымдық, сауатты термесі бар. Ол термесі:

–Бісмілла! сөздің шырыны,

Һәмма сөздің бұрыны.

Бісмілламен басталса,

Үзілер шайтан жұлыны.

Неше түрлі діндер де,

Һауа ана, Адам ұрығы.

Менің дінім жақсы!– деп,

Күндейді бірі біріні-деп, жалғасып кете беретін, 211 тармақтан тұратын көлемді туынды. Майлы ақын өлең шығарудың, дастан жазудың жөн-жосығын түсіндіріп, үлгі көрсетеді. Өзі шығарып, халық арасында айтып жүрген «Зарқұм», «Саудагер Марқұм», «Пайғамбардың ғарға кіргені», «Әбілда бала» секілді дастандарын береді. Қазақтың халық поэзиясын дамытушы екі алып Қышкөпір аузында тұңғыш кездесіп, бір тәулік бойы сөйлесіп, пікірлесіп, тәжірибе алмасады. Жаяу-жалпы келе жатқан Нұралыға Майлықожа бір ат мінгізіп, көптеген кітаптар сыйлап, батасын беріп шығарып салады. Кейін Нұралы Зылиханың қалыңмалы үшін осы атты Текебайға мінгізген екен. Бұдан Нұралының ақындық жолындағы ұстаздарының тағы бірі, дастаншылдық қарымын таныған, эпикалық өнерге баулып, тәлім-тәрбие берген, Нұралы талантының ашылуына сеп болған Майлықожа екендігін түйсінеміз.

Ал Нұралының Шәді ақынмен шығармашылық байланысы туралы қолжазбада мынадай дерек бар. Шәді Нұралымен жасы тетелес, шығыс тілдерін білуі, игеруі жағынан оған жетер ақын Оңтүстікте көп болмаған. Шығыс тіліндегі кітаптарды қазақ тіліне көп аударған, Оңтүстік аймақтық мектебіндегі шығыс шайырлық дәстүрінің білгірі, оның Нұралыға да шығармашылық әсері көп болған. Мәселен, бірде Нұралылар Шәдінің үйіне түсіп, қонақ болады. Шәдінің қыздары дастархан жайып, шай беріп отырып, өлең айтыпты. Бұл – әрі сол кездегі қадірлі қонаққа көрсетілер құрмет, ілтипат нышаны. Оның үстіне кез-келгенге өлеңмен сыйлық жасау бола бермеген. Қыздарға жауап, қонақ кәде ретінде Нұралы да біраз өлең айтыпты. Отырыс қыза келе, Шәдінің қыздары Нұралыға өлеңмен жұмбақ айтады.

Бір таулардан кей таулар биік тұрған,

Мазмұны төбесінде күйіп тұрған.

Құданың құдыретіне тамаша еттім,

Бірдеме етегінде сиіп тұрған.

Нұралы жұмбақтың шешуін табан астында тауып:

Ә, шіркін! Пәле, рахмет сөзіңізге,

Әттең жігіт болмадым кезіңізде.

Самауырдың шүмегін жұмбақ қылдың,

Шүмек керек болғандай өзіңізге,–деп, жауап қайырады. Бағанадан қыздары мен Нұралының аяқ алысын бақылап отырған Шәді сөзге араласып: –Тілің өткір екен, бірақ өленіңнің «жастығы» жоқ-деп, алдыңғы Майлының сөзін бұл да айтады. «Жастығы жоқ» дегені – өлең құрылысында арабша аят, Пайғамбар Хадисінен сөз қоспайсың, шарифат кітаптарының тілімен сөйлемейсің-дегені екен. Шығыстық мектептің шайырлық үлгісіне тән мұндай тәсілді XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы Оңтүстік мектебінің кез келген өкілінен табуға болар дейміз. Міне, осыдан бастап, Нұралы мен Шәдінің қарым-қатынасы, сыйластығы өмірден қайтқанша үзілмеген [6,17].

Нұралы дастандарын жазғанда бірден-ақ қазақы тілмен көркем етіп жазып шығара салмаған. Өз жазғандарын уақыт өте келе қайта өңдеп, келісімсіз, анайы айтылған тұстарын қайта жөндеп отырған. Себебі, Нұралы дастандарының алғашқы нұсқаларын да тауып оқыған фольклор

жинаушысы Қ.Амантаев деректерінде «Мұндай нұсқалардың әуелгілері соңғыларына қарағанда тіл тазалығы жағынан арап, парсы, түркі, шағатай сөздері араласа жүретін шұбарала, будан. Өз жазғандарын өзі бір-екі рет қайта жазып, келісімсіз, дөрекі жерлерін өңдеп отырған»- деп, анықтап көрсетеді [7,286.]. Ал «Кесікбас», «Пайғамбардың ғарға кіргені», «Саудагер Марқұм» деген дастандарын алғашқы шығарып таратқан – Майлықожа» [7,196.]. Ол өз дастандарын ел ішін аралап айтып, жиын-тойларда орындап та жүрген. 1897 жылдан соң, Нұралының кейбір шәкірттері сол дастандарды жазып беруін сұранады. Нұралы Майлықожаның ізімен әлгі аталған дастандардың сюжетін сақтай отырып, өзінше жырлап шығады. Сондықтан екі нұсқаның мазмұн, түр, құрылысы жағынан айырмашылығы болып кездесуі де заңдылық.

Дастаншылдық өнердегі мұндай нәзира дәстүрі өлке ақындарына тән ерекшеліктің бірі дейміз. Оңтүстік өңірі мен Ташкент атырабының фольклорлық мұраларын көп жинаған профессор Қыдырәлі Саттаровтың анықтауынша: «Нұралы Нысанбайұлы... арап, парсы, тәжік, ауған тілдеріне жетік болған. Естігенін жаттап алатын дарын иесі. Шығыстың классикалық поэзиясын, ертегі-аңыздарын көп оқыған. Оның бірқатарын қисса, дастан етіп, нәзира түрінде жырлаған. Жыраудың өзі жазып, өңдеп, жырлаған шығармалары: «Жаһангер жетім», «Құбыл», «Қымың», «Шәкір-Шәкірат», «Мұңлы-Сейіл», «Үш мұңлы», «Манат-Жанат», «Зайтұлы», «Құлқаныс-Зеберше», «Орақ-Тағай», «Әзірет Әлінің Пұсайылды дінге салғаны», «Әзірет Омар баласын дүреге жатқызуы», «Дотан бала», «Кесік бас», «Шақ-шақ таз», «Қымыз», «Бала шер», «Жаһанша ұлы Жаһанша жетім», «Әмір Әмзе», «Сауда ишан», «Ханым сыры», «Қара құл» т.б. көптеген қисса түріндегі эпикалық шығармалардың көбін өзі шығарған, өңдеп, өңін келтіріп, жырға ұластырған. Нұралының «Ханым сыры», «Қара құл» дастандары Ташкент мұғалімдер семинариясының оқытушысы Я.Лютш 1883 жылы құрастырған «Қазақ хрестоматиясына» енген» - деп жазады [8,116.]. Мұндағы фольклорист ғалымның атаған 21 қисса-дастандарының ішіндегі «Зайтұлы» деген дастан шындығында «*Зәйт ұры*», ал «Манат-Жанаты» кәдуілгі жұртқа етене таныс «*Полат-Жанат*», болуы керек деп санаймыз. Көпшілік оқырманға әлі белгісіздеу «Орақ-Тағай» дастаны Жылқыбай Байшопанұлының төл шығармасы, ал Нұралының шығарғаны «Әмір-Тағай» деп аталады. Себебі, бұл мәліметтер 1930 жылдарға дейін хатқа түскен біздің қолымыздағы қолжазба деректер мен мәтіндерді салыстырып қарағанда-ақ белгілі болады. Қ.Саттаров Нұралының шәкірттері деп: «Айнабек Нысанов, Көпбай Әлімбетов, Зұлпықар Балғабаев, Әбіш Байбосынұлы, Қылышбай Ержанұлы, Желеу Жақыповтарды» атайды [8,116.].

Талай-талай қыспақтың тезіне түсе жүріп, ысылған Нұралы жастай дін иелерінің тепкісін көп көргендіктен, көп шығармаларында дін иелерін қатты сынға алып отырады. Бұл – ХІХ ғасырдың соңғы ширегі мен ХХ ғасырдың басында қадімше оқытуға қарсы қатты өрістеген жәдид қозғалысының, Ресей империясының отарлау саясатына қарсылық ықпалы деп те санауға негіз береді.

Міне осы айтылғандардың өзінен-ақ Нұралының ақындық жолының қалыптасуын анық пайымдаймыз жәнешайыр мұраларының жазылу тарихын анықтау, дастаншыл дарынның бүкіл мұраларын жинастыру, зерделеп-зерттеу, кітаптарын бастырып шығару, көпшілікке таныту бағытындағы жұмыстар – жаңа ізденістерге жетелері хақ. Қазығұрт-Қаратау аймақтық мектебі ақындары мұраларының қомақты бір бөлігін құрайтын Нұралы ақын шығармашылық қызметін жаңаша зерделеу де кезек күттірмес міндетке айналып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Өмірзақов С. Арысбаев Ә. «Нұралы ақын». – Шымкент: «Әлем», 2019, 8 б;
2. «Қазығұрт» ҒЗО қолжазбалар қоры. «Н.Нысанбайұлы мұралары», № 1 папка, 1 дәптер, 9 б;
3. Италмас Түнқатарұлы. Шығармалары. – Алматы: «Нұрлы әлем», 2013, 73 том, 11, 12, 13, 5 бб;
4. Н.Нысанбайұлы. Шығармалары. – Алматы: «Нұрлы әлем», 2011, 99 том, 14 б;
5. «Қазығұрт» ҒЗО қолжазбалар қоры. «Майлықожа мұралары», № 1 папка, 2 дәптер, 12 б;
6. Жәңгірұлы Ш. Шығармалары. – Алматы: «Нұрлы әлем», 2013, 80 том, 17 б;
7. Амантаев Қ. Қолжазбалары. №1 дәптер, 28, 19 бб;
8. Саттаров. Қисса-дастандар. – Алматы: «Ғылым», 2005, 11 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ӘСКЕРИ ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ҮСЕН Б.М., ТУРСИНБАЕВ М.М.

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының
аға оқытушылары, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье проведен анализ на сегодняшний день состояния казахского языка в Вооруженных Силах Республики Казахстан и вопросов по применению военных терминов на казахском языке.

Summary. The article analyzes the current state of the Kazakh language in the Armed Forces of the Republic of Kazakhstan and issues related to the use of military terms in the Kazakh language.

*Қазақ тілін зерттеушілердің барлығы да бір ауыздан ең бай,
ең таза түркі тілдердің бірі деп таниды.
Мелиоранский П.М. /1868 – 1906, шығыс зерттеушісі, профессор/.*

Дербес мемлекет ретінде әлемге танылғалы бері алдымызға да, өткенімізге да қарап, күнделікті өмір сүруге қажетті мұқтаждығымызды өтейтін сан-салалы проблемаларды бағамдаған саналы азаматқа ұлттық тілімізді ұлықтау екені айтпаса да түсінікті. Анығы сол, бізді толғандыратын әлі күнге шешімі табылмай отырған күрделі мәселе бүгінгі таңдағы қазақ тілінің жағдайы.

Өткен ғасырдың 90 жылдары Ата Заңымызда Қазақ тілі «Мемлекеттік тіл» мәртебесіне ие болғанымен, әлі күнге күнделікті барлық саладағы іс-қағаздарында, нақтылап айтқанда қызметтік басқару (әкімшілік), бұқаралық ақпарат құрылымдары, ғылым-білім және оқу ағарту, сондай-ақ қуатты құрылымдарда үстемдігіне сәйкес тиісті құрметке ие бола алмай келе жатқаны шымбайыңа бататын ащы шындық. Тіл тағдыры елдің болашағымен және негізгі тірек ұлттың ұлттық құндылықтарының жоғары дәрежеде дәріптелуімен сипатталауы тиіс. Дербес еліміздің тарихи тамыры тереңге бойлаған қасиетті ұлттық тілі әр қазақ патриотының жүрегінде сөйлеп тұрса ғой шіркін. Алайда, қазіргі қазақ қоғамында жауабы түсініксіз мың сұрақтың мазалайтыны жүрегінді қарс айыратыны сөзсіз.

1990-шы жылдардан бері тіл мамандары арасында қазақ әскери терминологиясы мүлде сөз етілмеді, қолға алынбады десек мұнымыз біржақты жаңсақ пікір болады. Десе де, осы салаға қаншама бел шешіп кіріскенімізбен жалпы Қуатты құрылымдарда орыс тілінің қолданылу аясын оның бар саласынан әупірімдеп болса да қуып шыға алмай, керісінше әлеуетінің нығая түсуіне ықпал етіп отырғандаймыз-ау шамасы. Әрине, батпандап кірген ауруды, мысқалдап шығару оңайға түспей келе жатқаны белгілі жағдай. Осы тұрғыдан алғанда қазақ тіліндегі әскери терминдердің жоқтан бар, әйтеуір қисық-қыңыр күй кешіп отырғаны белгілі.

Қазіргі кезде кез-келген қуатты құрылымдардағы қазақ тіліндегі әскери терминдердің қалыптасуы мен дамуының жағдайы тіл өрісін кеңейту мәселесінде де, сонымен қатар ғылыми-техникалық терминдер жүйесін қалыптастыруда да жауапкершілікпен көңіл бөлетін тақырыптардың бірі. Оның дәлелі, жер бетіндегі барлық мемлекеттердің әскери жүйесінің қызмет етуі өздеріңізге белгілі тәртіпке негізделген. Оның басқалай болуы мүмкін емес, өйткені ол қатаңның да қатаңы әскери жүйе. Біздің айтпағымыз, жаңалық ашу немесе әскери терминдерге қатысты таңдай қақтыратын қазақша баламасын ойлап табу емес, керісінше заманауи уақытқа сәйкес күнделікті қолданыста әскер өмірінде құлаққа түрпідей тимейтін қалыптасқан терминдерді сөз жасаушы жұрнақтар арқылы ұлт тілінде сөйлетуге ықпал ету. Маңыздысы осы бағытта еңбек ету, қазақ тіліндегі әскери терминдердің сауатты қолданылуына және олардың әрбір әскери бөлімдерде әртүрлі қолданылуына жол бермеу, тиісінше көмек көрсету.

Жалпы алғанда, біздің, бұл тақырыпқа барудағы мақсатымыз Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызмет көрсетуін ұлт тілінде сөйлету, қоғамдағы абыройын арттыру, жалпыға міндетті кәсіби ұлттық әскерінің қалыптасуы барысына атсалысу, әскери білім беру жүйесінде ұлт тілінде әскери ғылымды дамыту, әскери іс-қағаздарын жүргізу саласындағы қазақ тілінің қолданысын кеңейту, қазақ тіліндегі әскери және әскери-техникалық терминологияны біріздендіру

маңызды болып саналатынына өзгелердің көзін жеткізу. Бұл процесс қолға алынғалы бері іс-жүзінде ауыз толтырып айтатын нәтижені көре алмай отырғанымыз жасырын емесі күнделікті өмірде дәлелденіп отыр. Мысалы, нәтижесін бермеген аты мен заты түсініксіз мына жарлықты қараңыз. Қазақстан Республикасының экс Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1998 жылғы 5 қазандағы Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» [1,7 б.]. Әрине, түсініксіз болса да Жарлық бар, ал нәтиже жоқ. Нәтиженің жоқтығын сонда кімнен сұраймыз?...

Ары қарай сөз болып отырған негізгі тақырып қазіргі қазақ тілінің әскери терминологиясын сөз етпес бұрын, оның тілдік бірлік ретіндегі маңызын анықтап алған дұрыс шығар.

Бүгінде қазақ терминологиясында жеке дара әскери терминдер саласы бар. Бұл ретте қазіргі кезеңге дейінгі қазақ филологиясы мамандары мен тіл жанашыры болып жүрген қоғам белсенділерінің 4000 терминнен асатын қазақ тіліндегі әскери терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігін, әр кезеңдегі әскери іс және әскери іс-қағаздарын жүргізу туралы қосымшаларды, бұйрықтар мен жарлықтарды, терминдер қамтылған әдістемелік-нұсқаулық қосымшаларды атауға болады. Алайда, қазақ тіліндегі әскери терминжасам – жалпы теориялық тұрғыдан арнайы жеке зерттелмей келе жатқан тақырыптардың бірі [3, 18 б.].

Қысқа қайырғанда қазақ тілінде осы уақытқа дейін әскери терминжасамның уәждемелері, сөзтіркестік терминдердің түрлері, күрделі терминдерден айырмасы, сонымен қатар әскери терминжасамның ғылымдағы жағдайы жалпы теориялық тұрғыдан анықталмағанын жоққа шығаруға болмайды. Дәлірек айтқанда нақтыланбаған. Бұл жағдайлардың бәрі қазақ тілінде әскери терминжасам мәселесін арнайы, жүйелі түрде зерттеу қажет екенін және бүтіндей Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің осы айтылған мәселеге мұқтаж екенін көрсетеді. Сондықтан да, алдағы уақыттарда еліміздің әскери оқу орындары мен ұйымдарының алдында білім сапасын көтеру мәселесімен қатар, қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту және оның қолданылуын тиісінше қадағалау, талап ету міндеті тұр. Сонда ғана біздер үлкен нәтижеге қол жеткіземіз.

Осы жерде тағы бір қосымша айта кететін мәселе Отанымыздың әлемдік ұйымдарға мүше болуына байланысты, халықаралық түрлі әскери жиындар мен жаттығуларға қатысуға еркін бойлау үшін, әлем алдында беделі артып отырған ағылшын тілін білудің маңыздылығы жөнінде айтылмаса да түсінікті.

Бүгінде ағылшын тілінің жаһанданып отырғаны да ден қоярлық нәрсе. Бұл дегеніңіз орыс тілінің ықпалынан шығып, ағылшын тілінің құрсауына түсу деген сөз емес. Қазақ әскери терминдерін әлемдік әскери терминдерге жақын мағынасында қолдануға бет бұрсақ жеңілдірек болар еді. Әлемдік стандарттарға сай әскери, әскери-техникалық терминдер жүйесін қалыптастыру, соған сүйене отырып, лексикалық бірлік ретінде лексико-грамматикалық қасиеттеріне зерттеу жүргізіп, жүйелеу қажет. Бұл мәселені шешуде біраз қиындықтардың болуы қалыпты жағдай. Бұл ретте орыс лингвисті А. А. Реформатский: «термин абстрактілі, бір мағыналы, халықаралық сипатты болуы керек» дейді [2,98 б.].

Айталық, термин мәтіндегі орнында өзінің мағынасына сәйкес талаптарға толығымен жауап бермесе, салмағын жоғалтады. Мәселен, моносемантикалы (бірмағыналы) болуы міндетті емес, себебі термин кез келген сөз сияқты контекстен тыс қолданылмайды. Дәлірек айтқанда, контекст арқылы ол өзінің мақсатқа негізделгендігін сақтайды. Оның дәлелі, терминдердің кез келген халықаралық мәтіндерде қолданылуы кезінде мағынасына қарай ортақ сипатта болуы қажетіне қарай өзгеретіні сөзсіз. Ол өз кезегінде әлемдік ғылыми даму бағыттарға ілесуге, бірнеше тілге ортақ терминологиялық лексикалық бірлік болып қалыптасуға көмектеседі. Бұған төмендегідей мысал келтіре аламыз:

radio-active – радиоактивті – радиоактивный; operational-оперативті - оперативный; commandos- коммандос-командос; т.с.с....

Қалай болғанда да, жалпы алғанда да, терминнің бірнеше мағына берудегі ортақ негізгі сипаттамаларына мән берген жағдайда және олардың қазақ тілінде қолданылу ерекшеліктеріне тоқталайық:

- терминнің мағынасы дәл нақты анықталған болуы керек;
- белгілі ғылым саласы шеңберінде термин бір мағыналы болуы керек;
- арнайы салада нақты ұғымды беру үшін бір ғана термин қолданылуы қажет.

Бұл талаптар терминнің мазмұнына қатысты нәрселер. Ендігі мәселе термин формасына қатысты. Термин неғұрлым қысқа болғаны дұрыс. Термин сөзжасамға қатыса алуы тиіс, бұл

терминжасам процесін жеңілдетеді, терминнің құрылым ішіндегі басқа ұғымды беретін терминмен байланысын анықтайды.

Терминдер қатары да тілдегі сөздік қор сияқты толығып отырады. Қазақ тіліндегі әскери терминология қорын кеңейту үшін барлық тәсілдер мен мүмкіндіктерді пайдалануға болады. Мәселен, сөзжасам – терминдер жасаудың негізгі тәсілдерінің бірі болып қала бермек. (жұрнақтар көмегімен *жауынгер-лік, кезекші-лік, гарнизон-дық, биология-лық, бекініс-ті, радиоактив-ті, басшы-лық, әскер-и, жарақ-тандыру т.с.с*); күрделі сөздер қатары (*тікұшақ, орқазғыш, радиотехникалық, радиоорталық, радиостанция, оқшантай, оқжатар, оқдәрі т.б*), аббревиациялау (басқа тілдермен салыстырғанда аса кең тарамаған тәсіл. Бұл тәсіл арқылы терминдерге мысал ретінде сөз тіркестерінің басқы әріптерінен құралған қысқартуларды жатқызуға болады. Көпшілігі ұйым атаулары немесе арнайы сала әскери терминдері НАТО, БҰҰ, ЗАК т.с.с). Терминдердің айтарлықтай бөлігі сөзтіркестерінің лексикалық мағыналануы нәтижесінде туындайды. Көп уақытта қолданыста жүрген сөзтіркестерінің компоненттері арасындағы жалғаулық байланыс күшін жойып, сөзтіркесі дара терминге айналуы мүмкін: *теңіз бекінісі, радиобайланыс желісі, оперативті өнер, мемлекеттік шекара, қосалқы әскерлер, қарулы қақтығыс, қарулы күш, карта масштабы, жұмыс картасы, жеке қару, аға офицер т.с.с*.

Қоғамдық – саяси-экономикалық және әскери терминдердің басым бөлігі нейтралды мағыналарын кеңейту немесе тарылту есебінен де жасалып жатады (тыл сөзінің мағынасы майданда әрекет етуші әскер шебінің артқы бөлігі немесе әскерді қамтамасыз етуші күш болғанымен, мағынасын әскери терминологияда біраз кеңіту мүмкіндігіне ие. Мәселен, тыл ауданы, тыл жағдайы, тыл қоры, тылды ұйымдастыру, тыл объектісі т.б сөз тіркестерінде кездестіруге болады).

Лексикалық кірме сөздер - қазақ тіліндегі жаңа әскери терминологияны толықтыруда маңызды орын алады. Бүгінде ғылым мен техниканың арнайы салалары үшін бұл негізгі тәсіл. Соңғы уақыттарда терминологияны, оның ішінде, ғылыми-техникалық сөздікті интернационализациялау бағыты байқалады. Осы себепті де, қазақ тілінің әскери терминологиясында еуропа аймағы елдерінің халықаралық лексикасының саны өсе береді (тактика грек. *tactic*-әскери сапқа тұрғызу өнері; эвакуация лат. *edacuare* - босату; экипаж франц. *equipe* – ұжым, команда; резерв лат. *reservo*- сақтау; индикатор лат. *indicator* – көрсеткіш; интервенция лат. *interventio* – қол сұғу, араласу т.с.с). Олардың түпнұсқадағы формаларының қолданысқа тереңдей кіргендігі, ешқандай аударуды аса қажет етпейді.

Әскери термин - әскери ұғымдар мен түсініктердің мағыналары көрініс табатын сөздер мен сөз тіркестері. Әскери терминдердің жиынтығы қазақ тілінің әскери аудармасындағы негізгі құрал болып саналатын әскери терминология. Әскери терминдер үшін олардың әскери іс саласына арнаулы, семантикалық талаптардың нақтылығы, эмоционалды бояулардың болмауы, бірмағыналыққа ұмтылу т.б тән нәрселер. Әскери терминдердің көпмағыналығына олардың әскери іс саласының түрлі бөліктерінде немесе әртүрлі контексте қолданылу кезінде жол берілуі мүмкін: іздеу - 1) әскери барлау тәсілі 2) әскери әуе күштеріндегі ұшақтар тобының өзіндік іс-қимылы 3) объектілерді табу мақсатында аудандарды тексеру т.с.с.

Сондықтан да терминдерді әскери-техникалық, қарулы күштердің белгілі бір түріне қарай немесе ұйымдастырушылық, тактикалық т.б салаға қарай анықтай білген жөн. Өздерінің қолданысына, таралуына қарай әскери терминдер кеңінен түсінікті (*ұрыс, тапанша, қару, атыс, штаб, министр т.с.с*), тек әскери істе машықтанған мамандарға арналған тар мағыналы (*миналау, пеленгтеу, репарация, ретрансляция, жойғыш авиация т.с.с*) деп бөлінеді. Алғашқылары ресми емес әскери терминдер болғандықтан, әскери басылымдар мен күнделікті ауызекі сөйлеуде қолданыс тауып жатады. Әскери қақпайлар (жаргон) қатарына тек әскерилердің өз шеңберінде ғана түсінікті, біраз эмоционалды бояуы да бар сөздер мен сөз тіркестерін жатқызуға болады. Әскери жүйеде білім деңгейлері, әскери дайындықтары түрлі деңгейдегі адамдардың қызмет ететіндері белгілі. Ендеше әскери терминдерге қойылатын талаптардың ең жоғарғысы түсінуге қолайлы, қарапайым, анық тілде болу. Мәселен, командалар, бұйрықтар қатары, тарату әрекеті кезіндегі терминдердің мазмұны қысқа, жинақы болуы шарт. Әскери терминдер жүйесінің болуы барлық тілге де тән. Әскери терминдерді аудару кезінде әскери лексиканың өзіндік жүйелілігі ескерілуі тиіс. Бұл жүйелілік терминдердің қолданылу аясын нақты көрсетіп, әскери іс пен әскери терминологияға сүйену арқылы терминнің сәйкес нұсқасын табуға жол салады.

Жоғарыда айтылған ойларды қортындылай келгенде, қазақ тілінің әскери терминологиясымен жұмыс істеу методикаларын қалыптастыру қажет. Бұлай жасау, осы сала теориясын қалыптастыруда, біраз қиындықтарды жеңуге көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аманжолов Қ. Әскери терминдердің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. Алматы, 1982.
2. Стрелковский Г.М. Теория и практика военного перевода: Немецкий язык.—М.: Воениздат, 1979.
3. Шенгелбаева Н. Қазақ тіліндегі әскери терминдердің сөзжасам жүйесі ф.ғ.к ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. афтореф.- Алматы Қайнар университеті, 2009.

ӘОЖ 82.366.05

«ҚАЗАҚ» – ҚОҒАМДЫҚ, САЯСИ ЖӘНЕ ӘДЕБИ ГАЗЕТ

ТУЛЕПОВА А.

№40 гимназияның 10 сынып оқушысы, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ТЕЛЬГАЗИЕВА А.Б.

№40 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются актуальные вопросы газеты.

Summary. The article discusses the current issues of the newspaper.

«Қазақ» – қоғамдық, саяси және әдеби газет. Бас редакторы – А.Байтұрсынұлы, «екінші жазушысы» – М.Дулатов. 1918 жылы шыққан бірнеше санның редакторы – Ж.Жәнібеков. Газетте ХХ ғасырдың басындағы қазақ елінің саяси-әлеуметтік өмірінің ең түйінді мәселелеріне, шаруашылық жағдайына, жер, басқа елдер мен қарым-қатынасына, оқу-ағарту, мәдениет пен әдебиет, әдет-ғұрып, салт-санаға, тарих пен шежіреге арналған мақалалар жарияланған.

«Қазақ» кітабы кішігірім алғы сөзден кейін: «1913ж., 1914ж., 1915ж., 1916ж., 1917ж., 1918ж., Құрастырушыдан, «Қазақ» газетінің авторлары, тақырып бойынша топтастырылған библиографиялық көрсеткіш, «Қазақ» газетіне қатысты архив құжаттары, Есімдер көрсеткіші, Бүркеншек есімдер көрсеткіші, «Ашылмаған бүркеншек есімдер» деген тараулардан тұрады. Кітапта «Қазақ» газетінің авторларының, редактор бастырушылардың фото суреттері қоса басылған. Жинақтың жарық көруіне библиограф-ғалым Ү.Субханбердина көп еңбек сіңірген [1, 346].

Архивте газеттің екінші редакторлығына М.Дулатовты тағайындау туралы 1914 жылғы 19 майда Орынбор губернаторына жоғарғы баспасөз басқармасының берген бұйрығында былай делінеді: Орынборда Ахмет Байтұрсыновтың редакторлығымен шығып тұрған «Қазақ» газетінің екінші жауапты редакторы қызметін атқаруға Торғай облысы, Сарықопа болысы №1 ауылдың қазағы Мир-Якуп Дулатович Дулатовқа рұқсат берілген. Ал газеттің 1918 жылғы 261-265-сандарының редакторы Жанұзақ Жәнібеков.

«Жазықсыз жазаға ұшыраған асыл азаматтарымыздың ішінде А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтың есімдерін қазір тебіренбей ауызға алу мүмкін емес. Олардың ағартушылық қызметі, ғылымдағы, әдебиеттегі аударма ісіндеп, оқу құралдары мен әдеби шығармаларды шығарудағы және журналистикадағы зерттеушілік дарынды қызметтерін ерекше атап өтпеске болмайды. Тұңғыш журнал «Айқап» пен «Қазақ» газетінің беттерінде жарияланған мақалаларын оқығанда олардың сан қырлы еңбектерінің куәсі боламыз» [2, 786].

Өкінішке орай «Қазақ» газетін ұлтшыл, буржуазияшыл, либералшыл орган, алашордашылардың рупоры ретінде, ал оның редакторлары А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтарды алашордашыл «халық жауы» деп бағалап, газетте басылған халқымыздың әдебиетінен, мәдениетінен, тарихынан, экономикалық-саяси жағдайларынан, әдет-ғұрпы мен заңынан бай мағлұматтар беретін материалдардың бетін жылы жауып қойған едік.

Қазақ әдебиетінің аса түйінді мәселелеріне тоқталған газет оны үш кезеңге бөледі: (1915 №112,113)

1.Қазақтың көне ауыз әдебиеті.

2.Жазба әдебиеті алғаш қалыптаса бастаған кезде ауыз әдебиетінің тоқырауына байланысты жалпы қазақ әдебиетінің кері кеткен дәуірі.

3.Абай, Ыбырай бастаған жаңа әдебиет дәуірі. Мақалада бұл үш дәуірдің ерекшеліктеріне тоқталып, мысалдар келтірілген.

А.Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласында Абай өлеңдерінің кітап болып басылмағандығынан оның шығармаларының қазақ арасына кең жайылмағандығын, өзінің Абай сөздері жазылған дәптерді 1903ж. оқығанын, жалпы Абай өлеңдерінің аз сөзді, терең мағыналы, әрі қазақ әдебиетінде бұрын болмаған жаңа құбылыс екендігін өте жоғары бағалайды да, «Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен окшау, үздік, артық» деп тұжырымдайды. Сонымен бірге Абайдың шыққан ортасы, әкесі Құнанбай, атасы Өскенбай, ұлы атасы Ырғызбай, шешесі Ұлжан туралы деректер келтірген. Абайдың 80-жылдары Семейге жер аударылып келген Михаэлиспен, қазақ елінің әдет-ғұрпы, салт-санасы туралы материал жинаумен шұғылданып жүрген Гросспен танысуы, олардың Абайға тигізген әсері, орыстың ұлы ақындары Пушкин, Лермонтов, Некрасов, жазушылар Толстой, Салтыков-Щедрин, Достоевский, сыншылар Белинский, Добролюбов, Писерев еңбектерімен таныстырғаны, қазақ халқының бағына Абайдың мансап қумай ақындық жолға түскені, Абай өлеңдерінің, әрі сыншыл, әрі шебер екені жазылады (1913, №39, 40, 43).

Ә.Бөкейханов қазақ елінің тарихына арнаған мақалаларында Ш.Уәлиханов, П.П.Семенов Тянь-Шанский, Г.Н.Потанин туралы аса мол мағлұматтар береді.

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» деген кітабына көлемді сын мақала жарияланған. Француз социалистік партиясының басшысы, «Юманите» газетін ұйымдастырушы Жан Жорес (1859-1914) пен Герман социал-демократия партиясының және 2-интернационалдың көрнекті қайраткері Август Бебель туралы мақалаларын жариялайды.

Сондай-ақ, Ә.Бөкейханов өзінің «Ұят-ай» деген мақаласында қазақ оқырмандарын Л.Н.Толстой, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, М.Е.Салтыков-Щедрин, Ф.М.Достоевский, Н.Г.Чернышевский, Н.А. Добролюбов, А.И.Герцен секілді әдебиет алыптарының өмірімен таныстыра отырып, олардың халық үшін айтулы еңбек сіңіргенін, бірақ қуғын-сүргінге, әділетсіздікке ұшырағанын баяндайды.

«Ескі һәм жаңа билер» (1914, N59) деген мақалада әділ билерді ешкімнің жоғарыдан қоймайтыны, оларды халықтың өзі танып, тағайындайтыны, билік жүргізудегі әділеттілік сөз болады. Шәкәрім Құдайбердиевтің, „Би һәм билік туралы" (1914, №65) деген мақаласында сонау ерте заманнан бері халықпен бірге жасасып келе жатқан әдет-ғұрпы, салт-санасы, мақал-мәтелмен айтылатын билердің дуалы сөзі, әрбір бітім, келісім кезіндегі елді тоқтамға келтірген аталы уәж атадан балаға мирас болып, ауыздан-ауызға көшетіні сөз болады. Газеттің 1914 жылғы 50 санында басылған билік туралы мақалада қазақтың әдеттегі заңының ерекшеліктері атап көрсетіледі. Бұл материалдар қазіргі зерттеушілер үшін құнды дерек болатыны сөзсіз.

Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толуына арнап жазған мақаласында М.Дулатов Абайды қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, қазақ" тілін қалыптастырушы ретінде бағалай келіп, оны Ломоносовпен салыстырған (1914. №67) М.Дулатов «Тіл құралы» деген мақаласында А.Байтұрсынов дайындаған оқулыққа сын жазған. Онда қазақтың әдеби тілі жөніндегі өз пікірін білдіре отырып, қазақ тілінде сөйлегенде оны араб, парсы, орыс сөздерімен шұбарлауға үзілді-кесілді қарсы шығады (1915, №93).

Проза жанры төңірегінде мәселе көтерген газет «Роман не нәрсе?» деген тақырыппен басылған мақаласында (1914, №48) оған жан-жақты түсінік бере отырып, шет елдердегі, Россиядағы романдардың дүниеге қалай келгендігі жөнінде мағлұматтар келтіреді. Қазақ топырағында туған тұңғыш көлемді шығарма М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы туралы деректер де бар.

Газетте М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С.Дөнентаев, Б.Майлин, С.Торайғыров, Ғ.Қарашев, А.Мәметов, Б.Серкебаев, Р.Малабаев, Қ.Қоңыратбаев т.б. көптеген мақала, өлеңдері басылған. «Қазақ» газетінің, бетінде сонымен бірге аудармалар туралы сын мақалалар да басылып тұрды. Л.Н.Толстой, А.П.Чехов, М.Ю.Лермонтов, В.Г.Короленко, И.А. Крылов шығармаларын аударып басумен қатар, Би-чер Стоудын, «Том ағайдың лашығы» деген кітабының қазақ

тіліндегі аудармасы туралы деректер «Қолдар досты» деген мақалада кездеседі (1913, №5, 7, 8, 9).

«Оқу-ағарту мәселесіне де «Қазақ» газет көп көңіл бөліп, қазақ даласында жаңадан мектеп-медреселер салудың қажеттілігі, осы істің барысы туралы хабарларды кеңінен жариялап отырды. Сондай-ақ, қазақ тілінде шыққан кітаптардың бағыт-бағдары, алатын орны жөнінде қысқаша сын мақалалар өте көп жазылды» [3, 516]. Газет-журнал шығару ісіне де көп көңіл аударып, жаңа басылымдарды жұртшылыққа таныстыру, олардың көтеретін мәселелеріне баға беру барысында да талай жұмыстар істелді. Оқу-ағарту ісін қалыптастырып, дамытуға үлкен үлес қосқан газет бала тәрбиесін де назардан тыс қалдырған жоқ. «Бала тәрбиесі» деген мақалада (1915, №119) жалпы адам баласын басқа да тіршілік иелерімен салыстыра отырып, тәнтәрбиесімен қатар адамзат үшін алғашқы күннен бастап жан тәрбиесінің де аса қажет екенін баса айтып, көне Римде, Грецияда бала тәрбиелеудің ерекшеліктеріне тоқталған. Баланы «Бетегеден биік, жусаннан аласа бол», «Кем бойыңды, жасыр ойыңды» секілді ежелден қатып қалған қағида бойынша тәрбиелеудің дұрыс еместігін, ұрып-соғуға болмайтынын жазды. Енді газеттің қандайлық қиындықтармен шығып тұрғанына тоқтала кеткен жөн секілді. «Қазақ» газетін тексеріп, бақылауда Торғай облыстық басқармасының тілмашы, татар тіліндегі мерзімді баспасөздерді бақылаушы Тунганчинге тапсырғаны туралы Орынбор генерал-губернаторы генерал-лейтенант Сухомлиновтың бұйрығы да бар. Архив материалдарымен танысып отырғанда газеттің әр мақаласының қандай қиындықтармен өмірге келгенін көз алдымызда елестетуге болады.

Орынбор губернаторының, Ішкі істер министріне жазған қатынас қағаздарынан «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 78-санындағы «Алашқа» және 1914 жылғы 79-санындағы «Россиядағы ұйымшылдық» деген мақалаларда үкіметке қарсы үгіт-насихат әрекеттерінің көрініс беретіні айтылып, патша саясатына бас көтергені үшін Байтұрсыновқа екі жылға жер аударуға, ал газеттің 1914 жылғы 91-санында басылған „Бұ қалай?“ деген мақала үшін (аударған Тунганчин) 50 сом айып салынғаны немесе 2 апта түрмеге жабылуға шешім қабылданғаны айтылады. 1914 жылғы 80-санында басылған «Закон жобасының баяндамасы» деген мақаласы (Тунган-чиннің аудармасы) үшін Орынбор генерал-губернаторы А.Байтұрсыновқа 1500 сом айып немесе 3 ай түрмеде отыру үкімін кескен болатын.

А.Байтұрсыновтың Орынбор губернаторына, Ішкі істер министріне, Сенатқа жазған арыздары да осы архивте сақтаулы. Бұл арыздарды тебіренбей оқу мүмкін емес. Ақыры Сенат Орынбор губернаторының үкімін бұзуға мәжбүр болады да «Қазақ» газетінің редакторы – А. Байтұрсынов 1500 сомды айып төлемейтін болады!

Қалай дегенмен де, қазақ баспасөзі оңайшылықпен қалыптасып, дүниеге келген жоқ. Оған кейінгі басылымдарды оқығанда анық көзіміз жетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. –Астана: Күлтегін, 2002. –528б.
- 2.Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. –Алматы: Қазақ мемлекеттік баспасы, 1998. –306б.
- 3.Ергөбеков Б. Қайран да, қайран, Бейсекең! // ЕгеменҚазақстан, 2004. –6 қазан.

ӘОЖ 82.366.05

С.МУҚАНОВ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ МҰРАСЫ

ПЕРНЕКУЛ Л.М.

№40 гимназияның 11 сынып оқушысы, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ОРДАБЕКОВА А.М.

№40 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Статья посвящена литературному наследию С.Муканова
Summary. The article is devoted to the literary heritage of S. Mukanov

Сәбит Мұқановтың қыруар жазушылық еңбегінің сыртында қазақ халқының ежелгі мәдениеті мен әдебиеті жайында жазғандары өз алдына бір төбе.

Көпке мәлім, ол 1942 жылы «ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиетін» шығарғанда, жазып-дайындаған кейбір тараулары кітапқа енбей қалды. Идеологияның қатаң талабына сыймады. Осы дүниелерін жазушы 1973 жылы қайта жаңғыртып жазып, жинақтаған болатын. Осы еңбегі 1974 жылы «Халық мұрасы»[1] деген атпен басылып шыққаны мәлім. Кітапты бүгінгі күн талаптарымен қайта бір қолға алып қарағанда, көптеген мәселелері әлі күнге маңызы мен өзектілігінің жоймағаны анық аңғарылады. Өкінішке орай, қай тақырып бұрын жазылды, қаншасын кейін қосты деген мәселені бұрынғы қолжазбаны қолға алып, салыстыра қарау мүмкіндігі дәл қазіргі сәтте қолымызда жоқ.

Қазақ халқының мәдениетін көне замандардан бастап қарастыру идеясы жазушы осы бағыттағы орыс тіліндегі басылымдарды оқып-танысудан кейін пайда болса керек. Әсіресе, өзі атап өткен екі кітаптың әсері байқалады. Ол Б.Я.Владимирцевтің «Моңғолдардың қоғамдық құрылысы» және Эдуар Бернетт Тайлордың «Алғашқы мәдениет» («Первобытная культура») кітабы болса керек. Әсіресе, жазушыға Э.Б.Тайлор кітабының қайта әсер еткендігі анық.

Э.Б.Тайлордың 1871 жылы жарық көрген «Алғашқы мәдениет» [2] кітабы ғылымның атын әлемге танытқан болатын. Бұл кітап орыс тілінде 1872, 1896-97 жылдары жарық көріп, христиан дініне қайшы келетін жақтары бар болғандықтан, цензура оның ішінен көп нәрсені қысқартып жіберген. Сәбиттің қолына тиіп, ол оқып шыққан кітап 1939 жылғы басылым болуы керек. Онда ағылшын этнологының «Алғашқы мәдениет» және «Антропология» кітаптарынан алынған тараулар біріктіріліп берілген. Кітаптың соңғы басылымы Мәскеуден Сәбит өмірден өткен соң, 1989 жылы шықты. Сәбиттің «Халық тарихы» мен Э.Б.Тайлор кітабының арасындағы кейбір құрылымдық ұқсастықтың себебі осы болуға керек. Ең негізгісі, екі кітапта да туындыгердің өз көзімен көрген жайлары әңгімеленіп, беріліп отырады, бұл зерттеудің таза ғылыми жағынан гөрі, көпшілікке арналғандығын аңғартады.

Сәбиттің бұл кітабы «Шежіре және тарих» жайында «Қазақ халқының қоғамдық өмірі», «Материалдық мәдениеті», «Жан азығы», «Жазба азығы», «Жазба әдебиет белестері» атты бес бөлімнен тұрады. Қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетінің бастау көздерін терең тамырларын жан жақты көрсетіп, беруді мақсат етеді: «...ендігі жерде қазақ халқының шежіресіне қатысты тек өзіміз білетін ғылыми зерттеулерден оқыған, естіген, көз көрген жайларды ғана әңгіме етуді жөн көрдік»–дейді. Кітапты оқып отырғанда Сәбиттің халықтың ауызекі әңгімелерімен бірге шежіре-тарихын, жазба жәдігерліктерді, ғылыми еңбектерді көп білгендігін аңғармау мүмкін емес.

Түркілерді ғұн тарихынан таратып әкетіп, Еділге (Атилла) дейтін, Жошы-Бату хандар, қыпшақтар мемлекетіне дейін еркін меңгеріп жазады. Кейбір мәселелерде біздің тарихымыз әлі Сәбит айтып кеткен деңгейден тым алысқа бара қоймағандығын мойындауымыз керек. Еділ (Атилла) бастаған қалың қолдың Римге дейін тарағанын айта келіп, 1961 жылы Римде болғанда «Ватикан музейі» аталатын сарайдан Рим суретшісі салған Еділдің портретін көргенімен жинақтайды: «бірақ сурет кейіннен жасалғанға ұқсайды, олай дейтінім, көне заманның батырын Оспан түріктерінің (Түркияның патшаларына) офицерлеріне ұқсатып жіберген,– дейді. Осы тарауда зерттеуші Сәбиттің Әбілғазы Баһадүр шежіресіне сүйене отырып, Афрасиябтың–Оғыздың баласы Бұқа екені жөніндегі пікірі қызықты.

Сондай-ақ, хазарлар жөніндегі деректері де әдебиетпен ұштасып, әдемі дәлелденген. «Игорь жорығы туралы жырда» айтылатын половецтердің (поля-вещ) атауы «далалықтар» деген мағынаны білдіретіндігін, оларды еуропалықтар ертеде «хазар» деп, ирандықтар «дешті-қыпшақ» («далалық қыпшақ») деп атағаны туралы мәліметтер береді де, 1960 жылы Ніл өзенінің бойынан Хазар елін кездестіргенін айтады. «Олар Александр Македонский әскерімен бірге келген» деген тұжырым жасайды. Оған Нұржан Наушабаевтың (1857-1919) [3] шежіресінен мына өлең жолдары дәлел ретінде ұсынылады:

Мәкке-и Мүкәррамә, Шам жағында,

Бір тайпа ел туған қыпшақ «Хазар» деген.

Бұған қарағанда, «Хазардың» көне замандағы аты болуы мүмкіндігін ескертеді.

Тағы бір қызықты жайды айтпай кетуге болмас: Бұрынғы заманда ақсүйектер жекпе-жекке шыққанда, екі жақ ата тектерін сұрасып, теңдес болса ғана сайысқан екен. «Зарқұм» кысасындағы Өзіреті Ғалияға ирак патшасы Зарқұмның:

«Жарқыным, кім болады затың»,–дейді.

«Куәлік, бар ма қолда хатың»,–деді

деп жатуы сондықтан.

Кітапта Әбілғазы Баһаур (1603-1663), Мұхаммед Хайдар Дулати (1499-1551) шежірелері туралы қажетті жерінде кең мәліметтер беріледі. Сол кітаптарға сілтемелер жасалынып отырады. Қазақ даласына исламның келуі

Мұхаммед пайғамбардың өмірбаяны, төр шадияры, олардан тараған әулеттер жайынан да біраз жазылып, баяндалған. Туындыгердің бұл жердегі мақсаты ислам дініне қарсы емес (кеңес дәуірінде кең насихатталған) керісінше, халық жадын жаңғырту мақсатында жазылғандай. «XVIII және XIX ғасырларда қожалар арасынан дарынды ақындар да шыққан. Мысалы, Арқада–Шортанбай, Торғайда Серәлі, Жетісуда–Жарылғасын мен Жүсіпбек, Сырдария бойында Мәделі мен Майлы. Бұлар да негізінде ислам дінін үгіттеушілер болғанымен, қазақтың халықтық өмірінен талай шындықты ақтарып, арттарына толып жатқан елеулі мұралар қалдырған»–деуді де ұмытпайды. Басқаны былай қойғанда, 70 жылдардағы саясаттың Шортанбай мен Жүсіпбекке қырын екенін ескерсек, бұл сөздердің қаншалықты маңызға ие болатынын түсінеміз.

Сәбит–селжүк түріктерінің тарихын әдемі де жүйелі баяндап, қалың көпшілікке алғаш жеткізіп бергендердің бірі. Хижраның ІҮ ғасырында түріктердің Каспий төңірегіндегі Селжүк мемлекетін құрғаны, арабтар ықпалынан біртіндеп босап, 1453 жылдары Византияны құлатып, Константинопольды (Стамбул) басып алғаны, сол кезде қолбасшылық жасаған Сейіт-Батталдың есімі түркі елдеріне аңыз болғаны–бәрі-бәрі баяндалған. Стамбулды қазақтар Ислампол деп атаған, оны өлеңге де кіргізіп жіберген. «Сен есіме түскенде, беу қарағым, кемесіндей Ислампол бұраңдаймын».

Кітапта қаіргі күнде сопылық поэзияның ерекшеліктерін түсіну үшін қажетті кілт берілгендігін де айта кеткен орынды. Ахмет Иассауи [4] жырлаған «Тариқат», «шарифат», «мағрифат», «ақиқаттың» алғашқы екі ұғымын Сәбит былайша түсіндіреді: «Арабтар: әдет заңын–«тариқат», дін заңын «Шарифат» деп атайды. Өзге мұсылмандар да солай атайды. Қазақтар шарифаттан тариқат басым болған. Бұл заңды қолданушылар–билер».

Бұдан басқа да қазақтың шаруашылық жағдайлары, төрт түлігі, атаулары, қолданылуына мән берілген. Мысалы, «түйе түлігінің атауларын аз білем»,–дей келіп, бір жастағы төлі–бота, екі жастағысы–тайлақ, үш жасарының еркегі–буыршы екенін, қыс туатын қозыны «арамза» дейтінін, алғаш құлындаған байтал-қулық («қулық құлынжанды») екенін түсіндіріп берген осы сияқты кітаптар болса, қазіргі күнімізде керек емес, деп кім айтар? Тіпті Сәбиттің осы кітабынан алып, мектеп оқушыларына арналған шағын кітапша құрастырса да болғандай екен. Мысалы: «Шытыр» дейтін жапырақты шөп болады, оны түйе мен сыр малы жесе, іші кеуіп өліп қалады. Өлтірмеу шарасы оңай: төрт аяғын таңып тастап, кепкен қарынның сыртынан піскілессе, мал оңалып кетеді». «Түйнек» ауруынан малдың иегі түйіледі. Қазақ емшілері көрікпен өрлеу арқылы осы түйінді де түзеп жіберетін». «Қатпа» болған түйенің аузына кергіш салады да, көмейіне ыстық сары май немесе мұнай сұйығын құяды». «Қойда «топалан» дейтін індет бар. Оған халық емі қонбайды... Қазақтың «топалың тигір» деген қарғысы осыдан қалған. Осы шағын анықтамалықтың тамырдан алыстап кеткен жастар үшін пайдасы зор.

Айта берсе, қазақ аңшылығы, тұрағы, киім-кешегі, көлік тұрманы, жалпы мәдениетінен терең мәлімет алуға болады. Әсіресе, 70 жылдар үшін зор маңызы болғанын аңғару қиын емес. Оның ішінде «Қиссалар туралы» және «Жазба әдебиет белестері» мақалаларын жеке бөліп қарастырған жоқ.

Қисса жанры көненің көзіндей Сәбит сияқты кісілер үшін рухани ләззат көзі болғанымен, 70 жылдардағы әдебиеттанудағы жабық тақырыптардың бірі болатын. Сәбит қиссалар жайындағы мақаласында «қиссаның»– «баяндау» деген мағынадағы араб сөзі екенін түсіндіріп, осы жанрда жазылған қисса-дастандарды мазмұнына қарай екіге бөледі: азаматтық және соғыс тақырыбындағы. Біріншісіне, ғашықтық жырларды, екіншісіне, діни дастандарды қосқан. «Бозжігіт» кітабының қағаздары татар көз жасынан шіріді» деп Ғабдолла Тоқай айтқандай, бізге жеткен махаббат жайындағы қисса кітапшалар беттері қазақ оқушылары мен тыңдаушыларының көз жасынан «шіріді». Ауыр еңбектен қолдары босаған шақтарында, қиссаларды сүйсіне тыңдаған топтарды өзіміз талай көрдік»,–деп, бұл шығармалардың қажеттігін әдейі еңбекші, қарапайым халыққа жақын етіп қояды. Әрине, қисса қазақ халқының рухани мұрасы екені даусыз еді.

Зерттеушінің бұл тарауда талдап көрсеткені: «Мұхаммедия», «Пайғамбардың дүние салуы», «Кербала шөлінде», «Қырық уәзір», «Қасым Жомарт тағы басқа қисса-дастандар. Бұл дастандарды Сәбиттің өзі де білген, бала кезінде ауыл арасында талай жатқа да айтқан: «Кербала шөлін» жатқа айтатын едім. Сонда тыңдаушылармен бірге қиссаның бірер жерінде өзім де жасқа

булығынмын»,– деуі дәлел. Сонымен бірге жоғарыда аталып өткен қиссалардың түпкі шығу төркіндерін айқындап, кейін араб әңгімелерінен алынғанын, кейін Ортаазиялық сюжеттер екенін алғаш анықтап берген зерттеу екенін осы мәсемен кейін айналысып жүрген ғалымдардың мойындайтыны анық. Шындығына келгенде, Б.Шалабаевтың «Қиссаға шалағай қарамайық» деген шағын ғана мақаласынан басқа зерттеу жоққа тән еді. Туындыгердің Жүсіпбек Шайхұсламұлы жазған «Қасым Жомарт» қиссасын талдай отырып (3000 жол өлең), бұл қисса қаһарманының Атымтай Жомарттан айырмашылығын дәл ұғыммен анықтап бергені көңілге қонады: «Қазақ Атымтайды жомарттықтың атасы көргенімен, Қасымды олай көрмейді. Өйткені, қазақ ұғымындағы Қасым, Атымтайдай пейіл жомарт емес, байлықтың жомарты»,–дейді.

Сәбит қазақ әдебиетінің тарихын баяндауға келгенде, қай дәуірден, кімнен бастар екен деген қызығушылықтың тұратыны рас. Ол «Қазақтың жазба әдебиетінің нақ қай кезден бастап әлі зерттелмеген, анықталмаған мәселе»,–деп келеді де, ерте замандағы қазақ даласында тасқа қашалған таңбаларға қарағанда, арғы тамыры иероглифтерге баратыны, Орхон-Енисей жазуының таңбаларымен байланысы бар екенін айтып өтеді. Тіпті Орхон ескерткіштерінің жазуы біздің жыл санауымызға дейін Сібірде туған деген ойы мүлде тың болатын. Рас, Сәбит бұл кітабын шығарған жылы Бейсенбай Кенжебаевтың «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» (1974) жарық көрген еді. Бірақ Сәбит өз кітабын жазғанға дейін бұл кітаптан білді деу қисынсыз еді. Ал, 1967 жылы шыққан «Ертедегі әдебиет нұсқаларын» және «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдерін» де қараған-қарамағанын мәлімсіз. Сәбит мақаласының жүйесі бойынша қарасак, олардың ешқайсысына соқпайды, өзінше сүрлеу жасайды. Жоғарыдағы Орхон жазуларынан, олардың таңбасынан тартқан ізді «Алтын Орда» тарихына қосып, Алтын Орданың соңғы ханы Тоқтамыстың жарлықтары көне түркі тілінде араб әрпімен жазылғандығын, Сырым Датұлы көтеріліс кезіндегі хаттар тілі жағынан жалпы түркіліктен гөрі, қазақ тіліне жақын деген тұжырым жасайды. Жалпы алғанда, жазба әдебиеттің болуы алфавиттің түзілуіне, әдеби ескерткіштердің тууына байланыстылығын негізге ала отырып, жазу тарихына қысқаша шолу жасаған. Соның өзінен біраз ойлар өрбиді.

Қорыта келе, «Халық мұрасы» кітабы өз кезеңінде қазақ халқы мәдениетін жан-жақты қарастырып, тереңнен тартып көрсету арқылы, ұлттық сананың қалыптасуына зор ықпал жасаған еңбек. Кейде қоғамның кінәсін, адамның күнәсіне айналдырып қоятын кездеріміз бар. Әдебиет жасалмады, шын әдебиет тарихы жазылмады деген пікір де айтылып жатады. Әр ұрпақтың тарихты өзінен бастағысы келуі жақсы қасиет емес. Өзімізден бұрынғылардың саясаттың қоспағында жүрсе де, уақыттың берген мүмкіндігі деңгейінде көп іс тындырғанын ұмытпауымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұқанов С. Халық мұрасы.–Алматы: Мектеп, 1974.– 154б.
2. Тайлор Э. Алғашқы мәдениет. –Алматы: Ғылым, 1871. –298б.
3. Наушабаев Н. Алаш.–Қазан, 1910. –196б.
4. Иассауи А. Хикметтер.–Алматы: Руханият, 2000. –193б.

ӘОЖ 82.555.08

«ЖАҒАН-НАМЕ» ДАСТАНЫНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІМЕН ҮНДЕСТІГІ

КӘКІМ Н.

№40 гимназияның 10 сынып оқушысы, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

АРИСТАНОВА Н.Н.

№40 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье прослеживается преемственность поэмы «Жахан-наме» с казахской литературой.

Summary. The article traces the continuity of the poem "Zhakhan-name" with Kazakh literature.

«Жаһан наме» –М.Х.Дулатидің ақындығын дәлелдейтін басты құжаты. Поэманың өзіндік бір ерекшелігі - мұнда шығыстың көптеген дастандарындағы ерекшеліктер –сюжет желісіндегі кейбір элементтердің, эпостық сарынның дастанның құрылысынан жиі көрініс беріп тұруы.

Мысалы, батыр ескі ұғым, наным бойынша «құдайдан тілеп алған» біреудің жалғыз баласы болады. Мұның өзі ғайып ерен, қырық шілтен, Қыдыр тәрізді әулиелермен байланысты болып келеді. Төрт-бес жасында-ақ асқан күштің иесі екендігі танылып, өзіне серік әйелі мен аты табылып, жасынан ел қамын, жұрт пайдасын ойлайды. Бұл – батырлар жырына тән ерекшеліктердің бірі. Кейбір батырларға атса оқ өтпейді, шапса қылыш кеспейді, отқа салса, жанбайды, суға салса, батпайды. Мұндай эпизод «Жаһаннаме» дастанында кездеседі.

Ертеде Самин деген қалада Шаһсауар атты патша болыпты. Екі жүз жылға таяу ғұмыр кешіп, жеті ықылым елді бағындырған әмірші, төрт құбыласы түгел болып, ұлыс пен уалаят, қазына мен байлықтан кемшілік көрмесе де, бір перзентке зар болыпты. Ұлы жоқтық отына күйіп, қайғы жалынына қақталып, қасіреттен қан жұтқан патша мазар-мазараттарды аралап, әулие-әнбиелерге сиына жүріп, бір Алладан перзент сұрап жалынады. Ақыры, патшаның дұға, мінәжаты қабыл болып, күндердің күнінде дүниеге ұл келеді. Оған Фирузшаһ деп ат қояды. Шаһзада эпостар мен ертегілердегі сияқты тез өсіп, жас кезінде-ақ бар ғылымды меңгереді. Осы эпизод «Алпамыс батыр» жырын көз алдымызға әкеледі. Байбөрі байдың бір Аллаға медет етіп, перзент сұрауы, Баба түкті Шашты Әзізге жалбарынуы, оның тілегінің қабыл болып, Алпамыс атты ұлдың дүниеге келуі, баланың сағат санап өсуі – осының барлығы қазақ эпосындағы батырлар жырына арқау болып өрілген элементтер.

Сондай-ақ, қазақ эпосында кейіпкер портретін сомдауда, әсіресе, қыз бейнесін суреттеуде алуан түрлі сөз бояулары әсем өрнектеледі. Мысалы, «Ер Тарғын» жырында Ақжүніс бейнесін:

Қара жерге қар жауар,
Қарды көр де, етім көр!
Қар үстіне қан тамар,
Қанды көр де, бетім көр!
Бет-ажарын қарасаң,
Жазғы түскен сағымдай.
Ет ажарын байқасаң,
Терісінен айырған
Арпа-бидай, ақ ұндай...
Бұрылып белі бүгілген,
Қараған кісі үңілген... [1, 12]

деп сөзден сұлу мүсін орнатқан.

Ал, «Жаһаннаме» дастанында:
Ерекшеленіп отыр бір перизат,
Жүзі ай, көзі шолпан, бойы шамшат, -

дей отырып,:

Бәрі сұңғақ бойлы, бәрі алқызыл жүзді,
Бәрі бұйра қара шашты, хош иісті.
Бірақ, жоғары қараса бір сұлу отыр,
Кісі оған жүз рет жан берсе де аз.
Жарқыратып тақ үстін наз дидармен,
Сөйлейді нәзік үнімен.
Бұларменен үй гүлзар, ол гүл болып,
Бұлар баршасы оған бұлбұл болып.
Бұның алдында күлгін бокал ұстап,
Барлығы оның сұлулығына көз тігіп, – [2, 141]

деген суреттеулер арқылы «кісі оған жүз рет жан берсе де аз, пері қыздарының бәрі жиылып гүлзар болса, Назбой - ондағы гүл» секілді екендігіне ә дегеннен-ақ оқырманның назарын аудартады.

Қазақ әдебиетіндегі лиро-эпостық жырларда адамның әртүрлі көңіл-күйін, ішкі жан сырын, азап-толғанысын, күйініш-сүйінішін суреттеу басым. Мысалы, «Қыз Жібек» жырындағы Төлегеннің өлер алдындағы алты қазға қоштасып айтқан мына жолдары жан толқытады:

Әуелеп ұшқан алты қаз,
Етің шекер, сорпаң бал.

Атайын десем оғым аз.
Қонар болсаң, жануар,
Міне, майдан, міне саз.
Өлмеген құлға құдая,
Болып қалды енді жаз...
Мен кеткен соң, дариға,
Көкешім деп Сансызбай,
Еркелеп кімге қылар наз.
Әуелеп ұшқан алты қаз,
Жерге неге қонбайсың?
Сіздер тірі, мен өлі
Жатырсың неғып демейсің?
Қасірет-қайғы халімді
Неге келіп білмейсің?
Тілсіз, мақұлық жануар,
Бірге келген жолдасым,
Қасыма неге келмейсің? – [3, 80]

деген жолдар лиризмге толы, сүйгеніне қосыла алмай, қанды қол қарақшының ұрланып келіп, опық жегізіп кеткеніне қапыда «қап!» деген өксік-өкініш зары ғашықтық жолында қаза тапқан Төлегеннің өлім сағатындағы жан азабы тебіреніспен өрнектелген.

«Жаһаннаме» дастанында Фирузшаһтың түс көріп, түсінде бір перизатқа ғашық болып, қайғы-мұңға батқанда, ішкі жан тебіренісін досы Фирузрайға жайып салғаны былайша суреттеледі:

Түсімнің оң болуын күтіп, жаныма дерт өтіп кетті,
Тұла бойымды бастан-аяқ тұтты мұң.
Ежелден атың сенің Фирузрай,
Көрейін, маған білдірер екенсің қандай рай!
Деді де айтты бар халін
Барлық көрген, есіткен жағдайын.
Бірақ, ол перизат ғашық жарын
Көре алмай шеккен қайғысын.
Деп айтып бітпей бүккен арманын,
Салар еді өртке мұңлы өз жанын. [2, 15]

М.Х.Дулати өзінің дастанында Шаһсауар мен Фирузшаһ мемлекетінің халқы түркілер мен тәжіктер екендігін білдіру мақсатында түркілердің құда түсу, қыз ұзату, шашу шашу, қалыңдыққа жасау беру, бақилық болған марқұмды аза тұтып, жоқтау айту, оған ас беру сияқты әдет-ғұрыптарды суреттеген. Мысалы, Фирузшаһтың анасын жоқтағаны:

Бірақ, анасын Фирузшаһ
Әкесімен көрмеген соң етіп аһ!
Деді: «Ой, дариға-ай, ол қамқоршым тек,
Түк көрмеген мұң мен михнатымнан басқа.
Анам мейірбаным, қыблам қайда,
Сұлтан әкеммен көрмедім оны!» [2, 154]
Қазақ әдебиетіндегі:
Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,
Ойлансаңшы, бос қақпай елең-селең, –[4, 50]

деген Абайдың тармақтары адам баласының туғаннан бастап өмірден өткеніне дейінгі өмірі ән, өлеңмен өтетіндігін меңзесе керек.

Бұл айтылғандардың бәрі – қазақ халық ауыз әдебиеті мен «Жаһаннаме» дастанының үндестігі мен құндылығын дәлелдейтін фактілер.

Бұл дастанды шағатай тілінен аударуға ниет жасағандардың қатарында жазушы, зерттеуші Бақытяр Әбілдәұлының да есімін атап өту орынды. Оның аудармасы бойынша:

«Құдайдың құдіреті қандай күшті,
Қанат беріп ұшырар көкке құсты.

Ағаш та, гүл, тікен де сумен көктеп,
Иемденер әрқайсысы түрлі түсті.
Жердің бетін жапқанда жасыл желек,
Көңілдегі қайғы-мұң кетсе керек,
Әр шөп, жәндік шыққандай қолдан шебер,

Зауал жетсе әп-сәтте бірден өлер...» –деген көркем сөз өрнектерінің сәтті өрілгендігі байқалады.

Бұл тұста ақын өз басындағы мұң-шерге орай философиялық ой толғап, өмір-өзенінің бір сәтке де тоқтамай, тек өз заңдылығына жүгінетіндігін, уақыты келіп, зауалы жетсе, ғаламдағы тіршіліктің бәрі бақилық болатындығын жазады. Осы тұста ақын әдебиет теориясындағы психологиялық параллелизм үрдістерінің шебері тәрізді. Табиғат аясындағы оның элементтері мен өмір заңдылықтарының элементтері арасынан үлкен ұқсастық, параллельді сәйкестік табуы да Дулатидің ақындық өнерінің өресінде жатса керек.

Немесе: «Көктем кетіп, күз өтіп, кезі жетсе,
Бір құдайым бәріне зауал берер.
Жаратқанның шексіз-ау хикметі,
Не қылса да жететін құдіреті.
Адамзатқа лайықты басшы берер,
Кімге зауал, кімге сый хан ниеті.
Зауалсыз әлем қандай болар еді,
Жер-жаһан адамзатқа толар еді.
Үшбу жаһан опасыз жолдас қана,
Опа, мейірім уақытша қонақ еді...»

Б.Әбілдәұлының аудармасындағы тармақтардың мазмұнына терең еніп, ерекше ден қойып, түсініп оқымасаң, оның байыбына жету қиын-ақ дүние. Таза философиялық ой тізбегі берілген, күрделі тұжырымға толы. Мұнда автор Жаратқанның құдіреттілігіне бас иіп, оның мүмкіндіктерінің шексіз екендігін мойындайды.

«...Зауалсыз әлем қандай болар еді,
Жер-жаһан адамзатқа толар еді», –

деген сөздердің өзінде қандай қиын да, күрделі ой оралымдары жатыр. Тікелей өмір шындығынан алынған. Адам баласының пешенесіне жазылған өлшеулі өмірі бар. Сол өмір баспалдақтарының бәрінен өткен, дәм-тұзы, жарығы таусылған адам о дүниелік болуы заңды құбылыс. Ал, бұл заңдылық болмаса ше? Жер шары, бүкіл жаһан пендеге толып кетпей ме, адамның адамға қонақ болатындай, бір-біріне деген қасиеті ада болып, өмір заңдылықтары мүлде өзге сүрлеуге түспейді ме? Демек, автордың бермек идеясы мен айтпақ ойы да сол – зауалсыз өмір жоқ, дүниедегі бар тіршілік иесі де, солардың еншісіндегі абстракты ұғымдардың да уақытша екендігі.

Бір ауыз түйінді сөзбен қорыта айтқанда, бұл туынды Мұхаммед Хайдар Дулатидің ақындық өнерінің биік деңгейге жеткен өрелі өресі десе болғандай. Асқақ шабыттан туған көркем шығарма тек тіршілікте тәжірибесі мол, көрген-білгені көп парасатты жанның қаламынан туатынына ешкім дау-дамай туғызбайды. Белгілі ғалымдар Стори И.А., Валиди А.З., Сұлтанов Т.И. және өзгелердің тұжырымдауынша, онда М.Х.Дулатидің өз өмірбаяндық нышандарымен бірге сол кезеңнің шындық оқиғалары көреген көңіл көзімен кең қамтылып, айшықты жырланады. Түркі тілінде жазылған шоқтығы биік «Жаһаннаме» дастаны – М.Х.Дулатиді айтулы ақын ретінде әдебиет тарихына ендіретін ақындық құжаты деуімізге негіз бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Төрт батыр. 2-том. – Алматы: «Жазушы», 2003.
- 2.Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати (Аяз). Жаһан наме: (Дастан). [Құрастырған: Әбсаттар қажы Дербісәлі]. – Алматы: «Білім» баспасы, 2006.
- 3.«Қыз Жібек» жыры. – Алматы: «Мектеп», 2003.
- 4 Құнанбаев А. Қалың елім, қазағым... – Алматы: «Атамұра», 2002.

ОРТА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ФОНЕТИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

СТУДЕНЦОВ М.

№40 гимназияның 5 сынып оқушысы, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ОШАҚБАЕВА М.Ә.

№40 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Урок обычно начинается с фонетических упражнений, где очень часто вводятся рифмы. Они служат формой отдыха для детей.

Summary. The lesson usually starts with phonetic exercises where rhymes are introduced very often. They serve as a form of recreation for children.

Қазіргі зерттеулер көрсеткендей, айтылым сөйлеудің негізгі сипаттамасы, сөйлеу әрекетінің барлық басқа түрлерін дамыту мен жетілдірудің негізі болып табылады. Айтылымның тиімділігі көбінесе ауызша сөйлеуді меңгерудегі сәттілікпен анықталады. Нормативті айтылым - сөйлеу мәдениетінің маңызды элементтерінің бірі, демек, адамның жалпы мәдениеті. Егер сөйлеуші тілдің фонетикалық нормаларын бұзса, сөйлеушінің қиындықпен немесе мүлдем түсінбейді. Тыңдаушы біреудің сөйлеу мәнерін нашар түсінеді, егер ол өзі сөйлеу дағдысына ие болмаса.

Сонымен қатар, фонетиканы білместен, оқушылар қазіргі жазуды түсініп, грамматиканы түсіне алмайды. Айтылымды үйрену - бұл айтылу механизмі мен айтылу нормасын практикалық тұрғыдан игеруде де, сөйлеу дағдыларын дамытуда да маңызды қадам.

Сондықтан фонетикалық дағдыларды бастауыш мектеп жасында дәл қалыптастыру өте маңызды, өйткені дәл осы жаста оқушының сөйлеуі мен айтылуы қалыптасады. Оқушылардың тұрақты нормативті айтылуы - тілдік материалды тез және тұрақты игерудің алғышарты, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын ойдағыдай дамытуға айтарлықтай ықпал етеді.

Бұл зерттеуде алға қойылған проблема келесідей: мектептің оқушылардың фонетикалық білімі мен дағдыларына қойылатын талаптары мен оқушылардың білім деңгейінің нақты деңгейі арасындағы қарама-қайшылық.

Бұл жұмыстың мақсаты:

- оқушыларға сабақ беру кезінде қазақ тілі фонетикасын оқытудың әдістемелік техникасы мен құралдарын зерттеу;

- оқушылар арасында қазақ тілінде фонетикалық дағдыларды қалыптастырудағы рифмдердің ролі мен орнын анықтау және теориялық негіздеу.

Фонетика - бұл тілдің дыбыстық құрылымы, яғни, оның заттық жағын құрайтын барлық дыбыстық құралдардың жиынтығы дыбыстар, дыбыстық үйлесімдер, күйзеліс, ырғақ, әуен, интонация, кідірістер.

Фонетикалық шеберлік - дыбыстарды дұрыс айта білу, қажет жерде күйзеліс беру; бәрін интонациялық тұрғыдан дұрыс айту.

Әдістемеді тілдің осы жағын оқытудың екі негізгі тәсілі бар. Қазіргі оқыту әдістері осы екі әдістің жиынтығына негізделген [1].

Соңғы екі топты ассимиляциялау қиын. Олардың артикуляциясын меңгеру өте қиын мәселе, өйткені олардың айтылуындағы айырмашылықты есту үйренбеген құлаққа қиын. Бұл дауыссыздарға да, дауысты дыбыстарға да қатысты.

Ұзындық пен қысқалықтан басқа, қазақ тілін дыбыстарымен жұмыс істеу кезінде басты дыбыстарға назар аудару керек. Бұл жағдайда мәнерлеуді меңгеруге емес, сөйлеуді құлақпен қабылдауға, оған еліктеуге баса назар аударылады. Сөйлеуді меңгеру сөйлеу құрылымында қайталау мен еліктеуге негізделген сөйлеу ағымында пайда болады. Бұл әдіс қазақ тілін тез үйрену, сөйлесу ортасына ену және зерттелетін тілде өмір сүру қажеттілігі жағдайында өте жақсы негізделген. Бұл тәсіл таза түрде жалпы білім беретін мектеп үшін онша тиімді емес, өйткені барлық балалардың фонетикалық есту қабілеті жақсы бола бермейді.

Сөйлеудің нашар дамығандығына байланысты жіберген балалардағы қатені түзету үшін оны түсіндіру немесе көрсету жеткілікті. Сондықтан, қазіргі кезде мектептерде қазақ тілін

оқытудағы ең тиімді тәсіл - жоғарыда қарастырылған екі тәсілдің жиынтығына негізделген тәсіл немесе сараланған тәсіл.

Бұл жерде, акустикалық тәсілдегідей, шынайы сөйлеуді тыңдауға көп көңіл бөлінеді. Бұл дыбыстарды артикуляциялау әдістерін түсіндірумен толықтырылады, дегенмен, артикуляциялық тәсілден айырмашылығы, бұл арнайы терминдерді қолданбай, қол жетімді және түсінікті түрде болады. Бұл әдіс көптеген мектептер мен басқа оқу орындарына тән болғандықтан, біз оның мысалын қолданып, дайындықтың әр түрлі кезеңдерінде фонетикалық дағдыларды қалыптастыру ерекшеліктерін қарастырамыз. Дыбыс айтуға қойылатын негізгі талаптар - фонематизм (яғни сөйлесушінің фонетикалық құрылымының дұрыстығының дәрежесі, әңгімелесушінің оны түсінуі үшін жеткілікті) және еркін сөйлеу, яғни оқушылардың сөйлеудің қалыпты қарқынында сөйлеуіне мүмкіндік туғызу, айтылым дағдыларын автоматтандыру дәрежесі [2].

Дұрыс айтылымды меңгеру қазақ тілінің фонетикалық негізін буын, сөз екпіні, интонация деңгейінде игергенде ғана мүмкін болады. Оқушылар қазақ тілінің артикуляциялық базасының ерекшеліктерін, сонымен қатар стресс пен интонацияның сипаттамалық ерекшеліктерін меңгеруі керек.

Қазақ тілінің фонетикалық базасын меңгеру үшін, ең алдымен, осы тілде сөйлеушілерге тән артикуляциялық құрылымды меңгеру қажет, т.а. артикуляциялық қозғалыстар болмаған кезде сөйлеу мүшелерінің әдеттегі жағдайы.

Арнайы жаттығулардың көмегімен мұғалім оқушыларға қазақ тілінің артикуляциялық құрылымының уақыт өте келе таныс болуын қамтамасыз етуі керек, және олар бір артикуляциялық құрылымнан екінші артикуляциялық құрылымға қайта құрылымдау сәтін байқамауы да мүмкін. Дыбысталуды тұжырымдау бойынша жұмыстың мазмұнын анықтағанда фонетикалық материалды таңдауға және оны ұйымдастыруға көңіл бөлу керек. Фонетикалық материалды таңдау және тарату мақсатты тіл жүйесі негізінде жүзеге асырылады; оқушылардың ана тілі құбылыстарын жете меңгеруі арқылы көрінеді [3].

Фонетикалық курстарда материалды бөлу белгілі бір жүйеге және реттілікке бағынады, оның барлық элементтері өзара байланысты және өзара тәуелді. Фонетикалық материалды таңдау және оның даму дәрежесі қазақ тілін жете үйрену мақсаттары мен еңбек жағдайларына байланысты.

Оқушыларға жақсы айтылымды дамытуға көмектесетін көптеген әдістер бар. Осы әдістердің бірі - арнайы жаттығулар. Оларға мыналар жатады: орыс сөздерін, сөз тіркестерін (мақал-мәтелдер, нақыл сөздер) оқу.

Ойындар - дұрыс айтылуды орнатудың тағы бір тәсілі.

Әдістеме жаңа фонетикалық материалмен танысудың имитациялық және аналитикалық-имитациялық әдістерін ажыратады.

Еліктеу әдісі - бұл артикуляция ерекшеліктерін саналы түрде игеруге емес, сөйлеуді есту арқылы қабылдауға және оған еліктеуге баса назар аудару. Мұғалім берген ережелер мен нұсқауларды орындау барысында оқушылар тіс аралық дыбыс, ұмтылыс ұғымдарын игереді [4].

Мектептердің басым көпшілігінде қабылданған заманауи тәсілмен аналитикалық әдісті түсіндіру және оқыту қолданылады. Оқытудың бастапқы кезеңінде есту-айтылым дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар пайдаланылады.

Олар екі түрге бөлінеді:

1. Фонетикалық есту қабілетін дамытуға және зерттелетін фонемалар мен интондардың дифференциалды белгілерін орнатуға бағытталған дыбыстар мен интондарды белсенді тыңдауға және тануға арналған жаттығулар. Бұл жаттығуларды құлақпен және графикалық тірек көмегімен, мұғалімнің дауысымен немесе магнитофон көмегімен орындауға болады.

Мысалы:

- дыбыстарды/сөздерді тыңдаңыз, дыбыс естігенде қолыңызды/сигнал картаңызды көтеріңіз немесе шапалақтаңыз;

- сөйлемдерді тыңдаңыз, сұраулы сөйлемді естігенде қолыңызды көтеріңіз; - сөйлемді тыңдап, екпінді сөздерді/синтагмалардың санын және т.б.

2. Дыбыстарды, буындарды, сөз тіркестерін, сөйлемдерді модельге - мұғалімге немесе шешенге - хормен және жеке түрде белсенді түрде айтуға бағытталған жаттығулар [5].

Фонетикалық жағынан күрделі лексикалық бірліктерді буын арқылы айту өте тиімді, соңғы сөзден бастап. Сонынан бастап айтылатын сөз күрделі болып көрінбейтіндігімен қатар, қажетті

интонациялық эффектке де қол жеткізіледі: сөзді немесе сөз тіркесін соңынан басына дейін айту кезінде дұрыс интонациялық қалып сақталады.

Сондай-ақ, күшті айтылым дағдыларын дамыту үшін әр түрлі интонациялық реңктерді қолданып, өлеңдерді оқу пайдалы. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, айтылу шеберлігі өзгеріссіз қалмайды, сондықтан қалыптасқан дағдыларды сақтау ғана емес, сонымен қатар оларды дайындықтың орта және жоғарғы сатысында жетілдіруді жалғастыру өте маңызды. Қорытындылай келе, біз төмендегідей қорытындылар жасай аламыз:

- фонетиканы оқуға үлкен көңіл бөлу керек;
- жүйелі дайындықсыз айтылымды меңгеру мүмкін емес;
- айтылымға үйрету ауызша сөйлеудің қалыпты жұмыс істеуі үшін қажет;
- ұнтаспа фонетикалық дағдыларды дамытудың ең тиімді құралы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А.А. Миролубова, И.В. Рахманова и др. Общая методика обучения иностранным языкам в средней школе / под ред. – М.: Просвещение, 2016.
2. Аракин В.Д. Методика преподавания английского языка в VIII-X классах. – М.: Академия педагогических наук РСФСР, 2018.
3. Реформатский А.А. Введение в языковедение: Учебник для вузов. – М.: Аспект Пресс, 2016.
4. Методика работы над практическим курсом английского языка: Методическое пособие / Аракин В.Д., Кириллова Е.П. и др.; Под ред. В.Д. Аракина – М.: Высшая школа, 2016.
5. Кочергина В.А. Введение в языковедение. Основы фонетики – фонологии. Грамматика: Учебное пособие. – М.: Изд-во МГУ, 2019.

ӘОЖ 82.412.03

ШЫҒАРМАСЫ ШЫНДЫҚТАН ӨРЛІГЕН

КҮЗЕМБАЕВА М.

Қ.Сартбаев атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

Резюме. В статье рассматривается творчество Шерхана Муртазы.

Summary. The article examines the work of Sherkhan Murtaza.

Шерхан Мұртаза жарты ғасырдан астам шығармашылық және қайраткерлік жолында қазақ баспасөзінің қазанында қайнап, сол арқылы қалың оқырман қауымға таныс болды. Оның журналистік тұлғасы суреткерлік болмысымен жымдасып, қабысып кеткендей.

Шерхан аға шығармашылығы жалынды публицистикасымен танымал. Оған дәлел – «Егемен Қазақстан» газетінде әріптесі, құрдасы, қаламдас серігі Камал Смайыловпен жазысқан хаттары, өмірде көргендері мен көңілге түйгендерін өтпелі кезеңнің қиын-қыстау күндерін жіпке тізгендей көз алдыңыздан өткізіп «әттеген-айы» көп ел тарихына «Бір кем дүниені» арнағаны. Халықтың мұңы мен мұқтажын тілге тиек, шығармаға арқау етті.

Әсіресе, тіл мәселесіне келгенде, Шерхан аға сияқты батырып, батыл айтқан адам жоқ. Бірақ, өзі айтқандай «баяғы жартас – сол жартас». Соңғы Конституцияның «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми қазақ тілімен тең қолданылады делінген 7-бабының 2-тармағы әлі өзгерген жоқ. Жазушы осы баптың тармағы қайта түзетіліп жазылса, сонда ғана иманға келіп, мемлекеттік тілге деген қажеттілік артады» дейді. Айтқаныңыз келіп, бұл баптың да тілі «калимаға» келер күні жақын болғай!

Шерхан аға қарапайым журналисттен Халық жазушысы дәрежесіне жетті. Мұның бәрі – толағай таланттың, ұйқысыз түндер мен тынымсыз еңбектің жемісі. Қазақ әдебиетінің көркем проза жанрына өлшеусіз үлес қосты. Оның оқырманға кеңінен танылған «Қара маржан», «Қызыл жебе», «Ай мен Айша» романдары төл әдебиетіміздің алтын қоры іспетті.

Тарихсыз көркем шығарма жоқ, ол үшін тарихқа жан бітіру керек. Шерхан Мұртаза қаламынан туған «Домалақ ана», «Есек саудасы», «Бауыржан батыр» («Ноқтаға басы сыймаған»),

«Бесевудің хаты», «Сталинге хат», «Жалғыз үйлік зілзала» атты драмалар жазушының тарихты қайта жаңғыртуымен құнды.

Мұхтар Әуезов «Абай жолы» эпопеясы арқылы қазақ халқының бір ғасырлық тарихын әлемге паш етсе, Шерхан Мұртаза «Қызыл жебе» романындағы Тұрар бейнесі арқылы солақай саясатқа қарсы тұрған тарихи тұлғаның елі үшін сіңірген еңбегін шынайы суреттей білді. Жазушы қай жанрда қалам тартса да, тақырыпты әбден меңгеріп, оның көркемдік талаптарына жақсы жауап беретін кезде ғана жазуға кіріседі. Жазуында олақтық жоқ. Тілі мірдің оғындай, шеберлігіне шешендігі сай.

Шерхан шығармаларында шалажансарлық жоқ. Оттай жалынды, уытты сөзі оқырманын өзіне тартып, баурай түседі. Ол өз шығармаларында адам бейнесін табиғатпен астастыра өте көркем суреттейді. Оның шығармаларынан адам мен табиғаттың үндестігін сезінесіз. Оқырман оқиға ортасына еніп кеткендей болады. Жазушы «Ай мен Айша» романында Ұлы Отан соғысы кезіндегі аналар мен қабырғасы қатпаған балалардың еңбегі арқылы бүкіл ауыл адамдарының портретін жасады. Әсіресе, әйел-аналардың қара нарға бергісіз төзіммен ауыр жүкті ерлерше көтере білгенін, ерге деген, жарға деген адалдығын айтсаңшы! Отан үшін опат болған жауынгерлердің отбасы, олардың жесірлері мен әкелерін көрмей өткен тұл жетімдер тағдыры, жар дегенде жалғызынан айырылып, «аһ» ұрып шерменде болған шерлі аналар бейнесі жазушы қаламына қуат берді.

«Ай мен Айшаны» оқырман ретінде жазушының аналарға қойған ескерткіші деп бағалаймыз. Өзіміз соғысты көрмесек те, соғыс салған қасіретті ата-аналарымыз көрген, бастан кешкен. Олар да әкесіз жетіместі, колхоздың ауыр жұмысын үлкендерше атқарды, тура Шерханның кейпін киді. «Жалғыз ұлды қайтсем де жеткізем» деген шүйкедей қара кемпір менің әкем Күзембайұлы Бейбітті де жазушының анасындай жетелеп жүріп жеткізді, қатарға қосты. Бауыржан атамның «Болашақта «Төрт құли» деген шығармамды жазатын болсам, менің басты геройларымның бірі – Шерхан болатыны анық» дегені сияқты, мен де болашақта бірдеңе жазар болсам, апам Ұлтай Қоңыратбайқызы басты кейіпкерім болатыны сөзсіз.

Мен «Ай мен Айшаны» оқып отырып, көз алдыма әкемнің шешесі Ұлтай апам мен әкем Бейбітті елестеттім. Өйткені, апам кітаптағы Айша кешкен мехнатты бастан кешкен, әкем құрдасы Шерханмен тағдырлас болған. Бұл шығарманың маған ерекше әсер еткені де сондықтан.

Шерхан Мұртаза шығармаларының біздің қызметімізде де атқарар рөлі, алар орны бөлек. Біз жазушы еңбектеріндегі жағымды кейіпкерлердің жақсы қасиеттерін оқушы санасына сіңіре білсек еңбектің жемісті болғаны. Жаманнан жирендіру – міндет. Ол да тәлімді тәрбиеге тұздық. Ұстаздар осы жағын ескерулері керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұртаза Ш. «Ай мен Айшан» романы. – Алматы: Жазушы, 2008, -325б.
2. Мұртаза Ш. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 2020. –345б.

ӘОЖ 82.888.09

Ш.МҰРТАЗА ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР

СЕРІКБАЙ А.

№40 гимназияның 5сынып оқушысы, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

АЛТЫНБАЕВА Г.Т.

№40 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассмотрены художественные аспекты произведений Ш.Муртазы.

Summary. The article examines the artistic aspects of the works of Sh.Murtaza.

Қазақ әдебиетінің жетекші жанрларына олжа салған көрнекті қаламгер Шерхан Мұртаза драмалық шығармаларында қоғамдағы жағдаяттар, тарих пен танымдағы тартыстар, өмір-тұрмыс сырларын дөп басып бере білген.

Драматург халық ұғымындағы қарғыс, зауал, қатер деген ұғымдардың мәніне мән үстеп, халық қаһарының күшін танытады. Тағдырдың өзі кімнің кім екеніне баға беріп, асып кеткенді құрықтап, жетпегенді жеткізеді. Бұл – өмірдің заңы. Автор өзіндік түйін түйіп, тарих тегершігіне түскен тағдырларды анықтап береді. Пьесадағы қоғам мен заман, әділдік пен әділетсіздік, күшті мен әлсіздің тайталасы көрінеді. Заман зары, халық қайғысы, тартысты оқиғалар – Шерхан Мұртазаның драмалық дүниелерінің негізгі шырыны.

Тәуелсіздік кезеңінде сахналанған, театр өнерінің тарихына еркін енген драмалық туындылар тарихи тақырыптарды, танымал тұлғалардың өмірі мен кезеңін, қызметі мен қайраткерлігін өмір-уақыт тынысына сай бедерлі, жүйелі жеткізе білуінде.

Халықтың өмірі мен кезеңі, әр дәуірдегі ауыртпалыққа, қайшылыққа толы тарихи сәттер қилы көрініс, ақиқат жайттар негізінде көркем, бейнелі суреттеліп беріледі.

Шерхан Мұртазаның драмалық шығармаларында қарапайым адамдардың өмірі, тұрмыс-тіршілік түйткілдері, жастық-достық сырлары, тәлім-тәрбие иірімдері арғы-бергі кезеңдердің тағылымды тұстарымен, бүгінгі күннің шынайы шындықтарымен байланысты байыпты баяндалады. Сонымен қатар, драмалық қойылымдары мен қолтаңбаларынан халық тарихы мен тағылымы, дүбірлі дәуір мен қилы кезең көріністері, танымал тұлғалардың тәуелсіздік пен азаттық жолындағы жанкешті әрекет-қимылдары, ұлттық мұрат пен отбасылық тыныс-тіршілік, өмір мен еңбектегі ақиқат пен әділеттілік, қоғамдағы кереғар келеңсіздіктер, билік пен бизнес, халық пен нарық, баспана мен жұмыссыздық, әйел тағдыры мен бостандығы, махаббат пен сүйіспеншіліктің сырлы сипаттары, тағы да сол сияқты өмір шындығы, көркемдік талаптар, уақыт тынысына сай керемет өріліп беріледі. Автордың драмалық дүниелерінде қазіргі кезеңнің басты талабы адам өмірі мен еңбегіне, өмір шындығы мен көркемдік шешімге, реалистік көріністерге сай сараланып, байыпты баяндау, терең талдаулар арқылы жүйелі жеткізіледі.

Нарықпен бірге – бизнеспен бірге, пара алу-пара беру, жемқорлық-сыбайластық тәрізді дерттер белең алып, асқындап барады. Міне, өміріміздегі осындай келеңсіздікті тарлан суреткер әрі драматург Шерхан Мұртаза «Есек саудасы» драмасында әдемі көрсеткен [1,52б.]

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері қаламгер еркіндігіне айрықша кең жол ашылды. Бұлардың қатарында, әрине Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша», «Есек саудасы», «Домалақ Ана», «Бауыржан батыр» («Ноқтаға басы сыймаған») атты туындыларын

Тәуелсіздік кезіндегі қайта құру мен жариялылық әкелген соны легтің тұрлаулы нышанын біз Ш.Мұртазаның драматургиясынан көре аламыз. Прозашы Ш.Мұртазаның алғашқы кездерде драматургиядағы қадамы мүлде тосын көрінгені, күдік тудырып, күмән келтіргені, кездейсоқтыққа баланғаны рас еді. Алайда, прозада кемеліне келген суреткердің ат басын кенеттен драматургияға бұруына себеп болған тек жаңа жанрда өз күшін байқап көру емес қана сияқты, сонымен қатар, тамаша драматизм мен трагедиясы мол өмірлік материалдардың сахнаға сұранып тұрғандығында болар. Оның алғашқы қалам тартқан «Сталинге хат», «Бесеудің хаты», Қ.Ысқақовпен бірлесіп жазған «Қызыл жебе» («Революция сарбазы») пьесалары Жастар театрында қойылып, зор табысқа ие болғандығы ешкімді де бейтарап қалдырған жоқ. Бұл екі туындысы арқылы Ш.Мұртаза театр мен драматургия атты жұмбақ та сиқыр әлемнің енді ертеден өз адамындай болып кетті. Осындай екі драманың сахналық зор табыстары суреткерді драматург ретінде одан сайын қанаттандырып, шабытына шабыт қосқан еді.

Осындай табыстардан соң-ақ Ш.Мұртаза драматургиясы көркемдіктің өзі биік дәрежеде екендігін дәлелдеді. Оның драматургиясындағы замана дүрсілі шыншыл да нақты күйінде еді. Осылайша, автор драматургиясындағы публицистикалық пафос – өнер пафосына, көркем пафосқа көтерілген еді [2,45б.]

«Кешегі кенестік дәуірдің аса көрнекті суреткері Ш.Мұртазаның өзінің ғажайып әдеби шығармаларымен енді тәуелсіз еліміздің, тәуелсіз әдебиетіміздің берекелі де, пәтуалы, ғұмыры баянды тірліктер атқарған тарлан тұлғасына заңды айналғаны, қандай ғанибет», - деп С.Жұмабек өзіндік баға берген еді [3,41б.]

Осы дүниелер арқылы қазақ драматургиясының Шерхан Мұртаза стиліндегі даму сипаты, бағдары, проблематикасы бой көтереді.

Драматургия жанрының өз ерекшелігі, қиындығы бар, бір жағынан, талант таразысы тәрізді дүние.

Мұнан өзге Ш.Мұртазаның «Қыз-Қасқыр» атты әңгімесінің желісімен жазылған А.Атымтаеваның «Қыз-Қасқыр» трагедиясы бар. Ол осы шығармасымен 2012 жылы халық жазушысы Ш.Мұртазаның 80 жылдық мерейтойына арналған драмалық шығармалардың Республикалық жабық конкурсының лауреаты атанды.

«Қыз-Қасқыр» шығармасының символикалық негізгі кейіпкері, танымал тұлға - М.Мырзахметұлы деп саналады.

Ш.Мұртазаның «Жетім бұрыш» драмалық шығармасы бүгінгі қала өміріндегі толғақты мәселелерге арналған. Кез келген кезеңнің, әр заманның өзіндік проблемалары, зәру мәселелері бар. Сол заман туғызған, уақыт алдына көлденең тартқан толғаулы да бұраулы күрделі жәйттер адам-пенденің тіршілігін қақпалап, тіпті тағдырын да қақпақылдап «ойнатады». Алшылы-тәйкелі түсіп жататын қым-қуыт өмір сынына шыдаған озады, шыдамаған бордай тозады. Тағдырдың тайғанақ жолында біреулер сүріне жығылып, құлап жатса, біреулер тайраңдап шауып жүреді. «Біреу тоңып секіреді, біреу тойып секіреді.»

Ш.Мұртазаның «Жалғызүйлік зілзала» атты пьесасы да сахнаға сұранып тұрады. Мұнда да өмірдің өзі қойып отырған проблемалар алдыңнан шығады. Астананың баспанасыз қазақтарының трагедиясы; астандағы нәрестесін сәбилер үйіне тастаған көкек бойжеткендердің трагедиясы; атақ-мансап қуып жүріп тамыры қолдан қырқылып, перзентсіз қалған, өз өмірбаяндарының ең басты, ең негізгі мазмұнынан саналы түрде айырылған жадыбас сор кешкен жанұяларының трагедиясы шынайы көрсетіледі. Осынау мәселелерді поэзияда шет-пұшпақтап айтып келсек, ал драматургияда қанын сорғалатқан ащы шындығымен енді-енді көрсететін сияқтымыз.

Малқар, Сандуғаш, Мүнира, Салбырақ – Қорған, Сырға тәрізді санаулы кейіпкерлердің шынайы болмысы; демократия мен жариялылықты тек билікке, мансапқорлыққа жетудің жолы деп түсініп жүрген «Қара теке», «Көк есек», «Қарға», «Ақ аю», «Арыстан», «Әтеш» сияқты атаулары бар партиялардың желөкпе әрекеттері мейлінше сайқымазақ күлкінің күшімен мейлінше өткір әшкереленеді.

Шығарма кіріспесі: «Оқиға осы кезде өтіп жатыр. Мұнды, әм қаһарлы музыка. Заман сарыны. Көк базарға таяу жердегі «Жетім бұрыш. Ығы-жығы адам. Көпшілігі қабырғаға жапсырылған хабарландыруларға үңілген. Бағанға жапсырылған тілдей-тілдей қағаздар. Жуан қарын кемпірлер. Қоңқақ мұрын мұрттылар. Жүдеубас студенттер. Дауыс шығады: «Баласы барларды алмаймын». «Бір койка 400 сом?!». «Төрт жүз сом саған беріп, өзім не жеймін сонда?». «Ендеше бара бер». Сөз салыстырған сауда.

Бір сақалды орыс қайыр сұрап отыр.

Қазақ әйел құмалақ ашып отыр.

Сыған әйелдер әркімге бір жармасып, сигарет ұстап жүр.

Орыс кемпірлер бөтелке құшақтап, арақ сатып әуре.

Біреулер оймақ ойнап, алдап ақша ұтып, әлдекімдер жылап жүр.

Маңқиып милиционер тұр»...

Осылайша қазргі заман шындығы драмалық шығарманың кіріспесінде тура беріледі». Драма екі бөлімнен, бес көріністен тұрады.

«Жалғызүйлік зілзала» пьесасы жарыққа шыға салысымен, сахнадан жарқ етіп шыға келді. Фабит Мүсірепов атындағы мемлекеттік академиялық жастар театрында пьеса тағы да үлкен табысқа ие болды. Расында да басында талдап кеткеніміздей, шығарма арқауына Алматыда, Астанада өзіміз күндекіті мың көріп, мың түңіліп жүрген баспана зары мен пәтер мұңы, өздерінің конституциялық құқығы тапталып жүрген жандардың, баспанасыз жүрген халықтың мұң-мұқтажы анық көрініс тапқан. «Бөдененің үйі жоқ, қайда жүрсе, бытпылдақ» дегендей өз қағынан өзі жеріп, шаранасынан безген безбүйрек көкек аналар қайдан шығып жатыр дейсің, зауалдың түп-тамырын іздейсің. Міне, осыншалықты тағдыр талқысына түсекен өмірдің қиын тұстарын, өткір тұстарын суреткер өзінің драмалық дүниелеріне негізгі арқау тақырып етіп алады.

Ш.Мұртазаның «Жалғызүйлік зілзала» немесе «Жетім бұрыш» драмасы бүгінгі қала өміріндегі осындай толғақты мәселелерге арналған. Замана өзі туғызып, өмір өзі қойып отырған уақыттың ащы шындықтары мен асқынған аурудай белең алған келеңсіздіктер көз алдымыздан өтеді.

Шығармашылық тынымсыз еңбегінің нәтижесі болар, Ш.Мұртаза әдебиеттің қай саласында да өзінің тақырыбын дөп басып табатын суреткер.

«Есек саудасы» драмасында да замана тақырыбын дөп басып, оны қай қырынан болса да игере алған, түрлендіріп, құбылта алған драматург ретінде көрінеді. Мұнда да ол өзінің қаламгерлік, суреткерлік, азаматтық жолында халқына айтсам, жеткізсем деген негізгі ой-идеясының неғұрлым әсерлірек, тиімдірек ыңғайда, қалай да ойланарлықтай дәрежеде жазып шыққан салмақты туындысы осы – «Есек саудасы» драмасы.

Астарында мысқыл, ирония, сарказм байқалатын бұл туындыда нарық заманында тығырыққа тірелген жандардың әрі аянышты, әрі күлкілі әрекеттері бейнелі түрде суреттеліп, адамзатқа үлкен ой салады.

Зорман ағасынан қаржы сұрап алған Серкеш ендігі кезекте Бұйрақұмға аттанады. Сыныптас жолдасы Елеместі серік етіп, сексеулдің арасымен бизнесінің негізі – қу есектердің жолын тосады. Ақылға қонымсыз Серкештің есебі мын монологомта айқын көрінеді:

«Алматыдан келгелі алты күн болды. Әлі біткен ештеңе жоқ. Нағашым берген қаржы құмсағаттай сусып барады. Станса бастығы бір ит екен, вагонға қымбат сұрады. Бір вагон – жиырма миллион дейді. Мына жігіттерді жалдағанға – бес миллион. Грузовой машина жалдағанға – бес миллион. Отыз миллион. Жүз есек жеткізсем – жүз миллион. Жетпіс миллион пайда. (Алақандарын уқалап). О да жаман емес...» [4, 320б.]

Драмалық шығарма Серкештің есек саудасын жасауға бел байлағаны, Зорман нағашысы мен Қорған нағашыларының көмегі, Өсермен, жүкшілермен, машинистпен, болған теке тірес әрекеттерінің бәрі әрі күлкілі, әрі аянышты халде суреттеледі. Драманың басындағы Серкешті қу адам ретінде бейнелесе де, шығарма соңында Серкештің аңқаулығынан кешкен аянышты образы беріледі. Үлкен әбігермен, жанталаспен, қыруар қаржымен есектерді жеткізген Серкештің зоопаркке келгендегі жағдайы тым аянышты суреттеледі:

«Алматы зоопаркінің алды. Таксиден алқын-жұлқын Серкеш шығады. Аңырап біраз тұрды. Тың тыңдайды. Айнала тым-тырыс. Баяғыдай арыстан ақырмайды. Аю күңіренбейді. Серкеш жүгіріп, темір торлардың жанына жақындайды...» [4, 340б.]

Желкеқұмда боран соғып, бір түнде қырылған малдың басы зоопаркке жетіп, жануарлардың бәрінің күйіс қайырып тұрған сәтін көрген Серкеш ерні әрең қимылдап, құлап бара жатқандай болады. Осыдан соң күтуші әйелдің:

«Есек неге арам өлмейді... (Сасып). Е, құдай, кешіре гөр. Есек онсыз да арам ғой. (Серкештің бетіне үрейлене үңіліп). Сорлы-ай, есекті қайтесің, өзің үзіліп кететін болдың ғой. Жәрдем! Ойбай! Жедел жәрдем! (Күңгірт дүние)» - шығарманың финалы осы. [4, 342б.]

Аңқаулық пен аңғалдық, ессіздік пен есерлік, ақымақтық пен алжасу араласқан кейіпкердің нарық заманына дұрыс ене алмауы, қоғамның лебіне, жетегіне ілесе алмауы анық бейнеленеді. Есепсіз дүние мен санасыз әрекет жасаған нарық заманының алғашқы кезеңінде Серкеш сынды жандардың образын драматург Шерхан Мұртаза нақ ашып берді десек қателеспейміз.

Шераға да өз заманы туғызған ерен тұлға. Көзі тірісінде халық ақсақалына айналған, кемеліне келіп, керторы атқа мінген ағамыздың заманы да оңай болған жоқ. Қанды кеңес империясының бүкіл ғұмырын көз алдында өткізіп, қазақ халқының адам айтқысыз қасірет шеккенін өз көзімен көрді. Осы нәубеттерден кейінгі «кемелденген» социализм тұсының да куәгері болды. Күәсі болып қана қойған жоқ, заманның тыныш, тұрмыстың қалыпты бола тұра жоғалтқанымыздың көп екенін де көреген көзі көре білді. Көре біліп қойған жоқ, тоқырау деп аталатын меңіреу заманда қазақтың атпал азаматы ретінде жарғақ құлағы жастыққа тимей, халықты оятып, серпілтуге бар жанын салды. Осылайша, бағзы замандардағы халқының қамын жеген ұлы тұлғалардың үнін осы заманға лайық жалғастыра білді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бөпежанова Ә. Мұртаза кеңістігі: [Жазушы Ш.Мұртаза туралы] // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 23 қаңтар. – 3 б.
2. Кәтімхан М. Тұрар тектес тұлға // Ақ жол. – 2012. – 19 мамыр. – 8 б.
3. Жұмабек С.Е. Шерхан Мұртаза. Жұлдызы нұрлы суреткер: [Жазушының шығармашылығы жайында] Роман-монолог. – Алматы: Қазығұрт, 2002. – 152 б.
4. Мұртаза Ш. Жеті томдық шығармалар жинағы. 5-том. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 448б.

ОРАЛХАН ДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ ДАРАЛЫҒЫ

КЕМЕЛБЕКОВА С.К.

№6 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. В статье подробно исследуется художественный мир произведений Оралхана Бокея, в процессе обучения произведениям, разработка дидактического обоснования применения информационно-мультимедийных технологий, интерактивных методов и их успешное применение в процессе обучения

Summary. The article provides a comprehensive study of the works of OralkhanBokey in the future by the artistic world, to develop a didactic justification for the use of information and multimedia technologies, interactive methods in the process of teaching and their successful application in the teaching process

Өткен ғасырдың алпысыншы-жетпісінші жылдары қазақ әдебиетіне тұғыры биік, тұрпаты бөлек сипаттағы тұрлаулы дүниелерімен, жеке дара талантымен жұртты жалт қаратқан бірегей жазушылар келді. Олардың тудырған қадау-қадау туындылары, әртүрлі тақырыпты әдіптеген, айтарын астарлап жеткізуді мақсат қылған, тың нәрсені қаузауға талпыныс танытқан легі бүгінгі күні де рух сардарындай салқар көште сап түзеп тұр. Туған жылы мен шығарманы тудырған жылы алыста қалған күндер демесеңіз, қай-қайсы болмасын біздің қоғамның әлеуметтік шындығын да, адамдар қолымен жасалатын сұмдығын да әшкере қылады. Бүгінгі күні көп оқылатын, кейіпкерлер кескінімен санаңда дөп тоқылатын жазушының дәл өзі Оралхан Бөкей екеніне танымы терең адамның таласы болмаса керек.

Оралхан Бөкейдің драматург ретіндегі қолтаңбасын даралайтын қойылым «Қар қызы» спектаклі. Қазіргі Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрында 1982 жылы режиссер Мең Доң Ук қойған «Қар қызы» сахнаға шын мәніндегі сыршыл романтиканы, сиқырлы бір тақырыпты алып келді. Алғашқы нұсқасында Нұржан есімді жалғыз кейіпкерді, кейін автор сахнаға шығар алдында Бақытжан, Аманжан, Нұржан есімді үш кейіпкерге бөледі. Бақытжанды – Нұрқанат Жақыпбай, Нұржанды – Досхан Жолжақсынов және Аманжанды – Алтынбек Кенжеков кейіптейді. Қар қызын ойнау жауапкершілігі талантты актриса Шолпан Сіргебаеваға жүктеледі. Ал Қоңқай шалдың бейнесі Қасым Жәкібаевтің нұсқалауында қазақ сахнасындағы жаңалық кейіпкер болғандығы жазылады деректерде.

«Қар қызы» – философиялық мәні терең шығарма. Ондағы суық әлем сұлулықтың, жақсылық пен жамандықтың, ізгілік пен зұлымдықтың контраста берілуі шығарманың көркемдік қуатын арттырады. Өнер – құпиясы мол, сыры терең жұмбақ әлем десек, сол жұмбақ әлемнің жырын суреткер «Қар қызы» арқылы әсерлі жеткізеді. Жалпы, Оралхан Бөкейдің проза мен драмадағы қолтаңбалық ерекшелігі мен жапон әдебиетінің арасынан әдемі үндестік табуға болады. Романтикалық күйді берудегі суреткерлік нәзік иірімдер, белгілі бір табиғат құбылысының астарынан қоғамдық маңызы бар мән іздеу, замана дертіне дәру болар ем іздеу – жапон әдебиеті мен Оралхан Бөкей шығармашылығы арасын байланыстыратын алтын арқау деуге толықтай негіз бар. Мәселен, «Қар қызы» мен жапон жазушысы Кобэ Абэнің «Құм құрсауындағы әйел» шығармалары мазмұндық мән, суреткерлік қиял, оқиғаны беру формалары жағынан өзектес, мазмұндас келеді. Сондай-ақ бұл қатарға жазушының «Сайтан көпір» повесін де батыл қосуға болады. Түрік драматургі Түнжер Жүженоғлының «Көшкін» психологиялық драмасы көркемдік шешім мен мазмұндық астар тұрғысынан жоғарыда келтірілген мысалдарымызбен үндес.

«Құлыным менің» – психологиялық драма. Қаланың шулы ортасының көрігін қыздырған жастардың психологиясы мен Бозтайлақ сынды даланың еркін өскен ұланының ұлттық тіні берік, тамыры бекем, тұнығы шайқалмаған болмысы текетіреске түседі. Бозтайлақ – қаймағы бұзылмаған қазақы қалыптың айнасы. Ардакүрендей арғымақты айнымас серігіне балаған Бозтайлақтың бойында бүгінгі ғылыми-техникалық төңкеріс тонаған тектілік пен тұнықтықтың лайланбаған қайнары бар. Сондықтан да ол өзгелер өре түрегеле ұмтылып, таңсық көре тамсанып жатқан тексіздену мен ұлтсыздануға үрке қарап, айналасын қоршаған қоғамнан оқшауланады. Бозтайлақ үшін адамдық дейтін ардақты ат – тек алға жүргенде ғана, тек ұзаққа шапқанда, тұяқ

тоздырып, арқасын алдырмағанда ғана ақталмақ. Ол өсіп келе жатқан өскелең жастың бойынан әумесерлік пен дүбәралықты, өз ұлтынан өзі жеріп, жатсынған жатбауырлықты, ұлттық тегінен ажырап, бөтен тірлік кешкен өгейлікті емес, тамыры терең, тіні мықты Ардакүрендей қазақы жылқының асау мінезін көргісі келеді. Сол себепті де тынысын кере дем алар, құлашын кере құшақтап, еркін тыныстар кең даласын қимайды, жүрегі елжірей жақсы көреді.

Қорыта келгенде, жазушы, драматург Оралхан Бөкейдің шығармашылық көркем әлемі алдағы уақытта жан-жақты жіті зерттеуге сұранып тұр. Қаламгердің тойланар 80 жылдық мерейтойында суреткердің әдеби мұрасымен қатар драматургиялық ізденістерін зерделеуге де баса мән беріліп, республикалық деңгейде театр фестивалі ұйымдастырылса, Оралхан пьесаларының сахналық жаңа тынысының ашылары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.«Қазақ әдебиеті журналы», 2007 ж №8.
- 2.«Егемен Қазақстан» газеті 2013 ж ,24 мамыр.
- 3.Қайдасың қасқа құлыным: Повестер, новеллалар. — Алматы:Жазушы, 1973
- 4.Мұзтау: Повесть, эссе, новеллалар. – Алматы:Жазушы, 1975. –256б
- 5.Үркер ауып барады.: Повестер мен әңгімелер. –Алматы:Жалын,1981. –528б
- 6.Өз отыңды өшірме: роман . – Алматы: Жазушы, 1981. –384б
- 7.Біздің жақта қыс ұзақ.-Алматы: Жалын, 1984. –432б

ӘОЖ 82.347.06

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ «АНАЛАР ГАЛЕРЕЯСЫНДАҒЫ» ТАРИХИ БЕЙНЕ–ДОМАЛАҚ АНА

ЖҰМАҒАЛИ А.

№40 гимназияның 6 сынып оқушысы, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

КОБЛАНДИНА М.И.

№40 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается исторический образ Домалак аны "галерея матерей" в казахской литературе.

Summary. The article examines the historical image of Domalakana in the "gallery of mothers" in Kazakh literature.

Ш.Мұртазаның драматургия саласындағы ендігі бір күрделі туындысы С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық театры сахнаға шығарған «Домалақ ана» тарихи драмасы.

Жалпы, жазушының драматургиялық шығармалары қарағандылықтарға бұрыннан да таныс еді. Кеңестік кезеңнің жетпісінші жылдарында облыстық драма театры «Қара маржан» романының негізінде жазылған пьесаны сахналаған болатын. Ал сексенінші жылдары осы қазақ театры «Сталинге хатты» қойған. Енді міне, халқымыз өміріндегі қасиетті де киелі анамыз туралы жазылған «Домалақ ана» тарихи драмасын сахнаға шығарып отыр.

Халық жазушысының шығармашылығында бұрыннан да Ана тақырыбы елеулі орын алып келгені белгілі.

Айталық, ертеректе жазылған «Мылтықсыз майдан» повесіндегі Арай ана, екі мыңыншы жылдары жарық көрген «Ай мен Айша» роман-диалогиясындағы Айша бейнелері әдебиетіміздегі аналар образы галереясын толықтырған тұлғалар болды. Енді міне, халық анасы – Домалақ ана атанған Нұрилла ана бейнесін сомдаған.

Шығармадағы шым-шытырық оқиғалар мен тартыстар осы Нұрилла төңірегінде өрбіп отырады. Бәйдібек бимен алғаш кездескен нәзік те пәк, аңғал Нұриланың ақыл-парасатының, жан сұлулығының арқасында ел-жұртқа танылып, Домалақ ана аталуына дейінгі өсу, толысу

жолдарын, адам ретіндегі ішкі толқыныс-толғаныстарын табиғи бейнелеп, шынайы көрсетеді автор.

Өмірдің сырын, бұл дүниенің мәнісін түйсініп-түсінген, байсалды да байыпты Нұрилла тағдырдың жазуымен ел қорғаны, батыр Бәйдібектің етегінен ұстайды. Пірі солай аян берген. Сол аяңды пір тұтқан Нұрилла киелі де қасиетті ұғымнан аттап кете алмайды. Сондықтан да осы қасиеттерді сақтап қалады.

Қай заманда да адам өмір-тіршілігінде көреалмастық пен қысастық, қызғаныш пен бақталастық бірге жүретіні белгілі. Нұриланы да көреалмаушылар табылды. Қызғаныштан Нұриланың жас сәбиіне қастандық жасалды. Қарғыс айтып, қанжылаған Нұрилла Алла-тағалаға жалбарынды. Ақыры жаратылысында қасиет дарыған Нұриланың көз жасын құдай көріп, Алла қолдап, әруақ жебеп сәбиі аман қалды. Ал қызғаныштың қызыл иті ішін тырнап, астамсынған Марау бәйбішенің тоғыз ұлы бірдей жау қолынан мерт болады. Бәйдібектің жау айдап кеткен бар малы Нұриланың ақылымен қайтып келді түгелімен.

Міне, құдіреттің шеберлігі. Міне әруақтың киесі, қасиеті. Ақыры Марау бәйбіше есінен ауысты. Осылай драмадағы бәйбіше бейнесі де өз іс-әрекетіне лайық табиғи ашылып, шынайы көрініп, ірі тұлға, күрделі образ кейпі танылады. Оның да адам ретіндегі ішкі арпалыс-күйзелістері шеберлікпен ашылған.

«Шығармадағы ендігі айтулы тұлғаның бірі – Бәйдібек би. Драмада Бәйдібек ел ағасы, батыр ғана емес, ақыл-парасаты мол, көңілі дархан, жаны таза, айналасына байсал-байыппен қарайтын үлкен адамгершілік иесі ретінде сомдалған. Бұл да автордың табысы деуге лайық образ. Дүниеде Анадан ардақты, Анадан қасиетті ешнәрсе жоқ қой. Драманың шарықтау шегіндегі арақ ішіп тайраңдаған мәнгүрттердің киелі маралға оқ атуы – Анаға оқ атуы еді. Оларға бұл дүниеде қасиетті ешнәрсе жоқ. Жазушы осындай имансыздықтан сақтандырады. Анаңды сыйла, қасиетіңді қадірле, киенді пір тұт, әруақты ұмытпа, тағзым ет дейді» [1,416.].

Философиялық иірімдерге, ойлы орамдарға бай, ірі тартыстар мен шамырқанған шарпысуларға толы драма осындай мегзеулерге жетелейді. Адам, қоғам, халық өміріндегі әйелдің, ананың рөлін дәріптейді. Ұрпақ үшін әйелдіктен аналыққа көтерілген, ел анасына айналған Нұриладай Аналарға тағзым еткізеді. «Ұрпақ үшін қызғаныштың қызыл итін құрбандыққа шалдым» дейді Нұрилла. Міне, ұлы Ана өнегесі. Бүгінде бізге жетпей отырғаны осы. Ұрпақ қамын, ел бірлігін, жұрт тұтастығын Нұрилла осылай Домалақ Ана атанды.

Өйткені «Жақсы ай мен күндей, барлығына бірдей» дейді. Ал Айда Күн де – домалақ. Ендеше Домалақ Ана да барлығына бірдей күн сияқты нұрын төгеді, шапағатын себеді.

Тарихи драма тағлымды түйінмен аяқталады: Мазарларды талқандап кеткен әулекі ұрпақты көзімен көрген шырақшы: «Енді шырақты қайда жағамын?!» дегенде Домалақ ана: «Алда саналы, иманды ұрпақ болмақ... Шырақты әуелі адамдардың жүрегіне жақ», –дейді сенім арта.

«Шіркін-ай! – дейміз біз де, – Адамдардың жүрегіне шырақ жағылып, сол иманды ұрпақ тезірек келсе екен!»

Мінеки, ұрпағының болашағын ойлаған ұлы Ана тағлымы. Халқының келешегін ойлап, ұлы Ана рухын тірілтен үлкен азамат Шерхан Мұртаза шығармасының тәлімі.

Шығармада қиял ғажайыптарға, тылсым дүниелерге тән эпизодтар мен кейіпкерлердің қылаң беруі де жазушы ерекшелігінің бірі. Ол – Рух пен Нұрилә арасындағы диалогтардан айқын көрінеді.

«Осы кезде дауыл тұрғандай жел үілдеп, бәйбішені құйын ұшырып әкеткендей болады. Сахнаға кілең ақ киінген Рух, екінші Нұрилә шығады. Ұзын Тұра, Қысқа Тұра – Қос Тұра таудың сұлбасы. Ұлы бөген, Бала бөген өзендері сол таудан жарыса құлап жатыр. Ұлар шулайды. Кекілік қақылықтайды. Қоңыраулы еліктер ештеңеден алаңсыз жайылып жүр» [2, 352б.] –деп суреткер Рух пен Нұриләнің диалогының алдында табиғат көрінісін өзінше көмкере сипаттайды.

Рух.

«Балаңның аты – Тілеуберді-Жарықшақ!

Әулиенің әулиесі өзіңнің әлі, Домалақ.

Домалақ деген атыңды түсінбейтін халық бар,

Есті адам оның мәнін біліп барып анықтар.

Кейбіреудей адыр-содыр, тікенектей емессің,

Адамдардың бәрін сүйіп, мынау бөтен демессің,

Сендей көркем, сендей сұлу перизатты ардақты,

Жібек мінез ақылыңа тәнті болған ел-жұртың,

Әділетті, адалдығың үшін Домалақ деп атапты», [2, 353б.] – деп Нұриләнің тал бойындағы айрықша қасиеттерін тізіп береді.

Нұрилә. «О, қасіретті Кием! Елін, жерін, тілін, ділін, дінін сүймейтін мың мәңгүрттен Отансүйер, Отан үшін, намыс үшін отқа күйер бір Ер туғанның өзі артық»[11, 354б]

Рух. «Өзің айтқан мәңгүрттер көбейгенде, елің, жұртың құлдықта қалып, табанын тас, арқасын азап, ақылын арақ тілгенде, Отансүйер ерлер мен Отанын сатқан опасыздар қырылысқан күрес болар. Сонда менің басымдағы күмбез құлап, мазарымның айналасындағы шенгел жын-шайтанның ойнақ ордасына айналар»[2, 354б.]

Нұрилә. Не деп кеттің, Әзіз Кием?... Шыннан ба?

Рух. Түптің түбінде Отансүйерлер опасыздарды жеңеді.

Оған дейін қилы-қилы заман өтер,

Бабасы немересімен қосылып зәһар ішер.

Келіні атасының сақалын жұлар кез де жетер.

Қыздары лағынан қағынып,

Шаранасын қоқысқа тастап кетер,

Байлары қайырсыз, жауқабақ,

Қайыршылар қаптайды.

Бай адамның тоя тамақ жегені,

Аш адамды қорлағаны.

Тілі алашұбар, діні шалажансар,

Ұрпақ келіп молаларды таптайды.

Тақымы кеппес ұрылар шығып,

Күндіз ұйықтап, түнде жортып жатпайды.

Құлқын қаққан қарақшылар

Беттің арын белге буып,

Халықтың қанын сорып,

Қасиетті Құраннан да аттайды.

Нұрилә. Ақырзаман ба?

Рух. Ақыр заман деген болмайды, ақ періштем.

Заман – деген уақыт. Уақыттың басы жоқ,

Соңы да жоқ. Заман – мәңгілік.

Ал, бірақ дүние әбден кірлегенде

Өзін-өзі мұхиттай тазартып тұратын

Заңдылық бар. Мұхит кірлегенде

Сұрапыл дауыл соғып, топан су толқынмен

Кір-қоқысты тазартады.

Адамзат та солай тазарады[2,354б.]

Нұрилә. Айтқаның келсін, Кием!

(Құндақтаулы баласын бауырына басып)

Анаңның ақ сүт іштің балам. Ақ сүтімдей адал бол![2, 355б.]

Рух пен Домалақ ананың арасындағы диалогта үлкен мағына, терең сыр жатыр. Елін сүйер арыстардың саны көбейіп, Отансүйер балалардың туылуына тікелей септігі тисе екен деген сөздердің айқын көрінісі.

Сонымен «Домалақ ана» тарихи драмасы автордың да, театр өнерінің де айтулы табысы болғаны анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұртаза Ш. Намыс найзағайы. Жауапты шығ. Д.Қ.Қыдырәлі. – Астана, 2017. – 528б.
2. Мұртаза Ш. Жеті томдық шығармалар жинағы. 5-том. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 448б.

**ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ЛЕКСИКОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ
КӨП МАҒЫНАЛЫ СӨЗДЕР**

МАМАЕВА А.А.

«Жамбыл облысы білім басқармасы Тараз қаласы әкімдігінің білім бөлімінің №6 орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье использован статистический метод определения частотности синонимов, омонимов, антонимов многозначных слов.

Summary. The article uses a statistical method for determining the frequency of synonyms, homonyms, and antonyms of polysemantic words.

Сөз – тіл білімінің барлық саласының негізгі зерттеу объектісінің бірі болып саналады. Бірақ тіл білімінің әр саласы сөзді бір ғана қырынан зерттеп, өз заңдылықтарына сай сөз етеді.

Адамзат қоғамының қарым-қатынасжасаушы құралы –тіл екенін бәрімізде білеміз. Кез-келген сөздің алатын өз орны бар. Өйткені адам баласы бір-бірімен пікір алысып, тіл арқылы қатынас жасағанда, ең алдымен сөзге сүйенеді. Р.А.Будагов: «Сөз ең негізгі категория. Тіл жөнінде ойласақ, әдетте, сөз туралы ой жүгіртеміз. Өйткені тіл сөздерден тұрады, сөздерге бөлінеді, сөздердің бір-бірімен қарым-қатынасы, байланысы арқылы іске асады. Тіл туралы ғылым сөзбен бірге басқа да тіл категорияларын қарастырады, бірақ басты табиғат категория ретінде сөз алынады», – деп өте дұрыс айтқан [1,56].

«Тілдің дыбыстық және мағыналық жақтары, сөз және морфема, сөз тіркесі және сөйлем тілдің жалпы ортақ жүйесінің әр тектес элементтері ретінде қарастырылады, оны әр алуан бөлшектерден құралған жүйенің жүйесі деп атаймыз» [2,456], – дейді Д.Н.Шмелев. Осыған орай тіл білімі біршама дербес, бірақ көзара шарттас және бір-бірімен байланысты қазіргі қазақ тілі курсының мынадай негізгі салаларынан тұранытдығын айтуға болады: Қазақ тілі фонемасының жүйесімен дыбыстық қатарын зерттейтін фонетика (фонология); морфология мен синтаксис сияқты екі тараудан тұратын грамматика; тілдің сөздік құрамын,оның тарихи дамуы мен қазіргі қалпы тұрғысына қарастыратын лексикология. Аталған негізгі салалармен тікелей байланысты және оларды толықтыратын тіл туралы ғылымның прагматикалық бағыттағы тараулары: орфоэпия, орфография, графика, пунктуация, стилистика. Тілді қарастыру барысында тілші Б.Момынова айтқандай әуелі ең кіші тілдік бірлікті анықтап аламыз да, енді одан біртіндеп күрделігеқарайиерархиямен сатылап зерттейміз. Бұл тіл білімінде қалыптасқан дағды.

Қазіргі орыс тіл білімінде семасиология мәселесімен айналысып жүрген Н.И.Гайнуллина да осы пікірді құптай отырып, тілдік единицаларды зерттеу барысында жеңілден ауырға қарай бағыт жасалатындығын, оның ғылымда стратификация деп атайтындығын айтады. Сол себепті ғылыми зерттеу процесінде тілдік единицалар төмендегідей бір ізбен қатарланады: фонема-өзіндікмағынасыжоқ,бірақбірсөзді екінші сөзден,бірморфеманы екінші, морфемадан ажыратуға септігі бар, ары қарай бөлшектеуге келмейтін дыбыстық единица. Морфема – сөздің ары қарай бөлшектеуге келмейтін кіші мағыналық бөлшегі.

Сөз – өзіндік дербес лексикалық мағынасы бар, тілдің өз алдына бір кіші единицасы. Сөз тіркесі- мағыналық және грамматикалық жақтан байланысқан екі немесе бірнеше айрықша мәне бар сөздер. Сөйлем – біршама тиянақты ойды білдіретін және предикаттық синтаксистік конструкциядан тұратын тілдік единица. Бұдан байқайтынымыз, сөз берілген стратификацияның орталығында жүреді.

Тіліміздегі бүкіл сөздердің жиынтығын сөздік құрамын емес, лексика деп атап, оны тіл білімінің бір аласы – лексикология қарастырады. Лексикология-сөздік құрамның пайда болу, оның дамуын зерттейтін тарихи лексикология және сөздердің мағыналарын немесе семантикасын, сөздік құрамның көлемін, құрылымын т.с.с. зерттейтін сипаттама лексикология деп бөлінетіндігі бізге мәлім. Қазақ тілі лексикологиясы қазіргі қазақ тіліндегі сөздер жүйесін зерттейтіндіктен оның негізгі объектісі сөз болады. Жоғарыда айтылып кеткендей, сөз тіл ғылымының өзге салаларында да қарастырылады. Дегенмен олардың арасындағы мақсат басқа-басқа екен. Тіл білімінің қай саласы болмасын белгілі бір жүйеге негізделген.

Қазақ тілі білімінің лексикология саласында көп мағыналы сөздердің алатын орны ерекше. Сөздің мағынасының өзгеруінің бастапқы мағынасының үстіне бірнеше қосымша мағыналардың жамалуының өзіндік даму, қалыптасу заңдылықтары бар. Сөз және оның мағынасының төңірегінде әр алуан көзқарастар болғандығы бізге мәлім. Себебі, сөз мағынасы қыры-сыры мол құбылыс. Ол ежелден-ақ көптеген тілшілердің қызығушылығын тудырып, олардың назарына іліге отырып, түрлі-түрлі пікірталастың негізгі объектісі де болып келді. Бұл пікірталастар көбінесе сөздердің көп мағыналы болу мәселесіне негізделген. Осы орайда кейбір зерттеушілер сөздің көп мағыналы болатынын мойындамай неше мағына болса, сонша сөз болуы керек деп қараса, екінші біреулері сөздің көп мағыналылығы кездейсоқ нәрсе деп, үшінші бір топ тілшілер сөздің көп мағыналылығы тілдің көне дәуірінің, сол дәуірдегі сөздердің диффуздық (жіктелмеген, ажыратылмаған) қалдығы деп қарайтын болса, енді біреулері бір сөз бір өзі-ақ бірнеше мағына бере алады дейді.

Сонымен, семасиология XIX ғасыр соңынан бастап тіл білімінің дербес пәні болып есептелініп, осы кезге дейін сөз мағынасының өзгеру жолдары, оны анықтаудың, зерттеудің әртүрлі бағыттары мен әдіс-тәсілдері қалыптасып, біршама материалдар жинақталып, маңызды қорытындылар мен тұжырымдар жасалды және семантикалық зерттеудің негізгі принциптері белгіленді. Алайда семасиологиялық тұрғыдан әлі де болса зерттей түсуді, зерттелгендерінің өзін әрі қарай талдай түсуді қажет ететін тұстары жеткілікті. Себебі жоғарыда айтылып кеткендей, сөз және оның мағынасы көне дәуірден- ақ тілшілер мен ойшылдардың (философтардың) назарынан тыс қалмай талай пікірталастар тудырып жүрген күрделі мәселе болғанымен де, семасиология деген терминнің өзі, оның пән ретінде зерттеле бастауы тіл білімінің басқа салаларына қарағанда қолға алынды. Ал түркологияда ол тіпті кенже пән болып есептеледі. Егер лексикология – тіл білімінің сөз және оның құрылымын зерттейтін саласы болса, семасиология – сол сөздердің мағыналарын зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Сөз мағынасы – көп сатылы, көп қатпарлы құбылыс, ол – таңбажасам (семиосис) процесімен байланысты барлық құбылыстардың гаммасы. Лингвистиканың бүлекі саласы бір-бірімен өте байланысты болып келетіні бізге белгілі. Өйткені әр сөздің екі жағы болады: бірі – сыртқы материалдық жамылғыш (дыбыстар комплексінен тұрады), екіншісі – оның мазмұны, яғни мағынасы.

Сөйтіп, семасиология сөздің мағынасын, оның дамуы мен өзгеруін, ауысуын және оның әдіс-тәсілдерін, сондай-ақ өзгерістердің болуының себептерінің ішкі, сыртқы заңдылықтарын қарастырады. Семасиологияның негізгі мақсатының бірі – тілдік единицаларда тілден тыс құбылыс қалайша көрініс табатынын зерттеу. Тілдің лексика- семантикалық жүйесін басты түрде қамтамасыз етуші болмыстағы құбылыстар арасындағы байланыс пен қарым-қатынасты тілдің өзіне қарағанда, әрине, сыртқы заңдылық болып табылады. Алайда кез-келген таңбалық жүйе берілген жүйеден тыс жатқандарды белгілеу үшін қолданылады, және таңба (сөз) мағынасының өзі берілген жүйеден тыс та ашылады. Бірақ бұдан тілдің лексика-семантикалық жүйесінің тілдік ерекшелігінің рөлі төмен екен деп түсінбеу керек. Лексикалық жүйе үшін сөздердің тобының негізгі түрі лексика-семантикалық топ (ЛСТ) болып табылады. Ал ол сөздерді белгілі бір ЛСТ-қа біріктіруші сөздің лексикалық мағынасы. Басқаша айтатын болсақ, лексикалық мағына сөздерді белгілі бір заңдылық бойынша лексика-семантикалық топтарға біріктіреді. Бір ЛСТ-тағы сөздердің негізгі парадигмалық ерекшелігі олардың мағыналарында біркелкі семалар болады. Яғни бір ғана топқа бірігу (ену) үшін не мағыналары ортақ болады, немесе мағына қарама-қарсылығына негізделді.

Жалпы адамзат тілі жүйелі категория. Олар бірімен-бірі байланысып, бірінен-бірі туындап жатады. Міне, осы тұрғыдан келгенде көп мағыналы сөздер де бірнеше ЛСТ- тардың жасалуына негіз болатындығы жөнінде біз осы диплом жұмысында сөз қозғағалы отырмыз. Қазақ тіл білімінде көп мағыналы сөздердің өз табиғаты, сондай-ақ басқа да ЛСТ (омоним, антоним, синоним) айқындалғанмен, көп мағыналы сөздерден жасалатын ЛСТ жөніндегі мәселе әлі де болса тың жатқан құбылыс.

Қазақ тіліндегі жалпы түркі тілдеріне тән ортақ лексикалық қабат. Бұлар лексикология теориясының жалпы проблемалары ретінде жалпы лексикологияда (общая лексикология) қарастырылады. Ал нақты бір тілдің лексикасы және оның ерекшеліктері жеке лексикологияда (частная лексикология) қарастырылады. Жалпы лексикологиямен жалқы (жеке) лексикология бір – бірімен байланыста болады. Бұлай болатындығы мынадан: қоғамдық құбылыс ретіндегі жалпы адам баласының тілін сипаттайтын жалпы заңдылықтар жеке , нақтылы тілге де тән болады.

Мысалы, қоғам дамуының барысында жаңа сөздердің жасалып, тілдің сөздік құрамының толығы, дамуы, кейбір ескірген сөздердің одан шығып қалуы немесе өте сирек қолданылатын сөздерге айналуы – тіл атаулыға тән жалпы заңдылық.

Тілдің әр түрлі жақтары (фонетикалық, лексикалық және грамматикалық), бір-бірімен өз ара қарым-қатынаста, байланыста болатыны сияқты, оларды зерттейтін тіл білімінің де әр түрлі салалары бір-бірімен өз ара әрдайым байланыста болады. Мысалы, лексикологияның тілбілімінің арнаулы бір саласы ретінде фонетика және грамматикамен мынадай байланысы бар: тілдегі әрбір сөз дыбыстардың белгілі бір тіркесімен айтылады (жалғыз дыбыспен айтылатын сөз, әдетте, тіл-тілде сирек ұшырайды). Дыбыс тіркестері сөздің сыртқы жамылғышы да, сөздің мағынасы оның мазмұны, болып саналады. Қандай бір сөз болсын, дыбыс тіркестерімен айтылып, белгілі бір мағынаны білдіреді. Сөздің дыбыстық жағын зерттейтін фонетиканың лексикологиямен байланысы да осыдан келіп туады. Тіл-тілде сөздің дыбыстық құрамының өзгеруі немесе екпінінің ауысып түсуі сөз мағынасына әсер етіп, оны өзгертеді. Туыстас тілдердің лексикасын өз ара салыстыра зерттеу немесе белгілі бір тілдің лексикасын тарихи тұрғыдан зерттеу, сондай-ақ этимологиялық зерттеулер салыстырмалы – тарихи фонетиканың деректеріне негізделеді. Әрбір тілдегі сөздердің өзінің фонетикалық ерекшеліктері болады. Сөздің басы немесе аяғы фонетикалық белгілермен, мысалы, дыбыстардың кейбіреулерінің жиі немесе сирек қолданылуы немесе мүлдем қолданылмауы ерекшеліктерімен сипатталады. Мысалы, қазақ тілінің төл сөздері дыбысынан басталмайды және бұл дыбысқа ешбір сөз аяқталмайды. Сондай-ақ, қазақ тілінде г,б,д дыбыстарына бітетін төл сөздер кездеспейді. Төл сөздердің құрамындағы дауысты дыбыстар не бірыңғай жуан дауыстылар, не бірыңғай жіңішке дауыстылар болып келеді. Қазіргі қазақ тілі лексикасында құрамындағы дауыстылар жуан да, жіңішке де болып келетін сөздер кездесе береді, бірақ олардың басым көпшілігі-шет тілдік сөздер. Лексикологиялық зерттеулерде сөздің осындай фонетикалық ерекшеліктері еске алынады.

Академик В.В.Виноградов фразеологиялық единицаларды бүтіндей фразеологизмнің бір тұтас мағынасы мен оны құрастырушы сыңарлардың мағыналарының ара қатысы тұрғысынан фразеологиялық тұтастық (фразеологическое сращение), фразеологиялық бірлік (фразеологическое единство) және фразеологиялық тізбек (фразеологическое сочетание) деп үш түрге бөледі [3,112б.]. Орыс тіліндегі фразеологизмдерді зерттеуші Н.М.Шанский аталған классификацияны қолдай келіп, фразеологиялық оралымдардың төртінші түрі фразеологиялық сөйлемше (фразеологическое выражение) деп есептейді.

Тіл-тілде фразеологиялық оралымдар әр түрлі жолдармен жасалған. Олардың жасалуына алуан түрлі құбылыстар, ұғымдар, түсініктер негіз болған.

Фразеология тіл білімінде 2 түрлі мағынада қолданылады. Біріншіден, тілдегі тұрақты тіркестерді зерттейтін тіл білімінің бір саласы болса, екіншіден бір тілдегі фразеологизмдердің тұтас жиынтығы дегенді білдіреді. Өткен ғасырдың 70-жылдарынан бері қарай түркі тілдерінде, соның іші қазақ тілінде фразеология мәселесі жан-жақты зерттеле бастады. Академик І.Кенесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты еңбегі (1977) бүкіл түркі тануға үлес болды. Ә.Қайдаров, Ә.Болғанбаев, Ғ.Қалиев сынды ғалымдар фразеологияның қыр-сырын танытуда көлемді әрі тұжырымды еңбектер беруде.

Бір тілде қанша сөз болса, солардың тұтас жиынтығын тіл ғылымында лексика немесе сөздік құрам деп атайды. Сөздердің мағынасын, оның жалпы лексикалық жүйедегі алатын орнын, шығу тегін, қолдану қабілетін, күнделікті қарым-қатынастағы көрінісін, түрлі стильдік мәні мен сипатын тенсеретін ғылымды бір сөзбен лексикология дейді. Лексикология сөздерді тілдің қазіргі даму тұрғысынан да, сонымен бірге өткен тарихымен тығыз байланыстыра отырыпта зерттейді.

Сөз байлығы – лексика қарастыратын негізгі және күрделі единица. Тілдің сөз байлығына тұрақты тіркестер де жатады, Бұлар замаидар бойы біртіндеп туып қалыптасқан, ұзақ дамудың жемісі. Сондықтан лексика иі зерттеу сөздік құрамды. Тұтас алғанда бір бүтін система деп қарауды міндеттейді. Яғни лексикология жекелеген сөздер тобын емес, тілді қалыптасқан лексикалық жүйесі тұрғысынан қарайды. Тілдің, қаншалықты дамып жетілгендігі/ сөздік құрамдағы сөздердің санымен де, мәнімен (көп мағыналылығымен) де өлшенеді. Сөздік құрам неғұрлым бай болса, тіл де соншалықты дамыған болады. Бүгінгі қазақ тілі сөз байлығы жағынан дамыған тілдердің қатарына жатады

Тіл ғылымының әрбір саласы өзінің дербестігі мен даралығын (өзіндік қасиетін) сақтай отырып, өзара бір-бірімен байланысып отырады. Қазіргі қазақ тілі фонетика, лексикология, морфология, синтаксис, стилистика, диалектология болып бірнеше салаға бөлінгенімен, осылардың

барлығының да тексеретіні–сөз. Тілдегі сөздерді бұлардың әрқайсысы әр қырынан ілып қарастырады. Тілдің негізін жасайтын – оның грамматикалық құрылысы мен негізгі сөздік қоры. Кез келген дыбыстардан әркім өз қалауынша сөз жасауға, грамматикалық тұлға жауға да жол жоқ, Лексикалық элемент те, грамматикалық элемент те дыбыстардың белгілі бір жүйелі тіркесі арқылы жасалады. Сондықтанданактылыбіртұлұрпақтан-ұрпаққа ескірімесмураболыпмәнгі-бақи сақтала береді. Алдыңғы толқын өздері біртіндеп өмірден көшкеніменен, олардың сөйлеген тілі бүгінгі ұрпаққада соншалықты түсінікті болып тұрады. Мәселен, кеменгер Абайдың тілін өткен ғасырдағы адамдар қалай түсінген болса, бүгінгі ұрпақта дәл сол мәнінде мүлтіксіз ұға алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Будагов Р.А. Многозначность слов // Филологические науки. 1958. №1.
- 2.Грамматическиесследования.Функционально-стилистическийаспект: морфология. словообразование. синтаксис. / Н. Е. Ильина, В. Л. Воронцова, С. Н. Борунова ; отв. ред. Д.Н. Шмелев ; АН СССР, Ин - т рус.яз.– М. :Наука,1991. – 246с.
- 3.Виноградов В.В. Словообразование и его отношения к грамматике лексикологии (на материале русского и родственных языков) //Вопросы теории и истории языка в свете трудов И.В. Сталина по языкознанию. М.: Изд. АН СССР, 1952. – 494 с.

ӘОЖ 82.985.13

Ш.МҰРТАЗАНЫҢ БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ БЕЙНЕСІН СОМДАУДАҒЫ ЖАЗУШЫЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІ

КАРНАКБАЕВА Ш.А.

Ш.Қалдаяқов атындағы жалпы білім беретін мектеп КММ, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы

Резюме. В статье рассматривается писательское мастерство Ш.Муртазы в изображении Бауыржана Момышулы.

Summary. The article examines the writing skills of Sh.Murtaza in the portrayal of Bauyrzhan Momyshuly.

Ш.Мұртазаның тарихи тұлғаларға арналған драмасы – «Ноқтаға басы сыймаған» атты туындысы. Драма халқының батыр ұлы Бауыржан Момышұлына арналған. Қарап отырсақ, Ш.Мұртазаның өзі Тұрар Рысқұлов, Бауыржан Момышұлы туған Жамбыл облысының Жуалы топырағында дүниеге келген. Өзі нәр алған жерінен шыққан тарихи тұлғалар өмірін жазуда Шерхан Мұртаза көп еңбектенген және оған мүмкіндіктері де мол болды. Бұл әрине, өз кезегінде оның мейлі прозалық, мейлі драмалық дүниелерінің де өте шынайы, көркем болуына жағдай жасады.

«Ноқтаға басы сыймаған» атты туындысы 2005 жылы Батырдың 100 жылдығына орай жазылған еді. Драма авторы Шерхан Мұртаза: «Ноқтаға басы сыймаған» деген сөз – «тәртіпке көнбеген» дегенді білдірмейді. Керісінше, ол тәртіптің құлы болған адам. Тек сол кезеңдегі жүгендеулі қоғамның ақиқатын айтып, жүйеге қарсы болды. Бауыржандай батыры бар ел бақытты» [1], – деген еді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары халқымыз үшін де, руханиятымыз үшін де ең қиын жылдар болғаны даусыз. Аласапыран уақыт еншісіндегі Бауыржан Момышұлының 80 жылдық мерейтойы жұпынылау өткен екен. Осыны ойлап, толғанған, бүгінде көзі тірі Әлібек Әмзеев осы шығарманы Ш.Мұртазаның жызғанын шын қалап, оған хабарласады. Өзі былай деп ой түйеді: «Сен не деп тұрсың-ей, қарағым, бастық», – деді Шәкең телефонның арғы жағынан. – Мен Баукең туралы пьеса жазу былай тұрсын, ол туралы ойлауға қорқатын адаммын. Менен басқа батыр жазушылар бар ғой, соларға жаздырарсың,–деп телефон ызыңын естіртті. «Жығылған күреске тоймайды»–деген, араға уақыт салып тағы хабарластым.

–Не, менен басқа таппадың ба?

Даусы ширатылып, шиыршық атып тұр.

Отандығы бар, шет елдігі бар біраз мақтауларды мен де жібердім. Даусы жұмсарды. Күлді. «Құдай берді!» – дедім ішімнен. – «Ойланайын. Кейінірек хабарласарсың...» – дегені. Уһ! Жауды жеңгендей болдым.

Тағы бір хабарласқанымызда:

– Әй, Бауыржанға заказ бергіш батыр. Сенің театрыңда Бауыржанның бар ма? Әлде, босқа далақтап жүрсің бе?

– Оны ойламай не болыпты аға, – деймін ғой, жанымды жалдап. Баукең туралы сөз болғалы бері ойымда театрымыздың бас режиссері Қуандық Қасымов жүруші еді. Бойы, даусы, келбетінде сахналық сәйкестілік бар. Ең бастысы сахналық, актерлік тәжірибесі бар. Қуандыққа өзі ойнап, әрі режиссерлық жасау қиын болса, сырттан режиссер шақыртып қойдырмақшы болып жүргенмін.

Жадымнан шығып барады екен. Спектакльдің барлық шығын есебін жасап, сол кездегі облысымыздың әкімі Серік Әбікенұлы Үмбетовке бардым. Түсінді:

– Басқадан аясақ та, Баукеңнен аямайық! – деп, қаражатты бөліп жіберді» [2,126.].

Міне, Шерхан Мұртаза Бауыржан батыр туралы «Ноқтаға басы сыймаған» деген драмасын осылай жазған екен.

«Бауыржан батыр» (Ноқтаға басы сыймаған) – екі бөлімді, музыкалы драма. Қатысушылар: Бауыржан – халық қаһарманы; Сәлима – әйелі; Имаш – Бауыржанның бабасы; Генерал – неміс генералы; Офицер – неміс офицері; Құрманбек – халық артисі; Шибай – жазушы, драматург; Төраға – жазушылар жиналысын басқарушы; Шеңгелбай – Шибайдың ағасы, финансист; Нәмет – Бауыржанның туысқаны; Фатих – Бауыржанның туысқаны; Молда – бұрынғы жендет; Киікбай – ақын-жырау; Райком – І-секретарь; Райисполком – Бастық; Районо – Бастық; Байтерек – киелі ағаш; Хамит – ақын; Тахауи – жазушы; Гафу; Иосиф – ЦК-нің І хатшысы; Ұзын – бюро мүшесі; Қысқа – бюро мүшесі; Тақырбас – бюро мүшесі; Еңкіш – бюро мүшесі.

Шығарма экспозициясы былай құрылған:

«Тәңіртау. Зау бәйтерек. Мыңбұлақ. Құлынды бие. Бәйтерек түбінде екеу. Біреуі Имаш. Бауыржанның бабасы. Рухы. Ақ киімді, ақ шашты, ақ сақалды. Құстар сайрайды. Екінші – Бауыржан. Ол да рух. Ол да қарт. Басында дөңгелек қазақы бөрік. Үстінде ескі шинель. Аяғында киіз бәтеңке. Қолында қисық-қыңыр таяқ. Екінші қолында – ұзын мүштікті сигарет. Космос музыкасы. Реквием сияқты.

Драмада бас кейіпкер – Бауыржанның өзі және әйелі Сәлима. Драма Батыр Бауыржан мен бабасы Имаштың өзара кенесуімен басталады. Драма ұлттық ерекшеліктерге толы болып келеді. Оны әрбір көріністен байқауға болады. Әсіресе, майдан даласында батырдың қазақ әндерін шырқатып, «Жауынгерлер! Міне, ән құдіреті. Әдетте: «Зеңбірек зіркілдегенде музыка көтін қысады» деуші еді. Енді, міне, қазақтың қайғылы да қаһарлы әні шырқалғанда зеңбірек те көтін қыса қалды. Бұл ғажап!», – деп жар салуының өзі кез-келген жанның жүрегін тербейді. Ал, үшінші көріністің өзінде неміс генералының зеңбіректердің үні өшкеніне таңданып, алыстан естілген ән құдіретінен шошынып: (Қабырғадағы Гитлердің суретінің алдына тізерлеп отыра қалып жалбарынып) Баяғы гундардың сұрапыл тасқыны қаптап келеді, құтқара гөр, Құдірет!, – дегені де драма қуатын арттырады. Бұдан кейінгі соғысты көрмеген, сезінбеген жанның ол туралы жазған драмасының өміршең бола алмайтынын айтып, соғыс психологиясы туралы батыл айтады. Жиналысқа қатысып отырған жазушылар мен жас ақындар шындықты айтқаны үшін батырдың қолын алып, құттықтайды. Шибайдың кекшіл екендігін, абайлап жүру керектігін айтқандарға Бауыржан: Кекшіл болғанда менің неменемді кесіп алады? Сұрапыл соғыста құдай алмаған жанды енді елге келгенде, Шибай алса құдайда да әділет жоқ. Мені Шибайдың қоқанымен қорқытпандар. Мен тек көк Тәңірден ғана қорқамын.

Пендеге пенде қылма жүз салдырып,

Телміртпе бір жаманға көз талдырып,

Махрум ете көрме, раббым Алла,

Мейірлі қазынаңнан құр қалдырып,

Шибайларға Құдай телмірпесін» [3,246.], – деп жауап береді.

Көшеде бір кездегі сымбатты, майдан даласында кездестірген батыр Сәлиманы көріп қалған Бауыржан оның жағдайын тура болжап біледі. Шибайға қаһарланып айтып, Сәлиманы өзіне жар етіп алады.

Екінші бөлім бір кездері Имаш бабаның еккен алып бәйтерегіне Сәлиманың сәлем жасауымен басталады. Бұл да шығарманың ұлттық бояуын қалыңдата түседі.

Драмада белгілі ақын Ғафу Қайырбеков, Хамит Ерғалиев, жазушы Тахауи Ахтановтардың Бауыржанды сыйлап, құрметтеуі көрсетіледі.

Бауыржан батыр туралы бұдан отыз жылдай бұрын жазушы Александр Бектің шығармасы бойынша жазылған драматург А.Шацковтың «Волоколам тас жолы» пьесасы осы театрда қойылған екен. Ол пьесадағы басты рөлді театрдың актері Жұмахан Абдықадыров ойнаған екен.

Ал, ширек ғасырдан астам уақыттан кейін Бауыржан батыр туралы драманы сахналануы туралы белгілі режиссер Қ.Қасымов былай дейді: «Облыстың Мәдениет басқармасының бастығы Әлібек Әмзәұлы бір күні театрға Шерағамызбен бірге келіп, мені театр директоры Талғат Сұлтангереевтің кабинетіне шақырды. Кірсем, төрде Шераға, маңында Әлібек Әмзәұлы, Талғат Сұлтангереев және драматург ағамыз Елен Әлімжан бас қосып отыр екен. Аман-саулықтан кейін Әлібек аға мені Шерағаға таныстырып: «Міне, мына азамат осы театрдың бас режиссері – Қуандық Қасымов. Баукең туралы спектакльді өзі қояды» деді. Шерағам түр-тұлғама көз жүгіртіп қарап алды да: «Баукеңді театрда ойнайтын актер бар ма?» деді. Мен аузымды ашып жауап бергенше, Әлекең мені тоқтатып: «Баукеңді Қуандықтың өзі ойнайды. Түр-тұлғасы келіп тұр. Және бұдан басқа актер Баукеңнің жан-дүниесін терең үңіліп, түсіне алмайды. Мінезінде де ұқсастық бар» деп кесіп айтты. Шерхан аға жан-жағындағы отырған адамдарға сендер не дейсіндер дегендей бір қарап алды да, олар үндемеген соң маған тіл қатты: «Қалай өзің ойнап, өзің қойып екі міндетті бірдей орындай аласың ба?» деп төтесінен сұрақ қойды. Мен: «Әрине, оңай емес. Дегенмен сеніп тапсырып отырсаңыздар сол сенімді ақтауға тырысамыз ғой» дедім. Шерхан аға: «Ендеше сәттілік тілейік. Шығарма қолыңда. Қалай қоям десең өз еркінде. Драматургиялық композиция бойынша көмек керек болса, мына Елен көмектеседі. Бұл маған қарағанда тәжірибелі драматург қой. Өзгеріс жасайтын болсаң Еленмен ақылдас. Тек бір өтініш: Баукеңді сомдағанда оның біз білетін, ел танитын бейнесін жүз пайыз жасай алмайсың. Сондықтан, өзіңнің көкірек қиялыңнан туған, өзіңнің Баукеңді жасауға ұмтыл. Оны қайталаудың қажеті жоқ және ол керек те емес. Себебі, бұл көркем шығарма. Ал, көркем шығарма документ емес. Дегенмен жетпіс, сексен пайыз сәйкестік көрсек қуанар едік» деп сөзін аяқтап қоштасып шығып кетті» [4,226.].

Осылай көрерменге жол тартқан драма Қ.Қасымовтың режиссерлығымен өзгертіліп, өте жоғары бағаға, ықыласқа бөленеді. Драманың тұсаукесеріне қатысқан батыр Бауыржанның келіні көзіне жас ала тұрып, шын қуанышын, алғысын білдірген.

Қорыта айтқанда, үлкен ұғымға айналған ірі тұлғаларды заманның белгілі бір кезеңдері дүниеге әкелетіндігі белгілі. Кез келген адамды өз уақытының перзенті деп қарасақ, ұлы тұлғаларды сол өздері өмір сүрген дәуірдің тарихи-әлеуметтік қажеттілігі заңдылығынан сырт алып қарауға да болмайды. Қазақ халқының басынан да нешеме киліккен қасірет, бірінен-бірі өткен тауқыметтер өтті. Дегенмен, мұның бәріне тапалып қалмай, тістене шыдап баққан тәкаппар қасиетке ие ерен тұлғалар болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дәутайұлы Н. Ел-жұрттың ерен тұлғасы. //Ақ жол. – 2005. – 18 тамыз
2. Байғұт М. Мұртазаның мұнарасы // Оңтүстік Қазақстан. – 2002. – 11 қазан
3. Қазақтың Шерағасы. 7-том. - Тәуелсіздік жылдарындағы драматургия. – Тараз, 2014. – 146б.
4. Мәмесейіт Т. Шерхан Мұртаза: [Қаламгерлік, қайраткерлік ғұмырбаян] – Астана: Елорда, 2002. – 280 б.

ӘОЖ 82.114.27

АБАЙ ЖӘНЕ АЛАШ АРЫСТАРЫ

ТӨРЕБЕКҰЛЫ Ж.

№40 гимназияның 6 сынып оқушысы, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ЕСИМОВА Г.Т.

№40 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье проанализировано творчество Абая и Алашской интеллигенции.
Summary. The article analyzes the creativity of Abay and the Alash intelligentsia.

Қазақ әдебиеті тарихында Абайдың әдеби мұрасын жоғары бағалап, алғаш пікір білдірген қалам қайраткерлері – Алаштың ардақты азаматтары. ХХ ғасырдың басында-ақ Алаш арыстарының көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұлы Абайға «қазақтың бас ақыны» деп, ал Мағжан Жұмабайұлы «хакім ақын» деп, Сұлтанмахмұт Торайғыров «ақындар пайғамбары» деп лайықты бағаларын берген болатын. Абайдың өмірі мен ақындық өнері жөнінде бірінші болып ғылыми ой айтқан адам – Әлихан Бөкейханов. 1905 жылы жазған «Абай (Ибрагим) Құнанбаев» атты азанамасында: «...Абай асқан поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтанышы болды. Абай сияқты халықтың рухани творчествосын осыншама жоғары көтерген қазақ ақыны әлі кездескен жоқ», - деп ең алғаш жоғары баға береді [1, 18-19 б.]. Абай шығармашылығына шынайы әдеби талдау жасап, алғаш Абай ақындығына көркемдік тұрғыдан зерделі ой айтып, ғылыми құнды мақала арнаған А.Байтұрсынұлы. Ол «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында: «Қазақтың бас ақыны – Абай (шын аты Ибрагим) Құнанбаев, онан асқан бұрын-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ», – деген [2, 54 б.]. Бұл ең жоғары баға және үлкен құрмет. Бір ғасырға жуық бұрын айтылған бұл баға Абайдан басқа әлі ешкімге берілген жоқ.

Қазақ халқының әдебиеті мен мәдениетінің дамуына, бұрын-соңды болмаған жаңа сапаға көтерілуіне Абайдың еңбегі орасан зор. Абай шығармашылығы халқымыздың қоғамдық санасында ерекше сілкініс туғызып, рухани бетбұрыс жасады. Осыған орай ХХ ғасырдың басында қазақ зиялыларының үлкен шоғыры ұлттық мүддені ту етіп көтеріп, тарих сахнасына шығуы да кездейсоқ құбылыс емес еді. Қазақ зиялылары халықтың болашағы Абай нұсқаған сара жолда деп білді, соның ізімен жүруді мұрат етті.

Абай мұрасы жайлы А.Байтұрсынұлынан кейін құнды пікір айтқан адам – Міржақып Дулатұлы. Оның 1914 жылы 23 шілдеде «Қазақ» газетінде жарияланған «Абай» атты мақаласы ақынның қайтыс болуының он жылдығына арналып жазылған. Қазақтың классик ақыны Абай дәстүрінің жалғасын алғаш танып, ол туралы жар салып пікір білдіргендердің бірі М.Дулатұлы болатын. М.Дулатұлы Абайды оянып келе жатқан қазақ халқы әдебиетінің негізін салушы деп таныстырады. «Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай аты боларға керек. Абайға шейін қазақта қолға алып оқырлық, шын мағынасында қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жоқ еді. Бәлкім, мұнан кейін Абайдан үздік артық ақындар, жазушылар шығар, бірақ ең жоғарғы, ардақты орын Абайдікі», – деген пікір білдіреді [3, 71 б.]. Бұған қарап Абайға дейінгі ұлттық әдебиетті жоққа шығару деп түсінуге болмайды. Ақынның өзіне дейінгі халық даналығы, ауыз әдебиеті, өзі үлгі тұтқан әлем әдебиетінің жауһарлары негізінде жасаған жаңа әдебиеттегі еңбегіне баға беру.

Ж.Аймауытұлы мен М.Әуезовтің («Екеу» деп қол қойған) 1918 жылы «Абайдың өнері һәм қызметі» атты мақаласы «Абай» журналының № 2 санында жарық көреді. Бұл мақалада Ж.Аймауытұлы мен М.Әуезов Абайдың қазақ әдебиетіндегі орнын көрсетеді. Абайдың ақындық өнерін өзіне дейінгі әдебиет үлгілерімен салыстыра отырып, өзіндік ерекшелігін, поэзияға әкелген жаңалығын атап өтеді. Абайдың ең бір артық өзгешелігі, заманының ыңғайына жүрмей, өзінің «өздік» беті мықты ұстап, ақылға, ақтыққа, көңілдің шабытына билетіп, көз тұндырарлық кемшілік, міннің ортасында туып, ортасында жүріп, үлгілі жерден өрнек алып келген кісідей ашық көзбен қарап, барлық мінді мүлтіксіз суреттеуі, шарықтап жүріп қылт еткенді көретін қырағы қырандай сыншылдығы...

Абайдың қиялы шалымды, ойы терең, ақыл-білімнің әр тарауынан көкірегінде асыл қазына көп. Сол қазынаны барлық ырғағы, нәзік сыпатымен, қазақтың ұстармаған, ысылмаған жуан тілімен биязы ғып шығаруы, әрі ақындығы, қызыл тілді шешендігі. Осылай Ж.Аймауытұлы мен М.Әуезов Абайдың сыншылдық, ойшылдық, сыршылдығы мен тілге шешендігін айтып, оның өзге ақындардан өзгешелігін атап көрсетеді. Яғни ақындық қуаты мен шеберлігін, өзіндік ұстаған бетін айқындап береді.

Абайдан соңғы ақындар шығармашылығы туралы қазақ әдебиеті тарихында алғаш ғылыми мақала жазған Ж.Аймауытұлы. Ол «Абайдан соңғы ақындар» атты мақаласында Абайдың ақындық өнерін жалғастырып, дәстүрін сабақтаған Ахмет, Міржақып, Шәкәрім, Мағжан поэзиясына талдау жасайды. Бұл мақалада ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ поэзиясындағы Абайдың ақындық дәстүрі сөз болып, кеңінен қарастырылады. Абайдан кейінгі ақындарды мынадай үш түрлі жікке бөледі:

«1) Сезімге әсер берерлік суретті өлеңдер көбінесе Мағжан, Міржақып, кейде Сұлтанмахмұт хәм Ахмет Мәметовтікі... Бұлар – сыршыл (лирик) ақындар.

2) Екінші жіктің өлеңшілері – Ахмет Байтұрсынов, Сәбит Дөнентаев, Шәһкәрім Құдайбердиев, Бекет Өтетілеуов. Бұлардың өлеңі сырты төгілген, сұлу, кестелі, анық, халықтың ұғымына, оқуына жеңіл, тәтті. Бұлардың өлеңінің сезім мен қиялға тәрбие-әсері аз, ақылға азығы бар. Бұлар – халықшыл (народник) ақындар. Ана ақындардан бұлардың сөзінің халыққа бір атасы жақын тұрады.

Осы күнде сәті кетіп бара жатқан үшінші бір жік бар. Бұл жіктің ақыны ескі өлең, жыр-тақпақтарға еліктеп, желе жортақтатып, құбажондатып келетін Ғұмар Қарашев», – дейді [4, 129 б].

«...Абайдың «үміт еткен жасөспірім достары» ойланды және сол Абай аңдатқан рухани бостандықты ту етті де мұқым ұлттық мүддені «Алаш» деген ұранға біріктірді. ...Мұндай азаттық бостандыққа, рухани тәуелсіздікке ұшқын түсірген Абайдың ойлы сөзі еді. Азаттық жолына біржола түскен тұсында Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсыновтың, Мұхамеджан Тынышбаев пен Міржақып Дулатовтың, Сұлтанмахмұт пен Мағжанның Абайды терең зерттеуі соған дәлел. Демек, Абай қазақтың ұлттық рухын өлтірмей, өсер ұрпаққа тірі жеткізген елінің ұлы ұлтжанды тұлғасы», – деген ғалым Т.Жұртбайдың сөзінің астарында терең тарихтың парақтары жатыр [5, 24 б.].

«Алаш» партиясы, Алашорда өкіметі туралы күні кешеге дейін тарихи шындық бұрмаланып, бетіне қара таңба басылып, қып-қызыл өтірікке былғанып келді. Оларды өкіметтің қас дұшпандары етіп көрсетіп, есімдерін мүлде атауға болмастай қатаң тиым салынды. Тәуелсіздіктің таңы атып, тарих парақтарының бет пердесі ашылған тұста, кеңес дәуіріндегі идеология үстемдігінің кесірінен бір буын ұрпақ қазақтың елді бастар нағыз көсемдері мен зиялы қауымынан қол үзіп қала жаздағанын түсінгендігін білді. Шындығына келгенде, Алаш азаматтарының басым көпшілігі ұлт мүддесі үшін аянбай күрескен, сол жолда жандарын қиған ерлер екеніне бүгінгі күнде көзіміз жетіп отыр. Олар қоғамдағы маңызды мәселелермен айналыса жүріп, қуғын-сүргін азабына қарамастан, әдебиет, публицистика, журналистика, сын, ғылым, аударма салаларында бай мұра қалдырып кетті. Ел болашағы мен ұлт тағдыры жолында атқарған еңбектерінің тарихтағы маңызы мен қоғамдық-саяси қызметі жайлы тарихшы ғалымдар академик М.Қозыбаевтың «Ғасыр қасіретін арқалаған арыстар» (1994 ж.), М.Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы» (1995ж.), К.Нұрпейісовтің «Алашорда» (1995 ж.) атты еңбектерінде арнайы жан-жақты сөз болады.

XX ғасыр басындағы ұлттың ояну кезеңінің жаршысы, қазақтың ұлттық әдебиетінің классигі дарынды ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров Алаштың ардақты азаматтарына жан даусымен Алаш деп ұран салады. Ол барлық ерлерді бостандық, еркіндік, ел қамы үшін күресуге, бірігіп тізе қосуға, бір тудың астына бірігуге шақырады.

Алаштуыастында,
Біз – алаштынбаласы.
Күніміз туып көгерді,
Сарыарқаның даласы.
Құрт аурудай жайлаған,
Құртпаққа бізді ойлаған,
Қанымызға тоймаған,
Қолымызды байлаған,
Жерімізді шимайлаған,
Өшті залым қарасы.
Жасасын, алаш, жасасын!

Ақынның бұрыннан бері ішінде қайнап жүрген бүкіл арманы осылай ұран болып шығады. Ол Алаш партиясының ұранын құптап, бостандық жолындағы алдағы күнге артқан үмітіне қосылады. Бұрынғы «ерімізді айдаған», «елімізді лайлаған», «жерімізді шимайлаған» «өшті залым қарасы» деп қуанады. «Алаш ісіне адалдықты, оны қолдауды уағыздайды, бірлікке, ел тұтастығы үшін күреске шақырады» [6, 125 б.].

Енді ешкімнің алашты,
Қорлығына бермейміз!

депхалқына жар сала, сеніммен уәде береді. «Шындықты науылын іздеп», туған елінің аспанында жарық күндей болып өнер шашуға талпынып, шиыршық атып үнемі толғанып жүрген ақын «бостандық», «теңдік» деген алаш үніне қосылады.

Алаш арыстары – табиғатына насыл туған, айрықша дарынды жандар. Бұл буын өкілдері қазақтың әдет-салтымен тәрбиеленген, мұсылманша хат танып, исламның иманды бұлағынан нәр алып, одан кейін жәдидше, орысша оқып, бірнеше тілді меңгерген жандар. Олар үлкен мәдени қалаларда білім алған өз заманының көзі ашық зиялылары, сондай-ақ сан салалы мамандық иелері екенін де ерекше айтуымыз керек.

Абай, Ахмет, Міржақып, Мағжандар қазақ әдебиетінде жаңа көркемдік әдістің негізін салды. Абайды білген немесе оның аты мен шығармаларына сырттай қанық ірілі-кішілі ақындардың Абайдай көркем сөз алыбына еліктемегені, тағлым алуға тырыспағаны кемде-кем.

Алаштың ардақты өкілдері ұлттық әдебиетке өз бағыт-бағдарымен, өзіндік бет өрнегімен әсіресе ұлы жаңалықтарымен келген қаламгерлер. Қоғамдық, гуманистік, ағартушылық, демократтық озық идеядағы тамаша туындыларымен, рухани мол мұраларымен қазақ әдебиетінің алтын ғасырын жасаған классиктер.

Сонымен, Алаш ақындарының өлеңдеріндегі ой тереңдігі қазақ қоғамының шындықтарымен тамырластығында жатыр. Абай мен Алаш ақындарын біріктіретін ортақ мақсат: біріншіден, олардың бәрі де қазақ халқының қамын ойлап, ұлттық тәуелсіздігін көксеген, ел еңсесін көтеруді мақсат еткен; екіншіден, бәрінің де негізгі ой-армандары елін, халқын жетілдіру, сауаттарын ашу басқа халықтармен терезесін тең ету еді. Бір сөзбен айтқанда, ғасырлар бойғы қазақтың ұлттық рухын паш ету, ел намысын, болашағын аяқтасты етпеу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бөкейханов Ә. Абай (Ибраһим) Құнанбаев / Абайды оқы, таңырқа... Құраст. М. Мырзахметов. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 160 б.
2. Байтұрсынов А. Қазақтың бас ақыны / Абайды оқы, таңырқа... Құраст. М. Мырзахметов. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 160 б.
3. Дулатов М. Абай / Абайды оқы, таңырқа... Құраст. М. Мырзахметов. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 160 б.
4. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999. – 5 т. – 304 б.
5. Жұртбай Т. Күйесің, жүрек... сүйесің. – Алматы: Санат, 2001. – 408 б.
6. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы: Білім, 1995. – 288 б.

ӘОЖ 82.228.33

СЫР БОЙЫНДАҒЫ ДАСТАНШЫЛДЫҚ ҮЛГІ

МАНАПОВА Г.Е.

№6 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

ЖЕКСЕНБИЕВА Ш.М.

№6 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. В статье рассматривается творчество поэтов, сформировавших свою творческую школьную традицию в истории казахской литературы.

Summary. The article examines the work of poets who formed their creative school tradition in the history of Kazakh literature.

Қазақ әдебиеті тарихында өзіндік шығармашылық мектеп дәстүрін қалыптастырып, дамытып, шығармалары «Сыр сүлейлері» атауымен халық жүрегінен берік орын алған ақындар шоғыры ұлттық мәдениет тарихында айрықша даралана бағаланып келеді. Олар: Базар Оңдасұлы, Ешанияз сал Жөнелдікұлы, Жиенбай Дүзбенбетұлы, Ерімбет Көлдейбекұлы, Оңғар Дырқайұлы, Күдері кожа Көшекұлы, Даңмұрын Кенжебекұлы, Мәделі Жүсіпқожаұлы, Омар Шораяқұлы, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Қаңлы Жүсіп, Нұртуған Кенжеғұлұлы, Мәнсұр Бекежанұлы, Молдахмет Дабылұлы, Тұрымбет Салқынбайұлы, Сейітжан Бекшентайұлы, Мұзарап Жүсіпұлы және т.б. ақындар Сырдария мен Әмудария өзендері жағалау аймақтары мен Қаратау атыраптарын

қамтыған ақындық өнер мектебі дәстүрін ұлттық көркемдік ойлаудың көрсеткіші биіктігінде танытты. Бұлардың шығармашылығын құраған негізгі арналар: біріншісі – қазақтың ауызша және жазбаша дамып қалыптасқан ұлттық сөз өнері, фольклор мен әдебиет мұралары; екіншісі – Шығыс фольклоры мен классикалық жазбаша әдебиеті; үшіншісі – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында қауырт өркендей бастаған еуропалық дәстүрдегі жаңа жазба реалистік әдебиет.

Сыр сүлейлері шоғырының дарынды тұлғаларының бірі Сейтжан Бекшентайұлының шығармаларының алтын арқауы да – имандай адалдық, періштедей пәктік, ар мен жанның мөлдір тазалығы.

Ақынның жүрек лүпілінің үндеуі – ислам дінінің адамзатты қылаудай қиянатқа барғызбайтын тура жолымен сарындас. Оның діни тақырыптағы өлеңдерінен философиялық ой-толғам, өмірге деген құштарлық байқалады. Атақты Марал ишан бабамызға арналған өлеңінің өзі бір мақалаға жүк боларлық салмағы бар. Бекшентайұлы Сейтжан, Сейтжан сал 1874 жылы Қызылорда облысы, Қармақшы ауданында туған. Патша заманының және кеңестік дәуірдің алғашқы кезеңінде өмір сүрген. Ақын кеңес өкіметінің «қас жауы» деген жаламен 1938 жылы атылып кетеді. Содан соң жарты ғасырдан соң 1989 жылы ақталып, өлеңдері баспа беттерінде жариялана бастайды. Ақын шығармаларын зерттеу ісі 1944 жылдан бастау алып, Ә.Қоңыратбаев, М.Байділдаев, Н.Керейтбаев, Қ.Есжанов, Т.Дайрабай т.б. зерттеушілер көптеген деректер қалдырады. Аз ғана ғұмырында бірнеше ақындармен айтысқан, жұмбақ айтысқа да қатысқан. Діни тақырыпта жазылған өлеңдерінде жаратылыс сыры, жан мен рухтың тереңдігінің мәнін ашуға тырысады. «Түсейік жолға адамдық» атты жырында:

Бауырларым неге мұнша,
Дүние деп зарладық.
Сол дүниенің қасіреті-
Адамдық жолға бармадық,
Білім, өнер үйренуге,
Назарды бір салмадық
Алжастырып әркімдерді
Туғанды да алдадық
Жиған дүние көрінбей
Адамдық арды жалмадық...
Құрысын енді надандық

Түсейік жолға адамдық [1, 126.], – деп поэзия арқылы қазақ қауымының санасын тәрбиелейді. Адамның ішкі әлеміндегі сапалық құндылықтарды көтеру арқылы, қоғамды жақсарту туралы ой толғайды. Адамды ізгілікке ұмтылу арқылы алланы сүюді, адамзатты құрметтеуді және өзінің ішкі әлеміне үңілуді, жамандық атаулыдан аулақ болуға шақырады. Ақын адамның жетілуі оның өзіне қатысты екенін ескертеді. Өз бойындағы, жаратылысындағы жақсы қасиеттерді өзінің дұрыс өмір сүруіне пайдалана алса, ізгілікке бейімделуге құштарланса ғана, адам өмірі мәнді болады деп пайымдайды.

Ағартушылық бағытындағы әдеби ағымға тән басты ерекшеліктердің бірі – адамдардың терең білім алуға, ғылым игеруге үгіттеу, насихаттау. Насихат айту – адамзат ұрпақтарының алдыңғы буын өкілдерінің үлгілі істерін кейінгі толқын ұрпаққа өнеге етіп айту. Бүкіл адамзатқа рахым ретінде ғана түсірілген ақиқат білім көзі «Құран Кәрімде» адам баласының бүтін ғаламдағы орны, жаратылуы мен құлшылығының сырлары, тіршілігінде атқарар қам-қарекетінің шегі көрсетілген.

Сыр бойы ақындарының ең алдымен бөліп айтарлықтай ұтымды ойлары – қалыптасқан әдеби дәстүрге Шығыстық үлгідегі шығармалардың қосылып, әдемі өрнектелуі. Осылайша ақын-жырауларымыз өздеріне дейінгі жазылған шығыстық үлгідегі шығармаларды оқи отырып, дамытты, солай дәстүрге айналдырды. Бұл жөнінде белгілі зерттеуші ф.ғ.д., профессор Б.Кәрібозұлы: «...Сыр өңіріндегі әдебиет өкілдері шығыс әдебиетінің дәстүріне ерекше ден қойып, шығыстың классикалық әдебиетінің үздік туындыларын нәзира дәстүрімен немесе Шығыс сюжетіндегі аңыздар мен ертегілерге өз жандарынан қосып, қисса-хикаяттарды дүниеге келтіріп отырған. XX ғасырдың алғашқы ширегінде, әсіресе, Сыр сүлейлері шығармашылықтарында небір ғажайып үлгілі, көркемдігі қамшы салдырмайтын тындылар Шығыс әдебиетінің дәстүрінде дүниеге келіп, оқырмандарын тауып, халық арасына кең тарай бастаған» [2, 316.].

Сұлу Сырдың бойында ғұмыр кешіп, халқы мен елінің тіршілігі өссін, армандарына қолдары жетсін деп тіршілік кешіп, ауыры мен қиынын, ащысы мен тұщысын жөндесем деп армандаған

талай акын-жазушылар өтті. Солардың ішінде ел есінде ақындығымен есте қалған, «тұлпар акын» деп атақ алған Тұрмағамбет Ізтілеуұлы еді. Ақын шағармашылығында өз кезең әдебиетіне тән өсиет, ғақлия, насхат өлеңдер көп кездеседі. Адамгершілік қасиеттерге шақыру, білімге ұмтылдыру, өзінің елін жоғары елдің қатарына қосу, халқын ұйқыдан оятып көзін ашу, Аллаһты мойындауды, ислам дінін насихаттау ақынның шығармашылығында кең орын алады. Оның:

Қалайда да өзіңнің
Құлыңнан болам бір, Алла.
Көңілімді басты кір, Алла!
Сол кірімді кетіріп,
Ойыма орнат нұр, Алла! [3, 375б.]

Ақын бұл өлеңінде Алла жолынан таймай, медет сұрайды. Көңіліндегі кірді кетіру үшін Аллаһтан жәрдем сұрайды, тілек тілейді. Ақынның ислам діні аясындағы көзқарастары барлық шығармаларында да айқын байқалады. Әсіресе, көңіл айту және жоқтау жырларында Аллаһтың құдіретін, фәни мен бақи дүние жалғастығын мойындау идеялық – композициялық желі болып жырланған. Ақын халыққа көңіл айтуда және бұл дүниеден өткендерді жоқтауда адамзаттың өмір шындығын, имандылық қағидасы тұрғысынан қабылдауды ұсынады.

Сыр бойы ақын-жыраулары туралы сөз қозғар болсақ, осындай шығыстық дәстүрді ұстанғандар көп. Шығыстың «Мың бір түн», «Шаһнама», «Тотынама» сияқты дастандардағы керемет қасиеттерін ала отырып, қазақи дастандар дүниеге келіп жатты. Оған Ә.Егізбаевтың «Дат», «Төрт дәруіш», Жүсіп Ешниязұлының «Шаһизада», «Сұрмерген», Әлиакбар Жұматайұлының «Жүз сұрау», Қаңлы Жүсіптің «Жүкті қыз», «Мәрді салық», Ә.Әлиасқаровтың «Қорқыт», «Төрт дәруіш», т.б. шығармаларын мысалға келтіруімізге болады. Осы айтылған ойымызға зерттеуші Ғ.Тұяқбаевтың пікірін айта кетуіміз жөн болар: «Шығыс әдебиетінің үлгілері, әсіресе, ғашықтық дастандары «Сейфүл-Мәлік», «Бозжігіт», «Мың бір түн», «Тотынама», «Шаһнама», «Ләйлі-Мәжнүн», «Таһир-Зухра», «Фархат-Шырын», т.б. мен ислам дінін насихаттап, адамзат баласын имандылыққа шақыратын «Сал-Сал», «Зарқұм», «Сейітбаттал» сияқты шығармалар қазақ даласында ауызша тарады. Қазақ жыршылары шығыстың осындай поэзиялық туындыларын жырласа, ел арасында оларды ертегі, хикая түрінде қарасөзбен айтатындар да болады. Ал сауатты адамдар түпнұсқадан да оқыды.

Сыр бойы ақын-жазушылардың ішінде ислам тақырыбына арналған дастандар бар. Онда Аллаһтың бірлігі, Құранның шындығы, Мұхаммед(с.ғ.с.) Пайғамбардың уағыздары, сахабалар, діни жолды ұстанған адамдар жайында айтылған.

Сыр сүлейлері Ерімбет Көлдейбекұлының «Мұхаммед Пайғамбар туралы хикая», «Әзірет Әлімен Дариха қыздың күресі», «Әзірет Әлі мен Мағауияның күресі», «Садуахас Сахи», «Ақтам,сабақа», «Атымтай Жомарт», «Әбу Шаһма», «Бап Раушан», Омар Шораяқтың «Мұхаммед», «Мағауия», «Һақ Сүлеймен», «Қалимулла», «Әбу Шаһыма», Қаңлы Жүсіптің «Абыра һанның бастан кешкендері» қазақ әдебиетіндегі діни қисса-дастандар қатарына жатқызамыз.

Сыр сүлейлерінің ішінде Шораяқтың Омарында да діни дастандар бар.Атап айтар болсақ: «Мұхаммед», «Мағауия», «Һақ Сүлеймен». Дастандардан Құран Кәрімнің сүрелері, аяттары мен Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) пен сахабалардың өмірінде болған оқиғалары суреттелгенін аңғарамыз. Оның «Мұхаммед» дастанына талдау жасасақ, бастан аяқ Пайғамбарымыздың өміріндегі осындай оқиғаларды бейнелеп көрсеткен. Ондағы Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбардың Меккеге жақын Саур үңгіріне келіп жасырылғандығы баяндалады. Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) үндеуі халыққа кең тарап кетеді. Оған иланушылардың саны көбейеді. Бірақ құрайыштар бәрібір оның көзін құртудың амалын ойластыра берген. Исламды біржолата тұншықтыру ниетінен қайтпаған. Осы тұста Аллаһ тағала Мұхаммедке (с.ғ.с.) Меккеден Иасрибқа (қазір ол Медине - Пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.с.) қаласы деп аталады) шығып кетуге пәрмен береді. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) сахабаларының бірталайы да осында келіп алған еді, солардан көмек болатыны да ескеріледі.

Сыр бойы ақындарының бір топ дастандары – ислам тарихындағы аңыздарды, сахабалар мен пайғамбарлардың өмірін поэзия тілімен жырлап, жаңғыртқан туындылар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Сыр еліндегі діни-ағартушылық ой-сана. Ғылыми-теориялық конф. Материалдары. – Қызылорда, 2010. –436б.

2. Кәрібозұлы Б. Беталыс. – Алматы: Арыс, 2005. – 200б.

3. Тұрмағамбет І. Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шағырмалары. – Астана: Фолиант, 2009. – 245б.

ӘОЖ 82.337.78

М.ӘУЕЗОВТИҢ АБАЙҒА ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

АКШАЕВА Б.К.

Сарыкемер мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

АБИТАЕВА Д.К.

Сарыкемер мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. В статье рассматриваются исследования М. Ауэзова об Абайе.

Summary. The article discusses M. Auezov's research about Abai.

Абай мен М.Әуезов мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын, маңызын жоймайтын зерттеудің қайнар көзі. Бұл күндері Абай Құнанбаев пен Мұхтар Әуезовтің есімдері ұлттық сана-сезімде мәңгі аталатын ұлы тұлғаларға айналды. Дана Абайды қазақ халқының рухани ұстазы ретінде тануымыз ұлы ақынның өз мұрасы арқылы ғана емес, сонымен бірге әлемдік көркем ойдың алтын қазынасына айналған М.Әуезовтің тарихи эпопеясы арқылы жүзеге асты. Бұл ретте ең бірінші тілге тиек етеріміз – Мұхтар әлемінің Абай әлемімен рухани сабақтастық мәселесі. “Бүгін біздің назарымызды көбірек аударуға тиіс нәрсе Мұхтар Әуезовтің ұлы Абаймен рухани жақындық-жалғастығы. Мұның өзі дүниежүзі әдебиетіндегі айрықша құбылыс. ...Абайды әлемге әйгілеу үшін Әуезов қандай қажет болса, Мұхтар Әуезовтің дүниежүзі мәдениетінің биігіне көтерілуіне Абай мұрасы, Абайдың өнерпаздық, ойшылық дәстүріндей үлкен тірек сондай қажет еді”, – деп академик З.Ахметов Абай мен Мұхтардың рухани сабақтастығының дүниежүзі әдебиеті үшін маңызы зор екенін атап көрсетеді [1, 32 б.].

«Әдебиет пен искусствоға дәстүр мен жаңашылдық – творчестволық, эстетикалық және тарихи категория. Өйткені, ол қатып қалған құбылыс емес», – деп анықтама береді ғалым А.Нұрқатов [2, 7 б.]. Дәстүр мен жаңашылдық мәселесі ежелден келе жатқан барлық халықтың әдебиеті мен өнеріне тән дамып жалғаса беретін мәңгілік үрдіс деуге болады.

Ұлттық әдебиеттер арасындағы көркемдік дәстүрлер жалғастығы бар да, сондай-ақ әр халықтың әдебиет өкілдері арасындағы дәстүр сабақтастығы бар. Ақын-жазушылар арасындағы дәстүр мен жаңашылдық, әдеби сабақтастық мәселесі барлық халықтың әдебиетінде кездеседі. «Дәстүр және оның жалғасу заңдылықтары бір әдебиет тарихы көлемінде де, бір аймақ, тіпті әлемдік әдебиет аясында да көрініс таба алады», – деп профессор Ж.Дәдебаев айтқандай, дәстүрдің бір-біріне ұласуы әлем әдебиетіне тән құбылыс [3, 3 б.].

Мұхтар Әуезов шығармашылығының ең негізгі өзек еткен арнасы, рухани ұстазы Абай тағлымында жатыр. Алып мұхиттан сусындаған Мұхтарға Абай тақырыбы оның өмірінің мағынасы мен мәніне айналды. Бес жасынан атасы Әуездің Абай өлеңдерін жаттатып, санасына мәңгілікке сіңіргені ақынға деген құрметінің алғашқы бастамасы еді. Жастайынан Абай мұрасына қанығып, ақын шығармаларының құдіретін сезініп өсті. Бұл жайды М.Әуезов былай деп еске алады: «Атамыз бізді өзінше оқытатын. Бұл оның өзіне оңайырақ соққан болар. Ал шәкірт байғұстың көз жасы тимей-тимей кетуші еді. Аздап қара таныған соң өлеңдерінің бірінен соң бірін жаттадым. Өлеңдер бір түрлі түсініксіз. Ара-арасында: Пушкин, Лермонтов, Крылов, Татьяна мен Онегин тәрізді бұрын құлақ естімеген, оқшау, өзгеше есімдер ұштасып қалады» [4, 4 б.].

Бала кезінен Абай шығармаларын санасына сіңіріп өскен Мұхтар ақын жайлы жазуды он тоғыз жасында-ақ армандаған болатын. Өйтсе де М.Әуезов Қазан төңкерісінен кейінгі жылдардан бастап-ақ Абай мұрасының жиналуы мен зерттелуі туралы мәселеге қызу араласа бастаған еді. Әрі М.Әуезовтің Абай өмір сүрген ортада туып, жастайынан ақын шығармаларымен таныс болып өсуінің де белгілі дәрежеде мәні бар. Өйткені, ол сол дәуірдің ірілі-ұсақты оқиғаларын, ұлы ақын туралы ел арасындағы

сан қилы әңгімелерді ой дүниесіне тоқи жүргендіктен, Абай өмірінде кездескен көп оқиғалардың сырын Абай мұрасын зерттеушілердің көбінен әлдеқайда жетік білді. Бұл жағдай Абай мұрасын жинап зерттеудегі М.Әуезовтің орасан зор еңбегінің жемісті болып аяқталуына айтарлықтай септігін тигізді.

Мұхтар – қазақ әдебиетінің Абайдан кейінгі Абайы. «Эпикалық роман «Абай», менің ойымша, XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі», – деп баға береді Луи Арагон [5, 22 б.].

Мұхтар Әуезовтің қазақ драматургиясын биікке көтерген “Еңлік-Кебек”, “Қарагөз”, “Түнгі сарын”, “Хан Кене” пьесаларын оқып отырғанда, Абайдың поэтикасының сарынын, поэзиясындағы ақын тілінің кейбір сөз оралымдарын кездестіруге болады. Мұхтар Әуезов шығармаларында Абай дәстүрі басты орын алғаны белгілі. “Әуезов Абайды тану арқылы өз халқының тыныс-тіршілігін терең білді, қам-қаракетін, қайғы-қасіреті мен шаттығын, аяулы арманы мен нұрлы үмітін, тарихи болмысы мен бүгінгі бітімін терең ұғынды. Әуезовті әлемдік биіктерге жетелеген де, бағыт сілтеген де – Ұлы Абай”, – деп белгілі жазушы Әбіш Кекілбаев Әуезовтің шығармашылық әлемінде Абайдың басты орын алатынын қадап айтады [6, 11 б.].

“Еңлік-Кебек” пьесасы Абыз толғауларынан басталады. Абыз – халық арманын, қасиетті идеяны арқалаушы жан.

Абыз. Кәрі көңіл о бір зәр. Күні еңкейіп, көлеңке басқан бейуақтай. Самал желі мұздай, көк майсаны сыздай етті. Ызғар сезген бойым бар. Панасыз ел баладай... .

Драматург Абыздың монологін пәлсапалық терең ойлылыққа құрайды. Әр сөзінде дидактикалық сарын бар. Ол халықтың қамын жеп, соның тілеуін тілейді. Абыз толғауындағы “күні еңкейіп, көлеңке басқан бейуақтай” деген тіркес Абайдың “Көлеңке басын ұзартып” өлеңінде бар сөздер. Мысалы:

Көлеңке басын ұзартып
Алысты көзден жасырса
Күнді уақыт қызартып,
Көкжиектен асырса;
Күңгірт көңлім сырласар
Сұрғылт тартқан бейуаққа.

Бұл өлең Абайдың өмірдің белесіне жетіп, соқтықпалы-соқпақсыз заманды басынан кешіп, “күңгірт көңіл” шырмауына оралған сәтін білдіреді. Ақын өзінің көңіл күйіндегі көңілсіз күңгірт сезімді табиғаттың кешқұрым бейуақтағы сәтіне орайластырып жырлайды. Айналадағы дүниенің суретін, сырын шарпыстырып, табыстыра жырлаған Абай өлеңіндегі сөздерді М.Әуезов Абыздың монологіне келістіріп береді.

«1942 жылы М.Әуезовтің «Абай» романының бірінші кітабының шығуы қазақ әдебиетінің ғана емес, республиканың мәдени өміріндегі тарихи оқиғалардың бірі болды». «Абай жолы» роман-эпопеясының жариялануы өте күрделі әрі маңызды жол болды. М.Әуезов алғашында Абай туралы романын үш кітап етіп жазып, «Телғара» деп атамақшы болады. Жазушы 1940 жылы күзде «Абайдың» алғашқы кітабын бітіреді. Қолжазбаның ортасынан асқанда шығарма көлемдене түсіп, 2-ші кітапқа жалғасады. «Телқара» деген аттың орнына «Абай» деп жазылады. Латын әрпімен жазылған қолжазбаны басып шығаруда көптеген қиындықтарға ұшырайды. Ең бірінші, 40-шы жылы графика ауысып, орыс графикасымен қайта жазуға тура келеді. Бірақ ұзақ талқылаудан соң роман латын әрпімен терілуге жіберіледі. Сол уақытта баспаның бас редакторы болып тұрған профессор Б.Кенжебаев ешкімнің рұқсатынсыз 1942 жылы кітапты басып шығарады. Сол үшін Б.Кенжебаевтың жеке басына көптеген қиындықтар туғызады. «Міне, осындай қысталаң, өзексіз тар, өңезе кезеңде Бейсембай Кенжебаевтың тәуекелі – қайталанбас рухани ерлік, қайталанбас кісілік», – деп Қ.Ергөбек ғалымның ерлік ісіне тәнті болады. Байқап отырсақ, Б.Кенжебаевтың азаматтығы мен батылдығы болмаса, «Абай» романының шығу-шықпауы, әрі қарай жазылуы-жазылмауы неғайбыл еді. Осылайша, «Абай» халқының қолына тиеді.

«Абай жолы» роман-эпопеясында қазақ халқының ұлттық мақтанышы, дана кеменгері Абайдың өлмес-өшпес, жанды бейнесі суреттеледі. «Абай жолы» әлем әдебиеті тарихында ұлы шығарма ретінде қабылданған. Өмір тәжірибесі мен суреткерлік шеберлігі ұштала келе Әуезовтің тарих тереңіне бойлай отырып, басты кейіпкер – Абай образы арқылы бүкіл бір дәуірдегі халықтың әлеуметтік, тарихи шындығын көрсететін көлемі жағынан ірі эпикалық туынды жазу идеясы туындайды. Бұл идея жазушыға аяқ асты келген жоқ. Абай шығармашылығына деген оның қызығушылығы жиырмасыншы жылдардан пайда бола бастайды: ұлы ойшыл-ақынның өмірі, шығармашылығы жайлы деректерді жинастырып, зерттеп, ол туралы мақалалар жазады; ақынның жеке өлеңдерін бастырады; өзі тапқан тың деректермен толықтыра Абай өмірбаянын жазады. Абайдың өміріне байланысты жазба деректердің аздығы жазушыға көп қиындық туғызады. Сол уақытта болған көптеген оқиғалармен М.Әуезов жас кезінен таныс болған.

Эпопеяда өзі сомдап шығатын болашақ кейіпкерлерінің кейбіреулерімен кездеседі. Ақынның өміріне қатысты жазба материалдармен қоса, ауызша деректерді жинағанын М.Әуезов өзі жазған болатын. «Мен роман жазбақ болғаннан кейін, керекті материалды әртүрлі жолмен өзім жинай бастадым. Абайдың жасы қазір жүз онға жуықтады, – өзі маған кездескен жоқ. Сондықтан, мен оның балалық, жастық шағын, жігіт кезін көрсету үшін, Абайды көзбен көрген адамдардың аздаған естеліктеріне сүйенуге мәжбүр болдым.

«Абай жолы» эпопеясының үшінші кітабынан бастап ендігі жерде Абайдың көптеген өлеңдерімен қоса қарасөздерін молынан кездестіруге болады. “Абай аға” атты Абайдың “Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат” атты өлеңінен үзінді беріледі. Жазушы бұл өлеңді Базаралының айдаудан келіп, оны қарсы алған көңілдес ағайын, дос-жарандары жиналған топтың арасында Көкбай ақынның айтуы арқылы оқырманға таныстырады. Бұл топты құраған Абайдың жас шәкірттері мен балалары, ақын жастар мен Жиренше, Оразбайлар ортасында арнайы осы өлеңді жазушының Көкбай арқылы көпшілікке жеткізуінде терең мән жатыр. Адам баласын ақыл-парасатқа шақырған шығармаларының ішіндегі ең жүйелі, мазмұнды өлеңін таңдап алып, жазушы осы топқа ақыл-өсиет, адамшылық жолды нұсқайды.

«Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік,

Ер табылса жарайды, қылсаң сұхбат!».

Осы өлең арқылы жазушы Абайдың жастарды адамгершілікке, адамшылық түзу жолға шақырған ұстаздық, даналық тұлғасын танытады.

М.Әуезов Абайдың әрбір өлеңдері, қарасөздері, аудармаларын эпопеяның сюжеттік желісіне сай идеялық мақсатта пайдаланып отырған. Ақын өлеңдерінің қалай туғаны, кімге арналғаны, оның орындалуы мен таралуы сияқты көптеген мәліметтер беріп отырады. Жазушы эпопеяда ақын өлеңдері мен қарасөздерін бастан аяқ сол қалпында тізбектеп пайдалана бермейді де, көбінесе шығармашылық еркіндіктерге барған. Автор ақынның әрбір өлеңінің тарихымен таныстырып жатпайды да, оның есесіне, ақындық лабораторияны, ақындық психологияны қаламгерлік шеберлікпен барынша ашып суреттейді. Яғни Абайдың ақындық, қоғамдық, гуманистік, ойшылдық, даналық тұлғасын жан-жақты танытатын тарихи кең құлашты эпопея туғызып, сан ғасыр ұрпақтары оқи берер мәңгілік туындысын жазып қалдырды.

Қорыға айтқанда, Абай мен М.Әуезов шығармашылығындағы рухани ұқсастығы олардың эстетикалық танымдарының жалғастығында. Абайдың поэзиядағы эстетикалық танымы М.Әуезов шығармаларында проза тілімен көркемделіп жарқырай түсті. М.Әуезов Абайдың ақындық, өнерпаздық туралы айтқан пікірлері мен сөз өнері жайындағы эстетикалық танымын зерттеу еңбектерінде ғылыми тұрғыдан талдаған болса, ал «Абай жолы» роман-эпопеясында көркем образдар арқылы суреттеп берді. Ақынның өнер туралы айтқан эстетикалық толғаныстары жазушы туындыларында биік талғаммен көрініп, суреткер шеберлігін танытады. Мұхтар Әуезов – Абайдың өнердегі дәстүрін жалғастырушы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Ахметов З. Мұхтар Әуезов – қазақ әдебиетінің классигі / М.Әуезов – XX ғасырдың ұлы жазушысы және гуманисі. – Алматы: Ғылым, 1997. – 163 б.
- 2.Нұрқатов А. Абайдың ақындық дәстүрі. – Алматы: Жазушы, 1966. – 348 б.
- 3.Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 284 б.
- 4.Әуезов М. Менің өмірбаяным / Мұхтар Әуезов. Ұсынылатын әдебиеттер көрсеткіші. – Алматы: Қазақстан, 1968. – 104 б.
- 5.Луи Арагон / Мұхтар Әуезов әлемі. Құраст. Ж.Ауыпбаев. – Алматы: Жазушы, 1997. – 352 б.
- 6.Кекілбаев Ә. Әуезов туралы сөз. / М.Әуезов – XX ғасырдың ұлы жазушысы және гуманисі. – Алматы: Ғылым, 1997. – 163 б.

ӘОЖ: 82.71.91

БҮГІНГІ ФОЛЬКЛОРТАНУ ЖӘНЕ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІН САРАЛАУ ҰСТАНЫМДАРЫ

АРХАБАЕВА Г.Е.

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының аға оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

МЫҚБАЕВА А.А.

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Вданной статье рассматривается труд казахского ученого А.Байтұрсынулы «Әдебиет танытқыш» (буквально – «Познаватель литературы»), где дается оценка его научных установок при классификации устного народного творчества (литературы) с позиции советской и современной фольклористики. В ходе исследования было установлено, что на формирование взглядов А. Байтұрсынулы, касающихся устной народной творчества, оказали влияние теоретические позиции его современников. В качестве метода исследования использовались историко-сравнительный и герменевтический методы.

Summary. This article discusses the work of the outstanding Kazakh scientist A. Baitursynuly Adebiettanytkysh (literally – The Cognizer of Literature), which assesses his scientific attitudes in the classification of oral folk art (literature), from the standpoint of Soviet and modern folklore. In the course of the study, it was found that the formation of A. Baitursynuly's views on oral folk art was influenced by the theoretical positions of his contemporaries. Historical-comparative and hermeneutic methods were used as a research method.

Әр халықтың өнері мен әдебиетінің бағасы, оның мұрасын тұтастай алып ғылыми және тарихи негізде пайымдау, тиісті дәрежеде талдау, маңызы мен заңдылықтарының мәнін ашып, мағынаны тарқату арқылы берілмек. Осы орайда, ХХ ғасыр басындағы, қазақтың сөз өнері мен әдебиетін ғылыми негізде алғашқы пайымдаған зерттеу еңбектің бірі А.Байтұрсынұлының «Әдебиеттанытқыш» кітабы екені белгілі. Алаштың ұлы ғалымының осы еңбегінер жылдары З.Қабдолов, Р.Сыздықова, Т.Кәкішев, Ш.Сәтбаева, Д.Қамзабекұлы, Ж.Смағұлов, А.Ісімақова, Ұ.Еркінбаев және басқа да ғалымдар мен зерттеушілер әр қырынан зерделеп, оның ішіндегі мәселелерді жанжақты қарастырған.

Осы орайда, академик З. Қабдолов: «Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» арқылы қазақтың таза ұлттық топырағына егіп-өсіріп, жалпы әдебиет дегеннің болмысы мен бітімі А.Байтұрсынұлының есіліп, көсіліп бір толғап берді. Бұл – сөз өнерінің басы, «Әліпбиі». Өйткені сөз өнерінің тек ұлттық проблемалары әдебиеттің болмыс-бітімін белгілеумен ғана шектелмейді, бұдан әрі біріне-бірі тұтасып, әдеби шығарманың сыры мен сипатын парықтау, ақыр-аяғында әдеби дамудың мағынасы мен мәнін анықтау жатыр» [1, 203], деп қорыта айтқан ойы көп жайдың мәнін ашып қана қоймай сонымен қатар бірқатар міндеттерді де айқындап бергендей.

Осы пікір, академик Р.Нұрғалидың: «Ахмет Байтұрсынұлының эстетикалық-философиялық танымын, әдебиетшілік көзқарасын, сыншылық келбетін толық танытатын жүйелі зерттеу, қазақ филологиясының ерекше зор, айтылған ойларының тереңдігі мен дәлдігі арқасында болашақта да қызмет ететін, ешқашан маңызын жоймайтын, асыл еңбек. Ұлттық әдебиеттану ғылымы қазір қолданып жүрген терминдер, категориялар, ұғымдардың қазақша өте дәл, ықшам, оңтайлы баламаларының басым көпшілігі тұңғыш рет осы зерттеуде жасалғанын ашып айтатын уақыт жетті. Бұл ретте, Ахмет Байтұрсынұлы – тіл терминдерін жасауда қандай кемеңгер, данышпан болса, әдебиеттану, өнертану, фольклортану терминдерін жасауда да сондай кемеңгер, данышпан» [2, 25], деген пікірі, ілгеріде айтқан З. Қабдоловтың пікірін біршама толықтырып, сабақтасып, бүгінгі зерттеушілердің алдында бірқатар мәселелерді қояды.

А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінде әдебиеттану мен фольклортану саласы бойынша қамтылған ғылыми таным мен көзқарас, саралау жүйесі мен категориялар, ұғымдар мен терминдер, бүгінгі заман тұрғысынан қаншалықты деңгейде зерттелгенін пайымдау.

«Әдебиет танытқыштың» екінші бөлімі өз атына екі тараудан тұрады, алғашқы тарауы «Қара сөз» деп аталған да, кейінгі тарауын «Дарынды сөз» деп атаған. Осы бөлімді бастағанда А. Байтұрсынұлы, екі түрлі лебіз барын, біріншісі – жалаң, екіншісі – көрнекі, деп екі салаға бөліп қарастырады. Көрнекі лебізден дарынды сөзді саралап шығарады, ал оны жазба әдебиет пен ауыз әдебиеттеріне тармақтай отырып талдайды [3, 102-103]. Ілгеріде аттары аталған ғалымдардың көпшілігі А. Байтұрсынұлының әдебиетке қатысты тұстарын қарастыруға арналған болатын, сондықтан да осы зерттеудің нысаны ретінде зерттеушілер тарапынан көп мән берілмей, астары

ашылмай, зерттеу насынына алыбай, қарастырылмай келген ауыз әдебиетін жүйелеу мен жанрларға саралау жағы пайымдалмай келген жақтары қарастырылады.

А.Байтұрсынұлының осындай жанрларға бөлуі және салаларға жатқызуындығы негізгі ұстанымдарының өзектілігін бүгінгі күнге дейін жоғалтпағаны көрінеді. Сондай-ақ, оның ауыз әдебиеті мұраларының саралауындағы тарихи және көркемдік ерекшеліктер, шығарма мазмұнына орай, мәнін ашу, бағасын беру ұстанымдары мен негізгі қағидаттарды қазіргі қолданыста бар.

А. Байтұрсынұлының ауыз әдебиетінде саралауына баланысты және оларға анықтыма беріп, жанрларға жатқызу негізінде, одан кейінгі кезең ғалымдарымен ұқсас ұстанымдар жатқаны сөзсіз.

Бүгінгі күнгі отандық гуманитарлық ғылымда ауызша айтылып, авторы аноним болған ауыз әдеби үлгілерін – фольклор, деп атап жүрміз. Бұл кеңес кезінен бері фольклор мен фольклортануға байланысты қалыптасқан ұғым. Ал халықаралық гуманитарлық ғылым болса, фольклорды тек сөз өнерінің аясымен шектеп қоймай, оған сонымен қатар халықтың әдет-ғұрпын, салтын, рухани және материалдық мәдениетін тұтастай қарайтын пән ретінде түсіндіріледі. Жалпы барлығымызға фольклор сөзі термин ретінде Уильям Дж. Томсон 1846 жылы кіргізіп, Британ фольклорлық қоғамы (The Folklore Society) қабылдағаннан бері тек халықтың сөз өнері ғана емес барлық материалдық құндылықтарымен біргелікте түсінеді [4, 203-216].

Ал кеңестік анықтамларда халықтың сөз өнерінен басқа материалдық, ғұрыптық және салттық дәстүрлерін этнографияға, яғни тарих пәніне жатқызып келді [5, 4-5]. Ал фольклорды тек ауызша жеткен әдеби мұрамен байланыстыру қалыптасқан үрдіс екені белгілі. Осы орайда, А. Байтұрсынұлы пайдаланған «ауыз әдебиеті» деген ұғым әлдеқайда нақты және әдеби-көркемдік тұрғыда орынды келетіні дау туғыза қоймайды. Бұл кейінгі кезде басқа бірқатар елдердің фольклортанушыларының, оның ішінде Түркия ғалымдары ауыз әдебиетін – халық әдебиеті деп, оны фольклордың бір саласы ретінде қарастырып, жазба әдебиеттен негізгі айырмашылығы ретінде оның авторының белгісіз, яғни аноним, немесе дүйім жұрт бірге шығарған туынды, бір топ кісілердің ауыша шығармашылығы пікір айтады [6, 69-71]. Айталық, Түркияның танымал ғалымы Метин Екижи «фольклор» терминін түрк елінде қалыптасқан гуманитарлық ғылым саласындағы дәстүрге орай, «халық даналығы» деген ұғым ретінде қолданып, оны қарапайым халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыпының жиынтығы ретінде түсіндіреді [7, 14-23].

«Әдебиет танытқыш» еңбегінде қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін әдебиеттен бөліп алып пайдалану мүмкін болмағанға құсайды. Осы еңбектің алғашқы тарауындағы теориялық пайымдаулар да мысалдар келтірген кезде бөле жарып түсіндіру мүмкін болмаған сияқты. Айталық, осы еңбекте Алаш ғалымы заманының үлкен шығармашылық тұлғалары Абай, Мағжан, Сәкен, Әбубәкір, Байтөк ақын, Орынбай ақын, Сүгір ақын, Ыбырай Алтынсарин, Шернияз ақын, Нұржан Наушабаев, Мәделі Қожа, Бұдабай ақын, Нысанбай жырау, Наурызбай би, Қубала ақын, Алтыбас Ақмолда, Орақұлы Әлібек, Мұрат, Мөңке, Молда Мұса, Шортанбай, Жүсіпбек және өзінің туындыларымен қатар мол ауыз әдеби мұраларын қолданған. Айталық, «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Қобыланды батыр» «Алпамыс батыр» батырлық жыр-дастандарын, ауызша айтылған шешендер сөзін, жар-жар, қара өлең, ескі жыр, айтыс, толғау, жоқтау, әлди, мақал мен мәтелдер, беташар, жарапазан, бата үлгілерін молынан пайдаланған. Ғалым Ж. Смағұловтың анықтауынша осы еңбегінде А.Байтұрсынұлы, «әдебиеттануға қатысты 327 термин қолданған болса, 267-сі (80%) қазір қолданылмайды» [10, 188], деп пайымдайды. Тап сол бүгінгі қолданыста пайдаланылып келе жатқан терминдердің көпшілігі ауыз әдебиетіне орай пайдаланылған терминдер екенін көрініп тұр.

А.Байтұрсынұлының осындай жанрларға бөлуі және салаларға жатқызуындығы негізгі ұстанымдарының өзектілігін бүгінгі күнге дейін жоғалтпағаны көрінеді. Сондай-ақ, оның ауыз әдебиеті мұраларының саралауындағы тарихи және көркемдік ерекшеліктер, шығарма мазмұнына орай, мәнін ашу, бағасын беру ұстанымдары мен негізгі қағидаттарды қазіргі қолданыста бар. Сонымен қатар, А. Байтұрсынұлының ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы және жариялаушы екені де белгілі. Оның 1923 жылы Мәскеуде жариялаған үлгілерінің бірі «Жоқтаулар» жинағына ел ауызында сақталған 23 жоқтау кіргізіліп және «Ер Сайын» батыр жырын жеке-жеке басылым болып жарыққа шыққан. «Жоқтаулар» жинағы хақында А. Ісімакова: «Совет кезінде Кенесары-Наурызбай мен Қаздауысты Қазыбекті аңсаған жоқтауларды Мәскеудің баспасынан шығару Алаш саяси қайраткерінің сол билікке білдіргені анық екен» [11, 8], деп орынды пікір білдірген. Шынында да 23 жоқтау қазақ тарихында елге елеулі еңбегі сіңген, немесе жадында өшпестей із қалдырған айтулы есімдер айтылып қана қоймайды, осы жарияланым арқылы олардың тарихтағы орны мен бағасы да берілген. Сонымен қатар «Жоқтау» жинағы Қыр баласымен, яғни Әлихан

Бөкейханмен бірге шығарғаны да көп жайтты аңғартады. А. Байтұрсынұлынан кейінгі кезеңдегі қазақ фольклорануының тарихына зер салсаңыз, 23 жоқтау да, «Ер Сайын» батырлық жыры да, содан кейін кеңес кезінде қайта басылып шықпады, тіпті ғылыми айналымнан алынып тасталды. Ал XX ғасырдың 40-шы жылдары «Ер Сайын» жырын мектеп оқулығына қосқан Қ.Жұмалиев қатты сынға алынып, 25 жылға сотталғаны да белгілі жайт, ал кейін осы жырдың атын атауға да тиым салынды.

Зерттеуді көрнекті ғалым Ш.Сәтбаеваның: «Әдебиеттанушы» еңбегінде А. Байтұрсынұлов ауыз және жазба әдебиеттің әлеуметтік, қоғамдық, мән-маңызын ашудан гөрі адамгершілік, эстетикалық, әсемдік әуенін талдауға бейіндік танытады. Сөйтіп, А. Байтұрсынұлы зерттеуші ретінде қазақ әдебиетінің даму процесін жеке дара қарамай, барлық халықтар әдебиетіне тән көркем сөз түрлерінің қазақ әдебиетінде де бар екенін, кейбірі сол кезде жоқ болса, туа бастағанын, келешекте дамитынын айтады» [12, 96-97 бб.] деп тұжырымдайды. Алаш ғалымы тек өзінің заманының өресінен ғана зерттеу жүргізбегені анық, ал кейбір теориялық тұжырымдары бүгінгі заманмен сай келмесе де, оның ұсынған көптеген ұғымдары мен ұстанымдарының кейінгі әдебиеттануда, оның ішінде ұлттық фольклортануда сабақтастық тапқаны анық. Осы мақала аясында А.Байтұрсынұлының ауыз әдебиетіне байланысты көзге көрінген, көңілге түйілгендеріне ұстанымдарын назар аударылды. Сонымен қатар аңғарылған мәселелер келесі зерттеулерде жалғасын табатын болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.-4. – Алматы, Ел шежіре, 2013. – 384 б.
2. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. – Астана, Күлтегінбаспасы, 2002. – 528 б.
3. Байтұрсынұлов А. Әдебиеттанушы. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы, Атамұра, 2003. – 208 б.
4. Jonatan Roper. Thoms and the Unachieved “Folk-Lore of England” // Folklore 118 (August 2007), No 2. – P. 203-216.
5. Этнография: Учебник / Под ред. Ю.В. Бромлея и Г.Е. Маркова. – М.: Высш. школа, 1982. - 320 с.
6. Türkhalkeedebiyatı. El kitabı. – Ankara, Grafiker, 2004. – 422 s.
7. Ғабдуллин М. Қазақ халық ауыз әдебиеті. – Алматы, Рауан баспасы, 2013. - 456 б.
9. Қасқабасов С.А., Аймұхамбет Ж.Ә. Қазақ фольклоры. – Алматы: CyberSmith, 2018. – 288 б.
10. Смағұлов Ж. Ұлттық әдебиеттану әлемі. Монография. – Қарағанды: БолашақБаспа, 2005. – 317 б.
11. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.-5. – Алматы: Ел шежіре, 2013. – 384 б.
12. Сәтбаева Ш.Қ. Бес томдық шығармалар жинағы. Т.-5. – Астана: Елорда, 2013. - 480 б. № 2(143)/2023 Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы ISSN: 2616-678X, eISSN: 2663-1288 178 С.А. Қасқабасов, Ж.Т. Карипбаев, А.К. Мырзабек

ӘОЖ 82.329.16

М.Х.ДУЛАТИДІҢ ӨНЕР ИЕЛЕРІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

ҚОШҚАРБАЙ І.

№40 гимназияның 8 сынып оқушысы, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

АУБЕКОВА Н.Ж.

№40 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассказывается об отношениях М.Х.Дулата с владельцами искусства
Summary. The article describes the relationship of М.Н.Dulati with the owners of art.

Өнер – көркем образдар жүйесі арқылы адамның дүниетанымын, ішкі сезімін, жан дүниесіндегі құбылыстарды бейнелейтін қоғамдық сана мен адам танымының формасы. Өнер өмірде болған оқиғаларды қаз-қалпында алмай, өзгертіп, түрлендіріп, көркем образдарды типтендіру арқылы сомдайтын эстетикалық құбылыс. Оны қоғамдық сананың өзге формаларынан даралайтын белгісі де адамның шындыққа деген эстетикалық қатынасы болып табылады. Өнердің мақсаты – дүниені, адам өмірін, қоршаған ортаны көркемдік-эстетикалық тұрғыдан игеру. Көркем шығарманың бел ортасында нақты бір тарихи жағдайда алынған жеке адам тағдыры, адамдардың қоғамдық қатынастары мен қызметтері тұрады. Олар суреткер қиялы арқылы өңделіп, көркем образдар түрінде беріледі. Шығарманың суреттеу тәсілі, құрылымдық келбеті, көркем бейне жасаудың материалдық арқауы өнер түрлерінің ерекшеліктерін айқындайды. Осыған сай өнердің: көркем әдебиет, музыка, мүсін, кескіндеме, театр, кино, би, сәулет өнері, т.б. түрлері бар [1].

М.Х.Дулати де өзінің «Тарихи-Рашиди» еңбегінде тек тарихи оқиғаларды тізбектеп жазып қана қоймайды, ол зор қабілетті, ұғым-танымы кең өрісті, ақын жанды болғандықтан, айналасын қоршаған ортаға сезімталдықпен қарап, өзі өмір сүрген қоғамның табиғатына сай қажеттіліктен туған түрлі өнер иелеріне аса көңіл бөліп, олардың дарынын білгірлікпен пайымдайды. Оның өлең сөздің патшасы болған ақындық өнер, суретшілер мен қолданбалы өнер иелеріне деген көзқарасы да ерекше.

XIV-XV ғасырларда Мауереннахр мен Қорасан өлкесінің Самарқан, Бұхара және Герат секілді қалалары әдебиет пен мәдениеттің, ғылымның ошағы ретінде танылған қалалар болғандығы тарихтан белгілі. Онда сөз өнерінің нағыз майталмандары өмір кешіп, соңына өшпестей ұлы мұраларын қалдырып кеткен. Мырза Хайдар Дулати де өзінің атақты «Тарихи-Рашидиінде» сол дәуірдің ғұлама-данышпандарына соқпай өтпеген. Мұнда сол тұста өмір сүрген дуалы сөзді қару еткен ақындар, муамма жанрының шеберлері мен сан мыңдаған қолжазбаларды көз майын тауысып көшірген хаттаттар (каллиграфтар), қаламынан нәзік сыр тамған салған суретшілер мен кітаптарды алтынмен әшекейлеген шебер ұсталар мен зергерлер туралы өте құнды дерек көздері келтірілген.

Мырза Хайдар ең алдымен, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған сол заманда өмір сүрген ақындардың ішіндегі ең ұлысы – хазірет маулана Әбдірахман Жәмиге тоқталады. Және алдыңғы Хорасан әулиелері жайындағы бөлімде әулие кісілердің басы, атақтылардың атақтысы, адамзаттың мақтанышы деп Нұраддин Әбдірахман бин Низамаддин Ахмад Жәмидің (1414-1492) есімін атаған болатын. Оның есімін қайталап еске алып отыру қай жерде де жарасымды болатынын, ғалымдар мен білімдарлар бас қосқанда, әңгімелерінің оның есімін ауызға алумен аяқталатынын мақтанышпен баяндап отырады.

Мырза Хайдар бұдан кейін Әмір Әлішер жайында ой сабақтайды. Оның лақап аты Науаи болғанын айта келе, түрік тілінде оған дейін де, одан кейін де ешкімнің соншалықты көп өлең жазбағанын, бұл өнер саласында оның хас шеберлігін басқа ақындармен салыстыра алмайтындығын тілге тиек еткен. Оның парсы тілінде де өлең жазғандығын, өлеңдерінің жалпақ жұртқа кең таралғанын дәлелдейді. Әлішердің Жәмиге жазған мына рубайын келтіреді:

Ынсап берші сен маған, ей, көгілдір аспаным!

Маңыздырақ Күн, Айдың қайсысының дастаны?

Әлде күн бе алаулап Шығыс жақтан ататын?

Әлде Ай ма аспанда жұлдыз жайып жататын? [2, 226]

«Оның тегі ұйғыр бахшысынан. Оның әкесін «кішкене бахши» деп атайтын. Ол лауазымды қызмет атқарған адам. Әмір Әлішер бала кезден Мырза Сұлтан Хұсейінмен дос болды. Мырза Сұлтан Хұсейін патша болғаннан кейін, ол оған қызметке келді. Мырза Сұлтан Хұсейін оны қатты сыйлап, қызмет көрсетті. Ал, Әлішер болса ғалымдарға қолдау білдірді», [6, 226] – деген қысқа ғана әңгіме үзгі Әлішердің өмірінен көп мәлімет беріп тұр. Оның әмір болып тұрған кезінде мол күш-жігер жұмсап, мемлекеттік жұмыстарды реттеп отырғандығын, қолынан келгенінше мұқтаждардың талап-тілегін орындайтынын, иелігінен түсетін барлық табысын қайырымдылық жолына жұмсайтынын, көптеген мешіт-медреселердің сол кезде бой көтергенін, оның ақындығымен қоса қайраткерлігін де баяндап, өмірін халыққа қызмет етуге арнағанын айтады. Әлішер жан дүниесі өте нәзік, сезімтал, алғыр ойлы, парасатты жан болғандықтан, оның бойынан болмысының тым нәзіктігінен тез ренжігіштіктен басқа кемшілік табылмайтынын дөп басып бере білген. Әлішер туралы ойын мынадай бәйітпен қорытады:

Бұл теңіздің дәулеті – тереңдегі дүрде ме?

Артықтығы адамның өрен қонған бірде ме? [2, 226]

Келесі ақын Әмір Шейх Ахмедтің лақап аты – Сухайлидің Сұлтан Хұсейін мырзаның беделді әмірлерінің бірі болғанын айтады. Жақсы өлеңдер жазумен қатар, «Хамсаға» жырмен жауап қатқан дейді. Ақын туралы мәлімет өте аз болғандықтан болу керек, ол туралы қысқа қайырады.

Сол заманда өнер саңлақтарының басын қосқан Үлкен Сарай – М.Х.Дулатидің өнер аясын кеңейтуге, оның дамуына ерекше ден қойып, қамқорлық жасағандығының куәсі. Бұл Сарайға М.Х.Дулати бүкіл дүние жүзінің ең үздік ғалымдарын, атақты әншілерін, ақындарын, сазгерлерін, кітап көшірушілерін, қолданбалы өнер иелерін, суретшілерін алдыртады. Ғылым мен өнер М.Х.Дулатидің еңбегінің нәтижесінде жанданып, дами түседі. Ол саз өнеріне ерекше қамқорлық жасап, саз аспаптары туралы көптеген қызықты мәліметтер жинақтаған.

М.Х.Дулатидің өзі жастайынан көптеген мемлекет басшыларының (Бабыр, Саид хан) бірнеше музыкалық аспаптарда ойнайтындығын көріп өсіп, оны құптап, музыкаға үлкен қамқорлық жасап отырған.

Сонымен бірге, М.Х.Дулати мектептер мен кітапханалардың ашылуына тікелей әсер еткен. Мәселен, өзінің классикалық туындысы «Тарихи-Рашидиді» жазу кезінде ол Бабыр, Жәми, Науаи, Фердоуси, Жувейни, Шарафаддин, Әли Иазди сынды авторлардың еңбектерін пайдаланған. Оның кітапханасында орта ғасырлық талай мемлекеттер жайлы мәліметтер көп болатын.

Өзі билік құрған тұста Дулати сәулет өнеріне де ерекше ден қойған. Кашмир өлкесінде билік құрған тұсында ол Оңтүстік Қазақстан, Жетісу, бүкіл Орта Азияға ортақ үлгідегі үйлер мен сарайлар салдырған. Сонымен қатар, сол кезде терезе, есіктердің жаңа түрлері ойлап табылды.

Сондай-ақ, бұл кезеңдегі мешіттер мен керуен сарайлар өзгеше салынатын болған. Медреселерде оқушылардың тұрақтап оқуына байланысты ол кезеңдегі медреселер екі қабатты болып салынған. Осы кезеңдегі архитектуралық ескерткіштер ретінде Исфахан қаласындағы Имами, Масжед Жаме медреселерін, Иазд қаласындағы Зияэме, Шамспе медреселерін атауға болады. Сонымен бірге XI-XII ғасырлардағы үлгімен салынған Мараға қаласындағы Ғафарие күмбезін, Хамадан қаласындағы Алави күмбезін, Хасан бин Кей Хосро зираты мен Варамиң қаласындағы Алааддин зираттары жаңа үлгідегі архитектуралық ескерткіштер болып табылады. Бұлардың үлгісі – төртбұрышты, домалақ, сегізбұрышты болып салынып, жоғарғы жағына күмбез орнатылады.

«Хамамс» – ыстық бу бөлмесі (моншадағы) деген сөз де осы Дулати тұсында пайда болса керек. Осы тұста бой көтерген мешіттер, медреселер, сарайлар, бау-бақшалар әлі күнге дейін Кашмир қаласын сән-салтанатқа бөлеп тұрғандығы белгілі.

М.Х.Дулатидің ендігі бір ерекше назар аударғаны, сол замандағы музыкалық, әсіресе, әншілік, сазгерлік өнер болғандығы көрініп тұрады. Бұл саладағы өнер саңлақтары автордың тікелей араласып, күнделікті тұрмыста қарым-қатынаста болған өнер маркақшалары екенін, оларға берген бағасы мен сыншылдық тұрғыдан айтылған ой-пікірлері аңғартады.

Айналага бір сәт құлақ түрсен, саумал самал тербеген жапырақтар сыбдыры, қыр мен ойды қуалап, аққан сыршыл бұлақ сылдыры, бұлбұл үні, бозторғайдың шырылы, тұлпар тұяғының дүбірі... Бәрі дыбыс, бәрі үн. Әлем сан алуан әуенге толы, аспан асты, жер үстін дыбыс кернеп тұрғандай. Дыбыс – мынау ғажайып ғаламның көрінбес тірегі, бөлінбес бөлігі дерсің. Онсыз мына дүниені көз алдыңа елестету мүмкін емес. Ендеше, дыбыс ең әуелі тіршілік белгісі екен. Табиғаттың дүлей күштеріне құлақ түріп, соған көңіл бөлу адамның артықшылығы сияқты. Қорқынышты дыбыс пен тыныштық сәттеріндегі құстардың көңілді сайрағаны адамның санасына үлкен әсер етті.

«Саз – өзіндік мәні мен маңызы, қадірі мен қасиеті, ерекшелігі бар дыбыс. Мәні – адамның аңсаған арманын, қуанышы мен күйінішін, өмір құбылыстарын сан алуан сиқырлы иірімдер арқылы санаңа жеткізіп, жүрегіңе құйып беретіндігінде. Маңызы – сол сиқырлы да сүйкімді ырғақтарымен, тебіреністі тербелістерімен адамды дүние сырын түсінуге, сұлулықты сезінуге жетелеп, жан рахатына бөлейтіндігінде, қарапайымдылығында, табиғилығы мен түсініктілігінде» [3, 3].

«М.Х.Дулати атап өтетін төрт шекті аспаппен ойнап өнер көрсететін Сұлтан Саид хан, аса талантты сазгер Әбдірашидхан, сыбызғымен сызылтып күй төгетін Қожа Абдолла, әншілер – Хафиз Басир, Қасан Әли, Хафиз Хасен, Әмір Мұхаммед туралы ой толғаныстарында олардың қай дауыспен ән салып, дараланатын ерекшелігіне дейін көзден таса қалдырмай, пікір жүргізіп отыратыны бар» [4, 112].

Мәселен, Хафиз Басир жайлы М.Х.Дулати: «Жұрт бір аңызда бұдан бұрын мұндай әнші болмағанын айтады. Ол туралы мынадай әңгіме бар: бірде ол көктем айында бақшада ән салып тұрса, құстар – бұлбұл, орман кептері, сары шымшық – бәрі оның айналасына жиылып, иығына, басына ұшып кеп қонады». Хафиз Басирдің әншілігіне тек адамзат баласы ғана емес, әннің нәзік сырын ұққан құстардың тәнті болуы оның өнері мен қабілетінің құпиясын ашқандай.

М.Х.Дулатидің жан-жақты білімді әрі өмірге құштар болуы оның өнерді қастерлеп, оған бой ұруының себебінен деп білу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005.
2. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. – Алматы: М.Х.Дулати қоғамдық қоры, 2003.
3. Бейсенбекұлы О. Қазақ халқының ұлттық аспаптары. – Алматы: Ана тілі, 1994.
4. Мырзахметұлы М., Жеменей И., Әбдуалиев А. Көне Тараз. – Алматы: «Санат», 2002.

ӨОЖ. 81.548.12.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛІН ЗЕРТТЕУДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

ТАЖИБЕК АМИНА

Жамбыл атындағы №5 мектеп-гимназиясының 6 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

КУЛЕКЕЕВА Т.К.

Жамбыл атындағы №5 мектеп-гимназиясының 6 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Данная статья посвящена стадии изучения языка произведений великого поэта Абая Кунанбаева в области лингвистической статистики (лингвостатистики), а также рассматриваются последующие направления исследования.

Summary. This article is devoted to the stage of language studying of the great poet Abay Kunanbayev's works in the field of linguistic statistics as well as the further research directions were determined.

Абай тақырыбында оның шығармалары тілін дәстүрлі әдіспен емес, есептік, санақтық тұрғыдан – лингвостатистикалық бағытта зерттеген алғашқылардың бірі – чех ғалымы Гржевичек Людек болды. Олбұлбағытта «О некоторых вопросах стиля произведения Абая» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын 1964 ж. қорғады. Оның «Абай Құнанбаев поэзиясындағы аллитерация», «Абай Құнанбаев поэзиясындағы өлшем (бұл екі еңбек те ағылшын тілінде жазылған), «Абай Құнанбаев поэзиясындағы дауысты дыбыстар үндестігінің эстетикалық қызметтері» атты бірнеше мақалалары болды.

Гржевичек Людек зерттеуін Пушкин, Байрон, Лермонтов шығармаларынан қазақ тіліне тәржімалаған негізге сүйене отырып ағылшын тілінде орындаса да оларда ақын поэзиясының фонетикалық, морфологиялық, лексикалық ерекшеліктеріне тоқталды. Әсіресе, оның ақынның Пушкин, Байрон, Лермонтов шығармаларынан қазақ тіліне тәржімалаған өлең жолдарын зерттеп, статистикалық тұрғыдан дәлелдеп беруінің өзі сол кезде бүгінгі түркі тілдерін зерттеудегі берері мол елеулі еңбек болғандығын атап айтқанымыз жөн.

1965 жылы Т.Жанұзақов газет бетінде «Тіл біліміндегі статистикасы» деп аталатын мақала жазды. Мұнда ол статистикалық методтың мақсат – мәні жайлы айтып: «Бұл метод бойынша, фонемалар мен лексиканың жиілігі, синтаксис құрылысының заңдылығы дәлме-дәл зерттеледі», - дейді де, қазақ тілінің материалына жүгінеді. Соның ішінде Абай тілінің сөз байлығына, әр түрлі жиілікте қолданылған сөздердің түріне, көлеміне, лексиканың түгелдей қамтылуына (покрываемость) тоқталады, соған қарап ақынның тіл шеберлігін сөз етуге ұмтылады. «Демек, жеке жазушының тіл байлығын, сөз қолдану ерекшелігін статистикалық тұрғыдан дербес зерттеп,

талдау, оның тілінің көркемдік, мәнерлілік рең жағын, стилі мен орасан байлығын, мағыналық сипатын толық танытады», - деген тұжырымға келеді [1].

1966 жылы Ленинград қаласында (кейін Санкт-Петербург аталынған) «Межвузовская конференция по вопросам частотных словарей и автоматизации лингвостатистических работ» атты конференция болып, онда Қ.Б.Бектаев «Частотный словарь языка Абая» деген тақырыпта баяндама жасады [2].

Зерттеуші Ж.Төкебаева осы тақырып аясында жұмыс жасау кезінде проф. Р.Сыздықованың «Мүрсейіт көшірмесіне көңіл аудару керек», - деген пікірін ескеріп, 1977 жылғы текстологиялық өңдеуден шыққан жинақты таңдап алған. Бұған өзіндік дәлелі де жоқ емес. Ғалым XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ мәдени дүниесінде өмір сүрген кітаби тілдік үлгілердің қайсысын қандай сипатта, қандай дәрежеде, қандай құрамда болғанын анықтау үшін қажет болғанын, ол негізінен, қазіргі қазақ мәдени дүниесінде осы кітаби тілге жататын жазу нұсқаларының болуын, сондай-ақ, осы нұсқаларды біріктіретін, жақындастыратын лексикалық, грамматикалық, орфографиялық белгілер арқылы зерттеу қажеттілігінен туындап отырғандығын өзіндік дәлелдер ретінде алға тартады.

Зерттеу жұмысы Абай шығармалары негізінде түзілген жиілік сөздіктер (екі сөздік:

1) Абай тілі сөздігі (1968); 2) 1977 ж. шыққан Абай шығармалары жинағының (2 томдық) негізінде компьютермен түзілген – Абай тілінің жиілік сөздігі негізінде жасалынған.

Негізі, жиілік сөздіктердің түрлері көп. Олар зерттеудің талап-мақсаттарына қарай құрастырылады. Бұл жайында кезінде профессор Қ.Б.Бектаев та, ғалым А.Б.Белботаев та өз еңбектерінде айтып, жазып көрсеткен. Олардың мәнін, мазмұнын ашқан мақала-еңбектері де бар [3].

Зерттеуші ғалым Ж.Төкебаеваның анықтауынша, Абай шығармаларының тілі бойынша жасалған сөздіктердің бір-бірінен мынадай айырмашылықтарын көреміз:

1) екі сөздіктің де тілдік деректері (мәтіні) бір болғанымен олардың басылым уақыт аралығы – 20 жыл;

2) Абай тілі жиілік сөздігі мақсаты мен құрылымы жағынан жаңа тұрпатты сөздік;

3) Абай тілі сөздігі (1968) қарапайым қол еңбегімен жасалып, ондағы ақын қолданған сөздің саны жуық шамамен «алты мыңдай» деп көрсетілсе, Абай тілінің жиілік сөздігінде компьютердің көмегімен алынған 6756 реестр сөздің әр түрлі сөзтұлғаларда әрқалай жиілікте жұмсалып, ондағы мәтін көлемінің 46596 сөзқолданыстан тұратындығы анықталған. «Абай тілі сөздігінің» мәтінінде әрбір сөзге олардың грамматикалық мағыналарын білдіретін шартты белгілер (индекстер) қойылмаған болса, «Абай тілі сөздігінде» бұлар анықталып көрсетілген.

Жалпы, Абай тілін бұдан әрі терең де жан-жақты зерттеп, оны ақын заманына дейін және одан кейінгі дәуірлердегі қазақ тілі материалдарымен нақты түрде салыстыра зерттеудің, сондай-ақ қазақ әдеби тілінің тарихын тілдік деректер негізінде тексеруде «Абай тілі жиілік сөздігінің» мәні айырықша десек болады. Сондықтан да, «Абай тілі жиілік сөздігі» Абайдан кейінгі қазақ тілінде қандай өзгеріс болғанын, оның даму бағыты мен сипатын бағдарлау үшін жасалып отырған, қазіргі қазақ тілі лексикасының даму тарихы, оның өсу дәрежесі мен көлемінің сипатын анықтайтын бірден-бір көмекші құрал бола алған.

Ақын шығармаларында көне сөздердің көп болуы да сол ақын өмір сүрген уақытқа, заманына байланысты. Олар қазақ тілінің сөздік қорына енген жоқ, тек сол заманда қолданған күйінде қалып отыр. Олардың саны - 1% - дан аспайды. Сөйлемде қолданылу жиілігі де өте төмен. Сонымен қатар ақын шығармалары тілінде түркі тілдерінде жоқ (иран, араб) аффикстердің көмегімен жасалған сөздер, мысалы: *әсем-паз, өнер-паз, жағым-паз, би-шара, бей-маза, бей-қам* сияқты сөздер де бар.

Ақын шығармаларында образды көрсету үшін *гибадат, таклиди, шағири* т.б. сөздер қолданған. Араб-иран тілдерінен енген бұл діни сөздер қазақ сөзінде тамыр жаймаса да, ақын шығармаларының тілдік стильдік сипатына жатады. Сол сияқты, жиілік сөздік бойынша Абай шығармаларының мәтінінің 50 % -ын ең жиі қолданылған 158 сөз құрайтынын байқауға болады. Бұл ақынның сөздік тізбесіндегі 6293 сөзінің 2,5 %-ы ғана.

Ғалымдарымыз Абайды «қазақ халықының қазіргі әдеби тілінің іргетасын қалаушы» деп танып, соны үлгі тұтып жүр. Бұл туралы ұлы ақын Абай шығармаларының тілін дәстүрлі әдіспен зерттеген М.О.Әуезовтен бастап, Қ.Жұмалиев, С.Мұқанов, М.С.Силь-ченко, М.Мырзахметов, Б.Кенжебаев, Е.Ысмаилов т.б. толып жатқан ғалымдар айтып та, жазып та келеді.

Қысқасы, абайтану ғылымында Абай шығармалары тілінің лингвистикалық статистика тұрғысынан зерттеліне түсуі бүгінгі таңда өз өзектілігін сақтайды. Мақаланың жазылуындағы мақсат – ұлы ақын Абай шығармаларының тілін зерттеу арқылы оның мәңгілік асыл мұрасын насихаттау, оны әлемге таныту. Өйткені Абай ісі, Абай шығармалары әр заманда өз ұрпағымен, өз оқырманымен бірге жасайды. Бірге қаралып, бірге сөз етіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Жанұзақов Т. Тілбіліміндегі статистика. – Алматы, 2000.–245б.
- 2.Бектаев К.Б. Частотный словарь языка Абая. Межвузовская конференция по вопросам частотных словарей и автоматизации лингвостатистических работ. Тезисы докладов и сообщений. – Ленинград, 1966.
- 3.Бектаев Қ.Б., Белботаев А.Б., Жұбанов А.Қ., Мырзабеков С. М.Әуезовтің «Абай жолы» романының жиілік сөздігі. А., 1979.

ӘОЖ 82.158.21

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ РЕАЛИЗМ

ТАБЛИ ОГЛЫ ГУЛЬНАЗ

«Жамбыл облысы білім басқармасы Тараз қаласы әкімдігінің білім бөлімінің №6 орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ТҰРЛЫҒҰЛОВА А.Б.

«Жамбыл облысы білім басқармасы Тараз қаласы әкімдігінің білім бөлімінің №6 орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается проблема реализма в поэзии Махамбета Утемисова.

Summary. The article uses a statistical method for determining the frequency of synonyms, homonyms, and antonyms of polysemantic words.

«Көркемдік шындық– жазушы қиялы арқылы екшелген, сұрыпталған, идеологиялық мақсат тұрғысынан бейнеленген шындық. Бұл өмірлік шындықтың көшірмесі емес. Ол – шашылып жатқан, араласып жатқан, жүйесіз, үзік-үзік құбылыстардың басын біріктіреді, соны сұрыптайды. Бұл орайдағы ең шешуші фактордың бірі – суреткер қиялы» [1, 32б.].

Көркемдік шындықтың шырайын кіргізетін басты компоненттер – кейіпкерлердің мінез-құлқын ашып, толыққанды типтік бейнесін (көркем тұлға) жасау, көркемдік шешім, образдар, бейнелі де бедерлі сөз, образ шындығы. Қандай да болмасын қоғамдық, тарихи, философиялық-социологиялық, моральдық-этикалық, т.б. мәселелер образдар арқылы дәлелді де шынайы көркемдікпен шешімін тапқан жағдайда ғана оқушы санасына жетіп, әсер, ықпал ете алады. Көркемдік шындықтың қуат күші де, міне, осында жатыр. Өмірде болған жайлардың бәрі де көпшілікті сендіре бермейді. Ал, көркемдік шындық өзінің логикалық қисынымен, дәлелділігімен оқушы санасына жетіп, жүрегіне жол тастары сөзсіз. Бұл әрине, жазушының суреткерлігіне, сезім-түйсігі мен тәжірибесіне, қиял ұшқырлығына, қолданған әдіс-тәсілдеріне де байланысты.

«...Махамбет поэзиясының тақырыбы біреуі – майдан. Не үшін болып жатқан майдан? Әлгі айтқанымыз: қазақ елінің елдігі, еркіндігі мен егемендігі үшін болып жатқан ерлік майданы. Махамбет тек осы тақырыпты ғана толғады. Оның барлық өлеңі бір жерге топтағанда «Жорық жыры» болып шығатыны сондықтан. Бұл тақырыпты ол және қаламын тістеп отырып ойдан-қырдан ізденіп келіп, саусақ арасынан сауып алған жоқ» [2, 29б.], –деп академик Зейнолла Қабдолов айтқандай, Махамбет өлеңдерінің әрі өмірде болған, көзімен көріп, қолымен ұстаған, бар жан-дүниесімен сезінген болмыс. Бірақ сол шындық ақын аузымен айтылғанда ерекше құлпырып, түрленіп, қуаттанып, әр сөз алаулаған отқа, жан балқытар шоққа айналып сала береді. Бұл толғауларды Махамбеттен өзге адам дәл осындай әсерлі де әсем етіп образға орап бере

алмасы хақ. Өйткені, сол от пен судың арасында қолына қару алып, елінің болашағы жолында жүрген батырдың бірі – Исатай да, екіншісі – Махамбеттің» өзі.

Махамбет «Есіл ер» деген өлеңінде: «Алдияр тақсыр ханымыз! Исатай батыр кеткелі кеміді біздің сәніміз, тілімді алсаң тақсыр-ай, шайтанның мойнын жұлдырып, Ордаңа қайтып алыңыз», – дейді.

Өлеңде өткірлік те, өрлік те бар. Ағаға деген сағыныш, көңілде жүрген мұң-шер, өкініш нәсердей құйылған. «Шайтанның мойнын жұлдырып» дейді. Шайтан деп отырғаны Қарауылқожа екені айтпаса да түсінікті.

Арыстан еді-ау Исатай!
Нетерсің, тақсыр, табалап?
Құрттайымда өсіп ем,
Бауырына паналап, –

десе, тағы да арыстандай айбатты Исатай келеді көз алдына. Исатай – қолбасшы, батыр, ел қамқоры, Махамбеттің «алдындағы асқар тауы, соңынан ерген ағасы», «Құрттайынан бауырына паналап өскен» Махамбеттің ғана емес, ел ағасы! Жаналғыш емес «бауырына паналатар бауырмал», «бір мінезі келгенде жібектей жұмсақ есілетін есіл ер», бірақ «жолдасы жау қолында калса ер несіне мақтанады?!»

Автор шындықты шынайы шығармашылық құштарлық арқылы айқын мазмұнға орап, әдемі көркемдік шешім табады:

Тастай қатты тағдырың
Исатаймен шешілер.
Айтып-айтпай немене –
Қор болды-ау, қайран, есіл ер!

Өлеңнің ішкі, сыртқы ұйқасы, динамикасы, ерекше екпін, өкініш, іштегі шеме болып қатқан шер – бәрі-бәрі бір-бірімен үндесіп, бірігіп, кірігіп, жымы, жігі білінбей, тұтас дүние болып, өлмес, өшпес өнер туындысына айналған.

Махамбет ойлы да отты, шымыр да шындыққа толы толғауларында «атадан туған аруақты ер», «арғымақтың баласы», «ханның бір туын қайтарған» Исатай ағасының тұлғасы одан әрі де сомдай түседі:

Исатай – басшы, мен – қосшы,
Исатайдың сол күнде
Ақтабан аты астында,
Дулығасы басында,
Зығырданы қайнайды...

«Халық 1837 жылдың өзінде көтерілгісі келген, бірақ оларды күреске алып шығатын көсемнің болмағаны жөнінде аға сұлтанның айтқаны шындық сөз болатын. Ондай көсем ішкі ордадан табылды. Табылғанда да, күл-талқан болып жеңіліп, әбден есі кеткен соғыстан соң келді. Бірақ оның жеке басының тұлғасы әлі де орасан зор еді, оның көкसेген мақсаты да маңызды, әрі соншалықты ортақ болатын. Сонысымен де ол қысқа мерзім ішінде бәрін аузына қаратып, кең байтақ даланың көшпенділерінің басын біріктіріп, соңынан ертіп әкетті.

Бұл ерің Исатай еді. Бірақ Исатай ерлікпен қаза тапты, онымен бірге ұлт-азаттық күресі де қоса кетті» [3, 45б.] А.Ф.Рязанов осылай десе, осы тарихи шындықты Махамбет:

Тайманның ұлы Исатай
Ағайынның басы еді,
Алтын ердің қасы еді,
Исатайды өлтіртіп
Қырсық та шалған біздің ел, –

деп образға орап, айтар ойын әсерлі етіп жеткізеді.

Жалпы, Махамбет шығармаларының бәрі дерлік толғау түрінде болып келеді. «Арғымақтың баласы», «Аймақ көл», «Аспандағы бозторғай», «Ұл туса», «Пыр-пырлап ұшқан қасқалдақ», «Жалғыздық та» – дидактикалық-философиялық тұрғыдағы шешендік толғаулар. «Бұлар шешендік сөз, шешендік толғау өлеңдер сияқты белгілі бір формалармен ғана келіп отырады. Сол сияқты бұлардың лексикасы да бір топтағы сөздер, ал өлеңге объекті болған нәрсе табиғат құбылыстарына тән шарттылық, заңдылық». Тіпті, бір өлеңін Махамбет «Толғау» деп атаған ғой. Оның себебі де түсінікті. Ақын жырлары күрес үстінде, қан майданда жорықта жазылған. Толғай-толғай атпаса, садақтың оғы да дйттеген нысанасына не жетпей, не тимей қалары анық.

Шамырқанбай, шаттанбай, күйінбей, сүйінбей, ашу-ызаға булықпай, шабытсыз айтылған жыр да халық жүрегіне жетпесі шындық. Махамбет туындылары –оның өзегін жарып шыққан өшпес, өмірлі, өжет жырлар. Олардың бір жолы қылыш, бір жолы найза, бір жолы мылтық, бір жолы шокпар, бір жолы жай оғындай, бір жолы Махамбеттің «Ұл туса» деген толғауындағы:

Күнқақты ердің астында
Көп жүгіретін күлік бар.
Көн садақтың ішінде
Көбе бұзар жебе бар, –

деп, өзі жырлаған көбе бұзар көн садақтың жебесіндей. Осы Махамбеттің «Ұл туса» толғауы былайша жалғасады:

Қарайғанның, жігіттер,
Бәрін кісі деменіз,
Көпе-күндіз тайрандап,
Түзге шықпас ерлер бар.
Тауда болар тарғыл тас,
Тарықса шығар көзден жас.
Ордалыға көз салма,
Оғы қалса, жоғалмас.

Алғашқы жолдарда мал-мүлкіне байланып үйлерінен шыға алмай, әліптің артын бағып ереуілшілерге қосылмай отырған «үйкүшіктерді» түйреп намысын жаныса, одан кейінгі жолдарда күреске үндейді: «Ордалыға көз салсаң, оғы қалса, жоғалмас» дегенде ақынға көпшілік жерде ештеңе жоғалмайды, қалың қол керек, «қалың қолды жау ала алмайды» дегенді мегзейді. «Ұл туса» деген аты айтып тұрғандай, асылдан ел қамын жер ұл туды ма» деп жігіттерге жігер беріп, кеуделеріне намыс отын жағады. Сөйтеді де «асылдан болат ұл туса, егескен жерде шыдап тұра алмайтынын, шарт кетіп, тіпті жауырынынан (ішінен, не бүйірінен, не қабырғасынан емес!) өтін алса да, жамандарға жалынбайтынын» айтып елді мәрттікке, батырлыққа шақырады.

Толғаудың характерінен, «Екі жақ болып тұрғанда» деген жолдарынан біз Ішкі Ордадағы халықтың екі топқа бөлініп, бір-бірімен алыса алмай тұрған мезгілі – 1836 жыл екенін аңғарамыз.

«Туған ұлдан не пайда?» толғауы да осы кезеңде шыққан. «Туған ұлдан не пайда, қолына найза алмаса», «Алаштың байлығынан не пайда, Тарығып келген ерлерге қайыры оның болмаса?!», «Алтын тақты хандардың Хандығынан не пайда, Қаріп пенен қасірге туралық ісі болмаса?!»

Махамбет «не пайда?» деген риторикалық тіркесті қайталау арқылы өзінің өмірден түйген дидактикалық-философиялық пайымдауларын жеткізеді. Бұл риторикалық сұраумен келетін эпифоралық қайталаулар патриоттық толғауға әсер, күш беріп, ойын жаңартуға да, дамытуға да септігін тигізіп тұр. Ақын ел намыс-жігерін жанып, майданға, ерлікке шақырады. Толғауда нақыл, тапқырлық, шешендік сөзге жүйріктік басым. Осы 1836 жылы дүниеге келген «Арғымақ, сені сақтадым» толғауында жауынгер ақын:

Арғымақ, сені сақтадым,

Құлағың сенің серек деп, – дейді. Олай дейтіні, жаугершілік заманда, дәлірек айтқанда Исатай, Махамбет көтерілісі кезінде бастарына қауіп-қатер төнген шақта құтылып кету қамымен батырлар ешкімге көрсетпей сезімтал да жүйрік, ұшқыр ат ұстаған. Оны ереуіл кезінде мінетін болғандықтан «ереуіл ат» деп атапты.

Бұл сөз туралы мерзімді баспасөз беттерінде әдебиетшілердің, ғалымдардың, ақын-жазушылардың, қарапайым оқырмандардың біраз материалдары жарық көрді. Олардың бірі «ерулі» десе, бірі «ереулі» енді біреулері «ереуіл» десті. Ақыр соңында академик Зейнолла Қабдолов: «Ереуіл» деп дәлелдей келіп: «Қысқасы солай, «ереулі» де емес, «еруліде емес», «ереуіл» [4, 41б.] –деп оған нүкте қойған болатын.

Қорыта айтқанда, Махамбет өлеңдеріндегі тарихи шындық жайында сөз қозғағанда, оның осынау жоғарыда келтірілген ел рухын көтеріп, жігерін жаныған шар қайрақтай өлеңдерін айтпай кету орынсыз сияқты. Махамбеттің барлық өлеңдері –шындыққа негізделген реалистік өткір поэзия.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Қайдаров Ә. «Ерулі» ме, «ереуіл» ме?. Қазақ әдебиеті // 2003. –29 қараша.

2. Майтанов Б. Дәстүр, жаңашылдық және жас замандас бейнесі // Жалын, № 1, 1977. – 33б.
3. Рязанов А.Ф. Восстание Исатая Тайманова. – Алматы: Алтын-Орда, 1991.
4. Кабдолов З. Таңдамалы шығармалар. Т.2. – Алматы: Жазушы, 1993. – 458 б.

ӘОЖ. 82.489.13

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ СЫНЫНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

ДЕМЕУБАЕВА Л.Ж.

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ПЕРТАЕВА Э.Қ.

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассмотрены тенденции развития казахской литературной критики

Summary. The article examines the trends in the development of Kazakh literary criticism

Әдеби сын дегеніміз, көркем әдебиет күнделікті әдеби үдерісті зерттейтін, оның жетістіктері мен кемшіліктерін саралап, көрсететін, оқырман мен қаламгердің арасындағы оң көзқарасты қалыптастыратын, рухани әлем аясында қызмет атқаратын күрделі сипатты шығармашылық ізденіс. Көркем әдебиет туралы заман үні, дәуір көзқарасы. Оның ғасырлар бойы қалыптасқан, өзіндік құрылымы, жүйесі бар.

Бүгінде қазақ әдеби сынының жанрық формалары толық қалыптасты. Олар негізінен мыналар: мақала, рецензия, аннотация, эссе, шоғыр, мақала (цикл), сұхбат, сын-биографиялық очерк, шолу, әдеби портрет, әдеби айтыс (полемика, пікірталас), теориялық, проблемалық сипаттағы ғылыми пайымдама, монография, оқулық, көп томдық зерттеулер. Кеңес дәуірі әдебиетінің сын жанрындағы жетістіктер бүгінгі күнмен салыстырғанда анағұрлым өткір болды деп айтуға болады.

Әдеби сын көркем әдебиетті тануға ұмтылғанда нақтылы бір зерттеу негіздерін басшылыққа алады. Көркем шығарманы талдау–сыншының білім, саяси деңгейіне сәйкес қалыптасқан көзқарастарына сай зерттеу бағытын анықтап, оған қажетті жоспар құрып, принциптерін, әдістерін айқындаудан басталады. Өмір құбылыстары шексізболғандықтан оның көркемдік көрінісі болып саналатын әдебиеттің қыр-сырлары да ұшан-теңіз. Әдеби шығарма тұтас бір әлем десек, оны сын тұрғысынан талдау үшін суреткердің өзінен де ұшқыр ойлы, сол материалдың арық-кемін анықтай алатын терең білім, биік парасат иесі болу ләзім.

Г.В.Плеханов көркем әдебиетті сыни тадау барысында екі бағытты ұсынады: бірі – шығарманың идеясын ашу болса, екіншісі–көркемдік қасиеттерін анықтау, қажет деп атап көрсеткен еді [1, 28б.]. Сыншы әдебиетті көркем шығарма ретінде жеке талдаудан оның әлеуметтік мәнін, әдеби дамуда алатын орнын анықтауға тырысады. Сыншы көркем шығарманың қадір-қасиетін анықтаудың нақтылы жолдарын іздеп, қаламгердің жазу мәнеріне, образ сомдау, характер беру тәсілі, қоғамдық ой, заман көрінісі әр қырынан қарастырылып, тұтастай алғанда, бұл шығарма арқылы рухани дүниемізге не қосылды, қандай жаңалықтар бар, несімен құнды, замандастарға, кейінгі ұрпаққа қалдырар үлгісі неде деген мәселе бойынша талдау жасалады. Сыншы әдебиетті талдап-бағалау үшін қандай әдістерге сүйенеді, көркемдік жинақтау әдісіне сүйене ме, әлеуметтік мәніне назар аудара ма, ол да ескерілетін негізгі мәселелердің бірі. Жалпы әдебиеттің негізгі үш қыры бойынша тілдік, көркемдік, әлеуметтік жағынан қарастыратынын байқаймыз. Ол сыншының алдына қойған мақсатына тікелей байланысты.

Әлемдік әдебиет тұрғысынан қарастыраар болсақ, шетелдерде әдебиет сынының мынандай әдістері қарастырылады: феноменологиялық, интуитивтік, бихевиористік, импрессионистік, символды-мифологиялық, сихолингвистикалық, стилистикалық, структуралистік, социологиялық әдістер қолданылады деген фактіні кездестіреміз. Көркем шығарма–тұтас бір көркемдік жинақтаудың нәтижесі. Суреткер оны жасау барысында өзінің білім, дарын, шеберлік дәрежесіне

орай қаншама бейнелеу амалдарын қолданады. Сыншы да суреткермен бірдей шығармашылық жұмыс атқарады. Көркем әдебиетпен бірге оны тану-зерттеу де дамудың ұзақ жолдарынан өткен. Яғни, көркем әдебиетті сын тұрғысынан саралау әдістері де жетіліп отырады. А.Бушмин әдебиетті зерттеу ғылымының тарихында филологиялық, эстетикалық, формальдық, биографиялық, тарихи-мәдени, салыстырмалы-тарихи, социологиялық әдістердің пайда болғандығын атап көрсеткен болатын [2, 266.]. Осы тұрғыдан келгенде, 1960-70 жылдары елімізде көркем шығармалар үшін жауапкершілікті арттыру, әдеби шығарманың идеялық дәрежесін көтеру айрықша аталды.

Өткен ғасырдың екінші жартысында әдеби сын саласында көркем шығармаларды проза саласы бойынша қарастырсақ, заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезовтің «Өскен өркен» прозалық шығармаларына бастап, Б.Майлин «Азамат Азаматыч», С.Мұқанов «Ботагөз», Ғ.Мүсірепов «Қазақ солдаты», «Ұлпан», «Кездеспей кеткен бір бейне», ана тақырыбындағы циклді әңгімелері, Ғ.Мұстафин «Қарағанды», «Миллионер», Ә.Нұрпейісов «Қан мен тер» трилогиясы, З.Шашкин «Доктор Дарханов», «Теміртау», Т.Әлімқұлов «Ақбоз ат», Т.Ахтанов «Боран», Р.Тоқтаров «Ғасыр наны», «Сусамыр», Б.Соқпақбаев «Менің атым Қожа», Ә.Нұршайықов «Ақиқат пен аңыз», «Махаббат қызық мол жылдар», Ө.Қанахин «Құдірет», Б.Момышұлы «Волокаламск тас жолы», І.Есенберлин «Айқас», «Ғашықтар», «Алтын құс», Қ.Ысқақов «Тұйық», Қ.Жұмаділов «Соңғы көш», З.Қабдолов «Жалын», Ш.Мұртаза «Қара маржан», М.Сәрсекеев «Жаңғырық», А.Жақсыбаев «Егес», Д.Досжанов «Дария», С.Бақберген «Кентау», Қ.Исабаев «Сұңқар самғауы», Б.Нұржекеев «Бір өкініш, бір үміт» т.б. көптеген жазушылардың роман, повесть, әңгіме жанрындағы шығармалары өз дәуірінің үнін, өмір шындығын көрсетуде қалам тербеді. Осы кезеңде шығармаларды көркемдік тұрғысынан талдап, жарық көрген еңбектердің ұлттық әдебиетіміздің ілгері дамуы кең өріс алды.

Аталған кезеңде шығармаларды көркемдік тұрғысынан талдап, жарық көрген еңбектердің ұлттық әдебиетіміздің ілгері дамуы кең өріс алды. Мәселен, І.Есенберлин қаламынан сол жылдары туған «Айқас», «Қатерлі өткел», «Ғашықтар», «Қаһар», «Алтын құс» тәрізді романдар көтерген тың мәселелерімен де, көрсеткен адам тұлғаларымен де қызғылықты, елеулі шығармалар екені әркімге аян. «Айқас» романы үшін кітап авторына Қазақстан Мемлекеттік сыйлығы берілуі, «Алтын құс» романы бұл айтқанымызды сипаттайды. «Қатерлі өткел» шығармасы кезінде Мемлекеттік сыйлығына ұсынылып, бүкіл одақтық оқырман ілтипатына иілуі кездейсоқ болмаса керек. Ал, «Қаһар» романының идеялық-көркемдік ірі деңгейін жұртшылық жақсы түсініп қабыл алды. Бұл шығармасы арқылы жазушы тарихи тақырыпты игеру жөнінде батыл жаңашылдық көрсетті. Аз жылда тақырыбы, проблемасы түрлі-түрлі оншақты роман жариялау фактісінің өзі І.Есенберлиннің шығармашылық қуаты мен құлашын айқын аңғарта алады.

Ал, «Алмас қылыш» романы көне тарихтың көмескі тұстарын қайта жаңғырта көрсетуге арналған. Романның оқиғалық негізіне сонау ХҮ ғасырдағы біртұтас қазақ хандығын құру жолындағы әрекет, күрестер, кейіпкерлер ретінде аты тарихқа белгілі хандар, ақын-жыраулар, қарапайым халық өкілдері алынуы бұл шығармаға деген заңды қызығу тудырады. Өйткені, әдебиетіміз қанша өсті-өркендеді, дегенмен, бізде соңғы кезге дейін ХІХ ғасырдан ілгерідегі оқиғалар мүлде дерлік суреттелген емес. Мұндай жағдайда халық тарихындағы аса жауапты, ұрымтал тұстарды тұңғыш рет таныстырған шығармаларға әділдік пен ықыласымыз да айрықша болуға тиіс. І.Есенберлиннің «Алмас қылыш» романы—оның қазақ халқының ХҮ—ХҮІІІ ғасырлардағы таихынан жазған трилогиясының бір бөлігі. Бұл туралы сыншы Р.Бердібаев: «Архив тереңінде қозғаусыз жатқан неше алуан қымбат деректі ыждағатпен жинап, тарихи адамдар тұлғасының диалектикалық шындығын ашатын көркем шежіре, тартымды роман ұсынған автордың азаматтық еңбегі қалың оқырманын— шын сыншысын тауып отыр. Жазушы үшін бұдан артық мәртебе жоқ» [3, 266.], —деп жазған еді.

М.Әуезовтің «Өскен өркеннің» жазылу барысына сын көзбен қарап отырып, қайнаған өмір проблемаларын көтеру жалаң публицистикаға апарып соқпас па екен деген қауіп болды. Автор «қазіргі роман және оның кейіпкерлері» деген мақаласында ой толғақ жанрын көркемдік дәрежеге көтеру үшін психологиялық, портретке, ішкі монологке, кейіпкерлер кеңесіне, ойға шомуына, іс-әрекетіне психологиялық тәсілдермен уәждеу қажеттілігіне назар аударады. Б.Майлиннің «Азамат Азаматыч» романын алғашқы кең тынысты романдардың қатарына жатқызғанмен, «мұнда қаладағы эпизодтар мен интеллигенттер бейнесі ауыл өміріндей, ауыл адамдарындай сәтті шыға бермеген. Коллективтендіру ісіне қаланың қатысы көрінбегеншығармада белгілі бір олқылықтар бар деуі осыны байқатады. Ол революциядан кейінгі дәуірдегі өмір шындығын кезең-кезеңімен көрсетуде Ғ.Мұстафиннің индустрияландыру тақырыбын көтерген «Қарағанды», жаңа

экономикалық саясат пен одан соңғы уақытқа арналған «Дауылдан кейін» романдарының әдебиетіміздегі елеулі құбылыс болғанын айтса, Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдатты», Б.Момышұлының «Москва үшін шайқас», Т.Ахтановтың «Қаһарлы күндер», Ә.Нұрпейісовтің «Күткен күн», Қ.Исабаевтың «Бетпе-бет» романдарын Ұлы Отан соғысының көркем шежіресі деп бағалайды. Ал, Ғ.Мұстафиннің «Шығанақ» Ғ.Слановтың «Шалқар», Ә.Қанахиннің «Дәмелі», З.Шашкиннің «Теміртау», «Сенім», М.Әуезовтің «Өскен өркен» романдарын бейбіт өмірдегі ауыл еңбегі, тыныс-тіршілігі, адамдардың психологиялық дамуы, қарым-қатынасы, достық, махаббат сезімдері арқылы қоғамның көкейтесті мәселелерінің көркем көрінісі екенін танытатын шығармалар екенін көрсетеді. Заман ағымымен көгерген дәуір шындығын, жаңашылдық пен дәстүрлі өз шығармаларында бейнелеуді әр қаламгерден талап ететін қатаң сын ғана төл әдебиетімізді сапалы ететінін сыншылар терең түсінді. Мысалы, Т.Ахтанов–көркем проза мен драматургия саласында елеулі еңбек еткен жазушы. «Қаһарлы күндер», «Махаббат мұңы» (1960), «Дала сыры» (1963) және «Сәуле», «Боран», «Күтпеген кездесу», «Ант», «Шырағың сөнбесін» деген сияқты драмалық шығармалар жариялаған. «Боран» романы үшін Абай атындағы мемлекеттік сыйлыққа ие болды. Т.Ахтанов шығармалары орыс, неміс, парсы, түрік, т.б. шетел тілдеріне аударылған.

Жазушының 1974 жылы екі томдық таңдамалысы, 1983-85 жылдары бес томдық шығармалар жинағы басылып шықты. Т.Ахтанов бірнеше рет орденмен, медальдармен марапатталған. «Боран» романы арқылы автор шаруашылық проблемасын ғана көтеріп қойған жоқ, адамды тәрбиелеу проблемасын да қисынын тауып, қиюын келтіріп, шешен тіл, шебер шешіммен, күн тәртібіне қойды. Осы шырайлы шығарма арқылы жазушы әдеби образдар галереясының Қоспан, Қаламұш, Қасболат сияқты толыққанды жаңа образдар әкелді. Жазушы «Махаббат мұңына» жанұя, адамгершілік тақырыбын арқау ете отырып, қоғамдық мәні зор мәселелерді қозғайды. Сайып келгенде, Нияз біреу емес. Мұндайлар өмірде әр жерде әр түрлі формада кездеседі. Қосалқы кейіпкер ретінде алынса да, өсекшіл Бағила бейнесі біршама сәтті шыққан. «Махаббат мұңының» көркемдік дәрежесі жоғары болуымен бірге көтерген жүгі салмақты, тәрбиелік мәні де зор [4, 295б.].

60-80 жылдардағы зерттеулерде әдебиет дамуындағы жалғастық, дәстүр мен оның жаңғыруы секілді мәселелерді зерттеуге арналған еңбектер кеңінен көрініс берді. Әдебиеттану ғылымында дәстүр, оның жалғасуы туралы академик М.Қаратаевтың әр жылдарда жарық көрген еңбектеріндегі ғалымның тұжырымдары социалистік реализм аясында болғанымен, нақты қаламгерлер туралы пікірлері маңыздылығын жойған жоқ. Ғалымның бұл саладағы еңбектерінде дәстүр мен жалғастық мәселесі әр қырынан саралайтын да түрлі тәсіл бар. Осы екі шарт тұтас сақталғанда ғана сын толыққанды болмақ. Бұл жанр көркем әдебиетпен сабақтаса, жарыса өмір сүреді. Көркем әдебиет, оның ішінде проза, аралас өнердің баршасының қасиетін бойына сіңіреді. Архитектураның сырттай сымбаттылығы мен ішкі үндестігі, музыканың сазы мен әсерлігі, сурет өнерінің түрлі бояу құбылысы көркем прозаға өз ыңғайымен енеді. Бұл жанрда шығарманың идеясы, философиясы, қаһармандардың қақтығысы, жеңісі мен жеңілісі, дүниеге көзқарасы, тағдыры арқылы жүзеге асырылады. Осыны тәптіштеп түсіндіріп, ара-жігін айырып, жасандылық пен табиғи талантты саралап беретін–сын. Оның өзі белгілі бір шығарманы талқылау үшін әдеби теорияға, жетістіктің үстіне, өмірдің шындығын, құбылысын, қайшылығын мейлінше жақсы білуге тиіс. Әрбір жазушы әдебиетке өзінше жаңалық әкеледі. Әр қаламгер – өзінше бір тұлға. Сол тұлғаның тақырыпты тыңнан табуында, характерлер мен тағдырлардың қайталанбауын, дүниені өзінше көре білуін, қолтаңбаның даралығын анықтап беретін де – сын. Осыны жан-жақты көрсетіп беру, тереңнен қазып талдау–сыншының міндеті. В.Г.Белинскийдің: «Сыншылық дарын–сирек кездесетін дарын»,–деген сөзі бар. Кез келген қаламгер сыншы бола алмайды. Оған терең білімділікпен бірге адам бойындағы ең тамаша қасиеттер–қырағылық, тазалық, өткірлік қажет. Өзінің бір мақаласында ол: «Сын әрі батыл, әрі белсенді болуы керек»,– дейді [5, 31б.].

Қазақ әдебиетіндегі ең асыл қазына саналатын жанр–поэзия жанры. Кеңес дәуірі кезең әдебиеті осы жанрдың көркемдік кестесі жағынан, өмір шындығын танытатын алуан тақырыптық жағынан да, шеберлік шынғау тұрғысынан кең өріс алып дамыған кезі. Ақынның жыры–уақыттың сыры. Поэзия – өмір айнасы, уақыты тынысы. Дүние жүрегіне түскен жарықшақ ақын жүрегіне соқпай өтпейді. Бұл–бағзы заманнан бері айтылып келе жатқан айнымас қағидалардың бірі. Әдебиет теориясын таусыла зерттеген академик З.Қабдолов пен Қ.Жұмалиевтің пікірінше: «Бүкіл әлем, гүл бояулар, дыбыстар, бар жаратылыс, барлық өмір–поэзия дүниесі, осы құбылыстардағы құпия қуат, оларға тіршілік, ойнақы өмір беретін сырлар – поэзияның тетігі мен жаны. Поэзия –

әлемдік өмірдің қан тамырының соғуы, сол өмірдің қаны мен оты, жарығы мен күні. Өлең–өмір, өмір–өлең екенін бұдан артық түсіндіру мүмкін емес», – дейді. Заман көшімен бірге жасап келе жатқан өлең, өлеңді тудырған ақын туралы әңгіме де кең арналы, ағысты болып өзгеріп отыруы заңды құбылыс.

Поэзия туралы, ақын міндеті жайында әңгіме толастап көрген емес, толастауы мүмкін емес. Әр кезеңнің, уақыт пен дәуірдің, тіпті әрбір жылдың, ай мен күннің өз лебі мен демі бар, өз мүддесі мен мұраты бар, талабы мен қалауы бар, таңдауы мен талғамы бар. Әсіресе, кеңес дәуірі кезіндегі қазақ әдебиетінің айтулы ақындары ауыр жүкті көтеріп, дұрыс бағытты бастау жауапкершілігін мойнына көтерген кезең болатын. Заманның талабын өтеуді, уақыт тамырын дөп басуды, игілік пен озықтық атаулыны қолдауды, адамгершіліктің асыл қасиеттері мен биік мұраттарын, ұрпақтар бақытын, ел мүддесін өз шығармашылығының бүкіл өзегіне айналдырған сол дәуір өкілдері бұл борышты жан-жүрегімен сезініп, оны қайткендежақсы орындауды, қайткенде заман сөзін жеткізе айтып, тарих бетінде айшықты із қалдырды. Бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда, көлеңкелі тұстары көп болғанмен, қазақ әдебиетінің алтын ғасыры деп біз алыптар тобы өмір сүрген XX ғасыр әдебиетінің салмағы бар екенін баса айтқанымыз дұрыс.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап, қазақ өлеңі тақырып жағынан да, көркемдік бітімі жағынан да жаңғырып, түледі. Жаңа сарындар, жаңаша леп пайда болды. Әбділдә Тәжібаевтың Еуропа сапарынан туған жырлары, Асқар Тоқмағамбетовтың халықаралық памфлеттері, Тайыр Жароковтың Кавказ тақырыбына жазылған өлеңдері, Ж.Молдағалиевтың Моңғолия сапарынан туған жырлары, Олжас Сүлейменов, Сағи Жиенбаев, Аманжол Шамкеновтердің көршілес мемлекеттер мен алыс шетелдерде көргендері әсерінен туған туындылары қазақ өлеңінің тақырыптық, көркемдік көкжиегінің кеңейе бастағанының белгісі іспетті болды. Бір кездері шет ел, шет жер тақырыбын қиялмен, естіген мәліметтері, оқыған кітаптары әсері бойынша жазатын еді, енді өз көздерімен көрген, өз жүрегінен өткізген мәселелері бойынша қамтыды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Плеханов Г.В. Методологические проблемы современного искусствознания. –Москва: Молодая гвардия, 1996. – с.326
- 2.Бушмин А. Наука о литературе. –Москва: Восток, 2005.– с.282
- 3.Бердібай Р. Тарихи роман. –Алматы: Санат, 2004.– 219б.
- 4.Қазақ әдебиетінің тарихы. Кеңес дәуірі. 9-том. «Мәдени мұра» бағдарламасының кітап сериялары. –Алматы: Қаз.Ақпарат, 2001.– 542б.
- 5.Белинский В.Г. Таңдамалы шығармалар. 2-кітап. –Алматы: Руханият, 2005.– 334б.

ӘОЖ 82.366. 47

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННЫҢ ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРЫ

ШАРИПБЕКОВА Н.Т.

Жамбыл орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

АМАНБАЕВ С.Е.

Жамбыл орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. В статье проанализированы литературные произведения Ибрая Алтынсарина.
Summary. The article analyzes the literary works of Ibray Altynsarin.

Қазақтың XIX ғасырдағы ұлы ағартушысы, ғалым-этнограф, ақын, жазушы, аудармашы, ұстаз, қазақ жазба әдеби тілінің негізін қалаушы Ыбырай Алтынсариннің соңында қалдырған мұрасы зерттеушілердің назарын өзіне әр кезеңдерде де аударып келгені анық. Бұған М.Әуезов [1], Х.Сүйіншәлиев [2], Ә.Қоңыратбаев [3], Қ.Мәдібай [4] және т.б. ғалымдардың Ы.Алтынсарин туралы жазып қалдырған ғылыми мақалалары, монографиялық еңбектері дәлел.

Жалпы бүгінгі таңға дейін Ыбырай Алтынсарин шығармашылығы тарих, филология, педагогика, психология, этика тәсілімен ерекшелінетін қазақ зиялыларының ішіндегі бірегей

тарихи тұлға екендігі, зор қайраткерлігі С.Аспандияров, М.Әуезов, Б.Кенжебаев, Б.Сүлейменов, М.Ақынжанов, Б.Ысқақов сияқты ғалымдар мен жазушылардың зерттеулерінде жан-жақты зерделеніп сомдалды. Ыбырай Алтынсаринды сыншыл реализм рухында жазылған көркем шығармалары арқылы жаңа туындап келе жатқан көркем қазақ әдебиетінің бесігін тербетіп, оң сапарға жол көрсеткен біртуар ретінде бағалап, шығармалараның тілдік ерекшелігін зерттеген ғалымдардың қатарын С. Сейфуллин, Қ.Жұмалиев, С.Талжанов, Қ. Жармағамбетов құрайды. Белгілі түрколог А.Самойлович «Түркі халықтарының әдебиеті» атты зерттеуінде Ыбырай Алтынсаринді жас қазақ әдебиетінің негізін салушы деп таниды.

Ыбырай Алтынсариннің әдеби шығармалары түгелдей дерлік ана тілінде оқырмандарға кеңінен таныс. Оларды бастыру, насихаттау, ғылыми тұрғыдан терең зерттеу бағытында бірқыдыру жұмыстар тындырылды. Солардың ішінен оның педагогикалық көзқарастарын зерттеген Ә.Сыдықовтың, психологиялық көзқарастары туралы Т.Тәжібаевтың, көркем әдебиет саласындағы мұрасын зерттеп, көлемді монография жазған Ә.Дербісәлиннің еңбектерін, сондай-ақ Алтынсариннің бүкіл шығармашылық мұрасын түгел зерттеп, үш томдық толық шығармалар жинағының академиялық басылымына басшылық еткен көрнекті ғалым Бек Сүлейменовтың еңбектерін ерекше атап көрсеткен жөн.

Ы.Алтынсариннің әдеби-шығармашылық мұрасындағы ең тың, ең құнарлы, ең жемісті арна – көркем проза. Ыбырай мен Абайдың арасындағы бұл салада да орын алған ізашарлық ұқсастық, жанашылдық үлес ортақтығын әдебиет зерттеушілеріміз ертеден-ақ байқаған. Бірақ сонымен қатар олардың бұл салаға келу жолдары мен осы бағыттағы шығармашылық әдіс-тәсіл айырмашылықтарын да ескермеске болмас еді.

Мәселен, Абай өзінің қара сөздеріне ақындық өнері әбден кемелденіп барып, табиғи мәресіне жеткен кезде ойысқан болса, Ыбырай шығармашылық қабілетінің барлық түрлерін ұстаздық қызметіне құрал етіп пайдалану мақсатымен бұл жанрды ерте қолға алған. Оның сюжетті қысқа әңгімелерінің тәрбиелік, тағылымдық сипаты осыған байланысты болып келеді. Өзгені былай қойғанда, «Хрестоматияның» прозалық бөліміндегі қысқа әңгімелердің орналасу тәртібінен де осыны аңғаруға болады.

Айталық, «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» атты жиырма жолдық әңгімедегі он жасар бала атасына еріп келе жатқанда, сол атасының нұсқауымен, өрмек тоқып жатқан өрмекшіні, нанның қоқымын сүйреткен құмырсқаны, аузына бір тал шөп тістеген қарлығашты көреді; атасынан олардың мұны не үшін істегендерін білді; өзі содан сәби санасының деңгейінде ғибрат алды. Әңгіме осымен бітті, оның сюжеттерінде басқа өріс жоқ. Демек, эпизодтық көрнекілік мәні басым. Дәл осы сәтте баланың танымы үшін өте маңызды мән.

Ұстаз жазушы қып-қысқа әңгіменің өзі қолданған этюдтік құрылымын өз мақсатына ұтымды пайдаланған. Осыған жалғас «Сәтемір хан», «Талаптың пайдасы», «Әке мен бала», «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Бір уыс мақта», «Алтын шеттеуік» сияқты әңгімелердің бәрі сөзден жасалған көрнекілік құрал рөлін атқарып тұр. Бірақ осылардың барлығының да, сайып келгенде, ұлттық көркем прозаның қысқа әңгіме жанрына іргетас бола алатындай бастамалық зор маңызы бар екендігі сөзсіз.

Мұндай әңгімелер бірте-бірте құрылым жағынан күрделіленіп, мазмұны толыса түскен сайын, оқиға желі тартып, көркемдік дәрежесі көтеріле, жанрлық бейнесі айқындала түседі. Бұған алғашқы мысал ретінде «Шеше мен бала» атты әңгімені алуға болады. Біріншіден, мұнда диалог түріндегі драмалық жанрдың нышаны бар. Екіншіден, белгілі бір іс-қимыл арқылы ашылатын кейіпкер характерлерінің элементтері байқалады. Баланың шеше сұрақтарына қайтарған неше дүркін жауаптарынан бала мінезінің ерекшеліктерін танимыз. Әңгімеге кейінірек араласқан қызының сөздері арқылы оқиға жаңа бір өріске қарай өріледі. Біз осы үш кейіпкердің сөздері мен іс-қимылдарынан кәдімгідей сюжетті әңгімеге қарай дамыған шығарма динамикасын көріп отырмыз.

Ыбырай әңгімелерінің ішіндегі мазмұны терең, көркемдік дәрежесі жоғары әңгімелердің бірі – «Бай мен жарлы баласы». Бұл туынды Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылық қызметін білетін әрбір оқырманға жақсы таныс. Сондықтан оның мазмұнын баяндап жатпай-ақ, басқа әңгімелерінен өзгеше кейбір көркемдік ерекшеліктеріне ғана тоқталып өтейік.

Бірақ бұл тұста бір ескертпені айта кетуді қажет санаймыз. Кешегі кеңестік дәуірдегі идеологиялық өктемдік тұсында Алтынсариннің ағартушылық қызметі жөнінде орын алған кейбір жаңсақ пікірлердің ішінде әсіресе, осы әңгіме жөнінде де оның идеялық мазмұнын теріс

бағалаушылық, атап айтқанда, жадағай таптық тұрғыдан қараушылық байқалып жүрді. Ол көзқарас бойынша бай баласы міндетті түрде жағымсыз кейіпкер болуы керек еді.

Шындығында Асанның өмірге бейімсіз, жылауық, қорқақ, табансыз болып шығуы тек бай баласы болғандықтан, ал Үсеннің пысық, сабырлы, қиындыққа төзімді, тапқыр, іскер болуы тек кедейдің баласы болғандықтан ба еді? Екі баланың қиыншылық жағдайда екі түрлі мінез көрсетуі олардың шыққан тегіне ғана байланысты болмаған шығар. Үстем тап өкілдерінен, ауқатты адамдар отбасынан да дарынды, ақылгөй, қайраткер өкілдер шығып жатпай ма? Сондай-ақ кедей текті адамдар ішінде де неше түрлі жағымсыз, теріс мінезді пенделер кездеспей ме? Демек, адамның жақсы-жаман болуы оның әлеуметтік тегіне ғана байланысты емес, жеке басының табиғи қабілет-дарыны үстіне, тәрбие алған ортасына, көрген-білгеніне, тағы басқа нақты жағдайларға да байланысты болса керек.

Бұл жердегі біз үшін маңыздысы – жазушының көшпелі ел тұрмысында иесіз жұртта адасып қалған екі баланы бір тәулік ішінде солардың мінез-құлқы мен қажыр-қабілеті айқын танылатындай жағдайға қоя білген және сол жастағы оқушы балаларға әсер ететіндей тағылымды әңгіме туғызған шеберлігі. Балалардың жол кесіп, көшкен елдің ізіне түсу, қарындары ашқанда тұзақ құрып үйрек ұстау, қармақ жасап балық аулау, қараңғы түнде от жағып, таң күзету сияқты Асан мен Үсеннің өздеріне лайық әрекеттері бізге осыны дәлелдейді.

Алтынсарин әңгімені тек мектеп оқушыларына ғана арнап жазған жоқ. Оның ересек адамдарға деп әдейі жолдаған шығармалары да баршылық. Солардың бірі – «Қыпшақ Сейітқұл». Әңгіменің негізгі идеясы – қысы-жазы мал соңынан еріп, қоныс аударып жүретін көшпелі елді бір жерге орналастырып отырықшы ету, содан кейін шаруа адамдарды диканшылыққа қарай бейімдеу.

Осындай ойға берілген Сейітқұл атты азамат өзінің бір шоғыр ауылдастарын топырағы қолайлы өңірге көшіріп әкеліп, оларды суармалы егін шаруашылығына үйретеді. Осы бастамасы жемісті болып, ақырында ауылда егін, мал шаруашылығы қатар өркендеп, шаруа адамдардың ауқаты артады. Олар артық өнімдерін саудаға шығарып, кәдімгі нарықтық қатынасқа тартылады.

Әңгіменің сюжеті тарихи шындыққа негізделген. Мұндағы жер аттары, елді мекендер мен әкімшілік аймақтары нақты өмірден алынған.

«Хрестоматия» оқулығында қара сөзбен Ыбырайдың өз қолынан шыққан алпысқа тарта шығарма бар. Олар тақырып жағынан да, әдеби-жанрлық түр жағынан да саналуан. Солардың көпшілігі – шағын көлемді әңгіме, мазмұн жағынан алғанда – мінез-құлықтың, жалпы адамгершіліктің неше түрлі қырлары. Оны «Талаптың пайдасы», «Мейірімді бала», «Зеректік», «Әдеп», «Қанағат», «Әділдік», «Салақтық», «Ақымақ дос», «Жаман жолдас», «Надандық», «Тәкаппаршылық» деген сияқты тақырыптарына қарап-ақ аңғаруға болады.

Жанр жағынан қарастырғанда да, олардың біразын автор ертегі, мысал, ел аузынан алынған аңыз әңгіме түрінде берген. Еңбекті сүю және қадірлеу – Ыбырай әңгімелерінің негізгі тақырыбы. Оны жазушы шағын әңгімелерде үгіт, өсиет түрінде берсе, кей шығармаларында халықтың қоғамдық санасын тәрбиелейтін реалистік суреттер арқылы бейнелейді. «Атымтай жомарт» әңгімесінде жазушы халық арасындағы Атымтай жомарт туралы аңыздарға жаңаша мазмұн беріп, өзінше қорытады. Атымтайды ол еңбек адамының үлгісі етіп көрсетеді. Еш нәрсеге мұқтаждығы жоқ болса да, Атымтай ылғи жұмыс істейді. «Күн сайын өз бейнетіммен, тапқан пұлға нан сатып алып жесем, бойыма сол нәр болып тарайды. Еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі өзгеше болады» [5, 476.] – дейді ол.

«Әке мен бала» әңгімесінде мынадай бір жай сөз болады. «Бір адам он жасар баласын ертіп, егістен жаяу келе жатса, жолда қалған бір ескі тағаны көріп, баласына айтты: «Анау тағаны, балам, ала жүр», – деп. Бала әкесіне: «Сынып қалған ескі тағаны не қылайын», – деді [5, 326.]. Әкесі үндемеді. Тағаны өзі алды да, жүре берді. Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң әкесі қайырылып, тағаны соларға үш тиынға сатты. Одан біраз өткен соң, шие сатып отырғандардан 3 тиынға бірталай шие сатып алды. Сонымен, шиені орамалына түйіп, шетінен өзі бір-бірлеп алып жеп, баласына қарамай аяндап жүре берді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артынан келе жатқан бала да тым-ақ қызығып келеді екен. Жерге түскен шиені жалма-жан жерден алып, аузына салды. Біраздан соң және бір шие, одан біраз өткен соң және бір шие, сонымен, бала әрбір шие тастаған жерге бір еңкейіп, шие теріп жеді. Ең соңында әкесі тоқтап, баласына шиені орамалымен беріп тұрып: «Көрдің бе, бағана тағаны жамансынып, жерден бір иіліп көтеріп алуға еріндің. Енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп, бір еңкеюдің орнына он еңкейдің. Бұдан былай есінде болсын: аз жұмысты қиынсынсаң, көп

жұмысқа тап боларсың; азға қанағат етпесең, көптен құрқаларсың», – деді. Кейде сәл нәрсені қомсынып, оған көңіл бөлмеушілік, аз жұмысты қиын сынып, бойкүйездікке салынушылық өмірде аз кездеспейді. Бұл – жақсы әдет емес. Сондықтан балалардың бойкүйез, жалқау болмауына, еңбекқор болуына Ыбырай ерекше мән берген.

«Жаздың бір әдемі күнінде бір кісі өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағашты көріп жүрді. «Мына ағаш неліктен тіп-тік, ана біреуі неліктен қисық біткен»? – деп сұрады баласы. «Ата-ананың тілін алсаң, ана ағаштай сен түзу кісі болып өсерсің. Бағусыз кетсең, сен де мына қисық ағаштай болып, бағусыз өсерсің. Мынау ағаш – бағусыз өз қалпымен өскен», – деді атасы. «Олай болса, бағу-қағуда көп мағына бар екен ғой», – деді баласы. «Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым, бұдан сен өзің де ғибрат алсаң болады, сен жас ағашсың, саған да күтім керек. Мен сенің қате жерінді түзеп, пайдалы іске үйретсем, менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы, түзу кісі болып өсерсің», – деді [5, 36 б.].

Ыбырай «Бақша ағаштары» атты әңгімесінде осылай деп жазды. Яғни тәрбиенің үлкен рөл атқаратынын көрсеткен. Соның бірі – талап. Талап етіп талпынбаса, адам баласы алға баспаған болар еді. «Талапты ерге нұр жауар» деген халық мақалы да өмір тәжірибесінен туған. Жастық шақ–жігер-қайраттың мол кезі, бойдағы жақсы қасиеттерді жарыққа шығарып қалатын кез, ол үшін талап керек. Талаптан да, өмірден керегінді ал. «Талаптың пайдасы» деген әңгімесінде Ыбырай сол идеяны көтереді. І Петр патша шіркеуге барып ғибадат етіп тұрғанда, арт жақта бір баланың сурет салып тұрғанын көріп, қасына келіп, не салып жатқанын сұрағанда бала: «Сіздің суретіңізді салып жатырмын!» – дейді [5, 42 б.]. Петр суретті көрсе, мээ еш нәрсесі жоқ екен. Бірақ ақылды Петр патша ол баланың суретке талабы бар екенің аңғарып, сурет салатын оқуға бергізеді. Кейін сол бала үлкен суретші болады. Жазушының бұл арадағы көздегені – жас баланың талабын, сол талаптың арқасында неге қолы жеткенін көрсету, кім талап етсе, сол мақсатына жететіндігін дәлелдеу. Мейірімділік баланың отбасына деген махаббатынан басталады. Әркім алдымен өз ата-анасын, туғандарын жақсы көреді, сыйлайды. Ыбырай ата-ана мен бала арасындағы осындай жылы қарым-қатынасқа ерекше мән береді.

«Мейірімді бала» әңгімесінде 13 жасар қыздың әкесінің орнына, өз қолын кесуді сұрағанын жазады. Қыз: «Тақсыр, жұмыс істеп, бала-шағаларын асырайтын атамның қолын қалдырып, мына менің қолымды кесіңіз», – дейді.

Жазушы «Аурудан аяған күштірек» деген әңгімесінде аяғы сынған Сейіт деген бала, ауруы қанша батса да, анасын қиналтпау үшін қабақ шытпағандығы айтылады. «Ауырмақ түгіл, жаным көзіме көрініп тұр, бірақ менің жанымның қиналғанын көріп, әжем де қиналып, жыламасын деп жатырмын», – дейді ол [5, 55б.]. Алғашқы әңгімедегі қыз да, соңғы әңгімедегі Сейіт те шын мәніндегі мейірімді қылықтарымен ерекшеленеді, мұның негізінде жалпы адамды сүйетін жақсы сезімдер жатыр.

Қорыта келгенде, Ыбырай Алтынсарин – артына мол мұра қалдырған, туған әдебиетіміздің ұлы тұлғасы. Қазақ халқының ұлттық мақтанышына айналған тарихи қайраткерлердің арасында Ыбырай Алтынсариннің есімі құрметті орында тұр. Көрнекті ағартушы-педагог, ірі жазушы, талантты ақын өзінің саналы ғұмырының бәрін туған халқының бақыты жолындағы күреске арнады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов М. Таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 2004. – 245б.
2. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1997. – 928б.
3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1994. – 312б.
4. Мәдібай Қ. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 270б.
5. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1988. – 317б.

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ЛЕКСИКОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ КӨП МАҒЫНАЛЫ СӨЗДЕР

МАМАЕВА А.А.

«Жамбыл облысы білім басқармасы Тараз қаласы әкімдігінің білім бөлімінің №6 орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье использован статистический метод определения частотности синонимов, омонимов, антонимов многозначных слов.

Summary. The article uses a statistical method for determining the frequency of synonyms, homonyms, and antonyms of polysemantic words.

Сөз – тіл білімінің барлық саласының негізгі зерттеу объектісінің бірі болып саналады. Бірақ тіл білімінің әр саласы сөзді бір ғана қырынан зерттеп, өз заңдылықтарына сай сөз етеді.

Адамзат қоғамының қарым-қатынас жасаушы құралы – тіл екенін бәрімізде білеміз. Кез келген сөздің алатын өз орны бар. Өйткені, адам баласы бір-бірімен пікір алысып, тіл арқылы қатынас жасағанда, ең алдымен сөзге сүйенеді. Р.А.Будагов: «Сөз ең негізгі категория. Тіл жөнінде ойласақ, әдетте, сөз туралы ой жүгіртеміз. Өйткені, тіл сөздерден тұрады, сөздерге бөлінеді, сөздердің бір-бірімен қарым-қатынасы, байланысы арқылы сөз асады. Тіл туралы ғылым сөзбен бірге басқа да тіл категорияларын қарастырады, бірақ басты табиғат категория ретінде сөз алынады», – деп өте дұрыс айтқан [1,56].

«Тілдің дыбыстық және мағыналық жақтары, сөз және морфема, сөз тіркесі және сөйлем тілдің жалпы ортақ жүйесінің әр тектес элементтері ретінде қарастырылады, оны әр алуан бөлшектерден құралған жүйенің жүйесі деп атаймыз» [2,456], – дейді Д.Н.Шмелев. Осыған орай тіл білімі біршама дербес, бірақ өзара шарттас және бір-бірімен байланысты қазіргі қазақ тілі курсының мынадай негізгі салаларынан тұратындығын айтуға болады:

-Қазақ тілі фонемасының жүйесімен дыбыстық қатарын зерттейтін фонетика (фонология); морфология мен синтаксис сияқты екі тараудан тұратын грамматика;

-Тілдің сөздік құрамын, оның тарихи дамуы мен қазіргі калпы тұрғысынан қарастыратын лексикология.

Аталған негізгі салалармен тікелей байланысты және оларды толықтыратын тіл туралы ғылымның прагматикалық бағыттағы тараулары: орфоэпия, орфография, графика, пунктуация, стилистика. Тілді қарастыру барысында тілші Б.Момынова айтқандай, ең әуелі ең кіші тілдік бірлікті анықтап аламыз да, енді одан біртіндеп күрделіге қарай иерархиямен сатылап зерттейміз. Бұл тіл білімінде қалыптасқан дағды.

Қазіргі орыс тіл білімінде семасиология мәселесімен айналысып жүрген Н.И.Гайнуллина да осы пікірді құптай отырып, тілдік единицаларды зерттеу барысында жеңілден ауырға қарай бағыт жасалатындығын, оның ғылымда стратификация деп атайтындығын айтады. Сол себепті ғылыми зерттеу процесінде тілдік единицалар төмендегідей бір ізбен қатарланады: фонема – өзіндік мағынасы жоқ, бірақ бір сөзді екінші сөзден, бір морфеманы екінші морфемадан ажыратуға септігі бар, ары қарай бөлшектеуге келмейтін дыбыстық единица. Морфема – сөздің ары қарай бөлшектеуге келмейтін кіші мағыналық бөлшегі.

Сөз – өзіндік дербес лексикалық мағынасы бар, тілдің өз алдына бір кіші единицасы. Сөз тіркесі – мағыналық және грамматикалық жақтан байланысқан екі немесе бірнеше айрықша мәні бар сөздер. Сөйлем – біршама тиянақты ойды білдіретін және предикаттық синтаксистік конструкциядан тұратын тілдік единица. Бұдан байқайтынымыз, сөз берілген стратификацияның орталығында жүреді.

Тіліміздегі бүкіл сөздердің жиынтығын сөздік құрам немесе лексика деп атап, оны тіл білімінің бір саласы – лексикология қарастырады. Лексикология – сөздік құрамның пайда болу, оның дамуын зерттейтін тарихи лексикология және сөздердің мағыналарын немесе семантикасын, сөздік құрамның көлемін, құрылымын т.с.с. зерттейтін сипаттама лексикология деп бөлінетіндігі

бізге мәлім. Қазақ тілі лексикологиясы қазіргі қазақ тіліндегі сөздер жүйесін зерттейтіндіктен оның негізгі объектісі сөз болады. Жоғарыда айтылып кеткендей, сөз тіл ғылымының өзге салаларында да қарастырылады. Дегенмен, олардың арасындағы мақсат басқа-басқа екен. Тіл білімінің қай саласы болмасын белгілі бір жүйеге негізделген.

Қазақ тілі білімінің лексикология саласында көп мағыналы сөздердің алатын орны ерекше. Сөздің мағынасының өзгеруінің, бастапқы мағынасының үстіне бірнеше қосымша мағыналардың жамалуының өзіндік даму, қалыптасу заңдылықтары бар. Сөз және оның мағынасының төңірегінде әр алуан көзқарастар болғандығы бізге мәлім. Себебі, сөз мағынасы қыры-сыры мол құбылыс. Ол ежелден-ақ көптеген тілшілердің қызығушылығын тудырып, олардың назарына іліге отырып, түрлі-түрлі пікірталастың негізгі объектісі де болып келді. Бұл пікірталастар көбінесе сөздердің көп мағыналы болу мәселесіне негізделген. Осы орайда кейбір зерттеушілер сөздің көп мағыналы болатынын мойындамай неше мағына болса, сонша сөз болуы керек деп қараса, екінші біреулері сөздің көп мағыналылығы кездейсоқ нәрсе деп, үшінші бір топ тілшілер сөздің көп мағыналылығы тілдің көне дәуірінің, сол дәуірдегі сөздердің диффуздық (жіктелмеген, ажыратылмаған) қалдығы деп қарайтын болса, енді біреулері бір сөз бір өзі-ақ бірнеше мағына бере алады дейді.

Сонымен, семасиология XIX ғасыр соңынан бастап тіл білімінің дербес пәні болып есептелініп, осы кезге дейін сөз мағынасының өзгеру жолдары, оны анықтаудың, зерттеудің әртүрлі бағыттары мен әдіс-тәсілдері қалыптасып, біршама материалдар жинақталып, маңызды қорытындылар мен тұжырымдар жасалды және семантикалық зерттеудің негізгі принциптері белгіленді. Алайда, семасиологиялық тұрғыдан әлі де болса зерттей түсуді, зерттелгендерінің өзін әрі қарай талдай түсуді қажет ететін тұстары жеткілікті. Себебі жоғарыда айтылып кеткендей сөз және оның мағынасы көне дәуірден- ақ тілшілер мен ойшылдардың (философтардың) назарынан тыс қалмай талай пікірталастар тудырып жүрген күрделі мәселе болғанымен де, семасиология деген терминнің өзі, оның пән ретінде зерттеле бастауы тіл білімінің басқа салаларына қарағанда кеш қолға алынды. Ал түркологияда ол тіпті кенжепәне болып есептеледі. Егер лексикология – тіл білімінің сөз және оның құрылымын зерттейтін саласы болса, семасиология – сол сөздердің мағыналарын зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Сөз мағынасы – көп сатылы, көп қатпарлы құбылыс, ол – таңба жасам (семиосис) процесімен байланысты барлық құбылыстардың гаммасы. Лингвистиканың бұл екі саласы бір-бірімен өте байланысты болып келетіні бізге белгілі. Өйткені, әр сөздің екі жағы болады: бірі – сыртқы материалдық жамылғыш (дыбыстар комплексінен тұрады), екіншісі – оның мазмұны, яғни мағынасы.

Сөйтіп, семасиология сөздің мағынасын, оның дамуы мен өзгеруін, ауысуын және оның әдіс-тәсілдерін, сондай-ақ өзгерістердің болуының себептерінің ішкі, сыртқы заңдылықтарын қарастырады. Семасиологияның негізгі мақсатының бірі – тілдік единицаларда тілден тыс құбылыс қалайша көрініс табатынын зерттеу. Тілдің лексика - семантикалық жүйесін басты түрде қамтамасыз етуші болмыстағы құбылыстар арасындағы байланыс пен қарым-қатынастілдің өзіне қарағанда, әрине, сыртқы заңдылық болып табылады. Алайда кез-келген таңбалық жүйе берілген жүйеден тыс жатқандарды белгілеу үшін қолданылады, және таңба (сөз) мағынасының өзі берілген жүйеден тыс та ашылады. Бірақ бұдан тілдің лексика-семантикалық жүйесінің тілдік ерекшелігінің рөлі төмен екен деп түсінбеу керек. Лексикалық жүйе үшін сөздердің тобының негізгі түрі лексика-семантикалық топ (ЛСТ) болып табылады. Ал ол сөздерді белгілі бір ЛСТ-қа біріктіруші сөздің лексикалық мағынасы. Басқаша айтатын болсақ, лексикалық мағына сөздерді белгілі бір заңдылық бойынша лексика-семантикалық топтарға біріктіреді.

Жалпы адамзат тілі жүйелі категория. Олар бірімен-бірі байланысып, бірінен-бірі туындап жатады. Міне, осы тұрғыдан келгенде көп мағыналы сөздер де бірнеше ЛСТ- тардың жасалуына негіз болатындығы жөнінде біз осы мақаламызда сөз қозғағалы отырмыз. Қазақ тіл білімінде көп мағыналы сөздердің өз табиғаты, сондай-ақ басқа да ЛСТ (омоним, антоним, синоним) айқындалғанмен, көп мағыналы сөздерден жасалатын ЛСТ жөніндегі мәселе әлі де болса тың жатқан құбылыс.

Қазақ тіліндегі жалпы түркі тілдеріне тән ортақ лексикалық қабат. Бұлар лексикология теориясының жалпы проблемалары ретінде жалпы лексикологияда (общая лексикология) қарастырылады. Ал нақты бір тілдің лексикасы және оның ерекшеліктері жеке лексикологияда (частная лексикология) қарастырылады. Жалпы лексикологиямен жалқы (жеке) лексикология бір-бірімен байланыста болады. Бұлай болатындығы мынадан: қоғамдық құбылыс ретіндегі жалпы адам баласының тілін сипаттайтын жалпы заңдылықтар жеке, нақтылы тілге де тән болады.

Мысалы, қоғам дамуының барысында жаңа сөздердің жасалып, тілдің сөздік құрамының толығуы, дамуы, кейбір ескірген сөздердің одан шығып қалуы немесе өте сирек қолданылатын сөздерге айналуы – тіл атаулыға тән жалпы заңдылық.

Тілдің әр түрлі жақтары (фонетикалық, лексикалық және грамматикалық), бір-бірімен өз ара қарым-қатынаста, байланыста болатыны сияқты, оларды зерттейтін тіл білімінің де әр түрлі салалары бір-бірімен өз ара әрдайым байланыста болады. Мысалы, лексикологияның тіл білімінің арнаулы бір саласы ретінде фонетика және грамматикамен мынадай байланысы бар: тілдегі әрбір сөз дыбыстардың белгілі бір тіркесімен айтылады (жалғыз дыбыспен айтылатын сөз, әдетте, тіл-тілде сирек ұшырайды). Дыбыс тіркестері сөздің сыртқы жамылғышы да, сөздің мағынасы оның мазмұны болып саналады. Қандай бір сөз болсын, дыбыс тіркестерімен айтылып, белгілі бір мағынаны білдіреді. Сөздің дыбыстық жағын зерттейтін фонетиканың лексикологиямен байланысы да осыдан келіп туады.

Тіл-тілде сөздің дыбыстық құрамының өзгеруі немесе екпіннің ауысып түсуі сөз мағынасына әсер етіп, оны өзгертеді. Туыстас тілдердің лексикасын өзара салыстыра зерттеу немесе белгілі бір тілдің лексикасын тарихи тұрғыдан зерттеу, сондай-ақ этимологиялық зерттеулер салыстырмалы- тарихи фонетиканың деректеріне негізделеді. Әрбір тілдегі сөздердің өзінің фонетикалық ерекшеліктері болады. Сөздің басы немесе аяғы фонетикалық белгілермен, мысалы, дыбыстардың кейбіреулерінің жиі немесе сирек қолданылуы немесе мүлдем қолданылмауы ерекшеліктерімен сипатталады. Мысалы, қазақ тілінің төл сөздері ө дыбысынан басталмайды және бұл дыбысқа ешбір сөз аяқталмайды. Сондай-ақ, қазақ тілінде г,б,д дыбыстарына бітетін төл сөздер кездеспейді. Төл сөздердің құрамындағы дауысты дыбыстар не бірыңғай жуан дауыстылар, не бірыңғай жіңішке дауыстылар болып келеді. Қазіргі қазақ тілі лексикасында құрамындағы дауыстылар жуан да, жіңішке де болып келетін сөздер кездесе береді, бірақ олардың басым көпшілігі – шет тілдік сөздер. Лексикологиялық зерттеулерде сөздің осындай фонетикалық ерекшеліктері еске алынады.

Академик В.В.Виноградов фразеологиялық единицаларды бүтіндей фразеологизмнің бір тұтас мағынасы мен оны құрастырушы сыңарлардың мағыналарының ара қатысы тұрғысынан фразеологиялық тұтастық (фразеологическое сращение), фразеологиялық бірлік (фразеологическое единство) және фразеологиялық тізбек (фразеологическое сочетание) деп үш түрге бөледі [3,112б.]. Орыс тіліндегі фразеологизмдерді зерттеуші Н.М.Шанский аталған классификацияны қолдай келіп, фразеологиялық оралымдардың төртінші түрі фразеологиялық сөйлемше (фразеологическое выражение) деп есептейді.

Тіл-тілде фразеологиялық оралымдар әр түрлі жолдармен жасалған. Олардың жасалуына алуан түрлі құбылыстар, ұғымдар, түсініктер негіз болған.

Фразеология тіл білімінде 2 түрлі мағынада қолданылады. Біріншіден, тілдегі тұрақты тіркестерді зерттейтін тіл білімінің бір саласы болса, екіншіден бір тілдегі фразеологизмдердің тұтас жиынтығы дегенді білдіреді. Өткен ғасырдың 70-жылдарынан бері қарай түркі тілдерінде, соның іші қазақ тілінде фразеология мәселесі жан-жақты зерттеле бастады. Академик І.Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты еңбегі (1977) бүкіл түркітануға үлес болды. Ә.Қайдаров, Ә.Болғанбаев, Ғ.Қалиев сынды ғалымдар фразеологияның қыр-сырын танытуда көлемді әрі тұжырымды еңбектер беруде.

Бір тілде қанша сөз болса, солардың тұтас жиынтығын тіл ғылымында лексика немесе сөздік құрам деп атайды. Сөздердің мағынасын, оның жалпы лексикалық жүйедегі алатын орнын, шығу тәркінің, қолдану қабілетін, күнделікті қарым-қатынастағы көрінісін, түрлі стильдік мәні мен сипатын тексеретін ғылымды бір сөзбен лексикология дейді. Лексикология сөздерді тілдің қазіргі даму тұрғысынан да, сонымен бірге өткен тарихымен тығыз байланыстыра отырыпта зерттейді.

Сөз байлығы – лексика қарастыратын негізгі және күрделі единица. Тілдің сөз байлығына тұрақты тіркестер де жатады. Бұлар замаидар бойы біртіндеп туып қалыптасқан, ұзақ дамудың жемісі. Сондықтан лексиканы зерттеу сөздік құрамды, тұтас алғанда бір бүтін система деп қарауды міндеттейді. Яғни, лексикология жекелеген сөздер тобын емес, тілді қалыптасқан лексикалық жүйесі тұрғысынан қарайды. Тілдің қаншалықты дамып жетілгендігі/ сөздік құрамдағы сөздердің санымен де, мәнімен (көп мағыналығымен) де өлшенеді. Сөздік құрам неғұрлым бай болса, тіл де соншалықты дамыған болады. Бүгінгі қазақ тілі сөз байлығы жағынан дамыған тілдердің қатарына жатады.

Тіл ғылымының әрбір саласы өзінің дербестігі мен даралығын (өзіндік қасиетін) сақтай отырып, өзара бір-бірімен байланысып отырады. Қазіргі қазақ тілі фонетика, лексикология,

морфология, синтаксис, стилистика, диалектология болып бірнеше салаға бөлінгенімен, осылардың барлығында тексеретіні – сөз. Тілдегі сөздерді бұлардың әрқайсысы әр қырынан іліп қарастырады. Тілдің негізін жасайтын – оның грамматикалық құрылысы мен негізгі сөздік қоры. Кез келген дыбыстардан әркім өз қалауынша сөз жасауға, грамматикалық тұлға жасауға да жол жоқ, Лексикалық элемент те, грамматикалық элемент те дыбыстардың белгілі бір жүйелі тіркесі арқылы жасалады. Сондықтан да нақтылы бір тіл ұрпақтан-ұрпаққа ескіrmес мұра болып, мәңгі-бақи сақтала береді. Алдыңғы толқын өздері біртіндеп өмірден көшкеніменен, олардың сөйлеген тілі бүгінгі ұрпаққа да соншалықты түсінікті болып тұрады. Мәселен, кеменгер Абайдың тілін өткен ғасырдағы адамдар қалай түсінген болса, бүгінгі ұрпақта дәл сол мәнінде мүлтіксіз ұға алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Будагов Р.А. Многозначность слов // Филологические науки. 1958. №1.
- 2.Грамматические исследования.Функционально-стилистический аспект: морфология, словообразование. синтаксис. / Н. Е. Ильина, В. Л. Воронцова, С. Н. Борунова ; отв. ред. Д.Н. Шмелев ; АН СССР, Ин - т рус.яз.– М. :Наука,1991. – 246с.
- 3.Виноградов В.В. Словообразование и его отношения к грамматике лексикологии (на материале русского и родственных языков) //Вопросы теории и истории языка в свете трудов И.В. Сталина по языкознанию. М.: Изд. АН СССР, 1952. – 494 с.

ӘОЖ 82. 299.24

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘҢГІMESİNDEГІ МИФО-ПОЭТИКАЛЫҚ ҮРДІC

УНГАРОВА А.К.

Ақшалақ орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

САРТАЕВА А.А.

Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. В статье рассматриваются мифо-поэтические тенденции в современной казахской повести.

Summary. The article examines mythological and poetic trends in modern Kazakh stories.

Тәуелсіздік тұсындағы көркем прозаның елеулі өзгерісі антропологиялық поэтика ықпалының айқындылығымен ерекшеленеді. Мифо-поэтикалық үрдіспен тығыз қабысып жататын фантастикалық антропологияның көркем антропологиямен ұласқан ізденіс іздері шығарма табиғатын ерекшелейді.

Қазақ әдебиетіндегі көрнекті прозаның көріністері фольклордан бастап, «Күлтегін», «Тоныкөк» жазбаларынан, жыраулар мен «зар-заман» поэзиясынан, Абайдың қара сөздерінен және XX ғасырдың басындағы Алаш әдебиетінен байқалады. Ең алдымен орнаментальді прозаға санаулы қаламгерлер ғана бара алғандығына көз жеткізуге болады.

Тәуелсіздік тұсындағы көркем прозаның елеулі өзгерісі антропологиялық поэтика ықпалының айқындылығымен ерекшеленеді. Мифо-поэтикалық үрдіспен тығыз қабысып жататын фантастикалық антропологияның көркем антропологиямен ұласқан ізденіс іздері шығарма табиғатын ерекшелейді.

Қазақ әдебиетіндегі көрнекті прозаның көріністері фольклордан бастап, «Күлтегін», «Тоныкөк» жазбаларынан, жыраулар мен «зар-заман» поэзиясынан, Абайдың қара сөздерінен және XX ғасырдың басындағы Алаш әдебиетінен байқалады. Ең алдымен орнаментальді прозаға санаулы қаламгерлер ғана бара алғандығына көз жеткізуге болады.

Қазіргі қазақ прозасында өте сирек қолданылатын көрнекті прозаның үлгілерін М.Мағауин, Т.Нұрмағамбетов, Д.Әшімханов, Т.Шапай, А.Алтай, Г.Шойбекова, Д.Амантай шығармашылығынан байқауға болады.

Көркем антропология төл әдебиетіміздің аз зерттелген саласы болып табылғанымен, оны өнертанудағы тіптен жаңа бағыт деп санауға болмайды. Өйткені, ол жеке өнердің теориясы мен дағдысын зерттеуде антропология ғылымының жетістіктерін жинақтайды. Қазіргі қазақ прозасындағы көркем антропологиялық ізденістерді зерттеу, әр кезеңдегі әдеби үдерістегі жазушылар шығармашылығының антропологиялық образдарын айырып қарау әдебиеттегі адам бейнесін тарихи, типологиялық, салыстырмалы-салғастырмалы аспектіде танып-білуге мүмкіндік береді.

Бірақ қазақ әдебиетіндегі көркем антропология өз бағасын әлі алған жоқ. Тәуелсіздік кезеңі тұсындағы қазақ прозасында рухани болмысты ұлттық идея негізінде кейіпкер болмысы арқылы ашуға деген көркем антропологиялық ұмтылыстар кеңінен өріс алды. Адамның жеке дене мүшесіне көркемдік салмақ арту арқылы ұлттық дүниетанымға тән қасиеттерге, көзқарастарға келудің өзі де түрлі қолтаңбалық ерекшеліктерімен көрініс тауып отыр. Г.Шойбекованың «Бұрым» атты әңгімесі – шап-шағын, бар-жоғы екі-ақ беттік әңгіме.

«Бұрымыңды кескенің – ақылыңды кескенің», – деді әкесі.

«Бұрымыңды кескенің – өмір жолыңды кескенің», – деді анасы.

«Бұрымыңды кескенің – жаңа өмірге келгенің», – деді құрбысы

«Осы үшеуінің қайсысы әулие», – деп ойлады ол», – [23, 137 б] деген Г.Шойбекованың «Бұрым» атты әңгімесіндегі қазіргі қазақ қызының типтік моделі өзгешелеу болып келеді. Жазушы бүгінгі әйел тағдырын ой өзегі ете отырып, уақыттың өзі тудырған бұл модельдің жан дисгормониясына үңіледі де, бүгінгі ұлттық таным шындығын мегзейді.

Суреткердің алып отырған көркемдік деталі ұтымды шыққан. Бұрым – деталь қызметін атқарғанмен, символға айналып отыр. Бұрым қазақ әйелінің сұлулығының, ұлттық бет-бейнесінің, танымының белгісі іспетті. Біздіңше, өз дүниетанымында, мінез болмысында лирик-романтик жазушының бұл әңгімесінде өмір-болмыс бейнесі авторлық «менімен» үндесіп әрі қым-қуыт қақтығыстарға түсе бейнеленеді. Оның кейіпкері – сырт қарағанда төрт құбыласы тең көрінгенімен, жан дауасын таппай жүрген жан. Автор – кейіпкердің жалғыздығы бір өлшемге сыймайды. Жазушы ұғымында Бұрымды қыздың жалғыздығы, жан жалғыздығы деген – тым күрделі нәрсе.

Г.Шойбекованың «Бүйрек» атты әңгімесінің көркемдік әлемін тану үшін көркем антропологиялық ізденістер арқылы шешім табуға тура келеді. «Бір бүйрегің бұрып тұр ма?», «...Бүйрегім бүлк ете қалды...», «...безбүйрек екенсің», «бүйрек бет» деп қазақ атамыз тегін айтпаған. Бүйрекке қазақ сонша мән беруінде маңызы бар екен. Оның себебін Г.Шойбекова өзінің «Бүйрек» атты әңгімесінде ашып көрсетуге тырысқан. Жазушы кейіпкерінің сауалы арқылы өз жұмбағын алға тартады. Автордың ұсынып отырған жұмбағының түйіні шығармасының соңында бірақ шешіледі. Автордың айтпағы: кейіпкерлерінің қарым-қатынасын махаббатқа жорып, тым келте қайырмай, адамдар арасында махаббаттан да биік жақындық, табиғи туыстық болатындығын түсіндіріп, жеткізу.

Сондай-ақ, қазақтың бір қаны бөлек қытайдың бүйрегін салдырғандықтан, бір адам бүйректерінің, екі түрлі ағзада өмір сүрсе де бірін-бірі іздеуі екі бөтен болмысты туыстастыруы қызықты әңгімеленеді. Әңгімеден шығатын түйін: тағы да Адам болмысының бір туар даралығын, қайталанбас қасиеті, оған болмыстан тыс әсер етудің залалды зардабын көркем зерделеу.

М.Балмолданың «Көшпендінің жүрегі» [24] атты әңгімесінде суреткер әуедегі екі кейіпкердің екі түрлі танымы мен болмысын ақша бұлттар деталін беру арқылы жеткізген. Ақша бұлтты Сэм қазақтың кең сахарасындай қабылдаса, Томның көзіне тек қана ақша бейнесінде көлбеңдейді. Осы шағын деталь арқылы автор қасындағы серігі Томнан болмысы асып түспесе, кем емес кешегі темекі компаниясының қожайынының болмысы табиғи түрде өзгеріске қалай ұшырағанын шым-шымдап суреттейді. Автор екітүрлі орта, екі елдің табиғи өзгешелігін екі түрлі кеңістікті психологиялық салыстыру арқылы бейнелеген. Шығарманың фабуласын құрап келген жүректің иесі – қазақ жігіті Семсер Дәуіт. «Жүрекке әмір жүрмейді», деген осы». Және қандай жүрек? Қазақтың жүрегі... Білдей темекі компаниясының иесін, әйгілі миллиардерді алды-артына қаратпай, өзінің ғажапстанына алды да кетті, – дегенде Шарлоттаның жанары ұясынан шығардай шатынай аларып, өкіріп, жұдырығымен шекесін ұрғылай берді. Жанына келіп оны жұбатпақ болған Томның да иегі кемсеңдеп кетті». Автор шағын әңгімесін осылай аяқтап отыр. Суреткер пайымында: Ағылшын миллиардерінің өмірін басқа арнаға бұрып, өзгеріске ұшырауының себебі де – «бір кесек ет» – жүрек екен. Жүрек болғанда, басқа біреудің емес, ата жұртын аңсаған қазақтың жүрегі. Сол «бір кесек етін» арқасында көзі тірісінде арман болған туған елі мен жеріне

өлгеннен кейін де өзінің ата жұртына деген махаббатқа, сағынышқа толы үлкен жүрегі Сэмді дедек қақтырып алып жетіп отыр (ағылшын миллиардеріне өлген қазақ жігітінің жүрегі салынған).

М.Баймолданың бұл туындысы антропологиялық ерекшелікпен жазылған, басқа шығармалардан басты айырмасы – жүрек тұжырымдамасын көркемдік деталь ретінде ала отырып, символдық рәмізге айналдыра білуінде, ұлтық идея мен мүддеге, қазақы танымға әңгіме өзегін құруында деп атап өтер едік.

Сонымен, қазіргі қазақ прозасындағы көркем антропологиялық ерекшеліктерге тоқталғанда қазақ қызының бұрымынан бастап, жүрек пен бүйрек турасында жазылған әңгімелерге тоқталып өттік. Жоғарыда талданған шығармаларға қосымша түрде Г.Шойбекованың «Ұлтабар» атты повесінде. «Бұл қазақтың да қоймайтын аты жоқ. Сөз таппай қалғандай «ұлтабары» несі?! Қайдағы-жайдағы жоқ «ұлтабар». Ауылдағы шешелеріміз мал сойылып, сыбаға таратқанда, жас келіндерге ұлтабар беріп жататын» – деп автор қазақы танымымыздағы ұлтабарға аса мән бере отырып, сюжет желісін құрайды. «Ұлтабар жемеген қазақта әйел заты бар ма екен?» деп сауал қоя отырып, осы ағзаны болашақ аналарға жегізуде не сыр барлығын, қазақтың ырымының астарында нендей жұмбақ құпия жатқандығының жауабын автор мен кейіпкері ғылыми медицинадан іздейді. Қазақтың ертеден оның атқаратын қызметін, пайдасын білгеннен кейін солай атап, ырым етіп қалдырғандығын повестің сюжет желісін ширату арқылы пайымдатады. Қаламгер ұлтабарды көркемдік деталь ретінде ала отырып, болашақ ұрпақтың рәмізіне айналдырып отыр. Әңгіменің ішіндегі дәрігердің әңгімесі арқылы ертедегі, ғылым-білім дамымаған ықылым заманда бабаларымыздың дәлелдеп қалдырып кеткен мұраларын әлі күнге дейін пайдалана алмай келе жатқандығымызды меңзейді. Бүкіл ғылым өзіміздің әдет-ғұрып, салт-дәстүрімізде тұрса да, өзгеден сонылық іздеп адасуымызды да ақырын ғана ишаратпен ұқтырғандай. Ырымды білген қазақтың, оның шығу тегін, бүгінгі күнге пайдасын ұмыт қалдырып жатқандығымызды еске салғандай.

Қорыта келгенде, қазіргі қазақ прозасындағы көркем антропологиялық ерекшеліктер алуан қырынан байқалады. Жоғарыда тоқталып өткен әңгімелердің ішінде Г.Шойбекованың «Бұрым», М.Балмолданың «Көшпендінің жүрегі» атты әңгімелері қазақ қызы мен ата жұртын аңсап өткен қазақ жігітінің рухы мықты қазақы танымын штрих-детальдармен көрсетуге ұмтылса, «Бүйрек», «Ұлтабар» атты екінші бір шығармаларда адам жаратылысының құпия қалтарысын ашуға ұмтылыс жасалған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шойбекова Г. Өмір сүру ережесі. – Алматы: Құс жолы, 2008. – 240 б.
2. М.Балмолда «Көшпендінің жүрегі» // Қазақ әдебиеті. 2009. №31 (3142). – Б.45-49.

ӨОЖ 82.745.28

ҒҰН ДӘУІРІНДЕГІ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

ҮКІБАЙ Н.

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының «Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру» бағдарламасының 3 курс студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ӘБЛҰЛЫ М.

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье с научной точки зрения исследуется наследие детского устного творчества со времен Гунов до нашей эпохи.

Summary. This article considers heritage of children's oral literature in the period from Guns age till present time.

Орталық Азия түркілерінің ежелгі дәуірдегі тарихының еленбей қалғаны туралы, ол көне тарихты зерттеуге тарихшылардың мән бермегені жөнінде "Тарих атасы" аталып кеткен атақты ғалым Л. Гумилев: "Түрліше кітаптар мен арнаулы әдебиеттің көптігіне қарамастан Орталық Азияның ертедегі тарихы жазылмаған"-деп жазды [1].

Ежелгі ғұн дәуірінен жеткен ауыз әдебиеті үлгілері арасында балаларға арналған ертегілер, мифтік әңгімелер көптеп кездеседі. Мұның өзі ежелгі ғұндардың қазақ халқының арғы ата-тегі екенінен хабар береді.

Академик Ә. Қоңыратбаев: "Бұрын эпостық поэзиясы биік дамыған Қазақстан, Орта Азия, Алтай халықтарының бай ауыз әдебиеті Кеңес дәуірінде мол зерттелді. Алайда біз қазақ эпосының табиғаты мен генезисін тайпа, ел тарихымен тығыз байланыстырып, түгел зерттеп болдық деп айта алмаймыз. Бұл түйінді соңғы кезде одақ тарихшылары айта бастады" деп жазды [2].

"Тәңірлік дәуір әдебиетін" қазақ ауыз әдебиетін қалыптастыруды маңызды рөл атқарғанын атап айтуға тиіспіз. "Алып Ер Тұңға" дастаны, әйгілі "Шу батыр" дастаны ежелгі сақтардың ауыз әдебиетінен орын алса, "Оғыз қаған" дастаны, "Аттила", "Көк бөрі", "Ергенекон" және "Авеста" деп аталатын қасиетті жазбалар жинағы әдебиеттің қайнар көзі болады деген тұжырымды жасай аламыз.

Н.Келімбетовтің мына пікірі әдебиеттану ғылымында өзіндік орыны бар ғылыми тұжырым деп айтуға болады: "Біз қазақ әдебиетінің қайнар бастаулары Түрік қағанаты (VIII-ғасыр) тұсында өмірге келген "Күлтегін" және "Тоныкөк" жырларында жатыр деп келдік. Бұл пікір кезінде ғылыми тұрғыдан негізделген тұжырым еді. Алайда мұндай ғажайып жырларды жазуға үлгі-модель болған шығармалар бұрын бар ма еді деген сауал ұдайы ойда тұратын.

Соңғы жылдары түркология ғылымы саласында қол жетіскен жетістіктер дәл осы сауалдың жауабын табуға мүмкіндік береді. Ежелгі түркілердің арғы ата-тегі саналатын сақтар мен ғұндар дәуірінің көркем сөз үлгілері: "Алып Ер Тұңға", "Шу батыр", "Аттила", "Көк бөрі" және "Ергенекон" дастандарының жеке-жеке үзінділерін, фрагменттерін, сюжеттік оқиғаларын ұзақ жылдар бойы іздестіріп, тырнақтап жинап, белгілі бір логикалық жүйеге келтірдік. Сол арқылы біз тек жекелеген үзінділер күйінде ғана жеткен бұл дастандардың өзіндік сюжеттік қаңқасын қайта құрастырып, яғни реконструкция жасап шықтық [3].

Ғұн дәуірінің ауыз әдебиетіне, соның ішінде ғұн дәуіріндегі балалар ауыз әдебиетіне жататын Өмірзақ жырау мен Теңізбай жырау жырлайтын "Алаңқай батыр" қиссасы ежелгі ғұн дәуірінен жеткен. Ғалымдардың ғылыми тұжырымы бойынша "Алпамыс батыр" қиссасы да ғұн дәуірінен жеткен. "Алпамыс батыр" жырының ең көне нұсқасын Майкөт ақын жырлаған. Алпамыс батырдың шын аты-Алып Бамсы. Алып Бамсы "Қорқыт Ата кітабында" кездеседі. Демек, жыраулар Алып Бамсыны Алпамыс деп атап кеткен.

"Алаңқай батыр" қиссасының кейбір нұсқалары Бесқаланың қазақтар көп шоғырланған "Дәуқара" өңірінде жасаған Қуанышбай жырау Досымбаев, Серікбай жырау, Теңізбай жырау, Қосым жырау, Өтім жырау, Мыңбай жырау нұсқаларында кездеседі. Сондай-ақ "Алаңқай батыр" қиссасында кездесетін Алаңқайдың әкесі Молақсай жыраудың, Еділ патшаның кеңесшісі Тоғанас жыраудың толғаулары мен өлең-жырларын Түркіменстанның Ташауыз облысында жасаған Тәжік жырау, Бесқаланың (Қарақалпақстан) Қоңырат ауданында өмір сүрген Қарлыбай жырау, Тақиятас қаласының тұрғыны Қошақан жырау, Шоманай ауданында өмір сүрген Сабыр жырау, Өгізбай жырау жырлаған. Бұл жыраулар "Алаңқай батыр" қиссасын да жырлаған. Ал, "Алаңқай батыр" қиссасының біз пікір айтып отырған қолымыздағы нұсқасы Бесқаланың Шоманай ауданында жасаған Өмірзақ жырау жырлаған нұсқасы"-деп жазды белгілі ғалым М. Әбілұлы [4].

Шынында Бесқала қазақтарының ауыз әдебиеті, эпостық жырлар болсын, ертегілер болсын, аңыз, әфсаналар болсын, терме-толғаулар болсын өте бай. Бұл өлкеде жыраулар батырлық жырлары мен ғашықтық жырларын таңна - таңға жырлаған. "Бозғұлан", "Көрұғлы" дастандарын күні кешеге дейін жырлаған жыраулар болды.

"Қазақ әдебиетінің ілкі дәуірі туралы сөз болғанда бізге қолжазба күйінде жеткен әдеби мұралармен қатар халықтың жадында жазулы хаттай сақталып келген шешен-жыраулар сөздерінің де маңызы зор болатыны ерекше ескерілуге тиіс..."(5)-деп жазды белгілі ғалым Х. Сүйінішәлиев шешендер мен жыраулардың ауыз әдебиеті үлгілерін кейінгі ұрпақтарға жеткізудегі үлгілі істері жайлы.

М.Әбілұлы 2012-жылы баспадан басылып шыққан "Ежелгі дәуірдегі балалар әдебиеті" атты кітабында былай деп жазады: "Ғұндар балалар мен жасөспірімдерге көшіп-қону мәдениетін, тасқа жазуды, аңшылық пен соғыс өнерін үйретті.

Ежелгі ғұн дәуіріндегі балалар әдебиетіне "Бала Түмен туралы аңыздар", "Тас зергері Түрқұт", "Тас зергері Тарғылдың өсиеті", "Мөде батыр" және "Ақтырна" ертегісі жатады" [6].

М.Әбілұлының "Ежелгі ғұн дәуіріндегі балалар әдебиеті" атты оқу құралы туралы ғалым Қаракөз Тамабаева былай деп жазады: "Әрине, жазба және ауыз әдебиеті жәдігерліктерінің

балалар әдебиеті тарихынан орын алуы қазақ әдебиеттану ғылымындағы айтарлықтай жаңалық екенін айта кетудің артықтығы болмас. Себебі осы кезге дейін балалар әдебиеті үлгілері жалпы қазақ халқының ауыз әдебиеті саласында зерттеліп келді.

Оқу құралында М. Әбілұлының "Ғұн дәуіріндегі Алып Бамсы (Алпамыс)", "Алаңқай батыр қиссасы" деп аталатын ғылыми тұрғыдан зерттеген зерттеу еңбектері ежелгі ғұн дәуірі жәдігерліктерін қазақ әдебиеті тарихына, соның ішінде қазақ балалар әдебиеті тарихына жақындата түседі..."(7).

Қорыта айтқанда, көне дәуірдегі ғұндар мен үйсін, қаңлылар мен шектілердің ауыз әдебиеті балалар мен жеткіншектерді, жастарды рухани жақтан байытып, олардың елге, жерге деген ыстық ықыласын тудырған. Осының нәтижесінде олардың бойында отаншылдық сезімдері қалыптасып, бойларында ерік пен жігер толып тасып, туған жерді бір қасық қаны қалғанша жат жұрттықтардан қорғай білген. Демек, жастарды ұлтжандылыққа баулуда ауыз әдебиеті үлгілері, атап айтқанда қаһармандық дастандардың әсер етер қуаты мол болған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Гумилев Л.Н. Древние тюрки, Москва, 1967. с.-87.
- 2.Қоңыратбаев Ә., "Қазақ эпосы және түркология", Алматы, Ғылым, 1987.69-б.
- 3.Келімбетов Н., "Ежелгі дәуір әдебиеті" (Қазақ әдебиеті бастаулары), Алматы, оқулық, "Атамұра" баспасы, 2005-жыл,3-4-беттер.
- 4.Әбілұлы М., "Ежелгі ғұн дәуіріндегі балалар әдебиеті", Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің баспасы, 2012-жыл, 45- бет.
- 5.Сүйінішәлиев Х., "Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері", "Қазақстан" баспасы, Алматы, 1967-жыл,10-бет.
6. Әбілұлы М., "Ежелгі дәуірдегі балалар әдебиеті", Тараз, "Рысбаев және Ко" баспасы, Тараз, 2012-жыл, 12-13-беттер.
- 7.Тамабаева Қ., "Ежелгі ғұн дәуіріндегі балалар әдебиеті" (филология ғылымдарының кандидаты, профессор М. Әбілұлының "Ежелгі ғұн дәуіріндегі балалар әдебиеті" атты оқу құралы туралы)", "Жастар айдыны" газеті, №3, 30-қараша, 2015-жыл.

ӘОЖ:82.01.10

РАХЫМЖАН ДҮЙСЕНБАЕВ – ПУБЛИЦИСТ

ТУКЕНОВА Т.Т.

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының магистранты, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

БЕРКЕНОВА Р.А.

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье подробно рассмотрены труды Рахимжана Дуйсенова в казахской публицистике. Кроме того, представлены ценные материалы для исследователей истории нашей современной литературы и культуры.

Summary. The article examines in detail the works of Rakhimzhan Duisenov in Kazakh journalism. In addition, valuable materials are presented for researchers of the history of our modern literature and culture.

Публицистика-сөзөнерінің үлкен бір саласы. Ол көркем әдебиетпен бірге туып, қалыптасып, өсіп, өркендеп келе жатқан шығармашылықтың ерекше бір тармағы. Сол тармақта өзіндік із қалдырған талантты публицистердің бірі – Рахымжан Дүйсенбаев.

Орыс зерттеушісі И.Лаптевтің ертеректегі кітабында ол туралы мынадай дерек келтіріледі: «Господин Дуйсенбаев – уроженец Каркаралинского уезда, Семипалатинской области. Как человек «образованный», он не прочь иногда употребить иностранное слово (хотя сравнительно

редько), он принадлежит к числу и молодых киргизов – (казахов – *Б.Ж.*), старающихся о чистоте языка литературного, обыкновенно испещренного множеством арабских, сартовских, а еще более татарских слов» [1, с. 76].

«Рахымжан Дүйсенбаев және басқа бірнеше адам аудармашы әрі әдеби қызметкер болып істеді» [2, 38 б.]. «Генерал – губернатордың кеңсесінде аудармашы болып істеген Ешмұхамед Абылайханов, Дінмұхамед (Дінше) Сұлтанғазин мен Рахымжан Дүйсембаев (астын сызған біз – *Б.Ж.*) «Дала уалаятының газетінің» де аудармашылары болған» [135, 81 б.]. «Газеттің қазақ тіліндегі шығарушылары Дінмұхамед Сұлтанғазин, Асылқожа Құрманбаев, Рақымжан Дүйсенбаевтың жазғандарын редакциялық мақалалар деп қарауға болады. Үшеуі де қазақ баспасөзінің тарихынан елеулі орын алатын, ғалым, аудармашы болуымен қатар, газет бетінде халқымыздың мәдениеті, әдебиеті, тілі тарихы, шаруашылық мәселелері жөнінде деректі мақалалар жариялаған білімдар жандар. Бұл мақалалар қазіргі әдебиетіміз бен мәдениетіміздің тарихын зерттеушілер үшін құнды материалдар екені сөзсіз» [3, 146.]. Яғни Рақымжан Дүйсенбаев «Дала уалаяты газетінің» шығарушыларының да бірі болған, сол газет редакциясында әдеби қызметкер болып қызмет атқарған. Газеттің 1895 жылғы қараша айындағы санында мынандай бұйрық тексі бар: «Семей болысының қазағы Рахымжан Дүйсенбаев генерал-губернатор кеңсесіне мемлекеттік қызметке алынсын, оның тегіне және біліміне қарай кеңсе қызметкерлерінің үшінші разрядына жатқызылсын». Бұйрықта Р.Дүйсенбаевтың шені болмағаны да жазылған. 1897 жылдың 5 қаңтарында ол кіші аудармашылық қызметке тағайындалады [3, 153-154 бб.].

Оның «Атбасар оязындағы қазақтардың жаһатгерлігі» (1895, №44) атты корреспонденциясы ерекше тақырыпқа арналған. «Бұл ояздағы қазақтардың егін шаруасына айналысқанына көп болған. Осы уақытта астыққа бола олардан ешкім орыс қалаларына бармайды. Қайта артылған астықтарын қалаға өздері сатады. Бір жылда әлденеше мың пұт астық алатын егіншілер бар» /ДУГ. 1895, №44/, – деп басталған корреспонденцияда қазақ даласындағы жаңа кәсіп түрлері үлгі ретінде жазылады. Егіншіліктің қырдағы қазаққа берер пайдасының мол екенін айта отырып, балық өсірумен айналысқан қазақтар да бар екенін үлгі етеді. «Байғара Отбайұғлы деген қажы Жалтырша деген көлге балық салып өсірейін деп ойлапты. Ауылдастары оны мазақ қылып күліпті. Бір жақтан 16 табан балық тауып алып, сол Жалтырша көлге салған екен. Биыл сонда табан балықтың сыймай жүргенін көріп ауылдасының бәрі таң қалыпты. Осы күні қазақтар сонан балық аулайды. Нашарлар қысқы азыққа қалдырады. Әйтеуір көп адамға нәсіп болып тұр» /ДУГ. 1895, №44/, – деп әңгімелейді. Автордың негізгі ойы – қазақ даласында жаңа кәсіптермен айналысудан қымсынбау керек. Егіншілік, балықшылық деген де өнер екендігі. Бұл салалар халықтың шаруасын, жағдайын көтереді – деген тұжырым-түйін жасайды.

Саудагерлердің қалайша қазақты жейтіні» (1895, №40) сын корреспонденциясы өмірлік нақты деректерге құрылған. Қыр қазағының қолында ақша болмайды. Бары – өсірген азын-аулақ малы. Қалаға киім алу үшін барған қазақтар ылғи саудагердің алдауына ілігетіндігін жазады. Лапкедегі пұлға (матаға – *Б.Ж.*) қызыққан қазаққа саудагер несиеге береді де, «Мысалы, қол ақшаға 10 тиынға сағатын кезін 25 тиыннан береді» /ДУГ. 1895, №40/, – деп ашынады қаламгер. Саудагерлер несиеге бердім деп 6-7 кез шытты 1 қойға айырбастай салатынын жазады. Бұл – әрине саудагердің арам кәсібі екенін сынға ала-ды. Қыр қазағы жуас, затқа қызыққыш, аңқау екеніне күйінеді.

Мақала соңында өзі көзімен көрген бір оқиғаны баяндайды. Екі атты бір жаяуды көреді. Екі атты – саудагерлер, жаяу – қыр қазағы. Қазақ 8 кез шыт алып бір қой бермек болған. Қойы жоқ болған соң бере алмайды. Ал саудагерлер алдындағы жалғыз сиырын қуып кетпек болады. Енді осының ақ-қарасын анықтауға момын қазақты биге апара жатыр. «Би саудагердің тамыры шығар, оның ісін орнына келтіреді ғой» /ДУГ. 1895, №40/, – деп қынжылады автор. Былай қарасақ жай ғана, күнде болып жатқан оқиға сияқты. Бірақ публицистің көтеріп отырған мәселесі – қоғамның үлкен дерті, ол әділетсіздік дерті. Қалың қазақтың бәрі де саудагердің тұзағына түскен заманнан шығудың жолын іздейді. Оқырманға ой салады. Әділдігін айтады. Пікір қалыптастырады. Публицистің қолынан келер ісі де – сол.

«Дала уалаятының газетінде» қызмет істеуі Р.Дүйсенбаев үшін үлкен мектеп болды. Газетте Шоқан, Ыбырай, Абай салған ағартушылық дәстүр ашық жалғасын тапты. Сол кезде өзін ағартушы-публицист ретінде елге танытқандардың бірі де осы – Рахымжан Дүйсенбаев еді. Ол «Харіп турасының сөзі» (1897, №10) атты көлемді мақаласында қазақ жазбасы мен оны дамыту жолдары туралы салмақты пікір айтты. «...Араб жұртының харпін ешбір қазақшаға түзетпей сол жұртта қалай жазылса, сол бойымен алған еді. Және де бұл араб әліпбиінің қазақ сөздерін жазуға

толық емес көп кемдігі бар һәм қайсы бір харіптері керексіз артық екені де оқу білетіндерге белгілі» /ДУГ. 1897, №10/, – дей келе араб харпімен жазудың дұрыс еместігін, қазақ тіліндегі 12 дауысты харіптердің қамтыл-майтындығын дәлелдейді.

«Араб әліпбиінде қазақ тіліне кемдігі, шатағы бар. Харіптері басында бір түрлі жазылады, аяғында, ортасында әр қилы болып, баланың басын қатырады»,– деп шын қиындықтың шетін шығарады. Ал сауатты ел болу үшін ең алдымен қазақ үшін оңай қылып түзетілген харіп керек екенін алға тартады. Бұл басты мәселе екенін: «Әліпби шықпай тұрып ғылым, білім жоқ. Онсыз бола алмаған. Әліпби шыққаннан кейін ғылым, білім де шықты» /ДУГ. 1897, №10/, – деп нақты тарихи дәлелдермен Ағылшын, Француз, Италия, Германия, Испания, Америка халықтары әліпбиін мысалға келтіріп көрсетеді. Публицист өз ұстанымында Дінмұхамед Сұлтанғазин ұсынған қазаққа оңайлатылған орыс әліпбиіне көшу керектігі туралы пікірді жақтайды. XIX ғасырдың аяқ шенінде сөз болған бұл мәселе әлі де өзекті. Ы.Алтынсарин, Д.Сұлтанғазин, Р.Дүйсенбаевтар ұсынысы қабыл болып, кириллица харпіне жұртшылық түгел көшті. Бұл біздің ғылым, білімнің дамуына оң ықпал еткенін қазіргі өмірдің өзі көрсетіп отыр. Дәл осы ретте, Р.Дүйсенбаевтың: «Егерде біз өз көшімізге қарай шамамыздың келгенінше ескі әліпбиді жетпегенін қосып түзетсек, аз-мұз қате кетсе соңына бір ғұлама шыға келсе түзетер, онша тілден көп білмесек те үлкен қателер бұл турадан кете қоймас» /ДУГ. 1897, №10/, – деген тұжырымының дұрыстығын заман ағысы көрсетті.

«Қазақ халқының өнер оқуын біле бастауы» (1898, №15) мақаласы алдыңғы ойдың жалғасы іспеттес. Мұнда Орынбор, Торғай облысында, Қостанайдағы әйел балалары оқитын прогимназия, Шымкентте, Әулиеата оязына қарайтын Қарақыстақ елінің қазағы Нұрмамбет Бақыұғлы, Тапқан елінің биі Әлімбек Бөкенұғлы мектеп-медресе ашуға күш салып жатқандығын қуана хабарлайды. Бұл – XIX ғасырдың аяғындағы оқу-білімге сусаған халықтың өмірін көрсететін айнадай деректер. Автор қазақтың ішінде әлі де мектептердің аздығын айта келіп, «Анық өнер, білім оқулары оқылады, жетіліп оқыған учительдермен жақсылап салынған школда» /ДУГ. 1895, №15/, – деп тура жолды нұсқайды. Өнер, білім оқу деген тек шарифат жолын білдіретін құранды ғана оқу емес, «кен қазу, егін салу, ағаш өсіру, билік айтып тергей білу, сондай дүниеге керек істі білу турасы», – деп жаңа бағыттағы мектептер ашуға шақырады, мектеп ашқандарды бүкіл халыққа үлгі етіп көрсетеді. «Қазақтың нанғыштығы» (1896, №2) мақаласы қазақтың ырымшылдығы мен сенгіштігі туралы жазылған. Бұл бір ерекше тақырыпты қозғайды. Қараңғылықтан, білместіктен ұйықтама (летаргиялық ұйқы), талма ауруларымен ауырған адамдарды тірі күйінде жерге көмудің орын алатындығын қынжыла баяндайды. Қарқаралыда бір Қойбағар деген кісінің қабірінен күңіренген үн шығады, иттер үреді, сонда да қазып алмайды. Қыр қазақтары Зайсан уезінде бір биді көміп жатқанда, күңіренген үн шығады, оны бүкіл ел, тіпті ішінде ер жеткен өз баласы да тастай қашады. Алтынсарыұғлы Ибраһим айтқан 1875 жылы болған бір оқиғаны да баяндайды. Онда да бір әйелді тірідей көміп, баласы жылай беріп, ақыры ешкім бармай Ыбырайдың өзі көрден қазып алса, шынымен әйел тірі болып шығады. Бірақ бір күннен кейін жантәсілім етеді /ДУГ. 1896, №2/.

Осы нақты өмірде болған жайларды мысалға ала отырып, Рахымжан Дүйсенбаев қазақтарды сондай сұмдықтардан сақ-тандырады. Адамның тірі екендігін білдіретін бірнеше белгілерді санамалап жазады. Надандықтан арылып, кейбір ауыр-ған, талып қалған, шалажансар адамдарды тірідей көмбеу керектігін қал-қадерінше түсіндіреді. Кейбір адамның бір-екі күннен соң, не 10 күнге шейін сауығып кететіндігін айтып, көрде дауыстаған адамды құтқару керектігіне сендіреді. Публицистиканың бір мақсаты – сендіру, иландыру екені белгілі. Бұл публицистикалық мақаланы оқыған адам ақиқатқа сенбеске лажы қалмайды. Көрген – білгені аз, нанғыш халық үшін мұндай мақалалардың дер кезінде өз пайдасы болған да шығар.

Р.Дүйсенбаев қазақ халқының ұлт ретінде дамуының және жер бетінде сақталып қалуының негізі – дамыған, алдыңғы қатарлы экономикада деп білді. Оның «Мал шаруасы осы бойында тұрғанда қазаққа пайдалы ма?» (1889, №2, 5, 18) атты тақырыптағы циклды публицистикалық мақалалары қоғамды әлеуметтік зерттеудің негізінде жазылған. Автордың ойынша, әрі таптық, әрі отарлық қанауға ұшырап отырған қазақ халқын басқа ұлттар қатарына ешкім де жеткізбейді. Халықтың өзі шын талаптанғанда ғана, жақсылыққа қол жеткізеді. Көшпеліліктің салдарынан заман ағысына ілесе алмай келе жатқан қазақ халқы отырықшылыққа бой үйретуі керектігін айтады. Отырықшы болайық, бір жұтта малдан айырылып қалмас үшін, қысқы азықты жазда дайындайық, қора салайық, арзанға кетпесін десек – малдың тұқымын жақсартайық! Малдан алынатын өнімді өзің өндеп, ұқсата біл/ДУГ. 1889, №3, 5, 18/. Дүйсенбаев – публицист елін осындай іске көшуге, бар ынта-жігерімен шақырады. «Волостнойлардың һәм оязный мекемелердің

почтовойларына лау мінгізуді қойғызғаны турасында»(1895, №45) деген мақаласында: «Мәселен лауға кедейдің жалғыз атын алып кетеді. Бір-екі айда атыңның басын қайтарып алсаң жақсы, әйтпесе ол да жоқ. Мен осындай әдіспен 250 ат жинап алған болысты білемін» /ДУГ. 1895, №45/, – деп ашына жазды. Осы сияқты ұлықтардың әділетсіздігін «Қырда билет бергенде қылатын қысым» деген сын корреспонденциясында да жазып, қарапайым халықты алдаушы алаяқтарды әшкереледі. Қорғансыз, момын, жуас, кедей жұрттың атынан сөйлеп, жоғын жоқтады, мұңын мұндады.

Қазақ арасында жылқы ұрлауды қойғызу туралы» (1896, №42), «Қырдан келген хабарлар» (1895, №32) деген мақалаларында барымта, ұрлық сияқты керітартпа кеселдің, ел арасын бұзып, ірітетін, ауыз бірлікке жеткізбейтін пасық әдеттер екенін ащы сынға алады. Осы тектес «Ұрылар туралы тағы бірнеше сөз»(1899, №28) деген мақаласында: «Науқас адам ауруын айтады», – біз, қазақтар, сонымызды айтамыз, ылғи партия болып жіктелетінімізді, барымтаны айтамыз. Барымта қазақтың қазіргі өмірінің басты кеселдерінің бірі... Қазақтарбарымтаның жойылмай келе жатқандығын мен мынамен түсіндіремін. Барымтаны кім жасайды? Даланың күштілері – болыстар, билер, старшындар тағы басқа сондай ықпалы жүретін бай адамдар жасайды. Олар өздері ұрламағанмен қолдарына ұры ұстайды, барымта малын иемденеді. Күштілер қолдамаймын десе, жай қазақтың бір де біреуі барымтаға бармас еді. Барымта қазақтың ұлттық әдегі емес, ол – бай- шонжарлардың, болыс-билердің шығарғаны, әлдінің әлсізге көрсеткен қыспағы» /ДУГ. 1899, №28/. Бір қызығы – түсініктемеде редакция мақала авторымен келіспейтіні көрсетіліп, басқалардың бұл мәселе жөніндегі пікірлерін жіберуі сұралады.

Публицист – Дүйсенбаевтың шындықты айтуы ел басқарып отырған ұлықтардың шымбайына батып кетсе керек. Р.Дүйсенбаев қай мәселені қозғаса да, қай тақырыпты қамтыса да жеріне жеткізе жазады, ащы тілмен, өткір ойлармен, ақиқаттың алдаспанымен кемшілік атаулыны тіліп түседі. Бұл оның батылдығын көрсетіп қана қоймайды, ел ішіндегі қиоы кеткен қисынсыз жайттарды көрген соң қайнап шыққан ыза-кегін аңғартады. Публицист Р.Дүйсенбаевтың ақжарма ойлары – өз заманының үні, сол замандағы халықтың тілі екендігін байқаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Стюфляева М.И. Поэтика публицистики. Воронеж: Изд. Воронежского университета, 1975. - С. 154.
- 2.Әлкебаева Д.А. Сөз мәдениеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 196 б.
- 3.Әлкебаева Д.А. Қазақ тілінің публицистикасы: Оқу құралы. – 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 258 б.
4. ДУГ. 1895, №44.,1899, №28.,1895, №45.,1896, №42.

УДК 8.81-13

ИЗУЧЕНИЕ ТЕКСТА КАК РЕЧЕВЕДЧЕСКОГО ПОНЯТИЯ В ШКОЛЬНОМ КУРСЕ РУССКОГО ЯЗЫКА

ИГИЛИКОВА Г.И.

Таразский региональный университет им. М. Х. Дулати, ст. преп.
Республика Казахстан, город Тараз

Резюме. В статье рассматривается один из основных подходов к обучению русскому языку – текстовый подход. Проблемы текста, его восприятия, порождения и анализа, проблемы речевого развития учащихся имеют особое значение в процессе формирования коммуникативной компетенции. Текст является ключевой единицей как языка в целом, так и речи, благодаря чему он рассматривается как дидактическая и коммуникативная единица, в процессе работы с которой учащиеся получают не только сведения о тексте, его признаках, типах и стилях речи, но и работают над формированием определенных коммуникативных умений и навыков, составляющих основу коммуникативной компетенции, что обуславливает развитие самодостаточной языковой личности; создаются возможности для саморазвития и самореализации ученика, развития его творческих способностей и нравственных качеств личности.

Summary. The article discusses one of the main approaches to teaching the Russian language – the text approach. The problems of text, its perception, generation and analysis, and the problems of students' speech development are of particular importance in the process of forming communicative competence. The text is a key unit of both the language as a whole and speech, due to which it is considered as a didactic and communicative unit, in the process of working with which students receive not only information about the text, its features, types and styles of speech, but also work on the formation of certain communicative skills that form the basis of communicative competence, this determines the development of a self-sufficient linguistic personality; opportunities are created for self-development and self-realization of the student, the development of his creative abilities and moral qualities of the personality.

Формирование русского языка в школе предполагает овладение языком и речью учащихся, а также навыками и умениями в написании текстов для различных коммуникативных целей. Направление изучения русского языка требует более методического обоснования и практической реализации, поскольку уровень навыков и умений в создании текстов (устных и письменных) не соответствует требованиям программ изучения русского языка для общеобразовательных школ. Поэтому методическая наука рассматривает методы развития связной речи учащихся, отражающие данные современных научных исследований, а также вооружающие учителей необходимыми знаниями в области лингвистической теории и текстологической лингвистики.

В лингвистической и психолингвистической литературе за последнее десятилетие были рассмотрены важные вопросы в методологии развития связной речи: структура текста, языковые средства подачи текста и обеспечения текстового содержания, типы и способы передачи предложений и частей текста, регулярность использования речевых средств в процессе формирования текста [1].

Однако идеи лингвистики текста породили массу авторских дефиниций понятия «текст». Поэтому в научном обиходе и функционируют различные его определения. Нет единого мнения среди ученых относительно ведущих признаков текста. Между тем, в теории методики, как и в лингвистике, также отсутствует общепринятое, унифицированное определение текста и его признаков, которые должны стать предметом пристального изучения в школе [5].

Сегодня методика развития связной речи учащихся испытывает острую необходимость в разработке лингвистических, речеведческих и методических основ для формирования умений создавать различные тексты. Лингвистическую основу обучения школьников построению текстов составляют введенные в программу по русскому языку речеведческие понятия: «текст и его структура», «тема», «основная мысль» текста, «средства и виды связи», «тип» речи, «стиль» речи [6].

Считаем, что научить школьников создавать тексты разных типов и стилей речи возможно лишь при условии использования знаний об основных признаках текста (тематическое единство, развернутость, последовательность, связность, композиционная оформленность, завершенность, цельность), о речевой ситуации, об основных признаках стилей и типов речи. Данная речеведческая теория не нашла своего отражения ни в программе по развитию связной речи, ни в школьном учебнике.

Речеведческая теория должна быть усвоена не в виде определений понятий и формулировок правил, а как основа формирования умений создавать различные тексты. Основными факторами, обеспечивающими успех в решении задачи обучения учащихся построению текстов различных типов и стилей речи, являются наличие соответствующей речевой теории в курсе русского языка и методической системы формирования коммуникативных умений [7].

Важность изучения текста как наиболее крупной синтаксической единицы в школьном курсе русского языка неуклонно возрастает. Современному школьнику необходимо получить не только глубокие теоретические знания, но и практические умения, которые позволят ему успешно реализоваться в жизни. Развитие информационной цивилизации требует постоянного совершенствования самого человека, его творческих и созидательных способностей. Современный специалист – это высококвалифицированный профессионал, сочетающий эрудицию со знанием конкретной области деятельности, обладающий высокой культурой коммуникативной деятельности.

Основным источником приобретения коммуникативной деятельности является текст. И современная методика признает необходимость активного использования текста в процессе

обучения русскому языку - прежде всего, как предмета обучения, а также для организации обучения иным языковым единицам – предложениям, сложным синтаксическим целым, словам, которые усваиваются как важные компоненты речи.

Развитие речевой деятельности учащихся происходит на всех уровнях обучения. Однако, основной базой для решения этих задач являются уроки русского языка и литературы. Неоценимым достоинством усвоения учащимися речеведческих понятий являются тексты, взятые из лучших произведений классической и научно-популярной литературы. Обогащение словаря происходит за счёт узнавания новых слов, их значений, знакомства с этимологией слов. Обращение учащихся к истории отдельных слов способствует более внимательному отношению к словам русского языка. Используемые на уроках иллюстрации и тексты упражнений помогают создать конкретные образы, воспринять значение многозначных слов. В процессе выполнения практических заданий уточняется и углубляется представление учащихся о лексическом значении слов, об однозначных и многозначных словах, о прямом и переносном значении слов, о синонимах и антонимах.

Через тексты учащиеся знакомятся с правильным произношением слов, с нормами ударения. Особое место в системе занимают упражнения, направленные на воспитание культуры речевого общения. В учебниках достаточно упражнений, формирующих речевые умения при работе с текстом: умение различать типы текстов, определять тему и главную мысль, подбирать заголовки, выделять части текста и композиционно правильно строить текст.

Так же много упражнений, направленных на создание собственных речевых высказываний, что позволяет развивать не только устную, но и письменную речь: создание текста по заданному слову, предложению.

Обучение видам речевой деятельности – это условие успешной учебной деятельности учащихся. Существуют различные пути повышения эффективности развития связной речи при усвоении учащимися речеведческих понятий.

Научить школьника ясно и грамматически правильно говорить, излагать собственные мысли в свободной, творческой интерпретации, в устной и письменной форме, уметь выражать свои эмоции разнообразными интонационными средствами, соблюдать речевую культуру и развивать у него умение общаться – кропотливое дело, требующее от учителя напряженного труда, а главное, – эффективного подхода к развитию речевой деятельности в самом широком понимании, его организации и корректировке.

Обучение работе с текстом, овладение текстовой деятельностью – интегральное понятие, поэтому включает в себя и литературоведческие знания, и знания по стилистике. В дальнейшем эти знания способствуют не только исследованию текста, но и обобщению обучающимися своих наблюдений, созданию атмосферы творчества, благодаря которой школьники в процессе коллективной и индивидуальной работы с текстом учатся думать, наблюдать, пробовать самостоятельно анализировать.

Итак, работа над текстом, основанная на использовании речеведческой теории, обеспечивает более высокий уровень речевого развития учащихся. И применяемая система упражнений, направленная на овладение понятиями и их использование в речевой практике в соответствии с задачами обучения на том или ином этапе, способствует формированию у школьников всего комплекса коммуникативных умений, необходимых для создания текстов различных типов и стилей речи.

Список использованной литературы:

1. Ананьев А.А. Психологические основы культуры устной и письменной речи и ее воспитание в школе // Психология речи: Сб. ст. / Отв. ред. Б.Г. Ананьев. Л., 2004. - С. 5-16.
2. Бабайлова А.Э. Текст как продукт, средство и объект коммуникации при обучении неродному языку: Социопсихоллинг-вист. аспекты. Саратов: Изд-во Сарат. ун-та, 1987. - 151 с.
3. Бархударов Л.С. Текст как единица языка и единица перевода //
4. Винарская Е.Н. Выразительные средства текста: На материале рус. поэзии: Учеб. пособие. М.: Высш. школа, 2008. - 134 с.
5. Гальперин И.Р. Понятие "текст" и "исполнение" в связи с дихотомией "язык и речь" // Язык и речь: Науч. сессия, 22-26 нояб. 1971 г.: Тез. докл. / АН СССР. Ин-т языкозн., АН Груз. ССР. Ин-т языкозн. - Тбилиси, 1971. С. 12-14.

ӘОЖ. 82.748.21

ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР

АПТАУОВА Л.Р.

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жамбыл ауданының білім бөлімінің Бейсенбек Тайшапұлы атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

Резюме. В научной статье описывается роль пословия в фольклоре.

Summary. The scientific article describes the role of the proverb in folklore.

Мақал-мәтелдер – халық ауыз әдебиетінің қазыналы байлығы саналатыны белгілі. Өйткені, мақал-мәтелде халықтың дүниетанымы, өмірге көзқарасы, философиясы, өзге де мәселелер кеңінен көрініс табады. Мақал-мәтелдер қашанда белгілі бір ойды жеткізеді, әлдебір нәрселерден сақтандырады, бір сөзбен айтқанда, адамның тал бесіктен жер бесікке дейінгі өміріне азық болатын даналық ғибратындай жол көрсетіп тұрады.

Халық даналығының қаймағы саналатын мақал-мәтелдер мен накыл сөздердің ел аузынан жиналатыны мәлім. Қай халықтың ауыз әдебиетінде болса да мақал мен мәтел көлемі шағын, тілі көркем, мазмұны бай жанрға жатады. Мақалдар мен мәтелдер ғасырлар бойы халықпен бірге жасап, біреулері ескіріп қолданудан шығып қалып, екіншілері жаңадан пайда болып отырады.

Халық шығармаларының басқа да түрлері сияқты мақал-мәтелдерді де әуел баста жеке адамдар шығарады, оны біреуден біреу естіп жаттап жаңғыртады, өндейді, өзгертеді. Сөйтіп, олар бірте-бірте жалпы ортақ мұраға, халық шығармасына айналады. Демек, мақал- мәтелді халықтың өмірден жасаған қорытындысы, ақыл- ой түйіні деуге болады.

Мақал-мәтел мазмұны бай, көлемі шағын, тілі көркем халық шығармасы, белгілі бір халықтың қоғам тіршілігінен, табиғат құбылысынан жасалған қысқаша қорытындысы, әлеуметтік және жеке адамдар арасындағы қарым-қатынастарды белгілейтін заңы, кодексі, жас ұрпақты тәрбиелейтін өсиеті, насихаты, оқулығы. Мақал-мәтелдердің мазмұны белгілі бір халықтың, ұлттың, қауымның шаруашылық кәсібін, тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын, дүниеге көзқарасын, сенім-нанымын көрсетеді.

Қазақ халық мақал-мәтелдерінің басым көпшілігі қазақ шаруасының негізгі күнелткіші болған малшылық пен егіншілікті, көмекші кәсіптері – аңшылық пен балықшылықты бейнелейді. Онда шаруаның және диханның мінез-құлқы, тұрмыс-салты, ұғым-сенімі тапқыр ой, көркем тілмен жан-жақты сипатталған; шаруашылық жүргізудегі, қарым-қатынас жасаудағы тәжірибелері мен көрген-білгендері қорытылған.

Мақал-мәтел шаруа малданған, қолданған жануарлар дүниесінің, дүние-мүлкінің, қару-саймандарының сыртқы белгілерін, ерекшеліктерін көрсететін, сипаттайтын жұмбақтай емес, уақиғаның, құбылыстың, қарым-қатынастың ішкі сырын, өзара байланысын бейнелеуге арналған. Солай болғандықтан шаруаның тұрмыс-салты, шаруашылық кәсібі мақал-мәтелінде айқын көрінеді. Басқа халықтар сияқты қазақ шаруаларының да алғашқы кәсібі аңшылық болған. Анайы аңшылық дәуірден бізге сол қалпында жеткен мақал-мәтелдер көп емес. Дегенмен халқымыздың кейінгі аңшылық кәсібінен елес бергендей бірсыпыра мақал-мәтелдер сақталған. "Бір оқты бұлан көтереді, екі оқты қолан көтереді", "Құланның жайылымы бір болғанмен, жусауы басқа" дейтін мақал-мәтелдер біздің жерімізден әлдеқашан жойылып кеткен жануарлар жайлы мақалдар соны дәлелдейді.

Мақал-мәтелдердің өміршеңдігі, ұзақ жасайтындығы – тілінің көркемдігі мен мазмұндылығында, аз сөзбен көп мағына беретіндігінде және кісі жадында сақтап, керек кезінде қынаптан қылыш суырғандай тез еске түсіріп қолдануға қолайлы болуында.

Мақал-мәтел тұрмысындағы алуан түрлі уақиғаларды, қарым-қатынастарды қысқа, тұжырымды тілмен түсіндіреді; айтылмыс ойды ажарлайды, әрі айқындайды. Сондықтан да халық оны "Жүздің көркі – сақал, сөздің көркі – мақал" деп жоғары бағалаған. Мақал мен мәтел

халықтың өзі жасап алған заңы, өмірде кездесетін әртүрлі уақиғаларды ұғындыратын оқу құралы іспетті. Онда ортақ ой, жалпы ереже, анықталған жайлар айтылады, терең мағыналы, тілге жеңіл, құлаққа жағымды сөздер талғап алынады. Мақал-мәтел – ауыз әдебиетіндегі ең шағын түрі, әрқайсысы дербес шығарма. Онда тура мағынамен қатар, астарлы мағына болады, негізгі ой астарлы айтылады. Мақал-мәтел – ертегі, салт өлеңдері сияқты «кәрі» жанр. Көне Орхон - Енесей түркі жазбаларында сақталған деректер соны көрсетеді. Махмұт Қашқаридің "Диуани лұғат - ат-түрік" сөздігінен: "Ұлық болсаң кішік бол, халық үшін бәлік бол", "Кісі аласы ішінде, жылқы аласы сыртыңда", "Тай ат болса, ат тынар, ұл ер болса, ата тынар" дейтін, "Құтадғу білік" дастанынан: "Біліп сөйлесең білекке саналар, білімсіз сөз өз басын жояр", "Ауыздан бірде от, бірде "су шығар, бірі жанса, бірі сөндірер" дейтін мақалдарды оқимыз.

Қазақтың мақал-мәтелдерін алғаш қағаз бетіне түсірген ғалым – Шоқан Уәлиханов. Ш.Уәлиханов пен И.Н.Березин архивтерінде XIX ғасырдың екінші жартысында ел ауызынан жазып алынған екі жүзден астам мақал-мәтел сақталған. Солардың ішінде күні бүгінге дейін құнын жоймаған "Ақыл – дария, көңіл – дүлдүл", "Тоты құс бойын көріп сырланады, аяғын көріп қорланады" деген секілді ондаған мәнді мақал-мәтелдер бар. Содан бері қазақ мақал-мәтелдері әр түрлі ведомстволарда, хрестоматияларда, жинақтарда жарияланып келеді. Халық шығармашылығының басқа түрлерімен бірге кейде өз алдына оны жинап жариялаушылар да болған (Ш.Ибрагимов, М.Терентьев, Ы.Алтынсарин, Я.Лютш, Ф.Плотников, Н.И.Гродеков, А.А.Васильев, Т.А.Мелиоранский, Ә.Ә.Диваев, Н.Ф.Катанов, Н.Н.Пантусов, В.В.Катаринский т.б.).

Алғашқы жинақтардың бір артықшылығы – мақал-мәтелдер ел арасында қалай айтылып, өңдеу-өзгеріссіз сол қалпында жарияланған және қазақшасы мен орысша аудармасы қатар берілген; қай жерден жазылып алынғаны көрсетіліп, әр уездің мақал-мәтелдері бөлек топталған, көне, бөгде сөздерге түсінік жазылған. Алайда, халық шығармасын алғашқы жинап, жариялаушылардың бір кемшілігі - материалды кімнен, қашан, қалай жинағандарын айтпаған, яғни ауыз әдебиет нұсқаларын жаттап, сақтап келген әңгімешілер мен жыршылар, айтушы, жаздырушылар жөнінде жартымды дерек-мәліметтер қалдырмаған. Сондай-ақ алғашқы жинақтардың көбінде жөнді түсініктер, алғысөздер де жазылмаған. Москвада 1923 жылы "Мың бір мақал", Ташкентте 1927 жылы "Қазақ мақалдары" (Құрастырушы Әбубәкір Диваев) [1], Алматыда 1935 жылы "Қазақтың мақалдары мен мәтелдері" (Құрастырушы Өтебай Тұрманжанов) [2], 1950 жылы "Қазақтың мақал-мәтелдері" (Құрастырушы Балым Ақмұқанова) [3] атты жинақтар басылып шықты. Содан бері қазақ мақал-мәтелдері толықтырылып, іріктеліп басылып келеді. Жалпы қазақ мақал-мәтелдері әлі толық жиналып болған жоқ және жиналғандарының өздері де әлі түгел жарияланған жоқ. Жинақтарға берілген түсініктер, алғысөздер және шағын шолу мақалалар болмаса, қазақ мақал-мәтелдері ғылыми тұрғыдан қырқыншы жылдарға дейін арнайы зерттелмеген. Мұхтар Әуезовтің 1927 жылғы "Әдебиет тарихында" [4], Сәкен Сейфуллиннің 1932 жылғы "Қазақ әдебиеті" [5] атты кітабында мақал-мәтелдер қазақ ауыз әдебиетінің бір саласы ретінде аталып, мысалдар келтіріледі, бірақ талданбайды. Сәкен Сейфуллин мақал-мәтел көшпелі елдің тұрмысынан туып, сол халық тіршілігінің барлық саласын қамтитынын, бейнелейтінін көрсете келіп, жалпы ауыз әдебиетіне ортақ бір ой тастайды. "Ауыз әдебиетінің қай бөлімі болса да, – дейді ол – сол заманның тұрмысының қандай болғанын, сол тұрмыстың әсерімен ол тұрмысқа ұқсай туған сана қандай сөз, қандай әдебиет болғанын көрсетеді... "Заманына қарай күлкісі, тауына қарай түлкісі", "Сабасына қарай піспегі, мұртына қарай іскегі" деген ереже сөздер заманның тілі, көркем сөзі, әдебиеті сол заманның салт-санасына, сол заманның тұрмысына, ол заман тұрмысынан туған мұратына ұқсай туды деген сөзді қуаттайды".

Әуезов 1940 жылдардың басында жазылған "Қазақ халқының эпосы мен фольклоры" дейтін зерттеуінде қазақтың мақалдары мен мәтелдерінің, тұлғасы өлең түрінде жасалатын, мазмұны халықтың негізгі кәсібі – малшылықпен байланысты болатын екі ерекшелігіне назар аударған. Оның көркемдік, бейнелік қасиеттеріне мысалдар келтіріп автор мынадай қорытынды жасайды: "Мақал-мәтелдің молдығы, олардың тамаша поэтикалық формасы, шебер түрде берілген терең, тіпті философиялық мән-мағынасы – осындай тамаша үздік шығармалар тудырған қазақ халқының өзінің де асқан ақындық дарынының, оның сарқылмас даналығының анық айғағы".

Алайда, қазақ фольклористикасының (ауыз әдебиетін зерттеу ілімінің) негізін салушылар мақал-мәтелдердің кейбір ерекшеліктерін анықтап, оған жоғары баға бергенімен, жанрлық табиғатына, ерекшеліктеріне тоқталмайды, назар аудармайды. Фольклордың басқа түрлері сияқты мақал-мәтелдер халық оқулығы, өсиеті. Олар жастарды жақсылыққа тәрбиелейді, жамандықтан сақтандырады. Ең алдымен қарапайымдылыққа, қайырымдылыққа, ұйымшылдыққа мегзейді,

еңбекке, ерлікке баулиды. Адалдықты, адамгершілікті насихаттай отырып, оған қарама-қарсы арамдық, екі жүзділік секілді жаман мінез-құлықтар сыналады, мансұқталады. Халық, қоғам – кең ұғым. Таптық қоғамда бай мен жарлы, қанаушы мен қаналушы қатар өмір сүреді. Халық тұрмысының айнасы мақал-мәтелдерде қоғамдық топтардың, таптардың қарым-қатынастары, қайшылықтары, тартыстары бейнеленеді. Байлар "Құм жиылып тас болмас, құл жиналып бас болмас" деп, кедей-кемтарларды кемітсе, кедейлер " «Аузы қисық болса да бай баласы сөйлесін» – деп, бай баласын кекетеді. Қазақ ауыз әдебиетін зерттеу, жариялау ісінде соңғы он-он бес жылда елеулі жұмыстар істелді. Бұл орайда академик М.О.Әуезовтің басшылығымен жазылған қазақ әдебиеті тарихының бірінші кітабын алдымен атауға тиіспіз. Бұл еңбекте әр бір жанр бойынша бұрын соңды жазылған пікірлер, зерттеулер жинақталған, қорытылған. Соның ішінде "Мақалдар мен мәтелдердің (жазған З.Ахметов пен Б.Ақмұқанова) маңызы, халық тұрмысымен тығыз байланысы баяндалған, пікірлер айтылған. Қазақ ауыз әдебиетіне арналған екінші кітапта (редакторы М.Қаратаев) Б.Ақмұқанова кеңес дәуірінде туған жаңа мақалдар мен мәтелдерден көптеген мысалдар келтірген. Соңғы жылдары дидактикалық шағын жанрларға әдебиет қауымы назар аудара бастады. Әдеби қорымызды байытатын бірнеше аударма жинақтар, зерттеулер жарық көрді. Солардың ішінде М.Әлімбаев өзінің "Өрнекті сөз – ортақ қазына" (1957) дейтін зерттеуінде қазақ мақал-мәтелдерінің өмір танытқыштық мәні, қолданылуы және жаңа мақалдардың жасалу жолдары жайында жаңа пікірлер айтқан, оны орыс тілінен қазақ тіліне аударудағы өз тәжірибелерінен ортаға салған. Сайып келгенде, мақал-мәтелдің сөз өнерінде алатын орны ерекше. Мақал-мәтел – бейнелі сөз, халық даналығы. Әр халықтың мақалы мен мәтелі – сол халықтың өзі жасап алған логикалық формуласы, анықтамасы. Ол кез келген уақиғаның, мәселенің тұсында еске түседі, тілге оралады. Көп ойлануды, ұзақ баяндауды керек ететін қиын нәрсені оп-оңай, бір-ақ ауыз сөзбен ұғындыра алады. Мақал-мәтел – поэтикалық жанр. Ол әдетте белгілі бір ойды, пікірді ажарлап айқындау, қорыту үшін қолданылады. Бұл жағынан алғанда ол – сөздің қатығы, қаймағы дерлік. Мақал мен мәтел – егіз жанр. Дегенмен мағынасына, құрылысына, атқаратын ызметіне қарай әр қайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Мақал – аяқталған ойды білдіреді, дербес тұры та мағына береді. Мақалда дәлел мен қорытынды қатар айтылады. Мысалы: "Еңбек етсең емерсің", "Қарманған қарап қалмас". Мәтел жеке тұрып тинақты ойды бере алмайды, тек белгілі бір ойды ажарлау, айқындау үшін қолданылады. Мысалы: "Ат қойып, айдар тағып", "Көргеннен көз ақы алады".

Мақал-мәтелдің осындай ерекшеліктерін ескере келіп, белгілі этнограф, жазушы В.И.Даль: "Мәтел – халық сөзімен айтқанда, гүл, ал мақал – дән", - дейді. Осы пікірді дамытып, фольклорист М.А.Рыбникова: "Мәтел – бұл сөз оралымы, қалыптасқан сөйлем, пікірдің элементі; ал мақал – аяқталған пікір, біткен ой" – деп анықтайды. Сөйтіп, мақал мен мәтел – қазақ ауыз әдебиетінің бір саласы, қазақ халқының тұрмысын, кәсібін, салтын, дүниеге көзқарасын бейнелейтін шағын халық шығармасы. "Жүздің көркі – көз, ауыз көркі – сөз, сөздің көркі – мақал" дейді халық. Алайда мақал-мәтел – сөздің, көркі ғана емес, сонымен бірге халық өмірінің шежіресі, ақыл-ойының айнасы. Мақал-мәтелден халық тұрмысының қай саласын болсын, аңғаруға болады.

Сонымен қорыта айтқанда, қазақ шешендері ана тілінде таза сөйлеуді де, мақал-мәтелді де оқулықтан, кітаптан үйренбеген, атасы мен әжесінен, халық тәжірибесінен дағды алған. Есімдері аңызға айналған алғашқы қазақ шешендері, халық даналары Майқы би, Аяз би, Асанқайғы, Жиренше аттарынан айтылатын тарихи әңгімелер мен шешендік сөздердің, қай-қайсысы болса да мақал-мәтелге, нақыл-термеге бай.

Мақал-мәтелде адамның ақыл-ойын жетілдіруге, мінез-құлқын түзетуге айрықша көңіл бөлінген, ол үшін еңбекке, өнер мен білімге үлкен мән беріліп отырған. Бұл тұрғыдан алғанда оны халық педагогикасы деуге болады.

Мақал-мәтел – халық психикасы дамуының да көрсеткіші. Онда халықтың, ең алдымен еңбек адамының табиғатқа, қоғамға көзқарасы, дүние танымы көрініс тапқан, қазір ескірген ұғым-нанымдардың да елесі бар.

Қазақтың мақалдары мен мәтелдері сан ғасырлық халық тәжірибесінің жиынтығы, ақыл-ойының қорытындысы және қоғамдағы дау-талап мәселесін реттейтін заңы, кодексі, бір сөзбен айтқанда қазақ өмірінің, санасының айнасы, шежіресі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Диваев Ә. Қазақ мақалдары. – Ташкент, 1927. – 182б.
2. Тұрманжанов Ө. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. – Алматы: Білім, 1935. – 156б.

3. Ақмұқанова Б. Қазақтың мақал-мәтелдері. –Алматы: Өнер, 1950. –160б.
4. Әуезов М. Әдебиет тарихы. –Алматы: Білім, 1991. –186б.
5. Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. –Алматы: Жазушы, 1932. –231б.

ӘОЖ 159.9 (075.8)

**ЕРЕКШЕ БІЛІМ АЛУҒА ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРМЕН
ЖҮРГІЗІЛЕТІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАР**

ТАДЖИКОВА А.Д.

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының оқытушысы,
педагогика ғылымдарының магистрі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В данной статье рассматривается необходимость обеспечения методикой психолого-педагогического сопровождения лиц с особыми образовательными потребностями.

Summary. This article discusses the need to provide psychological and pedagogical support for people with special educational needs.

Көптеген дамыған елдерде жалпы адами құндылықтары мен әлеуметтік талаптарға сай білім беру жүйесінде барлық балалар тең және тосқауылсыз білім алулары қажет деген шешімге келген. Қазақстан Республикасының Заңнамаларында балаларды қорғау аясындағы халықаралық құжаттарға сәйкес мынандай ұғым енгізілген: ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалар (тұлғалар) және барлық оқушылардың жекелік мүмкіндіктері ескеріле отырып сапалы білім алуға тең құқығы.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары 1.1 тарауы «Қол жетімділік пен инклюзивті білім беру» төмендегі мақсаттарға жетуді болжайды инклюзивті білім беруді психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтамасыз етуді, жұмыс біліктілігі бойынша сұранысқа ие арнайы кабинеттерін, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің оқу бағдарламаларын құруды, сондай-ақ педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыруды; - ерекше білім беруге қажеттіліктері бар тұлғалар үшін білім берудің барлық деңгейлеріне қол жетімділікті қамтамасыз ету, жан басына шаққандағы қаржыландыру шеңберінде қаржыландырудың жоғары нормативі қарастырылған, оларды оқыту үшін мемлекеттік тапсырыс ұлғайтылған. Қойылған мақсаттар жалпы білім беруде ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғаларды психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету әдістемесімен қамтамасыз етудің қажеттілігін көрсетеді, оның негізгі және маңызды аспектілері осы әдістемелік нұсқаулықта ұсынылған. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдері оқушыларда оқуға қиындық туғызады:

- ерекше білім беру қажеттіліктерінің пайда болу себептерінің үш тобын ұсынады: - баланың психикалық және дене даму ерекшеліктері;
- мінез-құлық және эмоционалдық проблемалары;
- өмірдің қолайсыз жағдайлары (әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық және т.б. проблемалар).

Қазіргі уақытта Қазақстанда оқушылардың дамуындағы ауытқушылықтың салдарынан туындайтын ерекше білім беру қажеттіліктері тек арнайы мектептерде ғана толық көлемде қанағаттандырылады. Мектеп жасындағы балалардың жалпы санының 22,2% -ы білім алады. Осы санаттағы қалған балалар, сондай-ақ басқа себептерге байланысты оқуда қиындықтары бар мектеп оқушылары, ұйымдастыру әдістемелік мәселелердің дайындалмағаны себебінен балаларға қажетті психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетпейтін жалпы білім беру мектептерінде оқиды.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға қолдау көрсету және бағалау моделі

БЕҚ бар балаларға қолдау көрсетумен бағалаудың клиникалық-дефектологиялық моделі БЕҚ бар балаларға қолдау көрсетумен	БЕҚ бар балаларға қолдау көрсетумен бағалаудың клиникалық-дефектологиялық моделі БЕҚ бар балаларға қолдау көрсетумен
--	--

бағалаудың әлеуметтік-білім беру моделі	бағалаудың әлеуметтік-білім беру моделі
«білім алуындағы қиындықтар мен проблемалар баланың бойында қалыптасқан және ол мына ұғымдарға негізделген: «мүгедек, қабілетсіз, ауытқушылығы бар» бағалау – медициналық, ал білім беру-түзету тұрғысына бағытталған [3].	«білім алуында ерекше қажеттілікке мұқтаж бала қиындыққа бейім сондықтан да белгілі бір тосқауылдарға тәуелді. Бағалау- адамның қажеттілігі, ал білім беру- білім алуға қолдау көрсету қоршаған ортаға бейімдеуге бағытталған [3].

Біздің білім беру жүйесінде білім беруді басқару мекемелерден, әрбір жалпы білім беру мектебіне дейін ең алдымен білім берудегі медициналық үлгіден әлеуметтік үлгіге көшу қажет. Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың сапалы білім алуға құқығын қамтамасыз етуді болжайтын әлеуметтік-білім беру моделін енгізу - жалпы білім беру жүйесіндегі өзгерістерді талап етеді. Бұл барлық оқушыларды дискриминациясыз және кемсітусіз білім алуға тең құқығы мен мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін икемді жүйе болуы керек.

Конвенцияның негізгі ережелеріне сәйкес Қазақстан барлық деңгейде (мектепке дейінгі, мектеп, ТЖКБ ұйымдарында, жоғары оқу орындарында) инклюзивті білім беруді қамтамасыз етуге міндеттенеді. Бұл ретте инклюзивті білім беру жеке алынған нәрсе емес екенін түсіну маңызды, инклюзия бүкіл білім беру жүйесінің принципі болып табылады. Мектеп оқу процесінде қандай да бір себептердің салдарынан оқу барысында қиындықтарға тап болған балалар бар екендігін және олардың нәтижесі ретінде – қанағаттандырылуы қажет ерекше білім беру қажеттіліктер бар екенін қабылдауы тиіс. Инклюзивті білім беру баланы емес, жүйенің өзгеруін болжайды. Ол барлық балалар әртүрлі екенін мойындайды, ал мектептер мен білім беру жүйесі барлық оқушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімделуі тиіс. Инклюзивтілік барлығын бірдей етуге ұмтылуды білдірмейді. Оның негізгі компоненті-икемділік, балалардың түрлі жылдамдықпен оқитынын тану, ал мұғалімдерге оқыту процесінің икемділігін қолдау үшін арнайы дағдылар қажет. Көп жағдайда балаларға жақсы, түсінікті, қолжетімді оқыту қажет. Бұл өз кезегінде баланың жеке қажеттіліктеріне, қабілеттері мен даму ерекшеліктеріне сәйкес келетін түрлі әдістерді пайдалануды көздейді. Ерекше білім беру қажеттілігі - бұл әр оқушының оқуы табысты болуын қамтамасыз ету мақсатында психологиялық-педагогикалық әдістермен жүзеге асырылатын оқу үдерісіндегі көмек пен қызмет көрсету қажеттілігі.

Мектеп оқу процесінде қандай да бір себептердің салдарынан оқу барысында қиындықтарға тап болған балалар бар екендігін және олардың нәтижесі ретінде – қанағаттандырылуы қажет ерекше білім беру қажеттіліктер бар екенін қабылдауы тиіс.

Инклюзивті білім беру баланы емес, жүйенің өзгеруін болжайды. Ол барлық балалар әртүрлі екенін мойындайды, ал мектептер мен білім беру жүйесі барлық оқушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімделуі тиіс. .. инклюзивтілік барлығын бірдей етуге ұмтылуды білдірмейді. Оның негізгі компоненті-икемділік, балалардың түрлі жылдамдықпен оқитынын тану, ал мұғалімдерге оқыту процесінің икемділігін қолдау үшін арнайы дағдылар қажет. Көп жағдайда балаларға жақсы, түсінікті, қолжетімді оқыту қажет. Бұл өз кезегінде баланың жеке қажеттіліктеріне, қабілеттері мен даму ерекшеліктеріне сәйкес келетін түрлі әдістерді пайдалануды көздейді.

Ерекше білім беру қажеттілігі - бұл әр оқушының оқуы табысты болуын қамтамасыз ету мақсатында психологиялық-педагогикалық әдістермен жүзеге асырылатын оқу үдерісіндегі көмек пен қызмет көрсету қажеттілігі. Жалпы білім беруді дамыту инклюзивтілік принципті негізге ала отырып, білім берудегі құндылықты бағдарлардың өзгеруін болжайды. Инклюзивті білім берудің негізгі құндылықтары оқу үдерісінің барлық қатысушыларына төмендегілерді мәлімдейді: 9 - мүмкіндіктердің алуан түрлілігін кедергілер мен проблемалар емес, ресурстар ретінде қарастыру. Мұғалімнің педагогикалық шеберлігін жетілдіру және оқытудың жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін қоғамдағы толерантты мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеудің ресурстары. Бір оқушының қиындықтарын жеңуге қатысты жұмыс, әдетте, басқа балаларға да пайда әкеледі; - оқу үдерісін оқуда жоғары жетістіктері бар оқушыларға ғана емес, барлық сынып оқушыларына бағдарлап құру; - ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларды тек мамандармен (логопед, арнайы педагог, психолог, жеке көмекші) ғана емес, барлық білім беру процесіне қатысушылар тарапынан және де

бірінші кезекте мұғалім тарапынан қолдауды қамтамасыз ету; - оқу процесінде оқушыға көмек көрсету мәселелерін командалық тәсілмен шешу; - оқушыларға қолдау көрсетуді ұйымдастыру кезінде "кемсітуден" бас тарту. Көмек "инклюзивті білім алушы", "ерекше", "дағдарысты", "инклюзияға жататын" балаларға емес, оқушылар қауымдастығының толық құқылы мүшесі болатын оқушыға көрсетіледі. Кемсіту дискриминацияның көрінісі болып табылады. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың табысты оқуы үшін мектеп олардың жеке ерекшеліктеріне қарай барлық қажетті оқу жағдайлары мен қызметтерін жасауы керек [4]. Сапалы білім алудың жағдайларына халықаралық қауымдастық төмендегілерді жатқызады:

- оқушылардың алауан түрлі мүмкіндіктерін қабылдай алатын мұғалім; - білім алушының қажеттілігіне қарай білім мазмұнын бейімдеу;

- білім алушының түрлі мүмкіндіктеріне қарай оқу процесінің формасын ұйымдастыру, оқытудың көпнұсқаулығы мен амал-тәсілдерін қолдану;

- білім алушылардың жетістіктерін әртүрлі тәсілмен бағалау; - мамандардың көмегі;

- жеке сабақтарды жүргізу үшін техникалық құралдармен, оқуәдістемелік құралдармен қамтамасыз ету;

- ерекше білім беру қажеттіліктерін барлық деңгейде (орталық, аудан, мектеп) қамтамасыздандыру процесін басқару.

Қорытындылай келе, үнемі сабақтардарда баланы бақылау, ата-аналармен сауалнама жүргізу және әңгімелесу нәтижесі - алынған деректерді талдау және қорыту, олардың негізінде оқытудың басты (бастапқы) қиындықтары туралы болжамдар (гипотезалар) қалыптастыру және тереңдетілген тексерудің тиісті бағыттары мен әдістерін таңдау болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Стратегический план развития Республики Казахстан до 2025 года (Указ Президента Республики Казахстан от 15 февраля 2018 года, № 636)

2. Открытое досье по инклюзивному образованию. ЮНЕСКО, 2003

3. «Равенство и инклюзивный подход в образовании. Руководство по подготовке, пересмотру и оценке планирования в секторе образования» (совместный продукт Инициативы Организации Объединенных Наций в области образования и др. международных организаций - 2010г.

4. Саламанская декларация «О принципах политики и практической деятельности в сфере образования лиц с особыми потребностями» 1995 г.

5. Закон РК «Об образовании».

6. Типовые правила приема на обучение в организации образования, реализующие общеобразовательные учебные программы начального, основного среднего и общего среднего образования. Приказ МОН РК от 12 октября 2018 г № 564.

7. Типовые правила деятельности организаций среднего образования (начального, основного среднего, общего среднего)/ Приказ МОН РК от 30 октября 2018 г., № 595.

8. Типовые учебные планы начального образования для учащихся с ограниченными возможностями. Приказ МОН РК от 24 ноября 2017 года, № 592..

ӘОЖ. 371. 852.21

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

КУРМАНБАЕВА Д.С.

№6 мектеп-гимназияның бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

Резюме. Обучение учащихся начальных классов по обновленным методикам требует инновационного подхода и учета современных технологий.

Summary. Teaching primary school students using updated methods requires an innovative approach and consideration of modern technologies.

Қазіргі таңда жаңартылған әдіс-тәсілдер жетіп артылады. Алайда, олардың ішінен төмендегі әдістерді бөліп қарастыруға болады. Мәселен:

Интерактивті тақтаны қолдану:

Интерактивті тақтаны қолдану арқылы дәріс сабақтарын ұйымдастырып өткізу оқушылардың сабаққа белсенді қатысуына, мультимедиялық ресурстарды және әртүрлі білім беру қосымшаларын пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, графиктер мен диаграммаларды, карталарды және басқа да көрнекі элементтерді пайдалана отырып, оқу материалын визуальды түрде қабылдауға жағдай жасайды. Бұл әдіс өз кезегінде оқушылардың түсінігін арттырады. Ақпаратты ұзақ уақыт есте сақтауға ықпал етеді.

Интерактивті тақтаны пайдалану арқылы оқушы сұрақтарға жауап беріп, ақпаратты өңдей алатын болады. Яғни, бұл әдіс арқылы интерактивті оқу ортасын құруға болады. Және де аталмыш тақта арқылы мұғалім мен оқушы әртүрлі онлайн білім беру ресурстарына қол жеткізіп, өздерінің білім көкжиектерін кеңейтеді. Мұғалім мен оқушы кері байланыс орнатып, материалды түсіну деңгейін бағалайды.

Жалпы, интерактивті тақта сабақты оқушылардың жеке қажеттіліктеріне қарай бейімдей алады. Ал, бұл дербес оқыту мүмкіндігін тудырып, әр оқушыға материалды тиімді меңгеруге көмектеседі. Оқушыларға мәселелерді шешу, идеяларды талқылау, жобалар құру сынды маңызды мәселелерді оңай әрі тиімді шешуге жағдай жасайды. Топтық дағдыларды дамытып, әлеуметтік өзара әрекеттесуге ықпал етеді.

Интерактивті тақтаны пайдаланудың ең тиімді тұсы – уақыт үнемдеу. Ол арқылы оқу материалдарын жасау және дайындауға уақыт салыстырмалы түрде аз кетеді. Яғни, мұғалім жаңа сабақты, жаңа ақпаратты тікелей тақтадан көрсетіп, өңдеп, сақтай алады. Сондай-ақ, бейне, аудио, сурет пен мәтінді қоса алғанда оқытудың әртүрлі форматтарын оңай әрі жоғары сапада қолдануға болады. Оқушыларда интерактивті тақтаны қолдана отырып, өз жобаларын, презентацияларын көрсетіп, өз шығармашылықтарын еркін әрі креативті жеткізе алады.

Жобаға негізделген оқыту:

Оқушыларға тақырыптарды өз бетінше зерттеуге, есептерді шешуге және өз жобаларын ұсынуға мүмкіндік беретін жобалық оқыту әдісін енгізу. Бұл сыни ойлау мен шығармашылық дағдыларды дамытуға көмектеседі. Сабақ барысында аталмыш оқыту түрі білім алушылардың академиялық, әлеуметтік және практикалық дағдыларын дамытуға арналған көптеген артықшылық береді. Мәселен, жобалық оқыту оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын талап етеді. Оқушы ақпаратты талдауға, негізгі аспектілерді анықтауға және негізделген шешім қабылдауға бейімделіп, сыни ойлау дағдысын дамытады.

Негізінен, жобалық оқыту оқушылар арасындағы қарым-қатынас пен ынтымақтастықты арттыруға ықпал етеді. Өзін-өзі тәрбиелеуге жағдай жасайды. Мысалы, аталмыш оқыту барысында оқушы көбінесе ақпаратты өздігінен іздеуге дағдыланады.

Жобалық оқыту оқушылардың топтық байланыс барысында тыңдау, кері байланыс ортану, жанжалдарды шешу қабілеттерін қоса алғанда, топтық жұмыс дағдыларын дамытуды талап етеді. Сонымен қатар, жобалық оқыту формативті бағалауды енгізуге мүмкіндік береді. Бұл дегеніңіз, аталмыш оқыту жобаның орындалу барысына қарай оқытуды бағалайды, бұл нәтижелерді үздіксіз жақсартуға ықпал етеді.

Ынтымақтастық жолмен оқыту әдістері:

Оқушылар топта жұмыс жасап, ой алмаса алатын, мәселелерді бірлесіп шешетін бірлескен оқыту әдістерін қолдану. Бұл қарым-қатынас дағдыларын және әлеуметтік құзыреттілікті дамытуға көмектеседі.

Ынтымақтастық жолмен оқыту әдістерінің басқа әдістерден бірқатар артықшылықтары бар. Мәселен, ол әлеуметтік дағдыларды дамытады. Оның ішінде оқушылардың бірін-бірі тыңдай білуіне, ойларын жеткізуге, кері байланыс беруіне жағдай жасайды. Ұжымдық жауапкершілікті дамытуда да маңызды рөл атқарады. Мысалы, оқушылар топта жұмыс істеу барысында тапсырманы орындау арқылы өзіне артылған жауапкершілікті сезінеді. Аталмыш әдіс әр оқушының сабаққа белсенді қатысуына әрекет етеді.

Жалпы, топпен жұмыс әртүрлі көзқарастарды талқылауды және талдауды қажет етеді. Өз кезегінде бұл сыни ойлауды дамытып, мәселені шешуде әртүрлі көзқарас қалыптастырады. Қақтығыстар мен проблемаларды шешу жолдарын үйретеді.

Ынтымақтастық жолмен оқыту оқушыларды ынталандырады. Оқушылардың көшбасшылық және ынтымақтастық дағдыларын дамытады. Өйткені, топтық жұмыс барысында оқушылар көшбасшы әрі топ мүшесі ретінде әрекет етеді.

Білім алушыларды еркін болуға үйрету:

Оқушыларға еркін қозғалуға, бірлесіп жұмыс істеуге және оқудың ең жақсы әдісін таңдауға мүмкіндік беретін икемді оқу кеңістігін құру. Бұл ыңғайлы және белсенді оқуға ықпал етеді.

Оқытуды саралау:

-Әр оқушының жеке қажеттіліктері мен деңгейлерін ескеретін саралап оқыту әдістерін қолдану. Бұл оқу процесін әртүрлі оқу стильдеріне бейімдеуге мүмкіндік береді.

Оқытудағы ойын элементтері:

-Оқу процесіне оқу ойындары, квесттер мен жарыстар сияқты ойын элементтерін енгізу. Бұл оқытуды қызықты етеді әрі балаларды ынталандырады.

Шығармашылық қолдау:

-Шығармашылық жазу әдістерін, сурет салу секілді көптеген көркемдік әдістерді қолдану оқушылардың шығармашылығын қолдаудың таптырмас құралы болып саналады.

Бағалау:

-Оқыту процесіне бағытталған формативті бағалауды жүзеге асыру оқушыларға кері байланыс орнатуға жағдай жасайды.

Бастауыш сынып оқушыларын оқыту балалардың білім беру жолының маңызды кезеңі болып табылады. Сол себепті, бұл кезеңде ерекше көзқарасты, жеке ерекшеліктер мен қолайлы оқу ортасын құру маңызды саналады. Бұл ретте, балаларға сабақты ойын тәсілі ретінде түсіндірген тиімді. Ойын арқылы бүлдіршіндер сабаққа белсенді қатысып, әлеуметтік дағдыларын жетілдіреді. Бастауыш сынып оқушыларының оқу мен жазу дағдыларын дамытуға да ерекше назар аударған жөн. Мәселен, интерактивті әдістерді, түрлі-түсті кітаптарды, әріптік ойындарды пайдалану арқылы аталмыш дағдыларды меңгертуге болады. Заманауи технологияларды, оқу қолданбаларын және интерактивті білім беру ресурстарын пайдаланудың да маңызы зор. Себебі, бұл әдіс-тәсілдер сабақты қызықты әрі цифрлық дәуірде өскен балаларға қолайлы етуге көмектеседі.

Аталмыш кезеңде балаларға әртүрлі оқу материалдарын ұсынған дұрыс. Мысалы, оқушыларды кітаптар, карталар мен ойындар, басқа да оқу ресурстарымен қамтамасыз ету маңызды. Және де әртүрлі тапсырмалар беру арқылы әр оқушының жеке қажеттіліктерін қанағаттандыра аламыз.

Қорыта келе, бастауыш сынып оқушыларының білімін жетілдіру бүгінгі күні аса маңызды мәнге ие мәселе болып саналады. Себебі, ақпараттар ағынына жұтылып кетпей, өзінің негізгі келбетін сақтап қалу үшін халықтық деңгейде түрлі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Ал бастауыш сынып оқушыларының білімін жетілдіру кезінде үлкен және көлемді жұмыстар атқарылуға тиіс. Себебі, жапырақтай жайқалған, санасы әлі кірленбеген баланың есте сақтау қабілетін, сөздік қорын дамыту сынды түрлі әдістер оның болашағына үлкен әсер етеді. Бұл болашақ ұлттың ізгілікті жолының бір келбеті болып саналады. Сондықтан, аталмыш стратегияларды оқушы бойына дарыту – бүгінгі күннің басты талабы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А. Асқарбаев, М. Жазыбаев, С. Рахметова. “Бастауыш оқудың тиімділігін арттыру”: –Алматы-1975;
2. Айдосова З. “Дамыта оқыту технологиясының мәселелері” (қазақ тілі мен әдебиеті).- 2004;
3. Бастауыш мектеп методикасы. –Алматы.- 1987;
4. “Бастауыш білім” журналы. 2011. № 4.
5. Қисымова.Ә.К.Оқыту технологиялары. –Алматы, 2007 жыл.
6. Аймаханова.Қ., Аманова Ф., Әбубакирова А. Қазақ мектебі және бүгінгі білім берудегі құндылықтар. –Қызылорда, .2011 ж.

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ САБАҚТАРЫНДА Б.СОҚПАҚБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ

КОНЧЕКОВА Р.Т.

Шерхан Мұртаза атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В настоящее время особое внимание уделяется все стороннему воспитанию подрастающего поколения. Кроме того, планируется развивать народное образование, совершенствовать образование человека, обучать детей младшего школьного возраста образованию, интересу к урокам, навыкам в искусстве.

Summary. At present, special attention is paid to the comprehensive education of the younger generation. In addition, it is planned to develop public education, improve human education, teach children of primary school age education, interest in lessons, and skills in art.

Қазіргі таңда өскелең ұрпақты жан-жақты тәрбиелеуге айрықша көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, халықтық білім беруді дамыту, адами білім беруді жетілдіру, бастауыш сынып балаларын білімге, сабаққа деген қызығушылыққа үйрету, көркем шығарма түрлеріне дағдыландыру мақсаты көзделеді. Арнайы мектептің бағдарламасында болашақ ұрпаққа көркемдік білім берумен қатар оқушыларды имандылыққа, адамгершілікке, кішіпейілділікке тәрбиелеу мақсаты қарастырылған. Әдеби шығарма, түрлі образдар олардың қызметі арқылы өмірді түсінуге көмектеседі. Жазушының идеясы, көңіл-күйі, шығарманың мазмұны оқушыға беріледі, осылайша оларда әртүрлі сезімдер, ойлар пайда болады, әлемге деген көзқарасты қалыптастырады. Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудегі маңызды міндеттердің бірі-олардың әлемге ғылыми көзқарасын қалыптастыру. Бастауыш сыныптарда бұл мақсат, әсіресе ана тілі, әдебиеттік оқу сабақтары арқылы жүзеге асырылады [1].

Адам үшін өмірдегі ең қымбат - бала болса, әдебиеттің ең қымбат түрі - балалар әдебиеті. Барлық еңбек, барлық өнер құрметке лайық болғанымен, балаларға арналғанынан аса алмайды. Егер сіз ісәрекетіңізді балалар жоғары бағалайтын болсаңыз, онда өнер адамы үшін бұл үлкен бақыт болмайды. Бердібек Соқпақбаев - өз оқырмандарының лайықты бағасын алған, ұрпақ үшін ең басты шығарма жазған бақытты жазушы. Мектепте әдебиетті оқытудың күрделі салаларының бірі болып табылатын ақын – жазушылардың өмірі мен шығармашылығын оқытудың маңызы зор. Қандай ақын – жазушыны, суретшіні алмайық, оның шығармашылығында, оның жетістіктерінде, ортасында және шығу тегінде, өмір жолының іздері көрінеді. Мүмкін содан, қай жазушы болмасын өз өмірінен алыс кетпейтіні содан шығар. Ұлы жазушылардың қаламымен ана тілінде жазылған көркем шығармалардың көпшілігі біздің мәдениетіміз бен әдебиетіміздің өркендеуінде маңызды рөл атқарады. Олай болса, көркем шығармаларды оқытуды мектептің алғашқы сатыларынан, бастауыш сыныптардан бастаған дұрыс. Бала кезінен бастап балаларды көркем әдебиетпен, көркем шығармалардың озық үлгілерімен таныстыру.

Балаға қызмет ету - болашаққа жұмыс жасау. Ал балалардың құрметіне бөлену – еткен еңбектің болашаққа жетуі, ұнатуы. Бұл Бердібектің ең үлкен бақыты. Ол біздің және балаларымыздың болашағымызға қызмет ететін жазушы. Бастауыш сыныптарда Бердібек Соқпақбаевтың әдеби шығармасымен танысуға толығырақ тоқтала кетуге болады. Бастауыш сыныптардағы оқу бағдарламасына Бердібек Соқпақбаевтың кейбір көркем шығармалары енген. Әдеби шығармадағы әртүрлі образдар, олардың қызметі арқылы балаларға өмірді түсінуге көмектеседі. Жазушының идеясы, көңіл-күйі оқушыға шығарманың мазмұны арқылы жеткізіледі, осылайша оларда түрлі сезімдер мен ойлар пайда болады, дүниеге деген көзқарасын қалыптастырады [2].

Нақты жазу, ұтымды жазудың үлгісі деп Бердібектің үлгісін қысылмай айтуға болады. Жоқтан бар жасаған қаламгер. Шындықтың алдында бас иемейтін кім, не нәрсе бар дейсің? Осы сияқты реңк Бердібектің қаламынан шыққан шығармаларының баршасына тән. Сондықтан оның туындылары електен өткен сан дүниедей болып мөлдіреп тұрады. Оның шығармалары оқырмандардың жүрегінде ұзақ уақыт сақталатыныны да, қона кететіні де содан! Бердібек шығармаларындағы бейнелер өмірдегі бар қалпында көрінеді, және де шығармаға ширатылған

кезде де оншалықты киіндірілмеген, жалаңаш жүрген жандар сияқты боп көзге түсіп тұратыны да ғажап емес. Ол жазушының кемшілігіне жатпайды. Бұл – оның сезінуі, дүние қызығын түйсініп, қабылдауы. Осы тұрғыда, н қарағанда, табиғи өлшем арқылы түзілген бейнелер галереясы барынша шыншыл, сенімді, сымбатымен оқырман жүргеніне жол тауып, олармен бірге қолтықтасып өмір базарында бірге жүргендей болады.

Б.Соқпақбаев - бірінші жақтан жазуды берік меңгерген жазушы. Бұл оқиғаға өмірде болып жатқан құбылыстарға сенімділік пен жазушының белгілі бір оқиғаға тікелей қатысуын білдіреді. Бердібектің "мені" қан мен сөлі тамып тұрған өмірді, бәріміз тіршілік етіп өмір сүретін жердегі үлкен және кіші адамдардың қызметі немесе қуанышы мен күйініші сияқты көрінеді. Бердібек Соқпақбаев еркі сөйлейтін және не жазғанын, қалай жазатынын білетін суреткер қаламгер. 6 Б.Соқпақбаевтың шығармалары үлкен тақырыптық ой-өріске ие, суреттеу аймағының кең саласы бар. Жазушының прозасының тұтас тұлғасын сақтайтын бірнеше үлкен тақырыптары бар. Олар: 1/ Балалар өмірі; 2/ Ұлы Отан соғысы тұсындағы тылдағы елдің тыныс-тіршілігі; 3/ Спорт; 4/ Махаббат пен достық т.б. Жазушы осы тақырыптардың қайсысын алса да шынайы суреттей алды. Әсіресе балалар мен жасөспірімдер өмірі жазушы шығармашылығының негізгі өзегі болып табылады. Сондықтан, жазушының қандай шығармаларын алсақ та, олардың басты кейіпкерлері - жасөспірімдер. Сонымен қатар, жазушының шығармалары ересектер үшін қызықты, әсерлі. Ғ.Мұстафиннің Б.Соқпақбаев туралы пікірінің бір дәлелі, оның мына айтқаныда: "Балаларға арналған әдебиет сол балалармен қатар үлкендер оқитын дәрежеге жеткенде ғана қызықты, құнды әдебиет болса керек. Аркадий Гайдардың, Самуил Маршактың шығармалары осыны аңғартады" (1,126).

Осы бөлімде Б.Соқпақбаевтың балаларға арналған көлемді шығармаларына тоқталдық. Әрбір келесі шығармасында жазушы композициялық жаңа форманы қолданады, жаңа образдар жасайды, ерекше көркемдік әлем ашады. Балалардың типтік бейнелері арқылы жазушының осы шығармаларында Соқпақбаев шығармашылығының жаңалығы, көркемдік шеберлігі, идеялық-эстетикалық мәні, ұлттық болмысы айқын көрінеді. Осы туындылардың барлығы қазақ прозасын жаңа қырынан танытты. Бастысы - бұл шығармалар балалар өмірі туралы болғанымен, олар бір-біріне ұқсамайды, талантты жазушыны үнемі шығармашылық ізденісте болуға, өсуге мәжбүр етеді. Бөлімді қорытындылай келе, келесі тұжырымдарға қол жеткізуге болады:

а/ Б. Соқпақбаев қазақ балалар әдебиетін жаңа деңгейге көтеріп, классикалық үлгі көрсетті;

ә/ Қазақ әдебиеті ғана емес, әлемдік әдебиеттің таңдаулы шығармалары санатында ұлттық сипаты бар Б.Соқпақбаевтың шығармалары кейінгі ұрпақтың рухани әлемін байытуға үлес қосатыны сөзсіз.

Сөзіміз дәлелді болу үшін Б. Соқпақбаевтың шығармашылығына байланысты өткізілген бір сабақ жоспарын ұсынып отырмыз.

Төменде Б.Соқпақбаевтың "Менің атым - Қожа" әңгімесі бойынша жүргізілген сабақ жоспарларының негізінде жүргізілген сауалнама тапсырмалары барысы туралы айтылған.

Сауалнама тапсырмалары

Бастауыш білім беру мазмұнының жаңа бағдарламалары оқушылардың біліміне, шеберлігіне (ББД) қойылатын талаптар түрінде екі деңгейде беріледі:

1. Мектеп ұсынатын оқу материалының базалық деңгейі.

2. Оқушыларды дайындаудың ең төменгі қажетті деңгейі.

Зияткерлік тұлғаны дайындау әдістерінің бірі оқушылардың логикалық, ойлау қабілеттерін қалыптастыратын, осы деңгейлер көлемінде сапалы білім беретін тест (сауалнама) тапсырмалары болып табылады. Сауалнама кешені - бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын қалыптастыру, дамыту үшін ғылыми-әдістемелік жүйемен әзірленген дидактикалық құрал, яғни бастауыш сынып оқушыларының білімі мен дағдыларының міндетті және ықтимал деңгейін нақты анықтау үшін.

Сауалнама (тест) – ағылшын тіліндегі "сынау, тексеру, байқау" сөзі - стандартты түрдегі тапсырма, оның орындалуы белгілі бір біліммен, білік және дағдылармен қабілеттер деңгейін анықтауға бағытталған [36].

Сауалнамалар келесі ерекшеліктермен сипатталады.

Қажетті жабдықтау және өткізу процедурасының қарапайымдылығы.

Нәтижені тікелей анықтау

Жеке және топтық жағдайда қолдану

Математикалық өңдеудің ыңғайлылығы

Қысқа мерзімділік

Белгіленген стандарттың (норманың) болуы

Шыншылдығы

Сауалнамалық бақылау жүйесі оқушылардың өздік жұмыстағы белсенділігін арттырады, оқытудың тиімділігіне қол жеткізеді, шығармашылық белсенділікті жандандырады. Сондықтан Б.Соқпақбаевтың шығармаларын оқытуға байланысты сауалнама тапсырмалары берілді, олардың көмегімен оның шығармалары талданады.

Сауалнама сұрақтары:

1. Әңгімеден қандай әсер алдыңыз?
2. Оқу кезінде сіз қандай көңіл-күйде болдыңыз?
3. Қалай көмектескіңіз келді?
4. Қай кейіпкерге ұқсағыңыз келді?
5. Мәтінді басқаша қалай аяқтауға болады?
6. Осы туралы қандай мақал-мәтелдер айтар едіңіз? және т. б.

Шығармаларды, көркем әдебиет үлгілерін талдау бастауыш сынып оқушыларының ойлау қабілетін, қабілетін, тіл байлығын, шығармашылығын дамытуға үлкен әсер етеді. Талданбаған жұмыс баланың жүрегіне жетпейді және оған әсер етпейді.

Б.Соқпақбаевтың бай әдеби мұрасы, көркем және әдемі тілмен жазылған шығармалары, ана тілінде жазылған көркем әдебиет туындылары әдебиеттік оқу сабақтарында кеңінен қолданылды. Оқулықтағы материалдармен қатар балаларға арналған жазушының шығармалары қосымша пайдаланылды. Мұнда біз "Менің атым - Қожа", "Балалық шаққа саяхат", "Жекпе-жек" атты шығармалары мен жинақтарын қолдандық. Аталған шығармаларды балаларды қызықтыра отырып, орынды қолдана білсек, олардың әдеби шығармаларға деген сүйіспеншілігі артатынына көз жеткізілді [3].

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде төмендегідей тұжырымдама жасалды:

1). Бастауыш сынып оқушыларына көркем шығармаларды оқыту кезінде ең алдымен көрнекті жазушы Б.Соқпақбаевтың шығармашылығына жүгінуіміз керек.

2). Оқу-тәрбие үдеріснің барлық оңтайлы кезеңдерінде жазушының көркем шығармаларын қолдану арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру.

Көркем әдебиет шығармаларындағы кейіпкерлердің өмірі мен әрекеттері, олардың мінез-кұлқын қалыптастыру, дүниетанымын кеңейту балалардың ойлауының дамуына үлкен әсер етеді. Әсіресе бастауыш сынып оқушылары көркем шығармаларды, жасына байланысты жазылған шығармаларды оқуға әрдайым қуанышты сезімде болады. Әдебиеттік оқу сабағы көркем шығармалармен тығыз байланысты.

Әрине сондай заңғар жазушылардың бірі - Бердібек Соқпақбаев. Б. Соқпақбаевтың шынайы шығармалары негізінде балалардың адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеудің педагогикалық мазмұнының тиімді әдістерін жасау өте маңызды оқиға болып табылады. Сондықтан, мақала жазу барысында Бекеннің шығармаларын талдай отырып, біз келесі ұсыныстар мен қорытындыларға келдік:

1. Б.Соқпақбаевтың әрі балаларға да, әрі үлкендерге де, үлкен - кішінің барлығына арналып, бұғынбай, жалтармай шындықтың өзіндік сұрлеуімен жүрген, адамның балалық шағын қатты қастерлейтін туындылары туралы түсінік бере отырып, оқушылардың ойын дамыту – аса маңызды мәселе болып табылады.

2. Жазушының балаларға арналған маңызды дүниелерін сыныпта әдебиеттік оқу сабақтарында, сыныптан тыс сабақтарда оқыта отырып, оқушылардың эстетикалық талғамдарын дамыту, оларды өздерімен шамалас замандастарының кісілігімен, ой - өрісімен, кемшіліктерімен таныстыру арқылы, жалпы, ең құрметті деп танылатын – балалар әдебиеті туралы ұғымдарын, білімдерін толықтырған дұрыс.

3. Балалар әдебиетінің көптеген саңлақтарының бірі – жазушы Бердібек Соқпақбаевтың шығармашылығымен, еңбектерімен кеңінен таныстыру, талдау жасау.

4. Оқу - тәрбие үрдісінде бастауыш сынып оқушыларына Бердібек Соқпақбаев шығармаларының тәлім- тәрбиелік мәнін ұғындыру.

5. Әдебиеттік оқу сабақтарында Бердібек Соқпақбаев еңбектерін түрлі шығармашылық жолдармен оқыту.

Балаларға арналған нағыз шынайы шығарма бүкіл адамзатқа арналған. Бердібек Соқпақбаевтың балаларға арналған шығармаларында қарапайымдылық пен сенімге баса назар

аударылған. Себебі көптеген шығармаларында балалар өмірін негізге алған. Сондықтан оның шығармаларында қазақ өміріне жат оқиғалар кездеспейді. Оның бірде-бір еңбегінде балаларды менсінбеу байқалмайды. Ол қандай шығармасы болмасын өз өмірінің қыры мен сырын тарқатып айтып береді. Әдейі бір балалармен кітап арқылы сөйлесіп, оларға жасырмай бастан кешкен оқиғаларын айтады. Кәдімгі қазақтың ауызекі сөйлеу мәнерімен жүрекке төте жол табады, сонысымен сендіреді.

Сондықтан Бердібек Соқпақбаевтың айналамыздағы алуан түрлі құбылыстардың сырын ұғынуға жетелеуге, әзілді айта білу, оны түсіну, әзілге әзілмен жауап беру - адамның кісілік дәрежесін танытатын қасиеттерге жетелеуге болатын шығармаларын оқыту мен тәрбиелеуде пайдалану дұрыс, әрі тиімді деп санаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1.Рахметова С. Бастауыш сыныпта көркем шығарманың кейбір түрін оқыту. - Алматы: Рауан, 2008.

2.Бердібек Соқпақбаев – балалар әдебиетінің атасы // <https://u-s.kz/publ/2324-berdbek-sopabaev-balalardebietn-atasy.html>

3.Қазақтың балалар жазушысы - Бердібек Соқпақбаев // <https://tak-to-ent.net/load/150-1-0-1663>

ӨОЖ 371. 258.04

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

МУСАЕВА М.А.

Шерхан Мұртаза атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Методика преподавания – это совместный подход к формированию мировоззрения педагогов и учеников, развитию способностей учеников, развитию их знаний, умений и навыков.

Summary. Teaching methodology is a joint approach to the formation of the worldview of teachers and students, the development of students' abilities, the development of their knowledge, skills and abilities.

Оқыту әдісі – мұғалім мен оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру, оқушылардың қабілеттерін дамыту, олардың білімін, біліктері мен дағдыларын игеру бойынша бірлескен жұмыс тәсілі болып табылады.

Мұғалімнің оқыту әдісі дегеніміз - оқу процесінде оқушылардың ақыл-ой процесін басқару және тәрбиелеу тәсілдері. Оқушыларды оқыту әдісі - олардың білім және білік, дағдыларды игеру тәсілдері. Оқу үдерісін жүргізу жұмысында жетекші рөл мұғалімнің қолында екендігін білеміз. Сондықтан мұғалімнен әдістемелерге бай білім мен дағдылар талап етіледі. Оқушылар оқу жұмысына саналы және белсенді қатысу дағдыларына үйретілуі керек. Осындай екі жақты белсенді іс-әрекеттің нәтижесінде ғана оқу процесі белгіленген педагогикалық мақсаттарға қол жеткізе алады [1].

Қазіргі уақытта әлем елдерінің, оның ішінде Қазақстанның практикасында жүргізілетін топтық жұмыс ХХІ ғасыр оқушыларын өзгертін өмірге бейімдеп оқытуда, тәрбиелеу мен білім беруде аса маңызды болып отыр. Топтық ынтымақтастық тек сыныпта қолданылатын әдіс қана емес, сонымен қатар жеке философия екенін білеміз. Біз адамдарды бірлікке шақыратын барша нәрсеге ашық болуымыз қажет. Топтардағы бірлік - бұл топтың жеке мүшелерінің қабілеттері мен үлестері құрметтелетін, ескерілетін, күш пен жауапкершілік топ мүшелері арасында бөлінетін, ұжымдастыру арқылы бітімгершілік пен келісімге қол жеткізуге негізделген оқу мен оқыту тәсілі.

Оқу үдерісін ұйымдастыру әдістері.

Бұл топқа келесі әдістер кіреді: 1) мұғалім тарапынан оқу материалын өзара байланыстыра таныстыру әдісі; 2) мұғалімнің оқушылармен өткізген әңгімелесу әдісі; 3) мұғалімнің басшылығымен оқушылардың орындайтын өзіндік жұмыс әдістері.

Осы әдістерді қолданғанда, сабақ материалдары бойынша жұмыс жүргізу кезінде мұғалім мен оқушылар арасындағы педагогикалық қарым-қатынас және кері байланыс әдістері біріктіріледі, сонымен қатар мұғалім мен оқушылар арасындағы жұмыс бірлігі айқын көрінеді. Бұл аталған әдістердің маңыздылығы да осында.

Оқушылар меңгеретін білім көздерінің әдістері.

Оқыту әдістері оқушылардың алған білім көздеріне байланысты топтастырылған кезде, оларға ауызша сөздік әдісті, көрнекі және практикалық жұмыс әдістерін жақтқызуға болады. Осы әдістердің ішінен бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту сабақтарында пайдалану үшін неғұрлым қолайлысы таңдалады. Мысалы, кіші сыныптарда лекция әдісін қолдану жас балалардың психикалық даму деңгейіне мүлдем сәйкес келмейді: білім қоры, практикалық тәжірибесі жеткіліксіз, сондықтан да бірінші, екінші немесе үшінші сыныптарда сөздік әдістен тек мұғалімнің түсіндірмесі, оқулықпен жұмыс жасау формалары ғана қолданылады.

Нақты оқу міндеттерін анықтайтын әдістер.

Нақты оқу міндеттерін анықтайтын әдістер тобына жаңа білімді түсіндіру әдістері, білімді бекіту және дағдыларды қалыптастыру әдістері, білімді, дағдыларды тексеру және есепке алу сияқтылар кіреді. Кейбір әдістемелік әдебиеттерде бұл әдістер сабақ түрі ретінде ұсынылады.

Жаңа білімді түсіндіру сабағы оқушылар алған теориялық білімді қайталаудан және еске түсіруден бастау алады. Бұл жағдайда байланыстырушы буын бар материал жасалады, бұл жаңа білімді оңай түсінуге негіз болады. Жаңа материал белгілі объектіні бақылау, талдау, салыстыру әдістерін қолдану арқылы түсіндіріледі. Мұғалім тақтаға жазылған кестені, жаттығуды немесе тапсырманы ұсынады және оқушылардың өз бетінше талдауын ұйымдастыру жұмыстарын жүргізеді. Бастауыш сыныптарда жаңа білімді игеру үшін мұғалімге оқушылардың алдын-ала жұмысына байланысты түсіндірме сөзге көп орын беріледі. Мұғалімнің түсіндірме сөзінде оқу материалы егжей-тегжейлі талқыланады не негізгі мәселелер анықталынады.

Оқушылардың білімін қалыптастырудың басты тәсілдерінің тәсілі - білімді бекіту жаттығулары. Оқушылардың білімі белгілі бір тілдік материалды, грамматикалық ережелер мен анықтамаларды өту кезінде бекітіледі. Оқушылардың грамматикалық білімді игеруінің беріктігі және сапасы келесі көрсеткіштер бойынша анықталып сипатталады.

1. Оқушылардың грамматикалық құбылыстарды бір-бірінен ажырата білуі және олардың өзіндік ерекшелігін көрсете білуі. Мысалы: септік жалғаулардың әртүрлі түрлерін білу және оларды өз тәжірибесінде дұрыс қолдана білуі.

2. Грамматикалық терминдерді орында, дұрыс қолдана білу. Мысалы: дыбысты әріппен, сөзді сөйлеммен, жалғауды жұрнақпен шатастырмау қажет.

3. Оқушының ережелер мен анықтамаларды саналы түсінуі және байланыстыра отырып түсіндіруі, оларды дәлелдеу үшін лайықты мысалдар келтіре білуі.

4. Жазбаша жаттығуды орындау кезінде оқушының сөйлеу тәжірибесінде грамматикалық ережелерді қатесіз дәл қолдана білуі. Жаттығу жұмыстарын жүргізудің әртүрлі әдістері бар. Олар көбінесе көшіру арқылы жасалады. Одан басқа да диктанттың көптеген түрлері қолданылады.

Жаттығу жұмыстарында орфографиялық және түсіндірме сөздіктер қолданылады немесе оқушылардың өздеріне сөздіктер құрастыру тапсырмасы беріледі, бұлар да білімді бекітудің формасы болып табылады [2].

Көшіру тапсырмасындағы әдейі түсірілген әріптерді немесе сөздерді ойлап табу арқылы жүргізіледі. Бірқатар тапсырмалар теру және көшіру арқылы орындалады. Мұнда зерттелетін ережелер - анықтамаларға байланысты орындар таңдалылып алынады және көшіріледі. Жаттығулардың мұндай түрлерін терме диктанты деп атайды.

Диктанттардың әр түрлері бойынша орындалатын білімді бекіту жаттығуларына: көру-есту диктанттарын, түсіндірме диктанттарды жатқызамыз. Көру-есту диктанттарын жүргізу кезінде орфографиялық, грамматикалық объектісі бар сөз немесе сөйлем тақтаға жазылады, талданады, содан кейін жатқа жазылады. Көру диктантты орындау кезінде тапсырмалары бар мәтін тақтаға жазылады немесе плакатта жасалған түрі көрсетіледі, бірақ алдын ала талдаусыз жатқа жазылады. Оқушыларға жатқа білетін мәтіндерін жатқа жазғызу да сол көру диктанттың қатарына жатады. Көру-есту мен көру диктанттарын орындау бойынша нәтижелері қолданылатын мәтінмен салыстыру жұмыстары арқылы тексеріледі.

Түсіндірме диктантын орындау кезінде мәтін алдын ала бірден ескертусіз, жатқа жазылады. Белгілі емле, орфограмма қалай жазылады, сонында түсіндіріледі және талданады. Қателері болған жағдайда түзетіледі.

Грамматика туралы білімдерін бекіту барысында оқушыларға орфографиялық пен түсіндірме сөздіктерді қолдануға, сондай-ақ осындай сөздіктерді өз бетінше құрастыруға үйрету керек. Сөздіктермен жұмыс жасау кезінде келесі тапсырмалар орындалады: Белгілі бір грамматикалық категориялар сөздіктерден теріліп алынады. Олардың мағынасы ойлап табылады, содан соң жазылады немесе басқа грамматикалық тұлға осындай сөз формасының орнына қойылады. Оқушылар сөздіктен бір түбірлі сөздерді теріп алады, оларға сәйкес түбірлес сөздерді өз ойларынан қосып жазып шығады.

Оқушыларды дұрыс сөйлеуге жаттықтыру үшін сөйлемде байланысты сөз тіркестерін тапқызып, оларға тұрлаусыз мүшелер бола алатын және сөйлем құра алатын сөздерді енгізіледі. Сөйлемдегі сөздер байланысты фразалармен таңдамалы түрде жазылады. Бастапқы позициясы өзгертілген сөйлемдегі сөздің орнын тауып, сөйлемді тиісті пішінге келтіреді.

Білімді қайталау әдісі де, сонымен қатар оқушылардың алған білімдерін бекіту жолының түріне жатады. Қайталаудың тиімділігі келесідегі: біріншіден, ол өткен материалды ұмытудан сақтандырады; екіншіден, ол ұмытылған білімге қайта естеріне түсіреді; үшіншіден, оқушылардың алған білімі мен дағдыларын саналы түрде нығайтады, оларды кеңейтеді және тереңдетеді. Өткен білімді қайталау бүкіл оқу жылы бойына үздіксіз және жоспарлы, жүйелі түрде жүргізіледі. Яғни, қайталау жұмыстары сабақтан сабаққа жалғасып ауысады [3].

Қайталау сабақтарды ұйымдастыру бойынша жұмысқа мынадай талаптар қойылады.

1. Қайталауға жататын жаттығу материалы бұрын қолданылған түрінен өзгертіледі, ол үшін жаңа әдістер қолданылады және ақпараттар жинақталады.

2. Қайталанатын жұмыстың оқу материалы бұрынғы пайдалану түрінен де өзгереді, жаңа сөйлеммен, жаңа мәтіндермен жұмыс істейді.

3. Қайталанатын жұмысқа жаңа тұжырымдаманың элементтері де енгізіледі, осылайша оқушылар бұрынғы білімдерін үстемелейді немесе қорытып үйренеді.

4. Қайталанған сабақта оқушылардың өздік жұмысы арқылы біліктері мен дағдыларын толық меңгеруге көңіл бөлінеді. Ол үшін оқушылар әртүрлі жазбаша жаттығуларды негізінен өз бетінше орындайды.

5. Қайталанған сабақта кестелер, схемалар, графикалық жұмыстар көптеп қолданылады. Оқушылар белгілі бір тілдік тақырыпты кесте, схема, графика түрінде білдіреді. Бастауыш мектепте оқушылардың әлеуметтік, адамгершілік, танымдық тілегі қалыптасатыны белгілі. Бұл кезеңде баланың көптеген психологиялық қасиеттерінің негізі қаланады.

Осыған байланысты мұғалімнің міндеті – оқушылардың дағдылары мен дағдыларын қалыптастыратын әрекеттерді байқауға мүмкіндік беретін нақты және қолайлы жұмыс түрлерін табу. Тәжірибелі мұғалімдер үшін бұл міндеттерді орындау қиын емес.

Оқытудағы әрбір міндет балаларды қызықтыруы тиіс. Икемділік мазмұнын түсіндіруге оқушылардың өздерін тартуға болады. Мысалы, II, III сынып оқушыларында сұрақ туындауы мүмкін: "Әңгіме жоспары дегеніміз не?" мұғалім бірінші сыныпта әңгіме жоспарын құруға бағытталған іс-әрекеттерден есте сақтаған нәрселерін еске салуға мән береді. Оқушылар мәтінді бөліктерге бөлгенін, ат қойғанын, содан кейін мұғалім берген сұрақ бойынша жоспар құрғанын, сюжеттік суреттер бойынша әңгіме құрастырғанын еске алады.

Мұғалімдер оқушылардың жылдам оқу, жазу, есептей алу дағдыларын қалыптастыруға көп көңіл бөлуі тиіс. Бастауыш мектепте мәтіндер әдетте сабақта бірнеше рет оқытылады. Оған байланысты мұғалімдердің алдында мынадай сұрақтар туындайды: "қайткенде оқу әдістерін қайталамауға, баланың ықыласын төмендетпеуге болады?" сұрақтар тұр.

Сабақтағы әңгіме мен мәтінді оқытудың әр кезеңі өзінше жаңа міндет, жаңа тапсырма қояды, сондықтан мәтінді оқытуда оқушылардың шығармашылық деңгейін бағамдауға байланысты оқудың әртүрлі әдістерін қолдану қажет: жалғастыра оқу, тізбекті оқу, іріктеп бөліп алып оқу, білім мен рөлге бөлу, мұғалімдер мен оқушылармен алмасып оқу және соңында уақытты белгілей отырып, белгіленген нормаларға байланысты оқу қажет.

Мұғалім жаңа сабақта мәтінді іштей оқу, сұраққа сәйкес жауаптарды мәтіннен табу, оқу, салыстыра отырып бөлімдер бойынша ат қою сияқты оқу әдістерін қолданады. Жақсы және орта оқитын оқушылар кезекпен оқиды. Әрқайсысына оқу жылдамдығы нормасына сәйкес оқу міндеттері жүктеледі. Мәтінді оқу кезінде олардың көру қабілетін, есте сақтау қабілетін жетілдіру, дамыту сияқты мақсаттар қойылады. Бастауыш сыныптарда өтілетін пәндерді оқи отырып, оқушылар түсініктерін кеңейтеді, өз ой-пікірлері үшін жауап беруге дағдыланады. Оқушылар өз көзқарастары мен пікірлерін қалыптастыру және дамыту, мұқият зерттеу және өз ойларын сенімді

жеткізе білу дағдыларын игереді. Олар дәлелдерді талдауға және бағалауға және ойлау дағдылары туралы да бағамдауға машықтанады.

Қазақ тілі сабақтарында әдістер мен тәсілдерді қолдануда мұғалім үшін келесі жұмыстарды жүргізу маңызды жұмыс болып табылады:

- сабақтарға жаңа, тың ойлар мен ынталандыру материалдарын енгізу;
- оқушылардың өз ойлауы мен оқулары туралы ой торлғаныстарын қамтамасыз ететін логикалық ойлау мен зерттеу дағдыларын енгізу;
- оқушыларға өздерін қызықтыратын салаларда және т.б. жағдаяттарда сұрақтар мен жауаптар құрастыруға көмектесу;
- жұмыстың топтық формаларын жүргізуді қарастыратын жаттығуларды енгізу;
- оқушыларды диалог құра отырып, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға ынталандыру; - балалардың оқуға деген қызығушылығын қанағаттандыру;
- балаларды өз бетінше ойлауға жетелеу;
- оқушылардың логикалық тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту;
- бастауыш сынып оқушыларының ойлау дағдылары мен ғылыми-зерттеу дағдыларын пайдалануы туралы үнемі ескерту;
- жекелеген оқушылармен "жүзбе-жүз" кездесулер ұйымдастыру;
- оқушыларға өз бетінше жұмыс жасау процесінде жетістіктерге жетуге мүмкіндік алатындай жобаларды жоспарлау, әрі оларды жүзеге асыруды ұйымдастыру.

Мақаламызды Міржақып Дулатовтың айтқан ойымен аяқтағымыз келеді: "Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт – оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниедегі сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарқын жұлдыз – оқу. Надан жұрттың күні – қараң, келешегі - тұман".

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Жусанбаева, С.Б. Қазақ тілін оқытудың инновациялық әдістемесі [Мәтін] : оқу құралы / С.Б. Жусанбаева, Л.Т. Әлімтаева. - Алматы : "Қазақ университеті", 2020. - 210 б.

2 Жұмабаева, Ә.Е. Қазақ тілін оқыту әдістемесі [Мәтін] : оқу құралы / Ә.Е. Жұмабаева, Г.И. Уайсова. - Қарағанды : "MedetGroup" ЖШС , 2019. - 234б.

3 Оразбаева Ф. Қазақ тіл білімінің мәселелері [Мәтін] / Ф. Оразбаева. - Алматы : "Қазақ тілі", 2019. - 656б. 116 4 Айтбаева Б.М. Қазақ тілі [Электрондық ресурс] : Оқу құралы / Б.М. Айтбаева, Г.Х. Абдрахманова. - Қарағанды : MedetGroup, 2019. 11

ӘОЖ. 37. 459.036

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОЛДАРЫ

ҚҰЛИБАЙ Г.Қ

№30 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. С момента обретения нашей страной суверенитета произошли значительные изменения в сфере образования: обновлено содержание образования. Одним из новых путей является создание новой системы образования.

Summary. Since our country gained sovereignty, significant changes have taken place in the field of education: the content of education has been updated. One of the new ways is to create a new education system.

Еліміз егемендік алғаннан бері білім саласында елеулі өзгерістер болып отыр: білім берудің мазмұны жаңарып өзгерді. Жаңа талпыныс, жаңа ашылған жолдардың бірі - білім берудің жаңа жүйесінің жасалуы. Бұл педагогикадағы тұтас педагогикалық үрдісті өзгертулермен тығыз байланысты.

Дегенмен де адам психикасын дамытудағы ең қажетті құрылым оқыту болса, кез келген оқыту есте сақтау мен білімді дамытады. Ал оқыту мен дамыту өз алдына жеке үрдіс бола алмайды, өйткені екеуі де жеке тұлғаның дамуына әсер етеді. Осыдан мынадай екі концепция шығады:

1) Оқытудың даму концепциясы Ж.Пиаже, З.Фрейд, Д.Дьюидің пікірлерінше: Бала даму барысында оқиды. Яғни мұнда бала психикасының даму заңдылығына сүйенеміз.

2) Дамыта оқыту концепциясында бала оқу арқылы дамиды. XX ғасырда бұл теорияның негізін салған орыс ғалымдары: А.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн, Д.Б.Эльконин, П.Я.Гальперин, Л.В.Занков, В.В.Давыдов тағы басқалар. Қазіргі таңда жеке тұлға қоғам үшін белсенді түрде, яғни аз уақытты қамтып, жоғары сапалы дәрежеде дамуы қажет. Сол үшін бұл педагогикалық технологияны – дамыта оқыту технологиясы дейміз. Дамыта оқыту жеке тұлғаның дамуына бағыт - бағдар беріп, белсенділігін арттырады.

Физиологиялық дамуда бала бойының өсуі, бұлшық еттің дамуы, салмақтың қосылуы, яғни дені сау, шыныққан, шыдамдығы тағы басқа қорытындылар айтуға болады.

Ал психикасы туралы не дер едік? Оның қаншалықты дамығандығын оқыту үрдісі мен жас ерекшелігі арқылы анықтаймыз.

Қазіргі кезде дамыта оқыту технологиясы балаға өз бетінше ойлана білуге, сыртқы ортамен қарым-қатынас жасауына ықпал етеді. Қарым-қатынас жасау барысында: жоспарлауға, мақсат қоя білуге, қойылған мақсат - міндеттерді жүзеге асырып, қорытындыны талдай білуге е дағдыланады. Міне, осындай жүйелер арқылы «өзіндік даму» жүзеге асады. Соның негізінде өзіндік талдау, жинақтау, өзіндік бағыт беру, өзіндік тәрбие, білім алу жүйелері қалыптасады. Яғни дамыта оқыту жеке тұлғаның барлық қасиеттерінің дамуына бағытталады. Л.С.Выготский: «Педагогика бала дамуының ертеңгі емес, кешегі күніне сүйену керек», - деген. Осыған орай ол бала дамуының екі деңгейін анықтады:

1) өзекті даму деңгейі - бала бойында қалыптасқан өз бетінше орындай алатын іс-әрекеттер;

2) Жақын даму аймағы – бұл бала әлі өз бетінше іс-әрекетті орындай алмайды, бірақ үлкендердің көмегімен жүзеге асыра алатын көрініс.

Тұлға жақын даму аймағына өтуде өзекті даму аймағындағы білімдерін өз бетінше қолдануға, өзіндік танымын дамытуға дағдылана-ды. Г.К.Селевко өзіндік дамыта оқыту технологиясын жүйеге келтіріп, оны үш бөлікке бөлді.

1) «Теория» - өзін-өзі жетілдірудің теориялық негізін ұғыну. Бұл мектеп бағдарламасына енгізілген.

2) «Практика» - өзін-өзі жетілдіруді іс жүзінде асыра білу. Бұл іс-әрекет сабақтан тыс уақытта орындалады.

3) «Әдістеме» - ғылыми негізін жасауда өзін-өзі дамыта оқытудың әдісі мен құрылымын жасап, жүзеге асыру.

Осы үш бөлікті бір жүйеге келтіріп, мектептерде өзін-өзі жетілдіру сабақтарын жүргізуге болады. Өзіндік дамыта оқытудағы негізгі мақсат: жеке тұлғаның өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі басқара алатын механизм құрып, адамгершілік, танымдық қасиеттерін дамыту [1].

Бұл оқыту барысында мұғалім ұстанымы: дос, көп нәрсені білетін, терең білімді ақылшы.

Оқушы ұстанымы: өзін анықтап, еркін өз қалауы бойынша іс -әрекет ету. Өзіндік дамыта оқыту технологиясында баланың өзін-өзі тануын ұйымдастыруға мұғалімнің жоғары педагогикалық руханилығын керек етеді, оның балаға деген сүйіспеншілігі, «мұғалім» мен «оқушы» арасындағы сенім мен оның ішкі әлемін танып білуге, жеке қасиеттері мен мінезін ашуға мүмкіндік береді.

Бастауыш сыныпта «өзіндік танымды» қалыптастыру барысында оқушыларды қызықтырып өзінің жасаған жұмысына өзі баға беріп, қорытынды шығара білуге дағдыландырудың маңызы зор. Ол үшін әр түрлі өз бетінше орындалатын қызықты тапсырмалар беру керек.

Оқушы бойында өзіндік танымды қалыптастыруды оқыту үрдісінде жүзеге асыру өте тиімді. Себебі бала әр сабақта, әр тақырыпта өзін-өзі жетілдіріп отырады. Мұны жүзеге асыруда дамыта оқыту технологиясының маңызы өте зор.

Дамыта оқыту оқушыларды әр түрлі іс-әрекетке тартуды құптайды, сабақта дидактикалық ойындар, пікір-таластар, ойлау, қиялдау, есте сақтау, тіл байлығын, логикалық ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған оқыту әдістерін қолдануды ұсынады. Яғни күнделікті сабақта оқушылардың жоғары білімділік пен адамгершілік құндылықтарын арттырсақ, жеке тұлға білімдегі шындықты іздеу, салыстыру, дәлелдеу, зерделеу, өз іс-әрекеттерін сараптап,

өзіне-өзі баға беруге дағдыланады. Дамыта оқыту жүйесіндегі оқытудың барлық кешенінде мақсаттары мен шешімдері бала дамуына бағытталған. Соның нәтижесінде барлық бала ойлануға, ізденуге, қорытындылауға мүмкіндік алып, өз деңгейінде нәтижелерге жетеді. Төменде дамыта оқыту жүйесінің негізгі дидактикалық принциптеріне тоқтала отырып, ұлт мектептері осыдан өзіне не алады деген мәселеге тоқталсам:

1. Жүйедегі бүгінгі күннің өлшемімен қарағанда айрықша көкейкестілігімен ерекшеленетін принцип, жоғарғы қиындықта оқыту принципі. Бұл қағида баланың қиындатылған тапсырмаларды орындауға мүмкіндігінің бар екеніне көз жеткізеді. Бұл баланың шамасы келетін мәселелер төңірегінде айналсоқтап тұрып, қалай білім деңгейін күрделендіру, сол арқылы оны қиындықты жеңуге үйрету, өз күшіне деген шешімін туғызуға әкелу. Баланың өзінің білетінінің төңірегінде ғана қалсақ, немесе ойлауға жетелемесек, оның дамуын тежегеніміз. Мысалы: күнделікті сабағымызда қарапайым нәрселерді сұрау, жауап алу арқылы қанша уақыт жібереміз. Суретті көрсетіп тұрып ондағы бейнеленген түйенің неше өркеші, неше аяғы бар екенін айтқызу бала үшін ешнәрсе бермейді. Немесе алманың дөңгелек, қызыл болатындығын сұрап жату баланы дамытады деп айту қиын. Одан гөрі сол алма дөңгелек, қызыл болғанға дейін қандай кезеңдерден өткенін сұрап білу арқылы баланы ойландырамыз, өмірден алған білімін пайдалануға ықпал етеміз. Ондай қарапайымдылықтан арылу жағын әрбір мұғалім ізденгенде ғана жүзеге асыруға болады. Ол үшін бағдарламадан тыс сұрақтар қою қосымша материалдар пайдалану қажеттігі туады. Әрине күрделендіреміз деп баланы шамадан тыс қиындықтарға әкелу жағынан сақтану керек. Баланың сабаққа деген ынтасы жоғалады, сенімі құриды

Дамыта оқыту жүйесінің маңызды принциптерінің бірі – теориялық білімнің жетекші рөлі принципі. Бұл принцип бала тек теорияны оқуы, ғылыми терминдерді білуі, заңдарды жаттауы керек дегенді білдірмейді. Керісінше, олар оқу барысында бақылаулар, қарапайым зерттеулер арқылы нәтижеге келулері керек. Өтіліп жатқан тақырыптағы заңдылықтарды, байланыстарды сезінуге, қорытындылауға үйрету. Бірақ жаттап алмай, сол қорытындыға саналы түрде әкелуге келтіру. Мұғалім осы күрделі жұмысқа басшылық жасап қана отырады. Мысалы, «Аудан» тақырыбын өткенде, оқушыларға тік төтбұрыштың қабырғаларын өздеріне өлшету, содан кейін оларды ұзындығы мен енін көбейту арқылы табуға үйрету. Ауданның периметрден айырмашылығын өздеріне тапқызу сияқты жұмыстармен күрделендіру. Тіпті, қарапайым есептерді шешу үшін де оқушыларды ойландыратындай етіп сұрақ қоя білу [2].

Оқу процесін түсіну. Бұл принцип саналы оқу принципіне қайшы келмейді. Саналы оқу дегеніміз берілетін білімді ұғынуға бағытталған. Ал оқуды түсіну оқушы өз бойындағы оқудан алған өзгерістерді байқауы, бұған дейін мен мынаны білуші едім, осы пәнді оқу арқылы мынадай жаңа нәрсе үйрендім дегенді сезінуі. Мысалы, оқушыларға 4-ке көбейту таблицасын жаттап келуді тапсыруға болады. Олар оны түсініп жаттап келеді. Оқу процесін түсіну баланы өз-өзіне қорытынды жасауға сын көзбен қарауға тәрбиелейді.

Барлық оқушылардың жақсы, нашар дамуы үшін жұмыс істеу. Л.В.Занков жасаған жүйенің ерекшелігі - балаларды жақсы, нашар оқушыға бөлмеу. Шынында да бұл бала жаратылысына қарама-қарсы келу. Егер баланың дені сау болса, оқу барысында ол қандай да бір дәрежеде дамиды. Тек соған сену керек, шыдамдылық көрсету керек.

Оқытушы мен оқушы арасындағы жаңаша қарым-қатынас орнату. Осы кезге дейін ұстанып келген мұғалімнің сыныпта беделі болуы, ол беделді балаларды қорқыту, зеку, айтқанын қалайда орындату арқылы баланың дамуына үлкен кедергі жасайды. Мысалы: сұраққа дұрыс жауап бермеген балаға «отыр, білмейсің» деген қатал үн қандай әсер етеді. Ол бала енді дұрыс жауапты ойламайды, жауап беруге құлшынбайды. Осылай бірнеше рет қайталанған ескерту баланы жасқаншақ, өз ойын айтуға қорқатын, бірте-бірте ақыл-ойы төмендеген, белсенділігі жоқ оқушыға айналдырады. Ендеше, оқушыны кішкентай бала емес, адам деп қарау, оның жан дүниесін сезіне білу, көзқарасымен, пікірімен санасу, құрметтеу, білім алуға қажетті фактілердің бірі болып есептеледі.

Бастауыш сатыда дамыта оқытуда пайдаланатын тиімді әдіс-тәсілдері. Қазіргі күнгі мектеп бағдарламаларында мұғалім балаға білім, білік, дағды беріп қана қоймай, ақыл-ойын, қабілетін дамытуы «оқи алуға үйретуі керек» деген міндеттер қояды. Бұл дамыта оқыту идеясы деп аталады. Дамыта оқытудың Д.Б.Эльконин - В.В.Давыдов жасаған жүйесінің көздеген мақсаттарына жету тек баланың өзінің белсенділігіне байланысты. Осыған орай бұл жүйенің әдіс-тәсілдері де оқушының оқу белсенділігін ұйымдастыруды, қолдап көмектесіп отыруды көздейді. Дамыта оқытуда баланың ізденушілік - зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол

үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезінетіндей жағдайда болуы керек. Содан барып оның білім алуға деген ынтаықтасы артады, білім алуға әрекеттенеді. Сабақ мұндай жағдайда төмендегідей үш құрамдас бөліктерден тұрады:

1. Оқу мақсаттарының қойылуы.
2. Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру.
3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу [3].

Бұл үшеуі дамыта оқытудың Д.Б.Эльконин - В.В.Давыдов жасаған жүйесінің негізгі компоненттері оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу, іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ процесін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам рөлінде. Шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі, әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Әрине, жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермес. Дегенмен әр бала жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп отырады. Педагогикалық технологиялардың аттары, авторлары, мақсаты, ерекшеліктерімен танысып, оларды оқып - үйрену арқылы оқу материалын толық игертуге мүмкіндік беретін, басқа технологиялармен салыстырғанда өзінің тиімділігімен, әмбебаптығымен ерекшеленетін «Модульдік оқыту технологиясы».

Модульдік оқыту технологиясының мақсаты - материалды толық игерту әдістемесін меңгерту. Бұл оқытуда сабақтың семинар, конференция, диспут, топтық пікірталас сияқты формалары қолданылады. Ал жұмысты ұйымдастыру: топтық, жұптық, ұжымдық тұрғыда жүргізіледі. Негізінен модульдік оқыту технологиясы үш бөлімнен тұрады:

1.Кіріспе.

Тақырыпты модульге енгізу - мотивациялық (Фридман). Оқушы бұл бөлімді не үшін, неліктен оқитындығын саналы түсінуі, әрі қандай негізгі оқу міндеттері жүктелетіндігін білулері керек.

Бұл кезеңде мынадай оқу әрекеттері жүзеге асады:

- оқуға проблемалық жағдаят тудыру;
- негізгі оқу міндеттерін айқындау;
- оқушының өзін өзі бақылап-бағалауы;
- алдағы жұмыстардың жоспарын талқылап, бірлесе отырып даярлау;

Ой-жүйрік, ол әр уақытта тілден озып кетеді. Тіл дамуының жеткен деңгейінен кейін қалып отырады. Жаңа білімді тілмен толық жеткізу қиын. Сондықтан сызба, кестелер т.б. белгілер арқылы түсіндірген тиімдірек.

Бала алғашқы түсініксіз сезімнен арылу керек, оның зердесінде түсінік ұғымдар упаковқадағыдай сақталып, қажетіне қарау керек.

Белгілік модульге:

- графиктер
- диаграммалар
- формула, теңдеу
- символдар, белгілік жүйелер жатады.

2. Диалогтық

Танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру (сұхбаттық) әрекеттік - танымдық. Бұл бөлімнің ерекшелігі: оқыту мен үйрету дамытушы-лықта және дайындықта жүргізіледі. Проблемелық, ізденушілік, зерттеу арқылы оқыту мен репродуктивті оқытуды үйлестіру. Диалогтық қарым-қатынаста оқушылар бір-біріне әсер етеді, ой қозғайды т.б. Оқушылардың белсенділігі артады, қарым-қатынасы нығаяды. Олар бірлесе отырып алға қойылған міндеттерді толық шешуге мүмкіндік алады. Ой жұмысы жеңіске жетуге борышты орындауға жетелейді.

3.Қорытынды.

Бақылау рефлексивті-бағалаушылық. Бұл бөлімде бақылау мен тесттің бірнеше түрлерін қолданамыз. Ал білімді бағалау объективті түрде болады. Бағалау мониторингі ұпаймен беріледі.

Қазіргі күнгі мектеп бағдарламаларында мұғалім балаға білім, білік, дағды беріп қана қоймай, ақыл-ойын, қабілетін дамытуға, «оқи алуға үйретуі керек» деген міндеттер қояды. Бұл «дамыта оқыту» идеясы деп аталады.

Білім мазмұнын, оның құрылымын анықтауда дамыта отырып оқытудың іргелі үш ұстанымын: теориялық деңгейін көтеру, білім мазмұнының жалпы адамзаттық құндылыққа бағдарлануы, пәндік білім, білік, дағдылардың оқушының тәрбиелік деңгейін сипаттайтын

құндылық қатынастарды меңгеруде пәннің рөлін көтерумен бірге білім мазмұнының интегративті сипатын қамтамасыз ету, оның адамгершілігін, этикалық талғамын, экологиялық салауатты өмір сүру мәдениетін халықтың озық салт-дәстүрі, рухани мәдени мұрасы негізінде тәрбиелеу сияқты ұстанымдар басшылыққа алынған.

Дамыта оқыту жүйесіндегі оқытудың барлық кешенінде мақсаттары мен шешімдері бала дамуына бағытталған. Соның нәтижесінде мүмкіндік алып, өз деңгейінде нәтижелерге жетеді. Төменде дамыта оқыту жүйесінің негізгі дидактикалық принциптеріне тоқтала отырып, ұлт мектептері осыдан өзіне не алады деген мәселеге тоқталсам:

1. Жүйедегі бүгінгі күннің өлшемімен қарағанда айрықша көкейкестілігімен ерекшеленетін принцип, жоғарғы қиындықта оқыту принципі. Бұл қағида баланың қиындатылған тапсырмаларды орындауға мүмкіндігінің бар екеніне көз жеткізеді. Бұл баланың шамасы келетін мәселелер төңірегінде айналсақтап тұрып, қалай білім деңгейін күрделендіру, сол арқылы оны қиындықты жеңуге үйрету, өз күшіне деген сенімін туғызуға әкелу. Баланың өзінің білетінінің төңірегінде ғана қалсақ, немесе ойлауға жетелемесек, оның дамуын тежегеніміз. Мысалы: күнделікті сабағымызда қарапайым нәселерді сұрау, жауап алу арқылы қанша уақыт жібереміз. Суретті көрсетіп тұрып, ондағы бейнеленген түйенің неше өркеші, неше аяғы бар екенін айтқызу бала үшін еш не әр се бер м ей ді. Н ем ес е алман ың дөңг ел ек, қы зыл болатындығын сұрап жату баланы дамытады деп айту қиын. Одан гөрі алма дөңгелек, қызыл болғанға дейін қандай кезеңдерден өткенін сұрап білу арқылы баланы ойландырамыз, өмірден алған білімін пайдалануға ықпал етеміз. Ондай қарапайымдылықтан арылу жағын әрбір мұғалім ізденгенде ғана жүзеге асыруға болады. Ол үшін бағдарламадан тыс сұрақтар қою, қосымша материалдар пайдалану қажеттігі туады, әрине күрделендіре-міз деп баланы шамадан тыс қиындықтарға әкелу жағынан сақтану керек. Баланың сабаққа деген ынтасы жоғалады, сенімі құриды.

2. Дамыта оқыту жүйесінің маңызды принциптерінің бірі- теориялық білімнің жетекші рөлі принципі. Бұл принцип бала тек теорияны оқуы, ғылыми терминдерді білуі, заңдарды жаттауы керек дегенді білдірмейді. Керісінше олар оқу барысында бақылаулар, қарапайым зерттеулер арқылы нәтижеге келулері керек. Өтіліп жатқан тақырыптағы заңдылықтарды, байланыстарды сезінуге, қорытынды-лауға үйрету. Бірақ жаттап алмай, сол қорытындыға саналы түрде әкелуге келтіру. Мұғалім осы күрделі жұмысқа басшылық жасап қана отырады.

3. Оқу процесін түсіну. Бұл принцип саналы оқу принципіне қайшы келмейді. Саналы оқу дегеніміз берілетін білімді ұғынуға бағытталған. Ал оқуды түсіну оқушы өз бойындағы оқудан алған өзгерістерді байқауы: бұған дейін мен мынаны білуші едім, осы пәнді оқу арқылы мынадай жаңа нәрсе үйрендім дегенді сезінуі.

4. Барлық оқушылардың жақсы, нашар дамуы үшін жұмыс істеу. Л.В.Занков жасаған жүйенің ерекшелігі балаларды жақсы, нашар оқушыға бөлмеу. Шынында да бұл бала жаратылысына қарама-қарсы келу. Егер баланың дені сау болса, оқу барысында ол қандай да бір дәрежеде дамиды. Тек соған сену керек, шыдамдылық көрсету керек.

Оқытушы мен оқушы арасындағы жаңаша қарым-қатынас орнату. Осы күнге дейін ұстанып келген мұғалімнің сыныпта беделі болуы, ол беделді балаларды қорқыту, зеку, айтқанын қалайда орындату арқылы баланың дамуына үлкен кедергі жасайды. Мысалы: ұрпаққа дұрыс жауап бермеген балаға «отыр, білмейсің» деген қатал үн қандай әсер етеді. Ол бала енді дұрыс жауапты ойламайды, дұрыс жауап беруге құлшынбайды [4]. Осындай бірнеше рет қайталанған ескерту баланы жасқаншақ, өз ойын айтуға қорқатын, бірте-бірте ақыл-ойы төмендеген, белсенділігі жоқ оқушыға айналдырады. Ендеше оқушыны кішкентай бала емес, адам деп қарау, оның жан дүниесін сезіне білу, көзқарасымен, пікірімен санасу, құрметтеу, білім алуға қажетті факторлардың бірі болып есептеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Беспалько В.П. Слагаемое педагогические технологии. – Москва «Педагогика» 1989. – 289 с.
2. Қабдықайыров Қ. Оқытудың жаңа педагогикалық технологиялары. – Алматы, 1999. – 315 б.
3. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. – Алматы, 2002. – 295 б.
4. Қуанбаева Б.О. Оқытудың педагогикалық жүйесін технологиялық негізде жетілдірудің дидактикалық шарттары. (Диссертация) канд. диссерт. Алматы 2004. – 135 б.

CLIL ӘДІСТЕМЕСІ БОЙЫНША ОҚЫТУДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

КУРМАНБЕКОВА А.Д.

№6 орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

ТУҒАНБАЕВА А.Б.

№6 орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. В статье рассматриваются результаты обучения по методике CLIL.

Summary. The article discusses the results of learning using the CLIL methodology.

Қазіргі қоғамда әлемдік білім кеңістігіне бағытталған жаңа білім беру жүйесі қалыптасуда.

Бүгінгі күні бір немесе бірнеше шетел тілін білу әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени прогрестің маңызды факторы ретінде қарастырылып, қалыпты жағдайға айналуда.

Жалпы білім беруді дамытудың жаңа тұжырымдамаларын дамытумен қатар қазіргі жағдайда тілдік білім беру өте маңызды болып отыр. Қазіргі кезде шет тілдік білім беру тек коммуникативті, ақпараттық және әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктерді қалыптастыруға ғана емес, сонымен бірге тіл қарым-қатынас жасаудың маңызды құралы ретінде қарастырылатын қазіргі заманғы көп мәдениетті әлемнің ғаламдық мәселелерін өзара түсіністікке және түсінуге қабілетті кадрларды даярлауға бағытталған [1].

Шет тілін меңгерудегі ерте жастағы мүмкіндіктер шынымен де ерекше екендігі белгілі. Тіпті К.Д.Ушинский «бірнеше ай ішінде бала шет тілінде сөйлеуді ересек адам сияқты үйренеді, бірнеше жылдан кейін сөйлей алмайды» деп жазды. Сөйлеуге ерекше бейімділік, сөйлеуді ассимиляциялаудың табиғи механизмінің икемділігі, сондай-ақ бұл механизмнің белгілі бір ұлтқа жатумен байланысты тұқым қуалайтын факторлардың әсерінен белгілі бір тәуелсіздігі - осының бәрі балаға тиісті жағдайларда басқа тілдерді ойдағыдай меңгеруге мүмкіндік береді.

Шетел тілін сапалы жаңа деңгейде білетін әртүрлі профильді мамандарды даярлау қажеттілігі оқытудың жаңа әдістерін дамытуды болжайды. Соңғы жылдары ағылшын тілін оқытуда CLIL әдісі (Content and Language Integrated Learning) немесе пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту барған сайын танымал болып келеді.

Шетел тілдерін үйрену мен оқытудағы бұл тәсіл жаңа емес. 1990 жылдары Еуропадағы екі трансұлттық институт, атап айтқанда Еуропалық Кеңес және Еуропалық Комиссия, CLIL-дің пайда болуына бастамашылық етіп, екі тілде білім берудің еуропалық тәсілін анықтады [2].

Бірнеше жылдан бері әлемге әйгілі ғалымдар мен лингвистер: Койл До, Гуд Филипп, Марш Дэвид, Далтон Пуффер, Фернандес Фонтеча А., Джирлингтер Э., Коопман Г., Аникина Ю., Вестхофф Г. тілді кіріктіріп оқыту мәселесін қозғады. Сонымен қатар, шет елдердегі зерттеушілер CLIL білім берудің әдістері мен формаларын әзірлеумен және жетілдірумен айналысады: Дэвид Ласагабастр, Йоланда Руис де Заробе (Испания), Дитер Вольф, Стефан Брейдбах және Бритта Виброк (неміс), Мовчан Лариса (Швеция), Кари Ниеминен (Финляндия). Олардың көпшілігі осы әдістің технологиясын тек шет тілін (негізінен ағылшын тілін) оқытумен байланыстырады [3].

CLIL әдісі, біздің ойымызша, мектепке дейінгі ұйымда балалардың тілді үйренуге деген ынтасын едәуір арттырады, өйткені тіл мақсат емес, басқа пәнді үйренудің құралы болып табылады. Мұндағы мақсат - пәнді шет тілі арқылы зерттеу, яғни кез-келген пәнді «тілді қолдану арқылы» оқыту.

Бұл тәсіл CLIL-ді іске асырудың күрделілігіне қарамастан айтарлықтай оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін бірқатар маңызды сипаттамаларға ие және бірқатар батыстық білім беру жүйелерін осы әдісті өз жұмысында қолдануға сендірді. Біріншіден, CLIL әдісі портативтілік пен икемділік сияқты екі маңызды қасиетке ие, ол кез келген сыныпқа қолданылады.

Екіншіден, CLIL заманауи қоғамның барлық талаптарына жауап береді, бұл жас ұрпаққа тілдерді тиімді үйренуге және сыни және икемді ойлауды дамытуға мүмкіндік береді..

Марш Дэвид өзінің «Еуропадағы жетістікке жету үшін мазмұн мен тілдік интеграцияланған оқытудың (CLIL) өзектілігі мен әлеуеті» атты мақаласында «пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту

дегеніміз кез-келген екі пәндік білім беру контекстін білдіреді, онда қосымша тіл, лингвистикалық емес тақырыпты оқыту құралы ретінде бүкіл оқу курсы жүргізілетін негізгі тіл емес». Ғалымның пікірінше, бұл әдіс екі пәнді бір уақытта оқытуға мүмкіндік береді, дегенмен назар тек тілге немесе тілдік емес тақырыпқа аударылуы мүмкін.

CLIL зерттеушілерінің айтуынша, О.Н. Бурдакова, А.А. Джалалова және Н.П. Рауд, CLIL әдісі бойынша 3 оқыту моделін бөліп алу әдеттегідей:

1) C1 моделі: Көптілді оқыту.

2) C2 моделі: қосымша / қосымша интеграцияланған пән және тілді оқыту (Adjunct CLIL).

3) C3 моделі: Тілдік қолдауды қосатын пәндік курстар (Тілдік мазмұн курстары). Басқаша айтқанда, таңдалған модельге байланысты тіл оқыту тілі, оқуға арналған тіл немесе оқыту арқылы тіл ретінде әрекет ете алады.

Өз кезегінде, CLIL әдісі аясында бірнеше модельдердің болуы мұғалімдерге қойылған білім беру мақсаттары мен мақсаттарына байланысты шет тілін оқуға тарту дәрежесін әр түрлі етуге мүмкіндік береді. CLIL-тің мақсаты - бүкіл оқу бағдарламасын шет тілінде оқыту емес, CLIL-мен үйлесімді тақырыптар мен пән модульдерін саналы таңдау.

Пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту әдісін қолдана отырып, білім беру қызметін жобалау белгілі бір ұсыныстарды ескере отырып жүзеге асырылады.

Біріншіден, әр сессияны 4С қағидаттары негізінде жоспарлау және ұйымдастыру қажет:

МАЗМҰНЫ (мазмұны) - білім, білік, дағдыларды дамыту.

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС (қарым-қатынас) - оқыту кезінде шет тілін қолдану, оны қолдануды үйрену.

ТАНУ (таным) - берілген тақырып бойынша жалпы идеяны қалыптастыратын танымдық және ойлау қабілеттерін дамыту.

МӘДЕНИЕТ (мәдениет) - өзін мәдениеттің бір бөлігі ретінде көрсету, сонымен қатар баламалы мәдениеттердің бар екендігі туралы хабардар ету.

Бұған пәнаралық байланыстар мен азаматтыққа тәрбиелеу де кіреді.

Екіншіден, әр сабақта нақты тұжырымдалған мақсаттар, әдістер, оқыту нәтижелері, бағалау критерийлері және рефлексия болуы керек. Бұл жағдайда мұғалімнен жүйелі жоспарлау, оқыту, бақылау және бағалау талап етіледі.

Үшіншіден, барлық таңдалған пәндік курстарда интеграцияланған пәндер мен тілдерді оқыту үшін сапалы материалдар, көрнекі құралдар мен түпнұсқа мәтіндерді әзірлеу және таңдау қажеттілігі өте маңызды. Әрине, мұғалімнің өзі оқудың интегралды бақылау парағы негізінде үнемі өз талдауын жүргізіп отыруы керек [4].

Мектепке дейінгі ұйымдарда қолданылатын CLIL әдісі келесі постулаттарға негізделген:

- мұғалімдер мен оқушылардың ынтықсын арттыру;
- тәуелсіздік пен жеке пікірді мадақтау және ынталандыру;
- бірінші және екінші тілдердің сауаттылығын арттыру;
- ойлау қабілеттерін дамыту;
- мәдениетті және мәдениаралық білімді дамыту;
- оқытудың сөздік қорын байыту.

Мектеп жасына дейінгі балаларға шет тілдерін оқытуда тек CLIL әдісінің компоненттері қолданылады. Балалардың іс-әрекеттерін мұғалім шет тілінде түсініктеме береді, осылайша тілдік ортаға түскен әр бала жаңа білім алады. Бұл әдісті табысты қолдануға болатын көптеген тақырыптар бар: жануарлар, табиғат, жыл мезгілдері, тамақ пен сусындар, түстер және басқалар. Басты мақсат - балалардың шет тіліне, тілдің барлық пайдалылығы туралы түсінікте және өз бетінше оқуға деген ұмтылысында жағымды қатынасты қалыптастыру.

CLIL әдісі функционалды тілде қолданылатын грамматикалық құрылымдар туралы білімді қолданады, бірақ белгілі бір лексика тақырыптары бойынша білімдерін тексермейді, сонымен қатар, CLIL оқушыларға сабақ барысында тілдік қабілеттерін дамытуға және сөздік пен грамматиканы меңгеруге мүмкіндік береді. Алайда, осы әдісті қолданатын оқу іс-әрекетінің бағыты тілдің грамматикалық құрылымын емес, пәндік мазмұнды түсінуге бағытталған.

CLIL зерттеулері көрсеткендей, мұғалімдердің көпшілігі мазмұнды оқыту барысында грамматиканы үйренбейді, өйткені мазмұн мен тіл біртұтас. Мектепке дейінгі білім берудегі оқыту әдістерінің көпшілігі әртүрлі ойындар, жарыстар және балаларға арналған қызықты ойын-сауық негізінде құрылады. Балаларға ағылшын тілін үйрену қажеттілігін түсіну жиі қиынға соғады. Олар

мұның болашақта пайдалы болатынын біледі, бірақ бұл түсініксіз алыс перспектива, тілді дәл қазір үйренуге күш салуға әрдайым түрткі бола бермейді.

Өз кезегінде, CLIL әдісі қолданылатын сыныпта оқушылар ағылшын тілінің көмегімен жаңа және қызықты ақпаратты білуге болатындығын көреді. Ақпарат олар үшін қызықты болған кезде, балалар оны тез және оңай қабылдайды. Егер балалар табиғи түрде білім алса және оларға жаңа нәрсе ойын түрінде ұсынылса, олардың жаңа нәрселерді ашуға және білуге деген қатынасы оң болады. Ең бастысы, олар тілге жол жауып, оқуға деген оң көзқарас қалыптастыра алмайды [5].

Осы әдісті практикада қолдану нәтижелерін талдау CLIL әдісі шетел тілін оңай әрі қызықты оқытуға ғана емес, сонымен қатар:

- балаларда қажетті білім, білік және дағдыларды қалыптастыруға көмектеседі;
- баланың қабылдауының барлық арналарын пайдалануға мүмкіндік береді;
- балаларға өз тілдеріне сәйкес тіл үйренуге мүмкіндік береді жеке дамуда;
- эмоционалды, шығармашылық, әлеуметтік және танымдық қабілеттердің дамуына ықпал етеді;

- шет тілі мен шетелдік мәдениетке деген сүйіспеншілікті қалыптастырады.

Сонымен қатар, пәндік-тілдік кіріктірілген оқытудың қосымша артықшылығы - зерттелетін пәндерді тұтас синтезделген қабылдау, оқу уақытын үнемдеу, мәселелердің мәнін терең түсіну және оқушылардың ынтасын арттыру.

Қорытындылай келе, CLIL-ді жүзеге асыру жаңа ғылыми-педагогикалық зерттеулерді қажет ететіндігін атап өткен жөн. CLIL-дің бейімделу сызбасы толық зерттелмегеніне қарамастан, біз бұл тәсілді мектепке дейінгі білім беру жүйесінде тілдік білім беру бағдарламасын іске асыру шеңберінде қолдануды мақсатқа сай деп санаймыз, нәтижесінде оқушылардың белсенді кәсіби қарым-қатынасқа дайындық деңгейі артады, сонымен қатар әлемдік ғылыми ресурстарға шексіз қол жеткізуге болады. Шет тілінде ұсынылған жұмыстар зерттелетін мәселенің жай-күйін талдау пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту, көптілді тәсілдердің бірі ретінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді тетіктерінің бірі екендігін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Леонтьев А.А. Шетел тілін ерте меңгерудің психологиялық алғышарттары. 2-ші басылым, стереотипті - М.: КомКнига, 2017. - 211 б.

2. CLIL: An interview with Professor David Marsh/ International House Journal of Higher Education, Issue 26: Spring 2019 (22). URL: <http://ihjournal.com/content-and-language-integratedlearning>

3. Content and Language Integrated Learning (CLIL) at School in Europe. Eurydice. The Information Network on Education in Europe. Brussels: Eurydice, 2015.–80 с.

4. Eurydice Content and Language Integrated Learning (CLIL) at School in Europe. – Режимдоступа: www.eurydice.org

5. D. Coyle, P. Hood, D. Marsh CLIL content and language integrated learning. Cambridge: CambridgeUniversityPress, 2017. –184 с.

ӘОЖ 37.456 28

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА Ы.АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

ОРАЗАЛИЕВА А.М.

№6 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

Резюме. Творчество Ибрая наполнено педагогическими идеями. Многие исследователи отмечают важность и ценность трудов Ибрая.

Summary. Ibrai's work is filled with pedagogical ideas. Many researchers note the importance and value of the work of the Ibrai people.

Ыбырайдың шығармашылығы педагогикалық ой-пікірлерге толы. Ыбырай шығармаларының педагогикалық мән-мағынасы, құндылығы туралы көптеген зерттеушілер атап көрсетті.

Ыбырай тәрбиенің күшіне сенді және тәрбиеге үмітпен қарады. Тәрбиелеу деген нәтижесіз, бекершілік дейтіндерді сынап, әшкерелеп отырды. Ғалым өзінің барлық шығармаларын ұрпақты жақсы мінез бен қасиеттерге тәрбиелеуге арнады.

Ыбырай халықтың ұлы ұстазы, тәлімгер, педагог деп ойланбай айта аламыз. Себебі, оның шығармаларының басты объектісі – адам. Басты мақсаты – адам тәрбиесі. Адам болғанда да “Өзі үшін оттаған хайуанның бірі емес, адамдар үшін еңбек ететін, ақыл, қайрат, нұрлы жүректі тең ұстайтын, жан-жақты жетілген адам! Адамды адамгершілік тұрғысынан жетілдіруді көздейтін үлкен даналық ойлар мен ұштасып жатқан күрделі мәселе”.

Ыбырай шығармаларында әрқашан есіп тұратын жылы лебіз – “Адам бол!” деген гуманизм. Ыбырай шығармаларында адам болу үшін өнер-білім алу, іздену, талаптану, рақаттану, еңбек ету, дос табу, мейірімді болу, адалдық, дүниетану, әр нәрсенің өлшемін білу, адам өз арының алдында жауап беру, күрес, әділ, сыншыл болу, жамандықтан басын аулақ ұстау керек дейді. Ыбырай мұндай ірі-ірі тәлім-тәрбие проблемаларды көтерді.

Ыбырай адамның өмірдегі өз орнын табу үшін іздену, еңбек ету, білім алу керектігін талай рет айтқан. Оның бұл философиялық ойы күні бүгінгі дейін адамның қоғамдағы орны туралы күн тәртібінен түскен жоқ.

Ыбырай өз ойының оқушы тәрбиесінен алатын орнын сәбилердің, жас жеткіншектердің, жасөспірімдердің ой-өрісінің дамуына қабілеттілігіне, жас ерекшеліктеріне де көңіл аудара отырып, олардың ақылды, тапқыр, әділетті, қайратты, мейірімді болуларын аңсап, оны ұстаз-мұғалімнің бірден-бір парызы деп ұғындырады.

Ыбырай өзінің еңбектерінде сәби тәрбиесіне айтарлықтай назар аударып, оқушыға деген жылылық, адамдық рақымшылық сияқты аталық сезімін білдіреді, адам тәрбиесі айналасындағы оқушыға, оның ата-анасына данышпан, ақылшы ретінде кеңес береді [1, 40 б.].

Сонымен, Ыбырайдың өзі айтқандай, бағың өскенше тілеуінді ел де тілейді, өзің де тілейсің, бағың өскен соң өзің ғана тілейсің дегеніндей, оқушы жүрегіне нұр құюшы мамандардың жол бұлтарысы мол, бейнеті мен мұраты бірдей, бірақ бақыт құшағы кең екенін мақұлдай келе, ұстазға да үлкен ескерту, сын мен пайымшылдық қажеттігін атап өтеді.

Терең ой мен күрделі пікірге құрылған бұл істе жігерлі құлшыныс болған болмаса оң нәтижеге жету мүмкін еместігі белгілі. Ақын шығармаларындағы айтпақ ой, мәнді философияны ұстаздың өзі реттеп түсінгенде ғана осы бағытта оқушымен жүргізілетін білімдік және тәрбиелік істерді және бойына ізгі адамгершілік қасиеттер мәселесі болмақ.

Ыбырай жастарды тәрбиелеудің әр түрлі жолдарын ең алдымен, отбасында, мектепте және әдебиет арқылы тәрбиелеуді ұсынады. Оқушылардың дүниеге көзқарасын және мінезін қалыптастыруда отбасы рөлі өте зор екендігін ескере отырып, Ыбырай оқушыларды тәрбиелеу үшін ата-ананың өздері дұрыс тәрбиеленген болуы керек деп түйіндейді.

Педагогика саласында Ыбырай өсиеттерінің бір қыры оқушыға адамгершілік тәлімін, адалдық пен имандылық тағылымдарын меңгертіп, сол кезде адам тәрбиелеу шәкіртін өзі үшін де, халық үшін де пайдалы екендігін өз еңбектерінде баса айтқан. Оқушыға имандылық дағдыларын меңгертіп, сол негізде ғылымды дамыту шәкірттің өзі үшін де, халқы үшін де пайда келтіретіндігін айта алуында еді.

Ұлы ұстаздың ағартушылық көзқарасының алтын дінгегі – адам тәрбиесі. Қазақ халқының болашағы оның өз бетінше ел болуына, саяси бостандыққа ие болуына, экономикалық және мәдени артта қалушылықтан шығуына, қараңғылық пен кедейшіліктен құтылуға апаратын бірден-бір жол бүкіл елдің сауатын ашу, жастарды тәрбиелеу. Өнер мен еңбекке тәрбиелеу деп білді.

Ыбырай мұрасына зер сала қарасақ, ондағы оқу мен тәрбиенің бірімен-бірі бөлінбес бір үрдіс ретінде жүретінін көреміз. Ыбырай, ең алдымен, өзін жаңа үлгідегі ұстаз етуге жәрдемші болатын ғылымның жайын сөз етеді. Жасында оқыған оқуын анық ғылым екен деп танымайды. Ендігі Ыбырайдың арман етіп, “енжар” қалдым деп көкірегін қарс айырғандай арман ететін мекені мәлім. Бұл – орыс мәдениеті, соның ең жарық жарқын идеялы, үлкен өрісі, өнімді жолы. Ғылым жолы – әділдік жолы. Ол үшін ескі көзқараспен күресу керек екендігін де ақын ескертеді. “Надандықпен кім айтса, ондай түпсіз сөзге ерме” [2, 45 б.] – дегенде ол ғылым үйренетін жастың қараңғы, надан қалуымен өзгеше болуын қалайды.

Тәрбие қазіргі ғылыми педагогиканың айтуы бойынша, көбіне, еліктеуден басталады. Ұлы ұстаз да білімді тудырған ғалымдарды ерекше пір тұта, ұлы Абай айтқандай “Болмасаң да ұқсап бақ, ондай болмақ қайда деп, айтпа білім сүйсеңіз”, - деп адам болу үшін алдында тұрған, пір тұтар ғалым- ұстазынан үлгі-өнеге алары хақ.

Толыққанды педагогикалық үрдісті іске қосып, шәкірт тануды жолға қою үшін оқыта отырып тәрбиелеу, тәрбиелей отырып оқыту ұстанымдарын жүзеге асыруды басшылыққа алғанымыз орынды.

Ыбырай “Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез” дегенді сөзді көкірегінде көзі бар, жүрегі айна, көңілі ояу жастарға арнап айтады. “Ғылым таппай мақтанба, өнер таппай баптанба” деп оқушыларды өнер-білімге шақырды. Оның кісіге тән жаман мінезді тікелей надандықпен байланыстырады. Ол тәрбиенің шексіз құдіретіне сенеді. Ол “адам мінезін қайта тәрбиелеп, түзеуге болмайды деген адамның тілін кесер едім” – деген Абай сөзіне қосылады. Яғни, Ыбырай “адам мінезін түзеу” мұғалімнің қолында деп біледі.

Жалпы алғанда Ыбырай өз заманындағы педагогика заңдылықтарынан толық хабардар болғанын білеміз. Тіпті оның еңбектерінің өздері аңыз-ертегі тәсілін пайдаланған әдеби туындыларға жатады, өйткені ұлы ұстаз оларда өзі өмір сүрген ортаға тәрбие беретіндей ағартушылық идеяларын ұсынады.

Ыбырайдың педагогикалық көзқарастарында адамгершілік ұғымдарын саралай көрсетіп талдауға тырысқанын байқау қиын емес. Осыған байланысты біз мына төмендегідей ұлттық тәрбие саласына қарай оның әрқайсысының көркемдік өрнектеріне ақынның дүниетанымын көрсететін ойларын сипаттаймыз. Олар жинақтай келгенде мыналар: әділет, тұрмыстық тәлімдер, достық мұра, ақыл, парасат, ұждан, қанағат. Бұл айтылған нышандардың өзі әр түрлі көрініс тауып, одан әрі талдана түседі[3, 25 б.]. Мысалы, надандық, еріншектік, залымдық, т.б.

Оқушының көркемдік талғамын дамытып қалыптастыруда тәрбиелеу мен білім беру маңызды орын алады. Көркемдік талғам негіздерін тәрбиелей отырып, біз оларды айналадағы қоршаған сұлулықты көруге, сезіне білуге, оны ойлауға үйретеміз. Әсемдікті бағалай білуін дамыта отырып оқушының рухани байлығын қалыптастыру негіздерін қалаймыз. Бұл бастауыш мектепте айрықша назар аударатын мәселелердің бірі. Осындай міндеттерді жүзеге асыруда педагогтардың алға қоятын мақсаты: Ыбырайдың поэзиялық шығармаларында жан-жақты үйлесім тапқан, эстетикалық ләззат беріп, сұлулық пен көркемдік, талғампаздыққа баулитын әдемі көріністерді түсініп, шығармашылық талдау жасай білуге, ол көріністерді шеберлікпен оқушы зейініне лайықты түрде бейнелеп көрсете білуге тиісті. Осылайша шығарма сұлулығымен бейнелеу әсемдігі ұштаса жалғасып жатқанда ғана оқушы санасында эстетикалық талғампаздық негіздері қалыптаса бастауы хақ.

Көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеуде Ыбырайдың көптеген өлеңдері мен әңгімелерінің маңызы зор. Ыбырай өлеңдері оқушылардың көркемдік жағынан тәрбиелеу мақсатында әр пәнаралық байланыс мәселесін шешуде таптырмас құрал болып табылады.

Ыбырай шығармалары мынандай оқу-тәрбиелік міндеттерді орындауға бағытталған: оқушылардың көркемдік білім негіздерін игеруі және олардың бойында көркемдік ойлау қабілетін дамыту үшін барлық сабақтарда қажетті жағдайлар жасалуы тиіс; оқушылардың бойында эстетикалық қабылдау қабілеттіліктерін толық қалыптастыру, шығарма мазмұнын талдау және бағалау білім дағдыларын дамыту, туындылардың мазмұнын салыстырмалы талдай білуге баулу, сондай-ақ оқушылардың өнер туындысына деген қатынасын, өз ойлары мен талғамын, әсерлерін жеткізе білуді дамытуға қажетті әдістер мен тәсілдерді меңгерту.

Ыбырай шығармаларын бүлдіршілердің түсінуі ауыр екені дәлелдеуді қажет етпейді. Бірақ оқушы сөздің мағынасын түсінбегенімен, үндестікті, үйлесімділікті, дыбыстардың өзгеруін сезеді, ұғады. Сондықтан да Ыбырай өлеңдерін ұнтаспаға жаздырып, ең аз дегенде аптасына бір рет оқушыларға тыңдатып, Ыбырай туралы айтып отырса артық болмайды.

Ал Ыбырай өлеңдерін алсақ, ол жеке өлеңдерді оқып нәтиже таба алмаймыз. Бейнелеу өнерімен интеграциялағанда ғана оқушыға түсінікті бола бастайды. Бұдан оқушы табиғат суретін суретшінің бейнелеуін, ақынның жырлауы қандай үндестікте екеніне көзін жеткізеді, сезіміне әсер етіп, эстетикалық тәрбие алады.

Оқушының мінез-құлқын, адамгершілігін қалыптастыруда Ыбырай өлеңін оқып, қарапайым тілмен: “Ыбырай ата “мақтаншақ болма, өнерпаз бол, еріншек болма, ерінбей еңбек ет” деп сендерді үйретеді екен. Біз солай боламыз ба?” деп, жаман әдеттен бойын аулақ салуға

тәрбиелесек, оны Ыбырай айтқанын жиі-жиі есіне салып отырсақ бастауыш сынып оқушыларының есінде қалады[4, 75 б.].

Өркениетті елдерде ғылымның даму қарқыны, тәрбие, білім берудің негізгі формасы – жан-жақты жаңаша ұйымдастырылған пайдалы іс-әрекеттер, ойындар, т.б. ең тиімді әдіс-тәсілдер. Ең басты мақсат оқушының жеке басын дамытуға, бағыттап, психологиялық, физиологиялық жағынан мектепке дайындау.

Бастауыш сыныптың оқушыларына Ыбырай шығармаларын жобамен өткізу әдіс-тәсілдеріне тоқталайық:

1. Ыбырайдың оқушылық шағын әңгімелеу;

2. Ыбырай шығармаларының оқушы жасына лайықтысын алып, парасат, адамгершілік мәселелерін түсіндіру;

3. Ыбырай өлеңдерін оқу, жаттату;

4. Ыбырай әңгімелерін мәнерлеп оқу, әңгімелету;

Аударма өлең, мысалдарын оқушыларға салалату, кейіптендіру, драмалату. Мысалы, “Әке мен оқушы”, “Мейірімді оқушы”, “Таза бұлақ”;

Ыбырай ескерткішіне, мұражайына саяхат жасау;

Ұлттық, рөлдік, дидактикалық ойын түрлерін, Ыбырай өлеңдерін, әңгімелерін күй-табақтардан, таспадан тыңдата отырып, кеңінен пайдалану;

Ыбырайдың шығармаларына ертеңгілік өткізу.

Әрбір мұғалімнің бастауыш сыныпта шығармашылықпен жұмыс жасауына ата-аналар, ұжым мүшелері ықпал етулері қажет. Ғалым-педагогтың мына тақырыптағы мұралары жан-жақты талдап оқуға, тәлім-тәрбиелік мәнін аша түсуге бағытталған. Мысалы, еңбекке тәрбиелеу, адамгершілік, мейірімділік, т.б. қасиеттерге баулитын тақырыптар:

Табиғатты сүйуге, аялауға байланысты экологиялық және эстетикалық тәрбие беруге арналған шығармалары:

“Кел, балалар, оқылық!”, “Өнер-білім бар жұрттар”, “Күз”, “Өзен”; “Кең жайлау”, “Балқожаның оқудағы оқушысына жазған хаты”, “Бұл кім?”.

Ыбырайдың әңгімелері мен оқушыларға арналған аудармалары:

“Егін бастары”, “Қайырымды түлкі”, “Силинчи ханым”.

Қосымша шығармаларды таңдау барысында оқушылар әдебиеті туралы көптеген зерттеушілердің пікірлеріне сүйеніп, шығармаларды іріктеп алудың мынадай принциптерін басшылаққа алдық:

- Шығарманың жоғарғы идеялығы;
- Образдылығы;
- Сюжеттің қызықтылығы;
- Шығарманың көркемдігі;
- Оқылатын шығарманың түсініктілігі, дәлдігі;
- Педагогикалық мақсат-міндеттердің бірлігі.

Осы принциптерді ескере отырып, мына шығармаларды іріктеп алдық.

Таңдап алынған шығармаларды кестемен беруді жөн көрдік: Кесте - 1

	Өлеңдері	Әңгімелері	Аудармалары
	“Кел, балалар, оқылық”, “Өнер-білім бар жұрттар”, “Балқожаның оқудағы басына жазған хаты”, “Бұл кім?”.	“Бай баласы мен жарлы оқушысы”, “Тәкаппаршылық”, “Дүниеде жамандық неден?”, “Талаптың пайдасы”, “Мейірімді “Егін бастары”, “Қайырымды түлкі” (И.Крылов), “Силинчи ханым” (Л.Толстой), оқушы”, “Аурудан аяған күштірек”, “Таза бұлақ”, “Бакша ағаштар”, “Әке мен оқушы”, “Асыл	“Егін бастары”, “Қайырымды түлкі” (И.Крылов), “Силинчи ханым” (Л.Толстой)

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. – Алматы: Жазушы, 1993. – 258 б.
2. Әуезов М. Ыбырай Алтынсарин. – Алматы: Санат, 1995. – 310 б.
3. Сыздықұлова Р. Ыбырайдың сөз өрнегі. – Алматы: Санат, 1995. – 245 б.
4. Көпжасарова М. Адамның бір қызығы оқушы деген // Отбасы және оқушыбақшы, 1995.– 298 б.

ӘОЖ 372.741.06

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК ҚОРЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

СУЛЕЙМАН А.

Ы.Алтынсарин атындағы №49 мектеп-гимназиясының оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

АЛТЫНБАЕВА Г.Т.

Ы.Алтынсарин атындағы №49 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Данная статья посвящена основным проблемам развития речи учащихся начальных классов. В соответствии с темой статьи описаны важность развития речи учащихся, условия эффективного развития речи, умения и навыки речи и пути решения этой проблемы. В статье рассматриваются такие методы, как игровая деятельность, наглядные пособия, различные упражнения с использованием комплексных форм обучения, способствующие развитию речи.

Summary. This article is devoted to the main problems of speech development in primary school students. In accordance with the topic of the article, the importance of students' speech development, conditions for effective speech development, speech skills and ways to solve this problem are described. The article discusses such methods as game activities, visual AIDS, various exercises using complex forms of learning that contribute to the development of speech.

Болашақ ұрпақтарымызды өзіміздің ана тілімізде еркін әрі мүдірмей сөйлетіп үйретуіміз қажет. Ол үшін әр түрлі тәсілдегі оқыту әдістемелерін жетілдіре түсу – бүгінгі күннің маңызды талабы. Бүгінгі таңдағы талаптар тұрғысынан білім мазмұнын жаңарту, өмір талабына қарай дамыта оқыту, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін қолданып, жаңа заман ағымына жауап беруі мұғалімдерге жауапты істерді жүктейді.

Бастауыш сынып оқушылары үшін тіл сауаттылығын меңгеру – білім алудың қайнар көзі болып табылады. Сол себепті мұғалімдер баланың тілін дамытудың маңызын түсінуі тиіс [1]. Тек қана мұғалімдер ғана емес, ата-аналар да бұның маңыздылығын түсіне білуі қажет деп ойлаймын. Оқушының тіл сауаттылығының жоғары деңгейде болуы, оның айналасындағы адамдармен қарым-қатынасына, сонымен қатар мектепте нәтижелі оқуына әсер етеді. Сөйлеу тілінің ең біріншіден, анықтамасына тоқтала кетсек.

«Сөйлеу тілі – күнделікті қарым-қатынаста пайдаланылатын әдеби тілдің бір түрі. Сөйлеу тілі ауызша және жазбаша түрде қолданылады. Оқушылардың сөйлеу тілінің қабілеттерінің қалыптасуы және дамуының нәтижелі шарттары қандай?»

Бірінші шарт ол – қарым-қатынас. Демек, өз ойымен немесе сөйлеу кезінде нақты әрі ашық жеткізу жағдайларын қалыптастыру керек.

Екінші шарт ол – қарым-қатынас ортасын құру. Қарым-қатынас ортасы – бұл ата-аналардың, жақындардың, достардың әңгімелері, көркем әдебиет, бұқаралық ақпарат құралдары, мұғалімнің сөйлеу тілі, оқулықтардың тілі. Сөйлеу тілі оқушыларға тек қана тіл сауаттылығын меңгерумен қатар, дүниені де танып білуге көмектеседі.

Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеуге үйретуде психология маманы да қажет болады. Сөйлеу тілін дамыту процесінде адамның ойы, есте сақтау қабілеті, сезімі, қиялдай білу

ерекшеліктері негізгі рөл атқарады. Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілінің дамуы әрдайым педагогикалық басшылықты қажет етеді. Сөйлеу тілін дамыту мен байытуда жүйелі жұмыс қажет.

Оқушылардың тілін дамытудың бір жолы ол - көрнекілік пен ойын. Ойын арқылы балалардың әр түрлі тақырыпта ойын еркін, ашық түрде жеткізуіне көмектесе аламыз. Ойын кезінде баланың сөйлеуге ынтасы артады, көңіл-күйі көтеріңкі, сөйлеуге белсенді қатысады. Ойын баланың сана-сезіміне әсер етіп қана қоймай, тәрбиелік мақсатын да орындаймыз. Ойын кезінде балалар бірбірімен тіл арқылы тығыз қарым-қатынасқа түседі. Яғни олар ойын барысында әр түрлі адамдермен тіл табысуды үйренеді.

Ойын-жаттығу мына талаптарға сәйкес болуы керек:

1. Ойын-жаттығу баланың жасына сай болуы керек.
2. Ойын-жаттығу негізінен сөйлесімнен құрылуы керек. Яғни, ойынның негізі саналатын тілдік жағдай сөйлеу әрекетін туғызатын боуы керек.
3. Тілдік қатысымды жүзеге асыратын сөйлеу нәтижесіне ойнау нәтижесі қосылу керек.
4. Ойын-жаттығу топтық болады, бала ойында өзі қалған рөлді таңдай алуы керек.
5. Ойын-жаттығу баланың ауызша сөйлеу дағдысын, сөйлей білуін нақтылы сөйлеу әрекеттері арқылы жүзеге асу жағдайын белгілеу керек. Бұл әдісте білім мен ойын сабақта елеусіз байланысады да, ойында, сабақта бала өзін еркін ұстайды [2].

Оқыту әдістемесін зерттеген ғалымдар оқытуда қолданылатын көрнекіліктің мынадай түрін ұсынды, олар: демонстрация, иллюстрация. Оқытуды демонстрациялық негізде ұйымдастыру оқушылардың оқу материалын жеңіл әрі терең ұғынуына мүмкіндік туғызады, олардың ойлау әрекетін жандандырып, қосымша ақпараттар береді. Оқушылардың құбылысты және танымдық процесті, өздері белсенділік танытып оқып үйренсе, шын мәнінде бұл әдіс нәтижелі болмақ. Олар тарапынан мұндай қарым-қатынас оқыту процесінде проблемалық және ізденушілік жағдайға итермелейді.

Иллюстрация - демонстрация әдісімен тығыз байланыста болады. Бұл әдісті иллюстративті құралдарды (суреттер, сызбалар, портреттер, модельдер) көрсету қолданылады. Мысалы, қазақ тілі сабағында оқушыларға сурет көрсетіліп, оны сипаттау жұмысы немесе мәтін құрастыру, не болмаса екінші бір суретпен салыстыру жұмысын орындатуға болады. Көрнекіліктер айшық түсті, барлық оқушыларға жақсы көрінуі тиіс және ол оқушының жас ерекшелігіне сәйкес келуі ескеріледі [3].

Сабақта қолданылатын түрлі көрнекіліктер оқушыларды жан жақты ойлауға үйретеді. Түсіндірілген материалды саналы түрде меңгеруге ықпал жасайды.

Тіл жұмыстары мәтіндерді оқу, оны мазмұндап айту, сұрақтаға жауап беру және шығарма, мазмұндама жазу арқылы жүзеге асырылады. Тіл жаттығуларын жасау барысында жас ерекшелігіне байланысты тапсырмалар беру керек. Бұл жерде жас ерекшелігі де маңызды рөл атқарады. Себебі әр бала өзінің жас ерекшелігіне қарай ойлайды.

Көптеген бастауыш сынып оқушыларының кейбір жаттығуларды түсінбеуінің себебі, олардың тіл байлығының жетіспеушілігінен деп ойлаймын. Сол себепті де, балаларға әр сабақта яғни жаңа тақырып өту барысында, жаңа сөздермен таныстыру қажет. Жаңа сөздермен танысқан сайын балалардың сөздік қоры молая түседі.

Ахмет Байтұрсынұлының: «Тіл дамыту мәселесі тек 56 қана грамматика заңдарына үйреніп, не болмаса, сөздерді балаға үйретіп қана емес, сөзді тіршілігінде көрсету барысында ғана шешуге болады», – деген тұжырымы бұған дәлел бола алады [4].

Бала тілін дамытып қалыптастыруда өз ұлтымыздың шығармашылығының тигізер пайдасы зор. Ежелден келе жатқан халқымыздың ертегі, аңыз-әңгімелері, мақал-мәтелдері, жұмбақ, жаңылтпаштары, ойнақы, жеңіл тілімен беріледі. Балаға жаңылтпаш үйретіп, оны айтқызу сөзді дұрыс сөйлеуге әдеттендіреді, кейбір тілі келмей, бұзып айтатын дыбыстарды анық айтуға жаттықтырады. Ал жұмбақ айтқызу баланы тапқырлыққа үйретіп, ойлау қабілеті мен тілін ұштайды.

Мақал-мәтелдерді пайдаланудың әдіс-тәсілдері көп. Оларды сыныпта, сыныптан тыс оқуда белгілі бір тақырыпты оқытумен бірге сәйкестендіріп алған ыңғайлы. Қорытындылай келе, сөйлеу тілі мен сөздік қоры молая бастаған сайын бала айналадағы адамдармен, өзінің достарымен белсенді түрде тілдік қарымқатынасын жасай алады. Оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты тапсырмаларды түрлендіріп беру – оқушылардың ойлау қабілетін тудырып, шығармашылық ізденісін молайтады, тіл байлығын арттырады.

Тіл дамыту жұмыстарында дамыта оқыту жүйесі іске асып әр оқушы өз бетінше жұмыс істеуге қалыптасады. Бала жұмысына сын көзбен қарап, бағалауға, ойын еркін, дұрыс, ашық айта білуге талпынады. Оқушыға берілген тапсырманы біртіндеп күрделендіре түсіп, шәкірт ойындағы шығармашыл ізденісті тереңдете түсу менің және де болашақ ұстаздардың негізгі мақсаттарының бірі деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 201. – 509 б.
- 2.Мендаяхова Қ. Байланыстырып сөйлеуге үйрету арқылы қазақ тілін оқытудың ғылыми - әдістемелік негіздері. – Алматы, 2019.
- 3.Әбенбаев С.Ш., Құдиярова А.М, Әбиев Ж.Ә. Педагогика. – Алматы, 2013.
- 4.Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы, 2011.

УДК 37.478.28

ПРОБЛЕМЫ ПРЕПОДАВАНИЯ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ В НАЦИОНАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

НУРБАЙЕВА А.

Ученица 1 класса школы-гимназии №1,
Республика Казахстан, Жамбылская область, Байзакский район

НУРМАНОВА Л.Д.

Учитель русского языка и литературы, школы-гимназии №1,
Республика Казахстан, Жамбылская область, Байзакский район

Резюме. Мақалада автор қазіргі орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімінің жұмысының өзекті мәселелерін қарастырады. Өз тәжірибесін талдай отырып, олардың себептерін анықтайды және ықтимал шешімдерді ұсынады.

Summary. The author examines the problems of the work of a modern teacher of Russian language and literature. Analyzing his own experience, he identifies their causes and suggests possible solutions.

Ситуация с преподаванием русского языка в национальных школах Казахстана на современном этапе очень сложная. Деградиция была многолетней непрерывной и сейчас, она, кажется, достигла максимума. Проблем много, чтобы выделить то, что, с моей точки зрения, уже всего основная проблема: часто даже сами учителя не понимают что русский язык и литература - один из главных школьный предмет, отрывом, от всех остальных у вас своей важности и ценности для школьников.

Школьники не умеют читать тексты, не понимаю зачастую их содержание. Преподавание русского языка и литературы должно быть в первую очередь нацелено на то, чтобы правильно понимать тексты разных эпох и разных жанров и уметь самому производить понятные тексты на современном литературном языке. На современном этапе развития школьного лингвистического образования текст становится центром внимания при обучении русскому языку как неродному, фактически текстовая деятельность - это сегодня цель школьного лингвистического образования. Особую актуальность приобретают изучение текста в связи с сведениями ИА по русскому, так как в основе многих заданий всех частей лежит умение работать с научным или публицистическим текстом, учитывать из него необходимую информацию.

Непреходящее духовные ценности несет в себе литература. Но для того чтобы в условиях школы литература стала действенным средством идейно-эстетического воспитания, «Учителю необходимо постоянно повышать уровень своей идейно-теоретической и профессиональной подготовке...». Культура мыслей и культура слова взаимосвязаны. Человек, владеющий словом, способен выразить мысль. Одна из проблем преподавание

русского языка связано с превращением его в предмет и т.д. Русский язык становится в школе невостребованным. Поэтому особенно актуальность приобретает упражнения направленные на пополнение словарного запаса школьника, которая катастрофически снижается. На протяжении десятилетий само собой разумеется, что устная речь должна сформироваться у учащегося само собой изучать этому необязательно. Назрела необходимость говорить о риторике как обязательном компоненте школьного образования.

У языка есть история с как у любого явления, предмета или состояние. Язык – это предмет, который сам программирует учителей и учеников, и задача учителя – помочь ученику осознать это. Усвоение норм письма и нормы устной речи в рамках кодифицированной нормы современного русского литературного языка – это необходимость, иначе происходит однобокое заучивание без понимания происходящих или уже завершённых процессов.

Перемены, происходящие в современном обществе, требуют ускоренного совершенствования образовательного пространства, определения целей образования, учитывающих социальные и личные потребности и интересы. Непринуждать к учению, а пробуждать интерес, тягу к постоянному получению знаний, осуществлять свою педагогическую деятельность так, чтобы процесс обучения стал важен для каждого, чтобы обучающийся был мотивирован к изучению всех школьных предметов и русскому языку или литературе в частности – вот задача учителя. В отличие от всех остальных предметников, учитель языка и литературы имеет выдающуюся привилегию: он все время узнает новое о мире и себе от своих учеников. Чем старше хороший учитель языка, тем больше он во второй половине своей жизни и на склоне лет учится у своих учеников, узнает от них о мире.

И в целом было бы замечательно, если бы на уроках русского языка создавалась представление о том к чему язык – постоянно меняющаяся, но одновременно очень устойчивая система. Хотелось бы, чтобы к школьникам относились не как к грамотным людям, постоянно делающим ошибки «портящим настоящий русский язык», а как к равноправным носителям языка, которым предстоит, с одной стороны сохранять наиболее существенные черты языка предшествующих поколений, необходимые для понимания важных для культуры текстов, а с другой стороны, уметь общаться на русском языке во всех его многообразных стилистических разновидностях.

Для учителя-словесника в классах казахским языком обучения задачи, мы думаем, должны быть специфическими:

- помочь учащимся средствами своего предмета глубже осознать усвоить общий человеческие гуманистические ценности русской и казахской национальных культур;
- Способствовать адаптации школьников к условиям данной республики;
- помочь им глубже осознать в процессе обучения историю и духовные ценности русской нации, заботиться о сохранении развитии национальной самобытности и самосознания детей разных национальностей.

Решение поставленных задач выше изложенной проблемы требует применения новых форм видов учебной деятельности, ведущих к освоению умений в устной и письменной речи, её правильности и культуры, выражающейся в точности, о смысловости, целесообразности, выразительности, богатстве. Освоение всего вышеперечисленного способствует воспитанию культуры речевого поведения учащихся не русской национальности у воспитанников к различным сферам и ситуациям общения с учетом адресата.

При любом из этих методов следует помнить основное правило активизации: школьники лучше запоминают тот материал, который усваивается в результате активной мыслительной деятельности, а не тот, который преподносится им в готовом виде. Это требует от учителя при объяснении и нового грамматического материала использовать такие приемы, как вопросы к учащимся в ходе живого рассказа, привлечение к подбору приемов, иллюстрирующих изучаемые правила, их широкое использование доски для записи слов, предложений, всевозможные подчеркивания контрольно орфограмм и т.д. Нужно приучить детей больше работать с учебником, настенными таблицами, орфографическим словарем и текстом.

Не менее серьезного внимания требует подготовка и проведения разного рода тренировочных их упражнений. Именно этот этап урока часто страдает серьезными

недостатками, в частности несоответствием отобранных упражнений основной цели и задаче урока, нерациональная многообразием их видов.

Урок должен быть построен и проведен таким образом, чтобы все 40 минут учебного времени были заполнены творческой, активной мыслительной деятельностью учащихся. Рационально организованный урок предполагает, что любой структурный элемент его будет обучающим, будет развивать у школьников интерес к знаниям, возбуждает желание учиться.

Список использованной литературы:

1. Асмолов А. Г. Формирование универсальных учебных действий в основной школе: от действия к мысли. Система заданий: пособие для учителя под ред. А. Г. Асмолова. – М.: Просвещение, 2011. – 159 с.
2. Корман Б. О. Изучение текста художественного произведения. – М., 1972. – 375 с.

ЭОЖ 37.411.27

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЗАМАНАУИ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАҢУ

МИРЗАХАЛИКОВА К.М.

№6 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

Резюме. Школа занимает особое место в воспитании подрастающего поколения нашего суверенного государства как уверенного в себе, интеллектуально образованного гражданина. Первичный этап – это начало формирования знаний, умений и навыков.

Summary. The school occupies a special place in educating the younger generation of our sovereign state as a self-confident, intellectually educated citizen. The primary stage is the beginning of the formation of knowledge, skills and abilities.

Егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, өзіне-өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны ерекше. Бастауыш саты — білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы болып табылады. Біздің міндетіміз — жеке тұлғаны дамытып, білімге деген сенімін нығайту, оқуға қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру.

Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен жаңа міндеттер жүктейді. Жас ұрпақты жан-жақты жетілген, ақыл-парасатты, ой-өрісі биік, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу — қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Бұл әр мұғалімнің шығармашылық ізденіспен жаңаша істеуін қажет етеді.

Білім негізі мектеп қабырғасынан басталатыны белгілі. Мектеп оқушысы не нәрсені болса да білуге құмар, қолымен ұстап, көзбен көргенді ұнатады. Зейіндері тұрақсыз болғандықтан бір сарынды оқудан тез жалығады. Сондықтан оқу мазмұны мен тәрбие әдістерін жаңарту бағытында оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру үшін жан-жақты іздене отыру керек.

Білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі – оқушыларға терең білім беру. Ал, оның негізі жалпы білім беретін мектептердің оқыту үрдісін жақсартуға білім саласына жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Оқу – тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады. Пәндерді оқытуда тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты екені баршамызға мәлім. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының

бастамасы – бастауыш саты. Келешекте арнаулы мамандықтарға талпынудың іргетасы да осы бастауыштан басталмақ.

Жас бүлдіршіндердің ой-қиялын біліммен нұрландыратын, дүниетанымын кеңейтетін – ұстаз шеберлігі. Әсіресе, терең де тиянақты білім беруді ұлағатты тәрбиемен ұштастыруда бастауыш сынып пәндерінің өзіндік орны ерекше. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы – заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану – заман талабы болып отыр. Қазіргі таңда оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және жаңа технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді.

Негізінен, жаңартылған білім жүйесі – құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді. Оқушыларды заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Жаңартылған оқу бағдарламасы, оқу жоспарлары, тілдік дағдылар, педагогикалық әдіс-тәсілдер және белсенді оқыту технологиялары да қарастырылды. Сол себепті қысқа мерзімді сабақ жоспарын құрастыру барысында оқушылардың жас ерекшеліктеріне басты назарды аударып, мысалы, «Өрмекшінің өрмегі», «Қораптағы сұрақ», «Серпілген сауал» әдіс-тәсілдерін күнделікті қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарының артатындығын аңғардым.

Сабақ барысында ресурстарды молынан қолдануға тырысамын. Әр сабақта қолжетімді ресурстарды дұрыс, әрі ұтымды пайдалану тиімді. «Алфавит тізбегі» әдісін қолданғанда оқушылар өткен тақырып бойынша алған білімдерін алфавиттегі әріптерден басталатын сөздерді кезекпен атап шығу керек. Мысалы тақырыбыңыз «Қазақстан», «қала», «Менің достарым» болса, А-Астана Ә-әскер Б-бидай В-валюта Г-газ Ғ-ғимараттар «Әссе жазу» 3 минут ішінде өтілген тақырып бойынша не түсінгенін жазады. Сабақты қорытындылауға өте тиімді әдіс-тәсілдің бірі. «Сұхбат алу» ортаға үш оқушы шақырылады. Екі оқушы бір-бірімен тақырып бойынша сұхбат құрады. Үшінші оқушы түсінгенін әңгімелейді. Әр сабақта топқа бөлу арқылы әр оқушылар жұптық жұмыс, топтық жұмыста өз шеберліктерін көрсете алады. Сабақтарымды қызықты әрі оқушыларға жан- жақты жұмыс жасауға тиімді жақтарын қарастырып отырамын. **«Маршрут» ойыны.** Бұл ойын бас қатыру есебі – ойланып табылған сөздің әріптерін, алдыңғы сөздің соңғы әрпі, кейінгі сөздің алдыңғы әрпі болып табылатындай етіп, бірінің соңына бірі тізбектеле орналасқан торкөздерге сөздер толтырады. Мысалы, Алматы-ыдыс-сабын-наррахмет-тарақ-қарбыз т.б. **«Екі әріп» ойыны.** Бірінші қатысушы бір сөз, зат есімді айтады. Келесі қатысушы сол сөздің соңғы екі әрпінен келетін сөзді ойлап табады, бірақ дауыстап айтпайды, тек өз сөзімен түсіндіреді, үшінші қатысушы мұның не туралы айтып жатқанын түсінеді де, сол сөздің соңғы екі әрпіне сөз ойлап табады. Бір қызығы балалар сөзді жасырушының не туралы айтып жатқанын біледі, бірақ ешкім оны дауыстап айтуына болмайды. **«Еске түсіру» ойыны.** Қатар отырған оқушылар бір-біріне теріс қарап отырады да, парталасының аты кім, көзінің түсі қандай, киімі қандай, аяқ киімі қандай, егер қыз бала болса юбкасының түсі қандай, құлағында сырғасы бар ма, осы сияқты белгілерді айтып шығады. Бұл ойын балалардың бір-бірін жақсы тануға, қарым-қатынасын реттеуге көмектеседі. Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады. **«Екі ассоциация» ойыны.** Екі баған сызады да, оған төрт сөзден жазады. Бағанға кез-келген адам, жануар, заттардың атын жазады. Осы екі жақтағы сөзді байланыстырып, ерекше бір ассоциация ойлап табуы керек. Мысалы егер бірінші бағанға мысық, екіншісіне жарық деп жазылса, екі сөзді қосып «жарыққа жылынған мысық», «лампочка спиралы мысық мұртына ұқсайды», «лампочка сияқты» мысық томпақ және жылы», «мысықтың басы лампочка сияқты» т.б. ерекше ұқсастықтар табады. Орындауға 5 минут уақыт беріледі. Жазғандардың ішінен ең қызықты ассоциация таңдалады. **«Қара жәшік» ойыны.** Оқушылар екі топқа бөлінеді. Үстел үстіне екі жәшік қойып, ішіне

көзілдірік, түйме, гүл, желпуіш, айна т.б. заттарды салады. Ойыншының міндеті жәшік ішіндегі затты өмірде қай кезде, қалай қолданатынын сипаттап айтуы керек. Қарсы топ оларды жасырып отырған затын айтқан сөздеріне қарап табуы керек **«Жолға шығу» ойыны**. Ойын айналадағы заттарға талдау жасауға мүмкіндік береді. Жолға шыққан жолаушы қандай заттарды алады? деген сұрақ қойылады. Бір топ керекті заттар тізімін айтады, екінші топ ол заттар не үшін қажет екенін айтып беруі керек. **«Кемпірқосақ» ойыны**. Бір минут ішінде түстері әртүрлі бес түсті затты ретімен тез айтып шығуға тапсырма береді. Мысалы: қарбыз (қызыл), лимон (сары), аспан (көк), жапырақ (жасыл), топырақ (қоңыр). Кімде-кім түске сәйкес заттың атын таппай қалса, ойыннан шығады.

Қазақстан әлемдік білім сатысына көтерілуге бет алып, жаңа бетбұрыс жасап отыр. Бұл – ХХІ ғасыр талабы. Қазіргі ғылым мен техниканың қарқынды дамыған кезеңінде әрбір адам үздіксіз ізденуге, өмір бойы білім алуға міндетті. «Өмір – өзен» деп айтатын болсақ, сол өзен ағысынан қалып қоймауымыз қажет. Қазіргі замандағы ұстаз алдында тұрған басты міндет рухани жан дүниесі бай, ой өрісі дамыған жоғары білімді, заман талабына сай белсенді ұрпақ тәрбиелеу.

«Балаға күштеп білім беруден гөрі, баланың білімге деген құштарлығын ояту ең маңызды мақсат» деп ұлы педагог К.Д.Ушинский айтқандай, оқушының білімге деген қызығушылығын оята білу мұғалімнің ең бірінші мақсаты болуы керек. Сабақ барысында қолданылған кез-келген әдіс-тәсілдер, оның нәтижелі болуы әр оқушының қызығушылығымен іске асатын болғандықтан, мұғалім өз сабақтарын бір сарынды бағытта өткізбей, әрдайым түрлендіріліп отыруы керек. Қазіргі уақыттағы басты мәселе білім сапасы да осыған келіп тіреледі. Сонымен, қазіргі заман талабына сай мұғалім «білім бұлағы емес», «білім бұлағына» жеткізуші, бір сөзбен айтқанда білім беруде жетекші болу керек. Осы оқытуды ондағы әрекеттерді іске асыруда мұғалім мен оқушы арасында қарым-қатынас түсінушілікте болғаны шарт. Оған белсенділік пен өзара әрекеттестік қосылып, сабақтың сәтті өтуіне ықпал етеді. Л.С.Выготскийдің оқыту моделі оқушы диалог құру нәтижесінде білім алады деп жорамалдайды. Сондықтан, оқушының білім деңгейін дамытуға әлеуметтік қолдау көрсетуде мұғалімнің ролі ерекше. Оқушылардың көбірек білетін басқа адамдармен, әрине, бұл рөлде сыныптастары мен мұғалімдері болуы мүмкін, диалог жүргізу мүмкіндігі болған жағдайда, оқыту жеңіл болмақ. Оқушылар диалог әдісін қолдана отырып: талқылау, бірлесіп оқу, бір тақырып бойынша бірнеше идеялар айту сияқты дағдыларын дамытады. Оқыту үрдісінде сыныптың, оқушылардың деңгейін ескеру мұғалімнен үлкен шеберлікті талап етеді. Себебі бастауыш сыныптарда стратегияларды, жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану үшін оқушылардың жас ерекшелігін ескерген жөн.

Тәжірибеде қолданып жүрген сыни тұрғыдан ойлауға үйрету технологиясына бағытталған әдіс-тәсілдер. Атап айтсақ, «Ойлаудың алты қалпағы», «Түртіп алу», «Миға шабуыл», «Ыстық орындық», «Серпілген доп», «Менен сұрақ, сізден жауап», «РАФТ», «Ашық микрофон», «INSERT», «Дауыстап ойлау», «Биопоэма», «Шабдан, еттартқыш, қоқыс жәшігі», «Фишбоун», «Венн диаграммасы», «Кластер», «Сұраққа жетіп ал», «Алты қалпақ», «Жіңішке және қалың сұрақтар» («Тонкие и толстые вопросы»), «БББ кестесі», «Т-кестесі», «Болжау» стратегияларының көмегімен мәтінмен жұмыс, стратегиялар арқылы оқушылар өз беттерінше тұжырым жасауға, ойларын еркін жеткізуге, бірдей қарым-қатынас жасауға, проблеманы шешуге тиімдісін тандай білуге үйренеді.

«Кластер» әдісі. Мақсаты: Идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды жинақтау, тұжырымдау. Тақырыптардың байланыстары туралы сұрақтар құрастырып, оларға жауап іздейді, идеяларды жинақтайды. Тұжырымды ойларын қарталарға түсіріп, топтық жұмыс қорғалады (постер арқылы). **«Миға шабуыл» әдісі.** Мақсаты: Қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша ой салу. Оқушыға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ойөрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерінің еркін айтылуы, ешқандай сынға ұшырамау керек, қағазға түсіріліп, талқылау жұмысы болады. Жаңа сабақ бастар алдында осы әдіс бойынша сұрақ қою арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашуға болады.

«Ашық микрофон» әдісі. Мақсаты: Оқушыны жылдам әрі тұжырымды ойлауға дағдыландыру. Құнды ой жинақтап, ойын ашық айтады. Оқушылар қолдарына микрофон ұстап, өткен сабаққа байланысты немесе үй жұмысына байланысты сұрақ қояды, екінші оқушы жауап береді. Венн диаграммасы. Бір-бірімен айқасқан екі шеңбердің екі жағына салыстыруға берілетін объектілердің сипаттамалары жазылады. Ал айқасқан жерге екеуіне ортақ сипаттар тізіледі.

Салыстыруға арналған тапсырмаларды осы диаграммаға салып, оқушылар қызыға толтырады, яғни салыстыру сияқты күрделі ойлау операциясын меңгереді.

«*Ойлан, Жұптас, Пікірлес*» оқушыларға сұрақ немесе тапсырма берілгеннен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған интербелсенді әдіс. Тақтада сұрақ/тапсырма жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен жазғанын 3-4минут талқылайды, пікірлеседі. Мұғалім екі-үш жұпқа өз пікірлерін сыныптастарына жариялауын сұрауына болады.

Оқушылардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастырудағы басты мақсат – қазіргі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайындағы оқушылардың жеке тұлғалық сапалық қасиеттерін дамыту, шығармашылық ойлауын дамыта отырып, заман талабына сай құзырлылығын қалыптастыру және рухани жан дүниесінің дамуына жағдай жасау.

Қытайдың дана ойшылы Конфуций «Ескіден қол үзбей, жаңаға қол жеткізгендер ғана мұғалім бола алады» деп бекер айтпаған. Оқытудың осындай белсенді әдіс-тәсілдерін сабаққа ендіру бүгінгі таңда әрбір ұстаздың басты мақсаты болуы керек. Себебі, елімізге заман талабына сай қалыптан тыс ойлай алатын, шұғыл шешімдер қабылдай білетін, белсенді, шығармашыл азаматтар қажет. Сабақта тек білімділік мақсаттарды шешіп қана қоймай, балалардың жекелік қасиеттерін, қабілеттерін дамытудың жолдарын қарастыруда дәстүрлі оқыту мен дамыта оқытудың айырмашылығын салыстыру кестесі арқылы көрсетуге болады. Мұғалім бұл жүйемен жұмыс жасағанда, үнемі оқушы санасында болып жатқан өзгерістерді бақылап, оның дамуын жан-жақты зерттей отырып, өз сабақтарын соған сай өзгертіп отыруы тиіс.

Қорыта айтқанда, мұғалім үшін ең жоғарғы дәреже ол- оқушыларының жеткен жетістіктері. Сондықтан, әр мұғалім заман талабына сай әрдайым, үнемі ізденісте болуы қажет. Бағдарламаға сәйкес алынған тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізсеңіз, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылар оқудың қызықты жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында өз кәсіби біліктілігімізді шыңдап, құзыреттілігімізді қалыптастырсақ қана тиімді нәтижеге жетеміз деп сеніммен айта аламын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы. – Астана, 2017 ж. 12 сәуір.

2.Жұмабаева Ә.Е. Бастауыш мектептегі сауат ашу кезеңіндегі жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының әдістемесі. – Алматы, 1998ж.

3.Жұмабаева Ә.Е. «Сауат ашуды» оқу мен оқытудың әдістемелік ерекшеліктері – Алматы, 2017ж.

УДК 37.56.04

РАЗВИТИЕ РЕЧИ УЧАЩИХСЯ ЧЕРЕЗ ИГРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

ОШАҚБАЙ АРУНА

Ученица школы-гимназии №1, село Сарыкемер, Байзакский район,
Жамбылская область, Республика Казахстан

АБДУКАРИМОВА Г.Р.

Школа-гимназия № 1, учитель русского языка и литературы, село Сарыкемер, Байзакский район, Жамбылская область, Республика Казахстан

Түйіндеме. Мақалада орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында ойын технологияларын қолданудың маңыздылығы қарастырылады, өйткені ойын технологиялары танымдық қызығушылықтарды тәрбиелеуге және оқушылардың белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Оқушылардың ішкі әлеуетін ашу білім беру үдерісіндегі тұлғалық-белсенділік тәсілінің негізгі

қағидаты болып табылады. Мұндай дәстүрлі емес форматта өткізілген сабақтар, атап айтқанда ойын сабақтары білімді тереңдетуге, коммуникативті белсенділікті қалыптастыруға, өзін-өзі бағалауды, жауапкершілік сезімін, ұжымшылдық мен ұтқырлықты арттыруға, аналитикалық ақыл-ойды дамытуға және т. б. көмектеседі.

Summary. The article deals with the importance of using game technologies in the lessons of Russian language and literature, as game technologies contribute to the development of cognitive interests and activation of students' activities. Disclosure of the inner potential of students is the main principle of the personal-activity approach in the educational process. Lessons conducted in such a non-traditional format, namely game lessons, help deepen knowledge, form communicative activity, increase self-esteem, a sense of responsibility, collectivism, activate mobility, develop thinking, analytical mind, etc. The practical value of the article lies in the fact that that the developments of lessons presented in it using gaming technologies, as an example, can be used by teachers of the discipline of Russian language and literature.

Учитель 21 века – творческая, креативная личность. Он всегда в поисках чего-то нового, оригинального. Созидательность, творчество, выдумки, риск, старание отведать – все это его профессиональное мастерство. Своим творческим подходом, креативностью учитель углубляет свое знание, набирает опыта. На современном этапе креативность, как личностная ценность, в образовательном процессе является основной обязательной частью профессиональной деятельности педагога. Активное участие обучающихся в учебном процессе лежит в основе принципа личностно-деятельностного подхода.

При личностно-деятельностном подходе в образовательном процессе применяются различные личностно-ориентированные технологии, приемы и методы, нетрадиционные уроки (урок-реклама, урок-игра, урок-портрет, урок-аукцион, урок-диспут, урок-дебаты, урок-презентация и др.).

Многолетний опыт педагогов, в том числе и русистов, подчеркивает, что применение игровых технологий в образовании развивает умственные способности учащихся, коммуникативную активность, активизирует творческую деятельность, креативность, самостоятельность, мобильность учащихся, повышает их успеваемость в учебе. Великий педагог Ушинский сказал: «В игре ребенок живет, и следы этой жизни глубже остаются в нем, чем следы действительной жизни, в которую он не мог еще войти по сложности ее явлений и интересов. В игре дитя, уже зреющий человек, пробует свои силы и самостоятельно распоряжается своими же созданиями».

Целевая направленность применения игровых технологий заключается в приобщении к знаниям, формировании определенных компетенций, воспитании самостоятельности, инициативности воли, развитии внимания, памяти, речи, мышления, умений сравнивать, сопоставлять, находить аналогии, воображения, развитии креативности, умении находить нужные решения, развитии мотивации коммуникативной деятельности. В образовательном процессе игровые технологии выполняют следующие функции: пробуждение интереса, развитие общения, преодоление сложностей, выявление нарушений, внесение коррекций, включение в коллектив и другие.

Классификация игр в педагогике, методике преподавания, психологии по-разному, т.е. нет однозначной определенной стандартной классификации. В нашем педагогическом эксперименте на занятиях по русскому языку мы использовали следующие виды игровых технологий, которые условно нами разделены на следующие виды:

Ролевые игры на занятиях русского языка и литературы.

Занятие-соревнование, занятие-конкурс, занятие-путешествие, занятие – КВН на занятиях по русскому языку.

Игры с грамматическими заданиями: найти орфограмму, сделать разбор и т. д. Этапные игры, например, начало занятия, конец занятия; закрепление нового материала.

Внеклассные игры, например, кружки, литературные вечера, конкурсы чтецов и т. д. Все виды игр выступают самостоятельно, также и дополняют друг друга.

В процессе нашего эксперимента нами были использованы следующие виды игр:

Игры-упражнения. Такие игры, мы считаем, помогают совершенствовать коммуникативные способности учащихся, способствуют закрепить коммуникативные навыки, развивать умения применять его в новых условиях. Это, к примеру, игры – викторины, диспут, дебаты и др.

Игры-повторения. («Собери урожай», «Аукцион», « Кто лишний», «Я – волшебник» и другие). Эти игры способствовали закреплению учебного материала. При таких играх учащиеся проявляют творчество, коммуникативную активность, креативность и созидательность. Учащиеся составляют рассказы, эссе, рисуют картины, проводят на определенные темы обсуждения. Игры-соревнования. Эти игры помогают учащимся проявлять активность, повышать самоуверенность, находчивость, чувство, коллективизма.

Целью применения игровых технологий для нашего эксперимента было формирование коммуникативности, креативности, самостоятельности и т. д. Особое внимание отводилось ролевым играм. Ролевые игры, в первую очередь, занимательный, интересный метод обучения, который дает возможность учащимся возможность побывать «в чужой роли». Таким образом, учащиеся проявляют самостоятельность, коммуникативность, становятся раскованными и стараются находить общий язык с разными людьми. В нашем эксперименте это были следующие ролевые игры: «Фрагмент урока русского языка», «Фрагмент внеклассного мероприятия по русскому языку», «Экзамен» и т. д. Пример ролевых игр.

Для закрепления пройденного материала по разделу «Морфология» можно провести уроки нетрадиционного формата на темы «Портрет». «Передай книгу моему знакомому», «Времена года» и т. д.

Задание А. На одной выставке Вы познакомились с одним очень талантливым художником, и он, пригласив вас в свою мастерскую, обещал написать ваш портрет. Также Вы интересовались: техникой рисования, какими красками он будет пользоваться, на чем будет писать, сколько времени уйдет на написание портрета, сколько сеансов требует портрет, удобное время для написания и т. д. Назначили день встречи. Но, по каким-то причинам, в этот день Вы не можете поехать на эту встречу. Позвоните художнику, объясните, что не сможете прийти. Попросите его перенести встречу на другой день.

Задание Б. Выслушайте просьбу А. Уточните причину, спросите, когда сможет прийти, объясните адрес. Попросите взять несколько вариантов одежд для позирования.

Используемый языковой материал. Характеристика внешности человека, вопросы и ответы о наиболее характерных чертах внешности, одежды. Опишите принадлежности художника.

Рассмотрим подробную разработку урока по разделу «Синтаксис. Простое предложение».

Целью урока является активация и развитие умственной, мыслительной работы, развитие творческих способностей, интереса к русскому языку, формирование идей, взглядов, убеждений, индивидуальных качеств, самооценки и самостоятельности и т. д.

Для достижения поставленных целей необходимо:

–на основе повторения и обобщения пройденных тем и в ходе знакомства с новым углубить знание;

–оказывать содействие в формировании умения анализировать, рецензировать;

–развивать коммуникативную деятельность;

–формировать умение доказывать, аргументировать свое видение и т. д.

Технические средства урока: карточки с различными заданиями, маркеры, бумаги для флипчарта, проектор и т. д.

Учитель: Дорогие ребята! Сегодня у нас необычный урок, который будет всем интересным и полезным. Этим уроком мы попутешествуем, чтобы закрепить те знания, которые получили в предыдущих уроках. Для этого я считала целесообразным рассмотреть репродукцию картины известного художника нашей республики С. А. Чуйкова «Дочь Советской Киргизии».

Внимательно посмотрите и подумайте, что хотел автор передать? Как вы думаете, в чем заключается идея, смысл этой картины? (Человек перед выбором). – Да. Из жизненных различных ситуаций знаем, что нам часто приходится выбирать нужное, полезное. Поэтому сегодняшний наш урок тоже посвящен правильному выбору, принятию собственного правильного решения. Также каждый из вас может высказать свое мнение, точку зрения. Мы, с вами путешественники, которые ищут новые знания. В путешествия отправляются те, у которых имеется билет. А чтобы купить билет, вы должны выполнить следующие задания:

Первое задание – «Дописать правила». Учащиеся делятся на две команды. В раздаточных карточках даны правила, которые нужно дописать. «Предложение, в котором имеется одна грамматическая основа, называется. Главный член предложения, который обозначает предмет речи и отвечает на вопрос именительного падежа. Главный член предложения, который обычно согласуется с подлежащим (в числе, в лице или в роде) и имеет значение, выраженное в вопросах:

что делает предмет? что с ним происходит? каков он? что он такое? кто он такой? В русском языке традиционно выделяют три основных второстепенных члена: „, _». Каждая команда выполняет задание и получает соответствующие баллы, дальше отправляется в путешествие.

Второе задание – «Пункт контроля». На этом этапе команды получают бумаги для флипчарта, на которых дано предложение с грамматическими заданиями: расставить знаки препинания, определить тип простого предложения: (по наличию главных членов, по наличию второстепенных предложений, по цели высказывания, по эмоциональной окраске, чем осложнено). «Чтение книг во-первых помогает понять жизнь во-вторых укрепляет грамотность в-третьих развивает речь».

Третье задание – «Остров простого предложения». Для обеих команд диктуются простые односоставные предложения. Первая команда выписывает обобщенно-личные предложения, вторая команда выписывает неопределенно-личные предложения. «За двумя зайцами погонишься – ни одного не поймаешь. На селе до позднего вечера толкуют о неотложных делах и видах на урожай. Цыплят по осени считают. Посреди московской суеты на бульварах продают мимозу. Ум на базаре не купишь. Вам обязательно сообщат о моем приезде. Береги платье снову, а честь смолоду. После драки кулаками не машут. На семинаре обсуждали доклад одного из студентов».

Четвертое задание – «Остров Знаков Препинания». Каждой команде раздаются карточки с предложениями, где они должны правильно расставить знаки препинания. «Моя душа я помню с детских лет чудесного ископа. Мурат к сожалению допустил в диктанте много ошибок. Дожидаясь парохода мы жгли костры и рассказывали о своих приключениях».

Пятое задание – «Умелый мастер». Условие данного задания заключается в преобразовании нераспространенных предложений в распространенные предложения. На электронной доске презентация заданий: 1. Наступила весна. 2. Утро. 3. Звезды сверкают.

Шестое задание – «Отдел маркетинга». На данном заключительном этапе каждой команде предоставляется возможность продемонстрировать свое творчество, изобретательность и креативность. Задача: сформулировать текст рекламы, который воодушевляет, призывает освоить простое предложение.

Таким образом, проведенные в таком нетрадиционном формате уроки, а именно уроки-игры, помогают углублять знание, формировать коммуникативную активность, повышать самооценку, чувство ответственности, коллективизма, активизировать мобильность, развивать мышление, аналитический ум и т.д.

Список использованной литературы:

1. Эльконин Д. Б. Психология игры. М.: Владос, 1999. 360 с.
2. Абдыгазиева Н. К., Календерова Н. К. Применение игровых технологий на уроках русского языка // Бюллетень науки и практики. 2021. Т. 7. №7. С. 291-295. <https://doi.org/10.33619/2414-2948/68/38>
3. Русский язык. Морфология: учебник для школ с углубленным изучением русского языка / под ред. П.П. Шуба. – Минск: Народная асвета, 1996. – 391 с.

ЭОЖ 371.789.21

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ САБАҒЫНДА ОҚУШЫНЫҢ МӘНЕРЛЕП ОҚУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ТЫШКАНБАЕВА А.Т.

№6 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

Резюме. Начало пути к культуре речи – умение говорить красноречиво. К этому же периоду относится и первый важный этап системы начального образования – общего образования. Действия, которые приводят к системе образования, качественному выполнению навыков обучения, единому формирующему инструменту, который ведет к гибкому обучению.

Summary. The beginning of the path to a culture of speech is the ability to speak eloquently. The first important stage of the primary education system - general education - dates back to the same period.

Actions that lead to an education system, quality implementation of learning skills, a single formative tool that leads to flexible learning.

Сөйлеу мәдениетіне барар жолдың бастауы мәнерлеп сөйлей білу. Бастауыш білім беру-жалпы білім беру жүйесінің алғашқы маңызды сатысы да сол кезең. Оқыту жүйесіне жеткізетін іс-әрекеттер, оқу дағдысының сапалы орындалуы, білім алуға икемділікпен жетелейтін бірден бір қалыптастырушы құрал. Осы дағдыны кез келген жаңа оқуға бейімдей алса, оның алдынан шығармашылық ізденіс жолы айқын ашылады. Орындалған түрлі іс-әрекеттер арқылы білім алушы өзін қоршаған айналамен, қоғаммен қарым-қатынас жасауға үйренеді. Олай болса мәнерлі сөйлеу икемділігі оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасының мазмұнында үлкен мән бар.

Ендігі кезекте білім, дағды, икемділік деген ұғымдар анықтайық.

Білім бұл ережелер, заңдылықтар, идеялар, теориялар, қорытындылар түрінде кездесетін шындықтың түрлі салалары бойынша адамзат жинақтаған үлкен тәжірибе. Білім адам санасына түсінік пен ұғымдар түрінде қалыптасады.

Икемділікті көп жағдайда өз қолданысын тапқан, қандай да бір іске асырылған, ақыл ойдың саналы мақсатын меңгеруге бағытталған ерекше қызыметі деп көрсетеді.

Дағды дегеніміз іс-әрекеттің барысында қайталап жаттығудың нәтижесінде қалыптасқан тәсіл. Олай дейтін себебім бүгінгі қозғап отырған тақырыбыма осы дағдының тікелей қатысы бар. Өйткені адамның мәнерлеп сөйлеуі үнемі қолданысқа қолданылатын болса, бұл дағдыға айналады. Осындай әрекетпен адамның қоршаған ортамен байланысу барысында ой өрісі ашылады. Сөйтіп икемділік пен дағды төменгі сынып оқушыларының алға жетілуіне білімдік қызметін атқарады.

Міне сондықтан білім алушыға дағды туралы түсінік бермей, ақыл ойын дамыту жағы ғана ескерілсе, онда ол жетілдірудің күшті тірегінен айырылар еді.

Әдебиетте образ туралы түсінік беретін болсақ кейіпкер көркем шығармада суреттелетін адам, әдеби образ. Әдебиетте адамның көркем образын жасағанда жазушы оның кескін-тұлғасын, іс-әрекетін, мінезін сол ортаның, дәуірдің өзгешеліктерді де анық байқалатындай етіп суреттейді.

Кейіпкер бейнесін суреттеу үшін қоғамдық өмірді жан-жақты, терең зерттеп білу шарт. Әр кейіпкердің көркем бейнесі оның өз сөзі арқылы ашылады. Көркем шығармада жан-жақты толық суреттелетін негізгі тұлға-басты кейіпкер.

Көркем шығармада сөзбен сомдалған кез келген құбылысты образ дейді. Образ тек шындықты бейнелеп қана қоймай, оны жинақтайды. Образ сөзбен салынған сурет. Енді осы кез-келген кейіпкердің образын мәнерлеп сомдап шығудың өзі үлкен өнер.

Мәнерлеп оқу-әдебиетті талдаудың негізгі көзі. Мәтінде әр буында, сөзде, сөз тіркесінде, әрібір сөйлемде орныққан дауыс ырғағы сол сөзді баяндап тұрған кейіпкердің жан дүниесін мәнерлеп оқып тұрған оқушыға бірден ұғындыратыны сөзсіз. Мемлекетіміздің жалпыға бірдей міндетті стандартында бастауыш кезеңіндегі «Ана тілі» пәнінің негізгі міндеттерінің бірі, оқушының оқу дағдысын қалыптастыратын оның дауыстап оқуы, іштей оқуы, дұрыс оқуы, саналы оқуы, мәнерлеп оқуы болып табылады. Оқушы мәтінді түсініп оқуы қажет. Ал түсініп оқу үшін дұрыс оқу керек. Мәнерлеп оқылған мәтін оқушының өзіне де екінші тыңдаушыға да нақты түсінікті жеткізіледі және сол мәтінге деген қызығушылығы артады. Сонымен қатар мәтіндегі кейіпкердің көңіл күйін сезіне біледі. Сондықтан да мәнерлеп оқуды бастауыш сыныптан яғни сауат ашу кезеңінен бастаған жөн. Мәнерлеп оқуда темп пен ритмге көп көңіл бөлген жөн. Ритммен оқудың орны ерекше мәнге ие. Оқыған кезде ырғаққа аса көңіл бөлген жөн. Өйткені ауызша сөйлеуде де, мәнерлеп оқуда да ырғақтың орны бөлек.

Ырғақ дегеніміз-өлең сөзбен қара сөздің дауыс толқынының бірде бәсең, бірде көтеріңкі болып келуі. Бұған мысал Абайдың И.А.Крыловтан аударған «Шегіртке мен құмырсқа» атты мысал өлеңін алайық. Бұл мысал өлеңде шегіртке мен құмырсқаның сөздеріне қарай бірнеше бөліктерге бөлінеді. Сонда бұлардың сөйлеген сөздері әрқайсысының өзіне тән көңіл-күйі, ой сезіміне сәйкес дауыс ырғағымен оқылуы керек.

Осындай зерттеу жұмысымының барысында мәтінді мәнерлеп оқып, еркін оқып, дауысымды сөйлем ырғағына қарай құбылтып, оқушыларыма әсер қалдыратындай, қызықтыра оқуды үнемі қолданамын. Осы бағытпен оқушыларға сөйлемді оқыған кезде әрібір тыныс белгісінің мәнін ұғуды, қарапайым сөйлемді нақышына келтіре оқуды, әрібір кейіпкер сөзін сол кейіпкер бейнесінде толғай білуге, оның ойын дұрыс айтып жеткізуге үйретемін.

Осындай еңбегімнің арқасында оқушыларым көркем әдеби қойылымды қызықты кейіпкерлердің бейнесіне еніп, әрібір сөзін нақышына келтіре орындап, көрерменнің көңілдерінен шығып жүргені ата-аналарын да өзімді де қуантады.

Осы қасиеттерді оқушының бойына қалай меңгертуге болады?

1. Алдымен оқушыға мәтінді өзім оқып таныстырамын.
2. Мәтіндегі тыныс белгілерінің ерекшеліктеріне назар аудартамын.
3. Оқушыға іштей оқытып, сөйлем немесе шумақ мазмұнын ұғып алуына мүмкіндік беремін.
4. Мәтінді оқушыларға тізбектеп жалғастыра оқытамын (бұлай оқыту оқушы бірін бірі тыңдауға дағдыланады)

5. Мәтіндегі кейіпкер сөзінде диалог болса оқушының сол кейіпкердің бейнесіне енуге, дауыс ырғағын келтіруге жағдай жасаймын.

6. Оқушыға оқулықтан тыс әдеби шығармаларды оқып, оны топ алдына мазмұндауына мүмкіндік беремін. Бұл баланың әдеби шығармаларға деген қызығушылығын арттырады.

7. Мәнерлеп оқуды өте жақсы меңгерген оқушыларды топ алдына шығарып мадақтап отырамын.

Бұндай тапсырмалар сабақтың өн бойында және үй тапсырмаларын сұраған кезде орындалып отырады.

Мәнерлеп оқуда дауыстың маңыздылығы зор. Дауыс еркін шығу үшін жаттығулар жасап отырған жөн. Әр дыбыстың анық, нақты дауыс ырғағына қарай дыбысталуын бақылап отыру қажет.

Бастауыш сыныптарда оқушылар көбіне диалогты мәтіндерде кейіпкердің дауыс ырғағына салып оқуға ұялады, қысылады. Сол кезде мәнерлеп оқумен дұрыс оқымауды салыстыра көрсетемін. Ал бұндай оқу оқушының өзіне де ұнамайтыны сезіледі. Ондай жағдайда сол диалогке оқушымен біргіп өзім мәнерлеп оқимын. Одан әрі оқушының оқуға деген қызығушылығы артып, бір-бірімен таласып оқуға құштарлығы ашылады.

Ахмет Байтұрсынов айтқандай «Сөздің асыл болуы-адамға ұнауымен. Сөз мағына жағынан күштілігімен, көркемділігімен ұнайды».

Мәнерлеп оқу жолдарын толық меңгерген оқушы «сөз асылын» табатын, «сөз мағынасын» ұғатын, «дарынды сөзді» тани білетін тұлға болып қалыптасады. Сөзімді қорыта келгенде мәнерлеп оқудың анықтамасы қалай болмақ? Бұл жөнінде С.Тілешова: «Мәнерлеп оқу дегеніміз-көркем шығарманы әдеби тілдің орфоэпиялық ережесін, шығарманың тақырыбын, идеялық мазмұнын түсініп, белгілі бір жылдамдықпен дауыс ырғағын сақтай отырып оқу» деген. Ал дұрыс оқи білу оқушыны шығармаға сүйсіндіру, оның көркемдік ойын тереңдету, жазылған шығарманы бағалау.

Қазақ әдебиетінде мәнерлеп оқудың қыры мен сыры көп. Әдебиетті танып білуге кіріскен, жаңалыққа жаны құмар зерттеуші ретінде сезініп, үнемі ізденіп білімге құштар болған адам ғана үлкен жетістіктің иесі болатыны хақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ ұлттық энциклопедиясы. – Алматы, 2004ж.
2. Әдебиеттік оқу оқулығы. – Алматы, 2006 ж.
3. Ахметов З. «Әдебиеттану терминдерінің сөздігі». – Алматы, 2009ж.
4. Нұрмаханова Н «Мәнерлеп оқу практикумының программасы». – Алматы, 2011ж.
5. Қабдолов З. «Әдебиет теориясы негіздері». – Алматы, 2012ж.

UDC 911.444

PROBLEMS OF INTENSIVE ENGLISH LANGUAGE TRAINING

МОКРУШИН ДМИТРИЙ, ДУЙСЕНБАЕВА Р.С.

№40 гимназия, Республика Казахстан, г. Тараз

Түйіндеме. Бұл мақала орта мектептерде оқытудың қарқынды әдістерін қолдану бойынша ағылшын тілі мұғалімдеріне арналған практикалық ұсыныстарға арналған.

Резюме. Данная статья посвящена практическим рекомендациям для учителей английского языка на предмет использования интенсивных методов обучения в средних школах.

A foreign language occupies one of the main positions of demand in the training and education of society today. Today, there are quite a lot of ways that promise to teach you to speak and communicate in a foreign language in a short time. But as practice shows, not all the declared methods and courses meet the requirements of the educational intensive methodology, which means that the question arises: how to learn to communicate and speak a foreign language in a shorter time [1].

In my work, I decided to analyze and help novice and working teachers in the use and application of elements of intensive learning in foreign language lessons in high school.

There is a unique situation in teaching a foreign language, when practice is ahead of theory.

So, the main task of an intensive method of teaching a foreign language is to master, in conditions of a strict time limit, a foreign language as a means of communication and a means of knowledge, to develop skills and abilities to understand oral speech in a foreign language at a normal (natural) or close to normal pace with almost unlimited household, socio-political and General scientific topics.

Little attention is paid to the grammar. Yes intensive course you, of course, teach pretty quickly to communicate with the foreigners, that's only spoken English is not yet all. Grammatical design on classroom or referred to casual, or do not stupid. Consider whether lose sight of such an important the time? If you have time, forget intensive training, teach English in the usual program [2]. Vedas in the future you still have to learn grammar independently or write to the new courses, actually pay twice.

If you are used to the measured rate of training or prefers a long time cram to remember all the rules and words long time, intensive classes you do not fit. They focus on the speed, on the number of studied material, not on the quality. Assumed that you grab "tops" and "roots" master in practice.

Not everyone can quickly to navigate to the flow of information that is trying to bring down on you teacher in intensive training English. Point here is not in the level of IQ, and endurance. Carefully weigh, will not a study in the burden, can you have enough load at work? Make sure that would training, gave joy, and there was no source of stress. If you are engaged in the group lessons will be very dynamic.

If you something not from the first time, the possibility of ask again can and do not introduce, after all, besides you as a teacher, there are 10-15 more people. However, this lack of not interfere with you, if you learn English on Skype: all the attention will be given to you, so just feel free to ask questions his teacher [3].

You will need a lot of free time. Be prepared to what do you have to 4-5 times a week 2-3 hours. In addition, you will be loaded pretty surround home task. Think if you can compare your work schedule, and not hard whether will be for you load. If you all hands Ahoy at work, small child and not quite self-husband for which it is necessary to keep up Wash and get out, study become hard labor.

Intensive classes suggest a high cost. Price may exceed the cost of ordinary course of 2-4 times, and still keep in mind the cost of the road.

Bad pronunciation. Note classes will fly very quickly, so a tutor may not be enough time to statement of the correct pronunciation. In addition to the courses a lot of students, it is impossible to each to pay tribute to the attention [4].

Rapid rate of English requires you to a large intellectual endurance due to the fact that the volume and the flow of information that you presented, will be several times greater than permissible framework. That's why cost a good all think otherwise study will not only in the burden, but also lead to atypical state and permanent fatigue. Moreover, it is necessary to understand that the high rate and the need to hack material often leads only to engaging short-term memory thus, there is no guarantee that you will be able to use all the knowledge that purchased, learning English in such a way.

Intensive English learning tends to focus primarily on conversational English and listening comprehension. On the one hand, this is a plus, because overcoming the language barrier is one of the main goals of learning this language. However, on the other hand, the lack of a holistic understanding of grammatical subtleties will contribute to an increase in speech errors [5].

The big time and financial cost of training as a rule, on the intensive study English language need from 4 to 5 sessions per week 1.5 - 3 hours. Well, if you are adequately assess their strong and ready to devote a good part of their leisure to express the study of the English, you truly "daredevil." And of course, the cost of rapid rate of English (learning from scratch) will be in the times higher than the

traditional and systematic way to study. So that you need to be ready that training will be really dynamic and finance.

Using elements of intensive learning in teaching allows me to get quite high results and proves that students work with great interest, they have a high level of motivation; feel comfortable, willing and easy to communicate. Children are sociable, active, enjoy communication, and interact with each other, show imagination and ingenuity. All this ensures the effectiveness of training.

The results of this work confirm the correctness of the chosen direction in the development of students' communication abilities.

This technology is aimed at ensuring that students can actually master all types of speech activity in English, relying on the necessary and sufficient language knowledge.

Practical experience shows that it is possible and effective to use elements of intensive education, namely a certain set of its qualitative characteristics in a secondary school environment. The inclusion of elements of intensive training in the communicative direction with our grid of hours and the characteristics of children gives positive results [6].

The intensive methodology can be considered in two directions relative to the state educational standard:

a) as a technology that allows you to implement the goals set out in the standard;

b) as a technology that makes it possible to increase the level of training laid down in the standard.

Thus, this technology can be used by teachers who are interested in developing students' communication skills.

List of references:

1.N.V. Bazina Development of students' audiovisual skills by means of a foreign language: a competence-based approach. M.: ResearchCenter "Euroschoo", 2015.168 p.

2.Biboletova M.3., Ladyzhenskaya N.V. Educational potential of the subject "foreign language" // Foreign languages at school. 2015. N °3.S. 2-10.

3.Biboletova M.3., Trubaneva N.N., Schepilova A.V. The concept of the subject "Foreign language" // Foreign languages at school. 2017. N °9.C, 2-9.

4.Galskova ND. Problems of education in the field of foreign languages at the present stage and possible ways to solve them // Foreign languages at school. 2016. N 9.P.2-9. 100

5.Galskova N.D. Modern pedagogical technologies of teaching foreign languages. Moscow: MGPU, 2017.68 p.

6.Galskova ND. Modern educational model in the field of foreign languages: structure and content // Foreign languages at school. 2015. N 8.C. 2-8.

УДК 372.989.45

СОВРЕМЕННЫЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ИННОВАЦИИ ПРИ ИЗУЧЕНИИ РУССКОГО ЯЗЫКА

НУРМУРАТОВА Н.

Ученица 11 класса школы-гимназии №1,
Республика Казахстан, Жамбылская область, Байзакский район

УРАЗБАЕВА Г.П.

Учитель русского языка и литературы, школы-гимназии №1,
Республика Казахстан, Жамбылская область, Байзакский район

Түйіндеме. Мақалада орыс тілін оқытудың бүгінгі әдістері талданып, оларды мектептерде қолданудың тийімділігіне негізделген. Тілдік емес мектептерде орыс тілін оқыту механизмінде оқушылардың тілдік дайындығының әртүрлі бастапқы дәрежесімен байланысты нақты нюанстар бар, осы пәнді зерттеуге бөлінген жалпы білім беру пәндер сағаттар саны, топтардың сандық құрамы, орыс тілін игеруге аз мотивация. Айта кету керек, оқу процесінде мотивация басты рөл атқарады, оның қалыптасуы мектептерде оқушылардың оқу-тәрбие процесінің негізгі міндеттерінің бірі болуы керек. Мектептерде "орыс тілі" пәнінің мазмұнын білікті түрде толтыру шартымен сабақтың нәтижелілігін едәуір арттыруға болатындығы анықталды. Оқытудың

интерактивті технологияларын қолдану коммуникативті, атап айтқанда когнитивті-коммуникативті және орыс тілін оқытудың конструктивистік әдістеріне жүгінуді білдіретіні анықталды.

Summary. The article analyzes the current methods of teaching the Russian language and justifies the expediency of their use in schools and colleges. Russian Russian teaching mechanism in non-linguistic schools has specific nuances that are associated with different initial degrees of language training of schoolchildren; the number of academic hours devoted to the study of this discipline; the quantitative composition of groups; low motivation to master the Russian language. It should be noted that motivation plays a major role in the educational process, the formation of which among students studying in schools and colleges should be one of the main tasks of the educational process. It is established that it is possible to significantly increase the effectiveness of the lesson provided that the content of the subject "Russian language" is professionally oriented in schools and colleges. It was found out that the use of interactive learning technologies implies an appeal to the communicative, in particular cognitive-communicative, and constructivist methods of teaching the Russian language.

На современном этапе русский язык представляет собой главным методом международного общения в академических и деловых кругах. Владение ею как методом коммуникации представляет собой одним из требований к будущему специалисту. Главной целью обучению русскому языку в учебных учреждениях самого высокого образования представляет собой приобретение учащими умений и навыков грамотного использования русского языка в ежедневном, деловом и профессиональном общении, способность адекватно удовлетворять критерий XXI века. Анализ последних исследований и публикаций. Сейчас многие казахские и зарубежные специалисты исследуют методы внедрения инновационных образовательных технологий в учебный механизм средней и высшей школы, усовершенствования методики преподавания русского языка. Учет в общеобразовательной деятельности закрепленного в современного русского литературного языка, в качестве предмета является одним из важных условий, обеспечивающих качество его изучения. Предложенный материал направлен на снятие трудностей в практике учителей русского языка, работающих с детьми дошкольного и школьного возраста, не владеющими или слабо владеющими русским языком.

Раскрывается педагогический и методический потенциал интерактивных методов в обучении слабо владеющих и не владеющих русским языком. Активное использование интерактивных методов в учебной деятельности обусловлено тем, что они позволяют учитывать психологию обучающихся, особенности их познания. Интерактивные методы эффективно формируют коммуникативную компетенцию, стимулируют развитие всех видов речевой деятельности обучающихся.

При обучении слабо владеющих и не владеющих русским языком наряду с традиционными методами, необходимо использовать интерактивные, способствующие повышению положительной мотивационной установки обучающихся. Особенностью этих методов является организация учебной деятельности на основе взаимодействия: обучающийся - информация, обучающийся - обучающийся, учитель - обучающийся, обучающийся - учитель. Базовая модель процесса обучения с использованием интерактивных методов предполагает три взаимообусловленные стадии: вызов, осмысление содержания, размышление/рефлексия [15, с. 53; 16, с. 108].

Продуктивность обучения зависит оттого, насколько точно и последовательно в соответствии с данной моделью будут выполняться этапы каждого метода, выделяться достаточное время на обдумывание, изложение и обсуждение материала, принятие оптимального решения. При работе с интерактивными методами в классе должно быть уважительное и доброжелательное отношение между всеми участниками учебного процесса.

Инновации в образовании заключаются в создании, внедрении и распространении передовых идей, методов, приемов, технологий, которые нацелены на модернизацию, видоизменение учебного процесса в соответствии с требованиями времени. Информационные технологии становятся неотъемлемым методом в сегодняшнем процессе преподавания и одной из составляющих высокотехнологичного подхода обучения обучающихся школ и колледжей в целом и русского языка в частности.

Главными задачами для учителей образовательных дисциплин "русский язык» и "русский язык по профессиональному направлению "выступают следующие: обеспечение правильного показателя подготовки обучающихся по русскому языку в соответствии с требованиями государственного образовательного стандарта: воспитание и развитие обучающихся средствами русского помощью научной и организационно-методической работы.

Во время преподавания в школе и колледже появляются такие проблемы, как низкая мотивация и интеллектуальная пассивность обучающихся в овладении русским языком. Таким образом, в учебном процессе весомое значение играет мотивация. Мотивация - это система мотивов или стимулов, которая стимулирует человека к конкретным формам работы или поведения. Одна и та же деятельность может осуществляться по разным мотивам. Большая задача педагога - воспитание правильной мотивации.

Общепринятое обучение в классе, в котором учащиеся выступают просто пассивными получателями информации, предоставляемой учителем, традиционно заменяется. Живя в технологическую эру, в классах можно наблюдать широкий спектр методов, которые повышают эффективность преподавания русского языка и помогают избежать скуки и рутины использования лишь учебника. В теоретической сегменты станут представлены шесть из них - доска, смартфон, Skype, блоги, подкасты и онлайн-игры, которые, на наш взор, в основном изменили преподавание и исследование русского языка.

Смартфоны - это их верхняя версия, и они прекрасно известны молодому поколению. Особенно эта группа людей использует свои телефоны не только для звонков или текстовых сообщений, но в основном для фотографирования, игр и загрузки различных приложений. Такие приложения можно использовать для развлечения или они могут быть как забавными, так и образовательными. В приложениях для смартфонов мы выбрали 4, которые фокусируются на общих или конкретных знаниях, словарном запасе, понимании на слух и разговорной речи. Приложение предназначено для использования в классе, оно бесплатно и доступно для учителей и учеников. Учитель использует свою учетную запись для создания общей комнаты, рассчитанной максимум на 50 учеников за сеанс.

Все видео отсортированы по уровню квалификации и снабжены встроенными уроками языка.

Выбирая те или иные методы, учитель должен придерживаться определенных критериев и ставить перед собой цели, которые будут достигнуты, а именно:

- 1) анализ языковых потребностей учеников в зависимости от избранной специальности;
- 2) ориентирование на практическое использование языка;
- 3) нацеленность на обучение ориентированию в материале русского языка;
- 4) обучение учеников вести беседы на профессиональные темы

Использование новых методов к преподаванию русского языка с использованием мультимедийных средств обучения предоставляет вероятность учащим увеличить мотивацию к изучению иностранных языков; получить доступ к новым, альтернативным источникам информации; прокачать самостоятельную умственную работу; улучшить созидательную самореализацию; сформировать коммуникативные навыки, культурную и профессиональную компетентность.

Таким образом, данные технологии помогают качественно разнообразить занятия, осуществить его информативно и дидактически разнообразным и существенно увеличить его эффективность при условии квалифицированно ориентированного наполнением содержания предмета «Русский язык» в школах и колледжах.

Приемы преподавания русского языка регулярно обновляются, таким образом, повышается нужда в их изучении.

Список использованной литературы:

1. <https://www.teachaholic.pro/spice-up-your-methodology-10-sovremennyx-trendov-prepodavaniya-anglijskogo-yazyka/>
2. <https://lifehacker.ru/apps-to-learn-english/amp/>
3. <https://stranatalantov.com/news/primenenie-innovacionnyix-texnologij-v-obrazovatelnom-processe/>
4. <https://storylearning.com/blog/fluentu-review>

5. https://kpfu.ru/staff_files/F_1487775798/Sovremennye_metody_i_tekhnologii_prepodavaniya_in_ostrannykh_yazykov.pdf

6. Примерная программа по учебному предмету «Русский родной язык» для образовательных организаций, реализующих программы начального общего образования – URL: <http://fgosreestr.ru/> (дата обращения: 04.06.2019).

7. Забелина Н. Ю. Особенности состояния здоровья современных школьников. – URL: <https://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/materialy-dlya-roditelei/2014/01/15/osobennosti-sostoyaniya-zdorovya-sovremennykh> (дата обращения: 04.06.2019).

ӘОЖ 37.512.36

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

СУИНБАЕВА М.А.

Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

АМИРОВА А.С.

Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. В данной статье рассматриваются пути развития мышления учащихся начальных классов.

Summary. This article discusses ways to develop the thinking abilities of Primary School students

Адамның барлық нағыз адамдық қасиеттері өз өміріне тәлім-тәрбие нәтижесінде қалыптасады. Бастауыш сыныптарда оқыту барысында балалардың таным процестерін дамытуға, олардың тіл байлығын және өз ойын сөйлеу арқылы басқаларға жеткізу тәсілдерін қолдаудың ойлау процесін қалыптастыруға қосатын үлесі өте үлкен.

Қазіргі бастауыш мектеп бағдарламасы барлық таным процестерді жедел дамыту жолдарын ескере отырып жасалған оқулықтар мазмұны ойлауды дамытуға үлкен үлесін қосады. Дегенмен, осы проблеманы шешу үшін әр мұғалім ойлау қабілетінің ерекшеліктерін, оны дамыту жолдарын толық түсінуі қажет.

Мида болып отыратын үздіксіз ойлау мен оның жемісі ұғымдар және сөйлемдер де бір емес. Мәселенің шешілуі адам басында реттеліп отырады. Сондықтан ойлау туралы зерттеулер, олардың процесс күйін емес, ойлау қалайша жүзеге асып, реттеліп отыруы үшін қандай шарттар қажет екенін тексеруге арналған.

Жас бала үшін мәселені шешудің бірінші құралы – оның практикалық іс-әрекеті. Бала мәселені шешу үстінде өзіне берілген затпен тікелей іс-әрекет жасайды. Мұның мәнісі шешілуге тиісті нәрсенің көрнекті түрде берілуінде және практикалық іс-әрекетінің қатысуымен шешілуінде ойлаудың осы сатысындағы маңызды ерекшеліктерінің бірі – сөздік өрнектер арқылы ойлау болып табылады, тіпті жас баланың ойы ең «ақылды» деген маймылдың ойлауынан түбегейлі айырмашылығы да осы арада. Ойлаудың ерекшелігі – қорытындылардың қисындылығында, олардың шындыққа сай дәлелдерінде. Ойлауға түскен құбылыс көз жетерліктей етіп нақты түсіндіріледі, себептері мен салдары қатесіз анықталады. Ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар ойлау жолымен ашылады [1].

Ойлау – танымның жоғары сатысы. Оның айрықша ерекшелігі – сөзбен тығыз байланыстылығы. Ойлаумен сөйлеу органикалық бірлікте болады. Ой шындығы тіл арқылы беріледі. Шындықтағы себеп-салдарлық байланыстар тәжірибеде танылып, белгілі тілдік формалармен аталады. Адам дүние құбылыстарын тани отырып, бұларды бірінші және екінші сигналдық жүйелер арқылы бейнелеп, түрлі сөздермен өрнектейді. Әрбір қабылданатын зат, құбылыстың белгісі, қозғалысы, күйі не қатынасын сөзбен атай отырып, адам оларды жалпылайды.

Ойлау арқылы заң, ереже түйінделеді, фактілер қорытылады, электронды күрделі механизмдерді пайдалана отырып, тікелей қабылдауға болмайтын құбылыстардың мән-жайын танып біледі. Ойлау шындық жанама жолмен танылады.

Бастауыш сынып оқушыларының ойлауы нақтылы болғандықтан, олар көп нәрселерді өз қалпында түсінуге бой ұрады.

Бастауыш сынып оқушыларының оқыту процесінде психикалық даму дәрежесіне қарай белсенділіктің бірнеше түрі қалыптасып дамиды: қимыл, сөйлеу, таным, ойлау, өзін-өзі тәрбиелеу т.б.

Мұғалімнің міндеті – оқыту процесінде бастауыш сынып оқушысының ой-әрекетін қалыптастыру. Осыған орай оқушы оқыту процесінде, әрбір сабақта өзінің оқу іс-әрекетінің мақсат-міндеттерін анықтап, соларды іске асырудың нақты тәсілдері мен амалдарын қолданып, өзін-өзі бақылап отыруға үйренуге тиіс. Оқыту процесіндегі ой-әрекетінің қалыптасу жолдарында танымдық белсенділіктің мынадай көріністері болатынын білу керек:

- білуге деген ықыластың, ұмтылыстың, шабыттың жоғары болуы;

-бастауыш сынып оқушысының өзіндік дербестігі, сұрақ беруге құмарлығы, пікірталас туғызуға деген ықыласы;

-бастауыш сынып оқушысының материалды еркіне, өз сөзімен айтып беру мүмкіндігі және шығармашылық әрекетінің жоғары болуы.

Егер де сабақтарда бастауыш сынып оқушысының бойында танымдық белсенділік пайда болған жағдайда оқушыларда ақыл-ой қабілеттерінің мынадай элементтері дамиды: зеректілік, зейінділік, байқағыштық, ойлау мен сөйлеу дербестігі т.б.

Бастауыш сынып оқушысының оқыту процесіндегі өздігінен жасайтын түрлі оқу жұмыстары ойлау әрекетінің тиімді амал-тәсілдерін қалыптастырады. Амалдарды қолдану арқылы оқушы материалдың мазмұнын еркін меңгеріп, материалды баяндау тәртібін өзінше өзгертіп айтып беруге шамасы келеді.

Міне, осындай жағдайда ғана балада білімге деген қажеттілік, талпыныс, қызығу, танымдық белсенділік қалыптасады.

Оқыту процесі өзіне екі міндет қояды: біріншіден, балаларға білім беру, екіншіден, оларды жан-жақты дамыту. Ақыл-ой дамуы танымдық қабілеттердің дамуы мен адамның гармониялық дамуының құрамдас бөлігін құрайды. Оқыту процесіндегі іс-әрекет өзіне екі міндет қоя отырып, ойлау әрекетінің дамуын көрсететін белгілерді анықтау педагогикалық психологияның тағы бір маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Оқыту мен дамудың өзара қатынас мәселелері ақыл-ой дамуының белгілерін нақты анықтау негізінде тұжырымдалады. Ол белгілер бойынша, оқыту әдістері мен мазмұны дамуға қалай әсер етеді, оның негізінде дамудағы қозғалысты қалай көруге болады деген сұрақтарға жауап аламыз [2].

Осы белгілерді көрсететін ойлау ерекшеліктері мәселелі тапсырмаларды шешуде жүзеге асатын ойлау операцияларынан көрінеді. Тапсырманы шешуде ойлау іс-әрекетінің тәуелсіздігі ақыл-ой дамуының мәнді көрсеткішін береді. Бастауыш сынып оқушысының ойлау іс-әрекетінің дамуын зерттеу, оларда интеллектуалды іс-әрекеттің жаңа тәсілдерін қалыптастыру – ең өзекті мәселелердің бірі.

Бастауыш сынып оқушысының ойлауын дамытуда мектептегі оқу-тәрбие процесі шешуші роль атқарады. Бала ойлауын дамыту үшін мұғалім тиісті жұмыстар жүргізіп отыруы тиіс. Ой тәрбиесі адамның психологиясын жан-жақты етіп тәрбиелеумен ұштасып жатады. Таным әрекетінің бірі – қабылдау. Тілдік мәліметтерді және жазылымдағы қатысымдық тұлғаларды ұғыну қабылдаудан басталады. Тілді меңгеру барысында тіл үйренуші есту, көру, сезу арқылы дыбыстарды, сөздерді, сөйлемді қабылдауға үйренеді. Бала қоршаған ортаны жақсы қабылдауға тиіс. Әрбір ұстаздың мақсаты – сабақ сапасын көтеру, түрлерін жетілдіру, сабаққа оқушының қызығушылығын арттыру. Сондай – ақ бүгінгі таңда елімізде оқыту мазмұны жаңартылып, сабақтарда озық технологияларды қолданудамыз. Сондай технологияның біртүрі – «ойын арқылы оқыту» технологиясы. «Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ» десек, білімнің негізі бастауышта қаланатыны белгілі.

Бастауыш сыныптағы әртүрлі пәндер оқушы білімін дамытып, танымдық қабілетін сомдауға үлкен үлес қосады. Балаларды оқытуда және тәрбиелеуде ойынның ролі педагогикада бұрын да, қазір де қарастырылып келеді. Алдыңғы қатарлы педагогтардың бәрі де ойынды нағыз керекті және маңызды іс - әрекет деп түсінеді [3]. Оқу процесінде ойын технологиясын қолдану

оқушының оқудағы танымдық іс-әрекетін және қалыпсыз жағдайларда өз білімін қолдануға мүмкіндік береді.

Ойын технологиясы арқылы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында мәлімдеген құзиреттіліктерді оқушы бойында қалыптастыру міндеттерін шешеді. Қазіргі білім беру мазмұнындағы осы өзгерістердің барлығы оқытудың негізгі мақсаты ретінде пәндік білім-білік дағдыларды қалыптастырудың жалпы оқу біліктерін қалыптастыруға ден қою. Өзіндік оқу әрекеттерін дамыту бағалау жүйесінде өзгерістердің енгізілуін көздейді. Бастауыш сынып оқушыларын оқыту кезінде ерекше орынды ойын алады.

Ойын бұл жерде оқыту әдісі ретінде жүреді. Бұл жастағы балалардың ойынға қызығушылығы басым, мінез-құлқында еріктілік жеткіліксіз, алдында кездескен мысалдарды шешуге практикалық тұрғыдан қарайды. Сондықтан да біз өз сабақтарымызда ойын әдістерін көптеп қолданамыз. Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те болып табылады. Ойын – айналадағы дүниені тану тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады.

А.С.Макаренко: «Ойын – балалар өмірінде өте маңызы зор нәрсе, үлкендердің қайраткерлігі, жұмысы, қызметі қандай маңызды болса, балалардың ойыны да сондай маңызды. Ойында бала қандайболса, өскен кезде жұмыста да, көбінесе сондайболады. Сондықтан болашақ қайраткер, еңалдымен, тәрбиеніойын арқылы алады»- деп балалар ойынын жоғары бағалаған.

Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты осындай санамақтар мен қаламақтар мазмұны оларға өте жақын, түсінікті. Олар балалардың ой өрісін, тілін тез дамытуға өте икемді. Сонымен қатар ойындарға қатысу арқылы балалардық мінез-құлқы сыйысымды болып, қарым-қатынас мәдениетін меңгереді, әдептілікке, басқалармен санасуға, тілалғыштыққа баулиды. Ойын кейіпкерлерінің мінез-құлығына қарап жақсы мен жаманды ажыратуға мүмкіндікбереді [4].

Халық ойындарының көптеген түрлерін сабақтан тыс бос уақытты, үзіліс кездері ұйымдастыруға қолдануға мүмкіншілік өте мол. Сондықтан бастауыш сынып оқушылар өмірінде осы ойын түрлері үлкен орын алуға тиіс. Ойындар мен қатар халық шығармалары туындыларының бірі жұмбақтарды қолдану балаларды аңғарымпаздыққа, тапқырлыққа, зеректілікке тәрбиелейді.

Жұмбақтар –халықтық шығармаларыныңішінде үлкен орын алады. Жұмбақтардың шешімін айту баланың ақыл-ойын, ой-өрісін дамытып, ойлаған іс-әрекеттің шешімін тауып, үдесіне жетуге үйретеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Айтмамбетова Б.Р., Керимов Л.К. Оқыту әдістері. –Алматы, 2005.
2. Абрамова Г.С. Практическая психология. –М., 2001.
3. Битянова М.Р. Практическая психология. –М., М., 2007.
4. Бірмағамбетов Э. Бастауыш сынып пәндерін оқыту. «Бастауышмектеп». 2009

ӘОЖ 37.015-8

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ОТБАСЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

АСАЙЕНОВА А.Е.

№40 гимназияның бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье обсуждается роль семьи в формировании личности учащихся начальной школы.

Summary. The article discusses the role of the family in shaping the personality of primary school students.

XXI ғасырдың табалдырығынан аттаған Қазақстан әлемнің дамыған елдерінің қауымдастығына жалпы әлемдік, саяси-қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-

мәдени құрылымдарға кіруге бет алды. Сондықтан еліміздің туын биікке көтерер келер ұрпақтың білімді, білікті, ұлтжанды, жоғары мәдени, биік адамгершілік пен рухани қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу – адамзат алдындағы басты міндет.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында оқушылардың бойында белсенді азаматтық ұстанымды, әлеуметтік жауапкершілікті, Отансүйгіштік сезімді, жоғары адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру басты назарға алынған.

Рухани азаматтық тәрбие сәбидің бойында ең алдымен, анасына, өз отбасына, үйіне, туған жеріне деген жылы сезімнен бастау алатын, тұлға өскен сайын біртіндеп ұлт, халық, әлеумет, мемлекет деңгейіне көтеріле беретін бүкіл ғұмырына жалғасып жатады.

Мектеп қабырғасынан бастап, рухани адамгершілігі мол азаматты тәрбиелеу жұмысы өз алдына бірқатар міндеттер қойылады:

- мемлекеттік тілді оқыту;
- ұлттық мәдени мұраны игеру;
- Қазақстан Республикасы рәміздерін құрметтеу;
- қазақ халқының тарихын терең меңгеру;
- салт-дәстүрлерді қастерлеу, мәдени рәсімдерді орындай білу [1].

Осы міндеттер жалпы адамзаттың және ұлттық мәдениетті бойына сіңіре білген рухы биік, жігерлі, нағыз отансүйгіш білімгер тәрбиелеудің жаңа жүйесін қалыптастыру мақсатына бағытталған. Оқушы бойына рухани-азаматтық сезімнің қалыптасуы отбасы тәрбиесі мен балабақшадан бастау алатыны айқын.

Оқушы отбасында патриотизмге тәрбиелеу, ана тілін үйрету, ұлттық мінез-құлық қалыптастыру, ұлттық салт - дәстүрді сақтауға баулу, шыққан ата тегін білуді таныту – ата - ана парызы. Халқына құрмет, тарихи дәстүрлерге адалдық, сондай-ақ туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сияқты перзенттік борыш тұлға бойына сәби шағында дарыса, бұл қасиеттер өсе келе, әрі қарай дамып, қалыптасуына қолайлы жағдай туғызады. Халық педагогикасының негізгі қағидалары және оның ғылыми педагогикамен байланысына тоқтала келе, «Сегіз қырлы, бір сырлы» толық адам тәрбиелеу қағидаларын төмендегідей бағыт түрінде жүйелейді:

- Ақылды, арлы, намысшыл азамат болуын қарастыру;
- Еңбексүйгіш, елгезек етіп тәрбиелеу;
- Тән сұлулығын қарастыру, әсемділікке баулу;
- Адамгершілік қасиеттерге (ізгілікке, имандылыққа) баулу;
- Отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, бүкіл адам баласын сүйуге тәрбиелеу;
- «Жігітке жетпіс өнер де аз», «Өнер – өрге сүйрелейді» деп қарап, өнер мен білімді насихаттау;
- Табиғат пен қоршаған ортаны аялауға тәрбиелеу;
- Дене шынықтыруға тәрбиелеу.

Бүгінгі таңдағы Қазақстан жайында оқушылардың рухани азаматтық сезімін қалыптастырудың, адамгершілікке негізделген ұлтаралық береке, бірлікті, ынтымақтастықты, бейбітшілікті нығайтудың маңызы зор. Осыған байланысты оқу-тәрбие үрдісінде оқушыларды Отансүйгіштікке, ерлікке, адалдыққа, елін, жерін қорғауға, шыншылдыққа тәрбиелеу қажет.

Тәрбиенің жалпы негізі рухани-азаматтық құндылықтары болуы керек. Рухани-азаматтық құндылықтар үлкен мен кішінің арасындағы шынайы қарым-қатынас кезінде бала бойына дариды. Ал мұғалімнің басты мақсаты – өзіндік рухани-азаматтық құндылықтарын оқушы бойына дарыта отырып, оның жүрек түкпіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару, әрбір баланы жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарды дамыту.

Мектептегі, сабақтан тыс уақыттағы біздің ісімізді жалғастыратын жеке тұлға болып табылатын оқушыларды рухани-адамгершілікке, азаматтық жүйеге тоғыстыру. Мектеп қабырғасында жақсы тәрбиеленген, саналы білім алған шәкірт өмірде өз орнын табады. Ол үшін ең әуелі ұрпағымызды бала кезінен-ақ ұлттық тәлім-тәрбиеге, рухани адамгершілік әдетке, азаматтық мәдениетке баулу керек. Сонда жас ұрпақ елі үшін елең қағар азамат, имандылық қасиеттерді жақсы білетін азамат болып қалыптасады[2].

Қазір қоғам жан-жақты үйлесімді жетілген жаңа ұрпақты – жаңа адамды тәрбиелеуді талап етеді. Қоғам талабы – заман талабы. Оқушының жасын, жеке ерекшелігін, психикалық

процестерін ескере отырып, жетілген ұрпақ тәрбиелеу үшін мынадай міндеттерді орындауымыз керек:

- еңбексүйгіштікке, еңбекті қажетсінуге баулу, күнделікті өмірін мәнді ұйымдастыру;
- тұрмыстағы, үй шаруашылығындағы еңбекке құлшынысын арттыру;
- өзіне-өзі қызмет ету дағдыларына үйрету;
- отбасы мүшелерімен өзара дұрыс қарым-қатынасын, тіл табысып, түсінісуін, бірін-бірі тыңдап, ата-ананы, туыстарын, жасы үлкендерді сыйлап, құрмет тұтуға үйрету; – оқушыны оқыған шығармалардың басты кейіпкерлерінің іс-әрекеттерінің жағымды жақтарына көңіл аударып, талдауға, түйін жасауға үйрету;
- оқылған мәтіндерден кейіпкерлерге берілген авторлық көңіл-күйді табу;
- оқушының сана-сезім, ақыл-ой қызметінің дамуына, қалыптасуына ықпал жасай отырып, шығармашылық қабілетін ашу, қозғау салу;
- оқушылардың сабақтар бойынша алған білім, білік дағдыларын одан әрі дамытып, тереңдету, өздігінен жұмыс істеу қабілетін ашу;
- оқушыларды сөйлету арқылы кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстыру, қорытындылау, бағалауға үйрету;
- оқушының өзін-өзі тануына, өзіндік мәнін оятуға бағдар беру.

Тұлғаны рухани-азаматтыққа тәрбиелеудің маңызы зор екенін осыдан көруге болады. «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, болашақты білімді ұрпақ айқындайды, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаз қолында» деп атап көрсеткендей, бастауыш сынып оқушыларының рухани-азаматтық қасиеттерін қалыптастыру арқылы толыққанды жетілген адамзат тәрбиелеуге болады. Сондықтан келер ұрпақты тәрбиелеу мен білім беру өзегі ұлттық құндылықтар негізінде рухани-адамгершілік өсиетін қалыптастыруда жатыр деп түсінемін.

Жас ұрпақты рухани-азаматтыққа тәрбиелеу қай елдің, қай кезеңнің болмасын маңызды мәселесі болып келгеніне көз жеткізуге болады. Ендеше, оқушыларға халқымыздың рухани байлығын, мәдениетін, дәстүрін, терең таныстырып, ойшылдарымыздың ой-пікірлерін оқу-тәрбие ісінің тірегіне айналдыру, яғни, рухани-азаматтық тәрбиенің жаңарған жүйесін жасау – бүгінгі күннің өзекті мәселесі [3].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мирсеитова С. Оқыту ізденіс ретінде, ізденіс оқыту ретінде // Бастауыш сыныпта оқыту. – 2011. - № 5.
2. Н.Ә. Назарбаевтың сөзінен // Егемен Қазақстан газеті. – 2015.
3. Бастауыш сыныпта оқыту барлық пәндер бойынша // Республикалық ғылым әдістемелік және педагогикалық журнал. – Алматы, 2014.

ӘОЖ 371.858.012

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ЕҢБЕККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕСІ

КАЛШЫМБЕТОВА Д.К.

№6 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

Резюме. Выражая пожелания героям художественного произведения, отчетливо видна способность поддаться влиянию его содержания. У учеников развивается самостоятельность в самообслуживании. Небольшие изменения будут заметны из далека если задача будет представлена ребенку не в словах, а в игровой форме.

Summary. Expressing wishes to the heroes of a work of art, the ability to be influenced by its content is clearly visible. Students develop self-reliance in self-service. Small changes will be noticeable from afar if the task is presented to the child not in words, but in a playful way.

Бастауыш сыныптың оқу бағдарламасында ұсынылған көркем шығармалар тек үш тоқсанға ғана бөлінген. Оқушылардың жас ерекшелігін ескеріп, сабақта игерген қасиеттерін қайталау және жаттықтыру арқылы бекіту өте қажетті іс. Олардың миы жедел толысқанымен, оның мінез-құлыққа тікелей әсері онша жетіле қоймаған. Ойлауы да тұрақты емес. Бұл шақта ойындағысын тек үлкейдердің көмегімен ғана іске асырады.

Оқушылар әрекетінің күрделенуі, тәжірибесінің молая түсуі зейінінің тұрақталуына, әдейі есте сақтау процесінің дамуына, көру, есту және сезу түйсігінің жетілуіне мүмкіндік береді. Сөздік қоры дамып, сөйлеген сөзі үйлесімді, дәйекті бола бастайды. Өз тілегін үлкендердің оқушылар ұжымының тілегіне бағындыра білу қабілеті, жауапкершілік сезімінің кейбір нышандары көрініс таба бастайды.

Ойлауы әлі де көмескі, тұрақсыз болғанымен, өлең ырғағын келтіруге, сурет салу мен жапсыруда бейнелердің ерекшелігін көрсетуге тырысады. Көркем шығармакейіпкерлеріне тілектестік білдіруі, оның мазмұнынан әсер алу қабілеті айқын байқалады. Оқушының өзіне-өзі қызмет ету дербестігі көбірек дамиды. Бұл кезде міндет баланың алдына сөзбен емес, ойын формасында қойылса, кішкентай өзгерістің өзін алыстан-ақбайқайды. Балалардың осы ерекшеліктерін дамытудың негізгі шарты – баланың жасына лайықты оқыту ментәрибелеудің тиімді әдіс-тәсілдерін тандап ала білу.

Осы жас шамасында балада өз әрекетін жоспарлау ойын нақты түрде білдіріп, іске асыра білу пайда болады, жай талпынудан, ниет білдіруден өз мақсатын, оған жетудің, тәсілдерін де түсіне бастайды. Бала барлық өз әрекетінде ісінің нәтижесін көруге талаптанады. Сондықтан тез нәтиже беретін іс-әрекетті жасату керек. Бұлар не істесе де өзі үшін істейді. Қоғам пайдасын істеу мотиві олар үшін әлі де тиімсіз болып табылады.

Кіші мектеп жасындағы оқушы дербестікке талпынғанымен, іс-әрекетінде сәтсіздіктерге жиі кездеседі. Сәтсіздік сенімсіздікке ұрындырады. Сондықтан олардың әрекеттегі дербестігі ересек адамдар тарапынан қолдау тауып отыруы қажет.

Ендеше дербестік балаға жаңа білімді игеру үшін ғана емес, өзінде бар дағдысын, іскерлігін жетілдіре түсу үшін де қажет. Бала белгілі бір міндетті орындау тәсілін меңгергенде ғана дербестік көрініс табады.

Дербестікті дамыту жан ашу, ниеттестік білдіру, өзара көмектесу, дұрыс қарым-қатынас жасаумен тығыз байланысты. Олай болса, дербестікті дамытуда адамгершілік қасиеттерді бекіту мәселесі іске асады.

Оқушылардың осындай даму ерекшелігін ескере отырып, тәрбие бағдарламасы еңбектің төмендегі түрін ұсынған:

1) қоғамдық еңбек; 2) тұрмыстық-шаруашылық еңбек; 3) табиғат аясындағы еңбек; 4) ұжымдық еңбек; т.б.

Еңбек әрекетінде балаларды дербестікке баулу ересек адамдардың еңбегімен таныстыру, еңбек адамдарының, еңбек әрекеттерінің атын атай білу, қарапайым еңбек тапсырмаларын үйрену үстінде адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру үшін бағдарламада берілген әдеби шығармалар аздық етеді. Бағдарламаға енген шығармалар моральдық ережелер туралы, білім мен адамгершілік қасиеттер жайлы аздаған ғана мәлімет береді. Сол шағын мәліметтер мен түсініктерді бекітуге бағдарламалық шығармалар толық жеткілікті бола алмады. Өйткені, игерген қарапайым түсініктерді бірнеше ретқайталау, саналы түсіну, дербес тапсырмаларды өздігінен орындауға әрекет ету үшін белгілі мөлшерде жаттығу жұмысы қажет болады.

Сондықтан міне, бастауыш сынып оқушыларының жоғарыда аталған өзіндік ерекшеліктерін, еңбектерінің түрлерін ескере отырып, олардың сабақта шалалау меңгерген үлкенді сыйлау, құрметтеу, кішіпейілділік, мейірімділік, әдептілік көрсету, қамқор болу, еңбектің барлық түріне дұрыс қарау сияқты адамгершілік қасиеттерін бекіту қажет. Сонда аталған қасиеттер баланың күнделікті машығына, табиғи қасиетіне, өмір қажетіне айналып, бойына толық сіңеді. Ол үшін «Бағдарламадан» тыс қосымша жаттықтыру, бекіту құралдары керек. Міне, осындай тәрбие құралдарының ең әсерлісі - адамгершілік, еңбек тақырыбына арналған көркем шығармалар, әндер, моральдық ережелер екенін тәжірибелер дәлелдеп отыр. Оқушылармен өткізілетін эксперимент жұмысының алдында біз адамгершілік, еңбек тақырыбына арналған бағдарламалық шығармалардың мазмұнына сәйкес қалыптастырылатын адамгершілік қасиеттер анықталды. Оларды сабақта тәрбиелік мақсат қоя отырып оқытудың жоспарын жасап, өту процесін бердік.

Бұл шығармалардың мазмұны мен идеясы арқылы еңбек процесінде балалардың дербестік, ұқыптылық сияқты мәдени-гигиеналық дағдыларын, кішіпейілділік, сыпайылық, тәртіптілік,

үлкенді сыйлау, қамқорлық, көрсету тәрізді адамгершілік қасиеттерін бекітіп еңбекке ынтасын арттырады деп тұжырымдадық.

Еңбекке тәрбиелеуді атап айтсақ, жауапкершілік, мақсаттылық аз мөлшерде қалыптасқан. Ал мәдени-гигиеналық дағдылардың қалыптасқанын көрсеттін цифрлар әлдеқайда жоғары.

Осыларды анықтау үшін жүргізілген тексеру кесіндісінде балалардың мінез-құлқын, адамгершілік қасиеттері мен мәдени-гигиеналық дағдыларын көрсететіндей педагогикалық жағдай тудырылды. Мысалы, баланың дербестік, тазалық, ұқыптылық сияқты гигиеналық дағдысының қалыптасқанын анықтау үшін балалар жанбырдан соңғы шалшықтың жанынан өткізілді. Сонда таза, ұқыпты, дербес балалар шалшықты баспай өтуге, аяғын былғамай айналып өтуге тырысты. Ал, аталған дағдылары қалыптаспаған балалар шалшықтың кездескеніне қуанып, әдейі кешіп, аяғымен теуіп шашыратты, ал жеткіліксіз қалыптасқан балалар оларға көмектесіп, шалшық пен балшыққа тиіп-қашып, өзгелерді итеріп ойнады. Мақсаттылық, ұқыптылық сияқты еңбекке тәрбиелеу дәрежесін тексеру үшін «Суретті бояймыз» деп аталатын ситуация тудырдық. Бұнда бояулардың бірі - қызылы балаларға аз мөлшерде таратылған. Бояудың аздығына қарамастан, оқушылардың алдына қызыл бояуды әрі үнемді пайдалану, әрі суретті әдемі бояу, әрі қызыл бояуды үстелдегі 4 балаға түгел жеткізу шарты қойылды.

Суреттін, боялу сапасына қарап, мақсаттылық қасиетінің қалыптасқан, қалыптаспағанын, ал қызыл бояуды пайдалану кезіндегі іс-әрекетті (қызғаншақтық жасап бояуды өзіне тартуы немесе бояуды көбірек батырып алуға тырысуы, немесе өзгеге де жетсін деп бояуды досына қарай ысырып қоюы) бақылап, қамқорлық қасиетінің қалыптасқан, қалыптаспағаны анықталды.

Мақсаттылық, жауапкершілік қасиеттерінің қалыптасқан, қалыптаспағанын тексеруде балалармен ойын-сұрақ ұйымдастырылды: «Саяхатшы демалатын жерге тез жету үшін қандай жолды таңдап алады?» Аталған қасиеттері қалыптасқан бала саяхатшыға қысқа жол табуды іздестірді. Ойынның соңына дейін тапса да, таппаса да, кетіп қалған жоқ, күтті. Ал, аталған қасиеттері қалыптаспаған балалар ашуланып ойынды тастап кетті.

Аталған қасиеттері жеткіліксіз қалыптасқан балалар, жеткен «табысын» місе тұтты да, әрі қарай ойланудан бас тартты [1, 32 б.].

Тәртіптілік сияқты адамгершілік қасиетін тексеру үшін «балалар кино залында» ситуациясын жасадық, диафильм басталғанша, балаларға белгілі мөлшерде бос уақыт берілді. Диафильмнің басталуын күту процесінде балалардың көпшілігі тәртіптілік қасиетін бекігенін көрсете алмады: шулады, бір-бірімен қатты-қатты сөйлесті, орындарынан әрі-бері қозғалды. Балалардың тек азғана бөлігі фильмнің басталуын сабырмен, іждағатты түрде күтіп отырды.

Бұдан біздің байқағанымыз қандай да болмасын адамгершілік қасиеттердің қалыптасқандығын тексеру де баланың мінезін білу үшін сөзсіз қажет екен. Өйткені, баланың мінезі белгілі дәрежеде «шек кою» ролін атқаруы, немесе белгілі бір адамгершілік қасиеттің көрініс табуының стимулы (ынталандырушы) болуы мүмкін. Бала моральдық ережені білмей-ақ кино залында тыныш отыруы мүмкін, себебі ол мінезі жағынан салмақты, ойшыл типке жатады. Ал, жанындағы құрдасы моральдық ережені біле тұрып-ақ, темпераментіне (холерик, сангвинник, меланхолик, флегматик) байланысты оны орындамауы ықтимал. Бұл да қалыптасып болған қасиет емес. Бақылау тексеруден тағы бір байқағанымыз, шығармадағы жағымды кейіпкерлер, Еңбек Ерлері, мал шаруашылығы, төрт түлік мал туралы түсініктері үстірт әрі нақты емес екендігі. Тексеру нәтижесін анықтап алып, біз көркем шығармаларды балалардың еңбек әрекеті процесінде пайдалана отырып, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру экспериментіне кірістік. Қалыптастыру эксперименті екі кезеңде өтті

Бірінші кезеңнің мақсаты – бастауыш сынып оқушыларымен жүргізілетін жұмыстардың барлық 228 кезеңіне көркем шығарманы жүйелі түрде енгізу арқылы адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру. Мұнда негізгі күш еңбек процесінде баланың санасына сөз арқылы әсер ету мәселесіне бағытталды. Біз адамгершілік және еңбек тәрбиесінің бір-бірімен логикалық байланыстылығын ескердік. Тәрбиеші оқушылардың еңбек әрекеті процесінде қолданылатын көркем әдебиет текстерін таңдап алып, оларды әсерлі жеткізудің әдіс-тәсілдерін белгіледі. Мысалы, оқушылардың тірі табиғат бұрышын-да жануарларды күтіп, баптау еңбегінен соң, мұғалім М.Төрежановтың «Алғыс» атты әңгімесін оқып берді. Әңгіменің артықшылығы балалар еңбектің нәтижесін байқай білуге, еңбек адамын сыйлап, оның еңбегін бағалауға үйретті. Қасым мен Қасен деген екі бала мектепте еңбек етіп жүрген мамасының берген дәмді помидорын жеп болған соң, мамасына «рақмет» айтады Мамасы оларға: «Рақметті помидор өсіп тұрған бақшаға

айтындар»,- дейді. Бақша: «Қара топырақты жерге айтындар», - дейді. Жер жаңбырға, жаңбыр күнге, күн еңбек адамына айтындар, - дейді. Шығарма балалардың еңбек адамының істеген ісін бағалай білуге, оларды құрметтеуге үйретті. Балалардың жауаптарынан мысал келтіре кетейік:

Арман: Қасым мен Қасен рақмет айтты. Жерге рақмет айтты, күнге рақмет айтты.

Сәуле: Жаңбырға рақмет айтты, мамасына рақмет айтты, еңбек еткен адамға рақмет айтты т.б.

Оқушылардың еңбекке, еңбек адамдарына дұрыс қа тынасын, құрмет сезімін бекіту үшін түскі ұйқыдан кейінгі сырттағы еңбек процесінде мұғалім М.Әлімбаевтың «Он саусақ» өлеңін оқып берді (екі шумақ). Балаларға қолдағы он саусақтың не үшін қажет екенін анық білуге мүмкіндік тудырды. Еңбек ету үшін он саусақ керек-ақ, бір саусақпен ештеңе бітіре алмайсың, жалғыз саусақ жұмысты тындыр-майды, екі саусақпен «жіпті де, инені де» ұстауға болады, ал үш саусақ біріксе, қолың әлдеқайда орамды да, икемді, жазуға да, сурет салуға да ыңғайлы келеді, ал он саусақ біріксе, жол салуға да, қала салуға да болады. Тіпті, еңбектің барлық түрі екі қолдағы он саусақ арқылы атқарылады. Ән балалардың ұғымына, айтуына ыңғайлы. Сол сияқты «Қуыршағым-әлдиім» әні – кіші оқушылардың қуыршақпен ойнап отырып, тыңдайтын, ыңылдап қосыла отырып айтатын көңілді әні. Бұл ән балалардың тыныш отырып ойнайтын кезінде магнитофоннан тыңдатуды, оған қосылып ыңылдап айтуды көздейді. Салмақты, сабырлы, баяу көңіл күйін тудырып, қуанышқа бөлейді. Бұл жастағы балалардың ойлары көмескі, тұрлаусыз болғанымен, ән әсерін түсінеді, әуеннің ырғағын келтіріп айта отырып, қуыршақты ретімен киіндіру, шешіндіру, аялауға, әлдилеуге үйретеді [2, 45 б.].

Біз тәрбие жұмысында балаларды үлкендердің еңбегімен, мамандықтың түрлерімен, мазмұнымен таныстыруға, олардың еңбегімен қоғамдық мәнін ұғындыруға, ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы еңбегіне балаларды қызықтыруға тырыстық. Осы міндетті іске асыру барысында программалық шығармаларды да ескердік және қосымша әдеби материалдар да алынды.

Бастауыш сыныпта көркем шығармаларды сабақта және еңбек әрекетінде оқушыларға өткізген жұмыстарды эксперимент арқылы талдап, жинақтап жалпылаудан, біздің сезіп отырғанымыздай, таңдап алынған көркем шығармалардың мазмұны үлкенді сыйлау, еңбек адамын құрметтеу, бағалау, әдептілік, мақсаттылық, жауапкершілік, қамқорлық сияқты адамгершілік қасиеттер мен дербестік, ұқыптылық, тазалық, реттілік т.б. мәдени-гигиеналық дағдыларды бекітуге үлкен мүмкіндіктер беретінін байқадық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Жас ұрпаққа адамгершілік - эстетикалық тәрбие беру концепциясы // Қазақстан мұғалімі газеті, 11.08.1998. -26

2.Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты /Жалпы бастауыш білім/. Алматы: РКБ, 2003 - 46-58 б.

ӘОЖ 371.120.03

БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН ДАМУЫНЫҢ ЖОЛДАРЫ

АЛИЕВА Ш.У.

№40 гимназияның бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Данная статья предусматривает пути развития профессионального мастерства учителей начальных классов.

Summary. This article provides ways to develop the professional skills of primary school teachers.

Егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, жігерлі де батыл, өзіне-өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік, дүниетанымы дұрыс қалыптасқан азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны айрықша. Мектеп қазіргі қоғамның дамуымен, әлеуметтік практикамен

тығыз байланысты. Мектеп өмірі балаға жаңа әлемнің есігін ашып беріп, рухани дүниесінің қалыптасуына негіз салады.

Тәрбиенің сан салалы, күрделі мәселелеріне терең бойлауға бастайтын, күнделікті тұрмыста кездесетін дағдылар арқылы баланың жан дүниесіне әсер ететін білім мен тәрбиенің алғашқы баспалдағы – бастауыш сынып. Бастауыш саты – білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы болып табылады. Келешекте жалпы білім алу мен кез келген арнаулы мамандықтарға талпынудың іргетасы осы бастауышта қаланбақ. Сондықтан, оның сипаты мен мазмұны, оқытудың әдістері мен формалары қазіргі жағдайда жан-жақты талданып отыр. Өйткені, баланың жеке бас қасиеттері, оның адамгершілігінің, белсенділігінің қалыптасуы мектепке дейінгі тәрбие мен бастауыш сыныптарда жүзеге аспақ. Оқушының рухани күш-қуаты мен ерік-жігерінің, шығармашылық қабілетінің, жалпы мүмкіндіктерінің ашылар кезі. Бастауыш мектептің негізгі міндеті – жеке тұлғаны дамытып, оның алғашқы қалыптасуын қамтамасыз ету, білімге деген сенімін нығайту, іскерлігі мен дүниетанымын қалыптастыру, оқуға деген қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру болып табылады. Ендеше, осы міндеттерді жүзеге асыратын басты тұлға – Ұстаз. Тек мықты ұстаз ғана осындай ауыр жүкті алып жүре алады.

Алдыңғы қатарлы тәжірибені жетілдіре отырып, оқу үрдісіне жаңа әдіс-тәсілдерді, оқытудың жаңа технологияларын енгізіп, оқушылардың жалпы дамуын қамтамасыз етуі керек. Бала жаны жаңалыққа құмар, білмегенін білгісі келіп, белгісіз нәрсені ашуға тырысатын болғандықтан, бастауыш сынып мұғалімі олардың осы талпынысын дамытуға көңіл бөлуі тиіс. Оқушылардың сүйіспеншілігін арттыру мақсатында сабақ барысында тиімді әдіс-тәсілдерді енгізіп, оны ұйымдастыру формасын түрлендіріп отыру – мұғалімнің басты міндеті екені белгілі. Мұндай жағдайда мұғалімнің шеберлігі, ұйымдастырушылық қабілеті үлкен рөл атқарады.

Шығармашылықпен жұмыс істейтін педагог әр сабаққа әрдайым дайындалады, оқушылардың нақты құрамы мен еңбек жағдайларына бейімделе отырып, тақырып бойынша өз білімдерін жүйеге келтіреді.

Жаңа адамды қалыптастыру міндеттерінің әртүрлілігі мен күрделілігі педагогикалық шеберлік мәселелерін қазіргі заманғы тәрбие теориясы мен практикасы үшін ерекше өзекті етеді. ХХІ ғасырдың білімі адамның еркін дамуына, шығармашылық бастамаға, тәуелсіздік пен бәсекеге қабілеттілікке бағытталған. Осының барлығы оқу орындарының алдына болашақ білікті жұмысшылар мен мамандарды оқыту, тәрбиелеу және дамыту сапасы мен тиімділігін арттыру бойынша жаңа міндеттер қойды [1]. Бұл міндеттерді сәтті жүзеге асыру оқу процесінің жоғары деңгейіне, педагогикалық кадрлардың жоғары кәсіби деңгейіне байланысты мүмкін болады.

Педагогикалық қызмет тек сандық өлшемге ғана емес, сонымен қатар сапалық сипаттамаларға да ие. Мұғалім жұмысының ерекшелігін оның қызметіне, сондай-ақ оның шеберлігіне шығармашылық көзқарасының деңгейін анықтау арқылы бағалауға болады.

Педагогикалық шеберлік – бұл педагогикалық процестің жоғары тиімділігін анықтайтын жеке және кәсіби қасиеттер мен жеке қасиеттердің синтезі.

Бастауыш сынып мұғалімі үшін басқа мұғалімдерге қажет емес ерекше қасиеттер қажет. Бұл, мысалы, жеке тұлғаның бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс істеуге педагогикалық бағыты, балаларға деген сүйіспеншілік емес, бастауыш сынып оқушыларына деген тұрақты қызығушылық, олармен қарым-қатынас жасау, оларды оқыту және тәрбиелеу үрдісі. Жас оқушылармен жұмыс істеу үшін қажет білімнің, дағдылардың ерекше бөлігі. Бұл ерекше қасиеттер тобына бастауыш сынып мұғалімінің пәндік-академиялық қабілеттерінің неғұрлым кең сипаты (спектрі), атап айтқанда жаратылыстану - математикалық, лингвистикалық және музыкалық-көркемдік пәндерге қабілеттердің үйлесімі кіреді. Сондықтан бастауыш сынып мұғаліміне педагогикалық шеберлікпен үнемі жұмыс жасау, қол жеткізген жетістіктермен тоқтап қалмау, керісінше өз жұмысына жаңа және қызықты нәрсе қосу өте маңызды деп саналады. Отандық ғалымдар мен дәстүрлі оқыту педагогтерінің жетістіктерін өзінің педагогикалық практикасына енгізуді және оларды заманауи білім беру тәсілдері мен әдістерімен ұштастыруды үйрену өте маңызды [2].

Бастауыш сынып мұғалімінің шеберлігі – бұл жеке мәдениеттің, білімнің және педагогикалық техникасы мен озық тәжірибесі бар мұғалімнің көкжиегі. Шеберлікті игеру үшін Сіз теорияны білуіңіз керек, оқу процесінің тиімді технологияларын қолданыңыз, оларды белгілі бір жағдай үшін дұрыс таңдап, диагноз қойыңыз, болжаңыз, белгілі бір деңгей мен сапа процесін жобалаңыз, оны барлық, тіпті қолайсыз жағдайларда да ұйымдастырыңыз. оқушылардың тәрбиесі, дамуы мен білімінің қажетті деңгейіне жету. Нағыз бастауыш сынып мұғалімі әрқашан кез-келген

сұраққа стандартты емес жауап таба алады, оқушыға ерекше көзқараспен қарап, оған қызығушылық танытып, оны қызықтыра алады. Сондай-ақ, бастауыш сынып мұғалімі өзінің жеке педагогикалық стилін дамытуы керек, ол өзінің әдістерін ұсынады, оларды шебер таңдау оқу процесіне әр түрлі әсер етеді және оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту жөніндегі міндеттерді табысты орындау – шешуші дәрежеде педагогтардың кәсіби және педагогикалық деңгейімен айқындалады. Бұл олардың педагогикалық біліктілігін қалыптастыру мен дамытудың жақсы ұйымдастырылған жүйесін қажет етеді.

Педагогтер педагогикалық даярлықты түрлі жолдармен: педагогикалық біліктілікті арттыру жүйесі арқылы, жұмыс бойынша әріптестерінің тәжірибесін зерделеу жолымен, сондай-ақ педагогикалық өздігінен білім алу жолымен алады. Ең тиімді тәсілдер мен формалар – озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, педагогикалық өзін-өзі тәрбиелеу. Озық педагогикалық тәжірибе – жаңа педагогикалық фактілерді ашатын, педагогикалық ғылым мен мектеп практикасында бұрын белгісіз жаңа педагогикалық құндылықтарды құратын немесе балаларды оқыту мен тәрбиелеудің қазіргі заманғы міндеттеріне қатысты оқу-тәрбие жұмысының қолданыстағы нысандарын, әдістері мен тәсілдерін айтарлықтай өзгертетін мұғалімдердің шығармашылық ізденісінің нәтижесі [3].

Сабақтың жоспары жақсы құрылған болса да, оны сыныпта өткізген жағдайда, егер де уақыттың тәртібі бұзылатын болса сәтсіздікпен аяқталуы мүмкін. Сабақты жүргізуге 45 минут беріледі, оған жоғары педагогикалық нәтижесін пайдалану қажет. Сондықтан сабақтың барлық бөліктерін жүйелеу және оны белгілі ырғақпен өткізу керек.

Сабақтың басында «ұйымдастыру сәтіне» көп уақыт бөлмеу керек. Мектептерде бірыңғай талап етуіне байланысты балаларды I сыныптан бастап сабаққа дайындауға үйретеді. Сабақты жүргізу кезінде жаңа материалмен танысып, дереу кірісу керек. Ең алдымен тақырыпты қысқа айтып кету керек және мазмұнындағы сұрақтар немесе мәселелерді қою қажет. Көбінесе сабақтың басында оқушылардың үй тапсырмасын тексереді, оған сабақтың жартысындай кетеді. Мұғалім тақтаға шығарылған оқушымен әңгімелеседі, ал сынып оқушылары бұл уақытта бос отырады. Бұл мұғалімнің үлкен қатесі. «Мұғалім еш уақытта ұмытпауы қажет, алдында сынып оқушылары бар екенін. Мұғалім әрқашанда, бүкіл сынып оқушыларының жұмыс істеп отырғанын қадағалау керек және бүкіл сыныпты мұғалім қызықтыру керек, балалар жақсы білім алу үшін» – В.В.Половцов айтуы бойынша.

Жалпы білім беруде мектеп оқушыларының білім сапасын арттыру бастуыш сынып мұғалімдерінің кәсіптік бейімделуінің табыстылығы жақсы ұйымдастырылған әдістемелік көмек, теориялық семинарлар, педагогикалық оқулар т.б. әдістемелік іс-шараларға байланысты. Соған сәйкес мектебімізде мұғалімнің кәсіби шеберлігін қалыптастыруда төмендегідей шаралардың жүзеге асырылуын назарда ұстайды:

– Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін диагностикалау;

– Бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін көтеруін болжау, жоспарлау және ұйымдастыру, оларға үздіксіз білім беру жүйесінде ұйымдастыру, әдістемелік көмек беру, бұл жұмысты білім беру ұйымдарының облыстық оқу-әдістемелік кабинетімен және білім қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін көтеру институтымен бірге үйлестіру;

– Оқыту үдерісіне оқытудың жаңа әдістері мен технологияларын енгізу бағытында іс-шаралар ұйымдастыру;

– Білім беру мекемелерінде педагогикалық тәжірибені анықтау және бағалау. Аудан көлемінде білім беру жүйесін дамыту мақсатында педагогикалық тәжірибені қорыту және тарату [4].

Бастауыш сынып мұғалімдерімен жұмыс жеке және топтық түрде жүргізіледі: кеңес беру, сабақ, сабақтан тыс шараларды сараптау, сынақ ұйымдастыру, шығармашылық топ, әдістемелік бірлестік отырыстарын, ғылыми-практикалық конференцияларды, педагогикалық тәжірибе мектептерін, кәсіби шеберлік байқауларын ұйымдастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Өстемиров К. Оқыту құралдарын тиімді пайдалану негіздері. – Алматы, 2017.
- 2.Бизязева А.А. Психология думающего учителя. Педагогическая рефлексия. – Алма-ата, 2014.
- 3.Дүйсембінова Р.Қ. Кәсіби педагогика: Оқулық. – Алматы, 2019ж.

ӘОЖ 371.326.78

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҮЛГЕРМЕУШІЛІК СЕБЕБІН БОЛДЫРМАУ ЖОЛДАРЫ

РАЙСОВА Н.Т.

Ш.Смаханұлы атындағы №44 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье обсуждены способы предотвращения причин неуспеваемости учеников начальных классов.

Summary. The article discusses ways to prevent the causes of failure of primary school students.

Бастауыш сынып мұғалімінің құзыреттілігін дамыту – нәтижелі білім беру факторының бірі. Жүсіпбек Аймауытовтың «Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен, ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне, білімділердің көздейтін түпкі мақсаты – осы.

Ұстаз осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек» деген дана сөздері біздерге, яғни бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған сияқты. Біз қалай бала келешегіне жол салсақ, оның болашағы сондай болмақ екенін бәріміз жақсы білеміз. Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «Білім – біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік — сол білімдіске асыра білу дағдысы», – деген екен.

Расында да, болашақтың бүгіннен де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде. Оқушыларға ғылым негізін үйретіп, адамгершілікке тәрбиелейтін мектеп ішіндегі негізгі тұлға – мұғалім. Осы жерде менің ойыма Ахмет Байтұрсынұлының «Мектеп жаны – мұғалім», «Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады» деген дана сөздері оралады. Мектеп есігін ашқан жеткіншекті мәдениетті, қажырлы және табанды етіп қалыптастырады.

Мұғалім сынып оқушыларының толық үлгерімі жолында күш - жігерін салып еңбек еткенде ғана, бұл міндеттерді орындай алады. Мұғалім өзінің барлық білігі мен білімін бүкіл оқу-тәрбие ісіне дұрыс ұйымдастырып, тиімді жүргізуге жұмсайды. Осы жерде мен ой қозғау стратегиясы арқылы мына сұрақтарға көңіл аударуды ұсынамын:

1. Оқушы үлгерімін қалай жақсартуға болады?
2. Оқушылардың сабақты үлгере алмауының себебі қандай?
3. Ол себептерді анықтап, жоюға бола ма? Менің ойымша жоюға болады деп есептеймін.

Оқушының сабақты нашар оқуының, сабақты үлгере алмауының басты себебі, оқыту жүйесінің сапасыз болуында. Педагогикалық талаптар мен әрбір пәнді оқыту әдістемесін шебер де толық қолданбаса, оқу жұмысы дұрыс ұйымдастырылмайды. Оқушылар өтілген материалдарды толық түсінбейді, үйге берілген тапсырманы орындап келе алмайды, не шала орындайды. Оқушының қатардан қалып қоюы әуелде уақ- түйектен басталуы мүмкін. Мысалы, оқушы сабақтың дұрыс өткізілмеуі себепті, өтілген материалдардың біраз жерін түсіне алмай қалады, болмаса көмескі түсінеді.

Көпшілік оқушының үйінде түсінбегенін сұрап алатын кісісі болмайды. Осылардың салдарынан оқушы материалдарды меңгере алмайды. Жаңа сабақ өткен материалдарға негізделіп жүргізілетіндіктен, оны да шала түсінеді. Сонымен біртіндеп оқушы бағдарламаның бір бөлігін шала түсінген немесе мүлде түсінбеген болып шығады. Осыдан келіп оқушының сабақты үлгермеушілігі келіп туады [1].

Екіншіден, сабақ әдістемелік жағынан дұрыс өткізілсе де, бірақ, кейбір оқушылар сабаққа ынта қоймай, басқа жұмыспен айналысып (тәртіпсіздік жасап) не алаң көңіл болып отырады. Мұғалім мұндай оқушыларды байқамай қалады да, олар ақырында сабақ үлгермеушіліктерге айналады. Сабақтың сапасыз өтуі – мұғалім білімінің жеткіліксіз, тәжірибесінің кем, әдістемені жете меңгермегенінен болады. Дайындықсыз сабақ – қашан да нашар өтеді. Бұл да үлгермеушілікке айналады.

Сабақты үлгермеудің тағы бір себебі – мұғалім оқушының білім көлемін жиі - жиі тексеріп, есепке алмағандықтан, оқушының нақтылы білімін саралап анықтамайды. Ережелерді құрғақ жаттауына жол береді. Сабақ үстінде жаттығу жұмысын кем жүргізеді. Содан барып оқушылар білгенін, үйренгенін іс жүзінде қолдануға қиналады. Оқушылардың сабақты үлгермеуінің тағы бір себебі – үйге тапсырма беру мен оны тексеру, әдістеменің дұрыс болмауы. Өйткені, кейде үйге берілген тапсырманың саны мен сапасына жете көңіл бөлінбейді, тапсырма мөлшерсіз, үстірт, қалай болса солай беріле салады. Сол себепті оқушы түсінбей қалады да, үйге барғанда орындай алмайды немесе шала, қате орындайды. Осындай бір-біріне ұласқан кемшіліктерден келіп үлгермеушілік шығады [2].

Оқушының сабақ үлгермеуінің басқа бір себебі – мұғалім оқушының ата - анасымен тығыз байланыс жасамайды. Біріншіден, ата- ана оқуға қажетті жағдайды өз дәрежесіне туғызбайтындықтан, баласы сабаққа даярлана алмайды. Оқушының сабаққа көп келмей қалуынан (не ауырып қалып) өткен сабақты білмеуінен де күн тәртібінің болмауынан болған күнде де оны дұрыс орындамауынан үлгермеушілік шығады.

Сабақты үлгермеушілік – оқушының денсаулығына да бірден-бір байланысты. Оқушының бір жері ауырып отырса, сабаққа ықыласы болмайды. Не болмаса сынып ауасы жиі тазартылып тұрмаса да, оқушының көңілі сергек болмайды, тез шаршап, бойлары ауыр тартады, өтілген сабақты жөнді ұқпайды. Оқушылардың сабақты үлгермеушілігінің және бір себебі, оларға бір-біріне жолдастық көмектің дұрыс ұйымдастырылмауынан, ұйымдастырылған күнде әрбір оқушының меңгере алмаған тақырыбына ғана нақтылап көмектеспей жалпылама қосымша сабақ түрінде өткізілуінен. Сабақты үлгермеушіліктің тағы бір себебі – сыныптағы оқушы санының көп болуы, оқулықтың толық жетіспеуінен де. Енді оқушылардың сабақты үлгермеу себептерін біліп алғаннан кейін, негізгі мақсат – оны болдырмаудың жолдарын көрсетуге тырысайық. Озат мұғалімдердің тәжірибелері сыныптағы оқушылардың сабақ үлгерімін толық қамтамасыз етуге болатындығын әлде қашан шешкен. Демек, барлық оқушының сабақты жақсы оқуын қамтамасыз ету – әрбір мұғалімнің қолынан келетін іс.

Біріншіден, әрбір оқушыға сабақ барысында берілетін сұрақтарды алдын ала ойлап қою керек, тапсырманы да әрбір оқушының күші мен қабілетін ескере отырып, берген жөн.

Екіншіден, мұғалімнің сабаққа ұқыпты даярлануы және сабақты сапалы өткізуінің жолдары мен әдістері үлгермеушіліктің болдырмау себептерінің бірі болып саналады. Үшіншіден, сабақ барысында оқушыларды қызықтыра білуі, дидактикалық материалдармен жұмыс, жарыс ұйымдастыру, топпен жұмыс, көрнекі-құралдарды көп қолдану.

Төртіншіден, оқушылардың үйде орындап келген жұмысын мұғалім үнемі қадағалап, тексеріп отыратын болса, олар үйге берілген жұмысты тыңғылықты етіп орындауға дағдыланады. Бұл әдіс жалқау оқушыға да қозғау салып, тапсырманы дұрыс ұқыпты орындауға міндеттейді. Үй тапсырмасын тексергенде, оқуы нашар, сондай-ақ, тапсырманы қалай болса солай орындайтын оқушылардың дәптерлерін жиі-жиі тексеру керек, сонымен қатар өзіне бөлек дәптер бастату. Бұл әдіс артта қалғандарды оқуға талаптандырып, олардың белсенділігін жақсартады.

Бесіншіден, ата-ананың қадағалауы, қосымша сабақтар, сыныптан тыс жұмыстарды жолға қою, үйге тапсырылған жұмысты жақсы орындаған оқушыларды дәріптеп, көтермелеу, басқаларға үлгі етіп көрсету – үлгерімі төмен оқушыларды сабаққа ынталандырудың бірден-бір әдісі.

Алтыншыдан, өткен материал жөніндегі оқушылардың ұғымын тексерудің тиімді жолдарына тоқталу. Жеке оқушыны тақтаға шақырып, тиісті сұрақтарға жауап алу. Мұғалімнің оқушыға берген сұрағы дәл, анық, ұғымды болғаны дұрыс. Мұғалім оқушының берген жауабының тек мазмұнына ғана көңіл аударып қоймай, тіліне де, сөйлемді құрастырып дұрыс айта білуіне де көп көңіл бөлуі керек. Оқушының тілін тек дұрыс сөйлеу, ойлау арқылы ғана дамытамыз. Бұл оқу, ана тілі сабақтарында ғана емес, барлық пәндерге де ортақ міндет [3].

Жетіншіден баға қою – өте жауапты кезең. Бағаны дұрыс қоймау оқушыларға үлкен кері әсер етеді. Бұның тәрбиелік және оқушылардың сабақты дұрыс оқулары үшін маңызды екендігін мұғалімдер ұмытпауға тиіс. Әр уақытта оқушылардың жауабына сәйкес өткен материалға қысқаша қорытынды жасап отыру – олардың білімін нығайтуға пайдасын көп тигізеді.

Сегізіншіден, жаңа тақырыпты түсіндіру. Оқыту жұмысының нәтижелі болуы – материалды дұрыс түсіндіруге және сабақты дұрыс жабдықпен өткізуге байланысты. Тоғызыншы, бұл сабақ үстінде әдіс-тәсілдерді өзгертіп, түрлендіріп отыру, оқушылардың сабақ үстінде өз бетінше істейтін жұмыстарымен жаттығу жұмыстарын тиімді етіп, түрлендіріп жүргізу – олардың сабаққа белсене қатысуына жол ашады.

Күнделікті сабақ барысында кей пәндерден үлгерімі төмен оқушылар кездесіп жатады. Сондай оқушылармен мысалы: қазақ тілі пәні бойынша түрлі жеке жұмыс түрлерін жүргізуге болады. Үлгермейтін оқушыларға қазақ тілі сабағында қазақтың төл дыбыстары ұ мен ү, ң мен н, ы мен і дыбыстары арасындағы ұқсастықтар қиындық туғызады. Осы қиындықты жою үшін әр сабақта жаттығу жұмысынан кейін міндетті түрде оқушы сөйлем ішінен осындай дыбыстарды тауып, сөздерде қолданылуына мән бергізіп, әр түрлі жаттығу тапсырмаларын орындату керек.

Бақылау жұмыстарын тексергенде жұппен жұмыс жасаймыз. Балалар жұпта бақылау жұмыстарын бір-бірімен салыстырып, бір-бірінің қателерін тауып алады және бір-біріне түсіндіреді. Бұл ізденісте қабілетті оқушылар үлгерімі төмен оқушыларға көмектеседі, жұппен жұмыс істелінеді. Оқушылар қателерін тауып түзетеді, теріс жазған себебін анықтайды, ереже шығарады, дәлелдейді. Мұндай жұмыс тәсілі оқушыларды бірінің жауабын бірі тыңдауға, мәдениетті қарым-қатынас жасауға тәрбиелейді. Оқушының есте сақтау қабілетін, сауатты жазу дағдысын қалыптастыру үшін көшіріп жазу, ереже жаттау әдісі де оқушыға өте тиімді.

Қорыта айтқанда, сабақта әртүрлі грамматикалық тапсырмалар қолдану фонетикалық, морфологиялық талдаулар жасау, диктант түрлерін жүргізу, қатемен жұмысты ұйымдастыру, көшіріп жазу және ереже жаттау әдістері жақсы нәтиже береді. Әрқандай мадақ жеке тұлғалық ерекшеліктерді ескерумен беріледі. Өзіне сенімі жоқ, үлгерімі төмен оқушыны қолдап, қуаттау қажет. Қандай да ұнамды сапасын танып, педагог сол арқылы балада сенім оятады, ұмтылыс пен дербестік, кедергілерден сескенбеу қасиетін баулиды. Өзіне тәрбиешітөңірегіндегі адамдар сенімін артқан бала, өз кемшіліктерін де «жүгендеп», оңды жолға түсе бастайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаева Р.М. «Педагогика». – Алматы, 2002 ж.
2. Рувинский Л.Ш., Кон-Коли В.А., Гришин Д.М. «Мамандыққа кіріспе». – Алматы, 2014
3. Маханбетова Э. «Үлгермеушілікті болдырмау жолдары». «Қазақстан мектебі», №6-2012ж.

УДК 371.459.29

РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ УЧАЩИХСЯ ЧЕРЕЗ РАЗНООБРАЗНЫЕ ФОРМЫ И МЕТОДЫ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

АЗИМБАЕВА ШУТЫЛА

ученица 6 класса школы-гимназии №1,
Республика Казахстан, Жамбылская область, Байзакский район
ДУЙСЕНБЕКОВА Р.Е.

учитель русского языка и литературы школы-гимназии №1,
Республика Казахстан, Жамбылская область, Байзакский район

Түйіндеме. Мақалада орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында әр түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдары қарастырылған.

Summary. The article examines the development of students' creative abilities through a variety of forms and methods in Russian language and literature lessons.

Литература, пожалуй, один из немногих школьных предметов, который направлен на воспитание души ребенка. Кроме того, предмет «Русская литература» способствует развитию у учащихся творческого воображения, навыков аналитической деятельности, самостоятельности суждений, так как словесное искусство как наиболее духовная область человеческой деятельности обладает огромными воспитательными возможностями: учит читателя эмоциональной восприимчивости и эстетическому вкусу и, в конечном счете, помогает выработке нравственно-жизненной, гражданской позиции.

Современному обществу необходима личность, способная решать нестандартные задачи в нестандартно сложившихся ситуациях. Нужна творческая личность, способная саморазвиваться, самообразовываться, самореализовываться. В этом во многом способствует такое качество, как

конкурентоспособность. Это способность максимального расширения границ собственных возможностей с целью реализации себя лично, профессионально, социально, нравственно. Для этого необходимо постоянно развиваться и совершенствоваться, реализовывать свою активность, интересы, свое собственное «Я», обладать новым стилем мышления быть мобильным, успевать за временем. Только сильная личность, как считает А.Г.Асмолов, готовая жить и работать в непрерывно меняющемся мире, способная смело разрабатывать собственные стратегии поведения, самостоятельно и нетрадиционно мыслить, осуществлять нравственный выбор и нести за него ответственность перед собой и обществом, в состоянии сделать свою жизнь и жизнь окружающих содержательной, интересной и счастливой.

Ведущая цель моей работы – формирование нравственных качеств современной личности, способной к самообразованию, самореализации и мобильной адаптации в меняющихся условиях современности. С этой целью я не только учу детей самостоятельно мыслить, переводя знания в убеждения, но и развиваю у школьников творческое отношение к любому виду деятельности, потребность в самореализации. Каждый из них имеет право на индивидуальную активную жизненную позицию, позитивный взгляд на жизнь и обязательную ответственность перед собой и обществом за результаты своего труда.

В результате творческих поисков, практической работы у меня сложилась своя система обучения русскому языку и литературе. В основе ее лежат методы развития творческой самостоятельности как средства активизации познавательной деятельности учащихся. Ведущей педагогической идеей является включение всех учащихся в активную учебную деятельность на основе сотрудничества, что способствует развитию творческого потенциала школьников.

В своей работе я придерживаюсь многоаспектного подхода к определению творчества: творчество – это и процесс, и продукт деятельности, это и личностное качество, и среда, создающая условия для развития творческих способностей. Все теории творчества, отличаясь по сути, пропагандируют одну основную идею: творчеству обучать можно и нужно, необходимо развивать творческие способности. Обоснование проблемы творческого развития учащихся можно найти в трудах Т.И.Тамбовкиной, В.А.Сухомлинского, А.А.Потебни, Стернберга и Любарта.

Моя задача – помочь учащимся актуализировать способности, развить их. Для этого я использую двенадцать стратегий, разработанных Стернбергом и Любартом. На их основе я сформулировала для себя следующие правила:

- поощрять сомнения;
- разрешать делать ошибки;
- поощрять разумный поиск;
- поощрять творческие идеи и результаты творческой деятельности;
- подготовить к препятствиям;
- стимулировать дальнейшее развитие.

На уроках русского языка развиваю творческую активность учащихся, стимулирую развитие личности ученика и неослабевающее стремление к творчеству. Осуществляя литературное развитие школьников, на уроках создаю атмосферу креативности, так как постижение искусства немислимо без личностного включения, без творческой направленности. Такой подход находит отражение в работе В. А. Сухомлинского «О воспитании»: «Любовь к творчеству не может быть воспитана без творчества». Эти уроки позволяют развивать творческие способности - создаётся новое, личностное, преображенное, своё.

«Обучаясь русскому языку и литературе, школьники овладевают необходимым лингвистическим минимумом и адекватными этим знаниям умениями. Согласно последним исследованиям дидактов, уровни знаний и умений являются низшими в развитии ребенка. К высшим уровням специалисты относят личностное отношение к предмету и опыт творческой деятельности» [1].

Развитие творческих способностей учащихся и воспитание активной личности – первостепенная задача современной школы и каждого учителя. В настоящее время внимание к проблеме развития творческих способностей школьников усиливается во многих странах мира. Задатки творческих способностей присущи любому ребенку. Нужно суметь раскрыть и развить их. Выпускники средних школ должны не только овладевать материалом школьных программ, но и уметь творчески применять его, находить решение любой проблемы. Это возможно только в результате педагогической деятельности, создающей условия для творческого развития учащихся. При разработке методики формирования творческих способностей учащихся я учитываю:

- а) общий уровень развития ученического коллектива;
- б) возрастные особенности формирования креативной сферы;
- в) личностные особенности учащихся;
- г) специфические черты и особенности учебного предмета.

Условия формирования творческих способностей:

- а) положительные мотивы учения;
- б) интерес учащихся;
- в) творческая активность;
- г) положительный микроклимат в коллективе;
- д) сильные эмоции;
- е) предоставление свободы выбора действий, вариативность работы.

«Своеобразие и новизна предлагаемого опыта заключаются в том, что применение современных типов урока позволяет повысить интерес учащихся к учебной деятельности, предусматривает разные формы подачи и усвоения программного материала, включает в себе большой образовательный, развивающий и воспитательный потенциал. В условиях модернизации образования совершенно новым для школы становится следующая линия: базовый уровень + профильный уровень + элективные курсы. Поэтому современному учителю русского языка и литературы важно не только овладеть новым содержанием образования по предмету, но и новыми технологиями и методиками работы, в том числе современными способами оценки достижений учащихся» [2].

Я убеждена, что только системное использование современных технологий и методов обучения сможет дать стабильный высокий результат, будет способствовать всестороннему развитию эрудированной, духовно богатой личности.

Приоритетным на уроках должен стать деятельностно-компетентностный подход к изучению предмета, который строится на понимании того, что будущее зависит не столько от количества знаний учащихся, сколько от сформированности способов познания, мышления, практической деятельности. Необходимо активнее внедрять в практику преподавания различные формы работы:

- учебное исследование, творческие практикумы, лингвистические и литературные конференции и диспуты;
- различные формы самостоятельной работы с учебником, дополнительной литературой, литературно-критическими статьями;
- обсуждение вопросов проблемного характера;
- проектная деятельность учащихся;
- парная и групповая работа, в том числе с использованием компьютера.

Реализации указанных подходов к изучению русского языка и литературы способствует Федеральный государственный образовательный стандарт, обеспечивая единое образовательное пространство при вариативности содержания образования.

Принципы деятельности:

- а) креативность обучения (реализация творческих возможностей учителя и учащихся);
- б) опора на субъективный опыт учащихся (один из источников обучения);
- в) актуализация результатов обучения (применение на практике приобретенных знаний, умений и навыков);
- г) индивидуализация и дифференциация обучения (индивидуальный и дифференцированный подход к учащимся);
- д) системность обучения;
- е) творческое взаимодействие учащихся и учителя в процессе обучения.

Задачи учителя:

- а) пополнение запаса знаний учащихся по русскому языку и литературе;
- б) развитие общеучебных умений и навыков;
- в) развитие креативного мышления;
- г) развитие творческой самостоятельности учеников;
- д) воспитание творческой личности.

Все уроки по развитию творческих способностей выстраиваю с учетом творческой активности учащихся. Планируемую педагогическую ситуацию продумываю с опорой на достижения учащихся, на то, что они умеют и знают, с учетом их творческих возможностей.

Проблема развития творческих способностей многоаспектная и непростая. Опыт отвечает современному социальному заказу на развитие активной творческой личности. Новизна состоит в сформированности интеллектуальных умений и уровня развития словесно-логического мышления учащихся как предпосылки проявления творческих возможностей обучающихся и речевого развития детей в учебно-познавательной деятельности.

Уроки русского языка и литературы представляют большие возможности для развития творческих способностей детей. Результатами работы в этой области являются отсутствие боязни у детей при написании сочинений, интерес к творческим занятиям, пробуждение интереса к чтению, что особенно важно сейчас, когда многие учащиеся перестают читать художественную литературу. Заметно повысился интерес к знаниям у большинства учащихся, что способствует развитию творческого мышления, лучшему усвоению знаний, формированию умений и навыков.

Список использованной литературы:

1. Антонова, Е.С. Русский язык и культура речи: Учебник / Е.С. Антонова. - М.: Academia, 2014. - 96 с.
2. Русский язык и литература: Русский язык в старших классах (базовый уровень): Книга для учителя. Методическое пособие / Под ред. Воителевой Т.М.. - М.: Academia, 2015. - 608 с.

ӘОЖ 371.45.01

ПЕДАГОГТАРДЫҢ ТИІМДІ ТӘЖІРИБЕДЕ ҮЗДІКСІЗ КӘСІБИ ДАМУЫ

ҚЫЛЫШБАЙ Н.Б.

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
Тараз қаласының білім бөлімінің №15 мектеп-гимназиясы» КММ
бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Постоянное профессиональное развитие учителей на эффективной практике
Summary. Continuous professional development of teachers in effective practice

Қазіргі таңда білім беру парадигмасы өзгеріп, білім берудің мазмұны жаңарды, білім беруге деген жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі бастамалар мен түрлендірулерге кеңінен жол аша отырып, тәрбие мен білім беру ісін жоғары деңгейге көтеруді қажет етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті- ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері атап көрсетілген.

Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені үйрену керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген тәрізді негізгі сұрақтар туындайды. Бұл сауалдар оқу бағдарламасымен және оқу бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық тәсілдермен тығыз байланысты. Қазіргі кезде оқу бағдарламасындағы ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар мектеп білім алушыларының жалпы үлгерімін арттыруды, сондай-ақ инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытуды, іске асыруды және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді көздейді. Жаңартылған оқу бағдарламасы мен бағалау жүйесін енгізу аталған міндеттерді шешу үшін қабылданған шаралардың бірі болып табылады.

Оқу бағдарламалары мен оқу жоспарлары белгілі бір пән және сынып аясында білім алушылардың нені оқып, нені үйрену қажет екендігін айқындау үшін қолданылады. Сонымен қатар, жекеленген пәнді оқыту мазмұнына қысқаша шолу ұсына отырып, бұл құжаттар мүдделі

талаптарға оқушылардың белгілі сынып аясында оқу бағдарламасы бойынша жалпы түсінік алуына, белгілі бір сыныпта оқушылардың қандай білім, білік, тәжірибе жинақтайтынын анықтауға мүмкіндік береді. Мұғалім әрбір кезеңде қолданатын оқыту үлгілеріне (жеке, жұптық, топтық, бүкіл сыныптық), оқытудың әдіс-тәсілдеріне мән беруі керек, себебі белсенді сабақта мұғалім мен білім алушының атқаратын қызметі мен іс-әрекеттерінде үлкен өзгеріс бар; сабақты жоспарлағанда мұғалім педагогикалық іс-әрекетінің мазмұнын анық көрсетеді, яғни өзінің және білім алушыларының орындайтын әрекеттерін ашып көрсетеді. Белсенді сабақта білім алушылардың әрекеті танымдық, коммуникативтік және өзін-өзі басқару тұрғысында көрініс табады. Оқу мақсаттары нені оқып-білу және нені бағалай алу керектігін көрсетеді. Егер нәтижесінде неге қол жеткізуіміз керектігін білмесек, оқу мен оқытудың табыстылығын бағалау да мүмкін емес. Бағалау критерийлері оқу мақсатына жетуге бағытталған қадамдар ретінде қарастырылады. Бағалау критерийлерін нақты анықтамай қалыптастырушы бағалауды тиімді жүргізу мүмкін емес. Сабақтың әдістемелік жобасын құру барысында мұғалім белсенді оқу әдістерін ұтымды қолдану арқылы оқу мақсаттарының орындалуына барынша қол жеткізуді ұстанады. Мұнда оқу-танымдық үдерістердің табыстылығына әсер ететін ынталандыру, жағымды психологиялық орта орнату, білім алушылардың жеке және жас ерекшеліктерін ескеру сияқты маңызды мәселелерді басты назарға алу керек.

Жаңаша білім беру жүйесінде белсенді оқытудың әдістері жеке тұлғаның қалыптасуында маңызы зор. Оқытудың белсенді әдістері-оқу материалын игеру үдерісінде білім алушыларды белсенді ойлау және практикалық әрекетке итермелейтін әдістер. Белсенді оқыту мұғалімнің дайын білімді баяндауына, оларды есте сақтауы мен қайта жаңғыртуына емес, білім алушылардың белсенді ойлау және практикалық әрекет үдерісінде өз бетінше білімдер мен біліктерді меңгеруіне бағытталған әдістер жүйесін пайдалануды білдіреді. Белсенді оқыту әдістерінің ерекшеліктері олардың негізінде практикалық және ойлау әрекетіне ояту жатыр. Онсыз білімдерді игеру алға жылжушылық болмайды. Оқытудың белсенді әдістерінің пайда болуы және дамуы оқытудың алдына білім алушыларға білім ғана беріп қоймай, танымдық қызығушылықтар мен қабілеттердің, шығармашылық ойлаудың, өз бетінше ақыл-ой еңбегінің қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ету т.б. жаңа міндеттер қойылумен байланысты.

Белсенді оқытудың мәні-оқу үдерісі іс жүзінде барлық білім алушы таным үрдісіне тартылатындай болып ұйымдастырылуында. Сабақтың тиімділігін және табыстылығын қамтамасыз ету- мұғалімнің айтарлықтай күш-жігерін жұмсауын қажет етеді. Дегенмен, сабақтың тиімділігін арттыру әрбір педагогтің қолынан келетіні анық. Тиімді сабақты ұйымдастыруда кездесетін мәселелер: сабақта қолданатын әдіс-тәсілдердің бірсарындылығы; сабақта уақытты тиімді қолданбау; проблемалық оқыту элементтерін сирек қолдану; сабақта АКТ тиімді қолданбау; барлық білім алушылардың танымдық әрекетке тартылуын қамтымау; сабақтың және тапсырмалардың логикалық құрылымына мән бермеу; сабақта көрнекі құралдардың жеткіліксіздігі; жаттығулар мен тапсырмаларды немқұрайлы таңдау; оқушыларды шектен тыс көп тапсырмалармен жалықтыру.

Аталған қиындықтарды шешу жолдарының бірі-сындарлы оқыту теориясын басшылыққа алып сабақты белсенді әдістер қолдану арқылы тиімді жоспарлау болып табылады.

Табыстылыққа ұмтылу-оқу мен оқытудың негізгі мақсаты. Білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу алдын ала болжауға мүмкін болмайтын көптеген жағдайларға тәуелді күрделі үдеріс. Оқудың табыстылығы пәннің ерекшелігіне сәйкес тиімді әдістерді таңдай білетін мұғалімнің шеберлігіне байланысты болатыны анық. Сонымен қатар мұғалімнің мәдениеті мен білім алушыларға деген сүйіспеншілігінің ең маңызы зор. Егер білім алушы сабақтан жаңа нәрсе үйреніп, өзіне көңілі толып шықса, сабақтың жақсы өткені, мұғалімнің еңбегі табысты болғаны, ал егер білім алушы сабақтан ештеңе үйренбей, немқұрайлы көңіл-күймен шықса-сабақтың сәтсіз болғаны; демек мұғалімнің ойлануы керек деген сөз. Дегенмен сабақтың табысты болуы тек мұғалімге қатысты нәрсе емес, білім алушының ынта-жігері мен өзінің білім алуына деген жауапкершілігіне де байланысты. Сабақта әрбір білім алушының өзіндік маңызын және өзінің қаншалықты табысты болғанын сезіне білуі қажет. Бұл үшін мұғалім дайын, жаттанды білім беруден арылып, білім алушыны жаңа білімді өздігінен игеруіне бағыттауы керек.

Сабақта белсенді әдістер қолдану білім алушының өзіндік рефлексия жасау дағдыларының дамуына, сыныптағы жалпы жұмысқа үлес қосып, қатысқанын сезінуге, оқу үдерісінің белсенді мүшесі болуына, танымдық белсенділігінің артуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ, мұғалімнің

сабағын қызықты ұйымдастыруына, білім алушыларының танымдық әрекетін күшейтіп, өзінің кәсіби шеберлігін шындай түсуіне ықпал етеді.

Оқу пәндері арасында байланыс орнату білім беру бағдарламасының аясын кеңейтіп, теңестіреді, тереңірек білім алуға мүмкіндік береді, көптеген дағдыларды қалыптастырады, түсінік пен дағдыларды дамытуға көмектесе алады, оқудың анағұрлым саналы меңгерілуіне көмектеседі, оқуға деген уәжді арттыра алады.

Білім алушылардың қажеттілігін қанағаттандыру тәсілінде білім алушылардың оқуға қолдау көрсету мақсатында тексеру және кері байланыс ұсынылады. Яғни, уәжді және өзін-өзі бағалау деңгейін арттыра отырып қай бағытта оқыту керектігі анықталады. Сонымен бірге білім алушылардың өз жұмысын жақсартуына мүмкіндік беріп, білім алушылардың барынша тиімді оқу жолдарын түсінуіне көмектеседі.

Қорыта айтқанда, оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы болып отыр. Ендеше біздер-ұстаздар қауымы, заман ағымынан қалмай, білім алушылардың бойына білім, білік дағдыларын сіңіруіміз керек. Болашақ ұрпақты бәсекеге қабілетті елдің толық біліммен қаруландыру арқылы біз бабалар аманатын орындаған ұлт бола аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ».
2. Захарова Е. А. Требования к профессиональному развитию педагогов в условиях последиplomного образования // Молодой ученый. – 2011.- №3
3. Митина Л. М. Психология труда и профессионального развития учителя. – М., Академия, 2004
4. Егоров С. Ф. К. Д. Ушинский. М., Просвещение, 1977
5. Бабанский Ю.К.. Методы обучения в современной общеобразовательной школе. – Москва: Просвещение, 1985. — 208 с.

ӘОЖ 371.31

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

БАЯГИЗОВА Л.М.

Керімбай атындағы №12 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В данной статье рассматриваются информационные и мультимедийные технологии, интерактивных методов на занятиях по казахскому языку и их успешного использования в учебном процессе.

Summary. This article discusses information and multimedia technologies, interactive methods in Kazakh language classes and their successful use in the educational process.

Мектеп адамға өмір бойы білім бере алмайды. Бірақ ол оқушыға білімнің негізгі базалық бағдарын бере алады. Мектеп оқушының танымдық қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытып, оған одан әрі өз бетінше білім алу үшін қажетті негізгі құзыреттерді үйретуі тиіс.

Бүгінгі жас буын ертеңгі тіл жанашыры. Бұл дегеніміз өсіп келе жатқан ұл-мен қыздың мойнында үлкен міндет бар дегені. Баланың бойына ана тілін, өз тілін бесікте жатқанда-ақ сіңіру керектігін ата-бабамыз жақсы білген. «Тәрбие-тал бесіктен», - деп те бекер айтпаған, сірә. Қазіргі таңда бұрмаланып жатқан ана тіліміздің абыройын көтеріп, жоғары көтеру мақсатында күнделікті жағдайлар жасалуда. Соның бірі де бірегейі мектеп оқушыларына қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқыту болып отыр.

Сонау XX ғасырдың басында Жүсіпбек Аймауытов: «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» деген екен. Сондықтан қазіргі таңдағы педагогика жаңалықтарын, қазіргі қолданып жүрген пән ерекшелігіне қарай қолдана білу оқыту үрдісінде мақсатқа жетудің бірден-бір жолы. Өз тәжірибемде, оқыту барысында алдыма қойған мақсатым – баланы субъект ретінде оқу ісіне өзінше қызықтыратын, оған қабілетін арттыратын жағдай туғызу. Оның басты ерекшелігі – оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың оқудағы іс-әрекеті арқылы ойлау, сөйлеу дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу процесінде бірлесе әрекет ету.

Тіл – адамның қарым-қатынасының негізгі құралы - белгілі бір заңдар бойынша жұмыс істейтін белгілі бір элементтерден (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық және т.б.) тұратын жүйе болып табылады.

Қазақ тілін оқыту барысында қазақ тілінің қыр-сырын, табиғатын таныта отырып, ертең өмірден өз орынын таба алатын, өзіне сенімді, нағыз ұлтжанды, парасатты ұрпақ тәрбиелеу үшін педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен пайдаланып, тәжірибені байыта түсу – бүгінгі таңның басты мәселесі.

Дағды – жаттығулармен қалыптасқан білік болғандықтан, тілдік дағдылардың негізгі қасиеті – саналық. «Дағдылар тілдік қарым-қатынас құралдарын (фонетикалық, лексикалық және грамматикалық) саналы түрде меңгергенде қалыптасады. Өзін-өзі бақылау құралы болып табылатын тілдік дағдылардың болуы тілді жатық меңгерудіңкепілі болып табылады "[5, б.41].

Дағдылардың негізгі қасиеттері:

1) автоматтандырылуы (яғни белгілі бір жылдамдық, тұтастық, бірқалыптылық, кернеудің болмауы, үнемділік, сөйлеуге қосылуға дайындық);

2) тұрақтылығы (беріктігі);

3) икемділік (жинақтау және көшіру қабілеті);

4) өзін-өзі бақылау үшін түсіну мүмкіндігі.

Өнімді сөйлеуде тілдік дағдыларды дамытудың үш негізгі кезеңін бөліп көрсетуге болады:

Тілдік құбылыспен танысу кезеңінде оқушылар жаңа құбылысты меңгеруге психологиялық жағынан дайын болуы тиіс. Бұл үшін олардың алдына басынан бастап мақсат қойылады. Мұғалім оқушыларды қызықтырып, олардың қызығушылығын оятуға тырысады. Құрылым қаншалықты күрделі болса, көру тірегі де соншалықты қажет (тақтаға мысалдар жазу, көрнекі құралдар және т.б.). Мұнда оқушылар саналы түрде үлгілерді жаңа құбылыспен құрастырады. Бұл кезеңде бастапқы шеберлікті қалыптастыру жүреді. Меңгеру көрсеткіші меңгерілетін тіл құбылысын қолдана отырып, саналы құрастырылған үлгінің қателіксіз болуы болып табылады.

Келесі кезеңде тілдік құбылысты (грамматикалық құрылым, дыбыс, лексикалық бірлік, интонациялық үлгі) пайдалану бойынша жекелеген әрекеттерді меңгеру жүруде. Әрекетті бірнеше рет қайталау жеңілдетілген жағдайларда жүргізілетін механикалық жаттығулар жүргізіледі.

Соңғы кезең - тіл дағдыларын сөйлеу қызметіне қосу, оларды сөйлеу жаттығуларында пайдалану және қайталау.

Білім мен дағдылар, әдетте, параллельді және қарым-қатынас жасаудың нақты жағдайларын модельдейтін жаттығуларды орындау процесінде, сондай-ақ оқытылатын тілді меңгерушілермен нақты қарым-қатынас жасау жағдайында өзара байланысты қалыптасады.

Бірлескен іс-әрекетке негізделген оқытуды тиімді пайдаланған жағдайда келесі нәтижеге қол жеткізуге болады:

- оқушының оқуға деген қызығушылығының артуы;
- іскерлік дағдысының дамуы;
- өзіне деген сенімділігінің қалыптасуы;
- өздігінен оқып негізгі түйінді ойды анықтап алуы;
- мақсатқа өз бетімен ұмтылуы;
- ойлау белсенділігінің артуы;
- шығармашылық дағдысының қалыптасуы
- өзіндік пікір айтуы

Оқушыларға қазақ тілінен тілдік дағдыларды қалыптастыруда ең алдымен айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым әрекеттеріне баса назар аудару керек. Оқушылардың сөйлесім әрекетін мәдениетаралық қатысым құралы ретінде меңгеруіне ықпал ету маңызды. Сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыру – оқушы бойында дағдыларды қалыптастыруда ұтымды тәсіл. Бала тілінің дұрыс дамуына баса назар аударған жөн. Айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым

дағдыларын дамыту арқылы тілді еркін игере алады. Сондай-ақ алған білімдерін өмірде қолдануға бейімделеді. Оқушылардың танымдық қабілетін дамыту үшін түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады.

Қорытындылай келе, Н.Ә.Назарбаев өз Жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесі басты орынға қойылып отыр. Егер әр педагог өзі таңдаған әдістемелік жолын тың идеяларға негіздей алатын болса, жанашыл педагогтар шеберлігі арқылы оқушылардың оқуға деген ынтасы мен қызығушылығы одан әрі артатыны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.К. Жантелова. Қазақ тілін ақпараттық технологиялар жүйесімен үйрету. // Қазақстан мектебі, №3, 2013
- 2.С.Қазбаева, С.Рахметова. «Қазақ тілін оқыту методикасы». – Алматы, 1991 жыл.
- 3.Қазыбаев С. Қазақтіліметодикасы. –Алматы, 1990.
- 4..Әбілқаев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы: Санат, 1995.
- 5..Құлмағамбетова Б., Исанова А., т.б. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы: Білім, 2000
- 6.Методическое пособие [Текст] / Н.Д. Гальскова, З.Н. Никитенко. – М.: Айрис-пресс, 2004. – С.95.

ӨОЖ 372.881.1

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ

АБДЫКУЛОВА С.Р.

МКҚК №22 бөбекжай-балабақшасының қазақ тілі мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются вопросы развития словарного запаса детей дошкольного возраста, овладения новыми словами, досконального выявления и обогащения выученных слов.

Summary. The article discusses the development of the vocabulary of preschool children, mastering new words, thoroughly identifying and enriching learned words.

Қазіргі заман талабына сай жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана, ұлттық құндылықтармен сусындаған азамат тәрбиелеп өсіру-отбасының балабақшаның жалпы халықтың міндеті.

Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие мен мазмұнын оңтайлы шешуді іске асыруды көздеп отырмыз. Осы орайда, біз биыл «Өрлеу» кәсіби біліктілікті көтеру ұлттық орталығының Жамбыл облысы бойынша филиалымен бірлесе отырып, маңызды жобаны іске асырамыз. Бұл жобаның маңыздылығы тілді үйрене отырып жарқын болашақты құруға, бірнеше тілді түсініп, сол тілдерде сөйлей отыра, мәдени қарым-қатынас байлығын сезінуге жол ашу. Қазіргі балалардың даму деңгейі бұрынғымен салыстырғанда көш алда екенін, олардың білуге, білімге ынталы екендігін, соңғы кездері педагогика мен психология саласындағы зерттеулер дәлелдеп отыр. Тіл мәселесіне келетін болсақ, жүйелі жұмыс өз нәтижесін көрсетеді. Мысалы: диалогтік сөйлеу тәсілін меңгертумен қатар, өздігінен әңгімелеуге, айналадағы өмірден, табиғаттан алған әсерлері бойынша әңгіме құрастырып айтуға, мақал, жұмбақ мазмұнын түсініп, жауап табуға үйренеді.

Тілдік ортаны балабақшадан қалыптастыру басты шаралардың бірі. Ана тілге деген сүйіспеншілікті балабақшадан бастасақ «Ел болам десең бесігіңді түзе» деген халық даналығын толық мән-мағынасымен іске асырған болар едік.

Осы орайда, алдымызға қойған мақсат: балалардың тілдерін дамыту үшін топтардың іштері мен іргелес дәліздер сөйлеу тілін дамытуға арналған материалдармен «сөйлейтін қабырғалармен» тіл дамыту орталарымен рәсімдеу, тілге деген қызығушылықтарын арттыру болды. Алға қойған мақсатыма жету үшін мен ақпарат көздерінен «тілдік ортаға ену» дегеніміз не? деген сұраққа жауап іздедім, оны өз іс-тәжірибемде қалай іске асырсам болады деген талап қойдым.

Ең алдымен, күнделікті қолданылатын сөздерді балалардың сөздік қорына енгіздім, балалармен сұхбат барысында пайдаландым. Мысалы: Қайырлы таң! Қалың қалай? Сенің сүйікті ойыншығың қандай? Сен балабақшаға кіммен келдің? Жолда не көрдің? Ойыншықтарымызды жинайық! Бүгін қандай тамақ іштің? Ас дәмді болсын! Серуенге барамыз деген сөз тіркестері қолдануды күнделікті әдетке айналдырдым. «Сөйлейтін қабырғаларды» жабдықтауға материалдар әзірледім. Балалардың бойына ұлттық құндылық тәрбиесін дарыту үшін алдымен ойынға қажет құрал-жабдықтар әзірледім. Осы құралжабдықтарды пайдалана отырып, көптеген ойын іс-әрекеттерін ұйымдастырдым.

Әрине, осындай атқарылған жүйелі жұмыс балалардың тарапынан қызығушылық тудырды, сөздік қорлары молайды, диалог түрінде сөйлеуге, байланыстырып сөйлеуге деген дағдылары қалыптасты.

Сонымен қатар, күнде таңертең Мемлекеттік Гимнды тыңдап, оны орындау, ол біздің күнделікті іс-әрекетіміз. Айналадағы дүниені, табиғатты, қоғамдық өмірді бақылату, әдеби шығармалар оқу, оқу кезеңінде баланың лексикасын жаңа сөйлеммен байытып отыру балалардың сөздік қорын дамытады. Үйренгенін күнделікті қарым-қатынас барысында қажетіне қарай қолдана білуге дағдыландыру. Заттың санына, сынына, іс-әрекетіне байланысты сөздерді әрі қарай кеңейте отырып меңгерту.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісіне тәрбиешінің - балалардың сөздік қорларын дамыту, жаңа сөздерді меңгерту, үйренген сөздерін тиянақтап анықтап әрі байытып отыру басты міндет саналады.

Бұндай міндеттерді тәрбиеші міндетті түрде барлық сөздік жұмыстар арасында қолдануы керек. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулар пайдаланған әлдеқайда тиімдірек. Соның ішінде ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын – бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын арқылы қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бала ойынында да қоғамдық, ұжымдық сипат болады. Мәселен, кез-келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды, сол арқылы бір-бірімен өзара қарым-қатынас жасайды. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып өзіне таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын - бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады.

Қоршаған ортамен таныстыру бойынша балалар өзінің аты-жөнін, жасын, жанұясын, балабақшадағы тәрбиешілермен топтағы балалардың аты-жөнін тани бастайды.

Балабақшаның ішкі құрылысымен таныстырылып, топ бөлме, асхана, дәрігер бөлмесі, т.б. айырмашылықтарын ажырата бастайды.

Сонымен қатар, әр бөлмеде жұмыс түрін, қажетті құралдарды, олардың аты, не үшін қажет, неден жасағаны, қайда, кімде, қандай, кім не істейді сұрақтарына дұрыс жауап беруге балабақшада өздері немен шұғылданатыны туралы әңгімелейді.

Балалардың сөйлеу тілін дамыту барлық балабақша педагогтарының сауатты, бірлескен жұмысының нәтижесінде ғана орын алатын мәселе. Балабақша ішіндегі барлық мамандардың бірлескен жұмыстарының: кеңес беру, шеберлік сыныбы, семинар және тәжірибемен бөлісу, бірлескен отырыстар, талқылау нәтижесінде ғана баланың сөйлеу тілінің дамуының жетістігіне қол жеткізуге болады. Балалар өз үйренген сөздерін тек қана күнделікті өмірде қажетті сәттерде ғана емес сонымен бірге шығармашылық іс шараларда да қолдана білді. Ағымдағы жылдың ақпан айында «Өрлеу» кәсіби біліктілікті көтеру ұлттық орталығының Жамбыл облысы бойынша филиалымен бірлесе отырып өткізген семинарда ересек топ балалары «Жыл басына таласқан хайуанаттар» қазақтың халық ертегісін сахналандырып, келген қонақтардың да, көпшіліктің де көзайымына айналды. Мұндай жаста балалардың есте сақтау қабілеті, сөз үйренуге деген ынтасы зор болады. Халық «тәрбие тал бесіктен» деп бекер айтпаған.

Сондықтан да мен ойлаймын тіл үйренуге деген құштарлығы мен құлшынысы артып тұрса, тіл үйренуші сылтау іздемейді, мүмкіндік іздейді...

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Ата-баба мұрасы». – Алматы: Аруна, 2001 ж.
2. «Балбөбек» бағдарламасы. – Алматы, 2000 ж.
3. Жұмаханова А. «Сөйлеуді дамыту», – Алматы кітап.
2. Дүкенбаева Г., Төрежанова К. «Балаларға тіл дыбыстарын үйрету». – Алматы: «Мектеп», 1989 ж.

3. А.И. Моксоюв, Г.А. Туменова. «Учите, играя».

4. Ш.Майгазанова, Г. Дүкенбаева. «Ойлан тап» әдістемелік құрал. ». –Алматы: Жазушы, 2004ж.

ӘОЖ 371.32.242

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

БАЙСЕЙТОВА Б.К.

№32 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье раскрывается о возможности применения новых технологий на уроках казахского языка и литературы, что способствует интеллектуальному развитию, развитию коммуникативных навыков у учеников и повышению их результативности в обучении.

Summary. The article discloses the lust for the use of new technologies in the lessons of the Kazakh language and literature, which contributes to the intellectual development, development of communication skills among students and increasing their effectiveness in learning.

Бүгінгі мұғалімдердің басты міндеттердің бірі – білім беру жүйесін жаңарту болып саналады. Білім беру сапасын арттырудың маңызды факторы - бұл оқу процесіне жаңа технологияларды енгізу. Бұл жерде олардың көпшілігі қазақ тілін оқыту процесінде бұрыннан пайдаланылатынын және қазіргі уақытта жетілдіру, кеңейту және жаңғырту кезеңінен өтіп жатқанын атап өткен жөн. Бастауыш сынып оқушылары үшін ең беделді адам-ол өзінің ұстазы. Оқушылар әр пәннен алатын білімдерін мұғалім арқылы қабылдайды. Бастауыш мектепте оқыту мазмұнын жаңарту жұмыстары бағдарламаға сай жүргізіліп, оқыту, тәрбиелеу, дамытудың жаңа мүмкіндіктері ашылды. Балалар ерте жаста лексикалық материалды және грамматикалық ережелерді санасыз және психологиялық кедергіні оңай сезінбей меңгереді.

Балабақша жылдары - олардың тілді үйренуінің ең белсенді және тиімді кезеңі. Қабылдау қабілеті мектепке дейінгі тәрбие мен мектеп бағдарламасы арасындағы байланысты сақтайды. Білім беру сапасын арттырудың маңызды факторы - бұл оқу процесіне жаңа технологияларды енгізу. Бұл жерде олардың көпшілігі қазақ тілін оқыту процесінде бұрыннан пайдаланылатынын және қазіргі уақытта жетілдіру, кеңейту және жаңғырту кезеңінен өтіп жатқанын атап өткен жөн. Мұғалімдердің педагогикалық қызметін талдау оқу процесінде оқытудың барлық негізгі жеке тұлғаға бағдарланған технологиялары пайдаланылатынын көрсетті. Қазіргі заманғы мектеп мұғалімнен оның кәсібилігін арттыруды, атап айтқанда, оқушылардың сабақтағы қызметін ұйымдастыруды таңдауды талап етеді. Білім беру сапасын арттырудың маңызды факторы - бұл оқу процесіне жаңа технологияларды енгізу. Бұл жерде олардың көпшілігі қазақ тілін оқыту процесінде бұрыннан пайдаланылатынын және қазіргі уақытта жетілдіру, кеңейту және жаңғырту кезеңінен өтіп жатқанын атап өткен жөн. Мұғалімнің алдында оқуды ұйымдастырудың икемді формаларын іздеу міндеті тұр. Мұғалім оқушылардың уақытын тиімді пайдалануға ұмтылуы қажет. Сабақтар қолжетімділік, ғылыми, даралық, сабақтастық қағидаттарына негізделеді; коммуникативтік біліктер мен дағдыларды, ойлау логикасын дамытатын. Алайда, қазақ тілі сияқты пәнді оқыту жаңа технологияларды қолдануда икемді және шығармашылық тәсілді талап етеді, сондықтан олардың әрқайсысын практикалық пайдалану оқушылардың әртүрлі жас топтарында өзіндік ерекшелікке ие.

Оқыту технологиясына сәйкес сабақтар жүйесі сабақтардың модульдік құрылымдары негізінде құрылады, олардың көпшілігі қазақ тілін оқыту барысында жетекші болып табылады, өйткені оқытудың дәстүрлі және жаңа өнімді әдістемелерін оңтайлы үйлестіреді. Сабақтың мұндай түрлеріне проблемалық семинар, әңгімелесу-сабақ, мәдени-тарихи аналогтармен танысу бойынша дәріс-сабақ, іскерлік ойын, сабақ-ойын, ойын-саяхат және басқалар жатады. Пәндік бағдарланған технологиялардың арасында интерактивті оқыту технологиясын ерекше атап өткен жөн.

Мұғалім әр сабақтың жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік әлеуетін пайдалануы, оқушылардың креативті қабілеттерін дамыту үшін перспективалық әдістемелік тәсілдерді қолдануы тиіс: кластерлер, инсерт, кестелерді толтыру, аялдамалармен оқу, бірлесіп іздеу, айқаспалы пікірталас, дөңгелек үстел; ТРИЗ (өнертапқыштық міндеттерді шешу технологиясы) элементтерін қолданады: «Таңғалдыр!» (көрнекті қазақ қайраткерлерінің өмірбаянымен танысқан кезде), «Қатені ұста!»; классикалық лекциялық оқыту, аудиовизуалдық техникалық құралдардың көмегімен оқыту, тестілер, жобалар әдісі.

Жаңа технологияларды пайдалану:

- балалардың қызығушылығын арттырады және тереңдетеді;

- өзіндік танымдық қызмет (оқуға баулу, білуге құштарлықты дамыту, ой-өрісін кеңейту), сыни ойлау саласында құзыреттілікті қалыптастыру арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытады;

- оқушыларға үлкен көлемдегі ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын, зерттеу дағдыларын (проблеманы көруге және оны шешу жолдарын белгілеуге), коммуникативтік дағдыларды (топпен жұмыс) меңгеруге көмектеседі.

Зияткерлік қабілеттерді мақсатты дамытудың неғұрлым тиімді тәсілдерінің бірі «Сыни ойлауды дамыту» технологиясын пайдалану болып табылады. Бұл технология білімнің әртүрлі салаларында ұлғайып келе жатқан және үнемі жаңартылып отыратын ақпараттық ағынмен жұмыс істей білу сияқты білім беру нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді; өз ойларын (ауызша және жазбаша) айналасындағыларға қатысты анық, сенімді және дұрыс білдіре білу; әртүрлі тәжірибені, идеялар мен ұғымдарды пайымдау негізінде өз пікірін тұжырымдай білу; проблемаларды шеше білу; өз бетінше оқумен айналысу қабілеті (академиялық ұтқырлық); топта ынтымақтаса және жұмыс істей білу; басқа адамдармен сындарлы өзара қарым-қатынас жасау қабілеті. Осы технологияны пайдалану кезінде сабақтың негізгі кезеңдері шақыру, ойлау, рефлексия кезеңі болып табылады.

Әртүрлі тәсілдердің көмегімен шақыру сатысында (жеке/жұптық/топтық жұмыс; ми шабуылы; мазмұнды болжау; проблемалық мәселелер және т.б.) негізгі кезеңге дайындық жүзеге асырылады. Осылайша, бұрын алынған білім саналы деңгейге шығарылады. Енді олар жаңа білімді меңгеруге негіз бола алады, бұл оқушыларға жаңа ақпаратты бұрын белгілі және саналы түрде байланыстыруға, жаңа ақпаратты түсінуге сыни тұрғыдан қарауға мүмкіндік береді. Түсіну сатысында, білім алушы жаңа ақпаратпен немесе идеялармен байланысқа түскенде, ол өз түсінігін бақылап, болашақта анықтау үшін олқылықтарға назар аударуды үйренеді. Әркім сөздердің мағынасын қалай білгенін, оған қандай бағдарлар көмектескенін айтады.

Мұндай жұмыс ойлау қызметінің қандай да бір тәсілдерін пайдаланудың тиімділігін талдауға мүмкіндік береді. Рефлексия сатысында оқушылар жаңа білімдерін бекіте отырып, сабақта оқығандарына байланысты ойланады, оларға жаңа ұғымдарды енгізу үшін өз түсініктерін белсенді түрде қайта құрады. Оқушылар арасында пікір алмасу оларға түрлі көзқарастармен танысуға мүмкіндік береді, сұхбаттасушыны мұқият тыңдауға және өз пікірін дәлелдеп қорғауға үйретеді. Рефлексияның соңғы кезеңі алынған білімді, дағдыны, іскерлікті шығармашылық тұрғыдан қолдануды білдіреді.

Осылайша, қазақ тілі сабақтарында жаңа технологияларды пайдалану пәнге қызығушылықты қалыптастырады, танымдық және ойлау қызметін, шығармашылық қабілеттерін жандандырады, байқаушылықты дамытады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Жалпы бастауыш білім.- Алматы: РОНД, 2002.-136-бет.

2. ҚР бастауыш білімнің мемлекеттік стандарты. Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сатысындағы білім мазмұны мен тұжырымдамасы. Алматы. 1998.

3. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы: «Өлке» баспасы, 2005.

4. Нұржанова Ж. Қазақ тілін тиімді оқыту жолдары. Алматы 2001.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ ҰЛТТЫ ҚОРҒАУДАН БАСТАЛАДЫ

АҚБЕРДІ А.Б.

№ 25 орта мектебінің тарих және география пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қаласы

Резюме. В статье рассматриваются понятия " национальные ценности", " национальный патриотизм", " свобода", " ответственность как жизненное явление "и"социальная реальность".В целях сохранения нашей Родины важным вопросом на сегодняшний день является участие наших кровопролитных героев в том, чтобы будущие поколения не забывали, уважали, считали мир главной ценностью. В статье рассматривается значение патриотизма в жизни молодежи, необходимость национальных ценностей.

В статье отмечается, что наша нация в воспитании патриотизма, патриотизма, носила ответственность и свободу, придавала ей особое значение в морально-этическом плане. В эпоху глобализации, если казахстанцы хотят сохранить свою культурную идентичность и стабильность, целостность и солидарность, то эта проблема должна быть решена путем воспитания патриотизма подрастающего поколения.

Summary. The article discusses the concepts of" national values", " national patriotism", " freedom", " responsibility as a vital phenomenon "and"social reality".Participation in the memory, respect and consideration of peace as the most important value for future generations of our heroes who shed blood in order to preserve their homeland -an important point today. The article discusses the importance of patriotism in the life of young people, the need for national values.

The article notes that the education of our nation's patriotism, national patriotism, responsibility and freedom, which are given special moral and ethical importance. In the era of globalization, if Kazakhstanis want to preserve their cultural identity and stability, integrity and solidarity, then this problem must be solved by educating the younger generation in patriotism.

Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Зерттеулерге сәйкес Қазақстанда 130-ден аса ұлт бар. Ұлттың ұлт болып қалыптасуы ең алдымен ұлттық құндылықтарды дәріптеуден бастау алады. Ұлттық құндылықтарымыз – ұлтымыздың мәңгілік қорғаушы шамшырағы. Ұлттың қорғаны – бұл біздің ұлттық болмысымызды көрсететін тіліміз, дәстүріміз және рухани мұрамыз. Кезінде ата-бабаларымыз елімізді «ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен» қалай қорғаса, ұлттық болмысымыз бізді жаһандану секілді алып айдаһардан дәл солай қорғайтындай.

Бір ұлтты басқа ұлттан даралайтын - оның ұлттық құндылықтары, яғни, әдеби мұрасы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, мәдениеті, өнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Ұлттық құндылықтарымыз шын бағасын алғанда ғана, жоғымыз түгенделіп, өшкеніміз жана бермек.Осы ретте, еліміздің ертеңі, әрқайсымыздың өмір жалғасымыз болып табылатын жас ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу - аса өзекті тақырып. Жастардың бойында ұлттық құндылықтарға негізделген адамгершілік тәрбие мен адами сезімді қалыптастыру және дамыту мәселесі қазақ ақын-жырауларының ой иірімдері, даналық тұжырымдарында көрсетілген. Бір ұлтты басқа ұлттан даралайтын - оның ұлттық құндылықтары, яғни, әдеби мұрасы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, мәдениеті, өнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Ұлттық құндылықтарымыз шын бағасын алғанда ғана, жоғымыз түгенделіп, өшкеніміз жана бермек.

Ұлтымыздың көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Мұстафа Шоқай: «Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халықтың мүддесі мен мұқтажын жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды»-деген.

Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Ғасырдан ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, ділі, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы. Сол ұлттық құндылықтарымыздың арқасында біз өзіміздің ұлттық қалпымызды сақтап, әлемге танылып отырмыз. Сондықтан да кешеден бүгінге сол құндылықтарымыз қалай жетті, ертеңгі күнге жеткізе аламыз ба? – деп алаңдауымыз керек.

Абай: «Адамды заман билемек, заманға жаман күйлемек»- дейді. Бұл әлемдік даму жолын түсінуге мүмкіндік береді. Біз үшін жасанды, виртуалды, әлемде жоғалып кетпеу, жаһандану заманында өзіміздің ұлттық болмысымызды, ұлттық бірегейлігімізді және рухани ерекшелігімізді сақтап қалу аса маңызға ие. ХХІ ғасырда рухы биік, әлем мәдениетімен бәсекеге түсе алатындай белес тұр. Бұл ең маңызд ымәселелердің бірі.

Біз үшін еліміздің өркендеуі, ұлттық ерекшелігіміз бен ұлттық құндылықтарымызды сақтау – қымбат қазына. Әрине, халқымыздың ұлттық құндылықтары өте көп. Оларды іріктеп, бес бағытта қарау заман талабы секілді.

Бірінші құндылық – тәуелсіздік және тарихи таным деп атаған жөн. Тәуелсіздіктің арқасында, қазақелін, Қазақстан халқын әлем таныды және мойындады. Тәуелсіздік символы – мемлекеттік Туымыз, Ән ұранымыз, Елтаңбамыз. Ту – ұлттың бірігуіне ықпал етеді. Ұлттық сананың биіктігін көрсетеді. Тәуелсіздік – еркіндік пен азаттықты ғана алып келмей, сонымен қатар, ұлтымыздың санасын өзгертті, сапасын жақсартты, өзін танытты. Тарихи танымның ар жағында тек өткен жылдар мен көнерген ғасырлар сыры тұрған жоқ. Ұлттың болмысы, санасы, дәстүрі мен салты, кәсібі, ұстанымы, тәрбиесі бірде әлсіреп, бірде жетіліп ғасырлармен бірге жасып келеді. Тарих – тәрбиеші, ұлттың бағдары, жол сілтеушісі. Тарихы бекем жасалған халық дұрыс бағыталады. Бірегей көп томдық мемлекеттік тарихымызды өзіміз жазбай ұлттық құндылықтарымызды орнықтыра алмаймыз.

Екінші құндылық – ел мен жер деп білемін. Қазақта: «Егесіз ел азар, иесіз жер тозар» деген мақал бар. Ұланғайыр даланы бабаларымыз көзінің қарашығындай сақтады. Қылыштың жүзімен, найзаның ұшымен қорғады. Қазақтың жері – қасиетті. Ол бүгінгі жаһандық тайталас кезіндегі ұлттық бірегейліктің символы болып қала береді. Қазіргі қоғамдық дамудың ең өзекті мәселесі – жастарды Отан сүйгіштікке тәрбиелеу үшін оларды анықтаушы факторлар: еркіндік пен жауапкершілік бірлігі, өзара байланысын анықтау болып табылады. Себебі, тәуелсіздігі бар Отаны бар жастар әрдайым еркін әрі жауапкершілікті тұлға болып қалыптаса алады. «Өзге ұлтта сұлтан болғанша өз ұлтыңның ұлтаны бол!» мақалының төркіні де осында. Шетелге барып, бар жағдаймен, жоғары айлыққа жұмыс істесеңіз де, өз Отаныңызға қызмет етудің жайы бір бөлек, туған жерге тағзым мен сағыныш бәрі бір сізді өзіне тартары анық. Сондықтан шетелге барып, ел, жер, мәдениет көрген, тіл үйренген, тәжірибе арттырған дұрыс, дегенмен жинаған білімің мен тәжірибеңмен өз ұлтыңа қызмет қылсаңыз нұр үстіне нұр деп ойлаймын.

Үшінші құндылық – тіл, әдебиет және руханият. Тіл мен әдебиет – ұлттың жаны мен жады, оның бет-бейнесі, өткені, бүгіні мен болашағы. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», – деп тілдің ұлт үшін қандай маңызы бар екенін бір ғана ауыз сөзге сыйдырған еді. Тілді қорғау – ұлтты қорғау. Ана тілі – ұлт жүрегі, ұлт тілегі. Тілдің болашағы – ұлттың болашағы! Тілде халықтың бүкіл болмысы, рухы, ішкі жан-дүниесі көрініс табады деп жатады. Қазақтың тілінен қазақ халқының қаншалықты кеменгер халық екендігін аңғаруға болады. «Дауға салса алмастай қаған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған әрі байырғы, әрі мәңгі жас отты да ойнақы ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен?! «Туғанда дүние есігін ашады өлең. Өлеңмен жер қойнына кірер денең», - дегендей, Қазақтың ұлттық болмысын ұлы кеменгеріміз Абай Құнанбайұлы секілді бір ауыз сөзбен шеберлікпен ешкім суреттеп бере алмас. Иmandылық бар жерде – тәртіп те, бейбітшілік те, адами құндылықтар да сақталады. Сонда ғана ұлттық құндылығымызды жаңғырта аламыз, дамыта аламыз. Ұлы Абай бабамыз өзінің 38-қарасөзінде: «Толық адам» концепциясын ұсынған. Алла жолымен жүрген, білімді адам ғана толық адам деп есептеледі деген. Бұл – дүниенің тіршілігін ұмытып, сәждеге бас қою ғана емес. Бұл – білім, ғылымды дамытып, елге адал қызмет ету, әділдіктің ақ жолынан таймау, кісі ақысын жемеу деген сөз.

Төртінші, құндылық – ұлттық дәстүре және отбасы. Ұлттық болмыс, оны дәріптеу отбасынан, ошақ қасынан басталады. Отбасы – тәрбиенің тамаша мектебі. Үлкенді сыйлауға, ана тілін ардақтауға, салт-дәстүрімізді сақтауға тәрбиеленсек, ұшқанда да соны іліп, жүрген жерімізде сол құндылықтарды дәріптейміз. Расында, ұлттық дәстүр және отбасылық тәрбие – патриотизмнің бастауы екенін ұмытпайық. Баланы бесіктен тәрбиелеу – ұлттық ұғым кепілі.

Бесінші құндылық – білім мен біліктілік. Білімді ел – озады, ғылымсыз ел – тозады. Елімізде білім мен ғылым саласына үлкен қамқорлық жасалды. Өйткені, кез келген қоғам – адами капитал арқылы дамиды. Ұлттық құндылықты қалыптастыратын да, дамытатын да білімді, білікті кәсіби мамандар. Әл-Фараби бабамыз: «Дүниеде тәрбиесіз берілген білімнен қауіпті нәрсе жоқ» деген

екен. Сондықтан да білім мен тәрбиені бір процестің екі жағы деп қарау қажет. Сондықтан алдымыздағы міндеттің бірі де тек сапалы білім ғана емес, дұрыс тәрбие бере білу болмақ. Себебі, жастарымыз біздің ертеңгі күнге сеніммен аяқ басатын, еліміздің болашағына жауапты, туымызды биік ұстайтындар қаракөз аруларымыз бен сұлу, қажырлы, еңбекқор жігіттеріміз. Еркіндіктің болғаны өте дұрыс, тек шектен шығушылық болмаса екен дейміз. Қандай да бір іс-әрекет атқарардан бұрын жауапкершілікті ойласақ дейміз. Әр қадамымызды дұрыс аттай білсек әрине дұрыс-ақ.

Ұлттық құндылықтар ұлтты құрметтеуден басталады. Ұлтты құрметтеу – атап өткен барша ұлттық құндылықтарды дәріптеу, құрмет көрсету, сақтау. Ұлтсыздану ұлтты, мемлекетті әлсіретеді. Қоғам дамуын тежейді. Бұл – тарихи шындық. Сондықтан тарих, замана алдындағы ұлы сынақ кезінде біз өз таңдауымызды жасадық. Әлемдік озық құндылықтарды игере отырып, оны ұлттық құндылықтарымызбен байыта береміз. Ұлтты сүю – ұлтшылдық емес.

Жаңа Қазақстан үшін қазақ өркениетін дамыту, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, т.б. ұлттық құндылықтар аясында кеңейту - өзекті мәселенің бірі. Сондықтан алдымызда тұрған үлкен мақсат – ұлттық мұра құндылықтарын қазіргі таңның мәдени жетістітерімен үйлестіру. Жас ұрпақ тәрбиесінде үйлесімділік заңы салтанат құруы шарт. Яғни ол өзінің өсу, есею кезінде ақ сүт беріп асыраған ата-анасымен де, көкірек көзін ашқан ұстаздарымен де үйлесім таба білуі тиіс. Сонда ғана тұлға бойында ұлттық рухани қасиеттер бірте-бірте қалыптасары сөзсіз. Тұлға бойындағы рухани құндылықтарды қалыптастырудың көзі, отбасы, әулет, әлеуметтік орта, мемлекет болса, ұлттық құндылық, ұлттық салт-сана, ұлт алдындағы міндет, парыз, намыс, ұлттық рух, ұлттық салт-дәстүр, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтың жоғары көрсеткіші. Тәрбиенің негізі болып саналатын адамзаттық құндылықтардың бірі тәрбиенің басқа адамға деген қажеттілігі, басқа адами дарды сүйе білу қажетілі болып табылады.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат-мұраларды жастардың санасына сіңіре білуіміз қажет. Тәрбиенің көзі ата-бабамыздан қалған мұралар мен дана сөздер десек, біз соларды насихаттайтын жүргізушіміз. Бүкіл қоғам болып қолға алып, мәдениетті, тәрбиелі болып жүруді әрқайсысымыз өзімізден бастасақ, жас ұрпақтың тәрбиесі де өз жемісін берері анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Елеуқенов Ш. Замандас парасаты. Әдеби сын. – Алматы: Санат, 1977 ж.
2. Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудағы сынып жетекшінің орны.
3. Бастауыш мектеп журналы/ республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал/ №7, 2007.
4. Бастауыш мектеп журналы/ республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал/ №5, 2002.
5. Сынып жетекшінің анықтамалығы / №1(01) 2009.
6. Әдеп және жантану/ хрестоматия/ – Алматы: Атамұра, 1996.

УДК 378.147

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

БЕЙСЕЕВА Л.И.

Учитель русского языка и литературы школы-лицей №3,
Республика Казахстан, г.Тараз

Түйіндеме. Мақала білім беру мекемелерінде орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында инновациялы қиырлық технологияларды қолдану әдісіне байланысты мәселелерді талқылауға арналған. Орыс тілі мен әдебиетін оқытудың қазіргі кезеңінде ақпараттық-цифрлық құзыреттілікті қалыптастыру құралдары сипатталған. Қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды белсенді

қолдану, жұмыстың интерактивті түрлері мұғалімдер мен оқушылардың танымдық тәуелсіздігін арттырады, олардың инновациялық мәдениетін дамыту қажеттілігін ынталандырады.

Summary. The article is devoted to the discussion of issues related to the method of using innovative digital technologies in the lessons of the Russian language and literature in educational institutions. The tools for the formation of information and digital competence at the present stage of teaching the Russian language and literature are described. The active use of modern pedagogical technologies, interactive forms of work increase the cognitive independence of teachers and students, stimulate the need to develop their innovative culture.

Одной из первоочередных задач государственной политики Казахстана является расширение цифрового образования. Во многих образовательных приказах, распоряжениях и постановлениях указано на актуальность формирования сквозной цифровой компетентности, когда изучение предметов происходит путём использования «цифровых технологий»

В названных документах широко используются понятия «цифровая грамотность», «цифровая компетентность», «цифровой интеллект», в частности, отмечена важность подготовки педагогических кадров в условиях информатизации. Новые технологические решения в самых разных областях промышленности и социальной сферы основаны на современных достижениях информационно-коммуникационных (цифровых) технологий.

Вопрос применения цифровых технологий в образовательных учреждениях за последние несколько лет был широко освещён в научных статьях и исследованиях. К проблеме использования разных типов информационно-коммуникационных технологий в образовательном процессе обращаются в своих исследованиях такие учёные и педагоги, как Н. О. Бесшапошников [2], Е.Л. Варганова [3], А.В. Вырковский [3], М.П. Лапчик [4], А.Г. Леонов [2], М.И. Максеенко [3], Е. Низиенко [5], Н.А. Петренко [6], А. А. Прилипко [2], О.Г. Ромадина [8], С.С. Смирнов [3], М.С. Соловьева [7], А.Ю. Уваров [8], Л.В. Шмелькова [5], Н.П. Ячина [9] и другие. Они указывают на важность формирования цифровой компетентности педагога в области цифровых технологий, необходимость создания электронного учебника. Так, А.Ю. Уваров верно отмечает, что использование цифровых технологий должно производиться в комплексе с «синергичным» обновлением содержания образования. Такой подход позволит кардинально улучшить качество образования [8, с. 12]. С точки зрения Л.В. Шмельковой, «одним из приоритетных качеств человека, адекватного цифровому пространству, является владение личностью цифровыми технологиями и умение использовать их в профессиональной деятельности» [5, с. 110]. Е.Л. Варганова, А.В. Вырковский, М.И. Максеенко и С.С. Смирнов рассматривают цифровизацию как управленческую, культурную, поведенческую, а также инфраструктурную составляющую образовательного процесса [3]. Поэтому актуальность и значимость процесса цифровизации профессионального образования и обучения вызвана глобальными процессами перехода к цифровой экономике и цифровому обществу. Цель моей статьи – рассмотреть целесообразность применения инновационных цифровых технологий на уроках русского языка и литературы в образовательных учреждениях.

Изложение основного материала. На современном этапе развития системы отечественного образования приоритетной задачей является повышение её качества, что является основой полноценного формирования социально зрелой креативной личности. Для этого необходимо процесс школьного обучения построить с максимальным приближением к запросам и возможностям учащихся. Сейчас перед педагогическим коллективом стоит важная задача – создание благоприятных условий, способствующих самоопределению, раскрытию интеллектуальных и творческих способностей каждого учащегося.

Качество обучения в современных школах зависит от качества работы учителя. Цифровая грамотность педагога – это такая же система базовых знаний, навыков и становления в сфере повседневного использования цифровых технологий, как и в других профессиях. Учитель должен иметь не только фундаментальные знания по своему предмету, но и полностью овладеть интернет-сервисами, новейшими цифровыми технологиями, средствами обучения, которые помогут заинтересовать и мотивировать учащихся. «От компетентности преподавателей зависит эффективность использования современных методов активного обучения, например, проектного и проблемного обучения» [2, с. 155-156], – констатируют Н.О. Бесшапошников, А. Г. Леонов,

А. А. Прилипко в своей работе «Цифровизация образования – новые возможности управления образовательными треками».

Именно педагогический опыт учителя играет важную роль в поддержании и стимулировании всех учащихся. В ходе общения с учениками педагог вырабатывает различные умения и навыки в использовании своих знаний на практике, овладевает разными новыми технологиями обучения, стараясь использовать передовые и востребованные информационные системы. Главным фактором применения такого опыта является педагогическое взаимодействие – это «типы вербальных и невербальных контактов, в которые вступает учитель и обучающиеся в процессе обучения» [1, с. 191]. Успех обучения зависит от того, насколько действия педагога отвечают интересам и потребностям учащихся, мотивируют их деятельность и стимулируют выполнение соответствующих учебных действий. Укажем, что модель педагогического взаимодействия включает определённые циклы: инициативное действие учителя – ответная реакция учащегося – оценочное действие учителя.

Цифровая грамотность, как и её составляющая медиаграмотность – это основное требование для реализации содержания отечественного образования в цифровом формате. Современный этап развития электроники и компьютерной техники позволяет использовать многофункциональные обучающие комплексы и автоматизированные обучающие системы. Одно из преимуществ использования цифровых технологий в обучении обусловлено их потенциалом для активного вовлечения учащихся в учебный процесс и управления им. Так, во время проведения уроков по русскому языку и литературе можно активно использовать разные цифровые средства обучения: компьютер, интерактивная доска, проектор, фотоаппарат, видеоаппаратура. Вся эта техника позволяет непосредственно включить в учебный процесс информационные образы окружающего мира. Учебная информация полностью сопровождается графическими изображениями и рисунками по изучаемой теме, что способствует повышению наглядности в работе учителя, а также даёт возможность представлять учащимся результаты своей индивидуальной работы всему классу. Отметим, что указанные цифровые средства также способствуют созданию эффективной коммуникативной среды для воспитательной работы, а в дальнейшем и тематического массового мероприятия (например, «День филолога», «День грамотической письменности и культуры», День рождения писателя и др.).

Для наглядного представления информации по любой теме урока русского языка или литературы можно использовать интерактивные плакаты – «созданное с помощью цифровых инструментов наглядное средство представления информации, обеспечивающее взаимодействие пользователя с содержанием плаката» [7, с. 70]. К примеру, интерактивный плакат по русскому языку может содержать кроссворды, словарные слова, электронные диктанты, тестовые материалы. Учащийся всегда может проверить свои знания и исправить ошибку.

В тексте, прикрепленном к интерактивному плакату в виде метки, можно создать краткое описание, привести интересную информацию в сжатом виде. Преимуществом такого плаката является его интерактивность: учащийся может самостоятельно знакомиться с информацией в любом удобном для себя порядке и открывать только нужные ему материалы. При выполнении заданий учащиеся сохраняют скриншоты, которые должны содержать название аккаунта или другую авторскую информацию (например, название статьи, книги, выдержки из журнала и т.д.). Отметим, что количество создаваемых работ не ограничено.

Также применять цифровые технологии учитель может и во время самостоятельных и контрольных работ (программа Excel позволяет создавать проверочные тесты свободным и с выборочным ответом; программа «Интерактивный диктант»). После автоматической проверки ученик сразу увидит не только свою оценку, но и количество и процентное соотношение правильных и неправильных вариантов ответов. В данном случае повторное тестирование может стать продуктивной работой над своими ошибками. Но, заметим, не стоит забывать о том, что автоматизированная проверка иногда недостаточна для достоверной диагностики знаний учащегося.

Основные виды деятельности на уроках русского языка и литературы – изложение, написание эссе/сочинения на заданную тему, стихосложение, анализ текстов, киноповествование и трансформация сказочных сюжетов, создание электронного портфолио о жизни писателя/по изучаемой теме по русскому языку, участие в олимпиадах – используются для формирования лингвистических, социальных и культурных компетентностей. Цифровые технологии могут коренным образом изменить учебный процесс и расширить возможности учащихся. Так, выполняя

групповую проектную работу, участвуя в викторине, появляется возможность конкурировать с другими группами, углублять изученный материал.

Стоит указать, что практическое использование в учебно-воспитательном процессе цифровых технологий предполагает создание специальной программы, которая включает в себя комплекс подготовительных и организационных мероприятий, позволяющих реконструировать и оцифровать содержание учебных дисциплин, подавая его в визуальной форме с помощью современной мультимедийной аппаратуры. Для учителя такая работа способствует актуализации умений и навыков методически грамотно и технически оптимально подбирать содержание учебного материала, уметь визуализировать основные части этого содержания, сформировать кейсы для индивидуальной работы учащихся, организовать интерактивную деятельность при изучении нового материала, применять инновационные методики.

Использование информационно-коммуникационных технологий при обучении на уроках русского языка и литературы целесообразно, поскольку они способствуют развитию инициативы, познавательной активности, самостоятельности, креативности, ценности родного языка. Урок, сопровождающийся техническими средствами обучения, более насыщен и в учебно-информационном, и в эмоциональном плане.

Широкий выбор интерактивных презентаций, электронных учебников и энциклопедий, учебных фильмов, виртуальных экскурсий, программ-тренажеров, видеоуроков, аудиозаписей, различных тематических цифровых и электронных образовательных ресурсов способствуют успешному учебному процессу. Предлагая работу с цифровыми образовательными ресурсами, учитель формирует у учащихся информационную грамотность, знакомит их с полезными сервисами, мотивирует к продуктивной работе на уроках. Цифровые технологии позволяют адаптировать учебную деятельность под уровень компетенций каждого отдельно взятого ученика, его интересов и потребностей. В то же время важно проследить за тем, что все учащиеся имеют равный доступ к цифровым технологиям и навыки работы с ними, обеспечивать доступность технологий для всех учащихся.

Список использованной литературы:

1. Азимов, Э.Г. Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам) / Э.Г. Азимов, А.Н. Щукин. – М.: Издательство ИКАР, 2009. – 448 с.

2. Бесшапошников Н.О. Цифровизация образования – новые возможности управления образовательными треками / Н.О. Бесшапошников, А. Г. Леонов, А. А. Прилипко // Вестник кибернетики. – 2018. – № 2. – С. 154–160.

3. Индустрия российских медиа: цифровое будущее [Академические монографии]. – М.: МедиаМир, 2017. – 160 с.

4. Лапчик М.П. Подготовка педагогических кадров в условиях информатизации образования: учеб. пособие / М.П. Лапчик. – М.: БИНОМ, 2013. – 182 с. – Режим доступа: <http://prof.notoproject.org/courses/formirovanie-informacionnoj-kompetentnosti-pedagoga-v-oblasti-razrabotki-cifrovyh-obrazovatelnyh-resursov/> Низиенко Е., Шмелькова Л. Введение новых государственных образовательных стандартов общего образования // Образовательная политика. – 2010. – №1–2 (39–40). – С. 108–113.

5. Петренко Н.А. Особенности цифровизации российской системы образования / Н.А. Петренко, Е.А. Волошина // Формирование профессиональной компетентности филолога в поликультурной образовательной среде: сб. материалов IV Международной научно-практической конференции, 07-08 октября 2021 г., г. Евпатория / ред. кол. Ю. К. Картавая, И. Б. Каменская, М. А. Шалина, А. Н. Шевченко; под общ. ред. И. Б. Каменской. – Симферополь: ИП Корниенко А. А., 2021. – С. 183–189.

6. Ромадина О.Г. Особенности создания и использования интерактивных плакатов в обучении математике и информатике / О.Г. Ромадина, М.С. Соловьева // HumanitiesresearchesoftheCentralRussia – 2020. – № 4 (17). – С. 69–73.

7. Уваров А.Ю. Школы в развивающейся цифровой среде: цифровое обновление и его зрелость / А. Ю. Уваров, В.В. Вихрев, Г.М. Водопьян, И.В. Дворецкая, Э. Кочак, И. Левин // Информатика и образование. – 2021. – Т. 36. – № 7. – С. 5–28.

8. Yachina N.P. E-Teaching Materials as the Means to Improve Humanities Teaching Proficiency in the Context of Education Informatization / N. P. Yachina, L. A. Valeeva, A.F. Sirazeeva // International Journal of Environmental and Science Education. – 2016. – Vol. 11, Is. 4. – P. 433–442.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

САПАЕВА Ж.Ж.

Ы.Алтынсарин атындағы № 49 мектеп- гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ЕЖЕБЕКОВА Н.А.

«Нұр Әлім» мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассказывается об особенностях учебной деятельности младших школьников. Учебная деятельность требует, чтобы ребенок контролировал свой процесс памяти. Требования и характерное содержание учебного процесса в школе значительно развивают этот процесс, укрепляется память.

Summary. The article tells about the peculiarities of the educational activities of Primary School students. Educational activities require the child to control his memory process. The requirements and inherent content of the educational process at school significantly develop this process, the strength of memory is strengthened.

Бастауыш мектеп - өскелең ұрпаққа білім берудің бастамасы. Қазіргі қоғам талаптарының өзгеруіне байланысты, еліміздің көркейіп-өрендеуіне, ел талап-тілектерінің бетбұрыстарына байланысты жаңа ұрпақтың психологиясы да айтарлықтай өзгерістерге ұшырап, оны неғұрлым өмір талабына қарай өзгерту міндеттері қойылды.

Бастауыш мектеп кезеңінде негізгі іс-әрекет оқу болғандықтан, баланың барлық психикалық үрдісіне өзгеріс енеді. Іс-әрекетке белсенділігін көрсете отырып, ақыл-ой еңбегін зейін арқылы жүзеге асырады.

Оқу іс-әрекеті балаға өзінің есте сақтау үрдісін басқаруды талап етеді. Мектептегі оқу үрдісінің талаптары мен өзіне тән мазмұны бұл үрдісті едәуір дамытады, есте сақтау мықтылығы беки түседі. Есте сақтау деңгейі – есте сақталатын материалдың мазмұнына, іс-әрекет сипатына, материалды есте сақтау және қайта жаңғырту тәсілдері мен әдістерін меңгеру деңгейіне байланысты болады.

Бастауыш мектеп кезеңінде сөздік материалды есте сақтау мүмкіншілігі бірден жоғарылайды, меңгерілетін оқу материалы үнемі оқушыдан елестету үрдісін талап етіп отырады. Есте сақтау мен елестету баланың күш-жігерді керек ететін мотивтерге байланысты өзгеріп отырады.

Оқу үрдісінде ой операциялары да іске асады. Елестету бойынша заттарды дұрыс әрі оңай салыстыра алады. Логикалық ойлауының даму ерекшелігіне ой қорытындысын жасай алу, себеп-салдарды анықтау, түсінік беру деген сияқты түрлері анық өріне бастайды. Оқушыларда жоғары дәрежеде, жүйелі түрде нәтижелі ақыл-ой әрекеті дамып жетіледі. Бұл өзін қоршаған орта туралы, қоғамға еніп жатқан жаңа техника туралы, танымдық қатынастарды меңгере алуынан көрінеді. Осы арқылы баланың ақылы және оның танымдық қызығушылықтары қалыптасады. Сонымен қатар бастауыш мектеп жасындағы балалардың тіл дамуы – ана тілін терең әрі ұлттық ерекшелікте меңгерілгендігі байқалады. Оқушы енді өз ойын, өз қалауын, өз сезімін ана тіліндегі сөз байлығын қолдана отырып, грамматикалық түрде өте дәйекті тұрғыда түсіндіре алады [1].

Баланың алғаш мектеп табалдырығын аттауы – оның бойында күрделі сезімдер туғызады. Бұл оқушылар арасындағы, әрі үйдегі, әрі мектептегі жаңа талаптарға негізделеді. Бұл жастағылардың негізгі әрекеті ойын болса, оқуға кіргеннен кейін оқу психикалық дамуын билейтін болады. Осыған орай бала психикасы елеулі өзгерістерге ұшырайды. Мұның себебі, ойынға қарағанда оқу талабының бала үшін қиындығында. Әуелгі уақытта мектептегі жаңа жағдайға бала әлі бейімделе алмағандықтан, оқу үстінде мынандай қиындықтарға кезігеді:

1-ші: баланың мектеп жағдайына бейімделуі;

2-ші: мұғаліммен, құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасы;

3-ші: 1-сынып оқушыларына берілетін тапсырмалар тым жеңіл болып, баланың оқуға деген қызығушылығы жоғалып кетуі мүмкін. Алайда, барлық қиындықтар бала психикасы дамуына байланысты шешіледі, жаман-жақсыны ажырата бастайды. Мектепке алғаш келген

оқушының негізгі таным процестері мектепке кіргеннен кейін едәуір өзгерістерге ұшырайды. Бұл кезеңде балаға мұғалім мен ата-ана тарапынан көп көмек қажет.

Өкінішке орай, жақсы оқуға мүмкіншілігі толық жететін оқушыны, оның кейбір ақыл-ой енжарлығына қарап, қабілетсіз деп есептейтін жағдайлар да кездеседі. Бұл баланың оқуға қызығушылығының жоқтығынан, ақыл-ой жұмсаудан қашу ниетінен, онда қалыптасқан сенімнен, яғни ілім – баланың қабілеті жетпейтін, өте қиын нәрсе дегеннен келіп пайда болады. Мұндай балаларға қозғау салып, оны белсенділікке бастап, бейімділік көрсеткен нәрселерінен мағлұматтар беріп қызықтыру қажет. Оған қосымша қызықтыратын материалдар беріп, білім алудың қуанышын бастан кешіруге (мысалы, бұрын оған қиын болған есепті дұрыс шығару кезі) жағдай туғызған пайдалы. Бұл мектеп оқушысының өз күшіне деген сенімін туғызады, сөйтіп басқалардан қалыспай тәуір оқи алатындығына көзін жеткізеді.

Бастауыш сынып оқушылары көпке дейін тапсырманы қалай орындаудың тәсілдерін білмейді. Олар берілген тапсырманы жаттап алғысы келіп тұрады. Осылай болуы олардың жаттауға икемділігінің молдығынан емес, оқуға әлі төселмегендігінен, қалай жұмыс істеуге ешкім оны үйретпегендігінен кездеседі. М. Жолдасбеков өзінің «Жас және педагогикалық психология» атты еңбегінде бастауыш мектепте тапсырманың балаларға екі түрлі жолмен берілетіндігін көрсетті: біріншіден, берілген тапсырманы орындау үшін жауапты бала өздігінен іздестіреді. Екіншіден, тапсырма жауап іздестіру ретінде берілмейді. Оны орындау үшін соның үлгісі беріледі, мысалы, тақпақты жаттау үшін соның тексті беріледі [2. 79 б.].

Қазіргі балалар психологиясының негізгі мәселелерінің бірі – бастауыш сынып оқушыларының психикасын дамыту болып табылады. Бала психикасының дамуын зерттеудің міндеттері төмендегідей болып келеді:

1. Проблемалы жағдайларды шешуді талап ететін тапсырмаларды жасау.

2. Көрнекті көріністің алдында заттарды бағалау мен сөздік ой-пікірлердің байланысын зерттеу.

Бастауыш сыныптағы оқыту процесінде мұғалім баланың танымдық іс-әрекетін дамытуға әсер ете отырып, біріккен іс-әрекет барысында олардың ойлауы күрделеніп, есте сақтауы мен зейіні тұрақталып шоғырланады.

К.Д. Ушинский: «... ең кіші сыныптан бастап оқушылардың жасына қолайлы өзінің жинақталған көзқарасы болуы керек... Әрбір жыл сайын бұл көзқарастың тереңдетілуі, кеңеюі, толықтырылуы тиіс», - деп жазған. Демек, оқушының танымдық әрекеті оның дамуындағы басты шарт болатынын анықтады. Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде білімнің ролі, білімнің сенімге айналуы, оқу-танымдық міндеттерді шешуге қажетті оқушылар көзқарасының мәні, жас ерекшелік және орта әсері оқушылардың танымдық әрекетін қалыптастыруға қажетті және жеткілікті шарттар ретінде беріледі [3].

Баланың мектепке оқуға түсуімен оның барлық танымдық процестерін қайта құру, ересектерге тән қасиеттерді игеру басталады. Бұл балалардың жаңа психологиялық қасиеттердің болуын талап ететін олар үшін жаңа іс-шаралар мен тұлғааралық қатынастар жүйесіне қосылатындығына байланысты.

Жеке психикалық процестердің дамуы бастауыш мектеп жасында жүреді. Сонымен, жеті жасында бала қабылдаудың жеткілікті дамыған процесін бастан кешіреді (көру және есту қабілеті жоғары және әртүрлі формалар мен түстерге бағдарланған), бірақ жас оқушының оқу іс-әрекетінде қабылдау тек пішін мен түстерді тануға және атауға дейін азаяды. Бірінші сынып оқушыларында қабылдаудың саралануының кемшіліктері бар, өйткені объектілердің қабылданған қасиеттерін жүйелі талдау мүмкіндігі әлі қалыптаспаған. Баланың қабылданатын заттарды талдау және саралау мүмкіндігі заттардың жеке қасиеттерін сезіну мен ажырату деңгейі төмен қалыптасқан.

Бастауыш сынып оқушыларының есте сақтау қабілеті жақсы, бұл ең алдымен мектепте алғашқы үш-төрт жылда тез дамып келе жатқан механикалық жады қатысты. Жанама, логикалық жады оның дамуында біршама артта қалады, бұл көп жағдайда оқу, жұмыс, ойын және қарым-қатынаспен айналысатын баланың механикалық жады жеткілікті екендігіне байланысты. Бастауыш мектеп жасындағы ойлауды дамыту мәселесіне әртүрлі көзқарастарды талдай отырып, оның дамуының екі кезеңін байқауға болады:

- 1) бастауыш сынып оқушыларының ақыл-ой белсенділігі (шамамен бірінші және екінші сыныптар) әлі күнге дейін мектеп жасына дейінгі баланың ойлауына ұқсайды. Оқу материалын талдау негізінен визуалды-тиімді жоспарда жасалады. Балалар нақты заттарға немесе олардың тікелей алмастырғыштарына, суреттеріне сүйенеді. Алғашқы екі сынып оқушылары көбінесе

пәндерді біржақты бағалайды, кез-келген сыртқы белгіні түсінеді. Балалардың тұжырымдары қабылдауда берілген көрнекі алғышарттарға сүйенеді. Қорытындының негіздемесі логикалық дәлелдер негізінде емес, шешімнің қабылданған ақпаратпен тікелей байланысы арқылы жүзеге асырылады. Сонымен, осы кезеңде балалар жасаған жалпылаудың көпшілігі заттар мен құбылыстардың бетінде жатқан нақты қабылданған белгілер мен қасиеттерді белгілейді.

2) үшінші сыныпқа қарай бастауыш сынып оқушыларының ойлау сипаты өзгереді. Оқушылар ұғымдардың жеке белгілері негізінде жіктеуді игереді.

Бастауыш сынып оқушыларының объектілер мен құбылыстардың белгілері мен қасиеттері туралы пікірлері көбінесе көрнекі бейнелер мен сипаттамаларға негізделген. Сонымен бірге, бұл пайымдаулар мәтінді талдаудың нәтижесі, негізгі сәттердің осы бөліктерінде ақыл-ойды бөліп көрсету, оларды тұтас суретке біріктіру, ақырында абстрактілі білімге айналған тікелей көздерден бөлінген кейбір жаңа пайымдаулардағы бөлшектерді жалпылау болып табылады. Мұндай ақыл-ой аналитикалық-синтетикалық қызметінің нәтижесі дерексіз пайымдау немесе жалпыланған білім.

Бала белгілі бір заттар мен құбылыстарды жіктеуді үйренген сайын, ақыл-ой әрекетінің күрделі формалары пайда болады, бұл тікелей қабылдауға байланысты. Сондай-ақ, оқу процесі назар аудару сияқты психикалық функцияны Оқу іс-әрекетінің ерекшелігі балалардың қиял сияқты маңызды психикалық қабілетін дамытуға көмектеседі. Оқушыларға мұғалім мен оқулық хабарлаған ақпараттың көпшілігі ауызша сипаттама, суреттер мен сызбалар түрінде болады. Оқушылар әрдайым шындық бейнесін қайта жасауы керек (әңгіме кейіпкерлерінің мінез-құлқы, өткен оқиғалар, ландшафттар және т.б.). Мектептегі іс-шаралар барысында қайта құру (репродуктивті) қиял дамиды, ал қазірдің өзінде қайта құру қиялы шындықтың бейнелерін өңдейді. Балалар әңгімелердің сюжеттік желісін өзгертеді, оқиғаларды бейнелейді. Бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың қайта құру немесе репродуктивті қиялды біртіндеп жетілдіруі олардың шығармашылық (өнімді) қиялын дамытуға жағдай жасайды. Бұл алғышартты қалыптастыруға балалар қандай-да бір заттарды жасау арқылы өз жоспарларын жүзеге асыратын көркем еңбек сабақтары көмектеседі.

Оқу іс-әрекеті жағдайында эмоциялардың жалпы сипаты өзгереді деп болжанады. Оқу іс-әрекеті бірлескен іс-әрекеттерге, саналы тәртіпке, ерікті назар мен жадқа қатаң талаптар жүйесімен байланысты. Мұның бәрі баланың эмоционалды әлеміне әсер етеді. Бастауыш мектеп жасында эмоциялар пайда болуында ұстамдылық пен хабардарлықтың жоғарылауы, эмоционалды жағдайлардың тұрақтылығының жоғарылауы байқалады. Бастауыш сынып оқушылары өздерінің көңіл-күйлерін басқара алады, кейде оны жасырып, жасыра алады. Бастауыш сынып оқушылары мектеп жасына дейінгі балаларға қарағанда байсалды, олар ұзақ, тұрақты қуанышты және көңілді көңіл-күйге ие. Сонымен қатар, кейбір балаларда теріс мінез сипаты байқалады, мысалы, олардың басты себебі - шағымдар деңгейі мен оларды қанағаттандыру мүмкіндіктері арасындағы сәйкессіздік. Егер бұл алшақтық ұзақ болса және бала оны жеңудің немесе жұмсартудың жолын таппаса, онда жағымсыз тәжірибелер зұлым және ашулы сөздер мен әрекеттерге әкеледі. Мұндай эмоционалды бұзылулардың алдын алу үшін мұғалім оқушылардың жеке ерекшеліктерін жақсы білуі керек.

Оқу іс-әрекеті барысында өзін-өзі бағалау қалыптасады. Балалар мұғалімнің жұмысын қалай бағалайтынына назар аудара отырып, өздерін және құрдастарын «үздік, жақсы және орта» деп бағалайды, әр топтың өкілдеріне тиісті қасиеттер жиынтығын береді. Мектептің басында оқу үлгерімін бағалау, негізінен, жеке тұлғаны бағалау болып табылады және баланың әлеуметтік жағдайын анықтайды. Үздік оқушылар мен кейбір жақсы оқитын балалар өзін-өзі жоғары бағалайды. Нашар оқитын оқушылар жүйелі сәтсіздіктер мен төмен бағалар олардың өзіне деген сенімділігін, мүмкіндіктерін төмендетеді. Тұлғаның толыққанды дамуы құзыреттілік сезімін қалыптастыруды қамтиды. Егер бала оқуда өзін сауатты сезінбесе, оның жеке дамуы бұзылады, сондықтан оқушының оқу іс-әрекетінде сауатты болуға деген ынтасын ынталандыру осы кезеңде жеке тұлғаны қалыптастырудың маңызды факторы болып табылады. Балалардың өзін-өзі бағалауы мен құзыреттілік сезімін дамыту үшін сыныпта психологиялық жайлылық пен қолдау атмосферасын құру қажет.

Бастауыш сынып жасындағы оқушының өмірінде маңызды өзгеріс болады: ол өзінің ішкі әлемінде бағдарлау дағдыларын игереді. Мектепте ол моральдық талаптардың осындай нақты және егжей-тегжейлі жүйесімен кездеседі, олардың сақталуы үнемі бақыланады. Оқушылардың мінез-құлық нормалары мен ережелерінің кең жиынтығын игеру міндеті тұр, оны қолдану мұғаліммен, ата-аналармен және құрдастарымен қарым-қатынасты дұрыс ұйымдастыруға

мүмкіндік береді. 10 жасқа қарай балалар осы нормалар мен ережелердің мағынасын нақты түсінуге психологиялық тұрғыдан дайын.

Оқушылардың мінез-құлық нормалары мен ережелерін нақты және органикалық игеруі, ең алдымен, мұғалімдерде олардың орындалуын бақылаудың жақсы дамыған әдістері мен құралдарының болуын болжайды. Осы нормалар мен ережелерді нақты тұжырымдау, олардың орындалуын міндетті түрде ынталандыру - бастауыш сынып оқушыларында тәртіпті және ұйымшылдықты тәрбиелеудің маңызды шарттары. Осы жаста балада қалыптасқан мұндай моральдық қасиеттер адамның ішкі меншігіне айналады.

Мектептің бастауыш сыныптарында балалар тұлғаның мотивациялық саласын дамытады. Оқытудың әртүрлі әлеуметтік мотивтерінің ішінде жоғары баға алу мотиві басты орын алады. Баланы мектепке баруға, сабаққа қатысуға итермелейтін ішкі себептерге мыналар жатады:

1) танымдық мотивтер - бұл оқу іс-әрекетінің мазмұндық немесе құрылымдық сипаттамасымен байланысты мотивтер (білім алуға деген ұмтылыс, білім алудың өзіндік тәсілдерін игеруге деген ұмтылыс);

2) Әлеуметтік мотивтер - оқу мотивтеріне әсер ететін факторлармен байланысты, бірақ оқу іс-әрекетімен байланысты емес мотивтер (сауатты адам болуға, қоғамға пайдалы болуға деген ұмтылыс, достарының мақұлдауын алуға ұмтылу, табысқа жету, бедел, басқалармен, сыныптастарымен өзара әрекеттесу тәсілдерін игеруге деген ұмтылыс). Бастауыш сыныптарда жетістікке деген мұндай ынталандыру көбінесе басым болады [4].

Үлгерімі жоғары балаларда табысқа жетудің мотивациясы айқын: жақсы баға алу, тапсырманы дұрыс орындау, қажетті нәтиже алу. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, бастауыш сынып жасында танымдық процестердің негізгі сипаттамалары (қабылдау, зейін, есте сақтау, қиял, ойлау) бекітіліп, дамиды, өзін-өзі бағалау қалыптасады, моральдық нормалар қажеттілігі танымдық оқу іс-әрекеттерін қалыптастырумен байланысты.

Тіл – ойдың жемісі. Бала тілінің таза, ойының жеткілікті болуына баса назар аудару қажет. Л.С. Выготскийдің пікірінше, мектепте оқытудың басталуымен ойлау баланың саналы әрекетінің орталығына ығысады. Ғылыми білімді меңгеру барысында жүзеге асатын сөздік-логикалық, пайымдап ойлаудың дамуы басқа да танымдық процестерді құрайды [5].

Ғұлама ғалым М. Жұмабаев тіл, сөйлеу – адам психологиясының басты белгілерінің бірі екендігін айтады. «Тіл – жұрттың жаны. Өз тілін өзі білмеген ел болмайды. Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт. Мектеп пен баланың тілі дұрыс болса, елдің тілін көркейтп, байытып гүлдендіреді, мектеп пен баспада қолданудан қалған тіл – шатасқан тіл» - дейді [6].

Бастауыш сынып оқушысы визуалды ойлауға бейім. Бастауыш сынып оқушыларына уақытша және әсіресе себептік байланыстар оңай берілмейді. Бастауыш сынып оқушыларының логикасы жеткілікті дамымаған. Оқушылар:

- 1) жеке фактілерді,
- 2) олардың арасындағы байланысты,
- 3) дәлелдемелер мен түсініктемелерді түсінбеуі мүмкін.

Бірінші жағдайда, түсінбеушіліктің себебі - жай білмеу: егер мен бір нәрсені мүлдем білмесем, мен оны әрине түсінбеймін. Оқушы факторлардың арасындағы байланысты оңай көруге немесе ақылмен байқауға болатындығын түсінеді. Бала көбінесе дәлелдерді түсінбейді, өйткені, оның логикалық ойлауы нашар дамыған. Себептік түсіндірулер, егер олар себептерден іс-әрекетке ауысса немесе балалардың өздеріне қоятын ниетімен, мақсатымен, сонымен қатар жақын болуымен түсіндірілсе, оған оңайырақ болады.

Бастауыш мектеп жасында қабылдауды дамыту жалғасуда. Қабылдау барған сайын мақсатты және басқарылатын процеске айналады. Бастауыш сынып оқушыларындағы синкретизм тұтастай алғанда бөліктердің қарым-қатынасына, тақырыпты қабылдауда семантикалық байланыстарды табуға деген ұмтылыстың арқасында әлсіз болып көрінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Бейсенбекова Г.Б. Кіші жастағы оқушы тұлғасының психологиялық-педагогикалық диагностикасы. – Қарағанды, 2012. – 122 б.
2. М. Жолдасбеков. Жас және педагогикалық психология. – Алматы, 2008.
- 3.Ушинский К.Д. О народности в общественном воспитании. Пед. Соч. в 6 томах // Сост. С.Ф. Егоров. – М.: Педагогика, 1988. – Т. 1. – 248 с.
- 4 Жарықбаев Қ. Он томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 7 том. – Алматы, 2016. – 305 б.

5. Ж.Қ.Дүйсенова, Қ.Н.Нығметова. Балалар психологиясы: оқулық. – Алматы, 2012.
6. Выготский Л.С. Психика, сознание и бессознательное. – Москва: «ВЛАДОС», 2002. – 253 с.
7. Жұмабаев М. Педагогика (Баланы тәрбие қылу жолдары). – Алматы: Рауан, 1993. – 112 б.

ӘОЖ 37.012

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР

ТУРЖАНОВА С.К., КУЛПАМЫШОВА А.Т.

Ы.Алтынсарин атындағы № 49 мектеп- гимназиясының бастауыш сынып мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассказывается об инновационных методах, используемых в начальной школе, а именно: метод критического мышления; метод проекта; Информационно-коммуникативные технологии; игровой метод; техники релаксации; и др.

Summary. The article discusses innovative methods used in primary school, namely: the method of critical thinking; the project method; information and communication technologies; the game method; relaxation methods; etc.

Оқытудың инновациялық әдістерін сауатты пайдалану негізінде оқушылардың өздерін білім алуға итермелейтін жағдай жасауға мүмкіндік береді. Оқыту әдістері - бұл мұғалім мен оқушылардың оқу мәселелерін шешуге бағытталған бірлескен іс-әрекеті.

Мектептегі оқытудың инновациялық әдістері - бұл белгілі бір білім көлемін игеру ғана емес, сонымен қатар іс-әрекеттің әмбебап тәсілдерін игеру, баланы шығармашылық қабілеті мен тиімді әрекет ету қабілетіне сүйене отырып, кейіннен өзі қалыптастыра және өзгерте алатын әдістер, міндеттер және мәселелерді шешуге үйрету.

Мектептегі оқытудың дәстүрлі және инновациялық әдістеріне салыстырмалы талдау жасай отырып, мектептегі оқытудың инновациялық әдістері оқушылардың танымдық қызығушылығын дамытуға ықпал ететінін, оқылған материалды жүйелеуге, жалпылауға және талқылауға үйрететінін анықтады.

Оқытудың екі дәстүрлі әдісі ерекшеленеді:

1. Репродуктивті
2. Түсіндірме-иллюстрациялық.

Оқытудың репродуктивті әдісі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін қолданылады, бастауыш сынып оқушыларын белгілі ақпаратты алуға итермелейді. Дегенмен, репродуктивті әдіс оқушылардың ойлау қабілетін, олардың шығармашылық әлеуетін толық дамыта алмайды.

Түсіндірме және иллюстрациялық әдіс - бұл мұғалім дайын ақпаратты әртүрлі тәсілдермен жеткізеді, ал бастауыш сынып оқушылары бұл ақпаратты қабылдайды, түсінеді және есте сақтайды. Мұғалім ақпаратты ауызша, жазбаша, көрнекі құралдар және іс-әрекет тәсілдерін практикалық көрсету арқылы жеткізеді.

Осылайша, екі дәстүрлі әдіс бастауыш сынып оқушыларына білімді дайын түрде ұсынады. Бұл әдістердің көптеген кемшіліктері бар:

1. Жадқа жүктеме.
2. Оқушылардың төмен дербестігі.
3. Материалды толық меңгермеу.
4. “Ойлау” және өз бетінше шешім қабылдау мүмкін еместігі.
5. Білімнің орташа көлемі.
6. Материалды зерттеудегі орташа қарқын.

Оқытудың инновациялық әдістері мен дәстүрлі әдістердің салыстырмалы нұсқасы 1 кестеде берілген.

Кесте 1. Оқытудың инновациялық әдістері және дәстүрлі әдістерін салыстыру

	Дәстүрлі	Инновациялық
Мақсаты	Білім, білік, дағдыларды қалыптастыру	Жаңа стандарты емес мәселелерді өз бетінше шешу және шешу қабілетін дамыту
Ұйымдас тыру формалары	Топтық, жеке.	Топтық, ұжымдық.
Оқыту әдістері	Иллюстрациялық- түсіндірме, ақпараттық.	Проблемалық, проблемалық презентация, ішінара іздеу, зерттеу
Жетекші қызмет түрі	Репродуктивті, ауызша	Өнімді, шығармашылық, проблемалық.
Ассимиляция әдістері	Естесактау, алгоритм бойынша қызмет	Іздеу қызметі, рефлексия
Мұғалімнің функциялары	Ақпарат тасымалдаушысы, нормалар мен дәстүрлерді сақтаушы.	Ынтымақтастықты ұйымдастырушы, кеңесші
Оқушының позициясы	Пассивтілік, қызығушылықтың болмауы, жеке өсуге мотивацияның болмауы	Белсенділік, өзін-өзі жетілдіру мотивінің болуы, сабаққа қызығушылықтың болуы.

Инновациялық әдістерге оқытуда қолданылатын *белсенді және интерактивті формалар* кіреді. Белсенді формалар оқушының мұғалімге және онымен бірге білім алатындарға қатысты белсенді ұстанымын қамтамасыз етеді. Сабақ барысында оқулықтар, дәптерлер, компьютер, яғни оқыту үшін қолданылатын жеке құралдар қолданылады.

Интерактивті әдістердің арқасында басқа бастауыш сынып оқушыларымен ынтымақтастықта білімді тиімді игеру жүзеге асырылады. Бұл әдістер оқытудың ұжымдық формаларына жатады, оның барысында оқушылар тобы зерттелетін материалмен жұмыс істейді, олардың әрқайсысы орындалған жұмыс үшін жауап береді.

Оларға жатады:

- * шығармашылық сипаттағы жаттығулар;
- * топтық тапсырмалар;
- * білім беру, рөлдік, іскерлік ойындар;
- * сабақ-экскурсиялар;
- * бейнематериалдарды, интернетті, көрнекілікті пайдалану [1].

Бастауыш сынып оқушыларына білім беруде қолданылатын тиімді бірнеше инновациялық әдістерге тоқталып өтейік:

1. Сыни тұрғыдан ойлау әдісі. Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз -қызығушылық таныту және зерттеу әдістерін қолдану: сұрақтар қою, жауаптарды жүйелі түрде іздеу болып табылады. Сын тұрғысынан ойлау әдісін сабақта қолдану - үш кезеңнен тұрады. Ол сабақтың құрылымы: “дайындық”, “ұғыну” және “рефлексия” кезеңдерінен тұрады (кесте 2- де берілген).

Кесте 2. Сын тұрғысынан ойлау әдісін сабақта қолдану құрылымы

Инновациялық әдістерді жүзеге асыру кезеңдері	Міндеттер	Тәсілдер
Дайындық	* Зерттелетін тақырып бойынша білім мен	* Миға шабуылы

	идеяларды өзектендіру және талдау; * Оқушыны белсенді ету, оған өз ойларын өз сөзімен білдіре отырып, мақсатты ойлауға мүмкіндік беру; * Материалды зерттеудің келесі процесін құрылымдау	* Топтық ми шабуылы * Кілт сөздерді беру * Аралас логикалық тізбектер * Еркін жазбаша тапсырма * Кластерлерге бөлу * Біз білеміз / білгіміз келеді / білдік
Ұғыну	* Жаңа ақпарат алыңыз; * Оны түсіну; * Жаңа ақпаратты жаңа біліммен байланыстырыңыз; * Шақыру кезеңінде құрылған қозғалыс белсенділігін, қызығушылығын және инерциясын қолдау.	Мәтінді таңбалау жүйесі I.N.S.E.R.T. * Өзара сұрақ * Өзара оқыту * Өзіндік сабақтарға арналған әзірleme
Рефлексия	* Жаңа идеялар мен ақпаратты өз сөзіңізбен жеткізу; * Білім алушылар мен оқытушы арасындағы пікір алмасу негізінде елынған ақпаратты тұтас ұғыну және қорыту; * Материалды зерттеудің бүкіл процесін талдау; * Зерттелетін материалға өз көзқарасын дамыту және оны қайта қарастыру	* Жұптық ми шабуылы / жұптық қорытындылау * Кілт сөздерге қайта оралу * Шатастырылған логикалық тізбектерге оралу * Кластерлерге оралу * Қайтару «Біз білеміз / білгіміз келеді / білдік» * Таңбалау кестесі * Өздігінен жұмыс істеуге арналған әзірlemелерге оралу * Өзіңіз ойлаңыз /жұпта/ аудиторияға * Пікірталас жүргізу техникасы * «Соңғы сөзді маған қалдырыңыз» * Он минуттық эссе немесе басқада жазбаша тапсырмалар * Бес минуттық эссе

Сабақтарда сыни ойлауды дамыту әдістерін қолдану мектеп оқушыларында келесі дағдыларды дамытуға ықпал етеді:

- * оқығанды және естігенді түсіну;
- * топта зерттеу жұмысын жүргізу;
- * ақпаратты басқа адамға беруге болады;
- * топтың мүдделерін ескере отырып, қандай да бір пәнді оқу бағытын өз бетінше анықтау;
- * алған білімдерін өмірде қолдану.

2. Жоба әдісі

Жоба әдісі - бастауыш сынып оқушыларының қажеттіліктері мен мүдделерінен туындайтын, балалардың бастамасын ынталандыратын әдіс, оның көмегімен білім беру процесінде ұжымдық және жеке тұлғаны біріктіруге мүмкіндік беретін бала мен ересек адамның ынтымақтастық принципі жүзеге асырылады. Оқушылардың зерттеушілік, шығармашылық белсенділігін дамытуға, әмбебап оқу іс-әрекеттерін қалыптастыруға бағытталған.

Жобалау қызметінің негізгі кезеңдері:

- * жоба тақырыбын таңдау;
- * әр түрлі көздермен жұмыс;
- * жобаны ұсыну нысанын таңдау;
- * жоба бойынша жұмыс;
- * нәтижелерді ресімдеу;
- * жобаларды қорғау.

Қорытындылау.

Жұмыстың соңында оқушы келесі сұрақтарға жауап беруі керек:

* Мен ойлағанымды орындадым ба?

* Не жақсы жасалды?

* Не нашар жасалды?

• Бұл жобаны орындау барысында қандай қиындықтарды болды?

3. Пікірталас әдісі

Пікірталас әдісі - оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауына және өзгенің пікірін тыңдауына, кезекпен сөйлеуіне, өз пікірін айта білу қабілеттерін дамытуға, дұрыс шешімді бірлескен ұжыммен іздеуге қатысу сезімін сезінуге мүмкіндік береді. Оқушылар талқылау ережелерін білуі керек. Мұғалім бастауыш сынып оқушыларын тақырыпқа байланысты сұрақтар қою арқылы, ұжымды пікірлерін айтуға бағыттап отыруы керек.

4. Бастауыш сынып мұғалімдерінің білім беру процесінде *ақпараттық коммуникативтік технологияларды* қолдануы:

* оқушылардың зерттеу қызметінің дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

* оқу мотивациясын күшейту;

* оқушылардың ақпаратпен жұмыс істей білуін қалыптастыру, коммуникативтік құзыреттілігін дамыту;

* оқушыларды оқу процесіне белсенді тарту;

* мұғалімдер мен оқушылардың өзара түсіністігі мен олардың оқу үдерісіндегі ынтымақтастығы үшін қолайлы жағдай жасау.

5. Ойын әдісі [2] - бастауыш сынып оқушылары үшін таптырмас әдістердің бірі. Ойын әдісі келесідей қызметтерді атқарады:

- оқушының көңілін көтереді;

- оқушының коммуникативтілік құзыреттілігін дамытады;

- ойын-терапевтикалық қызметін атқарады;

- түзету қызметтерін атқарды;

- әлеуметтендіруші қызметін атқарады.

6. Релаксация әдістері

Бастауыш мектепте оқытудың әртүрлі формаларын, әдістері мен тәсілдерін қолдану қажет:

* материалды түсінікті, қызықты, жарқын және бейнелі түрде үйретуге мүмкіндік береді;

* білімді жақсы меңгеруге ықпал етеді;

* танымға қызығушылық тудырады;

* коммуникативтік, тұлғалық, әлеуметтік, интеллектуалдық құзіреттіліктерді қалыптастырады.

Оқытудың инновациялық әдістерін қолданатын сабақтар оқушылар үшін ғана емес, мұғалімдер үшін де қызықты. Бірақ оларды жүйесіз, ойластырылмаған пайдалану жақсы нәтиже бермейді. Сондықтан сыныптың жеке ерекшеліктеріне сәйкес авторлық ойын әдістерін сабаққа белсенді түрде әзірлеу және енгізу өте маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ж.Қ.Дүйсенова, Қ.Н.Нығметова. Балалар психологиясы: оқулық. – Алматы, 2012.

2. Оқыту мен оқудың белсенді әдістері. [http://sc0009.burabay.aqmoedu.kz/arc/attach/698/56088/Aktivnye_metody_obucheniya_Dadli_\(1\).pdf](http://sc0009.burabay.aqmoedu.kz/arc/attach/698/56088/Aktivnye_metody_obucheniya_Dadli_(1).pdf)

ӘОЖ 371.47.25

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ – БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖОҒАРЫ САПАСЫНЫҢ КІЛТІ

АЛИЕВА А.Ш.

№6 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

Резюме. В современном мире, где технологии стремительно развиваются, а требования к профессиональным навыкам постоянно меняются, образование становится ключевым фактором успеха и развития каждого человека.

Summary. In today's world, where technology is rapidly developing and the requirements for professional skills are constantly changing, education is becoming a key factor in the success and development of every person.

Технология қарқынды дамып келе жатқан және кәсіби дағдыларға қойылатын талаптар үнемі өзгеріп отыратын қазіргі әлемде білім әр адамның табысы мен дамуының негізгі факторына айналады. Алайда, сапалы білім беру үшін оның мазмұнын заманауи талаптар мен қиындықтарға сәйкес үнемі жаңартып отыру қажет. Жаңартылған білім беру мазмұнының бірнеше аспектілерін және оның қазіргі әлемдегі маңыздылығын қарастырайық.

1. Оқу бағдарламаларын өзектендіру. Оқу бағдарламалары қазіргі заманғы шындыққа және еңбек нарығының талаптарына бейімделуі керек. Бұл жаңа технологияларды енгізуді, ақпаратты өзектендіруді және қазіргі қоғамдағы табысты мансап үшін қажетті дағдыларды дамытуды қамтиды. Мысалы, бағдарламалау, цифрлық, қаржылық сауаттылық және кәсіпкерлік курстарын қосу студенттер үшін білім беру бағдарламасының тартымдылығын және олардың болашақ еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай арттыруы мүмкін

2. Сыни ойлау мен шығармашылық қабілеттерін дамыту. Білім сыни ойлауды, аналитикалық дағдыларды және проблемаларды шешу қабілеттерін дамытуға ықпал етуі керек. Бұл түлектерге өзгеретін жағдайларға тиімді бейімделуге және өмірдің әртүрлі салаларында негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ жаңашылдық пен жаңашылдықты ынталандыру арқылы оқушылардың шығармашылығын дамыту маңызды.

3. Оқытудың интерактивті әдістерін енгізу. Заманауи технологиялар оқытуды қызықты әрі тиімді ететін интерактивті оқу материалдарын жасауға мүмкіндік береді. Виртуалды шындық, онлайн курстар, ойын тәсілдері және т.б. сияқты интерактивті оқыту әдістерін пайдалану материалды жақсырақ меңгеруге және оқушылардың ынтасын арттыруға ықпал етеді.

4. Әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларды дамытуға назар аудару. Білім тек білім берумен шектелмеуі керек. Сондай-ақ, Әлеуметтік және эмоционалды дағдыларды дамыту маңызды, мысалы, командада жұмыс істеу, эмпатия, жанжалдарды шешу және т.б. бұл дағдылар жеке тұлғаны қалыптастыруда және қоғамдағы табысты өзара әрекеттесуде шешуші рөл атқарады.

5. Цифрлық трансформацияға дайындық. Қазіргі әлем цифрлық революцияны бастан өткеруде және білім беру оқушыларды осы өзгерістерге дайындауы керек. Бұған тек цифрлық оқыту ғана емес, сонымен қатар ақпараттық қоғамда цифрлық сауаттылық, сыни ойлау және деректерді қорғау дағдыларын дамыту кіреді.

Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы – заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Сабақ беру мен оқытудың парадигмасы өзгерді. Сол өзгеріске сай оқытушының сабақ беру шеберлігі де өзгерісті талап етіп тұр. Аталған бағдарлама баланың функционалдық сауаттылығы мен өмірге қажетті білім қорын жинақтауын 360 дамытуды көздейді. Жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын қалыптастыру және оларды қолдану – жаңартылған білім беру бағдарламасының өзекті аспектісі. Бағдарлама мазмұны оқушылардың өз бетімен ізденуіне, мәселелерді анықтауына және шешу жолдарын қарастыруына жол сілтейді. Диалогтық оқыту арқылы қарым-қатынасқа түсу дағдысын қалыптастыру, проблеманы шешу барысында жеке көзқарасын дәлелдеу дағдысын арттыру көзделеді. Поляның (1945) тұжырымдауынша, проблемаларды шешу – бұл: шынайы проблемамен айналысу; мәселе туралы болжам жасау, зерттеу және мағынасын түсіну; рәсімдерді есте сақтау; шешімдерді іздеу; жорамалдар жасау.

Дәлелдеу тәсілінің төрт кезеңі бар: Елестету; Салыстыру; Түсіндіру және дәлел келтіру; Мақұлдау. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі – спиральді қағидатпен берілуі. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериалдық бағалау жүйесіне өтеді.

Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты балдары бойынша өлшенеді. Оқушылардың пен бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Критериалды бағалау, кері байланыс тәсілі ХХІ ғасырдағы қарқынды дамып келе жатқан зияткерлік және техникалық ортада табысты болу үшін қажетті дағдыларды меңгертуге бағытталған. Олар оқушыларды сын

тұрғысынан ойлау, бірлесіп жұмыс істеу, ақпаратты өңдеу, проблемаларды шешу сияқты анағұрлым жоғары деңгейдегі көптеген дағдыларды өз бетінше меңгеруге және зерделеуге дайындайды және ынталандырады. Қазақстандық білім беру саласы – мемлекеттегі институционалды жүйелердің арасында неғұрлым реформаланған жүйелердің бірі.

Ғалым Андерес Шлейхердің: «XXI ғасыр мектептері оқушыларды өмірде, жұмыста және азаматтық ұстанымында өзгелермен ынтымақтастықта өмір сүруге дайындай отырып, ұлттық және жаһандық пікір алуандылығының шынайылығын ұғынатын өзіндік дербестігі мен ерекшелігін дамытуға көмектесуі керек» деген пікіріне сүйенсек, Қазақстандағы жаңартылған білім беру бағдарламасының нәтижесі оң әсерін беретіні сөзсіз.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықпен қолдана білу.

Нашар мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді»– деп неміс педагогі А.Дистерверг айтып өткендей, оқушының білімге өз бетімен жетуге жетелеу қажет. Мұғалім жай, бір сарынды үнмен сөйлесе немесе тек өзі сөйлейтін болса оқушыларда селқостық пайда болады Мұғалім оқушыларда Чиксентмихайи (2008) «өзіндік мақсат» деп атайтын және Райан мен Деки «ішкі уәж» деп атайтын қасиеттердің болуына жағдай жасауға тырысуға тиіс.

Басқаша айтқанда, оқушылар өзін-өзі ынталандыра алады және осыған орай, оларда алға ұмтылыс пен қызығушылық пайда болады. Жаңартылған бағдарламаның қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудағы өзгешелігі 4 дағдымен тығыз байланысты болып келеді.

Себебі, осы төрт дағдымен байланысты дамыта отырып, 21 ғасырдың дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік тудырады. Жаңа бағдарламаны меңгеру барысында ерекше есте қалған мына әдістәсілдер сабақтың тиімді өтуіне, оқушы бойында қажетті 4 дағдыны (тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым) қалыптастыруға ықпал ететіні сөзсіз: «Шығыс базары», «Білім қабырғасы», «Ыстық орындық», «Пікірлер сызығы», «Сана саяжолы», «9 ромб», «5 қадам», «Драма әдісі», «Әдебиеттік үйірме», графикалық органайзерлер – «Дара диаграмма», «Қос диаграмма», «Оқиға тауы», «Хикая картасы», «Эмоция кестесі», т.б. Жаңартылған білім беру бағдарламасындағы өзгерістер жұптық, топтық жұмыстар болып табылады. Жұптық жұмыс барысында диалогтық әдіс қолданылады. «Ынтымақтастық оқу – бұл оқыту мен оқу тәсілі, аталған тәсіл проблемаларды шешу, тапсырмаларды орындау, әлдебір өнім жасау үшін оқушылар тобының бірлесіп жұмыс істеуін білдіреді». Диалогтік оқыту–оқыту процесін тиімді етудің бір әдісі.

Сондықтан да сабақты жоспарлауда диалогтік әдісті көбірек пайдалануға жұмыстандым және оның тиімділігіне тәжірибе жүргізуде көзім жетті. Әңгімелесу әдісі, оқушыны жаңа білімді алуға белсене қатыстырып, оны білім алу әдістеріне, мұғалім қойған сұрақтарға өз бетімен жауап беруге үйретеді. Мерсер мен Литлтон (2007) өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсетеді. Мерсер (2000) сипаттағандай, білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестер болып табылады. Барнс білім берудің мұғалімді селқос тыңдағанда ғана емес, вербальды құралдарды қолдану нәтижесінде, яғни сөйлесу, талдау және дәлелдеу барысында жүзеге асатынын көрсетті. Шынында диалогтық әдістің оқу үрдісіндегі маңызы өте зор. Мерсердің зерттеуіне сәйкес, әңгімелесу оқушылардың оқуының ажырамас бөлшегі болып табылады және әңгімелесудің үш түрі бар [1,37].

1. Әңгіме- дебат: 2. Топтық әңгіме: 3. Зерттеушілік әңгіме: Диалог дұрыс жолға қойылған жағдайда оқу үрдісі ынтымақтастықта дамиды. Диалог негізінде «мұғалім-оқушы», «оқушы-оқушы» қарым-қатынас пайда болады. Сабақ үрдісінде бірнеше диалог түрін қолдануға болады:

а) Қостау диалогы – екі сөйлеуші де бір-бірінің пікірімен келісіп, бірін-бірі толықтырып отырады;

ә) Полемикалық диалог – сөйлеушінің бірі екіншісінің сөзін қақпайлап, сөзбен қақтығысып отырады.

б) Нақтылау диалогы .

в) Эмоционалды қарсылық білдіру диалогы.

г) Сұрақ – жауап диалогы.

д) Сұраққа кері реакцияны білдіретін диалог.

е) Жауапқа қарама-қарсы сұрақ бағыттау диалогы.

ж) Сұраққа модальдық әсерді білдіретін диалог.

Өз тәжірибемде «Ойлан-жұптас-талқыла», «Көршіңе әңгімеле», «Ішкі шеңбер және сыртқы шеңбер», «Кездесу» жұптық оқыту әдістерін қолданамын. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ажырамас бөлігі – рефлексия. Кері байланыстың негізгі үш қызметі: әрекеттерді түзету және реттеу; тұлғааралық қатынастарды реттеу; келесі әрекеттерді жоспарлау.

Сырт пікірлер адамға өзінің қайда және қандай екендігін білуге көмектесіп, болашақ әрекеттеріне түзету енгізіп, оларды жоспарлауға мүмкіндік береді. Кері байланыс ауызша немесе жазбаша болуы мүмкін. Қай нысан жақсырақ екені туралы ешқандай нақты дәлел жоқ; бұл мәнмәтінге байланысты. Кері байланыс адамға емес (адамды қамтитын), тапсырмаға негізделген (тапсырманы қамтитын) болса, анағұрлым тиімді болады. Оқытушының рефлексиясы да өте маңызды болып табылады.

Педагогикалық рефлексия- оқытушының өзіне, өзінің қылықтарына объективті баға беру, оны балалар, басқа адамдар, ең әуелі педагогикалық қатынас процесінде мұғалім әрекеттесетін адамдар қалай қабылдайтынын түсіну қабілеті. Психологиялық оқытушының шығармашылығын дамытудың қысқаша формуласын «тәжірибе сол тәжірибенің рефлексиясы даму» түрінде ұсынған Г.С.Сухобская мен Ю.В.Кулюткин екеуі бірлесе жазған педагогика оқулығында бұл үрдісті сипаттай отырып, оның оқытушының кәсіби әрекетінің өн бойында мына төмендегідей жағдайда байқалатындығы айтылды: біріншіден – оқытушының оқушының ойын, сезімдері мен іс-қимылдарын түсіну бағытындағы әрекеттесуінде; екіншіден – оқушылардың жас ерекшеліктері, даму мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту үрдісінің мақсаттарын анықтау мен жобалауда; үшіншіден – оның өз әрекетін, сол әрекеттің субъектісі ретіндегі өзін талдауда. Тек сонда ғана оқытушының педагогикалық әрекетінде шығармашылыққа жол ашылады.

Рефлексияның мәні – адамның өзінің білімін, білімнің негізін, оларды меңгерудің жолдарын анықтау. Рефлексияны ойлау, ес, сана сияқты танымдық үрдістер адам табиғатына тән болғандықтан олардан бөліп қарауға болмайды. Оқытушының шығармашылық әлеуетінің дамуы үшін оның әдіснамалық рефлексия жасай алуының мәні зор [2, 8]. Мұғалімнің рефлексиялық қызметінің мақсаты: педагогикалық әрекеттің негін саралай отырып, олардың мәнін, алынған нәтиженің «дұрыс» не «бұрыс» болғанын дәлелдей алу, қолданылған әдіс пен құралдардың тиімді не тиімсіз болғанына байланысты өзіндік көзқарасын білдіру, орындалып өткен әрекеттің нәтижесін зерттеу. Тек сонда ғана алдағы жұмыстарда дұрыс мақсат қойып, алға қарай шығармашылықпен жылжудың жобасын жасау мүмкін болады.

Рефлексия – көп қырлы, кіріккен әрекет. Рефлексияның басты мақсаты алдағы жұмыстарда кемшілікті жібермей, өз ісіне сыни қарап, жүргізілген жұмыс нәтижесін дұрыс талдап, баға беру арқылы оқушыларға оңтайлы оқу әдісін қолдана білу. Білім мен білік дағдысын дұрыс таңдау жасап қалыптастыру арқылы оқу үшін де, оқытушы үшін де зерттеудің оңтайлы тәсілі болып табылады. Өз тәжірибемде рефлексияның «Анкета», «Тіркесті жалғастыр», «Дартс», «Ғажайып сызғыш», «Баспалдақ», «Ақылдың алты қалпағы», «Пейзаж-көңіл айнасы», «Қайық», «Термометр», «Рефлексивтік нысана». Қорыта айтқанда, жаңартылған білім берудің маңыздылығы - оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықпен қолдана білу.

Сондықтан да педагогтардың алдындағы зор міндет тұр. Жаңартылған білім беру мазмұнына сай оқыту мұғалімнен қажырлы еңбек пен зор шығармашылықты талап етеді.

Қорытындылай келе, жаңартылған білім беру мазмұны заманауи талаптар мен сын-тегеуріндерге сәйкес келетін сапалы білім беруді қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Оқу бағдарламаларын үнемі жаңарту, сыни ойлауды дамыту, оқытудың интерактивті әдістерін қолдану, әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларды дамытуға назар аудару, сондай - ақ цифрлық трансформацияға дайындық-осының бәрі қазіргі әлемдегі табысты білім беру жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. 2012 ж.
2. Тәжірибедегі рефлексия жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы, нұсқаулық. 2016 ж.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ЖЫЛДАМДЫҒЫН АРТТЫРАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

ОКИМБАЕВА Д.С.

Ә.Молдағұлова атындағы шағын орталықты негізгі мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы

Резюме. Вданной статье изучаются работы ученых, связанные с изучением учебного процесса и особенностями его развития в начальных классах. Выявляются трудности и препятствия, сдерживающие скорость обучения.

Summary. This article studies the work of scientists related to the study of the educational process and the peculiarities of its development in primary grades. Difficulties and obstacles are identified that hinder the speed of learning.

Бастауыш мектеп түлектері төрт жыл ішінде тек қана оқу процесінің алғашқы қадамдарын ғана игереді. Психолог Т.Г.Егоровтың айтуынша, «іштей», саналы, мәнерлі және жүрдек оқу, оқыту процесінің соңғы этаптарында ғана ұстаз ойлаған деңгейге жетеді. Сондықтан бастауыш мектеп сыныптарында балалардың оқу іскерлігі аяқталмайды, ол ұзақ дамудың тек қана алғашқы бөлімі болып табылады. Оқушы үлгеріміне әртүрлі жағдайлар әсер етеді. Соның ішінде ең күшті орын алатыны — баланың оқу жылдамдығы болып шыққан. Егер оқушы нашар оқыса, оның оқуға ынтасы өзінен — өзі төмендейді, үлгермейді. Әдетте кім тез оқыса, сол көп оқиды, көп оқыса, көп біледі. Оқу техникасы артқан сайын, есте сақтау қабілеті де, ақыл — ой еңбегіне ынталығы да арта түседі.

Мәтінді әрі жылдам, әрі дұрыс, әрі мазмұнды түсіне оқи білу — үлкен еңбектің жемісі. Оқушы үлгерімінің негізгі факторы — оқу жылдамдығы болғандықтан мен бұл мәселені өзекті тақырып етіп алдым. Мәнерлеп оқу – қандай мәтінді болмасын дұрыс, сөздерді бұзбай, сөз қалдырмай, сөз аяғын жеп қоймай, әрбір сөзді дұрыс, анық оқу. Мәнерлеп оқуды үйретуде паузалардың орындалуына мән беру керек. Мысалы: тыныс белгілеріне байланысты және тыныс белгісіне байланыссыз паузалар да болады. Мәнерлеп оқуға үйретудегі тағы бір нәрсе – оқу қарқынының бір қалыпты болуы. Егер тез, жылдам оқыса, түсініксіз, әрі құлаққа жағымсыз естіледі.

Көркем шығарманың негізгі ой тірегін анықтап болмайынша, мәнерлеп оқу мүмкін емес. 2-3-сыныптарда оқушылардың бірінің қатесін екіншісіне тапқызу тәсілі тиімді. Таспаға жазылап алынған көркем сөзді тыңдату, кейде жақсы мәнерлеп оқылған мен нашар оқылған мәтінді қатар жазып алып салыстырудың пайдасы бар. Әңгіме, ертегі, мысалдарды рөлге бөліп оқытқанда балалар қызығып оқиды. Сыныптан тыс оқудың түрі мен әдісі әр түрлі. Бірде кітапты талдау, бірде бірігіп кітап оқу, өздері ұнаған үзінділерін оқыту, бірде ойын, бірде инсценировка – ертеңгілік түрінде болып келеді.

Шапшаң оқу. Балалар өте жай оқыса, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді өзара байланыстыра алмай, ақырында мәтіннің тұтас мазмұнын түсінбей қалады. Оқу-жазуға үйретудің бірінші кезеңінде, балалар әлі әріптерді нашар айыратын және оларды бір-бірімен қосып оқуы қиын кезде ғана жай оқыттыру керек. Бірақ барған сайын балалардың оқу шапшаңдығы арта түсіп, бірте-бірте сауатты оқуға жақындау керек. Дегенмен, балаларды шапшаң оқуға дағдыландыра отырып, белгілі шамадан тыс кетпеу керек. Ушинский мәтіннің мағынасын түсінбей, құр сыдыртып оқуға қарсы болған. Ол бұл жөнінде: «Оқу шапшаңдығы түсіну шапшаңдығымен қатар дамуы керек».

«Егер баланың түсінуінен гөрі оқуы шапшаңдау болса, ол баланың түсінбей оқығаны. Баланың түсінуі арта түссе, ол өзінен өзі-ақ шапшаң оқи бастайды, сондықтан оқытудың алғашқы кезінде шапшаң оқудың қажеті жоқ, тіпті ол зиян келтіреді». Шапшаң оқу дауыс ырғағын келтіріп оқумен тікелей байланысты. Дауыс ырғағын келтірмей шапшаң оқитын болса, керек емес жерге пауза жасап, пауза жасайтын жерді қосып жіберіп, бала мәтінді өзі де, тыңдаушы да түсінбейтін етіп оқитын болады. Шапшаң оқу үшін тым асығып оқыған бала дауыс ырғағын келтіріп оқи алмайды. Шапшаң оқуға машықтандырудың ең сенімді

жолы – мәтінді қайра-қайра оқыту, бірақ балалар мәтіннің мазмұнын ұғынып, оны қайра қызығып оқытатын болуы шарт. Бұрын оқыған мәтінді қайта оқытқызу үшін сол мәтінге байланысты басқа бір тапсырма берілген болуы керек немесе балалардың өздері қайта оқуға қалап алған мәтін болуы керек. Бір мәтінді қайта оқытқанда балалар ол оқуды құр бекер оқу деп санамай, белгілі бір тапсырмаға қатысы бар оқу деп қарайтыны болуы керек.

Оқушы үлгерімінің негізгі факторы – жылдам оқу. Мәтінді әрі жылдам, әрі дұрыс, әрі мазмұнды түсіне оқи білу – үлкен еңбектің жемісі. Психологтардың пікірі бойынша оқушы үлгеріміне 200-ден артық әртүрлі жағдайлар әсер етеді. Ал осы жағдайлардың ішінде ең күшті орын алатыны балалардың оқу жылдамдығы болып шыққан. Егер оқушы нашар оқыса, мысалы оқу үлгерімі нашар 3-сынып оқушысы минутына 37 сөз оқыса, орта есеппен үй тапсырмасы сол күнгі дайындалатын барлық пән бойынша 4 бет, яғни 3000 сөз болады екен. Сонда 3000-ды 37-ге бөлсек 80 минут мәтінді оқу керек. Ал бір рет оқығанда бала ұға қоймайды. Ол осы мәтінді 3 рет оқыса, оған 4 сағат уақыт керек. Әрине, бұдан кейін баланың оқуға ынтасы өзінен-өзі төмендейді. Әдетте, кім тез оқыса, сол көп оқиды, көп оқыса, көп біледі. Оқу жылдамдығы артқан сайын, еске сақтау қабілеті де, ақыл-ой еңбегіне ынталығы да арта түседі. Олай болса, жылдам оқи білуге үйрету жолдарын, оның мүмкіндіктерін қарастыра жүргізген жұмыстардың негізінде мынадай ұсыныстар жасаймыз. Бұл ұсыныстарды кез келген мектептің жағдайында пайдаланып жұмыс істеуге болады. Оқуға жаттығу жұмыстары бірден ұзақ жүргізілгеннен гөрі жиі жүргізілгені тиімді.

Тілдің негізгі сөздік қоры – тілдің сөздік құрамының ең тұрақты бөлігі. Сөздік қор тілдегі сөздерді ғасырлар бойы сақтай отырып, тілдегі жаңа туынды сөздер мен жаңа мағынаның жасалуына ұйытқы болады. Сөздердің негізгі сөздік қорда кең қолданылуы мен ұзақ сақталуы олардың сөз жасау қабілетін дамыта түседі. Сөздік қордың тіл бірлігін сақтап, көне дәуір әдеби ескерткіштерін ұғынуға, тануға мүмкіндік тудырады.

Біздің ана тіліміз, қасиетті қазақ тілі өзінің мемлекеттік мәртебесін абыроймен атқарып, міндет жүгін қиналмай көтере алатын аса бай, оралымды да сұлу тіл. Бүкіл оқыту барысында оқушының тілін дамытып, сөз байлығын арттыру – ең маңызды жұмыстардың бірі.

Ата-ана мәтінді бірнеше бөлікке бөліп, баласын 5 минуттан оқытса, әлдеқайда тиімді. Алдымен бала мәтіннің бір бөлігін оқып, мазмұнын айтады. Содан кейін үзіліс жасайды. Біраз тыныққаннан кейін мәтінді ары қарай жалғастырады. Себебі, адамның есі күнделікті көз алдында көріп жүрген нәрседен гөрі сирек те жылдам көріп қалған нәрсені есте жақсы сақтап қалуға бейімделген. Ата-анаға осыны түсіндіріп, үйде баласының оқу жылдамдығын қалай арттыру керектігі жөнінде мұғалім әдістемелік көмек беру керек.

Егер баланың оқу темпі нашар болса, оқығысы келмесе не істеу керек? Мұндай жағдайда үзіп-үзіп оқу тиімді. Сондай-ақ, ұйқы алдындағы оқу өте тиімді. Оның мәні мынада екен: адам ұйықтар алдында оқиганың, жағдайдың әсерімен ұйықтайды. 8 сағат ұйқы бойы ол әсер адамның миынан кетпейді, адамның ағзасы бұған үйреніп қалыптасқан.

Жұпқа бөліп оқыту. Дарынды оқушыны үлгі ретінде алу арқылы үлгерімі төмен оқушының оқу жылдамдығын арттыруда жетелей оқыту. Мысалы, бір мәтінді алып, бірінші дарынды оқушыға оқытып, түсінгенін әңгімелету, оқиганың қызықты сәтінде тоқтату, оқу жылдамдығы төмен оқушыға сол мәтінді жалғастырып оқыту.

Дарынды оқушының мәнерлі шапшаң оқығанын бақылату. Өзіне де оқыту.

Оқушыларды топқа бөліп оқыту. Олардың оқу дағдыларын жан-жақты бағалап отырып, әр топтың оқушыларын бір-бірінен асып түсуге ынталандыру. Осы орайда ескеретін жағдай бір топтағы оқушылардың оқу жылдамдығы деңгейлес болуы тиіс.

Диктант жазу арқылы есте сақтап оқу. Оқу техникасының төмен болуы себебінің бірі – баланың есте сақтау қабілетінің нашар болуынан. Айталық, бала 6-8 сөзден тұратын сөйлемді оқыса, аяғына келгенде басындағы 2-3 сөзді ұмытып қалады да сөйлемнің мазмұнын түсінбейді. Осы орайда баланың есте сақтау қабілетін нығайтуға, сауатты жазуға және бірнеше әріптен тұратын сөздерді тез оқуға, әрі жаттауға жаттықтыратын көру диктантын жаздырудың пайдасы зор.

Бүгінгі таңда жалпы білім беретін оқу орындарындағы білімдік процестің дамымалы мүмкіндігіне елеулі маңыз беріледі. Сынып оқушысының тұлғасы дамуының ерекшелігін оның оқудағы жетістігі, оқу іс-әрекетінің компоненттерін меңгеруі, жалпы оқу біліктілігі мен дағдыларының қалыптасу деңгейі анықтайды. Жалпы оқу дағдыларының бір саласы – оқу

техникасы. Аталған дағдыны жоғары деңгейде қалыптастырмайынша оқушының әрі қарайғы сапалы біліміне қол жеткізу мүмкін емес.

Оқу процесін зерттеу мен оның бастауыш сатыдағы даму ерекшеліктеріне байланысты қазақстандық ғалымдардың сүбелі еңбектерін кездестіре алмадық. Төменгі сынып оқушысының оқу шапшаңдығын қалыптастырып, жетілдірудің жоғары деңгейіне қол жеткізуді қамтамасыз етуде жақын шетелдік ғалымдар технологияларының маңызы айтарлықтай.

Оқу жылдамдығы оқушының үлгеріміне әсер ететін ең маңызды фактор болып табылады. Күн сайын оқушыларға мәтіндік ақпараттың үлкен көлемін өңдеуге және меңгеруге тура келеді. Сондықтан нашар оқитын балалар жай ғана үлгермеушілікке ұшырайды, өйткені баяу оқу оқу материалын меңгеруге кедергі келтіреді, үй тапсырмасын орындауға кететін уақытты көбейтеді, соның салдарынан үлгерімі төмендейді, ойлау қабілеті нашарлайды.

Неліктен мектеп оқушыларында мұндай проблемалар бар? Бірнеше себептер бар:

1. Әріптік материалды визуалды талдау қиынға соғады.
2. Дыбыс элементтерін синтездеу процесінің қалыптаспауы.
3. Әріп пен дыбыс арасында берік байланыстар қалыптаспаған.
4. Регрессиялар – бұрын оқығанын қайталап оқу үшін көздің кері қозғалысы.
5. Күтудің болмауы, яғни. мағынасы бойынша болжай білу.
6. Артикуляциядағы кемшіліктер.
7. Шағын көру өрісі.
8. Зейін мен есте сақтау қабілетін дамытудың жеткіліксіз деңгейі.
9. Белсенділіктің табиғи қарқыны.

Осы қиындықтарды жеңу үшін бірқатар жаттығуларды ұсынуға болады. Міне, олардың кейбіреулері.

№1 тапсырма. «Жоғарғы жартысы жабылған жолдарды оқу».

Мәтіннің үстіне жолдың үстіңгі жағы жабылып, төменгі жағы ашық болатындай бос парақ қойылады. Әріптердің төменгі бөліктерін ғана оқу керек. Тапсырманы жеңілдеткісі келген оқушы жоғарғы жолды дауыстап оқи отырып, төменгі, келесі жолды ашық тұрғанда бір уақытта өзіне жылдам оқуға тырысады. Оқудың бұл әдісіне көшу өте қажет, өйткені бірнеше сөзді толығымен жылдам түсіну қабілетін қалыптастырады.

№2 тапсырма. «Төменгі жартысы жабылған жолдарды оқу».

Әріптердің үстіңгі жағы анық көрінетін, яғни көзге ашық, ал төменгісі көрінбейтін және парактың астында болатындай етіп бос парақ жолдың үстіне қойылады. Бірінші жолды оқығаннан кейін парақ төмен қарай жылжиды, осылайша екінші жолдың төменгі жағы жабылады, содан кейін үшінші және т.б. Сіз сондай-ақ ескі кітапты немесе газетті жолдарға кесуге болады, содан кейін әр жолда оның төменгі бөлігін кесуге болады. Сіз мұқабаны біртіндеп жартысына немесе одан да көпке дейін көбейте отырып, жолдың тек төменгі ширегін жабудан бастауға болады. Алдымен таныс мәтіндерді, содан кейін таныс емес мәтіндерді қолдануға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Костромина С.Н., Нагаева Л.Г. Оқуды үйренудегі қиындықтарды қалай жеңуге болады. М.: Ось-89, 2001.
2. Локалова Н.П. Үлгерімі төмен оқушыға қалай көмектесуге болады. М.: Ось-89, 1997.
3. Чемерикина Г.А. Оқу – хобби ме, әлде жаза ма? /Бастауыш мектепті басқару. № 11, 2010.

ӘОЖ 371.489.45

БІЛІМ БЕРУДІҢ САПАСЫН АТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

НУРХАНОВА Л.Ж.

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы

Ы.Сүлейменов атындағы №37 орта мектеп» КММ бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Эффективность образования. пути повышения качества образования
Summary. Effectiveness of education. ways to improve the quality of education

Білім беру моделі деңгейі экономикалық және ғылыми- техникалық прогрестің ең негізгі көрсеткіші екені белгілі.

Сапалы білім беру дегеніміз- ғылымға негізделген жүйелі бағдарлама бойынша теориялық, практикалық іске қабілетті, еңбекке баулу, дүниетанымын кеңейту және баланың бойындағы бар қабілетін кемеліне келтіріп жан-жақты тұлға тәрбиелеу болып табылады.

Оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз процесі- сапалы білім беру.

Қазіргі кездегі білім берудегі басты мақсат- жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой - талғамы бар, адамгершілігі жоғары, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Бүгінгі күні әлемдік қауымдастық қатарында өзіне лайықты орын белгіленген біздің мемлекетіміз үшін жоғары білікті жас ұрпақ тәрбиелеу қажеттігі біздің 12 жылдық білім беру жүйесіне өтуді талап етіп отыр.

Білім сапасын арттыру бағдарламасының міндеттері болуы тиіс:

- басқару құжаттарын әзірлеу жүйесін дамыту;
- білім сапасын диагностикалау;
- оқытудың әдістемелік жүйесін жақсарту;
- білім сапасын бағалаудың жаңа рейтингтік формасын енгізу;
- білім сапасына мектептің күллі қызметкерлерін жұмылдыру;
- білім сапасын арттыруда жаңа технологиялар қолдану;
- ұлттық білім беру жүйесін әлемдік стандарттарға сәйкестендіру;

Мектептің білім сапасын арттыруда педагогтың жауапкершілігі зор болса, заман талабы педагогтан кәсіби білімді, білікпе дағдыны, мақсат қоюшылықты игеруге деген қызығушылық және білім беру қызметінде ынталылық, педагогикалық және әлеуметтік педагогика мен психологияның негіздерін қолдана білу қабілетін талапетеді.

Мектебімізде білім сапасын арттыру, болашақ білімді азамат қалыптастыруда, мұғалімнің кәсіптік шеберлігін, құзырлығын арттыруда мектеп жұмысының, әдістемелік жұмыстың ұжымдық, топтық, жеке, белсенді түрлері мен әдістері кеңінен қолданылуда. Сонымен қатар озат тәжірибелер бойынша іс-тәжірибе тарату жұмыстары, шығармашылық есептер беру, әдістемелі капталықтар, оқушылардың ғылыми жұмыстары, әдістемелік сипаттағы семинарлар, конференциялар өз жалғастарын табуда.

Білім сапасын арттыру бағытындағы бағдарламада:

•жеке тұлғаны, яғни дарынды шығармашылықпен жұмыс істейтін тұлғаны қалыптастыру үшін ауылдағы 2-5 жас аралығындағы барлық сәбилерді тегін бала-бақшамен қамтамасыз ету;

•ШО пен МАД топтарын оқу-әдістемелік және ақпараттық – техникалық құралдармен жабдықтау;

•бастауыш сынып кабинеттерін жаңа үлгіде жасақтап, әр пән бойынша көрнекіліктермен толықтыру;

• дарынды оқушылардың жұмысын жолға қою, әрбір оқушыны дарындылыққа жетелеу;

•ШО, МАД және орта буын мен негізгі саты арасындағы сабақтастықтың жүргізілу формаларын әрбі рмұғалімге міндеттеу;

• барлық оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету;

•педагог мамандардың сабақ беру шеберлігі нарттыр умақсатында біліктілігін арттыру үшін қайта даярлау курстарын енгізу;

•оқушыларды ойлау білуге және әр түрлі проблемаларды өздігінен шеше білуге тәрбиелеу;

• гуманитарлық таным білімге негізделген сөздік қорларын көбейту;

• сабақ үрдісінде жаңа технологияларды қолдану;

• пәндерді тереңдетіп оқытатын сыныптар ашу;

• математика пәндері бойынша сағат санын көбейту;

Білім беру қызметінің негізгі бөлігі білім сапасын арттыру мақсатында негізделді. Бұл қызметтің жоспарында жұмыс бағыты мынадай принциптер бойынша атқарылады:

• тұлғаны дамыту;

• педагог мәртебесін көтеру;

• оқытып-үйрету әдістері;

• іздестіру жұмыстарына бағыттайтын ынтымақтастық;

• оқушыпозициясы;

- жаңа ақпараттық-технология;
- бәсекеге қабілеттілік;

Білім сапасы негізінен оқу материалын игеріп қана қоймай, сонымен бірге оқушылардың интеллектуалдық және адамгершілік тұрғыдан дамуына, педагогтардың қарым-қатынасын ізгілендіруге оңды ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.«Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ».
- 2.Захарова Е. А. Требования к профессиональному развитию педагогов в условиях последипломного образования // Молодой ученый. – 2011.- №3
- 3.Митина Л. М. Психология труда и профессионального развития учителя. М., Академия, 2004

ӘОЖ:73.151.881

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ РОЛІ

ТАҒАЕВА.С.А.

Ш.Смаханұлы атындағы №44 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье подробно рассматривается роль учителей в обучении и воспитании младших школьников.

Summary. The article examines in detail the role of teachers in the education and upbringing of younger schoolchildren.

Мұғалім-мемлекет қызметкері. Мұғалімді мемлекет оқытып, білім беріп мемлекеттің болашағын сеніп тапсырады. Ол қоғамның мұң-мұқтажын жоқтайды, болашағын ойлайды, соған қызмет етеді. Мұғалім мәдениеттің қайнар көзі, жастарды қалыптастыратын мүсінші, адамтану мамандығының иесі. Бүгінгі мұғалім, әсіресе бастауыш сынып мұғалімі өте жан-жақты білімді әмбебап ұстаз болуы тиіс.

Мұғалім еңбегінің ерекшелігі оның баламен үнемі қарым-қатынаста болуымен және рухани араласымен сипатталады. Ұстаздық әдеп жай ғана сыпайылық білдіру емес, ол шығармашылық ақыл-ой әрекеті, мәдени мінез-құлықтың, саналы іс-әрекеттің, білімділік пен іскеліктің жиынтығы[1.]. Ұстаздың әрбір қадамында баламен арақатынасында, сезгіштік, байқампаздық, салмақтылық, ұстанымдылық, ілтипаттылық, кішірімділік, талап қоя білу, адамға сенім арту, ынталы-ықыласты болу, талас-тартыс туған жағдайда әділдік, адалдық көрсету, бала жүрегіне жол таба білу, түсіне білу ұстаздық әдептілік белгілеріне жатады.

Бастауыш сынып оқу үрдісінің негізі, сондықтан оның жоғары деңгейде ұйымдастырылуы және жоспарлануы маңызды. Бастауыш мектепке баратын балалар үшін маңызды болмақ, яғни бұл олардың мектептегі алғашқы тәжірибесі және олардың оқуға деген көзқарасына және болашақта табысқа жетуіне айтарлықтай әсер етеді. Бастауыш мектепте балалар математика, оқу, жазу, жаратылыстану және қоғамтану сияқты негізгі пәндерді меңгереді[2.]. Бұл олардың болашақ білімін құрайтын іргетастар, сондықтан бастауыш сынып мұғалімінің жақсы дайындалуы және жас оқушылармен табысты жұмыс істеуге қажетті дағдылардың болуы маңызды.

Бастауыш сыныптың негізгі артықшылықтарына тіл байлығын дамыту, математикалық сауаттылық пен шығармашылық ойлауды дамыту жатады. Бастауыш кезеңдегі білім беру ойын және көңіл көтеру арқылы оқуға бағытталған, бұл балалар үшін оқуды тартымды етеді және олардың оқу үлгерімін ынталандырады. Және бастауыш сынып балаларды ынтымақтастыққа, төзімділікке, басқаларға құрметпен қарауға тәрбиелеу арқылы олардың әлеуметтенуіне ықпал етеді. Бұл кезең балалардың әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз етеді, олардың сыртқы әлеммен өзара әрекеттесу және қоғамда өзін түсіну дағдыларын қалыптастырады.

Бастапқы кезеңде оқытуда балалардың жеке қажеттіліктері мен қабілеттеріне бағытталған әртүрлі әдістер мен принциптер қолданылады. Оқытудың интерактивті әдістерін, ойын әдістерін және көп

сенсорлық оқытуды пайдалану оқу процесін балалар үшін қызықты, қызықты және тиімді етеді. Бастауыш сынып мұғаліміне балаларға бай оқу ортасын қамтамасыз етуге және олардың табысты оқуына байланысты бірқатар маңызды міндеттер жүктеледі. Міне, бастауыш сынып мұғалімінің негізгі міндеттері:

1. Негізгі пәндерді оқыту: Балаларға оқу, жазу, математика, жаратылыстану, қоғамтану және білім негізін құрайтын басқа да негізгі пәндерді оқыту бастауыш сынып мұғалімінің міндеті.

2. Сабақтарды жоспарлау және өткізу: Мұғалім сабақты қызықты және оқушылардың жеке қажеттіліктеріне жауап беретіндей етіп құруы керек. Ол балаларды қызықтыру және материалды меңгеруге көмектесу үшін оқытудың әртүрлі әдістері мен тәсілдерін қолдануы керек.

3. Оқу бағдарламаларын құрастыру: Мұғалім білім беру ортасындағы өзгерістерді қадағалап, қажет болған жағдайда қазіргі талаптар мен стандарттарды ескере отырып, оқу бағдарламалары мен оқыту әдістерін бейімдеуге міндетті.

4. Тәртіпті орнату және тәртіпті сақтау: Бастауыш сынып мұғалімі сыныптағы тәртіпті сақтауға және қауіпсіз және құрметті оқу ортасын құруға жауапты.

5. Ата-аналармен қарым-қатынас: Мұғалім ата-аналармен байланысын үзіп, балаларының үлгерімі мен қиындықтары туралы хабардар етіп, отбасы мен мектеп серіктестігін нығайту үшін бірлескен іс-шараларды ұйымдастыруы керек.

6. Оқушыларды дамыту бойынша жұмыс: Бастауыш сынып мұғалімі балалардың әлеуметтік дағдыларын, дербестігін, шығармашылық ойлауын және қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Өзгеріске, жаңалыққа толы бүгінгі заман: мұғалімге ХХІ ғасыр бәсекесіне сай, жан-жақты білімді, дарынды, әлемдік білім кеңістігіне ұмтылатын жеке тұлғаны дайындауды міндеттейді. Мемлекеттің күшейіп гүлденуі жеке тұлғаға, яғни болашақ дарындыларға тәуелді екені сөзсіз.

Осы орайда егеменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұлғада өз болмысын таныта алатын жеке тұлға тәрбиелеу ісіне ерекше мән берілуде. Олай болса, оқушының білім алу үдерісіндегі өзіндік пікірі мен ой-жүйесінің негізі бастауыш сатыда қаланатыны белгілі [3.Б:14-15]. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының өзіндік білімін кеңейтуге деген алғашқы қадамы өз іс-әрекетіне басшылық жасай білуінен байқалады. Оған мектеп табалдырығын аттаған сәттен бастап, оқушы ретінде өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыруға жағдай жасау арқылы қол жеткізуге болады.

Сондай-ақ оқуда қиындықтарға тап болған студенттерге жеке қолдау мен көмек көрсету керек. Бұл міндеттер бастауыш сынып мұғалімінен шыдамдылықты, балаға деген сүйіспеншілікті, жоғары кәсіби қасиеттерді, балалардың табысты оқуына қолайлы жағдай жасау үшін әріптестерімен, ата-аналарымен ұжым болып жұмыс істей білуді талап етеді.

Бастауыш сынып мұғалімі балалардың оқу тәжірибесін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Бастауыш мектепте табысты оқыту мен тәрбиелеу үшін мұғалімде белгілі бір қасиеттер болуы керек:

1. Балаларға деген сүйіспеншілік: Бастауыш сынып мұғалімінің балаларға деген шынайы сүйіспеншілігі мен қамқорлығы болуы керек. Тек осы тәсіл ғана сенім мен өзара түсіністік атмосферасын қалыптастырады.

2. Толеранттылық пен түсіністік: Мұғалім шыдамдылық пен түсіністік танытып, әр баланың жеке ерекшеліктерін ескеріп, оның ерекшеліктерін ескере отырып, мұқият жұмыс істеуі керек.

3. Педагогикалық шеберлік: Бастауыш сынып мұғалімінің мұғалімдік шеберлігі жақсы болуы, оқытудың әртүрлі әдістерін меңгеруі және оны балалармен жұмыс істеуде қолдана білуі керек.

4. Шығармашылық: Оқытуды балалар үшін қызықты әрі қызықты ету үшін қызықты әдіс-тәсілдерді, ойындарды, әңгімелерді және басқа да құралдарды пайдалана отырып, мұғалім өз жұмысында шығармашылықпен айналысуы маңызды.

5. Балалардың даму қабілеті: Педагог балалардың жан-жақты қабілеттерін, соның ішінде интеллектуалдық, эмоционалдық, әлеуметтік және шығармашылық қабілеттерін дамытуды ынталандыруы керек.

6. Қарым-қатынас жасау қабілеті: Балаларға жағымды білім беру ортасын қалыптастыруға қатысу үшін мұғалімнің өз оқушыларымен де, олардың ата-аналарымен де ашық және сенімді қарым-қатынас жасай білуі маңызды.

7. Икемділік және төзімділік: Мұғалім әр баланың қажеттіліктері мен қабілетіне қарай өз әдістерін бейімдеуге дайын икемді және төзімді болуы керек. Бұл қасиеттер бастауыш сынып

мұғаліміне оқу-тәрбие үрдісін сәтті жүзеге асыруға көмектеседі, балаларды оқуға шабыттандырады және олардың дамуына көмектеседі[4.30-б.].

Сыныпта мұғалімнің ең үлкен міндеті – үміт ұялату. Үміт сезімін оятып, болашаққа жоспар құрса, оқушылар мектепте жетістікке жету үшін мотивация таба алады және жақсы оқу перспективаларын жақсарту үшін жұмыс істей алады. Өзара түсіністік пен сыйластықты нығайту басты мәселе, ал оқушылармен шынайы болу өте маңызды тұс. Шынайы болу арқылы өзара түсіністікке келеді және ортада сыйластық пайда болады. Бастауыш сынып мұғалімдері балаларға қоғамның идеалды мүшесі болу үшін қажетті зияткерлік және әлеуметтік дағдыларды дамытуға көмектеседі. Біз бастауыш сынып мұғалімдерді сабақ жоспарлары мен ресурстарды құрамыз және оқушылармен қарым-қатынас орнатып, оқу ресурстарымызды ұйымдастыра отырып сыныпта жағымды оқу ортасын құру арқылы оқуды жеңілдетеміз. Біздің рөліміз - балалардың жасына, қабілетіне және бейімділігіне сәйкес оңтайлы дамуына мүмкіндік беретін тиісті дағдылар мен әлеуметтік қабілеттерді дамыту және тәрбиелеу. Балалардың түсініктерін тереңдетуге/өздерін дамытуға шабыттандырамыз. Бастауыш сынып мұғалімі ретінде біздің мақсатымыз - балаларды ынталандыру және олардың үйренуіне көмектесу үшін ресурстарды барынша пайдалану. Біз олардың бақылауларын жазып, жетістіктерін қорытындылай отырып, олардың әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларын дамытатын қауіпсіз ортаны қамтамасыз етеміз. Бастауыш сыныпта балаларды ойын арқылы, жаттығу арқылы және тәжірибе арқылы үйренуге баса назар аударамыз.

Жалпы алғанда, алғашқы жылдар балалардың негізгі дағдылары мен оқуға деген қызығушылығын дамытуда шешуші рөл атқарады. Бастауыш сынып балаларға табысты оқудың негізін салуға және олардың болашақ табыстарының негізі болатын оқуға деген қызығушылықты қалыптастыруға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. М.Жұмабаев Педагогика.- Алматы, 1992 ж., 93б.
2. Т.Сабыров Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары Алматы, 1988 ж., 105б.
- 3.Құдайқұлов М., Жексембекова Б. Оқушыларды аналитикалық ойлауға үйретудің жаңаша тәсілдері // Валеология. Дене тәрбиесі. Спорт- 2005 -№3 –Б.14-15.
- 4.Баширова Ж.Р., Төлешова Ұ.Б. Педагогикалық технологиялар арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру //оқу әдістемелік құрал. Алматы, Қазақ университеті, 2003- 61б.

ӨОЖ 371. 245.04

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭСТЕТИКА ЖӘНЕ ШЕБЕРЛІК

КАЗАКБАЕВА Б.Д.

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы

Тараз қаласының білім бөлімінің Ү.Сүлейменов атындағы №37 орта мектеп» КММ
бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші,

Резюме.Педагогическая эстетика и навыки

Summary. Pedagogical aesthetics and skills

Педагогикалық шеберлік үнемі жетіліп отыруды қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеу өнері. Ол өнерге балаларды сүйетін және өз қалауымен жұмыс істейтін әр педагогтің қолы жетуі мүмкін. Педагог – өз ісінің шебері, жоғары мәдениетті, өз пәнін терең меңгерген, ғылым мен өнердің тиісті салаларынан хабардар, жалпы, әсіресе балалар психологиясының мәселелеріне қанық, оқыту мен тәрбиенің әдістемесін жетік игерген маман.

Педагогикалық шеберлік негізі неде?

Заман ағысына сай біліммен қаруланған ой-өрісі жоғары, зерделі, жан-жақты дамыған маман – уақыт талабы. Кеше ғана көк туын желбіретіп шаңырақ көтерген егемен елімізді өркениетке жетелейтін білім бастауында мектеп, ал сол мектепте жас ұрпақ бойына білім негізінің мәңгілік іргетасын қалаушы- ұстаз тұрады. «Мұғалімдер- қоғамның ең білімді, ең отаншыл, білгілеріңіз келсе, ең «сынампаз» бөлігі болып табылады», – деп Елбасы Н. Ә. Назарбаев бекер айтпаса керек.

Сондықтан да бүгінгі таңда тәуелсіз елімізге білікті маман, өз ісінің шебері қажет. Ал педагогикалық шеберліктің негізі неде?

Шебер педагог білімді, тәжірибесі мол, жан-жақты бола отырып, оқушыларды жеке тұлға етіп қалыптастыру мақсатында білім мен тәрбиені ұштастыра алуы қажет. Әр оқушының дарындылығын айқындау, олардың дамуына қолайлы жағдайлар жасау, мектеп, жанұя, мұғалімнің ролін анықтау, студенттер мен мұғалімдер ұжымын қалыптастыру – педагогикалық шеберлікті жетілдіруге негізделеді деп есептейміз.

Педагогикалық шеберліктің тағы бір көрінісі – мұғалімнің шығармашылық іс-әрекеті, яғни оның тұлға ретінде жеке-даралығы және адамның индивид ретіндегі кейбір ерекшеліктерінің өзгеріске ұшырауы. Осыдан шығарар қорытындымыз: әрбір педагог мұғалім мамандығын таңдап алған соң, ол жауапкершілігін бірге ала жүруі керек. Ұстаз өз пәнін ғана емес, дүние сырын, қоғамдағы өзгерістерді, адам мінездерін, өнердің қуат әсерін білетін жан болуы қажет.

Біздің ойымызша, инновациялық технологиялар оқытуды ізгілендіру, яғни оқу құралдарын оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетінде пайдалануға көмектеседі. Оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың шарттарының өзі мұғалімнің әрдайым ізденісте, өздігінен білім алудың жағдайын туғызады. Ол педагогикалық шарттарға: инновациялық ізденіс қажеттілігі; инновациялық әдіс-тәсілдер жайлы білім; инновациялық әдіс-тәсілдерінің тиімді жолдарын қарастыру; инновациялық әдістерді меңгеру; инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалану және білім беруді ұйымдастыру формалары; инновациялық әдіс-тәсілдерінің нәтижесінің болуы; инновациялық әдіс-тәсілдердің озық тәжірибелерін бекіту жатады. Инновациялық іс-әрекетті басшылыққа ала отырып, педагогикалық шеберліктің басқа құрауыштарының маңыздылығын жоққа шығармаймыз.

Адам қажырлы еңбегімен табиғатты өзгертсе мұғалім жалпы жасампаз еңбегімен жаңа адамды қалыптастырып, дамытып, жетілдіріп өмірге дайындайды. Оқушыларын тек біліммен қаруландырып қана қоймай, назарын, білгендерін жадында сақтауға, қабілетін, ойлауын, тіл шеберлігін ұштауға, дүниеге деген құштарлығын, өмірге деген көзқарасын дұрыс қалыптастырып, ықыласын, сенімін, төзімділігін, іскерлігін, ізденімпаздығын тағы басқадай танымдық қасиеттерін жетілдіріп, адамгершілігі мол азамат етіп тәрбиелеуді өзінің өмірлік мақсаты, ізгілік мұраты деп санайды.

«Талант» деген сөзді әркім әр түрлі ұғынуы мүмкін. Талант көбіне, ақын – жазушылырда, әртістерде, өнер адамдарда кездеседі. Ал, «мұғалім болу – талант па, ол әркімнің қолынан келе бермей ме?» – деген сұрақ туады. Ұстаздың барлығы талант болып тумайды. Егер кез келген мұғалім ынта – ықылас қойып, табандылық танытатын болса, өз бетімен көп еңбектенсе, идеялық жағынан сенімді, саяси жағынан есейген азамат болса, өз пәнін жақсы білсе, оқытудың әдістемесін меңгеріп, бала психологиясын жете білсе, педагогикалық техниканы қалыптастыра алса, педагогикалық шеберлікке жету қасиеттеріне ие бола отырып, педагогикалық кәсіпті меңгерсе, педагогикалық әдепті бойына сіңірсе, онда талантты, шебер ұстаз бола алады.

Педагогикалық шеберлік – ұстаздық талантпен тығыз байланысты. К.Д.Ушинский: «Педагогика теориясын қаншама жетік білгенмен, педагогикалық әдептің қыр – сырын меңгермейінше бұған оның оның қолы жетпейтіндігін», айтады.

Педагогикалық шеберлік – тек қана мұғалімнің жалпы, жан – жақты және әдістемелік сауаттылығы ғана емес, ол – әр сөзді оқушылырға жеткізе білу, олардың толық қабыл алуы. Ұстаздық шеберлік:

- 1) мұғалімнің өмірге көзқарасы, оның идеялық нанымды, моральды бойына сіңірген адам екендігі;
- 2) пәнді жетік білген, ойын толық жеткізетін және оқушылардың бойында әдеп, әдет, дағды сияқты моральдық нормаларды сіңіре білгендігі;
- 3) оқыту мен тәрбиелеудің әдіс – тәсілдерін меңгерген, білгенін қызықты да, тартымды өткізе алатын, педагогикалық әдеп пен талантын ұштастырған адам ғана шеберлікке ие болады.

Педагогикалық шеберлікте педагогикалық техника деп аталатын мәселеге мән беріледі. Мұғалім әр сөзін дұрыс сөйлеп, нық айтуы тиіс, оның жүріс – тұрысы, қозғалысы, отырып – тұруы оқушыларға ерсі болмайтындай дәрежеде болуы керек.

Педагогикалық шеберліктің негізі – балалардың өз еркімен дамуына жол ашу, оқу – тәрбие процесінде оқушылармен педагогикалық ынтымақтастықтар жұмыс атқарудың формаларын, әдістерін дамыту, шәкіртке деген қамқорлық пен сүйіспеншілікті арттыру педагогикалық шеберліктерінің басты сипаты болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Әбдіғалиев Қ. Осы заманғы педагогикалық технология // Қазақстан мектебі. – 2001. - №2. – б.8-13.
- 2.Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии. - М., 1995.
- 3.Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. - Алматы, 1999.
- 4.Жанпейісова М. Модульдік оқыту технологиясы. Алматы, 2002№
- 5.Кларин М.В. Педагогическая технология в учебном процессе. – М.: Знание, 1989. – 80 с.
- 6.Коменский Я.А. Великая дидактика. Избр. Пед. соч. в 2-х томах. -М.:Педагогика, 1982.

ӘОЖ 371.895.09

МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ЭТИКА ҰҒЫМЫ

ӘБДІКЕРІМ А.Ә.

Байгелді Кейкиев атындағы орта мектебінің директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

Резюме. В статье рассмотрены понятие этики в профессиональной деятельности педагога.
Summary. The article considers the concept of ethics in the professional activity of a teacher.

Этика – әдеп мәдениетін теориялық тұрғыдан сараптайтын философиялық ұғым. Педагогикалық әдеп этика ғылымының бөлігі болып табылады. Педагогикалық әдеп – мұғалім әрбір нақты жағдайда оқушыларға тәрбиелік әсер студент бірден-бір тиімді құралын қолданатын арнайы педагогикалық іскерлік. Педагогикалық әдепке оқушылар жүрегіне педагогикалық жол табу деген анықтама беруге болады. Оны оқушылардың сыртынан бақылау жүргізу деп те атауға болады, өйткені педагогикалық әдептің өзі, К.Д.Ушинскийдің айтқанындай, – түптеп келген психологиялық әдеп.

Ұстаз этикасы – мұғалім мен бала, ата-ана мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас. Педагогикалық этика – ұжым ішінде, мұғалімдер арасында басталып, өзінің заңды жалғасын сыныптарда табуы тиіс. Педагогика және педагогтық этика үшін кәсіптік этиканың жекелеген мәселелері, олардың мұғалімнің жеке басына қоятын: кәсіпті сүйу, баланың жеке басын құрметтеу, принципшіл әрі талапшыл болу, көп нәрсені білу және жасай білу, озық идеяларды, білімдерді насихаттаушы болу сияқты талаптар жөнінде бұрынғы өткен прогресшіл педагогтың айтқандарының үлкен маңызы бар. XIX ғасырдағы орыс педагогтарының қосқан ерекше үлесін атап өтпеуге болмайды. Сондай-ақ, В.Г.Белинскийді, Н.Г.Чернышевскийді, Н.А. Добролюбовты, А.И.Герцинді атамасқа болмайды, олар үшін мұғалімнің жоғары адамгершілік деңгейі, олардың қоғамдағы өз қызметін саналы түсінуі, азаматтық міндетті нормаға айналды. Этикалық принциптер – бұл әртүрлі жағдайлар мен өмір салаларында адамның мінез-құлқын басқаратын негізгі нормалар мен құндылықтар. Мұғалімнің кәсіби қызметі аясында бұл принциптер білім беру ортасында дұрыс және рұқсат етілген деп саналатын мінез-құлық нормалары мен стандарттарын анықтайды. Олар мұғалімдерді оқушыларға, әріптестерге, ата-аналарға және жалпы қоғамға қалай қарауға бағыттайды және сенім, құрмет және кәсібилік атмосферасын құруға көмектеседі.

Этикалық принциптерге даралықты және адам құқықтарын құрметтеу, адалдық, жауапкершілік, эмпатия, әділеттілік, кәсібилік және басқалардың әл-ауқатына қамқорлық интервалжасау сияқты құндылықтар кіреді. Осы қағидаларды ұстану мұғалімге негізделген шешімдер қабылдауға, оқушылармен және олардың отбасыларымен сенімді қарым-қатынас орнатуға, сондай-ақ әр оқушының жеке басының дамуына қолайлы білім беру ортасын құруға көмектеседі. Мұғалімнің кәсіби қызметіндегі ең маңызды қағида – құрмет принципі. Мұғалім әр оқушының даралығын, оның оқу және даму құқығын, сондай-ақ оның пікірлері мен сезімдерін құрметтеуі керек. Бұл мұғалім оқушыларға бейтарап және әділ болуы керек, кез келген белгілер бойынша кемсітушілікке жол бермеуі керек және олардың өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі бағалауын ынталандыруы керек дегенді білдіреді [1, 464 б.]

Мұғалімнің кәсіби қызметіндегі келесі принцип – адалдық пен интеграция. Мұғалім өз іс-әрекеттері мен сөздерінде адал және шыншыл болуы керек, оқушыларды немесе олардың ата-аналарын алдамауы керек, сонымен қатар білім беру процесінде өз позициясын теріс пайдаланбауы керек. Бұл оқушылар мен олардың отбасылары туралы ақпараттың құпиялылығын сақтауды, сондай-ақ әріптестермен және әкімшілікпен қарым-қатынастың ашықтығы мен ашықтығын білдіреді. Үшінші маңызды принцип – жауапкершілік принципі. Мұғалім оқушылардың білімі мен тәрбиесінің сапасына, іс-әрекеттері мен шешімдеріне, сондай-ақ білім беру ортасындағы кәсіби дамуы мен мінез-құлқына жауап береді. Бұл дегеніміз, мұғалім өзінің білімі мен дағдыларын үнемі жетілдіріп отыруы керек, оқу процесінен тыс және оның ішіндегі мінез-құлқы мен әрекеттерін қадағалап отыруы керек және өз әрекеттерінің салдары үшін жауапкершілікті қабылдауы керек [2,58 б.]

Сондай-ақ, этика ұғымында эмпатия мен қамқорлық принципі де маңызды принциптің бірі болып табылады. Мұғалім әр оқушыға қамқорлық пен түсіністік танытуы керек, оларға көмектесуге және қолдау көрсетуге дайын болуы керек, сонымен қатар олардың жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескеруі керек. Бұл дегеніміз-мұғалімнің оқушыға деген қамқорлығы [2,79 б.]

Этика категориялары – моральдың ең мәнді жақтары мен тұстарын көрсететін, ғылым ретіндегі этиканың теориялық аппаратын құрайтын жалпы түсініктер, рухани, идеалды тәртіптің құрылымдары, болмыстың адамгершілік жақтарының субъективтік көрінісі, әлеуметтік құбылыс ретіндегі мораль туралы жүйеленген, ғылыми негізделген, теориялық білімдер жиынтығы. Олар – адамгершілік сананың теориялық деңгейінде өмір сүреді.

Этикалық категориялар туралы сөз қозғай отырып, олардың ғылымның кейбір функцияларын да атқаратынын атап өткен жөн.

Біріншіден, қоғамдық қатынастардың саласы ретіндегі моральды танудың таусылмас баспалдақтары.

Екіншіден, танымның дербес құралы болып табылады.

Үшіншіден, этика категориялары моральдық танымның бірінші тәртіптегі мәннен екінші тәртіптегі мәнге және т.б. дамуының, қозғалысының нысанасы [3,480 б.]

Басқа ғылымдардың категорияларына тән белгілерді, қасиеттерді иеленгенімен, этикалық категориялардың өзіне ғана тән бірқатар ерекшеліктері бар.

Біріншіден, қоғамдық қатынастардың адамдардың жүріс-тұрысымен, олардың жақсылық пен жамандық, борыш, абырой, әділдік туралы көзқарастарына сәйкес бір-біріне, қоғамға, мемлекетке, отбасына, ұжымға деген қатынасымен байланысты жақтарын көрсетеді.

Екіншіден, этикалық категориялар бағалаушылық аксиологиялық сипатқа ие. Басқаша айтқанда, олардың барлығын жақсылық пен жамандық, қайырымдылық пен зұлымдық тұрғысынан бағалауға болады, ал олардың өздері осы бағалаудың нысаны ретінде көрініс табуы мүмкін: адал, тәртіпті, әділ, жауапкершілігі мол адам т.б.

Үшіншіден, адамдардың жүріс-тұрыстары мен қарым-қатынастарын реттеу құралы болып табылады, қоғамның адамгершілік талаптарын көрсетеді.

Төртіншіден, басқа да адамгершілік құрылымдар: қағидалар, нормалар, талаптар, ережелер жәнет.б. сияқты этика категорияларының беделі мен маңыздылығы қоғамдық көзқарастың немесе жеке тұлғаның өзіндік санасының күшіне негізделеді.

Бесіншіден, этика категорияларында, басқа ғылымдардың категориялары мен түсініктерімен салыстырғанда, қоғамдық қатынастардың эмоционалдық жағы мейлінше кең көрініс тапқан.

Этикалық категориялар саны жағынан өте көп, сондықтан ғылыми және тәжірибелік мақсаттарда оларды топтарға бөлу орын алған. Барлық категориялардың жиынтығын көп жағдайда моральдың құрылымының негізінде бөледі. Олар, моральдық сана, адамгершілік қатынастар, моральдық тәжірибе.

Этиканың категориялары бір-бірімен тығыз байланысты және олар бір-бірінің мазмұнын ашады. Яғни, белгілі бір этикалық категорияның мазмұнын екінші бір этикалық категорияны пайдалану арқылы ашуға болады. Мысалы, абырой категориясын жауапкершілік, тәртіптілік, батылдық, ержүректілік және т.б. категорияларды пайдалану арқылы ғана түсінуге болады. Ержүректілік категориясының мазмұны батылдық, шыдамдылық, қажырлылық, қайраттылық және т.б. категориялардың көмегімен ашылады. Әділдік категориясын адамсүйшілік, шыншылдық, кеңпейілділік, еңбексүйгіштік және т.б. категорияларсыз түсіну мүмкін емес.

Жоғарыда аталған үш топтың категорияларын жеке-жеке талдап көрейік. Бірінші топ – моральдық сана категориялары. Оларға мыналар жатады:

- Моральдық қағида,
- моральдық норма,
- моральдық немесе этикалық категория,
- моральдық сенім,
- адамгершілік мақсат,
- моральдық таңдау және т.б.

Екінші топ категориялары – бұл адамгершілік қатынастар категориялары. Оларға мыналарды жатқызуға болады:

- адамгершілік өзара әрекеттер,
- адамгершілік шиелініс,
- моральдық бедел және т.б.

Бұл қатынастардың адамгершілік деп бағалануының себебі мынада: олар достық, серіктестік, сенім, сыйластық және т.б. моральдық бағалаулармен сипатталады.

Үшінші топ категориялары – бұл моральдық тәжірибе немесе функционалдық жүріс-тұрыс категориялары. Оларда тұлғаның белгілі бір моральдық қасиеттерді тәжірибеде, күнделікті өмірде жүзеге асыру үрдісі көрініс табады. Мұндай категориялардың қатарына мыналар жатады: моральдық әрекет, моральдық салдар.

Борыш категориясы – этикадағы маңызды категориялардың бірі. Ал педагогикалық кәсіби этикадағы алатын орны тіпті ерекше. Мораль сапасын жеткілікті негізбен міндеттіліктер саласы деп те атайды: қайырымды бол, адал бол, әділ бол. Борышты адам болу – оның мәнін, талаптарын білу ғана емес, осы талаптарды тәжірибеде сақтау.

Этиканың маңызды категорияларының қатарына абырой категориясын жатқызуға болады. Кәсіби абырой – бұл өз борышын жан-тәнімен орындаудың жоғары әлеуметтік құндылығын түсінуі және оның қоғамдық көзқараспен танылуы. Абырой сезімі – бұл білім беру қызметкерлерінің істері мен әрекеттерінің қуатты қозғалыс күші.

Халқымыздың әдеп-ғұрып дағдылары мен әдеп нормаларын жақсы біліп, олардың ішінен кәзіргі күн талабына жауап беретін лайықтыларын жас ұрпақтарды тәрбиелеу ісіне қолдана білу – әр ұстаздың пайымы мен байымына, талғам-тәліміне, көрген өнегесіне байланысты. Әрине бұл ретте халықтың озық әдеп дәстүрлерін этикет талаптарымен үйлестіре, байланыстыра білу де біліктілікті, білімділікті қажет етеді [3,483 б.]

Педагогикалық әдеп этика ғылымының бөлігі болып табылады және педагогикалық адамгершіліктің ерекшеліктерін зерттейді, педагогикалық еңбектегі адамгершіліктің ортақ қағидаларының жүзеге асырылуын қадағалайды, оның негізгі қызметтерін және этикалық категорияларды қарастырады.

Педагогикалық әдеп:

- тілдесу, қарым-қатынас жасау кезінде
- сөйлесу икемділігінде
- оқушылардың іс-әрекеттерін ұйымдастыра алу икемділігінде
- өзін-өзі ұстай алу және талапту икемділігінде
- ескерту жасаған кезде
- баланың мінез-құлқына баға берген кезде
- мадақтау және жазалау икемділігінде
- дауысырғағында

Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары болғандықтан, оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс. Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Кәсіптік этиканың ережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді қамтуы мүмкін. Мысалы, педагог этикасы мектептерді, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында істейтін адамдардың қарым-қатынастары ұқсастығына байланысты оларды реттейтін жалпы нормаларды қарастырады. [4,32 б.]

Қорытындылай келе, этика ұғымы мұғалімнің кәсіби қызметінде маңызды рөл атқарады, оның оқушыларға, әріптестеріне және жалпы білім беру ортасына деген көзқарасын анықтайды.

Этикалық қағидаларды сақтау мұғалімге қолдау көрсететін және тиімді білім беру ортасын құруға көмектеседі, оқушылардың дамуына және олардың адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға ықпал етеді, сондай-ақ ата-аналармен және жалпы қоғаммен сенімді қарым-қатынасты нығайтуға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Лихачев Б.Т. Педагогика. - М., 1998. - 464 с
- 2.Әбденев С.Ш.тәрбие теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы.Алматы,Дарын 2008
- 3.Әбиев Ж.Педагогика тарихы:оқу құралы-Алматы:Дарын.-2007-480 бет
- 4.Қоянбаев Ж.Педагогика.-Астана.2007

**ЦВЕТОСИМВОЛИКА НАЦИОНАЛЬНЫХ КОСТЮМОВ
КАЗАХСКОГО И КОРЕЙКОГО НАРОДОВ**

ХУСАИНОВА Г.Ж.

(ЮКУ им. М.Ауезова, PhD докторант, г. Шымкент)

sola_cor@mail.ru

KHUSAINOVA G.ZH.

(M.Aueзов SKU PhD doctoral students, Shymkent)

sola_cor@mail.ru

ТІЛЕУБЕРДИЕВ Б.М.

(ЮКУ им. М.Ауезова профессор, д.ф.н., г. Шымкент)

tleuberdiev_bolatbek@mail.ru

TILEUBERDIEV B.M.

(M.Aueзов SKU PhD professor, f.g.d., Shymkent қ.)

tleuberdiev_bolatbek@mail.ru

Түйіндеме. Бұл мақала қазақ және кәріс халықтарының ұлттық киім түр-түс символикасына арналған. Мақалада қазақ және кәріс халықтарының ұлттық киімдерінің тарихи, мәдени өзгерістерге байланысты ерекшеліктері саралайды. Сонымен қатар, ұлттық киім арқылы түр-түс символикасының қазақ және кәріс халықтарының мәдени мәндерін, тарихи символары айқындалады. Символ бұл адамзаттың танымындағы мен дүние көрісінің бір бағыты. Оның ішінде түр-түс символикасы өз мәніне ие. Осы мақалада авторлар қазақ және кәріс халықтарының ұлттық киімін зерттеп талдау жасалынды. Осы барыста символдық және мәдени әдет-құрыптар салыстырмалы түрде қарастырылды. Кәріс және қазақ халықтарының ұлттық киімінің түр-түс ерекшеліктері және символдық мәндері салыстырылды. Зерттеу барысында екі халықтың мәдени бірлестігі мен айырмашылығы айқындалды. Анализ және зерттеу эксперименті нысаны ретінде екі ұлттың аелдер киімі алынды. Мақала күллі қазақ және кәріс халықтарының әдістеріне байланысты ерекшеліктері қарастырады. Бұл жерліктің киім түр-түс символикасының қазақ және кәріс халықтарының тарихи мен мәдени мәндеріне қалыптасуына көмектеседі. Мақала мақсаты екі халықтың ұлттық киімдері мен оның рәміздерін зерделеу арқылы олардың мәдени ерекшеліктері мен салт-дәстүрлері туралы түсініктерін кеңейтуді көздейді.

Кілт сөздер: мәдениет, ұлттық киім, символ, түр-түс, таным.

Annotation: This article is devoted to the symbols of national clothes of the Kazakh and Korean peoples. The article distinguishes the features of national costumes of the Kazakh and Korean peoples due to historical and cultural changes. At the same time, the cultural values and historical symbols of the Kazakh and Korean peoples are defined through national clothing. This symbol is one direction of human knowledge and worldview. In it, the symbolism of color has its meaning. In this article, the authors studied and analyzed the national clothes of the Kazakh and Korean peoples. In this context, symbolic and cultural customs were comparatively considered. The color features and symbolic meanings of the national clothes of the Korean and Kazakh peoples were compared. During the research, the cultural unity and differences of the two peoples were determined. Aelder clothing of two nations was taken as a subject of analysis and research experiment. The article considers the peculiarities of the methods of all Kazakh and Korean peoples. This helps to shape the symbolism of local clothes and colors into the historical and cultural values of the Kazakh and Korean peoples. The purpose of the article is to expand the understanding of the cultural features and traditions of the two peoples by studying the national clothes and their symbols.

Key words: culture, national dress, symbol, color, knowledge.

Ұлттық киім танымдық мағынасы - бұл әртүрлі ұлттардың, этносдардың немесе халықтардың көпшілігінің белгілі стилдегі киім жиілігі, киім түрі мен оның элементтерінің бірлестігінің мағынасын анықтайтын термин. Оның бірінші мағынасы - бұл қазіргі кезде

мемлекеттік танымдық, бұрынғы шамамен қарым-қатынас, ұлттық рухани құндылығын анықтайды. Бұл киімнің бір қарапайым артықшылығы жоқ, бірақ ол көптеген ұлттық традицияларды, күнделікті әдет-ғұрыптарды, ұлттық күлме-күйліктерді, маңызды айырмашылықтарды қамтамасыз етеді. Басқа мағынасы - бұл киімнің өнерінде және оның түсінде, оқшауында қайта қарауда, күнделікті жүргізілетін және азаматтық-патриоттық құндылығын қаржыға алуға бағытталған мәдени-педагогикалық қызмет болып табылады. Қазақ ұлттық киімі ежелгі уақыттан этнография ғымының нысаны болып келген. Осы салада И.В. Захарованың және У. Ходжаеваның монографиялары басылымға шыққан, А.Х. Марғұлан өзінің сурет-кітабына «Қазақ ұлттық киімі» атты тармақ арнаған[1]. Ұлттық киімге қатысты ескертулер Аргынбаев Х.А. –ның шығармасында да кездеседі[2]. Қазақ киімі жайлы У. Джанибекова(1990), А.В. Коновалов(1986), швед ғалымы И. Сванберг мен Линда Берсон (1988) және И. Тасмағанбетов секілді ғалымдардың еңбектерінде деректер көрсетілген.

Алайда сол ұлттық киімдердің түр-түстеріне мән берген А.А. Диваев болған. Этнограф өзінің «Этнографическое жизнеописание казахов» атты еңбегіндегі «Одежда и украшения киргиз Казалинского уезда» тармағында қазақ ұлтының киіміне былай сипаттама береді:

«1) мужчины и зимой и летом носят рубаху из одной и той же материи –коленкора, очень широкую и длинную, доходящую почти до колен; рукава до кисти, воротник отложной, застегивается на одной пуговице или завязывается. Цвет рубахи исключительно белый. Штаны того же материала и того же цвета...

2) женщины носят рубаху и штаны того же покроя, что и мужчины, только рубаха у женщин длинная, доходящая до щиколотки (одинаковый покрой у девушек, женщин и старух). Девушки носят красный платок, молодухи белый...»[3].

Қазақ әйелдерінің киімі ұзын көйлек- шалбардан тұратын, сонымен қатар жеңсіз камзол немесе шапан болуы мүмкін. Қыста тондар «купелер» үстіне киілді. Жасы мен әлеуметтік жағдайына байланысты әйелдердің ұлттық киімінің сыртқы түрі өзгерді. Жас қыздар қызыл түсті киім киді, ал 30 жылдан кейін мұндай түсті заттарды кию әдепсіз деп саналды. Орта жастағы және егде жастағы әйелдер көбінесе көк және қара түсті көйлек киген. Сондай-ақ, әйелдер есейген сайын зергерлік бұйымдарды азырақ киетін болды. Әйелдер киімінің материалдары жұқа киіз бен чинт болды, ал қазақ бай әйелдері жібек пен барқыттан тігілген көйлек киген. Кесігі жабылды, жағасы жабылды. 19 ғасырда кесудің жаңа түрі тарады: көкірекше бар кесілген көйлек. Көйлектер, камзолдар, бас киімдер өрнекті кестелермен әшекейленіп, жылтыр матадан және үлбірден жасалған жолақтардан аппликациялар тігілді, металл немесе күміс тоғалар мен түймелер бекітіледі.

Қазақ келінінің киімі ерекше назар аударуға тұрарлық. Оған көйлек, камзол, шапан, бас киім «сәукеле» және қалыңдықтың жамылғысы болып табылатын «желек» кестелі төсек жапқыш кіреді. Сонымен қатар, қазіргі қоғамға таныс той көйлегінің ақ түсі қазақтардың жоқтау түсі болып табылады, сондықтан киімдері алуан түрлі түсті болды, әдетте түс руға немесе аймаққа сәйкес таңдалды. қыз қайдан болды.

Ұлттық киімде қазақ мәдениеті жақсы ашылған. Көшпелі өмір салты, дала климаты және діни наным-сенімдер қазақ киімінің дәстүрінің дамуына әсер етті - бұл суық пен желден қорғайтын, атқа мінуге ыңғайлы, табиғи материалдан жасалған практикалық киім. Сондай-ақ киімнің сапасы мен оның жеке элементтері қазақтың әлеуметтік жағдайын және белгілі бір тайпа немесе руға жататынын білуге мүмкіндік берді.

Киім жасау үшін былғары, жүн және жануарлардың жүні пайдаланылды. Кедейлер жабайы аңдардың терісінен тігілген киім кесе, байлар кейде сырттан әкелінген материалдардан – жібек пен барқыттан көйлек тіккен. Теріні өңдеу, сапалы киіз басу, киім жасаудың басқа да тәсілдерін қазақтар жетілдірді, олардың бұйымдары Ұлы Жібек жолының базарларында жоғары бағаланды. Қазақ киімінің барлық практикалық мүмкіндіктеріне қарамастан, оның әртүрлі өрнектермен, асыл тастармен немесе қымбат тонмен безендірілуі маңызды рөл атқарды. Сонымен қатар, олардың мәртебесін атап өту және одан да талғампаз көріну үшін ерлер мен әйелдер алтын немесе күміс тоғалары және басқа сәндік элементтері бар кең белдіктерді киді. Сондай-ақ, бай адамдардың астыңғы жағы практикалық және қарапайым, ал үстіңгі жағында қымбат және бай безендірілген бірнеше қабат киім кигені қызық.

21 ғасырда онсыз да ұлттық киім киген қазақтарды көру қиын. Бұл тек алыс шетте, түрлі этнофестивальдарда немесе мұражайлардағы жәдігерлерді қарауда ғана болады.

Қазақ халқының ұлттық киім түр-түс символикасы қатарлық байланыстармен айырмашылықтар мен маңызды мәндерді айқындалды. Осы символика ұлттық бірлік, тарихи және

күллі қазақ күркінің, шапкаларының, кеңт аяқ киімдерінің, белгілі өрнектерінің, киімдерінің және басқа да киім кездесулерінің басында болады.

Күркілер: Күркілер қазақ ұлттық киімдерінің белгілі көрнектері. Олар аталған жерлері мен арадағы ауруларға байланысты дәстүрлі өңделген. Күркілердің түсі, олардың құрамы мен олардың қолданылуы кездесулерге байланысты бұл тарихи мәндерге ие болады.

Түсі: Қазақ киімдерінің түстері жайлы айқындандыруда деңгейінен көбірек мән беруі мүмкін. Ал көпшілікте, алдын ала жаңа жұрттарды үйрету арқылы түсі және оның мәнділікті арқылы байқау жүргізіледі.

Бұқ: Бұқ жылу мәселесі қазақ халқының ұлттық символдарының бірі. Ол қазақ адамдарының азаматтылығын, күштігін, адалдығын, өнерін сипаттайды.

Қос көзді түсі: Қазақстанда бір бөліктің басқа бөлігімен көптеген түстердің байланысының қамтылған сипатының бірі - қос көзділік. Ол тұңғыштық, дружелюбность, еркіндік және қадамдықты байқайды.

Әсемдік: Басты кепілдіктер сулулық, жигерлік, жаулықтылық және ертендікті сипаттайды. Қазақ ұлттық киімдерінің түр-түс танымдық символикасы:

1.**Ақ:** тазалық, жеңіл және ізгілік білдіреді. Ақ түс көбінесе байлықпен және жақсы-қаржылық жағдаймен байланысты.

2.**Қара:** бұл қарапайым, абырой мен кішіпейілділіктің дәстүрлі түсі. Қара реңктер дәстүрлерге мән беріктігін және құрмет көрсетуі мүмкін.

3.**Көк:** Бұл түс көбінесе аспан мен сумен байланысты. Бұл сенім, тазалық пен рухани күйді білдіреді. Көк сонымен қатар батылдық пен күш символы болуы мүмкін.

4.**Қызыл :** құмарлық, энергия және жеңіс түсі. Ол сонымен қатар бақытты, қуаныш пен сүйіспеншілікті бейнелейді. Қазақ мәдениетінде қызыл, қызыл және мерекелік киімде жиі қолданылады.

5.**Жасыл:** ол табиғатпен, өсумен және құнарлылығымен байланысты. Бұл түс үміт, сәттілік және жастармен байланысты.

6.**Сары:** байлық, өркендеу және күн сәулесін білдіреді. Қазақ мәдениетінде сары көбінесе жомарттық және жомарт дақылдармен байланысты[4].

Кәріс киімінің ең көне жазбаша сипаттамасы Кореяның ежелгі тарихи құжаттарында кездеседі. Сондай мәтіндердің бірі – 12 ғасырда тарихшы Ким Бу Сик (김부식) жазған «Самгук Саги» (삼국사기) немесе «Үш патшалық туралы есеп». Бұл еңбек Кореяның Үш патшалық кезеңінен Силлаға дейінгі тарихын және елді Корё әулетінің біріктіруін қамтиды және дәстүрлі корей мәдениеті, оның ішінде киім-кешек, әдет-ғұрып және дәстүр туралы мәліметтерді қамтиды.

«Самгук Саги» корей киіміне қатысты толық нұсқаулық болмаса да, онда корейлердің әртүрлі тарихи кезеңдерде қалай киінгені мен кигені туралы құнды мәліметтер бар. Бұл корей киімдері туралы ақпарат беретін және оның ғасырлар бойы эволюциясын түсінуге көмектесетін ең ерте жазба дереккөздердің бірі[5].

Кәріс халқы ежелден ақ киімді халыө деп танылған. Бұл ежелден кезатқан дәстүр бүгінгі күнде фольклор мен сахна қобылымдарында және шамандарда қалды. Ежелде кәріс халқы ақ ханбок киген, және ғасырлар бойы ол протестантизмнің бір түрі болып та қабылданды. Седжонг патша кезінде және Чосон патшалығы кезінде ақ киім киюге тыйым салынған, алайда күллі халық ақ киген. Оны Жапон окупациясына қарсылық және баймен кедейшіліктің айырмашығын көрсету мақсатында пайдалынған. Кейінгі ғасырларда патшалар қызыл ханбок, алтын айдаһар суретімен, байлар көк, сары, жасыл түсті ханбоктарды киген.

Тек жоғары санаттар үшін немесе үйлену тойлары немесе мерекелер сияқты ерекше жағдайларда ғана рұқсат етілген түрлі-түсті ханбок қазір дәстүрлі киімнің негізгі бөлігі болып табылады (Ха, 1989). Түр-түс символикасының мәні кәріс ұлттық киімінде:

Қызыл (홍색 - hongsaek): Қызыл түс қуат, құмарлық, күш және сәттілікпен байланысты. Ол қуаныш, бақыт және құнарлылықты білдіреді. Қызыл элементтерді мерекелер мен ерекше оқиғалармен де байланыстыруға болады.

Көк (파랑색 - парангсаек): Көк түс әдетте тазалық, тыныштық және үйлесімділікпен байланысты. Ол аспан мен суды бейнелейді, сонымен қатар қорғаныс пен қауіпсіздік символын білдіреді.

Сары (황색 - hwangsaek): Ханбоктағы сары түс байлықты, өркендеуді және ұзақ өмірді білдіреді. Ол сондай-ақ күн мен жарықпен байланысты, жылу мен жарық әкеледі.

Жасыл (녹색 - noksae): Жасыл табиғатты, өсуді және жаңаруды білдіреді. Ол жастықты, балғындықты және құнарлылықты білдіреді. Ханбоқтағы жасыл элементтерді көктем мен жазғы мерекелермен де байланыстыруға болады.

Ақ (하얀색 - hayansaek): Ақ түс тазалықты, кінәсіздікті және ізгілікті білдіреді. Бұл тектілік пен руханиятпен байланысты, сонымен қатар үйлену тойының ханбокының дәстүрлі түсі болып табылады.

Қазақ және кәріс халықтарының мәдени болмысын, салт-дәстүрі мен құндылықтарын көрсетуде ұлттық киімдеріндегі түстік символиканың алатын орны зор. Талдау барысында екі халықтың да ұлттық киімдеріндегі түстерге үлкен мән беретіні, бұл түстер көбіне терең символдық мән-мағыналар беретіні белгілі болды.

Қазақтың және кәріс ұлттық киімі әдетте қызыл, көк, жасыл және сары сияқты ашық және қанық түстерді пайдаланумен сипатталады. Бұл түстер көбінесе байлық, бақыт, құнарлылық және рухани байлықпен байланысты. Киімдегі ою-өрнектер мен өрнектердің де дәстүрлі өрнектер мен мифологиялық мотивтерді көрсететін символдық мәні бар.

Екінші жағынан, кәріс ханбогі ақ, көк, қызғылт және ашық жасыл сияқты бейтарап және пастелді түстерді көбірек пайдаланады. Бұл түстер көбінесе тазалық, тыныштық және үйлесімділікпен байланысты. Зерттеу кәріс ханбокындағы әрбір түстің кәріс мәдениетінің, оның тарихы мен дәстүрінің ерекшеліктерін көрсететін өзіндік ерекше символдық мәні бар екені анықталды.

Сонымен, қазақ және кәріс халықтарының ұлттық киімдерінің түстік символизмі мәдени мұралар мен дәстүрлерді сақтау мен жеткізуде маңызды рөл атқарады. Бұл рәміздерді түсіну екі халықтың мәдени мұрасының байлығы мен алуан түрлілігін жақсырақ түсінуге және бағалауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство.-Алматы:онер,1986
2. Аргынбеков Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке.-алматы, 1973
3. Диваев А.А. Этнографическое жизнеописание казахов. Из книги Б.А. Байтанаева:А.А. Диваев-очерк жизни и деятельности. Шымкент-Алматы, 2004-с.212-214
4. Кононов А.Н. (1978). Семантика цветообозначений в тюркских языках. Тюркологический сборник. 1975. Москва: Наука, ГРВЛ. С.159-179.
5. The Academy of Korean Studies. (1989b). 한국민족문화대백과사전 9 [Encyclopedia of Koreanculture 9]. Seongnam: Author.

ӘОЖ 801.8; 801.81

ҚАЗАҚША КИІМ ҮЛГІЛЕРІ – ҰЛТТЫҚ ТАНЫМНЫҢ БІР СИПАТЫ

МАНСҰРОВ Н.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Ясауитану ғылыми-зерттеу институтының қызметкері,
ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.

Түйіндеме. Мақалада адамзат баласының өмір сүруі үшін қажетті саналатын киім атаулары сараланады. Онда киім үлгілеріне қатысты айтылған анықтамалар ұсынылып, оның тілдік тұрғыда рухани және материалдық лексиканың бір тармағы екені талданады. Талдау халқымыздың өмір сүру дағдысында қалыптасқан жыл мезгілдеріне, шаруашылық пен аймақтық ерекшелігіне орай қолданыс тапқан киім үлгілері жайлы зерттеушілердің пікірлері негізінде қарастырылған. Сондай-ақ киім атауларының жіктелуі, оның ерекшелігі мен себептері қамтылған. Бұл ретте әр халықтың даму жолы, оның қажеттілігі мен ерекшеліктеріне қоса айырмашылықтары да сараланады. Кез келген ұлттың өзіне тән ерекшеліктері бар. Оның бір көрінісі – сонау көнеден бүгінге дейін жеткен киім кию үлгілері. Ұлттық киім қай халықтың болмасын танымдық көрінісі екені сөзсіз. Ол жай ғана киім үлгісі ғана емес, сол ұлттың келбетін айқындайтын бұйым. Сондықтан жалпыхалықтың жігерін оятып, рухын қанаттандыратын әрі әлемдік деңгейде халықтың ұлттық

болмысын айғақтайтын этномәдени құндылықтардың бірі саналатын киім үлгілерін қарастыру қашанда маңызды. Міне осы тұрғыда ұсынылған мақала ұлттық таным, ұлттық болмыс пен ұлттық мәдениеттің бір көрінісі киім атауларына негізделген.

Кілт сөздер: киім кию стилі, киім үлгісі, ұлттық киім, киім атаулары, ұлттық таным.

Аннотация. В статье перечислены названия одежды, которая считается необходимой для существования человеческого рода. В ней представлены определения, связанные с моделями одежды, и анализируется, что это отрасль духовной и материальной лексики в лингвистическом аспекте. Анализ основан на мнениях исследователей о моделях одежды, используемых в образе жизни нашего народа, в зависимости от времени года, экономических и региональных особенностей. Также включена классификация названий одежды, их особенности и причины. При этом выделяют путь развития каждой нации, ее потребности и особенности, а также различия.

Несомненно, каждая нация имеет свои особенности. Одним из его проявлений являются модели одежды с древнейших времен до наших дней. Национальная одежда, несомненно, является когнитивным выражением любой нации. Это не просто стиль одежды, а продукт, определяющий облик этой нации. Вот почему всегда важно учитывать модели одежды, которые считаются одной из этнокультурных ценностей, пробуждающих дух широких слоев населения и показывающих национальную самобытность народа на мировом уровне. В данном контексте представленная статья опирается на названия одежды, выражения национальной идентичности, национального самосознания и национальной культуры.

Ключевые слова: стиль одежды, модель одежды, национальная одежда, названия одежды, национальная самобытность.

Annotation. The article lists the names of clothes that are considered necessary for the existence of the human race. It presents definitions associated with clothing models and analyzes that this is a branch of spiritual and material vocabulary in a linguistic aspect. The analysis is based on the opinions of researchers about the clothing models used in the lifestyle of our people, depending on the time of year, economic and regional characteristics. Also included is a classification of clothing names, their features and reasons. At the same time, the development path of each nation, its needs and characteristics, as well as differences are highlighted. Undoubtedly, each nation has its own characteristics. One of its manifestations is clothing models from ancient times to the present day. There is no doubt that national clothing is a cognitive expression of any nation. This is not just a style of clothing, but a product that determines the appearance of this nation. That is why it is important to constantly pay attention to clothing models that awaken the spirit of a large group of people and are considered one of the ethnocultural values that show the national identity of the people at the global level. In this context, the presented article is based on the names of clothes, scenes that reflect national identity, national consciousness and national culture.

Key words: clothing style, clothing model, national clothing, names of clothing, national identity

Адамзат баласы өзін қоршаған ортада сыртқы әсерлерден сақтанып, қорғану үшін тұрмыстық қажеттіліктен сырт бейнесін жауып жүруді әу бастан-ақ ойлап тапқан. Олардың алғашқы түрі жамылғы болса керек-ті. Сол жамылғылар заманына қарай дами келе жетіліп, эстетикалық әрі сәндік үлгіде өзіндік бейнесін қалыптастырған.

Киім кию – адамзат баласының өмір сүруі үшін аса қажет. Киім адамзат баласын өзін қоршаған ортада саналы көрсетуі, табиғаттың түрлі құбылыстарынан сақтануы үшін, түрлі жан-жануарлар мен жәндіктерден қорғану үшін де пайдалы. Сондықтан киім адамзат баласының күнделікті өміріне қажетті зат ретінде танылған тұтыну бұйымы саналған. Оған анықтама да солай берілген. «Киім – денені ауа райының, сыртқы ортаның зиянды әсерінен қорғайтын, адамның денесіне киюге арналған жасанды жамылғы түрі, тұтыныс бұйымы» [1,8].

Міне осы киім үлгілерін жасап шығу тарихы өз алдына бөлек тақырып. Сөзсіз ол үлкен ізденісті талап етеді. Десе де, мұндай жетістік адам еңбегінің ерекшеліктеріне, қоғамдық өндіріс пен мәдениеттің дамуымен тығыз байланысты. Тіпті эстетикалық тұрғыда мәдениетті таныту мақсатында қолданылуы осы келтірген дәйектерді растайды.

«Киім қоғамның материалдық және рухани құрамдас бөлігі болып табылады. Бір жағынан бұл адамдардың еңбегімен жасалған және кейбір қажеттілікті қанағаттандыратын материалдық құндылықтар болса, екіншіден – ол адамның келбетін эстетикалық жағынан өзгертетін қолданбалы сән өнері» [1,8].

Сөз жоқ, адамзат баласының киім кию дәстүрі әрбір ұлттың өзіндік ерекшеліктерін аңғартады. Өйткені кез келген ұлттың ұлттық танымын танытатын бірден-бір сыртқы бейнесі

оның киім кию мәдениетінен көрінеді. Міне бұл ретте қазақ халқының киім атаулары ұлттық танымның ең басты сипатының бірі. Ол халық тарихымен, көшпелі елдің тұрмыс-тіршілігімен, табиғат жағдайларымен, т.т. ерекшеленеді. Сондай-ақ ұлттың эстетикалық талғамы, өмір сүру салты, өзара қарым-қатынастар, т.б. айқын көрініс табады.

Әлемде әр ұлттың өзіне тән қалыптасқан дәстүрлі құндылықтары, ұлттық қолтаңбасы, әдет-ғұрпы, салт-санасы, ұлттық киімдері бар. Сол ұлттық киімдер арқылы олардың тарихын, құндылықтардың рухани танымын, салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын көруге болады. Сондықтан кез келген халықтың дүниетанымы, болмысы, рухани танымы, т.т. тіл арқылы сақталып, келесі кезеңге жетеді. Алайда әр ұлттың өз ерекшелігі, стилі, сымбатты бейнесі бар. Яғни олардың сыртқы бейнесі киім кию үлгілерінен аңғарылады.

Мақалада рухани және материалдық лексиканың ұлттық танымын айқындайтын киім атауларын саралауда олардың жіктелуі, топтастырылуы негізге алынды. Теориялық деректер киім атауларының ұлттық табиғатын зерттеген ғалымдардың ғылыми негіздемелері басшылыққа алынды. Сондай-ақ өзге ұлттардың киім үлгісі мен тарихи тұрғыда салыстыру әрі этнолингвистикалық, лексика-семантикалық, этимологиялық қырларын ашып көрсетуде отандық тілші ғалымдарымыздың еңбектері мен зерттеу материалдары талдау әдісі бойынша қарастырылды.

Ұлттық киім – кез келген халықтың танымдық көрінісі. Онда ол жай ғана киім үлгісі ғана емес, сол ұлттың келбетін айқындайтын бұйым. Өткен тарихын ашып көрсететін бет-пердесі. Бір сөзбен айтқанда, жалпыхалықтың жігерін оятып, рухын қанаттандыратын әрі әлемдік деңгейде халықтың ұлттық болмысын айғақтайтын этномәдени құндылықтардың бірі.

Қазақ халқының табиғат төсінде еркін өмір сүруі, шаруашылыққа байланысты қажетті киімдерді киюі, тұрмыстық қажеттілік пен рухани дәстүрлі ұстанымдары да киім үлгілерінің қалыптасуына септігін тигізген. Айталық, ер киімі мен әйел баласының киімі, қыз баланың киімі мен жас жеткіншектердің киімдері, т.т. Сондай-ақ адамның дене мүшелеріне орай да бас киім, аяқ киім, іш киім, сырт киім, т.т. жіктеледі. Жыл мезгілдерінің суық не жылы болуы да киімнің маусым аралық атауларын қалыптастырған. Айталық, қысқы киім, жазғы киім, күзгі, көктемгі болып келеді.

Мұндай жіктеулер әр топқа бөлінген киім атауларының өзіндік сипаты мен қажеттілігін, оның табиғат құбылыстарынан сақтайтынын, оған қоса эстетикалық талғамын, тіпті қандай материалдардан қалай жасалғандығын да аңғартады. Айталық, адамзат баласының бас киімі. Ол адамның ең жоғарғы мүшесі болған соң онда ми, сезу, көру, есту, ауыз, жұтқыншақ органдары орналасқандықтан, оны суықтан, желден, ыстықтан, т.б. табиғи құбылыстардан сақтау аса маңызды. Адамдар бас киім кигенде осы дене мүшелерін сақтауды ескерген. Бұл ретте бас киімді әлеуметтік, аймақтық, жастық, жыныстық, т.б. орай жасау қалыптасқанын көруге болады. Олар: ерлердің бас киімі, әйелдердің бас киімі, қыздардың бас киімі, жас жігіттердің бас киімі, т.т. Мұндай ерекшеліктер біршама ұлтқа тән.

Қазақ халқының қолданысында ерлердің бас киімі аса көп емес, олар: тымақ, қалпақ, құлақшын, бөрік, т.б. Әрине, аймақтық ерекшеліктер де ескерілген. Соған байланысты олардың жасалуы ауа райына қарай пайдаланылған. Ал әйелдердің бас киімдері жасы мен отбасылық жағдайына орай түрлі аталады: орамал, кимешек, жаулық, сәукеле, тақия, шәлі, т.б.

«Бас киім – ұлттық дүниетанымда құт – береке символы, ал үйленбеген жігіттің белгісі – тымақ оның басына қонатын құт, өмірді бастау мәні, өмір жалғастығы, өмірлік күш-қуат, жалын идеясын бейнелейтін жоғары семантикаға ие» [2,154].

Міне келтірілген анықтама бас киімдерде сөз жоқ, ұлттық нақыштар бейнесін айғақтайды. Яғни бас киімнің эстетикалық талғам мен табиғи ортаға бейімделу ерекшеліктерін танытады әрі адамдардың жас және жергілікті, тіпті рулық ерекшеліктерінен де көрініс береді. Сол себепті кез келген халықтың киім атаулары оның танымдық тұрғыда ұлттық сипатын да айқын көрсетеді. Бұл жөнінде мынадай деректі келтіруге болады: «Бас киім ұлттық киімнің мәнерлі де ерекше бөлігі саналумен қатар, этностың географиялық этникалық белгісін де танытатын ерекшелікке ие» [2,154].

Осы келтірілген этникалық ерекшелікке орай көрші қырғыз еліндегі ақ қалпақты мысал етуге болады. Қырғыз халқында ұлттық нақышта қастерлі саналатын ақ қалпақ аталатын бас киім бар. Аталған ақ қалпақ – қырғыз халқының ұлттық танымын, рухани болмысын, сырт келбетіне қарай ерекше сәнге ие. Ол көнеден бүгінге жалғасып келеді. Ақ қалпақты жұмысқа, тойға, жиынға, т.б. орындарға да киеді. Тіпті бір-біріне сыйлық ретінде сыйға тартады. Ақ қалпақтың құрметі

соншалық 5-ші наурыз Қырғыз елінің «Ақ қалпақ күні» ретінде белгіленген. Ол 2011 жылдан бері аталып келеді. «Манас» дастанында қырғыздар «ақ қалпақ киген халық» деп сипатталады [3].

Бір сөзбен айтқанда, ақ қалпақ – қырғыз ұлтының дәстүрлі бас киімі. Ұлттың рухани және материалдық мәдениетінің танымдық сипатын айғақтайды. Бұл жөнінде белгілі ақын Ә.Тәжібаевтың мынадай өлең жолдарын келтіреді:

Басыма кидім ақ қалпақ
Оюлап шетін сырғызған
Менің де бетім жап-жалпақ,
Айырмам қайсы қырғыздан.

Ал қазақ халқында киім кию әдебіне мұндай көңіл бөлінбеген. Кейде ұлттық киім киіп жүргендерді көзіміз шалып қалса, тамсана не болмаса сыни көзқараспен қарайтынымыз бар. Тіпті көшеге, жұмысқа не болмаса т.б. жиындарда көріп қалса, наурыз мерекесінен басқа тағы қандай мереке ойлап тапқан деген оймен қарайтынымыз да жасырын емес. Бұл ретте біздің ұлттық киіміміз тек қана Наурыз мерекесінде киетін ким үлгісіне айналған деуге болады. Мұның басты себебі халық киім кию үлгісінде батыстық модельдер бойынша тігілген киім үлгілеріне ден қойған, соған бейімделген. Бұл да өз кезегінде жалпыхалықты ұлттық киім кию үлгісінен біршама алыстатқан.

Әрине, тәуелсіздік көп ұлттық танымға жол ашты. Соның бірі де қазақша киім кию. Өйткені соңғы кездері ара-сыра ұлттық киім кию үрдісін қайта жаңғыртып келетін азаматтарды жиі көріп қаламыз. Мүмкін алдағы уақыттарда бұл да қалыпты үрдіске айналар. Заман сұранысы әдет-ғұрып пен салт-дәстүрді де қоғамдық санаға сәйкестендіріп, ұлттық келбетімізді қайта жаңғыртуы бек мүмкін. Соның нәтижесінде ұлттық материалдық қажеттілікті қанағаттандыратын болса, онда ол да қазыналы байлығымыздың бір сипаты саналатын киім үлгілерін қалпына келтіруге септігін тигізеді деп білеміз.

Қазақ халқының ұлттық киімдері кез келген жанның бойына әсемдік сыйлап, талғамын айшықтай түседі, сәнді әрі үйлесімді киім сән-салтанаттың көркі. Бабаларымыз мұндай ұлттық киімдерді аса зор талғаммен, сәнді де көрікті етіп, табиғат құбылыстарына орай үйлестіре білген. Шортанбай ақын айтқандай «Ағаш көркі жапырақ, Адам көркі – шүберек» бұл тек қана шүберек емес, ұлттық мәдениеттің көрінісі, халықтың өмірінен сыр шертетін ұлттық болмыстың бір бөлігі.

«Қазақ киімдерін зерттеу Қазан революциясынан кейін ғана кеңінен қолға алына бастады. 1922-1926 жылдары Қазақ республикасының астанасы Орынбор қаласының музейі Ақтөбе, Торғай, Қостанай, Орал, Атырау, Семей, Павлодар аймақтарын аралап, көптеген ұлт киімдері мен өрнектердің, алтын-күмістен жасалған бұйымдардың экспонаттарын жинап, әр облыстағы әртүрлі киім үлгілерін зерттеп қағаз бетіне түсірген. Көптеген киім үлгілері Абай атындағы Опера және балет театры мен М.Әуезов атындағы Қазақ Академиялық драма театрларының эпостық, тарихи шығармаларды сахнаға шығарудағы ізденістері, архив материалдарымен жұмыс істеу нәтижесінде қалпына келтірілді» [1,10].

Кезінде тек қана сахналық қойылымдардан көрініс табатын киім үлгілерін зерттеу тәуелсіздік алған тұста қайта жаңғыра бастады. Арнайы еңбектер мен ғылыми-зерттеу жұмыстары жазылды. Солардың бірі белгілі этнограф, халқымыз мәдениетінің қайта жаңарып, дамуына үлес қосқан мемлекет қайраткері, ұлт жанашыры Ә.Жәнібеков. Ол тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтап, қалпына келтіру жұмыстарына қоса ұлттық киімдерімізді де дәріптеп, жандануына үлкен үлес қосты. Оның «Қазақ киімі» атты еңбегі осының айғағы [4]. Сондай-ақ ұлттық киім атауларын, олардың жіктелуі мен топтастырылуын, ұлттық танымдық табиғатын арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырып, ғылыми негізде зерттеген О.А. Жолдасбек, Ә.Б. Алмауытова, т.б. кандидаттық диссертацияларын атауға болады [5].

Аталған ғылыми-зерттеу жұмыстары лингвистикалық тұрғыда зерттеуге алынған. Айталық, А.О. Жолдасбек киім атауларына кешенді түрде салыстырмалы-тарихи әрі салғастырмалы талдаулар жүргізген. Онда қазақ және орыс тіліндегі киім атауларының зерттелу тарихы, құрылымы, мағынасы негізге алынған. Ал Ә.Б. Алмауытова киім атауларын этнолингвистикалық және ономазиологиялық тұрғыда қарастырады. Яғни киім атауларына қатысты фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар сараланған.

Жалпы, киім атауларының этнолингвистикалық, лексика-семантикалық, этимологиялық тұрғыда зерттеуге алынған еңбектер жетерлік. Қазақ тіл білімінде Е.Жанпейісов, Р.Сыздықова, Ж.Манкеева, Т.Байжанов, т.б. атауға болады. Сондай-ақ белгілі бір аймақтың тілдік қолданысындағы диалектілік ерекшеліктері немесе танымал тұлғалардың қолданысындағы ұлттық киімдерге жасалған зерттеу жұмыстары да бар.

Белгілі ғалым, Е.Жанпейісов М.Әуезов шығармалары тілінде кездесетін атауларға кешенді талдау жүргізіп, тарихи тұрғыда киім атауларын сөз етеді. Ол онда М.Әуезов шығармаларының этнолингвистикалық сипатын айқындауды қолға алады [6]. Е.Жанпейісов киім үлгілерін, үй мүліктерін, баспана түрлерін, азық-түлік өнімдерін заттық мәдениет деп атайды. Яғни оларды заттық мәдениет лексикасын құрайтын сөздер деп санайды [7].

Заттық мәдениет лексикасының идиоэтникалық ерекшеліктерін айқындауды бүгінге жеткен ескілікті лыпа – киім түрлерінің «әр тарап тілдік көріністерін, олардың атаулар жүйесін қарастырудан бастап көрейік» дейді сөз басында ғалым. Ғалым зерттеуді бас киім атауларынан бастайды. Бас киімге байланысты атауларды түгендеуді фольклор, жыраулар поэзиясынан, көп жанрлы жазба әдебиет үлгілерінен, басқа да дереккөздерден жинастырған. Ең бастысы, қазақ бас киімінің элементтерінің, сегменттерінің өзге ұлт өкілдерінің киімдеріндегі сегменттермен байланысын ашып бере алған. Сөйтіп барып, киім атауларының идиоэтникалық семантикасын ашуда бұрыннан бар жолға түспей, одан түбегейлі бас та тартпай, жаңа тәсілдерді пайдаланған [8, 38].

Бір сөзбен айтқанда, қазақ тіл білімінде киім атауларын этнолингвистикалық, лексика-семантикалық, этимологиялық қырларын жан-жақты саралап, қарастырған зерттеуші-ғалымдарымыздың еңбектері жетерлік. Оған қоса жергілікті тілдік қолданыстарды арнайы саралаған жұмыстарды да атауға болады. М.Қ.Есимболованың «Жетісу сөйленісінің лексикалық ерекшеліктері» атты кандидаттық диссертациясын, М.С.Атабаеваның «Қазақ тілі диалектілік лексикасының этнолингвистикалық негіздері» сынды монографиясында қазақ тіліндегі киім-кешек атауларының диалектілік ерекшеліктері сөз етіледі, Қ.Т.Қайырбаеваның зерттеу жұмысында кейбір киім атауларының символдық мәні кеңінен қарастырылады.

Міне көріп тұрғанымыздай, кез келген ұлттың тілі оның тек қана қарым-қатынас пен болмысын танытып қана қоймайды. Ол рухани, мәдени, тарихи құбылыстарды да танытады. Әрі әр халықтың материалдық лексикасының бір қабаты саналады. Қазақ халқының киім атауларының қалыптасуы, ондағы күрделі сөздер, тұрақты тіркестер, сөз оралымдары тіліміздің сөздік қорының байлағы ғана емес, өткеннен сыр шертетін тарихи деректерге толы. Бұл ретте қазақ тіліндегі рухани және материалдық лексикаға байланысты сөздік қорды зерттеу қызықты әрі қажетті.

Қазақ ұлттық киімдерінің түрлері мен атаулары көп. Бүгінде оны арнайы зерттеуге алған ғалымдарымыз, оның ұлттық танымындағы тілдік бірліктерін саралап, тіліміздің сөздік қорындағы орнын ашып көрсетуді негізге алады. Солардың бірі белгілі ғалым, профессор Ж.Манкееваның зерттеулері. Ол киім атауларына қатысты лингвистикалық, этнографиялық зерттеулер жүргізіп, оларды 14 топқа бөліп көрсетеді. Олар: 1. *Сырт киім атаулары*. 2. *Үстінен киетін киім атаулары*. 3. *Іш киім атаулары*. 4. *Бас киім атаулары*. 5. *Әскери киім атаулары*. 6. *Аяқ киім атаулары*. 7. *Киімнің құрамдас қосымша бөліктерінің атаулары*. 8. *Киімге тағылатын әшекей бұйымдар атаулары*. 9. *Киім тігілетін материал түрлерінің атаулары*. 10. *Киімнің маусымдық ерекшеліктеріне қарай аталуы: а) қыстық киімдер; қысқы бас киім; қыста киілетін еркектердің аяқ киімдерінің атаулары; ә) жазғы киімдер: ерлер мен әйелдердің жазғы аяқ киімдері*. 11. *Киімнің жас ерекшелігіне қарай аталуы: а) бойжеткен қыздар мен жас келіншектер киімінің атаулары; ә) ұзатылған қыздың (қалыңдықтың) және жаңа түскен келіншек киімінің атаулары; б) 30-40 жастағы және орта жастағы әйелдер киімінің атаулары; в) кәрі әйелдер мен кемпірлер киімінің атаулары*. 12. *Тойда, әртүрлі ұлттық мерекелерде киетін біркіер киім атаулары: а) ер адамдар киімінің атаулары; ә) әйелдердің салтанатты киімдерінің атаулары*. 13. *Киімнің жергілікті, аймақтық, ру-тайпалық ерекшелігіне қарай аталуы*. 14. *Әлеуметтік жағдайға байланысты киім атаулары: а) күйеуге шыққан әйел киімінің атаулары; ә) киімнің ру-тайпалық ерекшелігіне қарай қалыптасқан атаулары* [9, 313-318].

Тарих беттеріне назар салсақ, қазақтың киім атаулары түрлі тап өкілдерінің, оның ішінде хан-сұлтандар мен сал-серілерде, қарабайыр халықтың өзінде түрлі сәнді киімдерді кигендігін көреміз. Алайда олар жайлы толыққанды мәліметтер бүгінгі күнге дейін жетпеген. Десе де, біразының үзік-үзік үлгілері жеткендері бар. «...бір ғана сал-серілердің киімінің өзі ғажайып өнер туындысы саналған. Оларда жарқындылық, романтикалық рең басым болады. Мысалы, олардың шалбары да ерекшеленіп, өз сипатына сәйкес сал шалбар деп аталған. Жоғарыда атап көрсетілгендей, әр адамды киіміне қарап, тегін, жасын, әлеуметтік жайын ажыратуға болған» [9, 319].

Жалпы, киім кию аймақтық, жергілікті, ру-тайпалық ерекшелігіне орай да қалыптасқандығы зерттеушілер тарапынан атап көрсетілген. Яғни тек қана ұлыстар мен халық ішіндегі түрлі тап өкілдерінің немесе қазақ тарихында орны бар сал-серілердің киім кию үлгілері де болған. Алайда

рулық, тайпалық көрінісін аңғартатын киім үлгілері жайлы деректер кездеседі. Бұл жөнінде Б.Кәмәлашұлы былай дейді: «...аймақтық сипаттың көрінісін айғақтайтын адай, әлім руларының атымен байланысты киім атауларын адай көйлек, адай тымақ, адай шалбар, әлім көйлек, әлім тымақ деп мысалдар ұсынып, олардың Түркіменстанда мекен ететін қазақтар тілінде қолданылатынын келтіреді» [10, 154].

Жалпы, тұрмыстық лексиканың бір бөлігі ретінде қаралатын киім атаулары тілдің алғашқы кезеңдерінде-ақ материалдық құндылықтардың атауы ретінде қолданылған. Сол себепті заттық мәдениет лексикасы ретінде саналатын киім атаулары – халықтың, ұлттың, этностың қалыптасу, даму тарихынан күні бүгінге дейін жетіп, өзіндік ерекшеліктерге толы әрі мәні мен қолданысы тарапынан жаңарған, қазақ тілінің сөз байлығын аңғартатын тілдік бірліктер құраған.

Әу баста халықтың тілдік, тарихи және мәдени дамуы негізінде қалыптасқан киім атаулары даму барысында тілдік ауыс-түйістерге, қала берді, әр мезгілде қоғамдық өзгерістерге түсіп, жетіліп, семантикалық тұрғыда толысып келді. Ол өз кезегінде туыстас тілдерден, көрші тілдерден, т.т. ауыс-түйіске түсіп, сөздердің алмасуы нәтижесінде жаңа атаулар да қалыптастырды. Сондықтан киім атауларына байланысты жоғарыда аталған зерттеу еңбектері олардың ерекшеліктерін, мағыналық өзгеріске түсу себептерін, әсер етуші факторларды, т.б. талдауға алған. Ал біздің жұмысымыздың мазмұны қазақ киім атауларының анықтамаларын ұсынып, оларға негіз болған зерттеу еңбектер арқылы олардың рухани және материалдық лексиканың бір тармағы екенін ұсыну. Сондай-ақ ұлттық киімдердің қазыналы байлығымызбен қоса, ұлттық танымның бір сипаты екендігін ашып көрсету. Соның негізінде қазақша киім үлгілерін тек қана мерекелерде ғана емес, күнделікті киюге дағдылану қажет екенін ұғындыру.

Сөзімізді түйіндей келгенде, қазақ ұлттық киімдері ұлтымыздың көркемдік мұрасы. Олар – халықтың өткені мен болмысынан һәм ұлттық танымынан мол мағлұмат беретін құнды қазына. Мұндай мұраның сипатын жан-жақты танытатын тілдік деректер рухани лексиканың қайнар көзі. Сондай-ақ киім атаулары – мәдени мұраның басты материалы және қазақ тіліндегі этномәдени атаулар саналатын рухани және материалдық лексиканың танымдық негізін сипаттайтын басты құралдардың бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ халқының ұлттық киімдері. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2011 – 384 бет.
2. Бисенбаева М.К. Этномәдени лексиканың танымдық-қатысымдық қызметі (аймақтық лексика материалдары негізінде). – Алматы, 2019. – 170 бет. 6D020500-Филология. Философия докторы (Phd) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.
3. <https://www.trtavaz.com.tr/haber/kaz/avrsyadan/yr-yzdardy-ltty-bas-ki-m-a-alpa/60fb2d1501a30ad4549351a3>
4. Жәнібеков Ө. Қазақ киімі. – Алматы: Өнер, 1996. – 192 бет.
5. Жолдасбек А.О. Компонентный анализ лексико-семантической групп «одежда»: Дис... канд. филол. наук. – Алматы, 2000. – 153 стр. Алмауытова Ә.Б. Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты: Филол. ғыл. канд. дис... – Алматы, 2004. – 131 бет.
6. Жанпейісов Е. М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясының тілі: тарихи-этимологиялық байқаулар, материалдар. – Алматы: Ғылым, 1976. – 165 бет.
7. Жанпейісов Е. Қазақ ескіліктері. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2018. – 352 бет.
8. Момынова Б., Әнесова Ү. Қазақ этномәдени лексикасының өткені мен бүгінгі тілші-ғалымдар зерттеулерінде (Е.Жанпейісов пен Ж.Манкеева зерттеулері негізінде). А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы, №3, 2020.
9. Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640 бет.
10. Кәмәлашұлы Б. Қазақтың салт-дәстүрлері. – Алматы: Өнер, 2006. – 152 бет.

ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚ ҮШ ЖҮЗІНІҢ ТҮП-ТЕГІ

БЕКЖАН О.Д.

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті Түркология ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.

Резюме. В статье рассказывается об этимологическом значении имен трех сыновей пророка Нуха - Сам, Хам и Япет – которые были изложены в произведении Абулгазихана "Тюркскоеродословное древо". Делается также вывод о происхождении имен сыновей Япета-Казаха– Кюн(Солнца), Ай (Луны) и Жулдыз (Звезды)– и о том, что они были древнейшим источником трех жузов казахского народа.

Summary. The article talks about the etymological meaning of the names of the three sons of the prophet Nuh - Sam, Ham and Iapetus - which were set out in the work of Abulgazi Khan "Turkic Family Tree". A conclusion is also made about the origin of the names of the sons of Iapetus-Kazakh - Kyun (Sun), Ay (Moon) and Zhuldyz (Stars) - and that they were the oldest source of the three zhuzes of the Kazakh people.

Алғашқы адамның пайда болуы туралы ғылыми және діни тұжырымдар бар екені мәлім. Діни тұжырымдар бойынша ең алғашқы адамды, яғни, Адам ата мен Хауа ананы Тәңірі тағала жаратқан болып саналады. Бұл, әрине, Алла тағаланың аянымен түскен діни кітаптардан бастау алатыны да белгілі жайт. Осы тәрізді мәліметтердің бір нұсқасын Әбілғазы хан да өзінің «Түрік шежіресі» [1, 106.] атты еңбегінде баян етеді. Бұндай деректерде адамзат тарихы Адам атадан Нұқ а. с. пайғамбарға дейін және одан қазіргі уақытқа дейінгі замандар болып екі кезеңге бөлінеді. Нұқ а. с. пайғамбар мен топан су оқиғасынан кейін қазіргі адамзат оның Хам, Сам, Яфес (Яфет) атты үш ұлы мен үш келінінен өрбітіледі. Осы тұста Әбілғазының өзінің пікірін [1, 12-136.] келтірейік: «Нұқ пайғамбар үш ұлын үш тарапқа: Хам атты ұлын Үндістан жаққа, Сам атты ұлын Иран жаққа, Иафес атты ұлын солтүстік жаққа жіберді. Үшеуіне айтты: «Адам перзенттерінен үшеуіңізден өзге ешкім қалған жоқ, үшеуіңіз үш жұртта отырыңыз, ұрпақтарыңыз көп болса, сол барған жерлеріңізді жұрт етіп отырыңыз».

Иафесті біреулер пайғамбар еді дейді, біреулер пайғамбар емес дейді. Иафес атасының әмірімен Жуды тауынан кетіп, Еділ мен Жайық суының арасына қоныс тепті. Екі жүз елу жыл онда тұрып, опат тапты. Иафестің сегіз ұлы бар еді, ұрпақтары көп болды. Олар мыналар: Түрік, Хазар, Сақлап, Орыс, Мең, Шын, Кеймар, Тарих. Иафес өлерінде өз орнына үлкен ұлы Түрікті отырғызып, өзге ұлдарына: «Баршаңыз Түрікті патша біліп, оның сөзінен шықпаңыздар», - деп өсиет қылды, оған Иафес ұғланы деген лақап қойды.

Иафес өте әдепті және ақылды кісі еді, атасынан кейін оның қалдырған жерін аралап көрді. Оған әсіресе Ыстықкөл деген жер қатты ұнады, сол жерде тұрып қалды. Түріктердегі кейбір рәсімдер сол кісіден қалды. Түріктің төрт ұлы бар еді: Түтік, Хакал, Барсажар, Амлақ. Түрік өзі өлер шағында Түтікті өз орнына отырғызып, қайтпас сапарға кетті».

Әбілғазының пікіріндегі «Иафес ұғланы» деген Түріктің лақап есіміне назар аударайық. Бұл лақап жалғыз Түрікке ғана қосылмаған, барлық ұрпақтарына қосылып айтылған деуге болады. Осы Түрік бабамыздың есімінің шығу төркіні Нұқ (а. с.) пайғамбар бабамыздың ең кіші, үшінші баласының Япет есімінің екінші бөлігіндегі ет<йет сөзімен сәйкес сөз болған. Ал Жиделі сөзіндегі -лі буыны сын есім жұрнағы емес, ел+і сөзінен қалыптасқан морфема болып табылады. Яғни, Жиделі сөзі – Йет елі тіркесінен туған ел-жер атауы. Йап+йетесімі – екі түбірден құралған сөз. Йет сөзі Йөт//Йүт нұсқатүрлерімен де айтыла берген. Одан Йүт>Үт сөзі қалыптасса, қазақ тілінде оның мағынасы от,сәуле екені «Үт кірді, сарттың көтіне құрт кірді» деген мәтелден белгілі. Үт деп ерте көктемдегі күн сәулесінің киіз үйдің туырлығындағы тесіктен енген сәуле жолағын айтады. Үт (Йүт) бабамыздың ұрпақтарын Үт+ұрқы // Үт+үркі деп атаған, одан Түркі атты бабалар есімі туады. Ал егер Йіт нұсқатүрімен айтылса, Йіт сөзіне ауысып, Йіт+ұрқы //Йіт үркі болып, барлық итпен байланысты шежірелік аңыздардың тууына негіз болады. Бұрынғы Сенек жазуына қатысты еңбегімізде [2, 766.] Түрік сөзінің сәуле мағынасын білдіретіні туралы пікіріміз жария болған еді. Бірақ ол кезде түрік сөзінің түбірі түр сөзі, үк//оқ ұл (ұрпақ) мағынасындағы сөз деп пайымдағанбыз. Қазіргі тұжырымға зер салсақ, түрүк сөзінің түбірі ТҮ болады да, Р дауыссыз

ұрық //үрүк сөзіне қатысты екені анықталады. Осы тұста Йүт//Йот сәйкестігіне орай Түркү атауының (Й)от+үркү тіркесінен туу мүмкіндігін де ескерсек, түркү сөзінің сәуле мағынасын тағы да аңғаруға болады. Бұдан біздің пікірлеріміздің екеуінің де шындыққа сәйкес келетінін аңғаруға болады.

Әбілғазы бұдан ары: «Нұқ пайғамбар заманынан Алынша ханға шейін барша Иафес әулеті мұсылман еді, ...»[1, 136.] – дейді. Одан кейінгі ұрпақтары Қара ханға дейін пұтқа табынып кәпір болған. Ары қарай Оғыздың мұсылман болып тууы әкесі Қара ханға қарсылық мотивінің пайда болуына жол ашады. Сөйтіп әкесі мен екеуінің арасында бітіспес жаулық орнап, соңы әкесінің мерт болуына әкеліп соғады. Дәл осы – әке мен баланың арасындағы бітіспес жаулық – қытай деректеріндегі Мау-Дун мен оның әкесі Тұман шаньюйдің арасында да көрініс береді. Бұл жаулықтың себеп-салдары нақты өмір сипаттарына сәйкес келеді. Онда Тұман шаньюй салт-дәстүрден ауытқып нақты мұрагерлікке ие Мау-Дунды жау қолына жіберіп өлтіртпекші болады. Сөйтіп кіші әйелден туған ұлды тақ мұрагерлігіне қалдыруды көздейді. Бұл сонымен бірге адамгершілік қағидасына да кереғар ниет болатын. Сондықтан да өзін өлтіртпекші болған әкесін өзі өлтіреді. Біздіңше Оғыз қағанның өмір сүрген дәуірі өте ертеде болған, бірақ ол туралы эпос, жырлар халық жадында сақталып, ауызша жырланып келген. Оған ұрпақтарының батырлық жорықтары кезең-кезеңімен жырланып, қосылып отырған. Сөйтіп батырлық жырлардың тізбегі кезегімен тізіле беріп, кейін біртұтас эпосқа айналғаны байқалады. Мау-Дун - Мардан шаньюйдің [2, 726.] әкесін өлтіру оқиғасы да осылайша Оғыз қағанның басынан кешкен оқиғасына айналған деуге болады. Жыршы, халық ұлдың әкеге қарсы шығуы ғана емес, оны өлтіруі деген іс-әрекеттің ата-баба жолына сай келмейтін теріс қылық болғандығынан Оғыз қаған эпосында Қара қағанның өлімі Оғыз қағанның оғынан емес, басқа сарбаздың оғынан болған деп, нақты тарихи оқиғаны жұмсартып бейнелеуге тырысқан.

Әбілғазы, Рашид ад-Дин тәрізді тарихшылардың еңбектеріндегі Оғыз қаған туралы шежірелік деректерде және Оғыз қаған туралы эпоста [3, 43-44б.] да Оғыз қағаннан алты ұл туғаны айтылады. Оның алғашқы үшеуінің аттары Күн, Ай, Жұлдыз, кейінгі үшеуінің аттары Көк, Тау, Теңіз аталады. Біз еңбектерімізде атап өткеніміздей ҚАЗАҚ этнонимі осы Оғыз қағаннан басталады деген пікірімізді тағы да келтіреміз. Оғұз атауы Оқұз<Құз нұсқатүрлерінен туған. Құз атауы Қаз түбірімен варианттас, одан Қаз//Құз + оқ есімі туады. Қаз+оқ атауы Қаз+ақ түріне айналады. Дәл осы секілді Оғыз//Қазақтың алғашқы үш ұлы Бұзоқ аталса, кейінгі үш ұлы Үшоқ аталған. Олардың осылай аталуын Әбілғазы былай түсіндіреді: «Шам уалаятында тұрғанда бір нөкеріне алтын жақ пен үш оқ берді. «Бұл жақты шығыс жақтағы адам аяғы баспаған бір шөлге шетін шығарып көмесің, үш оқты батыс жақтағы сондай жерге көмесің» деп құпия тапсырма береді. Ол кісі ханның жарлығын орындап келді. Бұл оқиғадан бір жыл өткенде үш үлкен ұлын шақырып алып: «Мен жат жерде жүрмін, ісім көп, аң аулауға қолым тимей тұр. Күн шығыс жақта, пәлен деген шөлде аң көп деп естідім, сонда барып аң аулап келіндер», - деп үлкен ұлдары – Күн, Ай, Жұлдыз үшеуін жіберді. Одан соң Көк, Тау, Теңіз атты үш кіші ұлдарын шақыртып, оларға да ағаларына айтқан сөздерін айтып, күн батыс жаққа жіберді.

Бірнеше күн өткенде үш үлкен ұлы алтын жақ пен көп аң атып алып, хан алдына әкелді. Үш кіші ұлы үш алтын оқ пен көп аң әкеліп, әкесінің алдына қойды.

Хан балаларының жақ пен оқты тауып келгендерінің ырымы етіп, аң еттеріне түрлі астарды қостырып, халықты шақырып той қылды. Тапқан алтын жақ пен оқты балаларына қайтарып берді. Үш үлкен ұлы жақты сындырып үшеуі бөліп алды, кішілері бір-бір оқтан алды» [1, 22б.]. Мұнда тарихи шындық бар, ол – үлкен үш ұлдың үлкені Күн//Құнқтың біздің дәуіріміздің басына дейін Қиыр Шығысты мекен етуі. Бұл сол өсиетке сай, сол үлкен ұлдардың үлкені Күн//Құнқтың күннің шығар босағасын жайлап, таңбасын Пбосаға етіп алуынан айқын көрінеді. Қалғандары өздерінің жастарына сай ортасы орта, кішісі батыс жақты мекендегені қазіргі қазақ жүздерінің орналасуынан-ақ білінеді. Бұл сол Оғыз қаған бабамыздың заманынан бері жалғасып келе жатқан салт-дәстүр. Бұны әрбір жанадан құрылған тайпалық ел-мемлекеттер мұқият сақтаған деуге тарихи ел бөліністері куә бола алады. Сол дәстүрге сай ОҚ сөзі ұл, ұрпақ мағынасын да білдіруге сол заманнан бастап көшкені аңғарылады. Мысалы, Бұзоқ есіміне сәйкес Бұзырық //Бүзірік аты Түркістан маңындағы қожалардың есімдері ретінде сақталған. Бұзырық сөзіндегі ырық морфемасы ұрық сөзінің нұсқатүрі екені дау тудырмайды. Бұдан қожа сөзінің түп-тегі түркі сөзі деген қисын туады. Мысалы, Бұзырық қожа тіркесі қалай пайда болды деген сұрауға ой жүгіртсек, ең алғашында қожа сөзі рудың түп-тегі ретіндегі Оқұз//Оқұж болып қолданыла келе>қожұ //қожа лауазым атауына айналғанын пайымдауға болады.

Жоғарыда айтылғандай, үш оқ деген тіркестің мағынасы үш ұл немесе үш ұрпақ деген мәнді білдіреді. Осыдан қазақтың үш жүзге бөлінуі өз сабақтастығымен қазірге дейін жалғасын тапқан. Жүз сөзі де бөлік, бөлініс, ұрпақ, тұқым деген мағыналарды білдіреді. Күн, Ай, Жұлдыз атаулары Тәңірі-Көкке негізделіп есім ретінде қойылған. Көк-аспандағы шамшырақтардың үлкені Күн, ортаншысы Ай, кішісі Жұлдыз болғаны сияқты Оғыз-Қазақ ұлдары да Күн – Ұлы жүз, Ай – Орта жүз, Жұлдыз – Кіші жүз болып аталған. Күннің шығар тұсы – шығыс – Ұлы жүз – Күннің ұрпақтарына, Ауразия құрлығының орта тұсы – күннің талтүс уағы – Орта жүз – Ай ұрпақтарына, күннің батыс тұсы – батыс – Кіші жүз – Жұлдыз ұрпақтарына тиесілі болып берілген. Бұл ақиқат күнк //күнк >Күн – Ұлы жүзұрпақтарының Қиыр Шығысты мекендегенінен-ақ анықталады. Орта тұста Орта жүз – Ай ұрпақтары – сақтар мекен етсе, Батыс тұста – Орал тауы, Еділ дариясынан ары қарай – Кіші жүз – Жұлдыз ұрпақтары жайлаған. Уақыт өте келе басқа жұрттар көбейіп, жер тарыла келе бұл аумақтық бөлініс Қазақстандағы оңтүстік, оңтүстік шығысты Ұлы жүз рулары, орта – Сарыарқаны Орта жүз рулары, батысты Кіші жүз рулары жайлап мекендеуінен көрінеді. Бұл Оғыз қаған атамыз заманынан келе жатқан салт-дәстүр жалғасы, сабақтастығы екені аян.

Оғыз-Қазақтың үлкен ұлы Құнк //Қанқ ұрпақтары қытай жазбаларында хунну, сюнну аталып хатқа түскен. Өте ертедегі б. д. д. XVIII-XVII ғасырлардағы Қытай жеріндегі мәдениет иесі Шан дәуірі аталады. Бұлар күн мағынасын білдіретін қонқ //құнк //қанқ //қынк~ сонқ //сұнк //санқ //сынқ~ шонқ //шұнк //шанқ //шынк~ бонқ //бұнк //банқ //бынк~ монқ //мұнк //манқ //мынк вариант-сәйкестіктерімен аталған бір ғана кісінің нұсқатүр аталымдары. Осы нұсқатүр атаулардан қоңырат <қонқ +ұрқ +қот, қаңлы <қанқ +ілі, үйсүн <үй +сүнк (сүнк үйі, отауы т. б.), саңғыл <санқ +ілі, алшын <ала +шынк (ұлы шынк), албан <ала +банқ (ұлы банқ), суан <сұ(қ) +банқ (ұлы банқ), табын <тап +бынк (банқ табы), болмаса тама //таба +бынк (тайпалар бірлестігі), маңғыт <манқ +құт (манқ ұрпағы), мұңғыл <мұнк +ілі, жалайыр манақтары (шуманақ, сырманақ) <манқ. Міне, бұлар Оғыз бабаның құнк //күнк (күн) ұлынан тарап өрбіген, нұсқатүрлік есімдерін қабылдаған тайпалық-рулық сала-жүйелері. Ескерте кететін мәселе: күн сөзінің ерте дәуірдегі күнк болып қолданылып, жазылған нұсқасы Енесей ескерткішінде [4, 85б.] жазылып қалған. Қоңырат тайпа есімінің шығу төркінін қазіргі қазақ тіліндегі қоңыр және ат (қоңыр аттылар секілді) сөздерінен тудыру тілдің ғасырлар тереңіндегі құрылымының қазіргі түрінен мүлде алшақ келетінін түсінбеуден туған үстірт топшылау, қарабайыр халықтық этимология екенін ескеру қажет.

Жоғарыда ескерткеніміздей САҚ сөзі ай мағынасымен, Оғыз қағанның ортаншы ұлының атын да білдірген. Сонымен қатар бұл сөз дәуірлер кезеңінде ҚАС сөзінің керісінше айтылуы арқылы САҚ болып түркі халықтарының жалпы атауы болып та қолданылған. ЙАПЕТ есімі қазақ тілінде қосымша ҚҰЗ болып та аталған. Құз атауы ұянданып ОҒЫЗ болып айтылуға көшкен. Біз бұл Йапет-Оғызды ОҒЫЗ-I деп, ал бұл кісінің ұлы ҚҰЗ-ОҒЫЗды ОҒЫЗ-II деп ерекшелеп айтуды ұсынамыз. талған. түрі, ал екі тілде де бірдей айтылатын кіші (маленький) сөзі өзбек Осы дәстүр ұласа келе, бабамыз Йапет~Жұлдыз~Құз (ОҒЫЗ-I) (~ нұсқатүр; балама ұғымдарын білдіру үшін қолданылды) балаларының аттары да қазақ тілінде ҚҰНҚ (күн), САҚ~САР (ай), ҚҰЗ (жұлдыз) болып қойылуға жалғасқан. Яғни, үлкен ұлға үлкен, ортаншыға ортаңғы, кішіге кіші космоном атаулары қойылған. Құз сөзінің нұсқатүрлері Қаз~Қас// Қыз~Қыс болса, бұлардың жіңішке нұсқалары Кез~Кес// Кіз~Кіс болады. Келтірілген нұсқатүрлердегі З – Ж- ға, С – Ш- ға сәйкес дыбыстар болғандықтан бір-бірімен алмаса береді. Бұл сөздердің мағыналары негізінен кішілікті, қысқалықты білдіреді. Бұларды өз антонимдерімен салыстыра мысалға келтірсек, түсініктірек болады: Қыз↔Жігіт, Қыс↔Жаз, Кісі~Кіші (өзбек)~Кіжі (алтай)↔Үлкен. Бұндағы Кісі сөзі қазақ тілінде Кіші (маленький) сөзінің мағынасын білдірмейді, бірақ өзбек тіліндегі Кіші (человек) сөзінің мағынасын білдіре алады. Өзбек тіліндегі Кіші (человек) сөзі қазақ тіліндегі Кісі сөзінің сәйкес түрі, ал қазақ тіліндегі Кіші (маленький) сөзі өзбек тілінде КИЧИК болып айтылады, бұл – ежелгі заманнан қолданылып келе жатқан нұсқа. Сонда бабамыздың қосымша аты Кішік~Кісік// Құзық~Қасақ~Қазақ деген ежелгі түбірлерден туғаны белгілі болады. Сонымен қысқарта айтқанда Қаз~Қассөзі – жұлдыздық мәннен шыққан кішілікті білдіретін, ал Сақ сөзі– Қас сөзінің керісінше айтылуынан туған сөздер– деп тұжырымдаймыз. Тілімізде оның да кішілікті білдіретін Шақ~Шек (құлыншақ, түлкішек), Шағ(қ)ын тәрізді нұсқалары қолданылады. Ежелгі дәуірде ұлтесіміміз жалпы атау түрінде ҚАС болып та, сондай-ақ САҚ болып та атала берген. Кейін бірте-бірте екеуі қосылып ҚАССАҚ болып айтылуға көшкен. Кейінгі кездерде ҚАССАҚ баба есімі жазылған жазба ескерткіштер [5, 327-343б.] көптеп табылып, оқылып және жарияланып келе жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 10б.

2. Бекжан О.Д. Маңғыстау – Хун – Қаңлы жазуы. – «Ақиқат», 2004, № 12, 76б.
3. Өмірәлиев Қ. Оғыз қаған эпосының тілі. – Алматы: Ғылым, 1988. – 43-44б.
4. Бекжан О.Д. Түркі күлбіздік жазба ескерткіштері тілінің семиотика-семантикалық негіздері. – Алматы: Қазығұрт, 2015. – 198б.
5. Бекжан О.Д. Қассақ баба есімді ежелгі жазулар. – ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Тұран университеті, ЮНЕСКО жанындағы Мәдениеттерді жақындастыру халықаралық орталығы ұйымдастырған еуразия континентіхалықтарының эволюциясы контекстіндегі зороастризмнің мәдени-тарихи мұрасы атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы. – Алматы: 2024. – 327-343б.

ӘОЖ 74.058-56.

**ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСІ**

ОМАРОВА Ғ.Н.

Қостөбе орта мектебінің информатика пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Байзақ ауданы

Резюме. В статье раскрывается понятие «информационного общества», его место в системе образования на основе современных компьютерных технологий. Активное применение информационных и коммуникационных технологий в образовании позволяет не только по-новому взглянуть на педагогический процесс, но и дает необходимый научно-методологический аппарат для их анализа и обновления, а компьютеризация процесса обучения является одним из главных факторов содержания образования.

Summary. In article the concept of «an information society», his place in an education system, on the basis of modern computer technologies and communication means reveals.

Active application of information and communication technologies in formation allows not only to look in a new fashion at pedagogical process, but also gives the necessary scientifically-methodological device for their analysis and updating, and the computerization of process of training is one of primary factors of the maintenance of formation.

Көптеген дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі—оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Қазіргі таңда да елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру еніп, көкейтесті мәселе ретінде күн тәртібінен түспей отырғандығы бәрімізге мәлім.

Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. ХХІ ғасыр –білімділер ғасыры болмақ. Жаңа кезеңге бет бұру оңай емес. Ол үшін болашақ ұрпақтарды жақсы тәрбиелеуіміз керек. Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне қарқынды көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. «Білім берудегі АКТ» ұғымы «оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т.б., тіркестермен тығыз байланысты [1, 16б.].

Бүгінгі күнгі ұстаздар үнемі ізденіс үстінде болуға міндетті, сондай-ақ ол «орта мектеп оқушыларын не нәрсеге оқыту керек?»— деген көкейтесті проблемалық сұраққа жауап іздейді. Қазіргі заманғы педагогтің, шебер педагогтің айрықша белгілері ұдайы өзін-өзі сын тұрғысынан қарау, білімдарлық және жоғары еңбек мәдениеті болып табылады. Мұғалімнің кәсіби өсуі өздігінен білім алу қажеттілігінсіз мүмкін емес.

ХХІ ғасырдың мұғалімі—педагогикалық қызметтің әр алуан салаларындағы өз жұмысының қорытындыларын шығаруға, өз тәжірибесін жинақтауға міндетті түрде ұмтылатын тәжірибелі технолог, ұйымдастырушы. Бұрындары мұғалім оқушының алған ақпаратының көлемін білумен шектелетін де, көбіне оны шәкірттің жеке өз көзқарасы қызықтырмайтын. Оқушы мұндай жүйеде объект, яғни мұғалім – білім береді, оқушы—білім алады. Нәтижесінде, белгілі психолог А.Н.Леоньевтің айтуынша «ақылды байыту кезінде жанды жұтады». Сонымен, мұғалім оқыту үрдісінде оқушыны әрекеттеніп, талпынып, жаңа материалды игеруіне тікелей бағыттауы тиіс. Оқыту барысының нәтижелі болуы мұғалімнің әдістемесіне, шеберлігіне және оның заманауи жаңа технологияларды озық игеруіне байланысты. Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің ең басты мәселесі – білім сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Сондықтан білім сапасын арттыру үшін жаңа технологияларды, ұтымды әдіс тәсілдерді пайдалану, білім беру саласында жүйелі жұмыстарды атқару еліміздегі әрі кезек күттірмейтін ауқымды мәселелердің бірі болып отыр.

Қазіргі таңда сабақ тиімділігін арттыруда жаңа ақпараттық технологиялар қолданылуда. Мұндай жаңаша технологияларды қолдану оқушылардың ойлау қабілетін, пәнге деген қызығушылығын арттыруға жағдай жасайды.

Қазақстан әлемдік технологиялар ғасырына аяқ басуда. Қазіргі таңда кез- келген сабақ барысында, тіпті күнделікті тұрмыста да барлығы компьютерге, компьютерлік жүйеге байланысты болып отыр. Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталады. Қоғамдағы ақпараттандыру экономиканың, ғылымның, мәдениеттің дамуының негізгі белгісі қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңге енді. Елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, оның мазмұнының түбегейлі өзгеруі, оның дүниежүзілік білім кеңістігіне енуі бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге, мұғалімдер алдына жаңа талаптар мен міндеттерді қойып отырғаны анық [2, 43б.].

XXI ғасыр ақпараттық қоғам табалдырығына аяқ басқан сәтте-ақ республикалық білім берудің жаңа жүйесі, яғни білім беру жүйесін ақпараттандыру ісі қолға алына бастады. Заман талабы оқу үрдісінде компьютерлік технологияны енгізуді, оны кең көлемде қолдануды қажет етеді. Электронды оқыту интерактивті жүйе болып табылады. Электрондық оқулық «оқушы-компьютер-мұғалім» жүйесін қалыптастырады, яғни оқушы жаңа тақырыпты ақпарат көзі – компьютерден оқып қажетті мәліметтерді алып, мұғалімге түсіндіріп бере алатындай болуы керек.

Әр мұғалім сабақ өткізген кезде оқушыларға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың қызығушылығы арта түсері анық.

Нәтижесінде оқушылар тарауды жақсы меңгергенін, компьютерлік сауаттылықтары дамығанын, ақпараттық мәдениетінің қалыптасқандығын көруімізге болады. Тест қорытындысы бойынша оқушылардың желілер байланысы, электрондық пошта, жалпы компьютерлік желілермен жұмыс жасау технологиясын жақсы меңгергенін көрсетті. Бірақ оқушылар желі топологиясын, байланыстың түрлерін, ұялы байланыс жөнінде түсініктерді әлі де кең түрде қарастыруды қажет етті. Оқушылардың барлығы тестті «4», «5» деген бағаларға тапсырып, білім сапасы 100 % көрсетті. Сабақтың қызықты да түсінікті болуы мұғалімнің шеберлігі мен ізденімпаздығына тікелей байланысты.

Интернет желісінде жұмыс істеу де оқушыларымызға әлемдік білім мен ғылым жетістігінен хабардар болып, оны игеруіне шексіз мүмкіндіктер ашатыны анық. Қазіргі заманғы дамудың талаптарына лайық ақпараттық – компьютерлік технологияларсыз жоғарыда айтылғандарды шешу мүмкін емес. Жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

«Информатика пәнін оқытуда кез келген сабақ – ол оқу үрдісінің бір бөлігі, сондықтан да оқып үйретуді ғылыми танымда нақтылықтың критерийі ролін атқаратын өмірмен, практикамен байланыстыра білуге, ал оқу процесінде – оқуға ынтылылықты, оған оң көзқарасты, айналадағы ортаның құбылыстарын түсіндіру үшін теориялық білімдерін практикада қолдана білу дағдысына қалыптастыруға тиіс. Бірақ біз компьютерлік желілер технологияларын қолдана отырып бұл материалдарды түсіндіру кезінде оқушылардың компьютердің негізгі құрамы мен бірге компьютер желісін де меңгергендігін білуге болады. Егер сіздің бір-ақ компьютеріңіз болса және модеміңіз болмаса, онда сіз компьютерлік желінің артықшылықтарын сезіне де алмайсыз. Ал сіздің бірнеше компьютеріңіз болса, немесе қашықтағы компьютерге ақпарат жөнелту керек болса, онда желілік технология мүмкіндіктері сіз үшін өте қажет болып табылады. Желілік технологиялар орасан зор қаржы үнемдеуге мүмкіндік береді» [3, 5б.].

Компьютерлік желілер технологиясын қолдануда оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, үлкен ізденіспен, шығармашылыққа жетелеуге де болады. Нәтижесінде оқушы:

- Компьютерде еркін жұмыс жасайды;
- Компьютерлік желілермен байланыс жасайды;
- Ақпараттарды ала алады, өңдейді, сақтайды;
- Интернет желісімен тұрақты байланыс туғыза алады;
- Электрондық поштаны қолданып түрлі ақпараттар алмаса алады;
- Өздігінен ізденімпаздық қабілеті артады;
- Ақпараттық сауаттылығы мен ақпараттық мәдениеті қалыптасады.

Мұғалім – ақпараттанушы емес, оқушының жеке тұлғалық және интеллектуальды дамуын жобалаушы. Ал бұл мұғалімнен ақпараттық құзырлықты, ұйымдастырушылық қабілеттілікті, оқушыларды қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеу, олардың зерттеушілік дағдыларын дамыту бағыттарын талап етеді.

Жаңа ақпараттық технологиялармен оқыту – қазіргі уақытта білім беру жүйесінде мұғалімге тұлғалық қасиеттері мен мамандық құзырлықтарына жоғары талап қойылады. Шығармашылық қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген мамандық шеберлігі қалыптасқан мұғалім қажет. Оқушылардың шығармашылығындағы даралығын қалыптастыру үшін, оқушының дайындық деңгейін, ынтасын және қабылдау жылдамдығын ескеру арқылы жаңа материалдарды тиімді оқытуды ұйымдастыру және оқыту процесіне жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдаланған дұрыс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бексейітова Б. Қазіргі заманғы педагог //Сыныптағы тәрбие, 2009, №3, б.6-8
2. Болғанбаев Н. Білім сапасын аттыру жолдары //Қазақ тілі мен әдебиеті, 2008, №3, б.110-113
3. Информатика негіздері, ғылыми-әдістемелік журнал. №5 – 2010ж.

ӘОЖ 57.431.12

ТАБИҒИ ҚОРЕКТЕРДІҢ БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

НУРСУЛТАНОВА А.Е.

Ы.Сүлейменов атындағы №37 орта мектебінің биология пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается значение натуральных продуктов питания в рыбном хозяйстве.

Summary. The article discusses the importance of natural food products in fisheries.

Балықтар – хордалылар типінің жақтылар тобына жататын омыртқалы су жануарлары. Балықтардың 22000-нан астам түрі бар деп есептеледі. Олардың үштен бір бөлігі тұщы суда өмір сүреді. Балықтар үш топқа бөлінеді: жақсыз (миксина сияқты), шеміршекті (акулалар және тұтасқанаттар) және ең үлкен топты құрайтын сүйекті балықтар. 20 мыңнан астам түрі белгілі, олардың 97 – 98%-ы сүйекті балықтарға жатады, қалғандары шеміршекті балықтар.

Балықтар – омыртқалы жануарлар. Желілілер типіндегі жоғары сатылы жануарлар да омыртқа жотасы болады, ондай жануарларды омыртқалылар деп аталады. Балық та - омыртқалы жануар. Балықтардың орталық жүйке жүйесі мидан және жұлыннан құралады. Ми-бас сүйектегі ми сауытында орналасады. Сондықтан балықтар жануарлардың бассүйектілер тип тармағына жатады. Балықтар өмір бойы желбезек арқылы тыныс алады. Балықтар негізінде үлкен топқа бөлінеді. Оған шеміршекті балықтар класы, шеміршек – сүйектілер, сүйекті балықтар класы, саусақ қанатты балықтар класына бөлінеді. Балықтар тек суда ғана тіршілік етеді, сондықтан олардың дене пішіні мекен ететін орны мен тіршілік жағдайларына байланысты алуан түрлі болып келеді. Шапшаң жүзетін акула, албырт, көксерке тәрізді балықтардың денесі ұршық-сопты жұмыр болса, баяу қозғалатын сазан, тобан, тұқы, мөңке тәрізділердің екі бүйірі қызыңқы, жоны көтеріңкі болады.

«Денесінің ұзын және жабысып келу ерекшеліктері бойынша қылыш балықты басқа тұқымдас балықтардан бірден ажыратып алуға болады. Қылыш балықтың бүйіріндегі сызығы оның қарын тұсына жақын орналасады және тұзу емес ирелендеп келеді. Жон арқа тұсы көкшіл-қоңыр, қапталы мен қарын жағы ақшыл-күміс, арқа мен құйрық қанаттары көк, ал төменгілері қызыл реңкті, көздері күміс түсті болып келеді. Қылыш балықтар біршама ұзындыққа жеткенімен, ешқашан 1,2 кг артық салмаққа ие болмайды. Басым бөлігінің ұзындығы 45 см, ал салмағы 600 гр шамасын құрайды» [1, 256.].

Балықтар түрлі су жәндіктерімен, өсімдіктермен қоректенеді. Қоректік заттардың сапалылығы айналадағы жердің құнарлылығына, су қоймасындағы жәндіктер мен өсімдіктер қоректенетін органикалық заттардың жеткілікті мөлшерде болуына байланысты.

Су қоймасындағы жем– азықтық мөлшері мен сапасына қарай онда балықтың белгілі түрлерін өсіруге болады. Мысалы, тұқы 1 кг ет қосу үшін көксерке орта есеппен 15 кг, алабұға 5 кг азық жеуге тиіс.

Қоректену сипатына қарай балықтар жыртқыш емес балықтар және жыртқыш балықтар болып екіге бөлінеді. Личинкалы және шабақ тобындағы балықтардың бәрі планктондарды қорек етеді. Олар өсе келе жыртқыш балықтар басқа балықтарды жеп күнелтеді. Жыртқыш емес балықтар тек планктон, бентоспен қоректенеді. Планктон дегеніміз су қабатында жүзіп, қалқып жүретін түрлі ұсақ жәндіктер мен организмдер.

Уылдырықтан жаңа шыққан ақ амур, сазан, табан және басқа балықтардың личинкаларының құрсақ жағында сарғыш торсықша болады. Бұл торсықшалар балықтың түріне қарай әртүрлі болып келеді.

Торсықшаның ішінде жұмыртқаның уызы сияқты азықтық маңызы бар заттар болады. Личинкалар әлсіз келеді, алғашқы күндерде өз беттерімен қоректену аламайды. Бұл кезде ол осы торсықшаның ішіндегі сары уыздармен қоректенетіндіктен ол бірте-бірте азайып, өзінен-өзі денеге сіңіп жойылады. Ал личинка әбден жетіліп, өз бетімен қоректену дәрежесіне жететін әлді шабаққа айналады.

Шабақтар қандай заттармен қоректенетінін анықтау үшін оның ішін жарып, микроскоппен қарағанда асқазандары судағы жәй көзге көрінбейтін жәндіктермен нығыздалып толғанын көруге болады. Табан, сазан, мөңке шабақтары осы жәндіктермен бір жасқа толғанша, ал кейбір жылдарда екі жасқа жеткенге дейін қоректенеді. Шортан, алабұға, көксерке бір жастан кейін-ақ басқа балықтардың кішіректерін жеп жыртқыштық жолға түседі. Балықтардың көбі су қоймаларының жаға-жиегіне уылдырық шашады, сондықтан да жас балықтар алғашқы жылдары өз өмірін су қоймаларының жағасындағы учаскеде өткізеді.

Жас балықтар азық түрлеріне қарай мекен өрісін өзгертіп отырады. Шортан азықты су астындағы қалың шөп арасынан іздейді, сондықтан да шортан су қоймаларының осы сияқты учаскелерінде жүреді.

Мөңке, оңғақ, шабақ балықтары су ішіндегі өсімдік сабағына паналаған масаның, шыбынның, тағы басқа да көптеген жәндіктердің балапан құрттарын жеп қоректенеді.

Табан, сүйрік, таутан балықтары су қоймаларының терең жерлерінде жүреді. Бұл балықтардың негізгі азықтары тереңдегі өсімдіктерге жабысатын құрттар болады.

Балық азығы туралы айтқанда әр түрлі тұқымдарының жыл мерзімдеріне қарай азықтануы да әр түрлі мөлшерде болатынын есте ұстау керек.

Жамбыл облысының су қоймаларында өсетін балықтардың бәрі жылы суларда тіршілік ететін балықтар қатарына жатады. Сондықтан бұл балықтардың тіршілік ету жағдайлары бір қалыпты жақсы өтеді. Бұл балықтар температурасы 18-25 градуc суларда тоя азықтанып, тез өседі. Су салқындай бастап, суық түскен мезгілдерде балықтар нашар азықтанып, өсуі баяулайды. Кейбір балықтар су астындағы батпаққа, ұйыққа кіріп қыс бойы қимылсыз жатады. Бұған сазан, оңғақ, табан, мөңке балықтарын қосуға болады.

Қолдан өсетін балықтарды табиғи қоректерге сеніп қалай болса солай өз бетімен қараусыз жіберуге болмайды. Табиғи су қоймаларындағы азықтар бірде жеткілікті болғанмен бірде аз болуы мүмкін. Сондықтан да тоғанда өсірілетін балықтарды ұдайы бірдей дұрыс азықтандырып, жақсы семірту үшін қолдан қоректендіру керек.

Шаруашылыққа жақын жерде диірмен болса, одан түскен қалдықтар балыққа құнарлы қорек бола алады. Адам азығына жарамайтын, өндіріске пайдасыз ұсақ балықтарды пісіріп, ет тартатын машинамен ұсақтап, картоп не ұнмен араластырып тұқыға берсе жақсы азық. Шарап бөртпелері, бидай, қарабидай, картоп және жүгері, қант қызылшасының қалдығы, картоп күріштің престелген крахмалы, бидай крахмалының бөртпесі және басқа да азықтардың қайсысында болсын жұғымды белоктар бар.

Балықтың жеген азықтары бойына жақсы сіңіп, дұрыс тарауына су қоймаларының температурасы үлкен әсер етеді. Сондықтан да жаз бойы судың температурасын күніне үш рет ауық-ауық өлшеп отырады. Таңертеңгі сағат жетіде, түскі сағат бірде және кешкі сағат жетіде үздіксіз өлшеп, оны арнаулы журналға жазып тұру қажет.

«Тұқы, ақ амур балықтары әрдайым сағат алты, жеті мөлшерінде азықтандырады. Бұл кезде суда оттегі мол болады. Балықты азықтандыру алдында астаушаны судан шығарып алып бұрынғы салынған жемін тауысып, жеген-жемегенін анықтайды. Оның ішінде басқа заттардың болмауын тексереді. Егерде астаушадағы азықтарды балықтар тауыспаса, онда күнделікті берілетін азық рационын керісінше азайту керек және оны келесі күнге дейін астаушада сақтауға да болады. Бірақ күн жылы кездерде азық жиі бұзылатындықтан, оны алып тастап, жаңалап салу керек» [2, 256.].

Тұқыны азықтандырғанда тағы бір мұқият көңіл бөлетін нәрсе сол бөгеттің тазалық жақтарын байқап, тексеру. Балық азықты дұрыс жеуі үшін астаушалардың таза болуына көп мін беру керек немесе оларды басқа жерге ауыстырып қойып отыру керек. Бірақ жаз айларында астаушаларды басқа жерге жиі ауыстыра беруге де болмайды, өйткені, тұқы, амур балықтары азық жеп үйренген орнына еркін мекендеп, тез шоғырланып жиналады.

Ақ амур, тұқы балығын бөгетте өсіргенде бұларды азықтандыру жағын, балықтардың дұрыс өсу тәртібін бақылай алатындай жағдайларды мұқият ойластыру керек. Мұндай бақылау жұмыстары кезінде бөгеттегі балықты апта сайын 2 реттен аулап алып, тексеріп отыруға болады. 25-30 балықтың әрқайсысын жеке өлшеп, орташа салмағын табады. Өлшеніп алынған бір балықтың орташа салмағын жоспардағы балықтың салмағымен салыстырып, қай мөлшерде азық берілгенде өнім мөлшері қанша болатынын анықтайды. Осы өлшенген салмақпен салыстыра отырып, оның биологиялық өзгерістеріне тиісті талдау жасайды.

Су қоймаларында табиғи азықтардың мол болуы бірнеше себептерге байланысты. Су қоймаларының табаны таза және күн көзі жақсы түссе, мұндай жерлерде балыққа азық та жеткілікті болады. Сондай-ақ, құнарлы топырақты жерлердегі өзен суларында да балық азағы көптеп табылады.

Таулы-тасты, құнарсыз жердегі суларда балық азығы жеткіліксіз болады. Сондықтан да мұндай суларда балық тапшы және олар арық келеді. Қорегі мол су қоймаларында қанша балық өсірсе де болады деген пікір қате. Мәселен, бір гектар шабындықтан белгілі мөлшерде ғана мал жаюға болады. Ал, су қоймалары да осы сияқты. Егер су қоймаларында балық мөлшерден артық болса, онда табиғи азық жетпей қалуы мүмкін. Осының салдарынан балық сапасыз, арық болады. Мұндай сулар Қазақстанда жиі кездеседі. Алматы облысындағы Іле өзенінің Балқаш көліне құятын жерінде бірнеше қамысты, шалшақты, азықтық қоры аз көлдер бар. Бұл жерлерде көбінесе табан, сазан балықтары уылдырық шашып өседі. Судағы азық қорының аздығынан балықтары жеткілікті қоректен алмай, өте кенжеліп өседі және арық болады. Мұндай азық қоры кем табиғи көлдерді шөп-шаламнан, қамыс, өлең, қоғалардан тазартып, қолдан балық өсіретін мәдениетті бөгеттер жасаған жөн.

Жамбыл облысының су қоймаларында өсетін балықтардың бәрі жылы суларда тіршілік ететін балықтар қатарына жатады. Сондықтан бұл балықтардың тіршілік ету жағдайлары бір қалыпты жақсы өтеді. Бұл балықтар температурасы 18-25 градусты суларда тоя азықтанып, тез өседі. Су салқындай бастап, суық түскен мезгілдерде балықтар нашар азықтанып, өсуі баяулайды. Кейбір балықтар су астындағы батпаққа, ұйыққа кіріп қыс бойы қимылсыз жатады. Бұған сазан, оңғақ, табан, мөңке балықтарын қосуға болады.

Қорыта айтқанда, қолдан өсетін балықтарды табиғи қоректерге сеніп қалай болса солай өз бетімен қараусыз жіберуге болмайды. Табиғи су қоймаларындағы азықтар бірде жеткілікті болғанмен бірде аз болуы мүмкін. Сондықтан да тоғанда өсірілетін балықтарды ұдайы бірдей дұрыс азықтандырып, жақсы семірту үшін қолдан қоректендіру керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында 2007-2015 ж.ж аралығында балық шаруашылығын дамыту концепциясы. Қазақстан үкіметінің 6 қазан 2006 ж, № 963 бұйрығы.

2. Республиканская целевая программа «Сохранение, развитие и использование генофонда сельскохозяйственных растений, животных и микроорганизмов на 2001-2005 годы». – Астана, 2001.

ӘОЖ 54. 021.51

ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

ЧАПАРБАЕВА С.А.

Ы.Сүлейменов атындағы №37 орта мектебінің химия пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье представлены эффективные способы обучения химии.

Summary. The article presents effective ways to teach chemistry.

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», – деп, білім беру жүйесін одан ары дамыту міндеттері көзделеді.

Қазіргі кезеңде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдында қойылып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

Жаңа педагогикалық технологиялар – бұл білімнің басында мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамасымен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда іс-әрекет оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды. Химияны оқыту методикасының зерттейтін объектісі – сол пәнді оқыту әрекеті.

Химия – ғылымы қиын да, күрделі ғылымдардың бірі, оны оқушыларға меңгерте білу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Химия пәнін оқушыларды меңгерту үшін ең алдымен оқушылардың пәнге деген қызығушылығын ояту қажет. Химияда теория мен практика қатар жүретін ғылым саласы, оқушы теорияны меңгерумен қатар оны практикада қолдана білуі жөн. Оқушының химия пәніне қызығушылығын тудырудың бірден бір жолы – химияның тәжірибелері. Химиялық тәжірибені оқушылар өз көзімен көріп, жасаған кезде пәнге деген белсендігі арттады. Сондықтан мен сабақтарды практикамен ұштастырып отырамын. Қарапайым, үй жағдайында жасайтын тәжірибені жасаса, оқушылар белсенді жұмыс жасайды. «Химия – қиын, ашиды миың» деген ұғымнан арылады. Дегенмен де, ауылдық мектептегі химия зертханасы мен қалалық мектептегі зертханамен салыстыруға келмейді. Рас, қазір барлық тәжірибелер аудио, видео жолдарымен көрсетіледі. Бұл оқушыға жаттанды, бір сарынды болып көрінуі мүмкін. Сондықтан менің ойымша, мектеп зертханасына реактивтердің берілуі жолға қойылса деймін.

Химияны басқа пәндермен де байланыстырып оқытса, бұл да мұғалімнің шеберлігі. Химияда тек есептер, химиялық реакциялады шешумен ғана шектелмей, халықтық педагогиканы да қолданса, ол оқушыларды өмірге деген көзқарасын қалыптастырып, тәрбиелейді. Химия пәнін өлкетанумен байланыстыру бұл тиімді тәсілдердің бірі. Оқушы өз ауылында, мектебінде, өлкесіндегі химик ғалымдарды біліп, олардың жұмыстарымен танысып отырса, ол оқушы шығармашылығын шыңдап, оның болашақта химик ғалым болып қалыптасуына зор ықпал ететіні сөзсіз.

Химияның қазіргі сабағы дамытылған сабақ болуы тиіс. Ол оқытудың дамытылған типіне сәйкес келеді. Мұғалім сабақты қалай құрса, соған сәйкес әдістер мен оқыту тәсілдерін іріктеп алады, ол біріншіден, оқытудың мазмұны мен мақсатына сәйкес келеді, екіншіден, танымдық белсенділікті дамытуға мүмкіндік береді. Оқушылардың ойлауын, есте сақтауын, зерттеу қабілетін дамытады. Барлық жағдайда да қазіргі сабаққа проблемалық, тапқырлық мүмкіндіктер тудыру көзделеді. Оқушы сапасына білімді жүйелі түрде меңгеруіне және оқушының қабілет деңгейлерін дамытуда Қазақстан Республикасы мен Кембридж Университетінің бірлесіп әзірлеген методикасы маңызды рөл атқарады.

Ақпараттық технологияны химия сабағында қолдану ол – заман талабы. Заттардың құрамы мен құрылымын, қасиеттерінің құрылымына тәуелділігін, қасиеттері белгілі жаңа заттар мен материалдар алуды, химиялық өзгерістердің заңдылықтары мен оларды басқарудың жолдарын зерделеу – мектепте химия пәнін оқытудағы негізгі мәселелер. Заттар әлемін (олардың құрамын, құрылымын, бір заттың басқа затқа айналуын) зерделей отырып, оқушылар практикалық қызмет үшін тиянақты білім алуы тиіс.

Осыған байланысты күнделікті сабақта:

- мультимедия (видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, электрондық оқулықтарды);
- зертханалық тәжірибелер;
- компьютер (компьютерлік бағдарламалар, интерактивті тақта);
- анықтамалық мәліметтер (сөздік, энциклопедия, карта, деректер қоры);
- интернет және т.б. көрнекі материалдарды пайдалану айтарлықтай нәтиже береді.

Мұндай қондырғылар оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдауға және алған мәліметтерді нақтылауға мүмкіндік береді [1, 3б.].

Ақпараттық технология негіздері тұлғаның химия пәнінен алған білім сапасы мен сауаттылығын кеңейтуге жәрдемдеседі, мысалы: интернет сайты арқылы жоғары деңгейдегі көрнекіліктерді пайдалануға болады. Заман ағымына қарай сабақта видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану оқушының дүниетанымын кеңейтеді. Әсіресе, оқулықтағы тарауларды қорытындылау кезінде оқушылар қосымша материалдар жинақтап, білімдерін кеңейтіп, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, қисынды ойлау жүйесін қалыптастырып, шығармашылығын дамытады.

Интерактивті тақта оқытудың басқа тәсілдеріне қарағанда (салыстырғанда), көптеген жетістіктері бар. Бұл жетістіктер туралы өз сабағында интерактивтік тақтаны пайдаланатын мұғалімдер ғана айта алады. Мұғалім әріптестерімен бірге отырып сабаққа дайындалу арқылы жақсы әсерге қол жеткізуге болады, бұл тек қана міндеттерді бөліп беру мен уақытты үнемдеу ғана емес, сонымен қатар берілген материалдардың сапасын да арттырады [2, 16 б.].

Мұғалімдердің пайымдауынша интерактивтік бағдарлама олардың жартылай жұмысын атқарады.

Химияны оқыту методикасы ғылыми оқыту әрекетін методикалық деңгейде зерттейді. Барлық жеке пәндерді оқыту, солардың ішінде химияны оқыту методикасы дидактиканың ашқан жаңалықтарына сүйенеді, оларды өзінің методологиялық негізі ретінде пайдаланады. Химияны оқыту әдістері, ғылыми зерттеу әдістерімен ұштасып жатады, оқушылардың химия объектілерін танып-білу әрекетінің ерекшеліктерімен де сипатталады. Химиялық орта білім беру бір-бірінен бөліп қарауға болмайтын үш негізгі орындалатын міндеттерден тұрады. Ол оқытудың білімдік, тәрбиелік және дамытушылық мақсаттары деп аталады. Химия пәнінің білімділік, тәрбиелік және дамытушылық мүмкіндіктері, химиялық орта білім берудің негізгі міндеті аға ұрпақтардың жинақтаған тәжірибесі негізіндегі білімді логикалық және дидактикалық өңдеуден өткізіп, түсінікті етіп беру.

Қазіргі кездегі оқытудың мақсаты жеке адамды жан-жақты және кешенді оқыту, тәрбиелеу және дамыту. Қазақстан мектебінің алдына қойылып отырған мақсаты – инновациялық химия және химияны оқыту әдістемесі арқылы оқу мен тәрбие жұмысын дамыту, еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бағытында өскелең ұрпаққа жүйелі, нақты білім беру болып табылады.

Пәнді оқытуда қолданылатын жаңашыл әдістерді қолдану тиімділігі төмендегідей:

–Интербелсенді әдіс-тәсілдерді пайдаланып, оқушылардың танымдық қызығушылығын және білім сапасын арттыру;

–Интербелсенді әдіс-тәсілдің дәстүрлі білім беруге қарағанда оқушыларда алған білімді жүйелеу;

–Интербелсенді әдіс-тәсілдерді пайдаланғанда мұғалімнің уақытын үнемдеу және тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Оқушыларға химиядан жүйелі білім беруде сабақ басты орын алады. Сабақ – өте күрделі, жан –жақты, көп қызмет атқаратын педагогикалық үрдіс. Сабақ мақсат қоюдан басталады. Қазіргі кезде сабаққа қойылатын мақсаттың үш түрі белгілі, олар: жалпы педагогикалық (тәрбиелеу мен дамыту), дидактикалық (оқи білу дағдысын меңгеру), әдістемелік (химия пәні бойынша білім мен іскерлікті қалыптастыру, дүниетанымдық көзқарастарды түсініп, қорытындылар жасай білуге үйрету) мақсаттардың ортақтығы негізінде іске асырылады.

Химия пәнінен химия ғылымына көбірек қызығатын оқушылармен жүргізілетін жеке-дара жұмыстар. Бұларға теориялық немесе сарамандық жұмыстарды орындауға байланысты тапсырмалар, ғылыми баяндамалар, рефераттар даярлау, кабинетті жабдықтауға қажетті құралдар мен көрнекіліктер әзірлеу, талдауға, синтездеуге байланысты зерттеулер, олимпиадалық есептерді шығаруға дайындық, жарыс кештеріне даярлану, т.б. жатады.

Оқушылар ұжымы бір тақырып не бір жоспар бойынша екі-үш адамнан құралған шағын топқа біріктіліп, бөлініп жұмыс жасайды. Мұнда да оқушылар сарамандық жұмыстарды бірлесіп орындап, есептерді бірлесіп шешеді, стендтер әзірлейді, көрме ұйымдастырады, конкурстық немесе олимпиадалық есептерді шешеді, зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Өндірістік технология мен еңбек құралдарымен, өндірістің жалпы ғылыми ұстанымдарымен де танысады. Өндірістік таным жорықтардың саяси-идеялық маңызы аса зор, өйткені, олар егеменді еліміздің өндіріс құрылыстарының даму қарқынын, ғылымымыздың, техникамыздың

барлық табыстарын біле отырып, ұлттық мақтаныш сезімін тудырып, отан сүйгіштікке, халықтар достығына тәрбиелейді.

Химия оқыту үрдісінде арнайы таным жорықтар басым болғанымен жалпы өндірістік таным жорықтардың маңызын ұмытпаған жөн. Өндірістік таным жорықтар сабақ үстінде, үйірме сабақтарында және сыныптан тыс жұмыстарда кеңінен пайдалануға болатындай материалдарды жинақтауға мүмкіндік береді.

Химияға деген қабілеттіліктерді дамыту үшін мүмкіндігінше оқушылардың өзіне тапсырмаларды көбірек етіп беріп, оларға химиялық проблемаларды шығармашылықпен шешу тәсілдерін біртіндеп түсіндіру қажет. Химия ғылымы мен химия өнеркәсібінің мәні – осы саладағы жұмыстардың жемісті болуы сынақ тәжірибе жасай білуді, бақылаған құбылыстарды ой жүгірте талдай білуді оқытудың алғашқы қадамынан бастап-ақ дамыту қажеттілігін талап етеді.

Химикке тән осы сияқты және бұдан басқа да, мысалы тәртіптілік, зейіндік, жұмысқа ептілігі, жинақылық тәрізді қасиеттер тек оқушылар сынақ тәжірибе жасауды сынақ тәжірибелік теория негізінде оқып-үйренумен ұштастырған жағдайда ғана ойдағыдай қалыптасады. Осының нәтижесінде әрбір оқушыда ақыл-ой және сарамандық іс-әрекеттің дараланған сипаты қалыптасады, бірте-бірте ақыл мен естің химиктің қызметіне тән арнаулы қасиеттер дамиды, әдеттегі ғана емес, сонымен бірге теориялық және сарамандық мазмұндағы жаңа мәселелерді шеше білу шеберлігі пайда болады.

Сонымен қорыта айтқанда, сабақтағы ең басты және оны анықтаушы көрсеткіші оның мазмұны, дүниетанымдық бағыттылығы, мұғалімдердің педагогтық шеберлігін арттыру жөніндегі, істі ұйымдастырудың әдістемелік жағы болып табылады. Химияны оқытуды ұйымдастырудың барлық формаларында оқушылар ғылым негіздері бойынша белсенділік таныту арқылы білімді меңгеруін, оқу еңбегінде және алған білімін іс-жүзінде қолдануда икемділік пен дағдылар алуын, сол сияқты оқушылар өздерінде дүниетану көзқарасын қалыптастыруын қамтамасыз ету – мұғалімнің парызы болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.«Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы Тренерге арналған нұсқаулық.
2. Жадрин М.Ж.. Жалпы білім берудегі жаңа үрдістер.// Открытая школа,№5,2004.

МАЗМҰНЫ

**ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ИНСТИТУТЫНЫҢ РЕКТОРЫ, ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ,
ПРОФЕССОР БАЯНДИН МАРАТ АСЫЛБЕКҰЛЫНЫҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ**3

**ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ АЛМАСБЕК БАТАНҰЛЫ БЕЛБОТАЕВҚА ПОЭТИКАЛЫҚ
АРНАУЛАР**.....4

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІСТІҢ БАЯНДАМАЛАРЫ

**СИРАЗИТДИНОВ З.А. ПРОБЛЕМЫ ЛИНГВОСТАТИСТИКИ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА В
ТРУДАХ ПРОФЕССОРА АЛМАСБЕКА БАТАНОВИЧА БЕЛБОТАЕВА**.....8

**НАЗ ПЕНАХ., САРЖАЕВ О.Т. ХӘКІМ АБАЙ ЖӘНЕ АБДУЛХАҚ ХАМИТ ТАРХАН
ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ЭЛЕГИЯЛЫҚ САРЫН**.....13

**ЖАҢАБЕКОВА А.Ә. ПРОФЕССОР АЛМАСБЕК БЕЛБОТАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ
ЛИНГВОСТАТИСТИКАСЫ**.....16

БАЙТЕЛИЕВА Ж.Д. КӨПТІЛДІ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ АУЫЗША ТІЛІ.....20

**ИСЛАМ Д.А. ҒАЛЫМ, АЗАМАТ А.БЕЛБОТАЕВ ҰСТАЗДЫҒЫНЫҢ ТҮРКІСТАНДАҒЫ
КЕЗЕҢІ**.....24

ШОРМАҚОВА С.М. ТІЛТАНУШЫ – А.Б.БЕЛБОТАЕВ.....26

**КЕМБАЕВА А.Т. ТІЛДІК ТҰЛҒАНЫҢ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ МӘТІНДЕРІНДЕГІ
ПРАГМАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ**.....27

**МАМЫТКЕРИМОВА Э.Т. ДЕМЕСИНОВА С.Д. ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ МАЗМҰНЫ МЕН
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ ЛИНГВОСТАТИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ**.....30

**БАЙМАКАШЕВА Н.С., МҰСАБЕКОВА М.Д., САПАР А.М. ҚАЗІРГІ ЛИНГВИСТИКАНЫҢ
ДАМУЫНДАҒЫ ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ**.....34

ІТ ЛИНГВИСТИКАСЫНЫҢ БАСТАУ КӨЗДЕРІ

**АБДРАХЫНОВА Н.Б., МӘДИЕВА Г.Б. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ
ЗЕРТТЕЛУІ МЕН СӨЗДІК ТҮЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**.....38

**ҚОЖАЕВА М.Т. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ВАРИАНТТЫЛЫҚТЫҢ КӨРІНІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ
ҚОЛДАНЫЛУ ШАРТТАРЫ**.....41

КАЙНАЗАРОВА Ж.Е. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ОТ КОНЦЕПТІСІ.....42

**ҚҰДАЙБЕРГЕН А., ИСМАМБЕТОВА Л.М. ОРТА ҒАСЫР ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ КӨМЕКШІ
ЕТІСТІКТЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**.....46

**НҰСТАЕВА А.Б. ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ СӨЙЛЕУ ҮЛГІЛЕРІНІҢ АЙМАҚТЫҚ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: МОҢҒОЛИЯ, ТӘЖІКСТАН, ҚАРАҚАЛПАҚСТАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТІЛІ
ТУРАЛЫ**.....48

АБИТБЕК Д. ЖУРКАБАЕВА С.Б. КӨМЕКШІ СӨЗДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ.....52

**ОЗЫЕР МУХАММЕД., ОШАНОВА А.К. КҮРДЕЛЕНГЕН ЖАЙ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ
ЗЕРТТЕЛУІ**.....54

**КЕМЕЛІХАН Ұ.А. ҚАЗАҚ АУЫЗША СӨЗІ: ОРФОЭПИЯСЫ, СТИЛИСТИКАСЫ, СӨЗ
САПТАМЫ**.....57

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУ АСПЕКТІЛЕРІ

**ӨМІРЗАҚОВ С.Д., НАСИРДИНОВ Б.П. ТІЛЕГЕНҰЛЫ СҮЙІНДІК
АҚЫН (1827-1892)**.....61

НАСИРДИНОВ Б.П., ӨМІРЗАҚОВ С.Д. НҰРАЛЫ НЫСАНБАЙҰЛЫНЫҢ

АҚЫНДЫҚ ЖОЛЫ.....	65
ҮСЕН Б.М., ТУРСИНБАЕВ М.М. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ӘСКЕРИ ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	69
ТУЛЕПОВА А. ТЕЛЬГАЗИЕВА А.Б. ҚАЗАҚ» – ҚОҒАМДЫҚ, САЯСИ ЖӘНЕ ӘДЕБИ ГАЗЕТ.....	72
ПЕРНЕКУЛ Л.М., ОРДАБЕКОВА А.М. С.МҰҚАНОВ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ МҰРАСЫ.....	74
КӘКІМ Н., АРИСТАНОВА Н.Н. «ЖАҒАН-НАМЕ» ДАСТАНЫНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІМЕН ҮНДЕСТІГІ.....	77
СТУДЕНЦОВ М., ОШАҚБАЕВА М.Ә. ОРТА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ФОНЕТИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	81
КҮЗЕМБАЕВА М. ШЫҒАРМАСЫ ШЫНДЫҚТАН ӨРЛГЕН.....	83
СЕРІКБАЙ А., АЛТЫНБАЕВА Г.Т. Ш.МҰРТАЗА ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНИСТЕР.....	84
КЕМЕЛБЕКОВА С.К. ОРЛХАН ДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ ДАРАЛЫҒЫ.....	88
ЖҰМАҒАЛИ А., КОБЛАНДИНА М.И. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ «АНАЛАР ГАЛЕРЕЯСЫНДАҒЫ» ТАРИХИ БЕЙНЕ – ДОМАЛАҚ АНА.....	89
МАМАЕВА А.А. ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ЛЕКСИКОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ КӨП МАҒЫНАЛЫ СӨЗДЕР.....	92
КАРНАКБАЕВА Ш.А. Ш.МҰРТАЗАНЫҢ БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ БЕЙНЕСІН СОМДАУДАҒЫ ЖАЗУШЫЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІ.....	95
ТӨРЕБЕКҰЛЫ Ж. ЕСИМОВА Г.Т. АБАЙ ЖӘНЕ АЛАШ АРЫСТАРЫ.....	97
МАНАПОВА Г.Е. ЖЕКСЕНБИЕВА Ш.М. СЫР БОЙЫНДАҒЫ ДАСТАНШЫЛДЫҚ ҮЛГІ.....	100
АКШАЕВА Б.К. АБИТАЕВА Д.К. М.ӘУЕЗОВТИҢ АБАЙҒА ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ.....	103
АРХАБАЕВА Г.Е., МЫҚБАЕВА А.А. БҮГІНГІ ФОЛЬКЛОРАНУ ЖӘНЕ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІН САРАЛАУ ҰСТАНЫМДАРЫ.....	105
ҚОШҚАРБАЙ І., АУБЕКОВА Н.Ж. М.Х.ДУЛАТИДІҢ ӨНЕР ИЕЛЕРІМЕН ҚАРЫМ- ҚАТЫНАСЫ.....	108
ТАЖИБЕК А., КУЛЕКЕЕВА Т.К. АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛІН ЗЕРТТЕУДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР.....	111
ТАБЛИ ОГЛЫ ГУЛЬНАЗ., ТҮРЛЫҒҰЛОВА А.Б. МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ РЕАЛИЗМ.....	113
ДЕМЕУБАЕВА Л.Ж., ПЕРТАЕВА Э.Қ. ҚАЗАҚ ӘДЕБИ СЫНЫНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ.....	116
ШАРИПБЕКОВА Н.Т., АМАНБАЕВ С.Е. ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННЫҢ ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРЫ.....	119
МАМАЕВА А.А. ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ЛЕКСИКОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ КӨП МАҒЫНАЛЫ СӨЗДЕР.....	123
УНГАРОВА А.К., САРТАЕВА А.А. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘНГІМЕСІНДЕГІ МИФО- ПОЭТИКАЛЫҚ ҮРДІС.....	126
ҮКІБАЙ Н., ӘБЛІҰЛЫ М. ҒҰН ДӘУІРІНДЕГІ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ.....	128
ТУКЕНОВА Т.Т., БЕРКЕНОВА Р.А. РАХЫМЖАН ДҮЙСЕНБАЕВ – ПУБЛИЦИСТ.....	130
ИГИЛИКОВА Г.И. ИЗУЧЕНИЕ ТЕКСТА КАК РЕЧЕВЕДЧЕСКОГО ПОНЯТИЯ В ШКОЛЬНОМ КУРСЕ РУССКОГО ЯЗЫКА.....	133
АПТАУОВА Л.Р. ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР.....	136

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУЫ

ТАДЖИКОВА А.Д. ЕРЕКШЕ БІЛІМ АЛУҒА ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАР.....	140
---	-----

КУРМАНБАЕВА Д.С. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР.....	142
КОНЧЕКОВА Р.Т. ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ САБАҚТАРЫНДА Б.СОҚПАҚБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ.....	145
МУСАЕВА М.А. БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	148
ҚҰЛИБАЙ Г.Қ. БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОЛДАРЫ.....	151
КУРМАНБЕКОВА А.Д., ТУҒАНБАЕВА А.Б. CLIL ӘДІСТЕМЕСІ БОЙЫНША ОҚЫТУДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ.....	156
ОРАЗАЛИЕВА А.М. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА Ы.АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ.....	158
СУЛЕЙМАН А., АЛТЫНБАЕВА Г.Т. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК ҚОРЫН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ.....	162
НУРБАЙЕВА А. НУРМАНОВА Л.Д. ПРОБЛЕМЫ ПРЕПОДАВАНИЯ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ В НАЦИОНАЛЬНОЙ ШКОЛЕ.....	164
МИРЗАХАЛИКОВА К.М. БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЗАМАНАУИ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ.....	166
ОШАҚБАЙ АРУНА., АБДУКАРИМОВА Г.Р. РАЗВИТИЕ РЕЧИ УЧАЩИХСЯ ЧЕРЕЗ ИГРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ.....	169
ТЫШКАНБАЕВА А.Т. ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ САБАҒЫНДА ОҚУШЫНЫҢ МӨНЕРЛЕП ОҚУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	172
МОКРУШИН ДМИТРИЙ, ДУЙСЕНБАЕВА Р.С. PROBLEMS OF INTENSIVE ENGLISH LANGUAGE TRAINING.....	174
НУРМУРАТОВА Н., УРАЗБАЕВА Г.П. СОВРЕМЕННЫЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ИННОВАЦИИ ПРИ ИЗУЧЕНИИ РУССКОГО ЯЗЫКА.....	176
СУИНБАЕВА М.А., АМИРОВА А.С. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ.....	179
АСАЙЕНОВА А.Е. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ОТБАСЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ.....	181
КАЛШЫМБЕТОВА Д.К. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ЕҢБЕККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕСІ.....	183
АЛИЕВА Ш.У. БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН ДАМЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ.....	186
РАЙСОВА Н.Т. БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҮЛГЕРМЕУШІЛІК СЕБЕБІН БОЛДЫРМАУ ЖОЛДАРЫ.....	189
АЗИМБАЕВА ШУГЫЛА., ДУЙСЕНБЕКОВА Р.Е. РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ УЧАЩИХСЯ ЧЕРЕЗ РАЗНООБРАЗНЫЕ ФОРМЫ И МЕТОДЫ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ.....	191
ҚЫЛЫШБАЙ Н.Б. ПЕДАГОГТАРДЫҢ ТИІМДІ ТӘЖІРИБЕДЕ ҮЗДІКСІЗ КӘСІБИ ДАМУЫ.....	194
БАЯГИЗОВА Л.М. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ.....	196
АБДЫКУЛОВА С.Р. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	198
БАЙСЕЙТОВА Б.К. БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ӘДІС- ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ.....	200
АҚБЕРДІ А.Б. ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ ҰЛТТЫ ҚОРҒАУДАН БАСТАЛАДЫ.....	202
БЕЙСЕЕВА Л.И. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ.....	204
САПАЕВА Ж.Ж. ЕЖЕБЕКОВА Н.А. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР.....	208
ТҮРЖАНОВА С.К., КУЛПАМЫШОВА А.Т. БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР.....	212
АЛИЕВА А.Ш. ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ – БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖОҒАРЫ САПАСЫНЫҢ КІЛТІ.....	215

ОКИМБАЕВА Д.С. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ЖЫЛДАМДЫҒЫН АРТТЫРАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР.....	219
НУРХАНОВА Л.Ж. БІЛІМ БЕРУДІҢ САПАСЫН АТТЫРУ ЖОЛДАРЫ.....	221
ТАГАЕВА.С.А. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ РОЛІ.....	223
КАЗАКБАЕВА Б.Д. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭСТЕТИКА ЖӘНЕ ШЕБЕРЛІК.....	225
ӘБДІКЕРІМ А.Ә. МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ЭТИКА ҰҒЫМЫ.....	227

ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

ХУСАИНОВА Г.Ж., KHUSAINOVA G.ZH., ТІЛЕУБЕРДИЕВ Б.М., ТІЛЕУБЕРДИЕВ В.М. ЦВЕТСИМВОЛИКА НАЦИОНАЛЬНЫХ КОСТЮМОВ КАЗАХСКОГО И КОРЕЙКОГО НАРОДОВ.....	231
МАНСУРОВ Н. ҚАЗАҚША КИІМ ҮЛГІЛЕРІ – ҰЛТТЫҚ ТАНЫМНЫҢ БІР СИПАТЫ.....	234
БЕКЖАН О.Д. ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚ ҮШ ЖҮЗІНІҢ ТҮП-ТЕГІ.....	240

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ

ОМАРОВА Ғ.Н. ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСІ.....	244
НУРСУЛТАНОВА А.Е. ТАБИҒИ ҚОРЕКТЕРДІҢ БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ.....	246
ЧАПАРБАЕВА С.А. ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ.....	248

Жарияланған мақалалардың стиліне, мазмұнына редакциялық алқа мүшелері жауап бермейді.

**Сверстано и отпечатано с авторских оригиналов
Ответственность за научное содержание и грамматические ошибки несут авторы**

Шартты б.т. 12
Қағазы офсеттік
Офсеттік басылым. Таралымы 100 дана
Тапсырыс №

ХТИИ баспаханасы,
080000, Тараз қ., Жамбыл даңғылы, 75А